

Сәбетқазы Ақатай

**ІНЖУ-МАРЖАН
СЕКІЛДІ**

Алматы, 2011

УДК 070
ББК 76.01
А 33

Құрастырушы:
Шекербану Рахметолдақызы Жақыпова

Ақатай С.Н.

А 33 Інжу-Маржан секілді: Эссе; Тарихи материалдар: Саясат.
Қайта басылған. – Алматы, 2011. – 420-б., 8 ж. б.

ISBN 978-601-7046-21-7


Жинаққа С. Ақатайдың еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы және тәуелсіздік алғаннан кейінгі еліміздің тағдыры толғандырған, сонымен қатар қазақ әлеуметін сабырлы да баянды әрекетке шақырған саяси мақалалары және “Інжу-Маржан секілді” атты эссесі кірді.

ISBN 978-601-7046-21-7

© Сәбетқазы Ақатай

© Джаукенова Күнікей Сәбетқазы-қызы, 2011

*Сәбетқазы Ақатайдың бұл жинағы
өзі шаңырағын көтерісіп, уығын шанышқан
Тәуелсіз мемлекетіміздің жиырма жылдығына
тарту болмақ*



Ұлтым деп ғұмыр кешкен,
азаттық күресте терін төккен әкемнің еңбегі
моншақтай шашылмай жіпке тізіліп,
келер ұрпаққа мұра қалсын деген ниетпен...

Қызы Күнікей

Алғысөз орнына

Ұлы жолаушы

Мұрат ӘУЕЗОВ, мәдениеттанушы,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық кітапханасының
бас директоры

Алаш үні. 28 қыркүйек 2004 ж. №18

Қазақтың қайсар да қадірлі, халқының қамын жеп, жоғын жоқтаған бүкіл ғұмыры мен білім-білігін осы жолға жұмсаған біртуар, заңғар ұлдарының бірі Сәбетқазы Ақатайдың да өмірден өткеніне бір жыл болып қалды.

“Алаш үні” оқта-текте болса да, абзал ағаның асыл сөздерін, мазмұны терең, тебіреністі мақалаларын жариялап отырды.

Бүгін де алаш арысының өмірден озғанына бір жыл толуына орай онымен пікірлес, қызметтес болған елімізге белгілі азаматтар естеліктерін ұсынып отырмыз.

Сәбеңмен біз студенттік кезде, Мәскеуде жүріп танысқанбыз. Және де бұл жәй таныстық емес еді, “Жас тұлпар” деген бүгіндері көпшілікке белгілі ұйым құрып, соның құрамында бірге жұмыс істегенбіз.

Мен ол кезде МГУ-дің шығыстану факультетінде оқып жүргенмін. Мен үшінші курста оқып жүргенде Сәбең бірінші курсқа оқуға келіп түскен. Сондықтан, “Жас тұлпар” құрамында болған соң, бір университетте оқыған соң жиі кездесіп, жақын жүрдік.

Оқу жағынан курсы төмен болғанмен бізден жасы үлкендеу, бізге қарағанда өмір тәжірибесі мол еді. МГУ-ге түсер алдында біраз жылдар Қарағандыда шахтер болып, Шығыс Қазақстанда балықшы болған, жұмыс істеген. Біздің ортамызда Сәбең орны бөлек, өмірдің ащы-тұщысын, ыстық-суығын біздей емес, сезініп қалған азамат. Күршімнен шыққан жігіт қазақтың өмірі, тұрмыс-салтын етене біледі. Әдет-ғұрпына терең мағына беріп, таратып түсіндіреді. Ұлтының ақылгөйлігін әйгілейді. Сөздік қоры бай, мақал-мәтелге жетік, оның үстіне домбыра шертіп, қоңыр дауыспен Естайдың әндерін салады. Ұлтымыздың өркендеуін аңсаған бізге Сәбең аса құрметті адам болды. Одан ел туралы әңгімеге қанықтық. Жас жағынан 3–4 жас үлкендігі бар болғанмен “Жас тұлпарда” үзеңгілес болғандықтан – доспыз. Бұл сыйластықты “аға дос” деп атауға болар еді. Өйткені, ол сол ең басынан бастап-ақ бізге ақыл-кеңесін айтып жүретін.

Сәбең келгеннен бастап “Жас тұлпардың” жұмысына қызу араласты. Ол кезде “Жас тұлпардың” атқарған жұмыстары бірнеше салаға бөлінетін. Мәселен, студенттердің сабақ үлгерімінің қамы үшін бір-біріне қол ұшын беріп көмектесу, жазғы және қысқы каникулдары кездерінде Қазақстанға, ауылдық жерлерге барып, лекциялар оқып, әр түрлі деректер, мәліметтер жинап қазақтың, қазақ жастарының хал-күйі, жағдайы туралы шынайы ақпараттар жинау, тағы басқа мәселелер. Енді бір сала теоретикалық семинарлар өткізу. Сәбеңнің жұлдызының жанар шағы да осы тұс. Біріншіден, Сәбеңнің табиғатынан ой-өрісі өте кең, көтерген тақырыбын тереңнен толғап, түсіне білетін, саралай, сараптай білетін қасиеті бар-тын. Оның үстіне өзінің өмір жолы да соған үйреткендей. Кеншілердің арасында көп жыл қызмет істеп, олардың ауыр тұрмысымен жыға танысып келген ол еліміздің өндіріс,

шаруашылық жағдайларын, жұмысшы-колхозшылардың жоқ-жітік, ой-өрістерін де жетік білетін. Оның үстіне өзінің оқып жатқан факультеті де осал емес, МГУ-дің философия факультеті. 1963–1964–1965-ші жылдар, бұл “хрущевская оттепель” деп аталған кезең ғой. Сондықтан, ол кезде бұрынғы Совет одағында демократияның бас көтерген кезеңі, соған ұйытқы болған, негіз қалаған, ой, ойлау кеңістігі жөнінде жана демократиялық процестерді бастауға ерекше үлес қосқан сол МГУ, соның ішінде осы философия факультеті болатын. Сондықтан, осындай тарихи кезеңде Сәбең өз орнын дәл тапты деп білемін, оның философия факультетіне келіп түскендігі туралы айтып отырмын. Және Сәбең өте жақсы оқиды. Ол кездегі МГУ-дің философия факультетінде үздік оқу деген екі кісінің бірінің қолынан келе бермейтін, өте қиын іс еді. Өйткені, ол факультетте сонау көне заман, гректердің философиясынан бастап әлем ойшылдарын, олардың терең қазынасын түптеп оқытатын. Ондай терең сабақтарды игеру үшін адамға өмірлік тәжірибенің сүйеніш болары да сөзсіз. Өзінің табиғаты философия ғылымына бейім, зерек, оның үстіне өмірден көрген қиыншылық, тәжірибесі бар Сәбең осы факультетті үздік оқып жүрген азаматтардың бірі болды.

Ал біздер үшін, “Жас тұлпар” үшін, оның осы білімділігі өте қажет еді. Мысалы, біз теоретикалық семинарда бір жолы сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жағын басқарған Оралбек Жангелдиннің бір кітабын талқыладық. Ол кісі де қазір дүние салған. Оралбек Жангелдин де сол кезгі біраз адамдар сияқты Хрущевтің идеологиялық саясатына қатты берілген ірі ғалымдардың бірі еді. Олар “Советтік бір қалып болсын” (Единый Советский народ) деген ұғымды шығарған. Осы бағытты қуаттаған Жангелдин әлгі кітабында қазақтың ішкен тамағы, киген киімі, дәстүрі, тілі, қысқасы, бәрі-бәрі қажеті жоқ, өйткені, біз коммунизм құрып жатырмыз дегенді айтады. Ол кезде Хрущевтың жиырма жылдан кейін коммунизмге жетеміз, сонда бәріміз коммунизмнің кезінде бір халық боламыз деген уақыты еді.

Міне, “Жас тұлпар” өз семинарында мұндай көзқарастарды қатты сынап, соққы беретін. Осындай іргелі, ілгерішіл идеяларды айтатын да, сол кезгі идеологияның олқы тұстарын ойсырата сынайтын да негізгі баяндамашы Сәбең болатын. Оны ешуақытта естен шығармауымыз керек. Өйткені, ол кезде отаршылдыққа қарсы және де империялық тоталитаризмге қарсы “Жас тұлпардың” теория жағынан дайындалған кезеңін естен шығаруға болмайды. Ал мұндай мәселелерге теориялық биік деңгеймен қарағандардың бірі осы Сәбең еді.

Содан кейін біздің Мәскеулік кезеңіміз өтті, біз 1968–1969 жылдары Алматыға орала бастадық. Мен Мәскеудегі дүниежүзілік әдебиет институты аспирантурасын бітіріп, кандидаттығымды қорғап келдім. Дегенмен, “Жас тұлпардың” құрамында болуыма байланысты біраз тосқауылдарға жолықтым. Мұндай жағдай менің ғана басымда болған жоқ. Бізді “ұлтшылдар” деп, қалаған жұмыстарымызға орналастырмады. Маған да оқу-ағарту министрлігіне барғанымда “сізге студенттермен жұмыс жасауға рұқсат жоқ” деген ескертулер айтылды.

Сәбең де негізінен осындай жағдайда жүрді. Осы кезде әкейдің досы, әйгілі ғалым Әлкей Марғұлан біздің ұлтшылдар деген атағымызға қарамастан үлкен қамқорлық жасады. Досының баласы ретінде мені жақын тартып, үйіне шақырып дастарқан жайып қонағасы берді. Сондай жаймашуақ отырыс үстінде сөз арасында ұлы ғалым, тарихшы, археолог, этнограф ағамыз маған бір сауал қойды. Ол кезде Әлекең тарихтан да, филологиядан да докторлық диссертациялар қорғаған кемел шағында еді. Сонда ол маған: “Сендердің орталарында жүрген жігіттердің қайсысы маған шәкірт бола алады? Білімдар, зерек жас бар ма?” – деген тұрғыда сұрақ қойған. Ойы өзінің білгенін зерделі шәкіртке үйретпек, жөн сілтемек. Сонда өзім тұрғылас жастарды көз алдыма елестеткенде есіме бірінші түскені, әрине, Сәбетказы Ақатай болды. Кесімді ойымды Әлекең айттым. Арамызда осындай жігітіміз бар. Алыста оқыса да қазақылық қалыптан ауытқымаған, әрі үлкен білімдар жігіт.

Тарихпен, философиямен терең шұғылданған деп таныстырдым, сырттай.

Содан кейін бұл әңгімені Сәбеңе айтып, ол Әлекеңмен хабарласып, екеуі танысып, табысып кетті. Сәбең біраз жылдар Әлекеңнің жанында жүріп, оның экспедицияларына бірге шығып, кейін оның аспиранты да болды. Сәбең диссертациясын жазғанда оның орысша нұсқасын редакциялағаным бар. Кейін де оның орысша жазғандарын қарап беріп жүрдім. Екеуара осындай да қарым-қатынас, достық көмек болатын арамызда. Менің қазақша жазғандарымды ол кісі шолып беретін.

Сол жолы мен Сәбеңнің диссертациясына ресми оппонент болдым. Сондықтан оның жазған диссертациясын өте жақсы, толық білемін деуге қақым бар. Жалпы Сәбең өте терең, энциклопедиялық білімі бар ғалым еді. Сол диссертациясы бүгінгі өлшеммен алғанда докторлыққа татитын диссертация еді. Сондықтан өзімнің қорытынды сөзімді айтқанда бұл диссертацияны ең болмағанда кітап қылып шығару керек. Өйткені, бұл еңбекте мол этнографиялық деректер және теориялық тамаша тұжырымдар бар деген пікірді алға тарттым. Ол еңбек тек қана тарихи ғана емес, идеологиялық мәселені де көтерген сүбелі дүние еді. Сол кезеңде Қазақстан ғалымдары орта ғасырлар немесе көне дәуір тарихына бармаушы еді. Себебі, сол кездегі идеология оған қарсы болатын. Ал Сәбең зерттеуді тереңнен бастаған. Және одан кейінгі еңбектерінде сол бағытынан адасқан да, жаңылған да жоқ. Сәбең көптеген еңбектер, жүздеген мақалалар жазған болу керек. Бір кезде төкпелетіп көп жазды. Ол мақалалары әрі көлемді, әрі мазмұнды болатын. Солардың бәрі бірдей кітаптарына енбеген-ақ шығар. Сондай кітапқа жарияланбаған мақалаларын тауып, жинақтап бастырып шығару керек. Ол біз үшін, оқырман қауым үшін үлкен рухани қазына, оған ерекше мән беруіміз керек.

Жалпы, өзінің табиғи болмысы сондай еді. Оның үстіне “Жас тұлпар” қатарында ширығып, жастай жігерленіп, жетілгені бар – Сәбең халқы үшін мағыналы да терең қызмет

істеуге ұмтылған жан. Мәскеуде оқып жүргенінде көне Эзоптың мысалдарын қазақшаға аударған. Сондағы ойы Эзоптың тілі бізге, тоталитарлық режим-қысымда жүрген адамдарға керек екен ой, идеяны әшкерелеуге, жеткізуге. Соны Сәбең өте жақсы біліп, қолданып отыр ғой. Ол қандай іске, жұмысқа кіріссе де оны үлкен азаматтық дүниетаныммен атқаратын. Қандай тақырып алса да оны жеріне жеткізіп жоғары деңгейде қозғайтын. Сондықтан да ол әрі ғалым, әрі әдебиетші, әрі әдебиеттанушы, әрі саясаткер болды. Оны сегіз қырлы, бір сырлы азамат деп толық айтуға болады. Ол тарихшы да, этнограф та, философ та, әдебиетші-сыншы да бола білді. Кезінде бір өте жақсы, өте сәтті киносценарий де жазған. Өкінішке орай, ол киносценарий бойынша кино түсірілмеген. Ал бірақ, “Күн астындағы Күнікей” деген осы көлемді сценарийді ұмытпау керек. Жалпы Сәбеңнің қай-қай еңбегін, артына қалдырған мұрасын да уақыт оздырмай, шашау шығармай жинақтау, зерттеу керек.

Желтоқсан оқиғасы туралы да мен Сәбеңнен естідім. Ол маған сағат он кезінде телефон шалып, жағдайды түсіндірді. Мен үйде бір қолжазбаның үстінде отыр едім. Содан кейін 17–18-і болған оқиғаны өз көзіммен көрдім. Ал енді Сәбеңнің ол бір құпиясы болу керек, оны да зерттеу керек, сол күндері түнде кездесіп бір құпия тізімдерді көрсеткен-ді. Ол тізім сол оқиғада құрбан болғандар, жапа шеккендер тізімі ме екен?! Соны халықаралық ақпарат құралдарына қалай жеткіземіз деген мәселені ақылдасқан. Мүмкін, бұл тізім өзінің жеке архивінде қалған шығар, зерттеу керек. 18-і күні түнде де кездесіп, құпия бір әңгіме болған.

Сәбең кезінде “Жас тұлпар” сапында болғандармен қарым-қатынасын еш уақытта үзген жоқ. Алматыға оралған соң оның достарының қатары Асқар Сүлейменов, Төлеген Тоқбергенов, Салихидден Айтбаев, Құлкен Саймиддинов сияқты азаматтармен толықты. Алан Медоев дейтін қаны осетин болса да жаны, санасы қазақ ірі тарихшы, ғалым болған. Осындай адамдармен қарым-қатынаста болды.

Қазақстанымызды тереңірек, жақсырақ білейік деген ниетпен алыс жолдарға да жиі-жиі бірге шығатынбыз. Мысалы, бір жолы Балқаштың жағасындағы Лепсіге барғанбыз. Сақ дәуірінің қорғандарының орындарын іздедік. Ауыл адамдарымен әңгімелестік. Жол жүру, сапарға шығу, оны бай мазмұнға толтыру тұрғысынан алғанда Сәбенді ұлы жолаушы деп айтуға толық қақым бар. Өз көзіммен көрдім. Біріншіден, ол жол жүрісті бір жерден екінші жерге бару деп түсінбейтін, жолдың ұлылығын жақсы сезінетін, жақсы білетін. Жолшыбай кіммен қалай сөйлесу керек, қай жерге ат шалдырып қай жерде ой түю керек, қай жерді көзбен көріп, қай жерге күрекпен кірісу керек дегенді жетік меңгерген жан еді. Мүмкін, бұл оның ұлы ғалым Әлкей Марғұланның экспедициясында болғандығының жемісі де шығар. Оның қолында жолсапардың алтын кілті бардай еді. Сол Алматыдан Лепсіге жеткенше қаншама жаңа мәлімет, дерек жинап, тарихымызға, салт-дәстүрімізге, мәдениетімізге байланысты жергілікті тұрғындармен нешелеген терең әңгімелер болды. Адам сүйсінерлік қаншама ілтипатты, ізетті, ыстық кездесулер болды.

Тағы бір сапарымыз Қызыл-орданың Жалағаш дейтін жеріне болды. Жол ұзақ, жол бойы тарихи орындар көп еді... Әркі-бергі тарихты біраз қопардық, еске алдық, салыстырдық, сараладық. Жалпы жол үстіндегі әңгіме деген ерекше бір жанр. Жол үстінде әңгімелесу – бұл бір бөлек дүние. Тар жерде, қалада, үйде, бөлмеде әңгімелескен бір басқа да, жол үстіндегі әңгіме бір басқа. Жолдың өзі көп ой қозғайды, адам шешіледі, ойы тереңдей түсетіндей. Ал, Сәбең осы жол үстіндегі әңгіменің хас шебері еді.

Сәбеңнің тағы бір қыры, оның саясаткерлігі. “Азат” қозғалысы, “Алаш” партиясын ұйымдастырудағы қайраткерлігі, саяси жолын да мұқият қарап, зерттеп шығу керек. Бұл үлкен азамат, үлкен білім иесі, жүрегі елім деп соққан ерекше азамат. Оның жолы ұрпаққа өнеге бола алады.

Дос, жолдас болдық. Сондықтан да пікір таластырған, айтысқан-таласқан тұстарымыз да болды. Оның көбі баспасөз

беттерінде жарияланды. Сәбең маған сын айтса, көбіне ағаның ініні сынағаны тұрғысында, ағалық сын айтатын. Жақсы ниет, жақсы пиғылмен сынайтын. Біз күрес үстінде өскен азаматтармыз. Сондықтан, пікірлерімізді ашық айтып, қателіктерді дер кезінде түзетіп отыруға дағдыланғанбыз. Менің сынымды Сәбең де лайықты қабылдайтын.

Енді, міне, осындай абзал аға, ардақты доспен қоштасқалы бір жыл өтті. Қалғаны – оның мұраларын қастерлеп, жиып зерттеу, жаңғырту, ұмытпау, жас ұрпаққа ұсыну. Қош бол, ұлы жолдаушы, ардақты азамат!

Аға туралы естелік

Рахметолдақызы Шекербану,

ақын

Осы жинақты құрастырмастан бұрын Сәбетқазы ағаның жұбайы Римма Кәрімқызы және қызы Күнікей маған жолығып үлкен, әрі жауапты жұмыс тапсырды. Сәбетқазы Ақатайдың елім-жұртым, халқым деп соққан жүрегі тоқтағанша жазған, басылым беттерінде, журналдарда жарық көрген құнды, құнарлы, сыншыл, шыншыл, зеректі зерттеулерін, ой толғаныстарын, пікірлерін, ұсыныстарын, көзқарастарын т. б. басылымдар бетіне түсірілген қағаз қиындыларын әкелді. “Осының барлығы саған аманат, Сәбетқазыны сенен артық ешкім білмейді, бірге өстіңдер, барлық шығармаларымен тікелей танысып, Шығыс Қазақстанда жатып, алға қойған мақсатына жетуіне қолқабыс жасадың, саған сенеміз”, – деген Римма Кәрімқызы мен Күнікейдің үмітін жығуға шамам келмеді.

Қиын да ауыр жүкті арқалауға мойын ұсынып, екі бума газет, журнал қиындыларын құшағыма алдым.

Мұндай жауапкершілікті арқалауға Сәбетқазы Ақатайдың, менің алғашқы “Туған жер тарихынан үзік сыр” атты кітабым шыққанда жазған алғы сөзіндегі мына сөйлемдер үлкен күш

берді: “Қол жазбаның авторымен ауылдаспыз, соғыстан кейінгі ауыл мектебінде менен 5 сынып төмен оқыды. Екеуміздің мұғаліміміз ортақ – ел іші “Қара дүсін” деп атайтын алғыр және кеуделі күрең жүз адам. Жұпыны да, шағын ауылдың журналисі, оған қоса адвокаты да осы қара Дүсін еді.

Бала ата-анасына тартады әрине, алайда тұлымшағы желбіреген қаракөз қыздың зейіні мен болжамдылығын мұғаліміне тартқандығына енді мына қолжазбаны оқып шыққаннан кейін тап болып отырмын. Қудды мұғаліміміз Дүсін болған да қойған. Ол кісінің болжағыштығына, сыншылдығына, қазақтың “Қара сөзге дес бермейтіндігіне” таң қалатынбыз” – деп мені сынап үлкен баға берді. Шынында да екеуміз ағалы-қарындас болып бір ауылда өстік. Кездесе қалсақ әр тақырыпта әңгіме құрып, талас тудырып жататынбыз. Сәкең менің жұбайым Нұрсайын Айдарханұлымен мектепте бірге өскен досы, ол кісінің мамандығы тарих мұғалімі, білері де көп, шежіреші еді, кездескенде Сәбең аға екеуі таңға дейін әңгіме-дүкен құратын.

1990 жылдардан бері біздің жұбымыз жазылмады. Жанұяларымызбен араласып жүріп, саяси идеямыз да араласып кеткендей болды. Екеуі де пәниден өтті. Тағдыр мені аға еңбектерінің жарық көруіне куәгер болсын деп қалдырған шығар. Менің екінші кітабым шыққанда жазған, алғы сөзінде: “Отаныңа деген ыстық жалының суынбасын, назды жырларың сарқылмасын, мен сенен әлі үлкен үміт күтемін” деп жазған. Сонда маған, кейін менің еңбектерімнің жарық көруіне қол ұшын берер деп, үміт артты ма, екен кім білсін?! Сол бір үкілі үмітті үзбеуге тырыстым.

“Ғалымның хаты – өлмейді, жақсының аты өлмейді” деген дана халқымыз. Қандай тауып айтылған сөз. Өмірдің өзі дәлелдеген ақиқат екені анық. Десек те “Көзден кетсе, көңілден болады ұмыт” демекші, Шығыста қоңыраулы Нұрзайсан суына шомылып, құмына қызып өскен, мақтан ететін, тарихымызда өшпестей із қалдырған, халықтың құрметіне бөленген, талай ізгі жақсыларымыз өтті. Солардың бірі, ғұмырын елім, жерім, халқым деп, еліміздің егемендігі, жеріміздің бостандығы үшін

күрескен, сол арманына жеткен, қазіргі заман тарихынан ортасын ойып орын алған азамат Сәбетқазы Ақатай еді.

Ол Зайсан өңірі, қоңыраулы Зайсан көлінің жағасында 1938 жылы дүниеге келді. Сәбетқазының әкесі Ақатай туралы ел аузында қалған: “Ақатай жігіт екен салдырлаған, көңілін еш адамның қалдырмаған” деген екі ауыз сөзден басқа, торсықтай-торсықтай Сәбетқазы, Алтынғазы атты екі ұлын қалдырып 1943 жылы соғысқа, ешқандай дайындығы жоқ, ауыл қазағының бірі болып, қазақ әскерлерінің қатарында, үлкен әріппенен айтылатын Отан соғысына аттанды. Сталинград шайқасында, осы қаланы қорғауда қайтыс болды.

Сәбең өткір тілін “Русская община” ұйымының жетекшісі Ю. З. Бунаковқа қадап, “менің әкем Ақатай Ресей жерін қорғап өлді, ал сен өз Отаның Қазақстан үшін жаныңды қиғанның орнына, бөлшектегің келеді” деп, мақалаларының бірінде мысқылдайтын еді.

Жасынан әкеден айрылған жетімек, ауыр тұрмыс нәубетінің тұзы мен сорын ерте татты. Кейде ағайындарын, кейде балалар үйіне, кейде мектеп-интернатта болды. Сондай интернатта болған, оқып жүрген кезін еске алған досы Айдарқанұлы Нұрсайын:

– Сәбетқазы оқуды жақсы оқыды, ашығып жүрсе де, томпыып, сабырлы, жайрандап күліп жүретін, өзінен кіші балаларға солар жесін деп, кей кезде тамағын да бере салады. Өзінің қарның ашпай ма, дегенде – өзім шыдаймын ғой дейтін, үлкен сабырлықпен.

Сөйтіп жүріп жоғарғы сыныптарды Өскемендегі Жамбыл атындағы жалғыз қазақ орта мектеп-пансионатын бітірді. Бітірісімен оқуын ары жалғастыруға, қаржы мәселесін шешуге Зауыт-фабрикаларда қара жұмысшы болып істеді. Қарағанды шахтасында еңбек етті. Өмірдің өзі оны есейте түсті. Шахталардағы жұмысшы жағдайы, еңбек өрісіндегі теңсіздік, оның жанына қадалатын шаншудың бірі болды. Өзінің талпыныс, өжеттігінің арқасында Мәскеудегі Ломоносов атындағы университеттің философия мамандығына түсті. Сол

университетті бітіріп шықты. Сәбетқазы Ақатай сол жылдары Мәскеуде оқитын қазақ студенттерінің “Жас тұлпар” ұйымына белсене қатысты, оның студенттер кеңесіне басшылық етті. Сол үшін “ұлтшыл” айдарымен оқудан қуылды. Бірақ, Д. Қонаев Сәбетқазы Ақатайдың кеудесіндегі ұлтшылдық отын өшірмей, ара түсіп, оқуын бітіруге мүмкіндік жасады. Оқу бітіріп Алматыға келіп, ұзақ мезгіл жоғары оқу орындарында дәріс оқыды. Ұлттық дәуірлеуімізбен қайта жаңғыруымыздың тарихи, теориялық және әдістану бағдарламаларымен қамтамасыз етуге қажетті тақырыптарды зерттеді, шешімін айтты.

С. Ақатай – әйгілі тарихшы, ойшыл, этнограф, археолог, қазақ өнертану ғылымының атасы Әлкей Марғұланнның шәкірті болды. С. Ақатай философия ғылымдарының докторы, профессор, жазушылар одағының мүшесі 15-ке тарта ғылыми монографиялары мен жинақтардың, 400-ден астам ғылыми публицистикалық, саяси, әлеуметтік, әдеби сын мақалалардың авторы. Мұғдарлауға алған мәселелері толғақты, көпшілік ойынан шығатын, әлеуметтік пікір туғызатын дүниелер еді. 40 жылға созылған шығармашылық дәуірінде Сәбетқазы Ақатайдың қалам тартқан мәселелері тобынан қалам тартпағандарын санап шығу оңайырақ болар. Оны кітаптары мен жинақтау атауларынан-ақ білуге болады: “Эзоп мысалдары”, қазақтың музыкалық фольклорлы, “Арал тағдыры”, “Күн мен көлеңке”, “Эстетикалық категориялар”, “Тышқан жылғы қырғын”, “Көшпенділер эстетикасы”, “Дүниеге қазақы көзқарас“, “Инжу-Маржан секілді”, “Мәдениет айдынындағы Қазақстан”, “XXI ғасыр қарсаңындағы Қазақстан философиясы” т. б.

1991 жылы С. Ақатай Олжас Сүлейменовтың аты шулы “АЗИЯ” кітабын қазақшаға аударды. Сонымен қатар оның еңбектері әлем ғалымдарына да жақсы таныс-танымал. Ол халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, біраз шетелдерде Қазақстан ғылымына өкілеттік танытты. АҚШ-тың, Вашингтонның, Чикаго, Огайо, Грецияның, Түркияның университеттерінде өткен мәжілістерінде Қазақстанның тарихы, саяси, мәдени оқулары жайында баяндамалар жаса-

ды. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасының себеп-салдарын ашып берді.

Өйткені 1986 жылы қалада өтіп жатқан жайды өз көзімен көріп, арасында жазаланып отырған Сәбетқазы Ақатай, ой елегінен болған істі өткізіп, Жағда Бабалық екеуі туған туыстарынан, дос-жарандарынан жасырын жағдайда қалам алып дүние-жүзілік қауымдастық ұлттары мен мемлекеттерінің назарына хат дайындауға кірісті. Хат фотоға түсіріліп, тырнақтай негатив кадры көбейтіліп, келімді-кетімділер арқылы шет елге таратты. Шайдың, қолшатырдың, тіпті балтаның қалың жеріне салып қайта пісіріліп, қайта жонылған кездері болды. Әйтеуір хат шет елге, Біріккен Ұлттар Ұйымына “Интернешнл Емнисти”, Чехословакияның “Хартия-68” ұйымдарына Будапешт университетінің профессоры Қоңыр Мондоки мырза арқылы да хат жолдады. Польшадан келген беймәлім юрист Чехословакияға “Хартия-68” ұйымының қолына тигенін айтты. Қ. Рысқұлбеков пен оның достары ату жазасына кесілгеннен кейін “Азаттық” радиосынан 78 адам қол қойған поляк жазушылары, ғалымдары М. Горбачевке жолдаған хат жарияланды. Ішінде сол кезде “Солидарность” төрағасы, қазір де Польшаның президенті, Лех Валенсаның да қолы болды.

1987 жылы май айында Г. Колбин Қ. Рысқұлбеков пен оның достары ату жазасын 20 жылмен алмастырғанын айтты, бірақ ол әлемдегі қауымдастықтың жеңісі демей, “КПСС-тің аталық қамқорлығы” деді. Бұл да Сәбетқазы Ақатайдың ұлты үшін жасалған ерлігінің бірі еді. Бірақ Сәбеңнің коммунистік идеологияға жат деп “Көшпенділер эстетикасы” – деген монографиялық тиражы түгелдей тұтқындалды. Басқа еңбектері де, жарық көруге тосқауыл көрді. Ол кісінің саяси-әлеуметтік қимыл әрекеттері, оның ғылыми ізденістерімен тығыз байланыста екені анық.

Сәбетқазы Ақатай Саяси әлеуметтік көзқарасы жағынан тұлғалы азамат. Оның көздеген негізгі мақсаты: ұлт тағдыры, тәуелсіздік, мемлекеттілік, түрік тілдес халықтардың өзара ынтымақтығы. “Орта Азиялық Одақтың”, “Үлкен Түркістанға”,

“Ұлы Тұран” идеясына сабақтасу жолдары еді. Отаршылдыққа қаны қарсы болды. Саясатшыл ғалым Сәбетқазы Ақатай: “Әлем түріктен қорықпасын” – деген құрылтайда жасаған баяндамасында: “Қазақстанның бүкіл әлемде алар өз орны бар, Қазақ халқы иісі түрік жұртының ежелгі ата қонысында жасап жатыр. Қазақ халқы түрік әлемінің ең кіндігінде тіршілік етеді, тілінің ең көне нұсқасында сөйлейді. Оның кәсібі, өмір сүру тәсілі, тіпті физикалық нәсілі жағынан да өзгеріске аз ұшыраған. Мәселен осы залда көне түрік ханы Күлтегін маған, мені Күлтегінге ұқсамайды деп кім айтады? Сондықтан шығар-ау, Қазақстанның болашақ тағдырына Азияның аз санды түрік ұлыстары үлкен үмітпен қарайды” – деген.

Сәбетқазы Ақатай 60 жылдары Мәскеуде оқитын, қазақ жастарының ортасында құрылған “Жас Тұлпар” ұйымын жетелей отырып СОКП тарар тұста “Азат” қозғалысына жалғастырып, соның негізінде “Азат” партиясы құрылды.

1990 жылдары Қазақстанның азаматтық “Азат” қозғалысына Шығыс Қазақстан, Күршім ауданында “Қазақ тілі” қоғамында істеп жүріп мен де, мүшесі болып кірдім. Өйткені “Азат” қозғалысының, қысқаша айтсақ, барлық бағдар-бағыты жас болашақ мемлекетіміздің негізгі мүддесін көздеу еді.

1991 жылы Шығыс Қазақстаннан 12 адам делегат болып “Азат” қозғалысының 1-ші съезіне қатыстық. Облыста “Азат” қозғалысының орталығы Өскеменде болды. Бұл “Азатқа” мүшелікке өткендердің көбі “Қазақ тілі” қоғамының басшылары және мүшелері еді. “Азаттың” жиындарын әкімшілік қатаң бақылауға алды. Ал ол қозғалыстың саяси мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік дәреже алуы, еліміздің егемендігі, халқымыздың әлеуметтік жағдайы болды емес пе? “Азат” қозғалысының 1-съезі жазушылар одағы үйінде өтті. “Азат” болашаққа үміт артқан халық қозғалысы. Мақсаты да түсінікті – ұлтымыздың толық тәуелсіздігі. Шындығында “Азат” – қазақ ұлтының саяси және әлеуметтік қорғаны бола білді. Көптеген қиын-қыстау арандатушылық жағдайда, “Азат” қозғалысы Қазақстанның барлық азаматтарын салқын қандылық пен ұстамдылық

танытуға кез келген арандатушылыққа жол бермеуге шақырды және өзі де соны істеді.

Мысалға 1991 жылы қыркүйек айында тарихта қалатын Орал оқиғасы болды. Сонда еліміздің егемендігіне, тәуелсіздігімізге, қол сұғып ар-намысымызды аяқ асты таптамақ болған, жасанды мұрт жапсырып келген орыс казактарының меселдесін қайтарған да, осы “Азат” қозғалысының азаматтары еді. Сәбетқазы Ақатай оған тікелей жетекшілік етті. 1991 жылғы қазан айының 5–6 да өткен “Азат” қозғалысының 1-съезіне қатысып халықаралық “Азат” қозғалысы болып құрылғанының айғағы болдым. Осы қозғалыстың бағдарламасының негізінде Қазақстанның Республикалық партиясы болып құрылуға дауыс беріп, сол партияның мүшелігіне кірдім. Сәбетқазы Ақатай төрағасы болып сайланды. Қазақстан Республикалық партиясы егеменді елдің маңызды бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ мүддесімен қауышты.

Сәбетқазы Ақатай – бақытты жан. Өйткені ол көп жылдар әрекеттенген төл саяси-әлеуметтік идеялары қазір де іске асуда. Сәбетқазы Ақатай қазақ халқының көк туының астында тәуелсіз мемлекеттің ірге тасын қаласып, көгілдір күмбезін көтерісті.

Сәбетқазы Ақатай – туған жері Күршім ауданына келсе, аудандық “Қазақ тілі” қоғамына басын сұқпай кетпейтін. Тіл мәселесіне көңіл бөлетін. Бір әңгімесінде: – Ана тілімнен жастайымнан айрылып қалдым. Балалар үйлерімен үкімет мекемелерінде ер жетіп, ес жиып, етек жапқан тұста қайта табысқан соғыс жетімдерінің бірі менмін. Ұлы орыс тілін жетік білетін үш миллион қазақ азаматтарының ішінде мен де бармын. Алақаныма салып әлдилеген ұл-қыздарым да бар. Орыс тілі қызметімнің тілі, ақбас ұстаздарым мен балғын шәкірттеріміздің тілі. Бұл тіл арқылы мен әлеммен, азаматтармен таныстым. Біреудің ақылын тыңдаймын, біреуге ақыл айтамын. Қазақ баласы үшін орыс тілін үйретуде мүдіріс болмауын ұлы Абай аманат еткен.

Ал ана тілім жатқан жері торқа болғыр асыл анам Күлбағиланың, сүйегі Сталинград түбінде шашылып қалған Ақатайдай есіл ердің маған тапсырған қазынасы, сарқылмас

ырыздығы еді. Бала-шағамның менен алар басты дәулеті, еншілеп бөліп берген мал-жанымның ішіндегі құтты тұяғы – ана тілім деп ойлаймын. Сол дәулетті кеңсеқұмарлар мен ұлт нигилисттерінің құрбандығына қиғым келмейді. Тіл туралы заңның жобасын толық қуаттап, қуанатыным да сондықтан деп ауыр күрсінген еді. Сөз соңында сен – Шекербану “Қазақ тілі” қоғамын дұрыс қолыңа алдың. Бұл орыс ауданы, саған жұмыс істеу қиын да болар, бірақ орыстарды кума, шамың өшіп қалса кім жағады, ол шамды жағам деп қазақ ағаң тоққа түсіп қалмасын” – деп сәл жымыды.

1995 жылы Күршім аудандық “Қазақ тілі” қоғамынан Сәбетқазы Ақатайды мәжіліс депутаттығына кандидаттыққа ұсындық. Көптен көкейде жүрген, шешуін таппай шиеленіскен мәселелерді Сәбеңнің мойнына артып, парламентке кірсе, босағада тұрған тіліміз бір қадам төрге жылжи ма деген үміт еді. Сонымен қатар жас мемлекетіміздің әлі өңделіп бітпеген заңдар жүйесін, азаматтық саяси-әлеуметтік қарым-қатынас нұсқаларын жасау кезінде осындай білімді, ғылыми саяси мәселелерді дұрыс шешетін тәжірибесі бар азаматтың парламент мүшесі болуы дұрыс-ақ қой.

Күршім ауданы – шикізаттың ашылмаған көзі екенін ол кісі жақсы біледі. Ол кенді аймақтың байлығын алудың басы – темір жол салу, Октябрь темір жолын жағамен Аягөз темір жолына қосу арманы еді. С. Ақатаевтың осы арман-бағдарламасы арқылы ауылдағы жұмыссыздықты жойып, шетел қаржысын пайдалану бағдарлама негізі болды. Оған шетел инвесторларын ертіп келіп көрсеткені де бар.

Мен Сәбетқазы Ақатайдың сенімді өкілі болып екі ай бойы Күршімге көршілес төрт ауданды аралатып, халықпен кездесулер өткіздім. Барлық бағдарламасын бабына келтіріп, темір жол мәселесін көтергенде тыңдаушылардың құлағын елең еткізіп, шіркін деп тамсандырып қоятынмын. Кездесуден шығып, жолда келе жатқанда, қарындасым, қалай поездің қоңырауы естіле ме деп күлетін, Сәбең. – Иә, дейтінмін. Шынымен менің құлағыма алыстан әуелеткен поездің қоңырауы естілгендей болады. Осы

арманға жетсек қой, мына қалжырап отырған жұртыма қан жүгірер еді ғой деп, құлшынып алып, ауыр күрсінетін. Сайлау науқаны бітті, бірақ Сәбең депутаттыққа өтпеді. Сенің бе, әлде менің бе бір дауыс жетпеді, иә, бір дауыс жетпеді. Өкінішті... Құлағымда поезд қоңырауының үні әлі өшер емес, осы асыл арманның болашақта боларына үкілі үміт сендіреді.

Сәбетқазы Ақатайдың 60-қа жеткенін тойлауға жазушылар одағына барып, мерейтойын атап өту керек деген жолдама алып, ауданда дүрілдетіп той өткіздік. Ғылыми конференция дайындап, той сценарийін жазып, туған жер топырағына аунатып, ел-жұртымен кездестірдік. Той өзі айтпақшы “Қоңыраулы зайсан” көлі, Ақсуат ауылында өтті. Той өткен күні – күн ашық, жайшылықта құм ұшырып, көз аштырмайтын қара жел болған жоқ. Қазан айының жайма-шуақ жып-жылы мерейлі кешінде мереке көңілді өтті. Алпыс жасты арқалаған ғалым, қайраткер ағамыз Күршім ауданының “Құрметті азаматы” деген алқа тағып, сол кездегі астанамыз Алматыға қайтқан еді.

1998 жылы қазанның қара дауылында дүниеге әкелген қазақтың ұлын, бір Алла 2003 жылы осы қазан айында құм суырған қара дауылында қайта әкетіп қалды. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын жан аға. Елім деп еңіреген халқыңның бір туар ұлы едің, өміріңнің өзі де өмірдегі дауылдарға қарсы күресумен өтті.

Елім деп еңіреген, жұртым халқым деген қайраткер азаматтың артында қалған үзеңгілес әріптестері, бірге елім деп маңдай терлерін төккен достары “Қош! Алаштың асқар тауы, алға ұстар арысы!” – деп күңірөңді. Сәбетқазы Ақатайдың еңбектерін жоғары бағалаған өздерінің қалтқысыз ашық ойларын басылым беттеріне жариялады. Олар өзінің сонау Мәскеу төрінде “Жас тұлпар” ұйымын құрып, халықтың бостандығын, егемендік елді аңсаған Сәбетқазы Ақатайдың достары советтік катал заңдылықтарға маңдайын төсегендер: Мұрат Әуезов, Болатқан Тайжанов, Мақаш Тәтімовтар т. б. еді. Сәкеннің бұл пәниден аттануы олардың қабырғасын қайыстырып кеткендей, орны толмас досын үлкен құрметпен еске алып, естеліктер

жазды. Саяси сапардағы үзеңгілес, дос бауыр, пікірлес жалынды “Алаш” партиясының қолдаушылары Сәбетқазы Ақатай жаққан саясат шамы өшпейтініне үлкен сенім арқалайтын өз ойларын ортаға салып, мұндай алаштың асыл ұлын алашы ұмытар ма?! – деп күйзелді. Олар: Жанат Қасым, Жұмаш Кенбай, Ақтөре Бұхарқан т. б. Осындай достары, қорғаушы, жақтаушылары, еңбегін бағалайтын елі, жазғандарын сүйіп оқитын жастар, оқушылары бар Сәбетқазы Ақатай бізбен бірге келесі ғасырдағы ұрпаққа жол көрсетіп, олардың қатарында боларына күмән келтіру артықшылық. Сәбетқазы Ақатай өлген жоқ, ғасырдан ғасырға созылатын із қалдырды. “Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз кірпіш қорған емес”. Сәбетқазы Ақатайдың қорғаны – достары, қолдаушылары. Орманы – жастар, іздерін алға жетелеушілер. Оларды бір бірінен айыру мүмкін емес.

Осы Сәбетқазы Ақатайдың еңбектерін, мақалаларын жинақтап, қайта жарыққа шығаруға қол ұшымды бергенімде, өзімді үлкен жауапкершілік арқалағанымды сезінемін. “Біткен іске мінші көп, піскен асқа жеуші көп” болары ықтимал. Десек те, Сәбетқазы Ақатайдың ойы, идеясы, ұсынысы, пікірі, көзқарасы, зерттеулері жазылған парақтардың шашылмай топтасқанына қуанамын.

Ғалым, сыншы, саясаткер, қайраткер Сәбетқазы Ақатай еңбектері үлкен зерттеуді керек етеді. Зерттеліп әлі талай ғылыми еңбектердің арқауы боларына күмәнім жоқ.

Сөз соңында осы жинақтың, С. Ақатай еңбектерінің дүниеге келуіне маңдай терлерін төккен әрбір Сәбетқазы Ақатай деген жазуы бар парақты көзінің қарашығындай сақтап жиыстырған жан жары, көтерілген күмбезді шаңырағының алтын дінгегі Римма Кәрімқызы болса, жар құлағы жастыққа тимей мұрағаттардан басылым беттерінен жинастырған асыл да, ардақты Күнікей мен Меруерт атты қыздары болды. Әкесінің хаты мен атын өшірмеуге жандарын салып 6 жыл бойы әрбір парақты жинастырды. Бұл күнде кітаптың жарық көру көрмеуі қаржыға келіп тірелері анық. Мәселені дереу шешіп, қол ұшын беріп, демеуші болған балалары мен туыстары. “Өлі разы болмай, тірі байымас”. Құнды сөздің

төркінін таныған ұл-қыздарымызға ризашылығымыз шексіз. Мақаларды жинастыру кезінде үлкен көмек көрсеткен мұрағат қызметкерлеріне шын көңілден рахмет айтамыз. Материалдарды баспаға дайындау жұмыстарын атқарған Нұрланқызы Аидаға да алғыс білдіреміз. Ағамыз бір аунап түсіп ұл-қыздарына риза болары анық.

Сәбетқазы Ақатай еңбектері өзі аңсаған, өзі іргетасын қаласқан егеменді тәуелсіз мемлекетіміздің 20 жылдығында жарық көреді. Астанам деп ардақтаған қаласы Алматыда бір көше Сәбетқазы Ақатайдың есімімен аталды.

Ғалым, профессор, доктор, қайраткер Сәбетқазы Ақатай да елінің, халқының, замандас, қаламдас достарымен бірге жүр деген сөз.

Асыл аға, есіміңізді мақтан еттім, мақалаларыңызды оқып, рух, елім, халқым, жерім деген үлкен қуатты күшке ие болдым. Қазір еліміз – еркіндікте, жеріміз – бостандықта. Армандаған, сол арманға жету үшін күрескен еңбектеріңіз өз жемісін беруде. Сіз де тарихымыздың алтын тақтасынан орныңызды аласыз. Ұрпақтарымыз есіміңізді есте сақтап, ардақ тұтады. Алаштың бір туар ұлы, қош бол Аға!

Сәбетқазы Ақатай

Інжу-маржан секілді

Эссе

1995

Қазақтың халық әндері – этикалық, эстетикалық және философиялық зерде тоғысқан күрделі құбылыс. Кітап халық әндерінің философиялық мән-мағынасы, эстетикалық сыр-сипаты, этикалық пайым-парасаты туралы сыр шертеді. Әнді философиялық құбылыс ретінде саралауда автор әндерінің ең танымал, ел ішінде кең тараған нұсқаларына жүгінеді. Ән өлеңдерінің болмыс-бітімін, табиғатын ашуға талпыныс танытып, бұл жөнінде өзіндік ой түйеді. Кітап соңында автор қазақтың қара өлеңдерінің философиялық, этикалық, лиро-философиялық үлгілерін ұсынады.

Жинақ халық өнерін қастерлейтін көпшілік қауымға арналады.

*Бұл еңбегімді асыл анашым —
марқұм Күлбағила Нәкеқызының
рухына арнаймын.*

Автор.

Алғы сөз

Ертеден бізге жеткен бір аңызда ән атасы әлемді шарлап, қалықтап жүргенде қанаты талып, қазақ үйіне қонақтаған екен дейді. Халқымыздың риясыз қонақжайлылығына разы болған мейман кетерінде сауғаға ән тарту етеді. “Өлең аласың ба, жоқ, көген аласың ба?”, – дегенде, бабамыздың өлең таңдағанын көнеден келе жатқан тағы бір әфсана мақтаныш етеді. Осы екі аңыз да тегін шықпаса керек. Ән абзал қасиеті үшін халқымыздың кеудесіне тағылған асыл байғазы іспеттес.

Ән – халқымыздың ғасырлар бойы там-тұмдап жинаған рухани қазынасының төл басы, құтты тұяғы.

“Қазақ әні қияли ғайыптан пайда болған дүниенің белінен аттап өтіп, керісінше, қоғамдағы жеке адамның меншік ғұмырын, сезімі мен мақсат-мұратын сыр етіп шертеді. Әнді тыңдаушылар таңғажайып және діни уақиғалардан гөрі, айналасын қоршаған болмыстың тегіне көз тігіп, сол болмыстың бітімі мен көңіл тұшынарлық, ләззат аларлық қасиетіне құлшынады”¹, – деп жазды қазақ фольклорының белді білгірі В.В.Радлов. Сол сияқты өлкеміздің елі мен жерін аралап, халқымыздың төрінен: дәм татып, жүзбе-жүз таныс болған орыс зиялыларының озық

¹ Радлов В. В. Образцы народной литературы современных тюркских племен. 5-бөлім. СПб., 1885. 8–9-бб.

өкілі, Пушкиннің тарихшы досы А. Левшин де қазақтың ән мен өлеңге қабілетіне қатты тәнті болады. Расында, малшылықты кәсіп еткен қазақ баласы айналасын қоңыраулатып әнге бөлеп, думан-тойға толтырып жүргені белгілі.

Кезінде көк желекпен көмкеріліп, жарым миллион адамға пана болған орта ғасырлық Қазақстанның бас қаласы Баласағын қазірде шаң астында жатыр. Шыңғыс хан соққысынан аман қалып, “жақсы қала” атанған мәуелі Баласағынымыз уақыт соққысына төтеп бере алмады. Бүгінде ғалымдар сол шаһардың жұрты деп әр төбені көрсетеді. Оның опырылып түскен сырлы күмбезінің жаңғырығы ән болып қалықтап, қанаты талмастан көктей ұшып, бүгінгі күнімізге жетті. Ғасырлар уәзипасын ән арқалады:

“Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Қарындастан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Қасаба меруерт пен маржан ба еді,
Ел бұрын қонысынан ауған ба еді?
Өлімсіз жан, өткелсіз кешу болмас,
Өлгенге өз жұртында арман ба еді?
Көре жүр күйсізінді күйің барың,
Қонысынан ауған құлан оңалмайды,
Елім-ай, елім-ай!”

Алтын тақ пен астананың аты бар да, заты жоқ, заманының мұңы мен сырын тал бойына тоғыстырып ән атасы “Елім-ай” жетті бүгінге.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерінің бірінде кеңес әуе күштерінің эфирін қазақ әні кернейді. Беймәлім “шудың” соғыс радио толқын диапазонына қайдан келгенін түсінбеген радистер командирлеріне шағым айтады. Тәжірибелі командирлердің өздері де сасқалақтап қалады. Сөйтсе... Аспанда қазақ әнін шырқаған – неміс позициясының ойран-топырын шығарып,

әскери тапсырманы орындап, туған аэродромына оралып келе жатқан Кеңес Одағының екі мәрте Батыры, ұшқыш Талғат Бигелдинов екен. Самолет моторының үнімен жарыса бар дауысымен “Елім-ай” әнін шырқаған қазақ батыры қуаныш үстінде радиотаратқышты айырып тастауды есінен шығарып алса керек...

Ән халықтың өзі секілді көне, өмір табалдырығын онымен бірге аттап, ел байрағын сахара төсіне бірге тігісіп, халықтың тарихи шеруінің шаңды қияндары мен мұзарт асуларынан бірге өтеді. Ол жеке адамның ғана тағдырына араласып, шілдеханасында шалқып, жаназасында егіліп қана қоймай, ел тағдырын ел азаматтығымен қоса бөліседі. “Елім-ай” әні ертеректе қазақ ардагерлерінің жаназасында аят орнына шырқалды. Күні кеше халқымыздың аяулы ұлы ғалым Әлкей Марғұланды соңғы сапарына ұзатып салғанда да ел басын қосқан “Елім-ай” еді.

Ән – халық ғұмырнамасының шежіресі. Демек, әннің қырсырына ден қою – халықтың рухани әлеміне зер салу деген сөз. “Өнер алды – қызыл тіл” десек те, тіл ән үшін құстың сыңар қанатындай ғана. Оны самғатып ұшыратын, оған жан бітіретін күш – дарынды көкіректен шығар асыл әуен.

“Әніме мен салайын “Қанатталды-ау”,
Бұл әнім балқытушы еді тыңдағанды”.

Осы бір әнге зер салсақ, “Қанатталды” тыңдаушысын тек әуен мен сөз тоғысқанда ғана балқыта алатыны хақ. Өлең мен ән мінсіз жымдасып, бас қосқанда асыл өнер қозғалысқа түседі, аспанға самғап, қанат қағады. Жақсы ән – сирек қазына, маңдайға біте бермейтін құт. Сондықтан да еңбектеген баланың да, еңкейген дананың да елең етіп ұйитыны – інжу-маржан секілді әсем ән.

Ілгеріде Арқаның әйгілі әншісі Жарылғапберді ақпанның алай-дүлей боранында адасып қалып, жолдастарымен беймәлім ауылдың үстінен шығады. Арлы-берлі саулаған жүргіншіден ығыр болған ауыл адамдары жолаушыларға “көлденең жүрген көк атты” деп сырт беріп, ықылас қоймайды. Амалы тау-

сылып, көңілі шайлыққан жолаушылар Жарылғапбердіге қарайды. Әнші жолдастарының қабағын түсініп, домбырасына ұмтылады. Домбыққан саусақтарын уқалап, ауыр тұлыпты жел-бегей жамылып тұрып:

“Көкшетау, Баянауыл – жер науаны,
Елінен көктей гүлдеп шығады әні.
Бауырында Көкшетаудың көкке шалқып,
Толғанып шарықтайтын салған әні”, –

деп, атақты “Топайкөкті” аңыратып қоя береді.

Аспан асты мен жер үстіне ән тұтасады, ән еркесі “Топайкөк” табиғаттың дүлей күшінен жапа шеккен жұртпен бірге берекелесіп, көше аралап, үйді-үйдің ошағына ентелейді.

– Япыр-ау! Мынау өзіміздің Жарылғап қой! Жарылғапберді ғой мынау! – деп, бораннан ыққан қалың ел жолаушыларға лап береді.

“Жарылғап ескі әншінің маңғазы еді,
Әнді ерттеп, күйді мінген ардагері.
Осы әнді Көкшетаудан әкелдім деп,
Баянға алып келіп жайған еді”.

Жақсы ән қасиетін қастерлей білетін бұл ел Жарылғапбердіні жібермей, қыс бойы қонақ қылып, сый-құрмет көрсетеді, ел аралатады. Ат-шапан айыбын беріп, әншіні еліне жаз шыға бір-ақ қайтарады. Мұны ел аузынан жеткен аңыз делік. Ал енді таяуда ғана болған оқиғаға көңіл аударалық.

Халық артисі Ермек Серкебаев АҚШ-қа барған сапарында оның салған әніне бір тақуа меценат-миллионердің таңырқағаны сондай – қазақтың халық әнінің орындалғанына тіпті сенбеген. Тек екі-үш ән айтылғаннан кейін басын шайқап, айтулы әншінің қолын қысып, елінің музыка мәдениетінің байлығымен құттықтаған.

Ән көп. Бірақ асылы сирек. Сол сирек туатын асылдың өзі ғасырлар төрінен қатталып, қорлана келе байтақ қазынаға айналады екен.

“Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері”, –

дегендей, ел мақтап, қыз жақтаған сері жігіттің жанға шипа асыл ән іздеп айшылық алыс жолға шығатыны, бәлкім, содан болар.

Иә, ән – жан азығы, ал жан-жүректің жасыққа жұбанбайтыны хақ. Сондықтан асылын армандайды.

“Көкшетау дуанына даңқым барған,
Мен Біржан алтын тудай айқындалған.
Есіткелі, Сара, сені үш жыл болды,
Сері едім төңірекке құлаш жайған”.

Сара да Біржанның өрелі өнеріне құмар. Өнер саңлағы сұлулық дегенде тағат таппайды.

“Өз басым – ұрғашының қызыл тілі,
Иран-бақ бет бітісім – қызыл гүлі.
Біржан сал, ажал айдап өзін келдің,
Ізденуге ойлап едім өткен жылы”.

Ғасырдан ғасырларға адам ауыспайды. Алайда олардың айтқан әні мен тартқан күйі қалады, ұрпақ пен ұрпақты ән жалғастырады.

“Гүл бақша көңілді бір әсем әнді,
Тілейтін бұлбұл едім сайрағанды.
Өмірден өз еркіме орын таппай,
Артқыға “Қанатталды” әнім қалды”, –

дегендей, ән арқылы адамзаттың әр буыны табысып жатады, арызы мен арманын, тілегі мен мұратын ортақтастырады, бүкпесіз сыры мен көкейкесті мұңын тоғыстырады, артқыға ән арқылы өсиет айтылады. Ән – халықтың өшпес рухы, жан серігі. Ән өшіп, халық қалуы, болмаса қалың ел тағдыры тығырыққа тіреліп, ән қалуы мүмкін емес. Жақсы ән мен оның халықтық тегі егіз. Оны қанаттандыратын қуат – адамның сұлулығы мен жан тазалығы.

“Жақсы ән – жан азығы” дейтін қазақ жақсы ән естілсе, ішкен асын жерге қояды. Жоғарыда келтірілген аңыздар да

халқымыздың осы бір қабырғалы қасиетін діттейді. Дәстүрлі қазақ салтанатының ән араласпайтын жері жоқ. Қазақ әнінің осы қасиетін қастерлеген Абай:

“Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең”, –

деп, оған өлеңнен мәңгілік ескерткіш орнатады.

Киіз үйіміз де, дәстүрлі сәулетіміз де кеуде тұсы кеңейе келіп, акустикалық зорайтқыш қызметін атқаруы қазақ әнінің асқақ мінезімен шарттас. Мереке мен береке, той-томалақ ажары әнмен ғана ашылатыны белгілі. Тіпті алыс-беріс пен барыс-келістің арасында ән жүгіріп, қазіргі ел ішінің жаңа дәстүрінде кәде батамен де, әнмен де бекіп жүргенін байқаймыз. Демек, әнге іңкәрлік етене қасиетіміз екен. Алайда Абай атамыз айтқандай жақсы әнге әркімнің таласы бар. Қазақ әнін нақысы мен бұрмасына дәл келтіріп, өз бояуын, толық жеткізе шырқау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Әніміздің мұндай сырын дәстүрлі ән классиктері ескертіп те кеткен. Мәселен, Сара Тастанбекқызы Біржанның ән өнерін:

“Әуенің жез сырнайдың көмейіндей,
Әніңнің қазақ жетпес бұрмасына”, –

деп биік бағалады. Әйгілі Әсет Найманбаев өзінің әншілік үрдісі туралы:

“Бозбала, бұл әнімді үйренерсің,
Қызыл тіл, сөйлей алмай күрмелерсің.
Асау ән жетегінде жүрмеген соң,
Біріңнен-бірің көріп сүйрелерсің”, –

деп ой түйеді. Байқасақ, Әсет өзі салған әндерді өзінен басқалардың дұрыс орындай алуына күмән білдіреді. Сөйтіп, қазақ сал-серілері орындаушылық өнерге үлкен әлеуметтік-эстетикалық мән береді, әншінің мойнына, қоғамдық жүк артады.

Қазір қазақ әні ежелгі синкреттік, ұжымдық белгілерінен ажыраған. Бұл – жалпы әлем халықтарының дәстүрлі әніне тән заңдылық. Қазіргі әнге ие көп: оның әуеніне, өлеңіне, орындауы мен сүйемелдеуіне авторлық хұқ бар. Авторлардың әрқайсысы кәсіби өнер иесі. Сондықтан бір әннің тууына әртүрлі мамандық иелері атсалысады, өнерлерін тоғыстырады. Әніміздің табиғатын аша түсуде күмбезді жайдың да әсері мол. Әнді орындаушы объективті және субъективті жағдаяттардың түгенделіп, әннің биік үдесінен шыға алатын тұста ғана әннің эстетикалық шарты орындалмақ. Сонда ғана кәдуілгі қазақ әні өрелі этикалық-эстетикалық парасатқа, жүрек тебіренер игілікке, ойға шомдырар рухани дәулетке айналмақ.

Алайда осы айтқан жәйттеріміздің барлығы әннің, өнер саласы ретінде атқаратын әлеуметтік қызметінің, тек әдеби және көркемдік көрінісі ғана. Ән құпиясы – мол игілік. Соның негізгілерінің бірі – әннің дүниеге көзқарастық-философиялық мәні. Ән тек өнер түлегі тұрпатында шектеліп тұрмайды. Ол – салихалы ой паналауына көптеген ұрпақтар атсалысқан тарихи қазына, кісілік салауат пен философиялық зерде тоғысқан ұлттық әлеумет рухы.

Барша халықтың поэтикалық мәдениетінің түп-тамыры әріде екені мәлім. Сондықтан болса керек, мұнан алты мың жыл бұрын сына әрпімен жазылған шумерлердің Гильгамеш туралы эпосы, сурет таңбасымен бедерленген Египет папирустары, үнділердің Митраға жалбарынған ведалары, Зарат (Зороастр) мықтарының (магтарының) сарындары түскен Авеста текстері, көне түркі қолбасшыларының Европа мен Азияның төрт бұрышын кезген жорықтарын баяндаған руникалық жазбалар, тіпті мұсылман дінінің шарттары түскен Құранның өзі өлең түрінде жазылған. Айтылатын ойдың поэтикалық формада болуының өзіндік мәні бар. Ырғақ пен екпіні, буын мен өлшемі бар ой еске тұтқанға жеңіл, ұмытылмай, санада көп сақталып отырады. Айтылатын хабар неғұрлым жүйелі түрде тұрып, әлеуметтік маңызды болса, оған қойылатын поэтикалық талғам да соғұрлым өрелі болуы

шартты. Бұл жәйт философиялық ой мен поэзияның о баста егіз болмаса да, еншілес екенінен белең береді.

Философиялық зерде дүние құбылыстарына көз жүгіртеді, оларды ой арқылы өлшейді, сананың көмегімен барлайды. Ойлау дегеніміз – зейіннің дүние құбылыстары арқылы қозғалуы. Адам дүниенің заңдылықтарын ашып, сол заңдылықтарды өз кәдесіне жаратудың жолы мен тәсілін іздейді, оның ретін, тәртібін, жүйесін табады. Ал поэзия болса, дүниені рухани игеруден туған заңдылықтар мен амалдарды сол дүниені жасампаздық жолмен қайта құру үшін қолдануға талпынады. Сондықтан философия мен поэзияның әлеуметтік қызметі ортақ. Бұл ынтымақтастықтың көзі – ой мен тіл тұтастығы. Поэтикалық сана көне. Ең көне шығармалардың өлең түрінде болуының түпкі себебі – осы.

Қазақ халқының да ауыз әдебиетінің көптеген көне салаларының дені өлең түрінде болғаны мәлім. Тіпті оның прозалық үлгілері де ықшам. Қара сөзге негізделген шешендік және би сөздеріне өлең тіркестері араласып, ырғақ пен ұйқас, буындық өлшем мен екпін қатарласып отырады. Халықтық поэзияның тақырыбы кең, халық тұрмысына қоян-қолтық араласып, ерте кездің өзінде-ақ дамудың даңғыл жолына түскен тіл мәдениетінің мүмкіндік-қарымына айғақ болып отырған. Халықтық поэзияның іргелі бір буыны – қазақ әнінің сөздік мазмұны мен қарым-қайырмалары, басқаша айтқанда, қазақтың халық өлеңдері, ән текстері.

Алайда қазақ өлеңі әуенсіз болмаған. Қазақтың “өлең” деген сөзі оның әуелдегі поэтикалық және музыкалық тұтастығын айғақтайды. Бұл сөз екі мағынада: 1. поэтикалық шығарма; 2. ән мағынасында қолданылады.

Ән – көбіне әуеніне орай тиянақты меншік өлеңі бар әдеби-музыкалық шығарма. Өлең мен ән әлі де ертедегі тұтастығынан айрыла қойған жоқ: қазақтың халық әндері кез келген қара өлең шумақтарына қосыла береді, сол секілді халық әндерінің бірінің өлеңі екіншісіне ауысып отырады. Бұл – фольклор туындыларына тән ортақ заңдылық. Қазіргі қазақ сөз қолданысында,

әсіресе ауызекі тілде “өлеңдету”, “өлең айту” мен “әндету”, “ән айту” семантикалық бірлікте тұрады.

“Неге отырсың, ей, қалқа, өлеңдетпей,
Өлеңдетіп қалайық заман өтпей.
Оралыңның барында ойна да күл,
Албыраған ақша беттің қаны кетпей”.

Мұндағы екі рет қолданылған өлеңдету ән шырқау, өмірді ән мен күйге бөлеу мәнінде тұрғаны айқын. “Өлең” тек поэтикалық ойдың дәйегі түрінде бой көрсеткенмен, өзінің ежелгі синкреттік (сөз бен әуен бірлігі) тұлғасынан айрыла қоймаған. Және бұл тұтастықтан әнін (әуенін) бөлек, өлеңін (сөзін) бөлек ажырату шарт та емес.

Біз ән (әуен) ұғымын өлең (сөз) жанрынан бөліп қараймыз. Бірақ бұл бөлініс шартты. Біз қолданатын “ән” – дәстүрлі өлең, ән мен сөз құймасы. Өйткені қазақтың халық әні мен кара өлең нұсқаларының тарихи тағдыры – бір-біріне ұқсас ағайындас үрдістер. Әннің де (әуен мен сөз құймасы), өлеңнің де (поэтикалық формадағы әуенді, екпінді сөз) шығу тегі мен әлеуметтік қызметін ажырату қиын. Бұл құбылыс ән мен өлеңнің: мазмұн мен тұрпат ұқсастығынан шығады. Халық әндерінің көпшілігінің сөз бен әуен ортақтастығы да осыны аңғартады.

Қазақ әнін көп сырлы құбылыс дедік. Осы көптің атаулысына әннің әдеби-эстетикалық және мазмұндық-философиялық белгілерімен сабақтас сән мен мән диалектикасын жатқызуға болады. Бұл екеуі – бір-біріне тәуелді, тұтас, бірақ ғылыми барлау барысында ажыратып қарауға икемді құбылыстар. Демек, әннің әдеби-эстетикалық және мазмұндық-философиялық жақтары, басқаша айтқанда, бітімі мен болмысы біршама дербес екен. Қай құбылыстың болмасын бітім мен болмыс сәйкестігін анықтай түсіп, оның жалпы философиялық қасиеттерін мұғдарлау ән мұрамызды зерттеудің теориялық және методологиялық бағыт-бағдарын айқындаудың сынықтан өткен сара жолы екенін ескеру артық бола қоймас деп ойлаймыз.

Мәселенің осылайша тосыннан қойылуы тегін емес. Қазақ әні ғылым назарынан қалыс қалған жоқ. Халықтың ән қазынасын зерттеу айтулы еңбектердің дүниеге келуіне мұрындық болды. Олар көпшілікке белгілі болғандықтан, жеке-жеке атап, егжей-тегжейлі тоқталып жату артық. Сондықтан қазақ әнінің музыкалық және әдеби тұлғасын зерттеуге арналған А. В. Затаевич¹, А. Жұбанов², Б. Г. Ерзакович³, М. Ахметова⁴, Т. Бекхожина⁵, З. Қоспақов⁶, А. Темірбекова⁷ секілді белгілі мамандардың еңбектеріне баға беру, кемшіліктері мен жақсы жақтарын ажырату біздің осы ізденісіміздің ауқымынан біршама тыс қалады.

Қазақ әнінің музыкалық және әдеби белгілерінен басқа да ақтарылмай жатқан қасиеттері мол. Олар өз зерттеушісін күтуде. Қазақ әнінің жәй көзге беймәлім қасиеттерін тасадан алып шығып, тәрбие кәдесіне жарату – өскелең өмір шарты, сұлулықтың ұсқынсыздықпен майдандасуына ұсынар қаруымыз.

Халық әнінің әуені де, сөзі де өмір өзгерісіне орай толығып, жаңғырығып отырады. Демек, ән – тарихи құбылмалы үрдіс. Алайда ауыз әдебиетінің басқа туындыларына қарағанда, халық әніне бір үздік қасиет тән: ән сөзі қалың ел жадында біршама жақсырақ және толығырақ сақталады. Осы жәйттерді назарға ала отырып, әнді философиялық құбылыс түрінде саралауда ән үлгілерінің ең танымал, ел ішіне кең тараған нұсқаларына жүгіндік. Себебі бұл шартқа арқа сүйегенде ғана ән турасындағы пайымдар мен ой байламдар ән сүйер қауымның өрелі талғамынан шыға алатынын, түсінікті болуын ескердік. Ән қазынасының шынайы иесі – халық. Ол меншік дәулетінің жақсы мен жаманын, асылы мен жасығын, салмағы мен

¹ *Затаевич А. В.* 1000 песен казахского народа, М., 1925; 500 казахских песен и кюев. М., 1931.

² *Жұбанов А.* Замана бұлбұлдары. А., 1975.

³ *Ерзакович Б. Г.* Қазақстанның халық әндері. А., 1967.

⁴ *Ахметова М.* Песня и современность. А., 1968.

⁵ *Бекхожина Т.* Қазақтың 200 әні. А., 1972.

⁶ *Қоспақов З.* Әнші тағдыры. А., 1971.

⁷ *Темірбекова А.* Казахские народные песни. А., 1975.

аумағын жіті білгені жөн. Сондықтан қазақ ән қорын ғылыми зердемен барлау үстінде халық қазынасының қалың нуын аралап, мүмкіндігі жеткенше ғылымға белгілі мұрағаттардың баршасына назар тастап, қулаған мәселемізге ұрымтал үлгілерін әр түрлі басылымдардан алуға мәжбүр болдық. Қазақ халық әні қоры ғылыми дәйектелмеген, оның көп нұсқалары хатқа түспей, әлі де ауыз әдебиеті мүлкінің тағдыр-тауанын басынан кешіруде. Сол себепті ел ішінен ұзақ жылдар бойы ғылыми-этнографиялық сапарларда жинаған қара өлең үлгілерін, ел ішінің тілімен айтқанда, “ауылдың алты ауызын” қоса зерттеуді жөн көрдік.

Қазақтың халық әні мен қара өлеңін этикалық, эстетикалық және философиялық зерде тоғысқан құбылыс ретінде игеру мүлде тың іс дедік. Бұл көпшілік назарына алғаш ұсынылып отырған осы ізденісіміздің нысаналы ерекшелігі болмақ.

БІРІНШІ БӨЛІМ. ӘН

Бірінші тарау. ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Сабақтастық

Тәуелсіздігіміздің көк туының аясында халқымыз өзінің әлеуметтік және мәдени тегін терең тану үстінде. Ғылыми, зерде түбегейлене түскен сайын ауызекі аңыз бен шежіреге арқаланған байырғы тарихи сана орнын байламды тұжырымдар ығыстырып жатыр. Өткен заманалар болмысының асуы мен тосқауылын, белесі мен бөгетін дәл басып ажыратып, кемшілігінен тағылым сүземіз, артықшылығын сараптап, кәдемізге жаратамыз – тарих сабағы тегін қалмайды. “Ескіні алмай, жаңаға жол жоқ” дейді халық даналығы жалғастық дәстүрі хақында. Алайда тарих – дәйім даму үстінде тұратын пән. Сондықтан бұл салада әлі де атқарылатын міндет мол, ашылатын жаңалықтан да үміт үзбейміз.

Қазірде ұлтымыздың тарихи тұлғасы мен бітімін тануымыз күрделене де, тереңдей де түсті. Ғалымдарымыз ғасырлар қатпарының қалтарыстары тұтқан ұлттық мәдениеттің тарихи мұрағаттарын заңды иесіне қайта ұсынып, қуаң тарта бастаған күре тамырына нәр бітіріп, көсегесін көгерту үстінде. Алайда халықтың әлеуметтік-тарихи болмысын саралау оның руха-

ни бітімін танып-білумен астасып жатыр. Бұл салада қазақтану ғылымының (қазақ халқын, тарихы мен мәдениетін, экономикасын және т. б. жергілікті ерекшеліктерін тануға арналған ғылымдар жиынтығы) игі еңбегі көпке танылып та қалды.

Тарихи мұра табылып та жатыр, табылғаны жарық көріп, мәдени қазынамыздың қатарын молайтуда. Баспаға әзірленіп жатқан ауыз әдебиеті нұсқаларының көп томдық жинағы осы мол кеніштің де, атқарылып жатқан қыруар істің де айғағы боларлық. Осы көлемді 2–3 есе артық орайтын музыкалық фольклор тағы бар. Әшекейлі қолданбалы өнер нұсқалары өз алдына бір төбе. Ел жалы мен жер қыртысында қалған археологиялық, этнографиялық және фольклорлық кеніш еш сарқылмақ емес. Бірақ осының өзі көз тұнар қалың нудың көзге ілінген бүршігіндей ғана екені айқын.

Ғалымдарымыздың тынымсыз ізденісі нәтижесінде халқымыздың жазба деректерге жетпеген көне дәуірлерінің болмыс-бітімі айқындала түсті, жана археологиялық және этнографиялық деректер мен материалдарды қорыту Қазақстан тарихының кейбір іргелі тармақтарын қайта қараудың алғышарттарын жасады. Осы негізде дүниежүзілік алдыңғы қатарлы мәдениетпен қатар дамыған көне қазақстандық өркениет ашылып, ол туралы тұжырымдар дәйекті концепцияға айналды. Қазірде көне қоғам пайда болғанға дейінгі тарихи дәуірлерді зерттеуші әлем ғалымдарының бірде-бірі бұл жаңалықты аттап өте алмайды. Мұның өзі халқымыздың мәдени болмысының тарихпен бірге жасасып, біте қайнасқанын, оның идеялық арқауының мыңдаған жылдарға созылған уақыт сынынан сүрінбей өткен тынысын аңғартады.

Ән – мәдени игілік. Ал мәдени игілік өзінен өзі нұр болып жаумайтыны мәлім. Оның әлеуметтік-экономикалық және тарихи алғышарттары бар. Әр құбылыстың шығу тегін аспаннан емес, жерден іздеу, тысқы емес, ішкі себептеріне үңілу – ғылымның өзекті принципі екені аян. Сондықтан мәселеміздің осындай келелі жағдайына тоқталып өту шарт.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихында қоғамдық прогрестің даңғыл жолына тұңғыш рет тәуелсіздік алғаннан

кейін ғана шынайы тұяқ іліктіріп отыр. Алтын Орда толық күйрегеннен кейін, XV–XVI ғасырлар аясында Евразияның апай төсінде көшіп жүрген ел-жұрт “қазақ” деген жаңа атаумен тарих сахнасына шықты да, жаңа феодалдық жұрттың шаңырағын көтерді. XV ғасырдан бастап, бұрынғы тарихи атауы ауысқаннан кейін, Дешті-Қыпшақ тұрғындарына көршілері жаңа саяси-этникалық құбылыс ретінде қарай бастады. Қазақстан тарихтың әр алуан кезеңінде Тұран, Скифия, Систан (Сакистан), Батыс өлке, Батыс Түркі Қағанаты, Дешті-Қыпшақ (немесе Алтын Орда) Ақ Орда, Моғолстан, қырғыз-қайсақ, қырғыз-қазақ, қырғыз ордасы мен даласы деп әр түрлі аталған. Тек кейінгі ғана замандарда халқымыз бен атамекеніміз бірден-бір дұрыс атала бастады. Сонан бастап халық пен оның мекен-тұрағының арасындағы тарихи үйлеспеушілік жойылды.

Қазақтардың халық ретінде қалыптасып тұтасуы оны өзіне дейінгі туған әлеуметтік-тарихи тәжірибені бойына сіңірген халық ретінде қарауға мүмкіндік береді. Сондықтан да халықтың рухани мәдениетінің тарихи тағдырын қағаз жүзіне түскен “қазақ” атауынан бастау жеткіліксіз. Оған дейін, көне Қазақстан даласында, мыңдаған жылдық тарихы бар байырғы малшылар тайпаларының ортасында болашақ қазақ қоғамының, оның материалдық және рухани мәдениетінің іргетасы қалана бастаған. Орта ғасырдағы дені көшпелі тайпалардың жаңа атаумен бас құрауы соған дейінгі тарих толғағының әлеуметтік-саяси шоғырлануы, жаңа сапаға тұяқ іліктіруі, “басқаша емес, тек қана осы сияқты” этникалық тұлға танытуының еңселі белесі еді. Осынау біртұтас даму процесін басқаша бажайлау тарихи таным диалектикасына қайшы келмек. Зерттеушілер, әдетте, қазақстандық және евразиялық көшпелілер әлемінің тарихи байырғы өткенін бажайлау үшін қазақтардың дәстүрлі материалдық және рухани мәдениетіне жиі-жиі жүгініп отырады. Сөйтіп, дерек көздері ұдайы толығып, нақтыланып, салғастырылып барып, археологиялық мәдениетке ден қойылады. Қазақтың ежелгі рухани өресі ғалымдардың еңбектерінде мол қазына тұрғысында көрініс тауып, бір кездері

тарихтың жадынан ұмыт бола жаздаған мұрағаттар мәдени игілігімізге қайта қосылды.

Революцияға дейінгі қазақтардың этнографиялық тұлғасы негізінен орта ғасырлық және байырғы көшпелілер әлемінің мәдениетімен анықталды. Дәстүрлі қазақ қоғамы бұрынғы Қазақстандағы, Орта және Орталық Азия мен Шығыс Европадағы көшпелілерден шаруашылықтың қартын (уклад), өмір салтын, қоғамдық және идеологиялық институттарын мұра ете білген. Дамыған көшпеліліктің пайда болуы темір құралдардың шаруашылықта қолдануымен тұспа-тұс келеді. Алайда көшпелілердің әлеуметтік-экономикалық және рухани қалыптасуындағы алғышарттар қола дәуіріне, әсіресе оның соңғы кезеңіне жетелейді.

Байырғы Қазақстан өркениетінің материалдық және рухани мәдениетінің қалыптасуы мен дамуында қола дәуірінің ықпалы айрықша болды. Қола мәдениетінің тек-тамырына қатысты бір-біріне қарама-қайшы әр түрлі пікірлердің бар екеніне қарамастан, көне Қазақстанның мәдениеті жалпы қола мәдениетінің түзілу процесіне іргетас болғаны ешбір дау туғызбайды. Бұл кезде еңбек және қару-жарақ құралдарының негізгі палеометаллургиялық шикізаты Орталық Қазақстанның байырғы кенішінен өндірілгені нақтылы дәлелін тауып отыр. Ғалымдардың есебі бойынша, ерте заманда-ақ (б. з. д. V–V ғасырлар) қазіргі Жезқазған төңірегінен миллион тоннадан астам кен алынып, одан жасалған мүліктер көне заман қоғамының материалдық байлығына айналған. Сондықтан да бүгінгі қазақстандық ғылым нақтылы айғақтарға сүйеніп, қола мәдениетінің ең алғашқы ошағы Орталық Қазақстанның мысты аймағы деген байламды пікірге табан тіреп отыр. Бұл дәуірді зерттеушілердің нөқта ағасы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі марқұм Ә.Марғұлан Қазақстандағы қола мәдениеті жүздеген жылдар бойы бірте-бірте дамып, ұдайы жетілу процесінде болғанын тұжырымдады. Өзінің тек-тамырын неолит (б. з. д. III–IV мың жылдық) дәуірінен тартқан қола мәдениеті бірнеше тарихи кезеңдерді бастан кеше

отырып, біздің заманымызға дейінгі екінші мың жылдықтың соңы мен бірінші мың жылдықтың басында шырқау биікке көтерілген. Дәл осы кезде көптеген материалдық және идеялық нұсқаулар сапалық жаңа қалыпқа түсіп, еңбек құралдары мен қару-жарақтар (жебе, найза, ақмойнақ-қанжар, орақ, айбалта, қылыш, семсер, сүмбі, жұтқын, шанышқы, айыр, қақпан т. б.) белгілі дәрежеде жетілді. Осынау ісмерлік икемнің негізінде желеп-жебейтін бейне-суреттермен безендірілген қыстырма, бойтұмар сияқты “пайдасыз” заттар да жасала бастады. Неолитте бастау алған наным-сенім әсіресе өлік жөнелтуде, оны арулап қою рәсімінде дами түсті. Бұл кезең қазақ музыкалық фольклорында кейінге дейін сақталып келген жоқтау жанрының шығуына идеялық негіз болды. Амал не, ән – археологиялық қазба мұрағат емес. Сол себепті ол дәуірдің ән үрдісінің қандай болғанын дәл кесіп айту қиын. Дегенмен сол заманның тасқа қашалған суреттерін қазақтың тұрмыс-салт поэзиясы мен табиғат құбылыстарына мінәжат ету сарындарымен салыстыра қарап, болжал жасауға да болады.

Әлеуметтік-экономикалық тәжірибедегі жылт еткен жаңалық атаулы қашанда адам санасынан көрініс тауып отырады. Өмір шындығындағы күш пен құбылыстың жандануы рухани әлемге көшіріліп, өз алдына отау тігеді. Сөйтіп, болмыстың барша сұрағына балаң жауабын көлденең тартатын мифологиялық түсініктер, түрліше сарындар, гимндер мен әфсаналар дүниеге келеді.

Мұны теорияға дейінгі, философияға дейінгі дүниетанымның тұрпайы үлгілері дейміз. Бұл кездегі өнердің өнбойындағы жан-жануарлар белгісі дүние дидарын толтырған рухтың, даналардың, желеп-жебеушілердің, әулие-әмбиелер мен тәңірлердің бейнесін айғақтайды. Қола дәуірдің соңын ала, Бегазы-Дәндібай кезеңінде, байырғы Қазақстан тұрғындарының дүниеге көзқарасынан табиғатты пір тұтушылыққа қоса, енді табиғатты одан әрі саралай, әлеуметтендіру процесі байқала бастайды. Сарын текстерінен адам мәселесі бой көрсетеді.

Металдан жасалған еңбек құралдары мен қару-жарақтың жетілуі рулық қауымның өндіріс күшін айтарлықтай нығайтты.

Құрал-жабдықтар арнайы міндет-мақсатқа икемделіп, сапалы өндірілетін болды. Мәселен, бір ғана садақ жебесінің өзі аң-құс аулау, соғысу сияқты түрлі мақсатқа орай аламан оқ, тіз оқ, кез оқ, тұқыл оқ, кебе бұзар оқ, әндіген оқ, ысқырма оқ, қозы жауырын оқ, аймандай оқ немесе бұлғын, сусар, тиін ата-тын томар оқ, доғал оқ секілді алуан түрде жасалды. Демек, қауымдық өндірістің де мағыналы арнаға түскенін аңғарамыз. Жаңағы садақ жебесінің әр түрлі болуы әр түрлі қажеттілікті айғақтап қана қоймайды, сонымен бірге әрбір жеке адамның өз бойына шақ қабілет-қарымының болатынын да көрсетеді. Ал жеке адамның тұлғалануы аңыздық сарындарда жеке кейіпкер өмірбаянымен астасып кетеді. Сөйтіп, ру мен тайпа бабалары “кейіпкерленіп”, жұртшылық санасында “шындалады” да, бара-бара тұлғалы бейнеге, жинақталған образға айналады. Міне, адам бейнесіндегі сын тас, балбал тас сияқты қасиет-кейіпке айналған мәдениет белгілері осылайша пайда болған. Алғашқы қауымдық қоғамдағы өндіріс, күші мен жеке адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың күрделенуі жана қоғамдық күшке ұйтқы боларлық жеке адамдарды тұлғаландыратын, киелілендіретін түсінік орнықтырған. Яғни жеке тұлға басқа пенделердің тағдыр тұтқасын қолына ұстамаққа көшті. Сарын текстеріндегі адам образы жалқылық сипат ала бастайды.

Демек, байырғы әрекетті немесе ұғымды дүниетанымды орнықтыруға бірден-бір қолайлы жағдай ондаған мың жылға созылған алғашқы қауымдық құрылыс аясында жүзеге асты деп түйіндеуге болады. Әрине, ол кездегі рухани өрістердің бәрі бірдей соқыр сенім шылауында болған жоқ. Байырғы дүние таным аясында шындық пен жалған, ақиқат пен адасушылық шендесіп жатқан. Бұл жағдай даму барысында күрделене түсіп әлеуметтік жетілу үстінде өз тұлғасын саралап отырған. Қазақстанның құлдық қоғамды бастан кешпегені баршаға мәлім. Ұзақ уақыт бойы рулық қауымдық қатынастардың үстемдік құруы және бұл қатынастардың ата-бабаны пір тұту жүйесіне ұласуы ғасырлар бойы желбуаз діни сарындардың бел алуына да себепші болды.

Қола дәуірінің өзінде-ақ бұрынғы КСРО-ның барша байырғы халықтарының тарихи-мәдени дамудағы жаңа кезеңінің іргетасы қалана бастаған. Бұл жаңа кезеңнің аяқталуы біздің заманымызға дейінгі XI–VIII ғасырларда салт атты-көшпелі өркениет заманын дүниеге, желген көшпелі шаруашылық жүйесімен (“жайлау” – “қыстау” – “күзеу” – “көктеу”) тұспа-тұс келеді.

Қазақстан даласы – көшпелі мал шаруашылығының “евразиялық” деп аталатын классикалық үлгісі қалыптасқан кіндік мекен. Евразиялық көшпелі шаруашылықтың қалыптасуына айрықша ықпал еткен жағдай – жылқыны қолға үйретіп, салт мінуге қалыптасу еді. Евразияның апай төсін алып жатқан қазақ даласы – жылқы түлегінің отаны. Саяхатшылардың айтуынша, қазақтар XIX ғасырдың өзінде қазіргі жылқының арғы тегі деп есептелетін тарпаңдарды үйретіп міну дәстүрін ұмыта қоймаған көрінеді. Ал Евразия даласында болмаса, көшпеліліктің басқа региондарында (Африка, Алдыңғы Азия, Тибет, Солтүстік Азия) жылқы түлігі көлік күші ретінде пайдаланыла бермеген.

Бір кездегі жаяу малшы болат тұяқ пырақтың арқасында қаһарлы көшпелі сарбаз болып шыға келді. Ат әбзелі сайланып, темір үзеңгіге аяқ артқан далалықтар енді астындағы пырағының тізгінін ғана емес, тұяқ жетер жердің де тізгінін қолына алды. Әсіресе үзеңгі, ер-тұрман, тағаның дүниеге келуі көшпелі шаруашылық саласындағы жаңа сапаға мұрындық болды. “Халықтардың ұлы босқыны” атанған тарихи кезеңдерге көшпелілердің әрбір қоныс аударуының ұдайы тұспа-тұс келіп отыруы тегін болмаса керек. Бұл ретте жылқы малы айшылық жердің апшысын қуырар көлік күші ретінде ғана емес, сонымен бірге өндіріс күшінің дамуына ықпал ететін еңбектің ұйтқысы болды. Жылқының арқасында бұрын адам аяғы жете бермейтін шалғай шөлдер, қиян белдер, қу медиен далалар игеріле бастады. Әсіресе жыл құсымен жарыса көшіп, жыл маусымына орай шөл мен шөлей өңірлердің сонысын пайдалану тек қана жылқы мен

түйе түлігіне байланысты жүзеге асты. Жұмыр жердің байтақ бір өңірін алып жатқан шөл-шөлейт далаларды көшпенділердің игеруі адамзат прогресіне қосылған елеулі үлес еді.

Байырғы заман оқымыстылары Евразия көшпелілерін үйір-үйір жылқысыз елестете алмаған. Аристей, Гекатей, Гиппократтардың көшпелілерді “типпромологтар” деп атауы “бие сауып, қымыз ішетіндер” деген ұғыммен астасып жатқан. Желаяқ жылқы жануар бара-бара ерге серік әскери күшке айналды. Соғыс жайылымды кеңейту мақсатымен жүйелі жүргізілетін болды. Жеңіс жалауының желбіреуі әлеуметтік тұтастық пен ұйымшылдықтың айғағындай әсер берді. Осылайша соғыс байлықтың кепілі болуға айналды.

Өндіріс күші әлемнің өзге халықтарын бас игізген сайын ұлғая түсті. Көшпелілердің тегеурінді қимылына төтеп бере алмаған талай өркениет күйреп жатты. Далалықтардың дәуірлеген кезеңдерінде негізгі байлық саналатын мал басы жойдасыз өсіп, ал ішкі қажеттіліктер соғыс олжасының есебінен толықтырылып отырды. “Қыпшақтардың малындай көп мал байтақ дүние дидарында жоқ”, – деп жазды XIII ғасырдағы Европа саяхатшысы. Көзбен көрген жанның бұл сөзі көшпелілердің болып-толған кезеңінде айтылған болатын. Бұл кезеңнің өлең үлгісін біз тасқа қашалған көне түркі қолбасшыларына арналған руникалық ескерткіштерден білеміз. Белгілі бір фонетикалық-метрикалық жүйеге келтірілген бұл текстер XV–XVII ғасырлардағы қазақ жырауларының әуенмен айтылатын толғауларына ұқсас. XIII ғасырда Европа саяхатшылары көшпелі халық өкілдерінің қолынан көрген музыкалық аспаптар қазақтың домбырасы мен қобызына дәл келеді. Монғолдардың “Құпия шежіресіндегі” (“Алтын тобчи”) найман жыршысы Құбатегін ән салған аспап та домбыраға өте ұқсас екенін еске ала кеткен жөн.

Алайда көшпеліліктің тарихи тағдырының баянсыздығы өз болмысында маңдайына жазылған. Көшпелі малшы табиғатпен кіндіктес, сондықтан да оның эконмикалық өмірі сол табиғатпен үндес болып келеді. Демек, ол табиғаттың бергенін

бұзып-жармай, қажетіне жаратады да отырады. Алайда мұнан көшпелілер табиғатқа ықпал етпейді, оны түлетпейді деген ұғым тумаса керек. Еңбектің кез келген түрі (егер шынымен еңбек болса) табиғатқа мақсатты ықпал ету болып шығады, өйткені еңбек нәтижесінде қоғамдық пайдалы өнім алынады. Жайылымды дәстүрлі ілкімділікпен пайдалануға негізделген көшпелі мал шаруашылығындағы дүниенің түлеуі мен оған жасалар ықпал, біз байқап жүрген жер шаруашылығындағыдай, әсіресе қол кәсібіндегідей еңбек құралдары мен өндіріс жабдықтары арқылы емес, тікелей табиғатпен бетпе-бет араласу арқылы жүзеге асады. Көшпелілердің еңбек құралы – малы басы, үй жануарлары, олар сол үшін мәңгілік қозғалыста жүреді. Шаруашылық барысында жинақтаған биотехникалық тәжірибелері мен тәсілдері табиғат тылсымының алдында адамдарды дәрменсіз қалпында қалдырады. Жылдап жинаған дәулетті бір жұт жалмап кетіп отырады. “Батыр – бір оқтық, бай – бір жұттық” деген сөз осыдан қалған. Сондықтан да көшпелі шаруашылық әлеуметтік-экономикалық жағынан қарқынды дамуға дәрменсіз еді. Оның мыңдаған жылдар бойы бір қалыпта қалуының сыры да осында. Қазақтардың байырғы мен бертінгі шаруашылық жүйелерінде ұқсастық болатыны сондықтан. Демек, бұл ұқсастық рухани ұқсастықтың да негізін қалайды. Қазақ ән үрдісін ежелгі заманның мәдени игіліктерімен сабақтастыра саралауымыздың себебі де осыдан.

Осы тұрақтылыққа тұғыр болған себептің негізі ретінде көшпелілер мәдениетінің идеологиялық өзегін алуға болады. Көшпелілердің рухани өмірі мен дүниетанымы кездейсоқ ұғымдардың тізгін бермей, жүйесіз сапырылысқан жиынтығы емес, керісінше, ғылым тілінде көшпелілік – орныққан, тарихи-әлеуметтік тамыры қуатты, біртұтас қондырғылық-идеялық процесс ретіндегі мәдени құбылыс. Ежелгі Қазақстан топырағында пайда болған мәдени үрдістердің қазақ халқының рухани бітімінен белгі беруі – халқымыздың ерте дүние әлемінде мәдени және дүниетанымдық тұтастықта болғандығының айғағы.

Қазақтың халық әнінің идеялық астарында халықтың дүниеге кәдуілгі көзқарасы, ғылым тілімен айтқанда, халықтың дүниетанымы жатады. Әңгімеміздің алтын арқауы халық әнінің философиялық мән-мағынасы болғандықтан, қазақтың революцияға дейінгі дүние туралы түсінігіне шолу жасап көрелік.

Жапанда жалғыз ағаш егіледі

Қазақтың дәстүрлі рухани тіршілігі шарифат пен дін қағидаларынан мүлде тәуелсіз болды дей алмаймыз. Дегенмен халықтың “өзіндік жергілікті” дәстүрінің әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі ықпалы исламға қарағанда үстем болды. Бұл – кезінде Шоқан зер салған ақиқат. Қазақ ішінде мұсылмандық салттың затынан гөрі аты алда жүргені бәрімізге аян. Қатардағы қазақ туғаннан көзі жұмылғанға дейінгі аралықта ұлттық дәстүрлі тіршілік, шаруашылық және тұрмыс салтанатында дәурен кешті. Көне дүние қойнауында туып, әлеуметтік тәжірибе барысында екшеліп, сұрыпталып жеткен халықтың стихиялық дүниетанымдық түсініктер алқасы – әлі де ғылыми зерде игере қоймаған, іргетасы тереңде жатқан құбылыс. Әлем халықтарының баршасы бұл жүйенің шырғалаңға толы туу жолдары мен толысу сатыларын не кезінде артқа тастаған да, не әлі де өту үстінде отыр. Сана дамуының “меншік” тарихы жоқ екені мәлім. Оның тарихы қоғамның өндіргіш күштерінің дамуымен орайлас. Дәстүрлі рухани зерденің мазмұны өте күрделі сананың ұтымды айғағы болып табылады. Сондықтан халықтың кәдуілгі санасында діни идеалистік және ырықсыз материалистік талғам-таным, дүниені рухани игеру жолындағы жеңіс пен жеңіліс, қиял мен шындық, жарық жалғанның бопсасы мен болмысы, күйкілігі мен құдіреттілігі мидай араласып жатады. Халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының аясынан терең зерде мен балаңдылықты, философиялық ой мен мифологиялық бейтараптылықты, диалектикалық әмбебап бастау мен метафизикалық өлекселікті агностикалық

сынарезулікпен қатар көруге болады. Адам санасы қашаннан-ақ дүниені диалектикалық жолмен қабылдауға әуес. Энгельс адамдардың диалектиканың ғылыми таным тәсілі екенін білмей тұрып-ақ, диалектикалық жолмен ойлайтын болғанын атап айтады.

Философиялық ақыл-ойға дейінгі білімдердің өзара араласып, қордалануынан туған дәстүрлі зерде халықтың рухани болмыс ерекшелігінің идеялық өзегі болды. Сондықтан халықтың ырықсыз, тұрпайы дүниетанымында діни (әдет-ғұрып пен наным-сенім), діни емес (фольклор, музыка, сәулет) және дінге қарсы (заттар мен құбылыстарға қатысты өмірлік тәжірибе жиынтығы орнықтырған атеистік білім) ұғым-түсінік көрініс тауып отырады. Демек, “дәстүрлі көзқарас” дегеніміз – шартты ұғым.

Халықтың дүниеге дәстүрлі көзқарасының идеялық өзегінен:

1. жеке заттарды киелеу (фетишизация – аттың қылы, үкінің қауырсыны, тұяғы, бөрінің тісі, малдың сүйегі);
2. жандандыру (анимизм – демонология, албасты, кісі киік, Ғайып Ерен қырық шілтен, Баба Түкті Шашты Әзіз, “көл иесі”, “шөл иесі”, “мал иесі” туралы түсініктер);
3. кез келген затты немесе құбылысты тірі санау (гилозоизм);
4. осы құбылыстарды кейіптендіру (лицетворение);
5. оларға адам пішінін телу (антропоморфизация);
6. немесе кісілік, адамдық мінез-құлық дарыту (антропопатизация);
7. дүние мен адам әулетінің шығу тегіне биологиялық сипат тағу (тотемизм);
8. бар дүниені әлеуметтік заңдылықтарға ұқсата қарау немесе әлеуметтендіру (социализация) секілді, ілкі заманаларда халық басынан әр буыны қадау-қадау жеке дәуір болып өткен танымның толысу сатыларының мұраттары белгі беріп отырады. Осы айтылмыш құбылыстар жиынтығы ғылымда танымның мифологиялық немесе әфсаналық кезеңі деп аталады. Мифологияны көне дәуір философиясы деп санасак, халықтың пайымдау жүйесі – осы мифология мен философия арасын жалғастырушы дәнекер. Философия – мифологияның перзенті, демек, халықтық таным аппараты мифологиямен де, философиямен де кіндіктес туыс.

Осы айтқан жәйттер – қазақтың көркем сөзі дамуының тарихи тағдырын танудың да кілті. Мифтік таным дәуірі қаншама созылмалы болғанымен, өткінші дүние екені белгілі. Оны танымның ақыл мен білімге негізделген “жаңа” дәуірі (рационалды ойлау немесе “ақылдылық” дәуірі) жеңіп, өрелі тұғырынан тайдырады. Алайда осымен мифтік сана тіршілік етуін біржолата доғармайды, “жаңа” мен “ескі” ұзына дәуірлер бойы үзеңгі қағыстырып, қатар өмір сүреді. Тіпті әбден дағдарысқа ұшырай бастаған сәтте мифологиялық мұрағаттар ұлттық өнер полотносының айшығына, бояуы мен көркемдік ажарына айналып кетеді.

“Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айрылып Қамажайдан болдым күлкі...”

Үш топтан таңдап алынған Қамажай сұлудың сәукелесінде желбіреген бір тал үкі мифтік кезеңде фетиш, киелі қорушы (оберег) ролін атқарса, реалистік түсінік ықпалында тұрған қазіргі тыңдаушы үшін ол – эстетикалық құрал, “әшекей”, бойжеткеннің пәктігін, арының тазалығын айқындаушы метафора. “Әуілдектегі” мойнына тұмар таққан Көкбесті сәйгүліктің де “әдеби” қызметі осыған саяды.

Мифтік әфсаналық жұқанақтардың қазақ ауыз әдебиетінің ең ұрымтал эстетикалық және мазмұндық айшығы болуы мифтік детальдің көркемдік құралға айналуымен сабақтас. Бұлар Абай мен Абайға дейінгі поэзиямыздың негізгі әдеби-эстетикалық құралы, әр сөзді, әр образды қозғалысқа түсіруші күш, қазақ көркем сөзінің мәртебесін биіктетуші, бірақ қыры мен сыры әлі де беймәлім, зерттеушісін зарыға күтіп жүрген феномен. Мұнан қазақтың ұлттық ойлау жүйесінің танымдық категориялары мен ұғымдары “логикалық ойлаудың қалыптасу қарсаңындағы”, “логикаға дейінгі” (ойлаудың пралогикалық тұрпаты) деңгейде болды деген Леви-Брюль тұжырымы тумайды.

Қазақы сананың тарихы әлем халықтары санасының толысу тағдымен орайлас дедік. Мәселен, XV ғасырдың Қазтуғаны мирас еткен:

“Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті.
Айдаса – қойдың көсемі,
Сөйлесе – қызыл сөздің шешені...
Билер өтті, би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл шайқаған жалғызы...” –

деген шумақта бізге сыры беймәлім тіркестер мол. Әңгіме ескірген сөз – архаизм жайында емес, біз үшін түсініксіз қаулаған қалың ой тіркесі хақында. Бір ғана “бұдырайған екі шекелі” тіркесін талдап көрелік.

Сырт карағанда түсініксіз бұл тіркесті көне ұғымдар жүйесіне салып бажайласаңыз, Қазтуған ойы белгілі болады. “Бұдырайған екі шекелі” – тотем, киелі ата-бабасының ұраны – теке (әлде қошқар). Оған “айдаса – қойдың көсемі” тіркесі қосымша айғақ бола алады. Ежелгі сенім аясында өскен Қазтуған үшін “теке” есімін атауға болмайды. Ол кездің түсінігіне орай заттың, құбылыстың немесе адамның атын біліп қою деген – ол заттың киелі “қуатын” алып, өз дегеніне көндіру деген сөз. Мұндай идеяның сілемі халқымыздың жадында әлі күнге дейін сақталған. Мәселен, қазақтар ата-бабаларының есімін балаларына қоймаған, оларды келіндері, әйелдері балама атпен атаған. Осы идеяны “сылдырама”, “маңырама”, “ұлыма” туралы қазақ аңызы арқау етеді. Қазтуған да өлеңіне осы көне түсінікті, біріншіден, мазмұн (ассоциативті зат, заттың орнында тұрған балама атау), екіншіден, эстетикалық айшық (метафора, метанимия) түрінде қолданған. Діни-мифологиялық сенім шылауынан туған Қазтуған үлгісі өрелі екені даусыз. Тотемистік наным – тек қазақ халқының ғана еншісі емес, әлем халықтарының баршасына ортақ құбылыс.

Қузаған мәселемізді тиянақтай түсу үшін тағы бір мысалға жүгінелік. Қазақтың философиялық қара өлеңінде, өзіміздің кәдуілгі “бойдай-талайымызда” мынадай шумақтар кездеседі:

“Жалғыз ағаш жапанда егіледі,
Жапырағы жел сокса, төгіледі.
Сен есіме түскенде, қимас қалқам,
Сынбаса да қабырғам сөгіледі”.

* * *

“Түзге біткен бәйтерек шынар едім,
Өлеңіммен еліме ұнап едім.
Бізді мұнда дәм айдап кез келтірді,
Бір көруге өзінді құмар едім”.

* * *

“Жалғыз біткен жапанға сен бір шынар,
Жас күніңнен, қалқатай, болдым құмар.
Ақ жүзінді көруге армандамын,
Құмарланған көңілім қашан тынар”.

* * *

“Жалғыз ағаш жапанда ну болады,
Жерге түссе, миуасы қу болады.
Кешегіден көңілім бүгін төмен,
Азанғы ішкен қызыл шай у болады”.

Осы сан айтып жүрген өлеңіміздегі “жапанда жалғыз өсіп тұрған бәйтерек” (ағаш, шынар) образына ой тоқтатып көрдік пе? Келтірілген өлең шумақтарында кездесетін “жалғыз ағаш” жай ұйқас үшін алынған қысыр сөз немесе өлең интонациясы мен мазмұнын белгілеуші, эстетикалық ажарын анықтаушы құрал ғана емес, шығарманың философиялық мәйегін тиянақтаушы керекті “тетік” те. “Жалғыз ағаш” образы өлең архитектоникасын бекітіп, шығарманың басқа бөлшектерін бірлікте ұстаушы құрсау ролін де атқаруда. Осы “тетік” өлең тексіне қайдан, қай заманда кірді екен? Дәстүрлі қазақ ұғымында қолдан екен ағашты кесуге, қабығын сылуға, бұтағын сындырып, отқа жағуға тыйым (табу – “жаман болады!”) салынады. Қазақы тәрбие-тағылымның саясында өскен адам үшін ағашқа қиянат жасау – мәдениетсіздіктің, көргенсіздіктің белгісі. Ағаш – қазақ, түсінігінде жанды нәрсе (гилозоизм салдары). Алайда расы да солай. Ғылым өсімдіктер класын тірі организм-

дер тобына жатқызады. Ел адамдарының далада өскен жалғыз бәйтеректі кие тұтып, бұтағына ақтық байлап, қастерлеуі осындай анимистік көзқарастан туған. Қазақ мифтерінде, ертегілері мен әфсаналарында бәйтерек дербес персонаж ретінде бой көрсетеді, оның миуалы бұтағында кейіпкерлердің жаны сақталады (“Ер Төстік”), қуысы жағымды қаһармандарды қуғыншыдан құтқарар таса болады, көлеңкесі түрлі оқиғалар өтетін “сахна” (“Алтын сақа”) қызметін атқарады (ғылымда мұны “кейіптендіру” дейді). Мәселен, қатыгез ата қаһарынан бас сауғалаған Қозы мен Баян “жапанда” өскен “жалғыз ағашты” паналайды. Бұған көз жеткізу үшін “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырындағы мына бір шумаққа назар аударалық.

“Япыр-ай, Баян өлмей жүре ме екен?
Мен жоқта о да ойнап, күле ме екен?
Бар екен сол ағашта жалғыз бұлақ,
Екеуі сол ағашты қылды мекен”.

Сол ағаш түбінде Қозы Көрпеш жау қолынан қаза да болады. Бұл тегін бе? Әсілі, тегін емес. Әдетте, әдеби шығарма тұлғалану үстінде керексіз құбылыстарды бойынан аластап отырады. Бұл заңдылық ауыз әдебиеті нұсқаларында тіптен қатты сақталады. Ал осы бәйтерек пен “жалғыз ағаш” мотивінің біз қозғап отырған мәселеге қаншама қатысы бар? “Жалғыз ағаш” өлең тексінен неге кезінде түсіп қалмаған?

Жоғарыда келтірілген өлең шумақтарының келесі жолдарында айтылатын ойдан біз шартты автордың осы ағашты пір тұтатын емеурінін сеземіз. Байқап, бажайласаңыз, жалғыз ағашты автор “ну болады” деп әсірелеп жатыр. Оның жапанда жалғыз өсуінде де бір кереметтік бар секілді. Бұл арада ағаш туралы текке айтылып тұрған жоқ.

“Кешегіден көңілім бүгін төмен,
Азанғы ішкен қызыл шай у болады”, –

деп, өлеңнің шартты авторы немесе лирикалық кейіпкер ағашқа табынбаса да, оны қара тұтып, “кісі” санайды, шағымын ай-

тады, әңгімеге шақырады да, айтар ойын осы ағаш тұлғасы арқылы өрбітеді:

“Сен есіме түскенде, қимас қалқам,
Сынбаса да қабырғам сөгіледі”.

Жапанда, түзде өскен жалғыз ағаш – мифтік қара, шаманистік “әлемдік бәйтерек” (“мировое дерево”). Оның төгілген жапырақтары, тұтасқан дiңгегі мен салалы тамырлары тәңірі тұрақтайтын ғарыш (космос), адам мекендейтін жер мен өлілер “қайтатын” (қазақша кісі өлімі – “қайту”, “қайтыс болу”, басқаша айтқанда, “оралу” дедік) жер асты әлемін бейнелейді. Шоқан Уәлиханов дүниенің дәстүрлі қазақ ұғымындағы келбеті туралы былай деп жазады: “Ең жоғарғы қабатта тұратындар белбеуін басына тартады-мыс, ал біз, адамдар, орта дүниеде тұратындар, белбеуімізді белімізден буынсақ, жер астын мекендеушілер аяғынан буынады екен”¹. “Жалғыз ағаш” образы әлемдік мифологияда универсалды, көп халықтарға ортақ. Мәселен, ерте, ықылым заманаларда гректердің ата-бабалары Зевс құдайы деп емен ағашына тәуеп еткен екен. Әлем келбетінің мифтік бәйтерекпен ұқсастығы бар: жапырақтары – аспан, дiңгегі – жер, тамыры – жер асты әлемі, осы үш әлем бәйтерек арқылы өз ара байланысып жатады. Әлбетте, келе-келе қазақ өлеңінде көне түсінік таза қалпында сақталмай, бөлшектенуге түскен. Мұсылмандық салт-сана терең бой алып, шаманистік түйсік тәркіге түскен өңірлерде “жалғыз ағаш” образы жағымсыз сипатта қолданылады:

“Жапанда жалғыз ағаш миуасы жоқ,
Басында қара торғай ұясы жоқ”, –

деп айтылады Қазақстанның оңтүстігінен жиналған бір өлең тексінде. Бұл жәйт Базар жырау мұрасынан да нық байқалады:

“Жапанда жалғыз өскен бәйтеректің
Көркі жоқ судыраған бүрінен соң”.

¹ Уәлиханов Ш. Собрания сочинений. 4 т. А., 1985, 58-б.

Алайда бұл нұсқада дәстүрлі бәйтерек туралы түсінік жұқанағы таза сақталған.

Сонымен, қазақ өлеңінде “жапанда жалғыз ағаш” айшығы өлең архитектурасында белгілі бір көне ұғымдар жүйесінің дәйегі (формасы) қызметін атқарып, танымдық категория түрінде көрінгенмен, қазіргі кезде тек эстетикалық айшық ретінде ғана танылады. Сөйтіп, мифтік таным бара-бара өзінің көзқарастық бағытын шектеп, қызметін әдеби-эстетикалық кеңістікке аударады. Осы негізде мифологиялық категориялар теңеу, эпитет, метафора, метанимия және т. б. көркемдік құралдарға айналады да, олар бірте-бірте әдеби мұрамыздың бойына түбегейлі сіңіп кетеді. Олардың контексте жүру себебін мамандар да аңғармай қалуы ықтимал. Әдетте, бұл құбылысты қазақ өлеңінің алғашқы екі жолында, фольклорымыздың жалғыз ауыз сөзінде есті құлақ үшін қаншама тарих, қаншама мағына жатыр. Мұны білмеген жанға өткендегі рухани кенішіміз, әдеби-мәдени мұрамыз босағасынан да сығалатпайды. Міне, осы себепті халық туындысын идеялық-эстетикалық жұмбақ деп қараған жөн.

Дүниеге дәстүрлі қазақы қатынас ұжымды, өте күрделі ол тарихтың әр кезеңінде туған әр текті идеялар мен ұғымдар жиынтығынан түзіліп, әр дәуірдің таным сатыларының тоғысуы нәтижесінде пайда болған сарқыншақтардан синтез құрайды да, халықтың рухани мәдени мұрағаттарының қай саласынан болса да (ән, музыка, би, өнер, салт-сана және т. б.) көрініс таба береді. Мұны білудің рухани қазынамызды игеруде де, қазіргі мәдени және әдеби процесте де методологиялық және теориялық маңызы зор. Мұрамыздың бұл ерекшелігін меңгермей жатып, көркем туындыны шынайы ұлттық қалыпта сомдау, оған ұлттық “мінез” дарыту немесе сомдалып шыққан күннің өзінде оның айшықтарын жіті түсіну, толық “оқу” мүмкін емес те, әрі ондай туынды тыңдаушысына да, көрерменіне де өгей, жат болып қала бермек.

Қайың басын қайыра соқ

Халқымыздың дүниеге дәстүрлі көзқарасында діни қағида жоққа тән екен, ал оның есесіне ұзақ заманалар бойында көшпелі өмір салтымен қойындасқан, онымен үйлесім тапқан салт-сананың, ырым-жораның, әдет-ғұрыптың, талғам-түйсіктің, наным-танымның айқын сипатты белгілері сараланған. Дәстүрлі зерденің тек-тамыры табиғаттылықтан бастау алып, заттар мен өмір құбылыстарының тіршілік талабы мен үйлесе сұрыпталуынан туындап жатады.

Дүниеге дәстүрлі көзқарасты мүлт кетіrmес канонды кітаптар болмаған. Халықтық ілімнің өмірдегі көрінісі де мейлінше қарапайым, әлем-жәлем ғибадатханасы да оған өмірін сарп етіп, арнаған қызметшісі де жоқ. Сөйте тұра, қазақтың дүние туралы дәстүрлі пайымдары белгілі дәрежеде адамның дүниеге көзқарастық позициясын айғақтайды. Дәстүрлі сенім, әдетте, дәстүр, ғұрып, ырым, жора, салт-сана, тыйым, табыну, тасаттық беру, садақа жасау, құрбандық шалу тұрғысында көрініс тауып, моральдық-этикалық ниет-мақсатпен астасып жатады. Әдет-ғұрыптың негізгі бір ерекшелігі – оның өмірдің мың сан құбылыстарына телуде әмбебап бола бермейтіндігі. Мәселен, бір ғана құрбандыққа ден қойып көрейікші, мұның өзі “ақсарбас”, “тасаттық”, “құдайы”, “қалжа”, “көшіру”, “ас беру”, “ақжолтай” түрінде алуан тарам құрайтынын көреміз. Мұның бәрінің басын құрайтын бір ғана идея бар: ол – дүниетанымдық арқауының ортақтығы. Яғни әдет-ғұрыптың нақтылы әрекетке түсуі арқылы белгілі бір құбылысты құдіреттің күшімен қалауына көндіруге, дуалауға (магия) болады деген ұғымның бел алатынын көреміз. Нақтылы әдет-ғұрып, белгілі бір сенімнің көрінісі ретінде, басқа да жөн-жорамен үйлесім тауып жатады.

Шамандық рәсім бойынша, дүниенің дидары көзге көрінбейтін рухқа, тәңірі ие мен пірлерге толы. Әр заттың көзге көрінер белгілерінен бөлек сиқырлы әрекет етер ішкі мәні бар-мыс. Сондықтан зат – сол заттың “өзегінде” тұрған, бірақ ақыл-ойымыз жетпейтін, оған тәуелсіз басқа бір заттың

көлеңкесі, белгісі, нышаны. Білім – сана-сезімнен тыс тұрған осы құбылысты жору. Ал ырым болса, ол – табиғатты “алдау” құралы. Көктемде алғаш күн күркіреп, жасыл ойнаған кезде “сүт көп, көмір аз” деп, үй іргесін ожаумен қағып, сүт себетін ырымның түп негізінде де осы түсінік жатыр. Мақсат – табиғатқа аз беріп, көп алу, басқа сөзбен айтқанда, адам текті аспан тәңірі мен жер иесін сүтпен “алдап” (“иітіп”), көп өнім тілеу болып табылады.

Байырғы заман адамдары тіршіліктің біршама сыр-сипатын танып білгенмен де, көбіне беймәлім құбылыстардың тылсым жұмбағының құрсауында болды. Дүниенің сан алуан қасиеті мен заңдылықтарын дәл білмегендіктен, жаңсақ жорулар аяқ алып жүргісіз еді.

Сонымен, дәстүрлі түсінікте адамды қоршаған дүние мен табиғат жаны бар, саналы құбылыс деп пайымдалды. Әсілі, бұл құбылыстардың ол кезде басқаша өре танытуы мүмкін де емес еді. Себебі – табиғат шіркін қашан да көз алдында құбылып, қозғалып, өсіп-өніп, өліп-таусылып, бейне бір тіршілік құрып тұрғандай ғой.

Демек, табиғатты пір тұту танымның балаң көрінісі еді. “Тарихтың бастау тегінде, – дейді Ф.Энгельс “Анти-Дюрингте”, – бейімдеудің объектісі болған табиғи күштер әр түрлі халықтарда түрліше кейіптенуге түседі”.

Жай түсіріп, күн күркіретіп, найзағай ойнатпақ оймен “желеп-жебеушілерін” шақыратын қазақ жәдігері табиғат құбылыстарымен тіпті адамша тілдеседі.

“Кел, кел, бұлт, кел, бұлт,
Екі енеге тел бұлт.
Ағысы қатты сулардан
Ширай соғып кел, бұлт.
Шөбі басқан жерлерден
Жүгіре соғып, кел, бұлт.
Қайың басын қайыра соқ,
Арша басын айыра соқ,
Тобылғы басын толғай соқ,
Атан түйе жыға соқ”, –

дейді күн жайлаушының байырғы сарыны. Бұл жерде адам бұлтты шақыра отырып, оған жалынады, жалбарынады, өзіне сыры мәлім қасиеттерін тіленеді. Өйткені оның түсінігінде табиғат адам тектес те, адам табиғат тектес. Адам мен табиғат тұтас. Макрокосмос (табиғат) пен микрокосмос (адам) – терезесі тең қос жүйе. Мұндай натурфилософиялық негіз адамды табиғаттың, ғарыштың бөлшегі ретінде қарауға мүмкіндік туғызады.

Дегенмен бұл жүйеде табиғатқа қарағанда, адам белсенді. Сондықтан да ол табиғатты өз ыркына көндіріп отырады. Табиғат көнбіс. Осындай таным жүйесіне табан тіреген қазақ табиғатқа әрқашан өктем шырай танытады, оны көптеген ырымдары мен жөн-жоралғысы арқылы “алдап”, құрбандық шалып, “көндіріп” отырады. “Ырымшыл қазақ” деген этнографизм халқымыздың табиғатпен осындай күрделі идеялық қатынасын бейнелейді. Танымның антропоморфизациялық (адамдандыру) және антропоцентристік (адамды дүниенің кілті, кіндігі деп есептеу) сатыларына орныққан қазақы салт табиғатқа осылайша қожалық жасайды.

Күн жайлату сарынында табиғатқа адамдық қасиеттер телу ізі анық байқалады: бұлтқа адамның есту, жүгіру, қос ананы тел ему қасиеттерін дарытып, оны адам тектес қимыл-қарекет үстінде таниды. Сонымен қатар сарын жолдарынан антропоморфизациялық жаңсақ танымның, яғни дүние дидамын адамдандырудың белгілі дәрежеде байырқалану деңгейін қоса аңғарамыз.

Дәстүрлі қазақ ұғымында адам ғарыштың кіндігі (антропоцентризм) болып саналады. Сондықтан қазақ тек адамға ғана бағыштап арнайы “кім?” деген сұрақ қояды. Дүниенің адамнан басқа бөлігінің әммесі – “не?”.

Адамның басқа дүниеден артықшылығы – тілі. Алайда дүниедегі бар мақұлықтың өз “тілі” бар-мыс. Қазақ мифіндегі өгіз де, көкек те, құмырсқа екеш құмырсқа да (“Ер Төстік”) қазақша сөйлеп кететінін әфсаналық сана салдары десек, реализмге бой ұрып, “ақыл тоқтата” бастаған эпостарымыздың

өзінде Тайбурыл мен Қарқасқа ат қаһармандарына ақылгөй кеңесші болып жүреді.

Адам сөзі киелі, тілі қасиетті.
“Көштің сәні келмейді, түйесі жоқ,
Сөздің сәні келмейді, киесі жоқ.
Базар, Назар екеуі өлгеннен соң,
Домбырамның қалынты иесі жоқ”.
(“Базар-Назар”)

XX ғасырдың Кенені сана дамуының жаңа дәуірінде сөздің киелілік қасиетінен айырылғанына өкініш сыңай танытады. Сөз – зат, оның көлемі, салмағы бар-мыс (“Тіл тас кесер”). Дүниедегі ең үлкен зұлмат – қарғысқа ұшырау. Сөз киелі деп тапқан қазақ бақсысы мен жәдігері дүние құбылыстарының баршасымен бұйыра, зеки, қорқыта сөйлеседі.

Кеңістіктің үш бөлігі турасында, “жалғыз ағаш” мотивіне байланысты Шоқан материалынан жоғарыда үзінді келтіріп өттік. Алайда ол жерде бұл түсініктің негізгі идеялық арнасы ашылмай қалды. Сондықтан түсінікті болуы үшін ойды одан әрі өрбітелік. Әлемдік кеңістіктің үш қабаты бір-біріне тәуелді: жоғарғы қабат, яки “алты қат аспан” – тәңірінің тұрағы, рух пен иенің мекені; орта бөлік – саналы тіршілік дүниесі; төменгі қабат, яғни “жеті қат жер асты” – өлілердің барар орны. Өлім – бір халден (күйден) екінші халге (күйге) түсудің, бір жағдайдан екінші жағдайға өтудің себепшісі ғана-мыс. Адам өлген соң, жер астындағы екінші ғұмырын бастамақ, о дүниеге, сапар шекпек, “қайтпақ”, “қайтып оралмақ”. Яғни жер бетіндегі өтініші тіршілігін қайтадан мәңгілікке айырбастамақ, Қазақ түсінігіндегі жер асты патшалығын “Күн астындағы Күнікей қыз”, “Ер Төстік” секілді мифологиялық әфсаналар тоғысқан қазақ ертегілері айқын бедерлейді. Мұндағы Желаяқ, Көлтаусар, Саққұлақ, Таусоғар тәрізді алыптар ертедегі Грекия мифологиясының титандары мен қаһармандарына (Ахилл, Геракл, Прометей, Аполлон) ұқсас. Тіпті қазақ мифіндегі жер асты әлемінің грек Тартарынан ешбір айырмасы жоқ. Аид патшалығының кіреберіс қақпасын Кербер деген ит күзетсе,

Кеше ханның (Темір ханның) да иелігін Көктөбет қорып, келе жатқан жанның иісін қырық тәуліктік жерден сезеді (“Күн астындағы Күнікей қыз”). Бұл түсінік – эсхатологиялық (ақырзамандық) концепциядан ада, өте көне идея сілемі. Сондықтан қазақтың марқұмды бақилық сапарға аттандыру жөн-жоралғысының мейлінше күрделілігімен қатар сана-сезімге әсер етер айрықша тауқыметі де мол. Қазақы түсінікте мәйіт алыс “сапарға” аттандырылады, шығарып салынады дедік. Бұл дәстүрдің жергілікті түп-тамырын Қазақстанның археологиялық мұрағаттары айғақтайды. Қазақстанды ертеде мекендеген халықтардың әшекей-бұйым, тұрмыс заттары мен қару-жарақты өлікпен бірге көму салтының мәнісі “бақилық сапар” ұғымымен байланысты болса керек. Адам өлген соң, оның жаны әруаққа айналады-мыс. Ал аруаққа да адам секілді қару-жарақ пен тұрмыс заттары қажет болады-мыс. Өлікпен қоса мүлік-жиһаз жерлеудің мәні осында жатыр. Мұндай түсінік талай ғасырды көктей өтіп, қазақ тұрмысынан да молдап орын алғанын тарихи деректер куәлайды. Сүйікті қызы Айтолқын өлгенде, қазақ ханы Абылай марқұммен бірге хан ордасының алтын мен күмістен жасалған бұйымдарын қоса көмдіреді (П. Кастанье).

Дегенмен қазақтың өлікті жерлеу дәстүрі ислам дін өкілінің бақылауынан асып кете алмады. Сондықтан болса керек, кезінде о дүниеге бірге баратын мүлік бейнесі бейіттердің қабырғаларына көше бастады. Маңғыстау мен Қуандария, Жаңадария және Сырдария сағаларындағы қазақ күмбездерінің ішкі қабырғалары мен қасбетіне ойылып салынған қару-жарақ пен тұрмыс заттарының суреттері о дүниедегі тіршілік туралы көне идеяның жұқанағы ғана.

Дәстүрлі қазақ ұғымында дүние: 1. Затты дүние (әлем, ғарыш, табиғат); 2. Әлеумет (адам, ру, қоғам, халық); 3. Рух (тәңірі, ие, әруақ) болып үш жікке бөлінсе, уақыт та өзара тәуелсіз үш бөліктен тұрады. Өткен, бүгін және болашақ рет-ретімен ауысып отыратын мезгілдің дара бөлшектері болып саналады. Уақыт туралы қазақи түсінік өшкен жанбайды, өткен

қайтып келмейді деген ұғымға саяды. Сондықтан Зілқара әйгілі “Жиырма бесінде”:

“Оралыңның барында күл де ойна!
Жастық шақ қайта айналып келмес саған”, –

деп насихат айтады.

Қазақта уақыт “бие сауым”, “ет асым”, “құрт қайнатым” деген сияқты оқиғаның табиғи ағымымен өлшенеді. Ал мәңгілік – сан емес, сапа. Ол сандық бөлшектерге түспейді, сондықтан өлшемі жоқ. Уақытқа мүшел де өлшем бола алмайды. Мүшел адам ғұмырын ғана реттей алады.

Үш бөліктен тұратын кеңістік пен уақыт – дүние үндестігінің (гармония) іргетасы. Үндестіктің дәлелі – табиғи-әлеуметтік экологияның тепе-теңдігі. “Тең теңімен, тезек қабымен”. Оны бұзуға, дидарына кетік түсіруге болмайды. Табиғат парасатын өзгертуге бет алған әрекетке тыйым салынады. Бұзылса – “жаман болады!” Қазақтың осы түсінігі оның мәдени және адамгершілік бітімінің табиғат аясында қалыптасқандығының айқын дәлелі бола алады. Қазақтың халықтық этикалық салауаттары мен дәстүрлі педагогикалық бабтарының мындаған жылдар аясында мимезис теориясына (табиғатқа еліктеу) сәйкес қалыпқа түскені байқалады. Дегенмен бұл жәйттің тегі әріде жатыр. XIII ғасырдағы Қазақстанды мекен еткен ел-жұрттың өмірін өз көзімен көрген Европа саяхатшысы Плато Карпини мынадай деректер келтіреді: “Оларда (орта ғасырлық Қазақстан тайпалары. – С. А.) әділеттік пен ізгілік туралы заң болмағанмен, жақсы мен жаманды, ізгілік пен дөрекілікті жақсы ажыратады. Отқа пышақ тигізу, етті қазаннан пышақтың ұшымен алу, оттың маңында балтамен ағаш шабу күнә болып саналады. Өйткені олардың түсінігінше отқа қару тисе, оттың басына жарақат түсуі мүмкін деп жорамалдайды. Осындай ұғымнан мал айдайтын таяққа, қамшыға сүйенуге тыйым салынады. Қамшы сабын садақтың жебесіне тигізу де үлкен күнә болып саналады. Құсты және оның балапандарын өлтіруге, атты ауыздығымен соғуға, сүйекті сүйекпен шағуға, сүтті әлде басқа тағамды жерге төгуге, үйде дәрет сындыруға тыйым салынады.

Ал егер кімде-кім осы шартты орындамаса, ондай адамды не өлім жазасына кеседі, не ол адам бақсыға өз күнәсін аластау үшін көп ақы төлеп барып құтылуы тиіс”¹.

Табиғи құбылыстармен ынтымақтас қатынаста туындаған осындай текті принциптер мен жөн-жоралғылар қазақ арасында да көптеп кездесіп отырады. Мәселен, қазақ ұғымында да ошақ маңында балта сілтеуге болмайды, өйткені ол оттың “денесіне” жарақат түсіреді-мыс, отқа түкіруге болмайды – оттың “иесін” өкпелетеді... “Қолдан егілген ағашты кеспе, бұтағын сындырма, нанды пышақпен турама, көкті таптама, гүлді жұлма, суды ластама, жерді шұқыма, қазба, “бүйірін” теспе” деген тыйымдар қазақтың этикалық салауатының көріністері екені күмәнсіз. “Жер, жер! Сен неден күшті болдың?” “Мен күшті болсам, бүйірімді жауынға тегірет ме едім”, – деген көне мифологиялық фабуланы бізге жеткен қазақ ертегісі арқау етеді. (“Кім күшті?”) Жердің “бүйірін тесу” – жер асты әлемі – өлілер әлемі мен тірілер әлемінің шебін бұзу деген сөз. Осындай көне идеяларды есіне бекем тұтқан халық жерді қазуға тыйым салған. Сондықтан болса керек, Қазақстанды мекендеген көптеген тарихи халықтар өлікті жердің бетіне тас, ағаш сандықшалар мен сағаналарға қойып, үстін топырақпен жауып, зәулім аспан тектес қорғандар тұрғызған немесе өлікті өртеп жіберген, не сүйектің өзін қыш сауыттарға (ассуарий, астодан) салып, оларды сақтайтын ғимараттар мен ғибадатханалар соққан (Амудария мен Сырдарияның сағасындағы Аязқала, Қойқырылған қала, Жанбасқала, Шылпық, Қырыққыз кесенелері) Қазақстанның көне архитектуралық ескерткіштерінің бірде-бірінде фундамент жоқ. Осының барлығының астарында жаратылыстың табиғи тепе-теңдігіне қол сұғуға, жердің “бүйірін” тесуге, қазып, фундамент салуға болмайды деген діни сенімге ешқандай қатыс жоқ реалистік ұғым жатыр. Алайда бұл шарт соқыр сезім негізінде іске асып отырды десек, сол соқыр сезім осы заттардың барлығы “тірі”, “иесі” бар деген идеяны себеп етті. Қалай болғанда да, қазақтың осы қара принципі жер бедері мен мал өрісін, орман-

¹ *Карпини Пл.* Путешествие в восточные страны. М., 1964.

су мен шабындық-шалғындарын эрозия мен адамның жағымсыз іс-әрекетінен ұзына ғасырлар бойы өзінше қорғап отырғанын атамай өтуге болмайды.

Әдетте, қазақ киіз үйінің есігі күншығысқа бағытталады. Қазақтың “есік алды” деген сөзі – этнографизм. Мәні – күншығыс жақ. Шығып келе жатқан Күнге қарап, қазақ дүниенің төрт жағын (батыс, оңтүстік, солтүстік, шығыс) анықтайды. Қазақ дастарқанында үй адамдарының дәстүрлі орналасуы да бір кездегі Күнге мінәжәт етумен байланысты. Шыққан Күнге қарсы жағы қария, қонақ тәрізді ең сыйлы адамға арналады. Шығып келе жатқан Күнге тәуеп етіп, тағам шашу рәсімін XVI ғасырдың тарихшысы, Шойбан ханның қазақтарға қарсы жариялаған “ғазауаттарына” қатысқан Рузбихан жазады. Қонақтың, не үлкен адамның сол жағына от иесі мен жұбайы отырады, ыдыс-аяқ қойылады. Киіз үйдің оң жағы да киелі болып саналады. “Оң жаққа отырғызу”, “оң жаққа жатқызу” деген ұғым содан қалған. Қазақта дастарқан (дәм-тұз) да киелі, сондықтан дастарқан үстінде ас арқылы серттеседі, тамырласады (“нан ұстау”, “тұз ұстау”), ымыраға келіседі, құдаласады (“құйрық-бауыр жесу”, “бас, төс, жамбас жесу”). Қазақтардың түсінігі бойынша, малдың әр мүшесінің киелі қасиеті болады-мыс. Сондықтан кереге басына ілінген кәрі жілік малды түн баласы ит-құс пен ұры-қарыдан қориды-мыс (Ш Уәлиханов). Осы салт-сананың барлығы жоғарыда айтылған анимистік және адамдандыру түсінігінің салдары болып табылады.

Әлеуметтік өмір салтанаты табиғи үндестіктің жалғасы ретінде танылады. Сондықтан адам арасының татулығы, үлкенді сыйлау, кішіге – аға, ағаға – іні, ата, әке, бала, немере, нағашы, жиен, балдыз, күйеу, құда, жекжат бола білу және осы іспеттес туыстық жүйеден түлеп, адамаралық категориялар міндет артатын философиялық-этикалық борыш және парыз салауаттары мұқият сақталуы әлеуметтік гармония шарты болып есептеледі. Қазақтың туыстық жүйесі – тек жақындықтың белгісі емес, адамаралық қатынастарды реттеуші, бақылаушы, тежеуші, тыйым салушы немесе барша тыйымдылық салт-сананы ысы-

рып тастап, рұқсат беруші моральдық жүйе сипатында тұрады. Моральдық дисгармонияның адамаралық қатынастардан белгі беруі көргенсіздік, тексіздік, затсыздық ұғымдары арқылы бейнеленеді. Бұл ұғымдар жеке адамға да, қауымға да этикалық салық артады: жеке адам үшін әлеумет рухани “тергеуге” түседі. Адамды қастерлеу, сыйлау – адамгершілік борыш, міндет, парыз, шынайы азамат ісі. “Сіз” есімдігі – емлелік тұлға емес, этикалық категория. Қазақтың “сізі” – “сеннің” көптік түрі емес, дара, жеке адамды қастерлеуге арналған күрделі түсініктің басты категориясы.

Тарихи дамудың түрлі кезеңдеріне орай таным аппараты қалыптасқан қазақ бұрын дүние-тіршіліктің тағдыр тұтқасы жоғарғы рухтың (мәселен, Күн тәңірі, Ай тәңірі, Көк тәңірі) қолында деп сенсе, кейін алланы ауызға ала отырып та сол тәңірімен астасқан сенімнен жаңылған жоқ. Тіптен, көп жағдайда тәңірге табыну мен ислам идеясының ортасында айырмашылық бар деп ойламаған. Мәселен, өлкемізде мұсылман ілімін таратушылардың пірі – Қара Қожа Ахмет Йассауи өз хикметтерінде алланы жергілікті тәңірі атауымен алмастыруға дейін барады. Рас, қос текті сенім бірден бұлай ауыз жаласып кетті деп айта алмаймыз. Үстіміздегі ғасырдың басына дейін қожа-молдалардың бақсы-балгерді шеттетуі, бақсының басты құралы – қобыздың соңынан өсек-аяң ілестіруі (“қобыздың тілеуі жаман”, “мені ұстаған адамның менен басқа құшақтап зарлайтын ешкімі болмасын”, “қараша үйден құлағым шығып тұрса екен” т. б.) – осынау екі сенім арасындағы ала-көздіктің көрінісі. Солай десек те, қазақтың соңғы ғасырлардағы наным-сенімінде тәңірі-алла-құдай-әруақ тұтастық ұғым құрап, бір ғана құдірет иесі ретінде санаға орныққан. Мұның айқын айғағын XV–XIX ғасырларда жырланған қисса-дастандарымызда тәңірі-алла құдай-әруақ атауларының бір тұлғада қосамжарлана аталуынан аңғаруға болады. Бұл ұғымдар қазақтың халық әнінде де шалыс қолданыла беріледі.

Бір шындықтың басы ашық: тарихи қалыптасып, дәстүрлі әрекетке түскен жөн-жора, әдет-ғұрыптың дуалаушылық (ма-

гия) астары болғандықтан да, өзекті арнасы дінмен астасып жатады. Әдет-ғұрыптың сан-сала молдығына қарамастан, соның бәрі де қазақ арасында ішкі үйлесім-мәнмен сараланған. Өйткені барша дүниетанымдық аядағы әлемдік құдірет күштің темірқазығы тәңірінің өзі болса, ол да табиғи тіршіліктің тұлғалануы арқылы орныңып, кейін даламыздың исламдануына орай мұсылмандық алла идеясымен астасып кетті. Тәңірі – ұтымды ұғым. Бірде натур-философиялық субстенция ретінде дүние-тіршіліктің әрі өзі, әрі сөзі, әрі көзі сияқты болса (“Бір тәңірі”), енді бірде теистік (құдайшыл) субстанция ретінде бақ пен сордың иесі (“Тәңірі жарылқасын!”, “Тәңірберген”, “Көк соққыр!”) сияқты болып көрінеді. Әдетте, қазақ “Бір алла” ұғымы мен “Бір тәңірі” ұғымын төл сөз (синоним) ретінде қатар қолдана береді. Өмір-тіршілік, дүние дидары тәңірінің еркіндегі құбылыс-мыс. Бұл, әрине, қисынсыз сандырақ мистика. Алайда осынау сандырақ революцияға дейінгі Қазақстан халықтық дүниетанымның арналы өзегі болғаны әсіресе орта ғасырдағы ессіздік етек алған дәуірде халықтың моральдық жұбанышы болғаны да шындық (К. Маркс).

Байырғы ғарыштық құдайшылықта тәңірінің құдіреті дарымаған зат та, құбылыс та жоқ деп уағыздалды Ай, Күн, жұлдыз, тау, тас, өзен, су – бәрі-бәріне тәңірінің киесі, рухы дарыған. Бәрінің иесі – тәңірі. “Иттің, иесі болса, бөрінің тәңірісі бар” деп отыратын қазақ түздің тағысын да тәңірі-құдіреттің шылауына телиді. Тәңірі барша Өмір-Шындықтың алтын арқауы, болмыс жаратылысы. Демек, қазақтың дәстүрлі таным-түсінігі рухани әлемі қолдан жасалған киелі орталықтарға табынуды қажетсінбеген. Сондықтан да үстем таптың сойылын соққан ислам діні байырғы салт-дәстүрлерді белінен басып, төлтума мәдени нысандарды тұншықтырып отырады. Мұның өзі дәстүрлі рухани, мәдени нышандар мен жөн-жоралардың от басы, ошақ қасында, күнделікті тұрмыс жағдайында көрінуіне себепші болды. Дәстүрлі түсініктің көрініс тапқан саласына халық, әндері де жатады.

Ұлағат

Мәслихатымыз әніміздің сөз бен тіл өрнегі хақында емес, рухани мұрағаттарымыздың уақыт керуені жадымыздан өшірген ұғымдық және түсінік жүйесі жөнінде болды. Бұл асылы, қазақ ауыз әдебиеті, тарих пен философия, эстетика, этнография, тіл білімі пәндерінің шептес-шекаралас проблематикасы, сондықтан мен мұңдалап тұрған ұрымтал жағдаяттарын ғана қаузап, мамандардың назарын аударарлық ниетпен көктей шолып өттік. Дегенмен әңгімеміз сыңаржақтау, тек әнге байланысты дәстүрлі пайымдық категориялар арнасында жүрді. Бұл категориялар синкретті (күрделі, ұжымды) сипатта қалыптасқандықтан, ішінара сенімдік-нанымдық түсініктердің де мән-мағынасын талдауға тура келді. Онсыз ән сөзіндегі танымдық ұғымдарды түсіну мүмкін емес. Ал халықтың танымдық жүйесін түсініп болмай, қазақ әні өз салтанатын аша қоймайды.

Ендігі кезекте осы категориялардың өзара байланысы, қозғалысқа түсуі, ойлау, ой түйю, тұжырым жасау мәдениеті дәстүрі тұр. Енді қысқа ғана осыны сөз етелік. Мұның да ән мұрамызды түбегейлі игере түсуімізге тигізер ықпалы зор.

Жазба мәдениетінен кенде халық үшін фольклор зерде тоғысқан философиялық-көзқарастық ролімен қоса “ағарту мекемесі” қызметін атқарғанын айтып жүрміз. Адамзаттың әр буыны шама-шарқынша (жасына, зейініне орай) өзінің әлеуметтік және рухани кемелденуіне қажетті үрдістерді фольклордан тауып отырған. Фольклор көне заманның әліппесі, тіл емлесі болды. Бұл түсінікті де. Ал оның тек жеткіншектерге тіл жаттықтырушы құрал емес, жалпы әлеуметке әдебиет, философия және логика пәндерінің лұғаты болып, “ұстаздық етуден жалықпағанын” білеміз бе?! Ол әр адамның ақыл-ойына, іс-әрекетіне, дүние туралы көзқарасына тікелей ықпал етуші, әр жаңа буынды сөйлеу және ойлау мәдениетіне үйретуші оқу құралы міндетін де мойнына алған екен. Демек, фольклор – дүниені рухани игерудің логикасы, ойлау емлесі. Міне, өрелі сөз бен байламды ой тұнған рухани биіктерге мұрындық болып,

салауатқа жетелеген фольклорымыздың сондай іргелі бір саласы – шешендік сөз. Шешендік сөздің философиялық-логикалық деңгейі ән сөзінің мазмұнына тікелей ықпал етеді. Өйткені ол – ескі қазақ қоғамының ойлау мәдениетінің кепілі. Оны білмей тұрып, біз ән тексіндегі философиялық ой жүйесіне үңіле алмаймыз.

Шешендік сөз – тек ауыз әдебиеті жанры ғана емес, дүние туралы ой байламы, дүниенің тегі жөніндегі белгілі бір тиянақты көзқарастық позицияны арқау еткен тұжырым, әлемді рухани игерудің формасы, басқаша айтқанда, табиғат, адам мен қоғам заңдылықтары туралы болжаулар, пайымдар мен ақыл-ой жиынтығы, Шешендік сөз әдебиетке де, философиялық аңсарға да жақын. Өйткені шешендік сөз философиялық ойды көркем айтудан шығады. Шешендер өз ойын силлогизм мен импликация арқылы өріп, дәлелдеп, философиялық ізденістің верификациялық (шешімді деректен шығару) принципін сақтай отырып түйеді. Таза әдеби шығармадан оның ой ұғымдылығы, категориялар мен түсініктер алқасы, ал философиялық аңсардан образы мен әдеби-эстетикалық құралдары (теңеу, метафора және т. б.) ажыратады. Көне заманның философиялық мектептерінің де мұндай көркем сөз бен даналық ой тұтастығы болғандығы бізге мәлім. Сондықтан болар, Сократ пен Платонның диалогтарында философиялық ой байламы көркемдік құралдармен көмкеріліп тұрады. Бұлардан қалған мұраның дүниежүзілік философия мен әдебиет тарихынан алатын орындары тең.

Әдетте, сөз шенесіне (диалогқа) түскенде, қазақ шешендерінің қолданатын басты құралы – ойды өрбіте білу, өзінің де, тыңдаушысының да сана-сезімін, білімін, зейінін қозғалысқа түсіру. Қазақтың шешендік өнерінде сөз ойға тәуелді. “Қазақта қара сөзге дес бермеген” Абайымыздың осы даңғыл дәстүрінен жаңылмауының ақын творчествосына берген жемісі баянды еді. Мұнан Абайдың “жұмбақ жандылығының” да бір қыры төбе көрсеткендей. Шешендеріміз ойдың логикалық қысымының бұлтармас тиянақтылығына басты назар аударады. Сондықтан болса керек, күллі қазақ шешендерінің пірлері – Жиренше мен Қарашаш ой байлаудың формальдық (дәстүрлі) логикалық са-

тысын артқа тастап, диалектикалық-логикалық тұнығына құлаш созады. Пікірімізді тұшымды мысал арқылы дәлелдейік. Қарашаш сұлу тезек теріп жүріп, нөсер астында қалады. Қыз киімін дереу шешіп жіберіп, тезегінің үстін жауып, өзі малмандай су болып отырғанда, Жиренше келеді. Шешен қыз қылығының қарымсыздығына қайран қалады да, бойжеткеннің бұл әрекеті оның зейін саяздығынан болар деп ой түйеді. Жиреншенің тұжырымы дұрыс, алайда бұл ой байламы формальдық логикалық қана деңгейде. Ал Қарашаш болса, күтпеген оқиғада бой көрсеткен құбылыстар мен заттардан (нөсер, тезек, киім) туындайтын түбегейлі диалектикалық заңдылықтарды шенестіре қойған да, солардан туатын ой ығына көніп, бірден-бір дұрыс шешім қабылдаған. Бұл орайда ой байламының басқа дұрыс амалы болуы мүмкін емес. Қыздың киімі қалай да (шешінсе де, шешінбесе де) су болмақ. Ой түйіні: қайткен күнде де тезек құрғақ қалуы керек. Егер осы шарт орындалған орайда ғана басқа түскен нәубеттен құтылуға болады: нөсер өтеді, тезекті жағып жіберіп, су киімді оп-оңай кептіріп алуға болады. Бұл ойдың іске асқанын кейін ауылда байқаған Жиренше ойлана келе, қыз шешімін мақұл көріп, бойжеткеннің зейін парасатына ынтық болады. Бұл мысал қазақ шешендік сөзінің барлығына ортақ заңдылықты ашады. Қазақ шешендері жаңа ой байламын заттық қатынастардан емес, ойды оймен қузалау барысында (мета – ой, ой артындағы ой) тудыруға машық. Ұлтымыздың шешендік сөз жүйесі философиялық қарама-қарсылықтар мен кереғар құбылыстарды шенестіруге негізделеді де, ойдың даму көзін осы шенестіруден қуаттандырып, қашан ой түйінделгенше кереғар жақтарды қозғалыспен өрбіту үстінде ұстайды.

Қазақ шешені өзінің ой тұжырымы арқылы қарсы бағытта тұрған ойды өз ойына көндіруді, не сол ой (егер ол ой ақиқатпен сәйкестікте тұрса) ығына көнуді мақсат тұтады. Ондайда әлеуметтік шарттардың өзі (рулық және ата-бабалық қарым, билік, ақы және осы іспеттес құбылыстар) жайына қалады. Шешендік сөзде де көркемдік құрал логикаға тәуелді тұрады. Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамының әр буыны шешендік сөз арқылы хабар мен жаңалыққа ғана кенеліп қоймай, шешендер-

ге еліктеп, олардың сөйлеу мен ойлау жолдарын үлгі тұтты, тағылым етіп отырды деп ой түйеге толық негіз бар.

Сөйтіп, қадым замандарда қоғамдық сана салалары ұжымдық сипатта болғаны аян. Сол себепті фольклор әлеуметтік өмірдің барлық жақтарымен тікелей байланыста тұрды. Халықтың таным категориялары фольклормен қатар халықтық творчество түрінде, фольклор аясында өмір сүрді.

Ертегі мен эпос, мақал мен мәтелдер, ән мен өлең таным формулаларын, түсініктері мен ұғым жүйесін қорытып, өз бойына сіңіріп отырады. Сондықтан дәстүрлі рухани мұра – үзді-жұлды ой сілемі емес, жүйелі дамуға ілескен ой қозғалысы, ойлау міндеті. Демек, халық әнінің сөзіндегі философиялық зерде үздім-жұлдым ой жұрнағы болжау, жеке түсінік, ұғым тұрпатында емес, жүйелі диалектикалық-логикалық байланыста кездеседі екен. Дегенмен ұлтымыздың мұра нұсқаларындағы философиялық үрдістер негізінен даналық, кемеңгерлік деңгейінен аспады, ғылыми зерде дәрежесіне объективті түрде көтеріле алмады.

Дүниеге халықтық көзқарас, кәдуілгі пайым мен түсінік ән қазынасында қандай тұрпатта көрініс тапты? Бұл сұраққа жауап беру үшін ән текстерінің “ойлау аппаратына” үңілу керек.

Екінші тарау. ӘН ТАБИҒАТЫ

Айгөлек-ау, айгөлек

Халық әні – синтетикалық күрделі туынды, ерте замандарда қалыптасқан ілкі фольклор жанры. Белгілі музыка зерттеушісі, академик Б.В.Асафьев қазақ халық әнін “ғасырлар, тіпті мыңдаған жылдарға созылған мәдениет ескерткіші болса керек” деп бағалады өзінің А.В.Затаевичке жолдаған хатында¹. Қазақ әндерінің шығу мезгілін ән сөзінде кездесетін ықылым замандардан қалған әдеби-эстетикалық айшықтар арқылы бағалауға болады. Әңгімемізге арқау болатын ән текстерінде кездесетін “дүние”, “жалған”, “жалғыз ағаш”, “сен бір шынар”, “былғары айна”, “жез леген”, “күміс құман”, кемер белдік”, “қыжым етік”, “алтын түйме”, “айгөлек”, “айым”, “күнім”, “жұлдызым” т. с. секілді тіркестер – қазіргі сөз қолданысымыздан шығып қалған архаизмдер ғана емес, адамзат санасының дамуының тарихи кезеңдеріне сәйкес әр дәуірде ән тексіне ықпал еткен әлеуметтік-мифологиялық және философиялық ұғымдар мен түсініктер жүйесі.

¹ Ерзакович Б.Г. Қазақтың музыкалық фольклоры. А., 1982. 23-б.

Ерте кезде қалыптасқан ән бойынан, не осы әндер негізінде туындаған өлеңдерден табиғат пен жануарлар дүниесінен арыла қоймаған мифтік-ертегілік түсініктер төбе көрсетіп жатады. Бұл түсініктер ән тексінен ойламаған, күтпеген жерден ұшырасып отырады. Мәселен, “Па, шіркін, дүние жалған!” деп аталатын ел ішінің қара өлеңінің қайырмасында мынадай жолдар бар:

“Айым ба екен-ай!
Күнім бе екен-ай!
Өзім керім, өзім сал
Кімге дидар екем-ай!
Па, шіркін, дүние-жалған,
Угай арман-ай!”

Бұл әнді жұрт күні бүгінге дейін айтады. Мұнда шартты автор Айды да, Күнді де оп-оңай-ақ өзінің керім, салдығына куәгер ете салған. Сондықтан да ән бірден ғарыштық-кеңістік сипат алған, мазмұнына әуел баста Ай мен Күнге мінәжат ету көзқарас сілемі ықпал еткендігі байқалады. Оны біз халық ойыны “Айгөлек” пен осы ойында айтылатын он тексінен тіпті анық аңғарамыз:

“Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Қанжығамнан қан шыққан,
Төбінгіден тер шыққан.
Топ жаруға мен шыққам,
Пәленбай деген ер шыққам”.

Алғашқы екі жол Құранның бісмілләсі секілді, әр іс-әрекеттің басында қайталанып отырады. Ойыннан Айға табынудың тікелей шарты байқалмайды, жоғарғы өлең қайырмасындағыдай оның жұқанағын ғана сезінеміз. Ежелгі Айға табыну әдеті келе-келе эстетикалық айшыққа айналған. Шоқан Уәлиханов шығармаларынан ХІХ ғасыр қазақтарының Ай мен Күнге мінәжат етуін тоқтата қоймағандығын білеміз.

Адам санасы өзінің жаңа қалыптасып жатқан балаң шағында табиғат пен адам арасындағы түбегейлі айырмашылықты

жіктей білмеген. Қиялға бойсұнған сана табиғи заттарға адам мінезін, санасын, сезімін, рухани өмірін, психикасын теліп отырады. Бұл сана дамуының тарихындағы адамдандыру (антропатизация – адам және сезім) кезеңі деп аталады. Адамдандыру – адамдық қасиет табиғат пен хайуанаттар әлеміне де тән деп пайымдау. Осындай түсініктен туындаған эстетикалық талғамда сөз бен заттың арасында үйлесім бел алады. Адам төңірегіндегі құбылыстың бәрі адамданып, оның мұң-сырына ортақтасып кетеді.

“Қарағай ма екен, тал ма екен?
Талдан да биік бар ма екен?..”
(Сыңсу)

Мұнда адам өсімдіктермен қатынасқа түсіп тұрса, “Боз жорға” әнінде:

“Боз жорға, жорғаңа бас,
Алдыңда ел жоқ”, –

деп жануармен ақылдасады, оны ой-аңсарына ортақтастырады.

Антропатизацияға негізделген өлеңде жануар, табиғат, өсімдік тек сөйлеп қана қоймайды, адамға тән іс-әрекет жасайды: қуанады, ренжиді, ашуланады, қарғайды:

“Ұшып жүрген аспанда торғай ма екен?
Атып алсам баласын, қарғай ма екен?
Ұшып жүрген аспанда қарға ма екен?
Атып алсам баласын, қорғай ма екен?”
(Қара өлең)

* * *

“... Қыз түймесін берді,
Түймесін көлге бердім,
Көл көбігін берді,
Көбігін терекке бердім,
Терек қабығын берді...
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.

Жусанын мен қойға бердім,
Қой маған қошақанын берді... ”
(“Түйе, түйе, түйелер”)

Адамдандыру – ауыз әдебиетінің көне нұсқаларының басты сипаты. Мәселен, арбау аянындағы:

“Келең, келең, келеңгер,
Бауыры шұбар келеңгер,
Тас төбеңнен түсермін,
Таң ұрғандай қылармын,
Танауыңды тілермін,
Шатты-бұтты қылармын!” –

деген, күн жайлату өлеңдеріндегі:

“Кел, кел, бұлт, кел, бұлт,
Екі енеге тел бұлт.
Ағысы қатты сулардан
Ширай соғып кел, бұлт.
Шөптің басы жерлерден
Жүре соғып кел, бұлт.
Қайың басын қайыра соқ,
Тобылғы басын толғай соқ... ” –

деп келетін; бақсы сарынындағы:

“Кер-кер жылан, кер жылан!
Керілмей-ақ кел, жылан!
Ұзындығы қырық құлаш,
Көлденеңі сексен кез,
Айқай да бермен, сұр жылан!” –

делінетін; эпикалық жырлардағы:

“Қамбар айтты тұлпарға:
“Қанатты туған пырағым,
Аға-інім сен едің –
Тар жерде жолдас, шырағым...
Өліп кетсем, орным жоқ,
Өзіңе мәлім бұл жағым... ” –
(“Қамбар батыр”)

деген адамдандыру түсінігінен туындаған үрдістер көне әдебиет үлгілерінде көптеп кездеседі.

Сананың адамдандыру кезеңі дүние жүзінің барша халықтарына тән. Адамдандыру аясына жанды да, жансыз да дүние кіреді. Қазақтар тіпті көшіп-қонғанда қоныс еткен жерімен адамша тілдеседі, қош айтысады:

“Абыралы, Жалаулы,
Қиым қалды қалаулы...”
(Қоштасу)

Мұндағы Абыралы мен Жалаулы – жер атауы. Қазақ әйелі қалаулы қалған қиын артта қалған туысындай іздейді.

Адамдандыру ел-жер, орман-тоғай, тау-тас, өзен-суға жан бітіреді:

“Балталы, Бағаналы ел, аман бол!
Бақалы, балдырғанды көл, аман бол!
Ұзын өлке, жота мен төбе, аман бол,
Үйеңкі, қайың, терек, тал, аман бол!”
(“Қозы Көрпеш – Баян сұлу”)

Осының нәтижесінде табиғат көріністері адамға тән сезімге бөленеді:

“Алдында есігімнің ну ашылды,
Тал түсте жаңбыр жауып, күн ашылды”.

Адамдандыру негізінде халықтың дүниетанымдық өресінде адам мен табиғат арасында жанды бірлік бар деген түсінік туады:

“Әуеде торғай ұшып жүр,
Балапаны еріп жүр”.

Осы келтірілген “Сыңсу” үлгісінде аспанда ұшып жүрген торғайлар адам іспеттес қылық көрсетіп, артынан ерген балаларына пана болып, адамға тән кісілік мінез жасауда.

Бірақ шартты автор жаратылыс суретін бедерлеуді нысана қылмайды. Ол табиғат көрінісіне әлеуметтік мән дарытып, екі үрдістің тұтастығына ден қояды. Осы негізде халық қабырғалы

монистік материалистік түсініктің іргетасын қалайды. Өлең кіріспесіндегі табиғат аясындағы тіршілік көрінісі өз жан-жүрегіндегі арман-аңсауымен астасқанда, бұл ойдың шындығы тіптен айқындалып, туыс адамдардың бір-біріне айтқан көкей-кесті بازیнасына айналады:

“Көз көрген едің, женеше,
Сағындырмай келіп жүр”.

Автордың мақсаты – торғай мен сүйікті де сырлас адамының кимыл-әрекетін, сана-салауатын бір жерден шығару. Өлең мазмұнында құс ішінен торғайдың жүруі де тегін емес. Торғай – қазақ ұғымында құстың ең осалы, бейшарасы. Шартты автордың ақындық қабілетінде мін жоқ. Антропатизацияға негізделген көне айшықтар қолдану барысында өлең мақсатына жеткен. Адам мен табиғат ажырамас тұтас қатынаста тұр.

Осындай бір кездегі ықылым түсініктен туған көзқарастық жүйе эстетикалық дәстүрге ойысып, қазақ поэзиясының негізгі сипатына айналады.

Қазақы сананың ежелгі өлі затты адамдандыру дәстүрі қазіргі кезеңдегі ауыз әдебиеті өкілдерінің жас буынына, әрине, беймәлім. Поэзиямыздың жас буыны көп ретте көне эстетикалық айшықтарды дәстүр сабақтастығы түрінде қабылдамайды, оның көркемдік сана дамуымен генетикалық байланыста екенін аңғара бермейді. Бұл жәйт қазіргі қазақ поэзиясында берік орын алған әдеби-эстетикалық құрал айшықтардың өзінің тарихи түп-тегінен дараланып, дерексіздену дәрежесіне (стадия абстрагированности от материального основания) түскенін байқатады. 1984 жылғы Кенен Әзірбаевтың 100 жылдық мерекесіне арналған айтыста Баянғали Әлімжанов (Алматы қаласы) “Шымкентшина” бірлестігінің кейбір келеңсіз жәйттерін сынау үстінде көне поэтикалық дәстүрді қолданып, машина дөңгелектерімен “сырласып”, өлі затпен шартты диалогқа түсті. Ал Әселхан Қалыбекова тосын естілген өлең тәсілін кемшілік ретінде түсініп, оны қарсыласына салық етті:

“Жаны жоқ дөңгелекпен сөйлесетін,
Баянғали, кеттің бе мәңгүрт болып?”

Алайда халық ақындары бұл дәстүрді өз творчествосының көшелі принципіне айналдырғаны белгілі:

“Шыныңмен өлгенің бе, Құлагерім?”
 (“Құлагер”)

“Маңмаңгер, кекілің келте, жалың майда,
Байлаған сені сылап қалқатай да.
Желесің желмаядай жануарым,
Көрейін қызығыңды осындайда”.
 (“Маңмаңгер”)

Міне, автор жануарлармен адамша сөйлесіп, үндескен осы үлгілерде көне дәстүр таза түрінде көрініп отырады.

Кейінгі халықтық поэзияның ірі өкілі Кенен де:

“Маңырайсың, ақ ешкі, лағыңа,
Емшек беріп, өсірген шұнағыңа.
Кел екеуміз қосылып зарланайық,
Жетер ме екен тәңірдің құлағына”, –
 (“Базар-Назар”)

деп, ақ ешкі тағдырын көлденең тарту арқылы өз басының мұншерін ақтарады.

Дүниені адам тәрізді деп түсіну, адам тағдырын қоршаған табиғатпен сабақтастыру, адамның ішкі дүниесін табиғат тынысымен салыстыру – көбіне сол көне түсініктің жемісі. Бұл – әннің халықтық туынды екенінің басты айғағы. Халықтық әннің авторы болу-болмауы шарт емес. Туындының халық көкейінен шығуы, халықтың өмір-тіршілігімен сабақтасып жатуы басты шарт болып табылады.

Ей, ардақ, сен ақ қоян...

Басқа әлеуметтік құбылыстар іспеттес сана да даму үстінде болады. Сананың дамуы қоғамдық дамуға тәуелді. Дүниені кейіптендіру, адамдандыру процесі мифологиялық түсініктермен астасып, діни қағидаларға бой ұрады. Бірақ дүние заңдылықтарын бірте-бірте рухани игеру барысында

мифологиялық діни ұғымдар адамзаттың рухани қазынасынан шеттеп, оның орнын қоғам дамуының материалдық сұраныстарынан туған құбылыстар алып отырады.

Сана дамуының осы кезеңі ән бітімінен айқын көрініс табады. Өйткені ән адамның күнделікті тіршілігіне қоян-қолтық араласып отырды. Осы негізде еңбек әндері мен марштары, жаратылыс күштеріне жалбарынған, бұл күштерді адамның шаруашылық қажетіне бейімдеуден туған гимндер, тұрмыс-салт жырлары ән өнерінің біршама кейінгі дәуірде қалыптасқан жанрлары болып саналады. Ән сөзінің осы кезеңдегі басты сипаты – көне түсініктер мен категориялардың әдеби-эстетикалық құралға түбегейлі ауысуы.

Алғашқы ән нұсқаларының мифтік-ертегі айшықтарына толы болатынын байқадық. Бірақ миф – бізге жеткен ән нұсқаларының негізінен артқа тастаған кезеңі. Сөйте тұра, бұл дәуірдің сарқыншақтары салт-дәстүрге байланысты айтылатын кейбір ән текстерінде әлі де кездесіп отыратынына да көзіміз жетті.

Кейіптендіру мен адамдандыру дүниеге фантастикалық қияли түсініктен туады екен. Сондықтан олар да идеялық тегі жағынан мифологиямен кіндіктес болып келеді. Дүниенің заңдылықтарын жете түсініп, пайымдай алмаушылық та-ным процесінің көне жүйелеріне негіз болады. Осындай көне методологиялық дүниетанымдық принципті басшылыққа алған өлең мазмұнында адам мен шындықтың онтологиялық (заттық) тегі ажыратыла бермейді. Тіпті кәдуілгі (эмпириялық) сана оны дәл ажырата алғанмен, көркемдік сана үшін дәстүрлі түсінік даяр тұрған эстетикалық әшекей қызметін атқарады. Өйткені халықтық шығармашылық, фольклор дәстүрлі философиялық көзқарасты дүниетанымдық алғышарт етеді. Мәселен, “Ардақ” әнінің өлеңін осы тұрғыдан талдап көрелік:

“Ей, Ардақ, сен ақ қоян секектеген,
Артыңнан мен көктұйғын жетем деген”.

Ардақ қызды ақ қоянға теңеу, әрине, эстетикалық, айшық. Автордың өзін-өзі көктұйғын құсқа теңеуі де әдеби құрал. Ал

осы көктұйғынды “жетем!” деп адамша сөйлету көне түсініктен туындағаны сөзсіз. Бірақ бажайлап қарасак, автор Ардақты ақ қоянға теңемейді, оны сен ақ қоянның өзісің” дейді. Ардақтың оп-оңай ақ қоян, әншінің көктұйғын бола қалуында да осы түсінік белгісі бар. Бұл түсінік тыңдаушының да рухани болмысына айналып кеткендіктен, ол дәстүрдің жағын ажыратып, ішіне үңіліп жату тіпті ерсі. Бұл әнді тудырушы да, тұтынушы-тыңдаушы да белгілі мәдени тұтастықтың өкілдері екені аян. Бұл эстетикалық айшықтардың танымдық тегі осы өлеңді жолма-жол басқа тілге аударуда жария болады. Өйткені тіл – тек байланыс құралды (средство коммуникации) ғана емес, ол белгілі бір тарихи – мәдени жүйе. Мәселен, өлеңді жолма-жол орысшаға аударып көрелік:

“Эй, Ардак, ты белый заяц, бегающий,
Я гончая собака, преследующая тебя
(с мыслью “догону”).

Байқайсыз ба, өрелі поэтикалық үлгі қарабайырланып, жер бауырлап, прозаизмге айнала қалды. Ардак пен ақ қоян арасы сын есім арқылы жалғастырылмайды, автор адамды қоянның өзісің дейді. Ол бұл орайда көне дәстүрге еліктеп, найзасын тік салады, турасын айтады. Антропатизацияның ізі анық, орны нығыз. Бірақ автор қыз бен қоянды тепе-тең реалды объект деп түсінуден аулақ. Бұл қажеттілік өлең құрылысының ұлттық версификациясынан (үлгісінен) туындайды. Қыз бен қоянды ешбір шартсыз тең құбылыс деп тану ұғымы артта қалған дедік. Аталған субъектілер онтологиялық тепе-теңдікте емес екенін біз, ұлттық салауат иесі – тыңдаушы жақсы білеміз. Автор да біздің дәстүрлі көзқарастан хабардар екенімізді танымдық алғышарт етіп, зат пен заттың ұқсастығын жіліктеп, даралап алып, оны бір-бірімен диалектикалық шенеске түсіреді. Осындай ұқсас қасиеттер иесі болатын Ардак пен ақ қоян байланыса келе, эстетикалық бейне түзіледі. Екі құбылыстың осылайша байланысқа түсуі осы уақытқа дейін біздің санамыздан тыс, мелшиген өлі құбылыстарды қозғалыс ырғағына кернетеді, оларға жан бітіреді.

“Ардақ” шығу мезгілі жағынан бертінгі туынды болуы да ықтимал. Оған дау жоқ. Әңгіме басқада. “Ардақ” өлең өрнегі қазақ поэзиясының ең көне дәстүрін негіз етеді. Осы орайда ескерте кететін бір жай бар. Ана өлең ана ғасырда, мына өлең мына ғасырда туды деп өлең жылнамасын анықтау міндет емес. Біздің мақсатымыз – өлеңнің танымдық тегін білу, өлеңдегі дәстүр сабақтастығының теориялық жағын тану. Сана дамуы мен қоғамдық тарихи даму әрқашан бір-біріне сайма-сай келмейді. Сана дамуының жеке өзіндік тарихы болмағанмен, оның біршама дербес өрбу заңдылығы бар. Ерте кезде орын алған дүниені адамдандыру дәстүрі қазірде дүниеге келуі мүмкін. Әр адам балалық шағында рухани-тарихи үрдісті қайтадан бастайтыны белгілі. Ол философияның негізгі мәселесіне бірден ғылыми жауап беріп, материалист бола қалмайды. Бала дүниені рухани игеруде біз жоғарыда айтқан кейіптендіру мен адамдандыру жүйесін алғышарт етеді. Поэзияда бұл дәстүр ретінде бой көрсетеді. Оған жоғарыда келтірілген Әселхан мен Баянғалидың айтысы айғақ. Өмірде кездесетін дүниеге діни көзқарас сарқыншақтары да осындай ертедегі рухани дәстүрдің бір көрінісі.

“Ардақ” әнінде миф сілемі анық, бірақ ол бұрынғы таза, шартсыз күйінде емес, әдеби құралға айналған. Поэтикалық айшықтар тасасынан енді бейне сығалайды. Мифтік сананың орнын метафора, эпитет, теңеу секілді эстетикалық жабдықтар басқан. Ежелгі түсінікті ту еткен қазақ өлеңі басқаға ұқсамайды, өзіне ғана тән қасиеттерді мирас етеді.

“Жаз болса, жарқыраған көлдің беті,
Көгеріп толқындайды алыс шеті”.

Бұл әннен тікелей бейнелеу әдісі әлі де сахнадан кете қоймағаны байқалады.

“Дірілдеп толқын басқан мөлдір суын,
Шайқайды жас баладай желдің лебі”.

(“Япыр-ау”)

Теңеу өзінің заттық болмысынан әлі де дараланбай жатыр. Алайда теңеу эстетикалық айшық қызметінде ғана емес, философиялық предикат рөліне ие болып, кейіпкер (ол әзір тасада) мен табиғи панораманы эмоциялық бірлікке түсіріп тұр. “Япыр-аудың” келесі шумағынан кейіпкер шыға келіп, бұл жәйттің тылсым сырын жария етеді:

“Есіме ақ еркемді алған кезде,
Ақ маржан жалт-жұлт етіп жерге тamar”.

“Япыр-ау” әні мифтік сананың қаймағы шайқалғамын аңғартады. Өйткені атау заттан бөлінген. Бірінші шумақтағы “жас бала” субъект түрінде емес, предикат, қасиет танытқыш ретінде алынған. “Ардақ” әнінде Ардақ ақ қояндай емес, қоянның нақ өзі еді ғой. Ал “Япыр-ауда” мөлдір судың толқынын жел жас баладай шайқайды. Мифтік ұғымды желеу еткен поэзия табиғат құбылыстарына “сен” деп тік сөйлесе, енді ән тарихының біз сөз етіп отырған екінші кезеңінде оны адам болмысына теңеп, салыстыра, тұспалдап бейнелейді. Осы айтылып жатқан фэлсафияттық жәйттердің қазақ әнінің тарихи дамуында қордалы танымдық маңызы бар. Бұл – қазақ өлеңінің идеялық астарының теориялық түбегейлі жағы.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін тағы бір мысалға жүгінейік. Сырдың “Қараторғайы” деп айтылатын халық, әнінде мынадай жол кездеседі:

“Кұс болсаң, жібектен бау тағар едім,
Күмістен тұғырынды жабар едім”.

Күміс қоңыраудың үніндей сыңғырлаған әсем ән арқылы шартты автор сүйген жарына деген жүрегіне ұялаған ынтық сезімін бейнелейді. Әннің кейінгі кезеңде пайда болғаны анық. Автор ғашығына арналған жыр жолдарында “кұс болсаң” деп емеурін білдіреді. Әдетте, мифологиялық санаға арқа сүйеген өлең “кұс болсаң” демей-ақ, не өзін, не ғашығын құс қылып ұшырып жіберер еді. Өйткені мифтің қақпайтын қақпасы, кірмейтін есігі жоқ. Оған дүниені өзгерте қою оңай. Өйткені

ол – қиял әрекеті. Бірақ мифтің күйзелісі мифтің өзімен қоса жүреді. Әлемдік мифологияда оған Икардың қазасы¹ дәлел бола алады.

Ажарың ақ түлкідей...

“Ардақ” әніндегі бір кездегі мифтік сарынға тұла бойымен тұтас түсетін “қоян” сөзі өлең дамуының ендігі кезеңінде эстетикалық қасиетін ғана қалдырып, өлең жолында “қояндай” деген формаға еніп, грамматикалық тілмен айтқанда, зат есімдік атау сын есімдік шырайлы теңеуге ойысады. Сол сияқты “көл” – “көлден”, “құс” – “құс болса” атауына ие болады. Әннің даму процесінде бірте-бірте заттың тегінен гөрі қасиеті алға шығады да, оның салыстырмалы теңеулік сипаты даралана түседі. Тұтас зат бөлініске ұшырап, адам оның ішкі өзегіне, жеке қасиеттеріне үңіле бастайды. Әннің танымдық функциясының маңызы артады. Өйткені теңеуден туатын тұжырым мифологиялық баламадан әлдеқайда күрделі. Мифологиялық балама мен салыстыруда зат тұтастай бой көрсетсе, теңеу оның бір белгісін, қасиетін, дәйегін бейнелеп, даралап көрсетеді.

Теңеумен түйінделген ой жаратылыстағы заттар мен құбылыстардың бұрыннан белгілі ұқсастығын аша түседі, ортақ қасиеттерін жинақтап, жалпы жақтарын, заңдылықтарын қорытады. Осының нәтижесінде адамның танымдық қабілеті артып, кемелдене түседі. Сондықтан да қазақ әнінің озық үлгілері

¹ Грек мифологиясында Дедал ұста ұлы Икарға (Икарус) балауыздан қанат жасап береді. Икар сол қанатпен ұшып, аспанға көтерілгенде, қанат күнге балқып кетіп, теңізге құлап өледі. Жоғарыда келтірілген мысалдарда дәстүрлі өлең түзіліс үлгісінде табиғат құбылыстары адам көркін ашатын бояу ретінде берілген. Ән сөзіндегі ежелгі мифтік сарын із-түзсіз жоғалып кетпеген, ол өзгеріске ұшырап, басқадай шешім тауып, теңеуге айналған. Теңеуден туатын тұжырым мифтік баламадан күрделі. Миф заттың дара, бір ғана қасиетін желеу етсе, теңеуге құрылған ой қордалы, көп мағыналы, тұспалшыл болып келеді. Халықтық көркем сана мұны бара-бара поэтикалық дәстүрге айналдырғаны белгілі. Енді өлең заттың өзін тура атағаннан гөрі, заттың қыры мен сырына, түсі мен түріне бойсұнады.

түгелдей теңеу мен метафораға білек артып жатады. Тағы да авторы мен шығу мезгілі анық деп саналатын “Гауһартасты” алып көрелік.

“Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай!”

“Гауһартастың” тұла бойы тұнған теңеу мен күрделі метафора. Әр әннің өзіне ғана меншік теңеу тобы болады да, олар басқа нұсқаларда кездеспейді. Ән авторы теңеудің тосын, жаңа болғанын бағдарлап отырады.

“Жылы су, қолда құман, қарда орамал,
Жібекпен қызыл кәріс белін бұған”.

Бұл теңеулер тіркесі басқа ешбір әнде кездеспейді. Әннің әр жолы – маржан тізбегі. Адам көркі жаратылыстың өте сирек кездесетін құбылыстарымен салыстырылып, теңестірілу арқылы ашылған. Бұл әндегі қолына құман ұстап, қонақтарға су құйып жүрген бойжеткен белең берген көріністің өзі эстетикалық айшыққа, басқаша айтқанда, фабула мен сюжеттің өзі түгелдей метафораға айналып кеткен.

“Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Сылдырлап шашбауың мен алтын сырғаң.
Жай жүріп, шаттанасың әсерленіп,
Әсемсің жүйрік аттай мойнын бұрған”.

Басқа сюжет жоқ. Автор теңеу мен метафоралардың небір кереметтерін ән кейіпкеріне дарыта отырып, қыздың гауһар тастай абзал қасиет иесі екенін тыңдаушысына мойындатады. Әннің әуел бастағы әлеуметтік-эстетикалық нысанасы да осы. Ән авторы Сегіз серінің көңілі ауған қыздың аты Гауһар болу-болмауы неғайбыл, ал мұндай әннің “Гауһартас” аталмай мүмкін емес.

Халық әндерінің басым көпшілігінде белгілі оқиға желісі, нақты сюжет бола бермейді. Оның себебі – қазақ әнінің эстетикалық қасиетінде; ән белгілі бір оқиға жайында баяндау-

ды мақсат етпейді. Міне, сондықтан да жалаң баяндаушылықтан озық ән нұсқаларының аулы алыс жатады, ол негізінен теңеу мен метафораға, метанимия мен металогиялық жабдықтарға арқа сүйейді.

“Ағалар, алған жарың жақсы болса,
Алдыңнан аққу ұшып, қаз қаңқылдар”.
(Қара өлең)

Аққу мен қаз – бақытты тұрмыстың метанимиялық атаулары.

“Көрінсейші көзіме егіндей боп,
Жаңа шыққан егіннің көгіндей боп...”
(“Жайдарман”)

Егін – еңбеккер адамның эстетикалық талғамы. Диқан үшін бітік шыққан егін мен оның алғашқы қаулай өрбіген көгінен қымбат көрініс болмайтыны хақ.

“Шомылған айдын көлде аққудай боп,
Бұраң бел сылаң етіп шыға келед”.
(“Шапибаяу”)

Кербез сұлу бейнесі көлде жүзген кербез аққу арқылы дәл берілген. Шартты автордың кім екенінен де хабардар боламыз, оның көрінгенге бой ұсына бермейтін талғамы үздік жан екені айқын. Теңеу көркем жабдық ретінде дүниені нақты тұрпатта бейнелейді.

“Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы түлкіге құсым жетпес”.
(“Баянауыл”)

“Кетпес” пен “жетпес” терең сезім тұңғиығына тартады. Бұлт жетпес биікке құс жете ме?! Заманның алмағайып қиын кезеңдері қай дегенінді болдырып еді?! Өте салмақты ұғымдар, көрікті көріністер өлеңге эстетикалық әсер беріп тұр.

“Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
“Кел!” десең, неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім”.
(“Назқоңыр”)

Келтірілген ән нұсқаларының бірінде сюжет нышаны жоқ.

Қазақ әнінің түбегейлі мақсаты – қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаны көркемдеу, эстетикалық айшық дарыту, адам үшін қолайлы, көрікті ету, адамгершілік, кісілік қасиеттерді орнату. Теңеуге құрылған сөз жүйесі қазақ әнінің тек құралы ғана емес, оның мазмұны болу себебі де осыдан.

Әдеби-эстетикалық құбылыс ретінде теңеудің өзі дамуға түседі. Жоғарыда келтірілген Сырдың “Қараторғайындағы” “Құс болсаң, жібектен бау тағар едім, күмістен тұғырыңды жабар едім” деген жолдардағы күміс тұғырға қонақтайтын құс тек мифологиялық сарынның жұрнағы емес, ол хас сұлулықты жанай суреттеген шартты теңеу болып табылады. Бұл жерде эстетикалық айшық жеке заттың дара қасиеті арқылы емес, бірнеше зат пен құбылыстың бір-біріне қатынасы тұтас алынуы арқылы жасалған.

Мұндай күрделі эстетикалық құралдар халықтың дәстүрлі өлеңдерінде жиі кездеседі.

“Алтын да менің босағам,
Аттап бір шығам деп пе едім?
Күміс те менің босағам,
Күңіреніп шығам деп пе едім?!”

(Сыңсу)

Мұндағы алтын мен күмістің атқарып тұрған қызметі сан алуан. Ең алдымен, олар бағалы асыл зат ретінде, өлең архитектурасының пластикалық материалы ретінде шумаққа өзінше сыр мен сымбат дарытып тұр. Бірақ бұл айшықтар “жылтырату” қызметін ғана атқарып тұрған жоқ. Енді “алтын” мен “күміс” сөздерінің әлеуметтік мағынасына үңілілік. Автор киіз үйдің екі босағасының бірін – алтын, екіншісін күміс деп түйеді. Әдетте, киіз үйдің барлық күш түсетін бөлшегі – босаға. Қараша үйдің қаңқасын мықтап ұстап тұратын – осы босаға, қалған бөлігі босағаға керіліп таңылады да, белдеуден тараған күш нүктелері керегелерді сығып, уықтарды шаңыраққа қусырады. Босаға таңылып болғаннан кейін, киіз үй конструкциялық құрылысы жағынан тұтастық алады. Босаға берік болса, үй шайқалмайды.

“Сыңсуды” айтатын қыз босағаның бұл ерекшелігін еске тұтады, тыңдаушыларының мұны білетінін де шарт етеді. Енді киіз үйдің осы қасиетін ата мен анадан да табады. Киіз үйдің босағасы секілді, отбасы мүшелерін біріктіретін күш – ата-ана. Сондықтан ата-анасының бірін алтын, екіншісін күміс деп жырлайды. Ата-ананың әлеуметтік функциясын қымбат бағалы металдардың қоғамдық қасиеттерімен шендестіру арқылы теңеуді метафоралық ойдың биік шыңы – симфоралық айшыққа айналдырады (алтын мен күміс – екі босаға – ата-ана).

“Сыңсудағы” алтын мен күмістің бой көрсетуінің тағы бір себебі – қыздың өз өскен ұясын қазына кенішін деп түсінуімен де сабақтасады. Әдетте:

“Торғайға құрған тұзағым,
Үйім ғой менің ұжмағым.
Ұжмағым демей не дейін,
Қайран да қалды-ау оң жағым”, –

деп еңіреді, қазақ қызы ұзатылып бара жатып. Дәстүрлі қазақ отбасы қолындағы қыз баланы жат жұрттық деп өте қадірлеп-қастерлеп, мәпелеп өсірген. Революцияға дейінгі этнографтар кей жерлерде ата-ананың қыз баласына “сіз” деп сөйлеуден жаңылмағанын жазады. Кей-кейде “қыз” деп атауға тыйым салынғаны да мәлім. Әрине, келтірілген “Сыңсу” үлгісіндегі ойдың этнографиялық шартты “ойын” жағы да басым, сөйте тұра, оның әлеуметтік астары да түсінікті.

Халық өлеңдерінің кейбір үлгілерінде ескі мифтік салт пен таза әдеби-көркемдік дәстүрдің қалыптасу кезеңі қойындасып та кетеді. Дүниені жандандыру, адамды жануар түрінде сипаттау эстетикалық айшық деңгейіне көтерілген теңеумен астасып та жатады.

“Ақ тоқымның шетіне шектім, шеше,
Жек көргенің мен болсам, кеттім, шеше.
Токсан басты, тор көзді сенің үйің,
Торғай басым сыймастай не еттім, шеше?”

“Сыңсудың” бұл өрнегінде ежелгі мифтік дәстүр қатаң сақталған. Киіз үйдің суреті кестелеп бедерленгенмен,

“тоқсан басты, тор көзді” деген күрделі теңеуде дүниені жандандырудың барлық белгілері бар. Мифтік белгі тоқсан басы мен тор көзі бар фантастикалық жануарға теңеу барысында қыз өз үйіне өкпе үстінде зеку айтады. Бірақ мұның салттық (ойын) сипатта тұрғанын да аңғару қиын емес. Қыз өз басын торғайға теңеген тұста әке үйі онан сайын зорайып, үлкен болып көрінеді. Қазақы көркем сана не нәрсенің үлкенін жағымды етіп көрсетеді, өйткені қазақ дүниесі көптің пайдалануына арналып, мол болып істеледі. Мәселен, үй кең болу керек, сол сияқты үй жабдықтары – көрпе, жастық, текемет, қазан, аяқтабақ қажеттіктен әлдеқайда үлкен, мол болып жасалады.

Егерде мифология заттар мен құбылыстарды адаммен жанды қатынастарға түсіртіп отырса, халықтың лирикалық әні өзінің даму барысында бұл тепе-теңдіктің орнын теңеуге береді. Сана үшін заттың өзінен гөрі оның қасиеттері мен заңдылықтары әлдеқайда қажетті. Сана заттың мәнін қасиеттері мен белгілері (құбылу қасиеттері, құбылыс) арқылы ғана тани алады.

Үкілім-ай, көкем-ай

Көркемдік сана қордалана келе, ән сөзінен көне түсініктерді ығыстырып, оларды эстетикалық құралдарға айналдырып отырады екен. Қазақ өлеңінде оның ежелден келе жатқан ең көшелі түрі теңеу болды дедік. Қазақы теңеу өте күрделі. Халықтың өлең нұсқаларында ой кебіне жалаң теңеулер арқылы түйінделіп, тыңдаушы тұспалды сөздің астарын басқа құбылыстардың қасиетін шамалау арқылы біліп отырады. Бұл – қазақ өлеңінің өрелі қасиеті, тұңғыық қара құпиясы. Теңеу мен тұспалды сөзге қыз бен жігіт айтысы мен жұмбақ айтыс әуес. Әрине, жұмбақ айтыстағы теңеудің эстетикалық қасиетінен гөрі метанимиялық (бір заттың атауын басқа зат арқылы беру) ролі басым. Лирикалық әндердегі теңеу (эпитет, метафоралар да теңеудің қордалы түрлері) тек эстетикалық қызмет атқарады. Мәселен, “Балқадишада” бойжеткеннің балғын денесі – көлге біткен майысқақ талға, “Тауһартаста” сұлу қыздың көз жана-

ры – жаққан шамға, алаулаған ақша беті қызыл құмның үстінен қашқан ақ түлкіге теңеледі.

“Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,
Шолпандай таң алдында жаңа туған”.

“Құм” – қызыл түстің теңеуі, баламасы, белгісі, метаними-ясы. Автор сұлу қыздың образын беру үшін қазақ даласында мекен ете бермейтін ақ түлкіні (песец) қызыл құмның үстінен бұлаңдатады. Автор сөзбен өрнектеген суретті өзі де көреді, тыңдаушысына да көрсете біледі. Қызыл құм да, ақ түлкі де өлең субъектісі емес, қаратанытқыш, қасиет білдіргіш предика-ты. Әнші үшін құмның да, түлкінің де қызметі шамалы. Керегі – қызыл мен ақ түстер, қызыл мен ақтың өзара қатынасы. Сегіз сері осы арқылы дәстүрлі өлең нұсқасына иек артады. Эпикалық жырларда түстердің мұндай эстетикалық шенесі “қар үстіне қан тамар, қанды көр де бетім көр!” түрінде ұшырайды.

Әдетте, халқымыздың дәстүрлі эстетикалық қабылдауында сұлу түс – алқызыл, яғни ақ пен қызылдың қосындысы болып саналады.

“Алқызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі”.
(Қара өлең)

Қазақ қолөнерінде де ақ пен қызыл түстің көп қолданылатыны мәлім. Бұл түстер ою-өрнектің де ұлттық колоритін белгілейді. Ұлттық киім этнографиясы да ақ пен қызыл түске (ақ – тазалық, қызыл – сұлулық және жастық) әуес. Осы мысалдарда келтірілген “құм”, “түлкі”, “алқызыл” теңеулері – қайталанып отыратын тұрақты құбылыстардың шартты атауы. Мұны біз белгі (символ, нышан, емеурін) дейміз. Теңеу мен белгіні ажырату кейде қиын. Бұл ән сөзінің көп мағыналылығына (полисеман-тизм) байланысты. Белгі – әннің көнелігінің кепілі, қазақ әнінің көп құпиясының бірі.

“Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айрылып Қамажайдан болдым күлкі”.
(“Қамажай”)

Үкі – көшпелі халықтарға көп тараған көне әшекей, тотемизмнің жұрнағы. Кейін фетишке, киелі, таза заттың бөлшегі, сарқытына айналды.

“Мойнына сары алтыннан алқа тағып,
Қолға алып, сылап-сипап бағар едім”.
 (“Қараторғай”)

Мұндағы алқа да көздің жауын аларлық мол қазынаның белгісіндей, қалыпты тіркеспен айтқанда, “алтынның сынығы” екені мәлім.

“Басында Әуілдектің мұнары бар,
Мойнында Көкбестінің тұмары бар”.
 (“Әуілдек”)

Ертедегі көшпелі халықтар сүйікті аттарының құйрығына үкі тағып, жал-құйрығын тарап, үйірге жіберген. Оларды киелі деп санаған. Қалмақтар мұндай аттарын – сәтер, қырғыздар – туа, алтай халықтары ыдық, ыйық деп атаған. Оны мінуге, шаруашылыққа қолдануға тыйым салынған. Ат бүкіл қауымның ерекше қарамағында болған. Ислам діні тараған аймақтарда атқа тұмар да таққан. “Әуілдектегі” Көкбесті де осындай үкі-тұмармен безендірілген киелі жылқы тәрізді.

“Үкілім-ай, көкем-ай,
Сағындым, сәулем, сені ойлай... ”
 (“Үкілім-ай”)

Бойға тағылатын үкі, алқа, тұмар секілді әшекей заттар, әуелгі мағынасындағы адалдықтың, бой тазалығының куәсі ретінде, өлең мазмұнына өз қасиетін дарытып тұр.

“Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы түлкіге құсым жетпес”.

Басынан бұлт арылмас құз-қияның суреті арқылы автор өз ғұмыр-тіршілігінің ауыр тауқыметін емеурін ете отырып, күтпеген жерден оның себебін жария етеді. Ол ой түлкіге байланысты. “Кетпес пен жетпес” литоталық терістеу үстінде, өлеңнің жалпы көңіл-күйін бақылауға алып тұр. Түлкі –

қазақтың фольклорлық эстетикасында сұлу қыздың белгісі екенін ескерсек, әншінің арман еткен дүниесі де тыңдаушыға мәлім бола қалады да, әннің мазмұны өмір қиясындағы тұлкіге ұмтылған қыран құстың образымен сабақтасады. Бұл ой-арман “Дариға-ай” әнінде тіпті айқын байқалады.

“Алтайы құмнан қашқан түлкідейін,
Қалқатай, қолға түспей бұлаңдайсың”.
(“Дариға-ай”)

Белгі қазақ санасының машық заттарынан, күнде қатынасқа түсетін дүниесінен туындап жатады.

“Жылқым жатыр Ақкөлдiң шаңдағында,
Кiмдер серi болмайды бойдағында”.
(“Қарғаш”)

Әншінің “жылқым” деп сөйлеуі – өзінің әлеуметтік орнын сездіргені. Жылқы – байлық (фольклорда – “ақтылы қой, алалы жылқы”, қалыңмал), дәулет емеуріні, яғни мақсатқа жетердегі мүмкіндік шартының сақадай сайлығы.

“Ақ отауым тіккен жер
Майдан болсын,
Ақ жүзімді көруге
Айнама болсын”.

Майдан (арабизм) – ашық жер, алаң, мал тісіне ерген халық үшін табиғи алғышарт, жайлы тұрақ символы. Бұл жерде айна қалыңдық көркінің белгісі ретінде бой көрсетеді. Халықаралық геральдикада айна әйел ұғымын білдіреді. Әдетте, көріксіз қыздың айна жөнінде сөз қозғауы оғаш. Қыздың сұлулығының қосымша тағы бір кепілі – ақ жүзі. Археологиялық қазбалардан көп табылатын әйел заты – айна. Алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, тұрмысқа көне металл (мыс, қола) бұйымдары ене бастаған кезде, металл өндіру қымбатқа түскен. Сондықтан қару-жарағымен қойылған қолбасшылардың, ел көсемдерінің қорғандары мен обалары қайта қазылып, осы обалардағы металл бұйымдар тоналып отырған. Осы негізде тайпалар арасын-

да ірі жанжалдар шығып, олар кейде қантөгіс соғысқа айналған. Қымбат металл негізінен үш нәрсеге: қару-жарак, ер-тұрман (ауыздық, үзеңгі, таға) және әйелдер әшекейіне (оның ең бастысы, әрине, айна) жұмсалған. Белгі тұрмыс-салтқа қатысты ән-жырлардың қайырма-қайталамасында да жолығады.

“Сарының басы сары дала, үкі-ау,
Суыққа шығар бозбала, үкі-ау,
Үйде туып, түзде өскен, үкі-ау,
Күні де құрсын қыз бала, үкі-ау”.

Қайырмадағы “үкі-ау” деген редифтің (қайталама, қайырма) атқаратын семантикалық қызметі ұзатылатын қыздың пәктігін дiттеу, салт жыры арқылы осыны әлеуметке жариялау болып табылады. Әнде құдандалық қарым-қатынастың көршісі дәл суреттеледі. Сөйтіп, әндегі айтар ойды белгімен түю келе-келе поэтикалық дәстүрге айналып, суырыпсалма ақындар үшін бұл негізгі творчестволық тәсілге ойысты. Қазақ өлеңінің бұл биік дәстүрі сал мен серілер дәуірінде тіпті де түрленіп кетті.

“Шетіне орамалдың түйдім сусар,
Көп жылқы көк алалы көлде жусар”.
(“Жамбас сипар”)

Мұндағы орамал шетіне түйілген сусар – елден ерекше сал-серілік, сәнқұмарлықтың, “көк алалы көп жылқы” – байлық пен берекенің, “көлде жусау” – мамыражай бейбітшіліктің белгілері. Мұнан өнер тарихында кездесетін байлыққа малынған барокко ізі байқалады. Көлденең көз бұл екі тармақты Біржан ұйқас үшін алған “қысыр” жолдар ма деп ойлауы да мүмкін. Бірақ олай емес, бұл – біз сөз етіп отырған өлең версификациясының көне тәсілі. “Сусар”, “көк алалы көп жылқы”, “жусау” – балкөмей салдың шаттық өмірі мен жүрек пернесін қоздырған шу асау жігіттіктің символикасы.

“Кешегі ел қыдырған есер шақта,
Ән еді Біржан салған “Жамбас сипар”.

Ел мәпелеген ерке салдың автопортреті қай талғамды да қанағат таптырғандай. Шуақты лирикалы саздың ерке самалы сусарлы орамалды желбіретіп, көл шетіне үйездеген көк алалы көп жылқыны желпіп өтіп, тыңдаушының жанына – желік, ойына көрік беріп, ерке назбен айтылған “жамбас сипар” деген тосын тіркестің өзін ойнақтатып тұр. “Жамбас сипар”, жоғарыда айтқанымыздай, бозбалалық дәуірдің ажырамас серігі, белгісі.

Белгі кейде метанимия, теңеу, немесе метафорамен жарысып, олармен кірігіп, үндесіп отырады. Әннің эстетикалық “мінезі” үшін белгінің ролі күшті.

Тарихи-эстетикалық зердесі кәміл тыңдаушы үшін қазақ әндерінің тексінде артық сөз, жетім ұйқас жоқ, қисынсыз жапсырылған сөз табылмайды. Ең арғысы “Мінгенім астымдағы құла бесті” десе – өзінің әлеуметтік жал-жайын айғақтағаны. “Жағалай Көкшетауды аулым көшті” десе – өзі ғұмыр кешкен тарихи кезенді, әлеуметтік ортаны паш еткені. Одан әрі:

“Теміртас, Асыл, Ақық, сендерді ойлап,
Елжіреп іші-бауырым жерге түсті”, –

десе – жан-жүрегінен шыққан жалын сезімін жайып салғаны. Әрине, бұл пікір айтуға жеңіл, мақұлдауға оңай. Бұра тартып, ескі түсінікті күйттейтіндер де табылмай қалмас. Алайда ең маңыздысы – қазақ әндерінің сөзі, әрісі қазақтың халық поэзиясы өз болмысында тарихи кезеңін, әлеуметтік ортасын, таптық позициясын, тіптен географиялық мекен тұрағын айғақтауы арқылы әлемдік поэзияда өзіндік оқшау қасиетімен дараланады. Бұл топырақта туған поэзия жұмыр жердің кез келген нүктесінде естілсе де, осы топырақтың ғана құлағын шулатады. Міне, біздіңше, асыл өнердің ашылмай келген бір пара құпиясы осында.

Сонымен, ән сөзі көне кездегі сана дамуының кезеңдері сарқыншақтарының кейбір нұсқаларын ұстап қалады екен. Әлбетте, бұл сарқыншақтар бара-бара поэтикалық символикаға ойысып кетіп отырады.

Әридаша-ай

Қазақ әнінің енді бір құпиясы – ән өлеңінде кездесетін мазмұндық жүгі жоқ одағай-қаратпа тіркестер. Олар вокализм (распев) деп аталады. Қайырма әннің эмоциялық кілті десек, вокализм әннің тек эстетикалық әшекейі емес, көркемдік образдың да аса мәнді құралы.

“Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
“Кел!” десең, неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.
Ха-лә-ли-лә-ләй-лім,
Ли-лә-лә-лім, ләй-лім.
Ли-лә-лә-лә-ли-лә-лә,
Ли-лә-лә-лә, ли-лә-лә-лә, ләй-лім”.

(“Назқоңыр”)

Вокализдің поэтикалық және музыкалық жағы егіз, өйткені ол әннің ырғақтық-интонациялық көркін белгілейді. Вокализ, ең алдымен, әнге кіріспе, әуендік пролог ролін атқарады. Бұл айтыс, жырау дәстүрінен нақты байқалады.

“Е-е-е-е-е-е-е-ей!
Баяғы өткен заманда...”

Ақын созылма әуендік кіріспеде айтылатын толғаудың идеалдық жоспарын жасауға мүмкіндік алады. Сондықтан суырыпсалма ақындар да, халық композиторлары да вокализді кіріспе пролог ретінде жиі қолданады:

“Е-е-е-ей, қалқам, сен де көркем...”
(“Көк айдай”)

“Е-е-е-ей! Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан”.
(“Теміртас”)

Кіріспелік функция ретінде вокализ халық әндерінде де кездесіп отырады:

“Е-е-е-ей, Ардақ, сен ақ қоян...”
(“Ардақ”)

Қазақ әнінде вокализ қайырма ретінде де қолданылады. Ол – шумақтарды немесе тирадаларды байланыстыратын дәнекері, сондықтан вокализ кейде айтылып болған шумақтың әуендік қорытындысы болса, келер шумақ үшін әуендік кіріспе болып қала береді. Бұл айтылғандар – вокализдің кескін-келбетін ғана білдіретін сыртқы сипаты. Вокализ әннің музыкалық және мағыналық-мазмұндық табиғатымен іштей байланысып, оның ішкі мәні ән өзегінің терең процестерімен сабақтасып жатады.

Ал вокализдің философиялық-эстетикалық мәні оның эмоциялық қасиетімен біртұтас болып келеді. Ән парасатының катарсис (тазарту – адамның рухани салауатын арттыру) құдіретіне кенелген көңіл әрқашан шексіз шаттықта болады. Ән шырқалғанда, адам әннің әсерлік қайнар көзінің мезгіл мен кеңістікте еш шектелмеуін қалайды. Бірақ ән сөзі шекті, бір құбылысты мақұлдап, әлде терістеу арқылы ол оқиғамен, белгілі хабармен ұштасады, бұл хабар қаншама ұзақ, әрі толық баяндалғанмен, түбінде тәмамдалады. Өнердің гедонистік шарты – адамды ләззат пен рақатқа бөлеу. Жанды тербеген құбылыс болған үстіне бола тұрғанын көксейміз, сана-сезім эстетикалық ләззат кенішінен ажырауға наразы міне, осы кезде әуен мен ән диалектикалық қарама-қарсылыққа түсіп, қайшылықтар тайталас арқылы шешіледі. Бұл – шексіздік (әуен) және шектілік (сөз) категориялар арасындағы диалектикалық байланыс, арақатынас. Шексіз құбылыс сапамен сабақтасады, ол шектіліктің ауқымына сыймайды, сондықтан әуен ән сөзінің шырғауынан сытылып шығып кетеді де, поэтикалық текстің нобайын ғана сақтап, нақтылы ән сюжетіне бой бермей, “халалау”, “әридаша-ай”, “лилә-лә” секілді жанды әлдилер, әуенді тіркестер арқылы самғай береді. Ән әуені нақты әдеби программдан шығып, таза саз құдіретіне бас ұрады.

Сөз бен әуеннің шекті және шексіз категориялар диалектикасын “Алдар көсе мен шайтан” деген қазақ ертегісі дәл бей-

нелеген. Шектеулі сөз (ертегідегі шайтанның өлені) тез таусылып қалады, ал шексіз әуен (ертегідегі “әридайым” таусылса, “халиләйім” бар) бітпейді. Шектеулі ән сөзін ұзартатын – вокализ. Халық ән сөзінің қысқа болатыны да осыдан. Ұзын-сонар ән сөзі әннің эстетикалық қуатын арқандап, өрісін тарылтып тастайды. Міне, сондықтан жүрек сезінетін, бірақ тіл жетпейтін сезім қылын “халилалау” тербетеді.

Сонымен, ән ертедегі сананың даму кезеңдерінің сарқыншақтарын бойына тұтып отырады екен. Ән тексінде ол эстетикалық айшық, ал ән әуенінде вокализ түрінде бой көрсетеді.

Үшінші тарау. ӘННІҢ ШЫНШЫЛ ТАБИҒАТЫ

Ән және әлеуметтік орта

Қазақ әнінің негізгі мұраты – адамның өшпес рухы, адамды ғана паналайтын кісілік асыл қасиеттер. Ән кейіпкерлері затқа, сауғаға, байлыққа емес, адамға қуанады, олардың ынтық болатыны – адамның өз басы. Сондықтан қазақ әнінің басты пәні – адам. Алайда әнге адам тұтас түспей, адамаралық құбылыстар мен кісілік қасиеттер арқылы тұлғаланады. Сол қасиеттердің ең келелісі – махаббат.

Қазақ әнінің дені – махаббат лирикасы. Бұл әндердің өлеңдері, әдетте, күйкі күйбең, заттық оқиға мен нақтылы сюжеттен ада, сондықтан оларда сезім толғаныстарына жол мол берілген. Бұл әндер халық өнерінің әрқашан алдыңғы тобында жүреді. “Қарғаш”, “Сұржекей”, “Әупілдек”, “Баянауыл”, “Еркем-ай”, “Сұржелгенше”, “Женеше”, “Бір бала”, “Назқоңыр”, “Маусым жан” т. т. айтқанға тозбайды, тыңдаушыны жалықтырмайды. Айтқан сайын айта бергің келеді, олар берген эстетикалық кәусардан жұтқан сайын жұта бергің келеді, шөлінді баспайды, керісінше, сұлу сезімге, биік парасатқа ынтықтырып, ынтызар ете түседі. Қазақ әні өз бойындағы өнегелі тәрбиені, сыпайы ибаны төңірегіне үлгі нұрындай шашып отырады.

Махаббат – сезім атасы, сондықтан қазақ әні де сағыну, қоштасу, жан ашу, басқаның жанашыры болып, жамандықта жанынан табылу, жақсының тілеуін тілеу тәрізді ірі де кесек сезімдерді арқау етеді. Сондықтан ән өз кейіпкерлерін әрқашан қайнаған өмірдің бел ортасынан табады. Міне, осылардың бірі аяулысымен қоштаса алмай қиналса:

“Бетегелі белден боз,
Уағдалы еді айтқан сөз,
Айрылысар күн туды,
Қош есен бол, айдай,
Ақкербез, Ақкербез! . .”
(“Ақкербез”);

келесісі табыса алмай аласұрады:

“Ахау, Семей!
Тіл мен көмей,
Басылмас жанған жүрек,
Сәулем келмей”.
(“Ахау, Семей”)

Бірін-бірі іздеп, көрісуге ынтық:

“Ай-ай сарым,
Сәуле жаным,
Сағынғанда қайда едің,
Ғашық жарым?”
(“Ахау, керім”);

“Сен қалайсың, қарағым, мен дегенде,
Ұшар қанат менде жоқ сен дегенде”.
(“Ақ Айша)

Бірі көптен зарыға күткенінен хабар алып, қуанышқа кенелейін деп жатса:

“Өзіңе арнап хат жазып жіберейін,
Сағынғанда оқы да, бауырыңа бас”.
(“Ақкербез”);

тағы бір аяулы адамымен ұшырасар шақта қарбалас сезім күйіне түседі:

“Намаздігер, намазшам арасында
Асыққаннан тимейді өкшем жерге”.

(“Жеңеше-ай”)

Қазақ әнінің көбінің шығу тегі, өз өмірбаяны бар, он – қайнаған өмір. “Жас келін” – Жетісудың Қыбрай еліне келіп түскен кербез келіншектің күміс қоңыраудың үніндей мөлдір әні. Әншінің мақсаты – өзін үлкендерге таныстырып өтіп, той бастауға рұқсат алу. Сондықтан бұл ән өз әлеуметтік ортасын суреттеуді мақсат тұтады. Ән тексі сол заманның келеңсіз жағдайларын да жария етеді. Әнші келіншек айтарын қымсынып, базына түрінде дәмдеп барып жеткізеді. Өйткені ол – жас келін.

Дәстүрлі тұрмыста жат ел, жат жұрттың келінге сыншыл келетін әдеті бар. Бірақ сезімтал қыз шымылдықтың ар жағында отырып-ақ жұрт ризашылығын өзінше пайымдап, өлеңге өреді:

“Жаңа ел, жаңа жерге әнмен келдім,
Иіліп, тізе бүгіп сәлем бердім
Рұқсат ағалардан алғаннан соң,
Жолымды құт болсын деп, отауға ендім”.

Жас келін шымылдықтан шығып шырқауға болмайтынын есте естен шығармайды. Ән сөзіндегі “білерсіз жайды-ай” тіркесі – осының айғағы.

“Көрерсіз айды-ай,
Білерсіз жайды-ай,
Жас келін ән шырқаудан
Жалықпайды-ай!”

Бұл әнде революцияға дейінгі қазақ келінінің типтік портреті сомдалған. Отауының табалдырығын оң аяғымен аттап отырған осы бір кербез келіннің жаңа елінің көсегесін көгертіп, өрісін – малға, шошаласын – ырысқа, ауылын күміс күлкі мен “сіз” бен “бізге” кенелтетініне имандай сенесіз, иланасыз.

Ән адамды осылайша өмір процесі үстінде тауып отырады. Адам – қазақ әнінің мәйегі, оның негізгі реалистік мазмұны. Бұл ірі принципті әуелде басшылыққа алған халық әні қашан да ұсақ сезім қуалағыш сентиментализмнен бойын алшақ ұстаған.

Әннің шыншылдығы дегеніміз – дүние құбылыстарының басты қасиеттерін дәл бедерлеу. Қазақтың халық әндерінің азда айқындалатын деректері арқылы шығарушының ұлтын, әлеуметтік тегін, жас мөлшерін, географиялық ортасын жазбай тануға болады. Әннің реалистік сипаты – оның халықтығының басты көрінісі. Қазақтың халық әніне басқа халықтар таласа алмайды. Қазақ әні – тек қазаққа тән. Материалдық және рухани несібесі жақын халықтардың ұлттық бітімін халық әнінің өзіне тән меншік қасиеттері айқындап тұрады. Мәселен, ұлттың физикалық болмысын көз айыра алмауы мүмкін, ал оны ән бұлжытпай саралай алады.

Қазақ даласы қанша кеңбайтақ болса да, шырқалған әннің ұлан-ғайыр сахараның қай төскейінің төлі екенін ажырату қиын емес. Әр өңірдің әнге деген өз талғамы болады. Әрине, жергілікті оқшаулық тұтас ұлттық ерекшеліктің аясынан ауытқымайды. Текеметтің бояуы әр басқа болғанымен, текемет бойында бір ғана реңк бар ғой. Бір елдің әр шалғайындағы әуен-сарындар ерекшелігі де сол текемет бояуы сияқты, ұлттық талғам аясында үйлесімді тұтастық құрайды. Өйткені қазақ әні қоршаған ортамен, замана тынысымен тұтас. Алайда ол ғылыми аңсарлар секілді құбылыстардың мән-жайына тоқтап, зерде жүгіртіп талдап, немесе зейін көмегімен топшылап жатпайды. Әннің әр сөзінің өз орны, өз функциясы бар. Әндегі сөз шартты, көп мағыналы. Сондықтан ән қабырғалы тарихи-табиғи үрдістердің өзін бір ғана штрихпен, белгімен, не ыммен ғана білдіре қояды.

“Мінгенім дәйім менің Сұржекейім,
Бүлкілдер әнге салсам, көмекейім.
Кіші іні, үлкен аға бас қосқанда,
Алдында Сұржекеймен бір кетейін”.

(“Сұржекей”)

Бұл әндегі “Сұржекей” – жылқы, “кіші іні, үлкен аға” – әлеуметтік өмірдің белгілері, сол қоғамның талғам-тынысы. Мұндай штрих-белгі сал-серілер творчествосынан да кездесіп отырады. Ол – “таңбасы бар, ені жоқ Бурылтай”, “баспа бас қызға бермес Құлагер”. Бурылтай да, Құлагер де сал-серілер жа-

нынан тастамай, бағып-қағатын, өз қолдарымен “су беріп, сұлы беріп”, басқаға сенбей баптайтын назбедеулер. Бұл – көшпелі қоғамның белгілі бір сатысына ғана тән салтанат нышаны.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының даму кезеңі ән өнерінде сал-серілер дәуіріне сай келеді. Ата дұшпан болған Жоңғар мемлекеті құлап, қазақ халқы іргесін белгілеп алды. Қазақстандағы отаршыл орыс өктемдігі өз ішіміздегі қақтығыстарды шектеді. Қазақ аулы ән мен күй салтанатын рухани дәстүріне айналдырды. Мұндай рухани дәстүр өнерден алшақ дүниелердің өзін салтанат пен тамашаға ұластырып жіберіп отырды. Мәселен, жаңадан қалыптасып жатқан бүкілроссиялық рынок мүддесінен Қазақстан жерінде бірнеше айырбас алаңдары мен жәрмеңкелер ашылды. 1848 жылы Қоянды бекетінен бой көтерген атышулы Қоянды жәрмеңкесін сауықшыл қазақ халқы жыр мерекесіне айналдырып жіберді. Бұл сауда-саттық мекемесінің Қазақстанның дәстүрлі экономикалық өрлеуімен қатар қазақ өнерінің дәуірлеуіндегі ролі де ерекше. Қазақтың небір өнер саңлақтары осы жәрмеңкеде тоғысып, бас қосты, өнер жарыстырды, күш сынасты. Жәрмеңке шын мәніндегі рухани қазына жәрмеңкесіне айналды. Біржан сал:

“Базарың құтты болсын, ардақты елім!
Қоянды – ту көтерген думанды елім!” –

деп, Қоянды жәрмеңкесін өнер тұғыры ретінде асқақтата жырға қосады.

Бұл – XIX ғасырдың екінші жартысындағы бүкіл қазақ әлеуметінің әнмен түйінделген бір ғана тұлғасы.

Ән мазмұнынан бейнесін тапқан тіршіліктің қай ғасырда, қай мекен-жайда орын алғанын аңғару қиын емес, әрине. Географиялық және әлеуми орта ән мазмұнымен сезімдік үндестікте тұрады. Адамның көңіл күйіне қарай ол да қолайлы әлде қолайсыз, жағымды әлде жағымсыз болады. Төменгі мысалда ұзатылатын қыздың отау тіккен жерінің “ойлы-қырлы” болуы көңілінің де “кедір-бұдырлығымен” астасады.

“Ақ отауым тіккен жер ойлы-қырлы,
Ұзатайын деп жүр ме әкем биыл.

Үйдің көркі қыз екен, бермейік деп,
Шешем байғұс айтпайды-ау мені биыл”.

Бұл – эстетикалық құрал-жабдықтар белгілі идеялық мазмұнмен іштей бірлікте тұратынының кепілі. Географиялық немесе әлеуми орта жағымды болса, ол міндетті түрде жағымды эстетикалық айшықтар арқылы немесе керісінше бедерін тауып отырады.

Ән табиғи және әлеуми ортаның жағымды суретін көсілте, шалқыта бедерлей салады. Сондықтан ән суреттеген орта, не зат дүниенің басқа бөлігінең ерекшелене қаланып, жайнап, жарқырап тұрады.

“Жаз болса, жердің жүзі жайнап тұрған,
Ән шырқап, бұлбұл құстар сайрап тұрған.
Болғанда қырық күн шілде, сарша тамыз,
Ыстық боп жердің жүзі қайнап тұрған.

Әй, айым-ай, күнім-ай,
Айхай, жаздың күні майдай-ай!”
(“Жаз болса”)

Немесе:

“Ақ үйден бір қыз көрдім көзі күлген,
Үстінде дүрия көйлек шәймен бүрген.
Сол қыздың сұлулығын мен айтайын,
Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген.
Ой, көк, япырым-ай,
Жастық дәурен өте ме-ай!?”

(“Ой, көк”)

Осы жердегі дүние суреті де, қыз келбеті де мінсіз. Бұл – халық әндерінің өнер туындысы ретіндегі оқшау заңдылығы. Ән өз тыңдаушысының эстетикалық талғам – талаптарын шыңдап, тыңдаушының барлық ән әлемінің ішінен тек осы айтылып жатқан әнге ғана назар аударуын мақсат тұтады. Мәселен, “Баянауыл” әніндегі “Баянауыл басынан бұлт кетпес” тіркесінің географиялық ортаға қатысты жағын ғана алып қарасақ (көңіл-күйге қатынасын жоғарыда жаздық), мынадай мәселелер ойға

оралады: Баянауыл үлкен заңғар тау (“бұлт кетпес”), “бұлт кетпес” – ұлылықтың да белгісі, сондықтан ондай таудың сұлу болуы да шарт. Қазақстанның оңтүстік шегіне орналасқан Қаратау туралы өлең де, ән де көп. Бірақ халық “Қаратаудың басынан бұлт кетпес” деп айтпайды. Мұндай тіркес не өленде, не фольклордың басқа туындыларында кездеспейді. Қайта, керісінше, қазақтың қара өлеңінде:

“Қаратаудың басында бұлт болмас,
Ақ қалайы сандықта кілт болмас,
Кішкентайдан бірге өскен қалқатайым,
Төбем көкке жетсе де, ұмыт болмас”, –

деген жолдар бар. Бұл шындыққа мүлде жақын. Қаратау да сәнді тау, әлбетте, оның сәні Қазақстанның басқа тауларына қарағанда, мүлде бөлек, басқаша. Қаратаудың табиғи салтанаты оның жан-жағын қоршаған шөл мен шөлейт даланың өзіне ғана ықшам сымбатымен үндес. Алыстан қараған адамға мелшиген сары даланы кемерлеген қаракөк заңғар таудың келбеті Рерихтың қиял тамшылаған сиқырлы қылқаламынан туған шығармаларын еске түсіреді. Ал Баянауылдың көркі мұнан өзгеше. Баянауылдың (монғолша – Баян-оала – сұлу, бай тау) орналасқан жері қазақтың қыратты, ну орманды сәнді шоқылары. Қазақ әні осы екі таудың да өзіндік сән-салтанатын жаңылмай, бірінің белгісін екіншісіне ауыстырмай, дәл бейнелейді, олардың әрқайсысының фольклорлық эстетикадан алатын дәстүрлі орнын шатастырмай, жазбай таниды. Бұл – қазақ әнінің шыншылдық қасиетінің айғағы.

“Баянауыл басынан бұлт кетпес...”

Ән Баянауылдың маңайын қоршаған қазақтың ескі таулар өлкесінің асақтығын да, әншінің өз көңіл күйін де айтып, адам рухы мен оған тең түскен табиғат арасындағы гармонияны да тауып тұр. Бұлт – қайғы-шердің поэтикалық белгісі. Бірақ “бұлт кетпес” тіркесі ұлылықтың да, өреліктің де символы дедік. Сонымен, бұлт екі кереғар құбылысты нокталап, әншінің арманға толы көңіл күйін де, тау сұлулығын да бейнелей алған. Осы ән, байқасаңыз, автордың әлеуметтік қауқарын да мегзейді. Оның

күрмеуге келмейтін қысқа жіптей тіршілік қарекеті аңғарылады. Әнші алдымен өз жайын жариялаған соң ғана өзінің арманға толы асыл сезімін білдіреді.

Баянауыл образы арқылы автор сұлу да асқақтықты әнге қосса, “басынан бұлт кетпес” – сол асқақтың диалектикалық қарама-қарсылықтан туған дәлелі. Әлбетте, бұлттың да, асқақ таудың да атқаратын қызметі осымен тәмамдала қоймаған. Бұлт – өрбуге бет алған ойдың белгісі. Баянауыл тұлғасы – әншінің өз басына лайық теңеу. Ол – өз құрбысының алды болып жүрген сахараның салы.

“Қиядағы түлкіге құсым жетпес”.

Түлкі хас сұлудың образы дедік. Қазіргі сәтте әншінің сол сұлудан басқа арманы да, аңсары да жоқ. “Алтайы қызыл түлкі”, “ажарың ақ түлкідей”, “қырдың қызыл түлкісі”, “бала бүркіт түлкіден аянбайды” – дәстүрлі фольклорлық айшықтар, қолаң шашы төгілген бойжеткеннің бейнесі, ал түлкінің қияда болуы шартты сұлулықты әсірелеу, кәдуілгі өмірде болмайтын әсемдікті, теңдессіздікті білдіру. Құс – махаббат, көңіл. Абай жырында “көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа” түрінде кездеседі. Түлкіге құс жетпеуі мүмкін емес, түлкі – қыр мен қыратты, жазық аймақты мекендейтін хайуан. Оның қияда жүруі – ситуация даралығының, күнде кездесе бермейтін оқшау құбылыс екендігінің кепілі. Ал қиядағы түлкіге құс жетпеу – гипербола. “Түлкіге құс жетпеуге” құрылған образ арқылы әнші өз басына түскен сезім нәубетін қоюлата түскен. Бұл – үлкен іңкәрліктен туған мөлдір махаббат, онымен қосыла жүретін пәк қызғаншақтық. Көңілді билеген қанатты сезім өмірдегі болатын затты, құбылысты шартты түрде болмайды деп литота арқылы сомдап шығарған. “Болады” деуге аузы бармайды. Аузы барады-ау, бірақ тіл мен көз тие ме деп қорғалақтайды. Сондықтан ойға литота араласуы да шартты. Ән әсері үстемелей, асқақтап, ырыққа көнбейтін сезімге – градацияға тартады.

“Ақ боз үйдің сыртынан аттандырып...”

Үшінші жолдың басы айтылып болғанша, тыңдаушы сезім мен ән әсерінің сиқырлы құшағынан шыға алмай тұрады. Бірақ

ән болып жатқан оқиғаға, әлеуметтік ортаға қайтадан құлақ түргізеді, адамды сергітіп алып, музыкалық хикаяның соңын айтады. Тау, құс, қия, түлкі қосылып, ақ боз үйдің сыртына асығыс шыққан адамның толғанысын толықтырады, сол адамның аузынан шыққан сөзге ден қойғызады:

“Қош, ағатай!” дегенің естен кетпес”.

Ән сөздерінің жоғарыда келтірген белгімен берілген элементтері әншіге әннен әсемдік түйінін – көркем образ түюге көмектеседі, әнге естен кетпейтіндей қасиет дарытады. Оның дәлелі – “Баянауыл” әнінің өзі. Әрине, жіті танымаған адамға ән сөзі түсініксіз. Өйткені қазақ әні дәйім осындай эстетикалық айшықтар тізбегінен тұрады.

Әніміздің тағы бір тосын қасиеті – оның талғампаздықпен сабақтасуы. Есті ән де тыңдаушы құлақтың естісін қалайды, көрінгенге өз сырын аша бермейді. Қазақ әнінде көркем айшықтар мол болғандықтан, сол байлық осындай идиоматизм мен этнографизмге айналып, ән сөзі символикамен тұтасып жатады. Қазақ әні символмен түйілген әлеуметтік-эстетикалық қатынастар қорытындысы болып табылады. Сондықтан ән сөзін басқа тілге аудару – әннің эстетикалық көркемдік бітімі үшін қауіп, қиянат. Ән ұққысы келген адамның тек ән тілін түсініп қоюы жеткіліксіз, ән өнерінің түпнұсқасы, қайнар көзі – ұлт мәдениетін меңгермей, ән өз салтанатын, эстетикалық парасатын аша қоймайды. Әрине, бұл айтылғанның барлығы тек қазақ әніне ғана тән емес, қандай да болсын ұлт әнінің туған топырағынан даритын қасиеті.

Қазақтың халық әні тәрізді поэзиясы да авторсыз. Сондықтан уақыт көшімен бірге оның кемелденіп, дамып отыруы заңды. Осы кемелдену барысында орынды, ұтымды айтылған ән сөзі халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауысады. Ғасырлар қозғалысы әнді нақыштап, әрлейді. Міне, сондықтан “Әупілдектің”, “Тауһартастың”, “Япыр-аудың”, “Жеңешенің”, “Қарғаштың”, “Дайдидаудың”, “Қарғам-аудың” ән текстері дербес мән мен сән бірлігінің құймасына айналған. Халық әндерін

тарих өзі екшеп, сұрыптап, сөзін шын мәнінде ән поэзиясына айналдырған, мазмұны мен кескін-келбетін мінсіз үйлестірген.

Әннің шыншыл табиғаты ұлттық нақышпен үндесе, оның интернационалдық өзегі осы ұлттық ерекшелікпен ұштасады. Қазақ әні тек қазақ құлағының ғана құрышын қандырмай, басқа ұлт өкілінің де игілігі бола алады.

Халық әнін жасаушылар көбіне беймәлім болып келеді. Әлбетте, олар да өздерінің әлемдік әріптестері секілді өмірін зұлымдықпен тайталаста сарп еткені аян. Ұлылық тек тайталаста ғана туады, сонда ғана ол ұлағатты. Бұл жәйтте де әннің шыншылдығы аңғарылып қалады.

“Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен – бұлт, менен қайғы тарқамады.
Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай,
Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы”.
 (“Қарқаралы”)

Бұл әннен ән авторы Мәди туралы жан-жақты мәлімет алуға болады. Әнді түзуге қатынасқан көркемдік құралдар тек эстетикалық айшық қана қызметін атқармай, автордың мекен-жайын, әлеуметтік орнын, дүниеге көзқарасын, адамгершілік тұғырын тайға таңба басқандай айқындап тұр. Әннің әлеуметтік-таптық сипатын ажырату да қиын емес.

Кей ән текстері ән авторын бұлжытпай дәл бейнелейді. Ән сөзіне орай ол әннің қай өңірде, әуел баста кімнің аузынан шыққанын біліп отыруға болады.

“Сайраған Орта жүздің бұлбұлы едім,
Кәрілік, келіп қалдың қай жағымнан”.

Мұның Ақан серінің әні екеніне ешкім шүбә келтірмейді. Өйткені, ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Ақан Құлагер мен Матайдың еркесі Макпалдан айрылған соң, серілікті шарт доғарып, Ертіс бойын мекендеген қарашекпендердің көтерме жұмысын істеп кеткен. Оған “Әудем жер” әнінің екінші шумағындағы:

“Тиынын орыс берген пайда көріп,
Жүремін жас кісідей дүние жиып”, –

деген жолдар да айғақ. Ал бұл әнді белгілі зерттеуші Қайым Мұхамедхановтың Көкбайдікі деп пайымдауының ешбір негізі жоқ. Бұл пікірдің теріс екенін “Сайраған Орта жүздің бұлбұлы едім” деген сөздер де дәлелдегендей. Көкбайдың Орта жүз атынан сөйлеуге творчестволық хақы болмағанын айтып жатудың өзі артық. Әннің шыншылдығы – халыққа кең таралуының бірден-бір көзі. Сондықтан дәстүрлі ақындар өз атын:

“Әсеттей сал, ән салсаң, аңыратып,
Орман-тоғай, өзенді жамыратып”, –

деп, не тура:

“Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес”, –
(Біржан)

деп, не тұспалдап жеткізген.

Халықтың эстетикалық мұратының байрағын берік ұстаған осынау саңлақтардың өмір тарихы таныс: кітаптан оқимыз, ел аузынан хабардар боламыз. Халықтың ән қазынасының іргетасын қалап, күмбезін көтергендер – осылар.

Бағамдап қарасақ, өткен ғасырдағы әлеуметтік жанталаста тұрғызылған мәдениет ғимараты сұлу да асқақ болмауы мүмкін емес екен. Ойымызға түсірелік, тізе бүгелік, мұндай парасатты тағы қай жерден кездестірген едік?! Ол әр жерде, әр өлкеде, нағыз адам жүрген жердің, алқаптардың барлығында бар, өйткені әлеуметтік арпалыста туған әннің де, мүсіннің де, күмбездің де парасаты сарқылмақ емес, олардың адам үшін берері мол, күн нұрындай шуағы тегін, тек ала біл! Асқақтық пен сұлулықтың шұғыласы – адамзаттың ойын да, бойын да түзететін, мәңгібақи тазалыққа жетелейтін салауат.

Ғасыр тұлғасының қысқа да келте бейнесі болып саналатын ән өнері халық портретін, ғасырлар тынысын бойына дарытқан. Оның қайнары сарқылмақ емес. Ән – халық бітімінің, тегінің, оның жан-жүрегінің өшпейтін оты, толастамайтын үні.

Қамысы әупілдектің мүше-мүше

Ән – кішігірім әдеби шығарма. Жеке шығармалық сипатта болуы үшін оның міндетті түрде кіріспесі, оқиғасының өрбуі мен шешілу шағы болуы заңды. Мазмұны мен формасы (әуені де, сөзі де) көркем бейне түзуі шарт. Ол бейне дара өзі ғана емес, әдеби туынды ретінде заманымен, әлеуметтік ортасымен тұтас сомдалуы парыз. Міне, осы жәйттер орындалған тұста ғана ән көркемдік туынды ретінде мәдени дәулет санатына қосыла алады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін халық арасына кең тараған бір әннің философиялық және эстетикалық салтанатын бастан-аяқ талдап көрелік. Философиялық және эстетикалық зерде тоғысқан ән іздесек, ойымызға, әрине, “аһ” десе, аузынан жалын ақтарылар арманға толы, сана жетпейтін шалғайларда жүрген ынтығын іздеген бұла жүректің толғанысын аңыратқан, табиғат тамашасы мен бұлқынған жүрек сағышышынан образ сомдаған әйгілі “Әупілдек” әні ілінеді.

“Қамысы Әупілдектің мүше-мүше...”

“Мүше-мүше” – көл бейнесінің затты бедері, ол тек жеке қамыстың буын-буынын жіліктеп тұрған жоқ, түгел көл көрінісін және көлге деген лирикалық кейіпкер жүрегінің ықыласын сездіреді. Жаратылыс таза сұлулықтан ада, табиғатты сұлулық нұрына бөлейтін – адам. Адамсыз жерде сұлулық та жоқ, салтанат та болуы мүмкін емес. Қысқа қайырым ән сөзіне қыруар қордалы ой мен образдың сыйып кетуі – құдіретті құбылыс. Мұнда көп сөзге орын жоқ. Сондықтан әр сөзге көп салмақ түседі. Бір – дара, жеке. Бұл – үзіліс, қозғалыс жоқ. Ал екі – көп, қайта орала беретін құбылыс.

“Өскен жерге сыймай кетіп барады,

Өскен жерін қимай кетіп, қимай кетіп барады”.

(“Құстар қайтып барады”)

“Қимай кетіп” деген тіркесті екі рет қайталау арқылы құбылыс тек қозғалысқа ғана түсіп қоймаған, қозғалыс іркіліс

арқылы үздіксіз қозғалысқа айналған. Қашанда қозғалыс – үзілісті және үзіліссіз қозғалыстың жиынтығы. Ақын бұл кереғар құбылыстардың диалектикалық жігін дәл таба алған. Сондықтан әндегі құстар қайтып бара жатқанмен, алысқа кетпей, мәңгі-бақи қимыл үстінде тұр. Құбылыс процеске айналған. Өйткені ақын жүрегіне қымбат жыл құсымен аста-сып, толассыз өтіп жатқан өмір кезеңдерімен бірден қоштасып, қол бұлғап, ұзатып салуға қимай тұр. Бірақ құстар қайтып барады, қайтып барады. Талай ұрпақ келеді, талайы кетеді. Алайда көз алдымыздан қайтқан құстар ғайып болып кетпейді... Әлі де қиқуымен туған жердің аспанын жаңғырықтырып, көгілдір көкжиекте қоштасуға қимай тұрып алмақ. Тұманбай ақынның бұйрығы солай!

Жыр тарландары Ақтамберді мен Махамбет арғымақ аттың сұңғыла желісін суреттеу үшін “елбең” деген сөзді екі-ақ рет қайтарған.

“Елбең, елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген”.

Қос қайрылған “мүше” сөзі де Әуілдек көлінің толқынын тулатып, қамысын шулатып, шағалаларының айғайын құлаққа жеткізіп тұр. Мұнда қозғалыс бар. Автор үшін қайталау образды өрістетіп қана қоймайды, өз сағыныш-зарының шексіз екенін танытады, көптен көрмеген адамын көруге ынтық екенін сездіртеді. Бірінші жолдағы образды осылайша қозғалысқа түсіру екінші тармақта айтылатын:

“Сарғайдым осынау көлдің суын іше”, –

деген сезіммен сабақтаса кетеді. Тыңдаушы осы екі жолдан бүкіл әнде айтылатын жағдайды түгелдей біледі. Әннің әуендік, текстік лейтмотиві енді аян. Ән тыңдаушының көңіл күйін өзіне аударады.

Өнер шығармаларының барлығына кіріспе тән, әр өнер саласы оны әр түрлі айтады. Мәселен, сәулет өнерінде кіріспе – қақпа, портал, ғылыми шығармада – алғы сөз, әдебиетте – про-

лог, театрда – перде, рампа, кинода – журнал, музыкалық шығармада – увертюра. Ән көлемінің ықшамдылығына қарамай, өнердің жалпы заңдылығына бағынып, қажетті құбылысқа аз да болса орын бере білген. Бірақ сол аздың өзі көпке бергісіз. Ән образы да кіріспесіз олқы болмақ.

“Қаратаудың басынан көш келеді,
Жетім тайлақ боздаған көшке ереді”.

Бұл – қазақ әнінің кіріспесі. Кіріспеде айтылған жағдай қайта баяндалмайды. Кіріспенің көркемдік, эстетикалық және семантикалық маңызы зор. Ол әннің интонациялық кілтін ұстап тұрады. Әлемдік ән өнерінде мұндай айшықтар кездесе бермейді, қолда бар алтынның қадірін түсінген ләзім. Әннің ішкі мәні, сән-салтанаты бірден көзге түсе бермейді, асыл өзегі тереңде жатады. Оны кіріспе жалпылап, там-тұмдап көрсетеді.

“Әупілдектің” кіріспесі көп жағдайды білдіргенмен, көңіл қақпасын тұмшалап, тұйыққа тірейді. Әуен интонациясында іркіліс бар. Өлеңнің келесі бөлегі осы тығырық жағдайдан құтылуды ойлатады.

“Осынау көлдің суын іше” деген тіркесте көлді жерсінбеушілік аңғарылады. Мұны “осынау” деп тіксіне қайырған есімдік оғаш екпінмен бадырайтып та тастаған. Бірақ автордың осы әрекетінің барлығы көл суын менсінбеуден туып жатпағаны тыңдаушыға бірінші жолдың өзінен белгілі болған жағдай. Авторға тағат тапқызбай тұрған көлдің суы емес. Әупілдек – тұнық көл, өйткені оның суы ішілгеніне көп болды. Әнші көл көрінісінің сонылығын көлдің “Әупілдек” деген ат арқылы да, “қамысы мүше-мүше” деп те суреттеп тастады. Әншінің айтар басқа ойы болып тұр. Оны енді айтпақ...

Сарғайдым... Осы бір қарапайым, күнде естіліп жүрген сөзді “осынау көлдің суын іше” дегенге тіркеп, ішке қатқан шемен шерді ақтара салған. “Осынау көлдің” деген сөздің орнына “Әупілдек” сұранып-ақ тұр. Алайда олай болды дегенше, ой жұтап, сезім сөнгендей әсерсіз күй кешер едік. “Осынау” деген сөзден туатын сезім толғаныстарын бір сөйлем былай

тұрсын, бір шумақпен жеткізу мүмкін емес. Сиқырлы сөз, сырлы тапқырлық! Халық әнінің эстетикалық құдіреті ылғи осындай інжу – маржаннан құралып жатады.

Әннің кіріспесі осымен тәмамдалды. Бірақ тыңдаушы бүкіл ән дүниесінен тек хабардар ғана болып қойған жоқ, ән тыңдаушысын жақсының жанашыры, жаманның жаушысы етіп қойды. Тыңдаушы жай салғырт тыңдаушы емес, ол – әнді орындаушы, әннің идеялық мазмұнына пікірлес, сол идеяны жүзеге асырушы да. Тыңдаушы әнді өзі айтпағанмен, оның жаны айтып тұр. Ән тыңдаушысының жанына ән салғызып, оның бауырмал жүрегіне басқа біреудің мұңын мұңдатып, басқа біреудің жоғын өз жоғындай іздетіп қойды, біреудің басына түскен қайғы-шерге тыңдаушысының басын ауыртып, балтырын сыздатты. Неткен парасат, неткен адам үшін күрес, жанталас! Адам мен адамды ән қалай қисынын тауып қосады, басын біріктіреді, бауырластырады, асыл әрекетке бастайды!

Кіріспеде оқиғаның өзі, оқиға өтіп жатқан мекеннің суреті, осы жерде болып жатқан процестер, сол процестермен жанды қатынаста тұрған адамның көңіл күйінің сабақтастығы баяндалады. Кіріспе жеке бір дастанның салмағын көтеріп тұр. Оқиғалар ретімен баяндалған. Бұл – әр жолдың ішкі түзілісі, формасы, кескін-келбеті. Сөйлемдегі сөзді, не олардың орнын ауыстыруға болмайды, оның әр сөзі дербес аңыз, жеке әңгіме, ауыстырсаңыз – поэзия қалуы мүмкін, ән калмайды. Халық өлеңінің версификациясын, ұлт мәдениетін толық меңгерген кемеңгердің қолынан шыққан ба дерсің?! Мұндайда сахараның сал Біржаны, сері Ақаны, Үкілі Ыбырайы, ардагер Жарылғапбердісі мен күміс көмей Әсеті еске түседі. Осылардың әйгілісінен беймәлім, белгісізі мықты ма деп қаласың. Әрине, шоқ жұлдызындай жарқырап, ұлт маңдайына біткен дарын иелерінің дәріс алған ұстаздары бағзы-баяғыдай көлеңкеде – беймәлімдер тобында қалады, олардың атын атамай, халық дейміз, шығармаларын халықтық дейміз. Олар үшін мұнан артық қадір-қастер бар ма?!

Халық қазынасын таратқан да, бізге жеткізген де – солар. Сондықтан ұстаздың көкесінің ғасырлар сілемінде тірнектеп

жинаған асыл талғамы, асқақ түсінігі, сұлу сезімі осы беймәлім ардагерлер арқылы ғасырдан ғасырға ұласып, біздің буынға жетті.

“Әупілдекте” бүкіл қазақ әнінің тарихи тағдыры, оның даму жолдары да көрініс береді. Осы бір әннің өзінен адам санасы біртіндеп мифология жүгінен тазарғанын, бірақ, сөйте тұра, мифтік элементтер өз дербестігін ән сөзінде көркемдеуші құрал ретінде сақтап қалғанын аңғарамыз.

Кіріспе аталған әннің алғашқы екі жолының өзінде табиғат адаммен мифологиялық тепе-теңдікте емес, жаратылыс тылсым қалпында, бірақ адаммен қатынасқа түскен, адам оған сауал қояды, табиғаттан үн жоқ, жауап қатпайды, жауапты табиғат үшін адам өзі береді. Ән пьесасында адам – белсенді, ал табиғат – енжар (пассивті) кейіпкер. Бірақ адам мен жаратылыс арасында сұхбат бар, ол сұхбат табиғат құбылысы арқылы тіл қатқандай. Оны адам “оқиды”. Табиғатпен диалог лирикалық кейіпкер немесе шартты автор (“мен”) арқылы жүреді. Бір кездегі дүние үндестігіне, табиғат пен адам бірлігін күйттейтін мифологиялық санаға кетеу түсіп-ақ тұр. Өйткені адам табиғаттан, әсіресе оның әлеуметтік қасиеттері жаратылыс құбылысынан асып түсіп жатыр. Алғашқы синкреттік тұтас сананың осылайша күйреуі ән шығармашылығына жаңа талап та қоя білді. Ол талап адамның рухани, ішкі дүниесінің жан тынысымен сабақтас.

“Қос қанат құсқа біткен, маған бітсе...”

Бітсе? Бітсе! Бітсе... Ондай өнер қайдан келсін. Оған, жоғарыда байқадық, мифология алыптарының да шамасы жетпеген. Бірақ арманның алмайтын қамалы бар ма?! Іңкәр жанның бет жүзін бір көру үшін қанат керек. Түгелдей құсқа айналып кету көкейде жоқ. Адам адамдай сезінгіш эмоциялық сергек қалпында қалсам дейді. Керегі – тек қанат. Бұл талап тік қойылмай, бірте-бірте ашылуы парыз. Кейіпкердің бірден құс болып кетпей, “қос қанат... бітсе” деп көксеуі осыны аңғартады. Артынан тыңдаушыға суыртпақтап себебін де жеткізеді.

“Барар ем қалқатайға әлденеше”.

Әнші көңіл күйінің шешімін айту арқылы ішкі идеяның тоқ етерін баяндайды. Көз алдымызға сүйгенін сағынған елгезек жанның образы келеді, “Әуілдек” әнінің идеялық мазмұны – мөлдір махаббатқа деген адамның құштарлығы, махаббат үшін күрес. Осыны ән ту етіп көтереді, басқаға жариялайды, адамдар арасына насихаттайды. Махаббат күйзелісі, жастық жалынды қияс арманы, сағынған жүрек лүпілі, көп ішілген көл суы, жағасына желкілдеп өскен үкілі қамыс шашағы, міне, мұның бәрі де образ элементтері, мазмұны. Ән біз араласа алмаған, бізге дейінгі ықылым замандарда романтика мен лирикаға толы оқиғаларға назар аудартады.

Бұл:

“Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!” –

деп қол бұлғап, Абай армандаған шақ.

Бүкіл ән даму үстінде болғанмен, мазмұн композициясы алғашқы көкसेген “қос қанат бітсе” деген арманды өрістетпейді. Себебі бізге мәлім. Мифтік сананың ішкі меншікті (иманентті) дағдарысы – мысалымызда келтірілген Икардың қазасы, мүмкіндік пен шындық айырмашылығын әнге де мойындатқызып тастады. Қос қанат біткенмен, ұшу үшін жаратылмаған жан ұша алмайды. ХІХ ғасырдың ірі ақыны Кемпірбай мұны былайша түйіндейді:

“Аспанға қанат байлап ұшсаң-дағы,
Ажалдың құтылмайсың құрығынан”.

Кемпірбай өрнегі реалды. Ол мифологияға негізделген ұғым жүйесін жоққа шығарып тұр. Мұқағали бұл дағдарысты:

“Құс та болғым келмейді,
Қанатым бар”, –

деп тіпті тереңдетіп жібереді.

Аспанға құс қанатымен ұшу – бос әуре, түбі – келеке. Реалдық өмір өстіп мифтік сананы әшкерелейді, қазақ әнін

реалистік жолға жетелейді. Ән тексінде мойнына тұмар таққан Көкбестінің болуы да содан. Көкбесті – пәктіктің, толысқан сезімнің, сол сезімнің қасиеттілігіне деген сенімнің айғағы. Тұяғы жер басатын жылқыны қанатты құсқа қарсы қойған. Көкбесті элементі де ән сарынын реализмге тартады.

“Басында Әуілдектің мұнары бар,
Мойнында Көкбестінің тұмары бар”.

Тәтті сезім салқын тартқан. Жүрек күніренеді, кібіртіктейді, бірақ мойымайды. Махаббат сұсты аласапыранға түсіп, асау айбат байқатады. Сөз – поэзия үшін материал, оның атқаратын мағынасы көп. Мәселен, мұнар – басқа түскен қасірет, нәубет болса, тұмар – сол қасірет, нәубет кешкен бейбақтың асыл арманы, ардақты сезімі. Бұл арада тағы да диалектика бой көрсетеді.

Мұнар көлдің бетін торыған тұман ғана емес, ол әншінің көңіл күйінің самарқау тартуы. Өйткені мұнар, жоғарыда айтылғандай, жабырқаған көңіл күйінің символы. Ол қою. Тұмар байлап жіберген киелі Көкбесті назбедеу образы адам басын торыған қайғы-мұңды қоюлатпай, жасампаздыққа, белсенді эмоцияға бағыттайды, жарыққа тартады. Махаббат пен албырт сезімге байланысты тағылымдардың баршасын сыр қылып түйген жан дос-жарандарынан ғафу өтінеді, мұны мен шерінің себебін жариялайды, ақылдасады. Ащы өзегіне бұққан запыран-зардан босанғысы келеді. Алайда медет ақылда емес. Сезім қайта дір етеді. Құрбы-құрдасымен осындай жарым көңіл кезде қатар жүріп, ойнап күле алмайтынын наз етеді. Себебі салқалы, сенімді. Жаны таза ғашық өз сезімінен өзі қымсынады, жариялағанына кешірім өтінеді. Айтады. Асыл сезімді ардақтап, қызғыштай қорғай білетін биязы бейбақ ұялып айтады:

“Құрбылар, бұл қалай деп сөге көрме,
Ғашықтың қанбай қалған құмары бар”.

Әуеннің иірім-қайырымы жағдайдың мән-жайын қайталайды. Баяу басталған ырғақ осы жерде жиілене түсіп, тыңдаушының көңіл күйін бір мезгілге ширатып тастайды.

Екінші шумақ “мұнары бар” болып, көңіл кірбіңін салғырт қана білдіріп қойса, үшінші шумақта дегбірсіздік қайта басады. Өйткені мұнар жуық маңда ашылар емес.

“Басынан Әуілдектің мұнар кетпес...”

Мұнарды ән тұрақты құбылысқа айналдырған. Әнші мен тыңдаушының жүрегі бір соғады, көңілдері сабақтас. Апырым-ай, бұл не деген қою тұман?!

“Кей адам уәделескен сертке жетпес”.

Бірақ серпіліс бар. Күйзелістен шығатын сүрлеу жатыр. Адамнан адам күдерін несін үзсін?! Кебістің басын қоңылтаяқ іле сала, “Қош!” деп бір ауыз сөз айтып қалу үшін жүгіріп шыққан жанның есте қалған елесі көкейде берік. Сондықтан да сезім дағдарысына түскен жанды парасат қуаты жебейді.

“Кебістің жалаң аяқ басын киіп,

Ей, қалқа, “қош” дегенің естен кетпес”.

Соңғы жолдағы одағай (ей!) бүкіл әнді еркіндік пен бостандық құшағына бөлейді. Бір ғана көргеннен лып етпе сұйық сезім қуалаған жандар ма бұлар? Жоқ, көптен таныс адамдарға ұқсатамыз. Ән айтушы – балиғат жасындағы балғын бойжеткен. Махаббат оты тұңғыш лаулаған кезі. Ал ән арналған адам асыл арманды, аяулы сезімді арнауға лайық жан.

Міне, кішкентай ғана туынды осындай үлкен лиро-драмалық оқиғаға құлаш ұрады. Әннің сазды әуені поэтикалық образға сәйкес. Әуен әннің колоритін белгілеп, мазмұнын толықтырып, әр жолының эмоциялық әсерін тереңдетіп тұр. Екінші қайталанған әуендік иірім оқиғаның мәнін аша түседі.

Қысқа ғана ән сөзінде биязылап, бипаздап, баптап айтқан қыз назы бар. Жарқын, жағымды әуен поэтикалық образ бен өлең мазмұнының эстетикалық әсерін арттырып тұр. Әуен минорлы, мұңға толы. Бірақ ой ниеті айқын, тәуекелшіл. Бір айтылған жағдай қайталанбайды, үнемі өрістеу үстінде.

Ән тексінде нақты сюжет, оқиға желісі жоқ. Сөйте тұра, әннің басты мақсаты – адам сезімінің сұлулығын діттеу. Адамның

көңіл күйін бедерлейтін табиғат теңеулері сұрыпталып алынған. Шағын пьесаның негізі – адам сезімінің парасаты. Ол қимылсыз, өлі заттарды: көлдің суы мен буын, қамысы мен мұнарын жандандыру арқылы шешімін тауып кеткен. Осы жәйттерді қорыта келе, шынайы халық әнінің сөзі даралану процесінен өткен, абстрактылық кемелге келген, сондықтан әр сөзі көп мағынаны сыйғызып тұрады демекпіз. Мұнда сөз саптау еркін, сөз – әуенмен, әуен сөзбен сабақтасқан, әуен мен сөз үндестігі мінсіз. “Әупілдекте” поэтикалық мазмұн силлогикалық заңдылықты қатты сақтаған. Оқиға желісінің дамуы әуен дамуына сәйкес. Сондықтан әннің логикалық аппараты да буынын тапқан.

“Әупілдек” әнін тыңдап болғаннан кейін көкіректе қонақтап қалатын тағы бір қасиет бар. Ол – әннің оптимистік рухы. Ән түйіні тыңдаушыны терең ойға қалдырады. Мәселе екі ынтықтың қосылу, қосылмауында емес, олардың махаббат тағдырының тағылымында, сезімдерінің қылаусыз кіршіксіздігінде.

Тарих үшін “Әупілдек” тағдыры өнеге болмақ. “Әупілдектің” де негізгі идеясы драмалық ситуацияны қурай бермейді. Ән рухани қазынаның тәжі бола тұра, әлеуметтік өмірдің елеулі, келелі мәселелерін бейнелейді. Әуен мен поэзия осындай ірі мәселелерде тоғысып, синтез құрайды. Автордың сезім толғаныстары тым пәк, биік, ол – азғантай, болмашы сезімге тояттай қоймайтын, сүйсе – барлық жан-тәнімен беріле сүйетін, күйсе – түгелдей жанып кететін жан.

“Әупілдектің” кейіпкері, – Қыз Жібек, Баян сұлу, Ақжүніс, Айман апаларынан өнеге алған жан. Қазақ фольклорының махаббат сезіміне берік адамдардың үлгі тұтарлық тұлғаларын жасауға машықтығының әлеуметтік мәні осы жерде ашылады. Мәселен, Естайдың Қорланының ұлы әнші композитордың сауғаға берген сақинасын көз жұмғанда өзімен бірге алып кеткенін ел жыр қылып айтады. Қорлан мұндай ірілікті кімнен үйренді?

Қорланға, әрине, халық қазынасы мектеп болды, ол қаршадайынан халқымыздың дәстүрлі салауаттарын үлгі тұтып, кісілік қасиеттерді үйренді. Ол да Қыз Жібек, Ай-

мандар сусындаған этикалық қайнардан шөлін басты. Арын былғаныштан аулақ ұстап тұрған “Әуілдек” кейіпкері де келер буын сіңділеріне өз өнегесін тағылым етеді, тазалыққа баулиды. Бұл – әннің тәрбиелік мәні.

“Әуілдек” оқиғасы бір қырымен ғана көрініп, аяқталмай қалған. Бұл да әннің ғажайып қасиеті. Тыңдаушы ән тексінен оқиға туралы толық шешім таба алатындай хабар алса, ол әннің тұтынушысы ғана болып қалар еді. Сондықтан “Әуілдек” тыңдаушысын терең ойға жетелейді, тоқ етерін әсте айтпайды, шешуін тыңдаушының өзіне іздетеді. Ән – тарихи немесе деректі шығарма емес, көркем-әдеби жанр. Оның басты мақсаты – адамгершілік пен асыл сезімді ту ету.

Дүниенің кереметтерін махаббат туғызған. Бұл – Қозы Көрпеш пен Баянның, Ләйлі мен Мәжнүннің, Ақан мен Ақтоқтының жүрек дерті. Затты дүниеде ол дерттің емі жоқ, мұндайда ақыл сүріншек. Ал махаббат дертіне тек ән – ақылшы, сол ғана басу айтады. Ғашықтық күйігін қыранның қияғы, тұлпардың тұяғы, сүйген жардың ыстық құшағы ғана басады дейді халық даналығы. Егер осы айтылған үшеуі де болмаса, мұны тек ән тұмшалайды екен.

Қосағынан айрылып, жырақта, Әуілдектің мұнарлы жағасын паналаған бейбақтың осы бір әуені естіген жанның ішкі жан сарайынан орын алып, өмірбаянының жалғасына, өмір кезеңінің тұрақты белгісіне айналады. Өлеңнің бірінші жақтағы субъектінің атынан айтылуы нақты адамға деген жанашырлық сезімді тереңдете түседі.

“Әуілдек” және Сәкен Сейфуллин

“Әуілдектің” көлі де, әні де қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллинді кезінде қатты тебіrentкен екен. “Тар жол, тайғақ кешу” романында жазушы “Әуілдек” тағдырына арнайы тоқталып, әннің шығу тегі мен эстетикалық парасаты туралы сыр шертеді. Жазу-

шы әңгімесінде елді-мекен, жер-су, кісі аттары аталады, әннің біз сөз етіп отырған философиялық-эстетикалық, лирикалық, әсіресе таптық-әлеуметтік сипаты тереңінен сараланады.

“Үш жігіт атқа мініп, бой жазып келуге шықтық, – деп бастайды әңгімесін Сәкен. – Төңірек тып-тыныш. Күнбатыста, Атбасарға қарайтын жақта, алыстан бұлдырап қатар жатқан екі көл көрінеді.

– Анау не көл?

– Ол – Әупілдек. Ала көл.

– Уай! Әупілдегің әлгі кәдімгі, өлендегі Әупілдек пе? – дедім.

– Иә, сол өлендегі Әупілдек, – деді сол елдің жігіті. – Сол өленді шығарған қызды алған адам сол Әупілдекті мекен қылатын елдікі ғой. Елі қазір сол көлдің ар жағында отыр. Бірақ бұл жерден көрінбейді, – деді.

– Е-е, өлендегі Әупілдек осы десейші... Ол келіншек, әлгі, Сыздық дегеннің қарындасы ғой, қазір өлген ғой, ә? – дедім.

Ұшан-теңіз белестердің ортасында, ат үстінде, әлгі көлдерге қарап тұрдық.

– Сүйгеніне бара алмаған, малға сатылған сорлы қыз қайғыдан өлді ғой.

... Көз алдыма келіп елестеді. Оның жылағаны... Сатылып барған жерінен Әупілдек көлін жағалап, неше рет жаяу қашқаны көз алдыма елестеді... Жылап келіп, көл жағасына отырған жалғыз әйел. Манаураған жер мен көк – меңіреу... Еңіреген әйелмен бірге көлдің қамыстары теңселіп, сыбдырласып, сусылдап сөйлейді.

“Қамысы Әупілдектің мүше-мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суын іше.
Қос қанат құсқа біткен, маған бітсе,
Барар ем қалқатайға әлденеше!

Қар басты Әупілдектің қамыстарын,
Айтады әркім көрген қасірет зарын.
Түседі қайғылыға қара тұман,
Кім білер сол тұманның ашыларын?

Еріксіз Әуілдекті мекен еттім,
Жасым жас – он алтыға жаңа жеттім.
Айырған екі ашықты еңіретіп,
Ісіне бар ма шара күдіреттің?.. ”

Жазушы “Әуілдекке” заманына сай үлкен әлеуметтік жүк артқан. Бізге жеткен “Әуілдек” әнінің Сәкен Сейфуллин жазған тарихы, міне, осындай.

Қоғамдық өмір тауқыметі тосқауыл болған ыстық махаббат қасіретке, тығырыққа тірелген екен, ол әннің әуенінен де, өлеңінен де сезіледі. Ал енді мұндай қастерлі әнді революцияға дейінгі кездерде халықтың өзі қалай орындады, оны орындаушылар кім болды? Бұл әннің сол замандағы қадір-қасиеті қандай дәрежеде болды? Осы сұрақтарға жауапты да жазушының сол “Тар жол, тайғақ кешуінен” табамыз.

“Кешке жақындағы бір ауылда ел жігіттері ойын жасады, – деп жалғастырады сөзін С. Сейфуллин. – Ойынға бізді де шақырды. Ойынға Ғалымжан (татар жігіті. – С. А.) екеуіміз бардық.

Ішін жөндеген, жағалай кестелі тұскиіз ұстап, кілем төселген, безеген, оңаша отау үй. Лық толған қыз-келіншек пен бозбала... Арқаның жұтынған мөлдіреген сұлулары. Түрлі ойын ойналып жатыр. Ойынның бәрінің де шарты өлең мен ән болып шығып жатыр.

Бір кезде Бейсейіт (ойын жасаушы жігіттердің бірі. – С. А.) екеуіміздің арамыздағы қыз ән салды. Бұл бір орта бойлы, жәудіреген қара көзді, қараторы жастау қыз. Жасы не он бесте, не он алтыда, көп болса он алты-он жетіде. Бұған ән салатын кезек келгенде, отырған жұрт тына қалды.

Кейбір бастық жігіттер:

– Қабиба домбырамен айтсын, домбырамен! – деді...

Қабиба домбыраны алды. Кеудесін қозғап, ілгері керіңкіреп тастап, Қабиба домбырамен бірге шырқап қоя берді... “Әуілдекті” айтты. Енді Қабибаның әнінен басқа ән естігіміз келмеді. Ойын тарқар алдында Қабибаға:

– “Әуілдекті” тағы бір айтыңызшы! – дедім. Тағы да “Әуілдекті” айтты.

Біз жаяу үйге қайттық. Үйге келіп жатып, ұйқыға кіргенше, Ғалымжанның ақыл-есі кіріп жеткен жоқ еді.

Үйге қайтып келе жатқанымызда:

– Но, Сәкен, қазақты мен жаңа ғана білдім. Шарық музыкасының не екенін жаңа ғана аңладым. Мен, уаллаһи, қазақ болмағанымға өкінемін. Қазақ ішінде өспегеніме өкінемін! – деді. Және “Үйленбей тұрған кезімде қазақтың мұндай екенін білсем, міні, уаллаһи, қаладан безіп, қазақ арасына сіңіп кетер едім!” – деді.

Осыны Ғалымжан көпке шейін аузынан тастамай жүрді. Төсекке жатқанымызда, сөйтіп, Ғалымжан әлгідей деп жатқанда, менің есімнен “Әуілдек” өлеңі кетпей жатты. “Әуілдек” өлеңі бұрын да маған үлкен әсер ететін еді, енді мына әнші қыздың аузынан естігеннен кейін, бұл өлең менің барлық қиял-сезімді билеп алды. Менің көз алдымнан көк ала қамыстары судыраған, күміс сулы көк ала көл елестеп кетпеді. Көлдің жайқынында, айна сияқты судың бетінде сызылып жүзіп жүрген сыңқылдаған аққу құстар көз алдыма келді... Көлдің судыраған қалың көк ну қамыстары ақырын ырғалып, теңселіп, асыға сыбырласып, су-сылдасып қояды...

– Әуіп! Ә-ә-у-у-і-п-п! Ә-ә-ә-у-у-і-п-п! – дейді әуілдек құстың үні. Терең су тұншықтырады. Әуілдекті басады ауырлық.

– Ә-ә-у-у-і-п-п! Ә-ә-у-у-і-п-п! – деп, ауырлықты көтеріп тұрмақ болады. Оның үні өзге үндерден бөлек. Оның созылған қорқынышты, тұншыққан мынау мылқау үні адамның көңіл күйін түршіктіріп, мылқау қорқыныш, қою мұң кіргізеді. Көл бетіне келіп, жылап отырған жалғыз жас әйел. Аққу құстың сыңсыған сұлу үніне үн қосып жылайды. Әуілдек құстың терең су астында тұншыққан мылқау үніне үн қосып еңірейді мұңлы әйел. Еңіреп отырып, көл үніне қосылып, қасіретін жыр қылады қазақ қызы...

Көл жағасына отырып, жылаған қыздың жырына үн қосқан Әуілдек көлі сияқты, мен де ол қыздың жырына ішімнен жыр қосып жаттым:

“... Не сыр бар осы көлдің аясында,
Ну қамыс судыраған саясында?
Естіледі аққу құстың үні мұнды,
Не сыр бар ақ сұлудың ұясында? .
Сыңқылдап аққу құс та жылай ма екен?
Ол-дағы көздің жасын бұлай ма екен?
Елжіреп, сипап, байғұс сылай ма екен?

Сыңси ма аққу жасын төгілдіріп?
Еңіреп жүрек, бауырын егілдіріп?
Әлде ол ұясында қоштаса ма,
Толғанып ақ балапан – көгілдірін?..

Аққу құс іздей ме әлде ұяласын?
Сұңқылдап, төгіп мендей көздің жасын...
Аққуға әуіпідек құс үн қосады,
Әуіпідек күңіrentіп көлдің басын.

Әуіпідек көл астында тұншығады,
Күңіrentіп көл астынан үн шығады.
Серпіліп тұншықтырған қалың тұман,
Зарлыға қашан жарық күн шығады! .

Әуіпідек тұнғыықты көтереді,
Көтерсе, көлді ойран етер еді.
Тағдыр да рақымы жоқ меніреу ғой,
Күш берсе, тұншыққанға нетер еді?!”

Рас-ақ! Осы бір нәсілі нұр тамшылаған мөлдір сезімнен жаратылған жанды жаншыған тағдыр да рақымсыз екен. Қасіретке уланған жасқа қуат берсе нетер еді?! Алайда кінәлі тағдыр ма? Бір-біріне құштар екі бейбақтың екеуін екі қиырда еңіретіп қойған – Әуіпідек көлін қорыған бұлттай қара түнек заман емес пе еді?

Сөйтіп, “Әуіпідектегі” екі ынтықты ажыратқан құбылыстарға наразы боласың, алда осындай қиянат тіршілікке қылыш сермер жауынгер болуға бел байлайсың. Осы іспеттес оқиға өмір жолында тағы бірде жолыға қалса, жақсы мен жаманды, асқақтық

пен ұсқынсыздықты бірден айыра қоясың, алда мұндай тайталастарда кіммен алысатының белгілі. “Әупілдектен” туындайтын моральдық салауат – осы. “Әупілдек” мәселесі күллі ұлттар мен ұлыстарға ортақ құбылыс. Міне, сондықтан Сәкеннің тартар серігі де бұл әнді естігенде: “Апырай, қазақ болып тұмаған екенмін”, – деп, ән қасиетіне қайран қалады.

“Әупілдек” оқиғасы өткен заман үшін ұлағатты ой, берекелі бастама болған. Ол – адамның бас бостандығына, сезім еркіндігіне деген музыкалық-поэтикалық формада тұрған серпіліс. “Әупілдек” – әйел теңдігі мәселесін сыншыл реалистік тұрғыдан қойған қазақ фольклоры туындысының қарлығашы. Бұл әнді естіген адам осы әндегі келелі әлеуметтік мәселелерді шешуге талпынбауы, ат салыспауы мүмкін емес. Ішкі жан сарайын түбегейлі тебіреніске түсірген “Әупілдек” әніне ақын:

“Намысы бір нашардың балалары!
Неше мың жыл құл болған бабаларың.
Сансыз нашар дүниеде салды ұран,
Сол нашардың жалғыз біз паналары,
Жолдастар!

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,
Қол ұстас бірігіп, тізе қос.
Ту ұстап дұшпанға барайық,
Теңдіктің ұранын салайық,
Күн туды, біз теңдік алайық!” –

деп үн қосқандай. Өр дауысты, өршіл мінез ақын “Әупілдектегі” қойылған мәселенің түйінін шешудің жолын нұсқап, тар жол, тайғақ кешу сапарына аттанды...

Бейіштің үні шығар қоңыр салқын

Ән – халықтың тарихи тағдырының жемісі ғана емес, халық мінезінің көрсеткіші де. Өйткені ән музыкамен қандас. Ал музыка ұлт мінезін сөзге қарағанда тиянақты бейнелеп, ән сөзінің ұлттық сипатын толықтырып отырады. Адам көңіл күйінің

қозғалыс күйзелістерін ән шын, өмірде кездесетін қалпында, ешбір жалған қосындысыз, таза күйінде көрсетеді. Сондықтан ән халықтың ұлттық мінез ерекшелігін дәл белгілей алады. Ұлттық мінез – ән әуенінен, ал тұрмыс-тіршілік тынысы өлеңінен байқалады. Ән жақындығы – халықтардың тарихи туыстығының куәсі.

“Сұр желгенше” әнінде әуен қоңырлығы мен өлең сабырлығы үйлесім тауып, ұлт мінезінің бейбіт бітімін пайымдатады.

“Дегенде сұр желгенше, сұр желгенше,
Әрқашан қош-аман бол-ай,
Біз келгенше.
Ахахай, сұр желгенше-ай”.

Мұндағы “келгенше-желгенше” тек ұйқас үшін ғана емес, ол – қимылдың қарқынын баяулатушы құрал ретінде қолданылып тұр. Өлең нақты, оқиға баппен баяндалады, қоштасып жатқан адамдардың қимас көңілдеріне қоса ұлт мінезіндегі сабырлы әдеп те төбе көрсетеді. Сабырлық келгенше мен желгеншенің арасындағы мезгілде бедер тапқан. Көп атынан “біз” деп сөйлеу де осыны аңғартады. Бұл жерде ұлттық мінез лирикалық геройдың жеке басының характері арқылы, индукциялық пайымдау барысында да айқындалады. “Әуілдекті” қайта еске түсірелік:

“Басынан Әуілдектің мұнар кетпес,
Кей адам уәде берген сертке жетпес”.

Осы сағыныш зарын төккен адамның жас мөлшерін, жастық жалыны мен моральдық салауатын білу қиын емес. Сәкеннің тарихи дерегінсіз-ақ біз оны шамалай алатын едік. Ол тек әуен ғана емес, тіл интонациясы, сөз саптауы арқылы-ақ жария болады. Ащы зарды байыппен, ақылға теліп айту – биік парасаттан туатын қасиет. Өзімізге таныс сол “Әуілдектің” мынадай жолдарына назар аударалық:

“Қар басты Әуілдектің қамыстарын,
Айтады әркім көрген қасірет зарын”.

Қайғы мен мұң сол көлдің бетіне жауған қардай қалың. Бірақ кейіпкер шыдамды. Тағаты таусылмайды, күтеді. Әуілдекті тастап кеткісі жоқ.

“Еріксіз Әуілдекті мекен еттім,
Жасым жас – он алтыға жаңа жеттім”.

“Әуілдекте” кездесетін қаратпа одағай “е-ей!” тек сюжетсіз өлеңнің ұйымдастырушы бөлшегі ғана емес, әннің ешбір өкпесіз, ызғарсыздығының кепілі де.

Әніміздің барлығы дерлік жай, баяу емес. Шаттық, мерекелік жедел және моторлық (би) ән түрлері қазақта көп. Өйтсе де, созылмалы қоңыр әуен – қазақтың сүйікті жанры. Ол да ертеректе қалыптасқан секілді, өйткені тұрмыс-салт жырлары дәстүр бойынша негізінен осы қоңыр әуенмен айтылады.

Қоңыр ән әндердің философиялылығының басты белгісі болып табылады. Мұндай әндердің арқауы – терең тебіреністер, өмір проблематикасы, адал достық пен арамдық, пәктік пен зұлымдық. Қазақ әнінің қоңыр сипаты ат басын үлкен әлеуметтік мәселелерге тірейді. Халық әншілері мұндай әндерін “Қоңыр” деп атап отырған. Мәселен, халық әні “Назқоңыр”, Ақан серінің “Майда қоңыры”, Естайдың “Жай қоңыры” осыған мысал. Абай қоңыр сазды бейіш үніне теңейді:

“Перне бойлап, он саусақ жүгіргенде,
Бейіштің үні шығар қоңыр салқын”.

Қоңыр нышаны ән текстерінде көптеп кездеседі:

“Қос етек, бұраң бел,
Қуалай соғар қоңыр жел”.
(“Бір бала”)

“Сәулетайдың аулына барғанымда,
Қоңыр салқын алдымнан соғады жел”.
(“Айым-ай”)

“Созады Біржан даусын қоңыр қаздай...”

(“Адасқақ”)

Қоңыр тақырыбы күйде де көп, тегінде кезінде қоңыр күйлер мен әндердің белгілі функциялық тобы болғанға ұқсайды. Ондай топтамаларға алпыс екі тамырлы “Ақжелең”, “Тоғыз тарау”, “Қосбасар” циклы, қоңыр әуенді халық әндерін жатқызуға болады. Бұлар қазақта тізбекті, желілі сарындар деп аталады. Олар ел арасында әлі де бар.

Қазақ арасындағы ән мен күйдің қоңыр жанры жай, баяу, кең, шалқып айтылады. Олардың әдеби бағдарламасы, әдетте, философиялық және көкейкесті лиро-драмалық көңіл күйлермен үндесіп жатады.

Өнерге елгезек халықтың ғасырлар қойнауынан қалап алған жеті қазынасының бірі – домбыра. Домбырада аспап мүмкіндігі мен халықтың эстетикалық талғамы үндестіктапқан. Ұлт өнерінің көкжиегінде домбырамен тең түсетін бірде-бір аспап жоқ деуге болады. Өткен бағзы заманаларда да, қазіргі өрелі кезеңімізде де домбыра қазақ халқының жан серігі, сыршыл досы, ақыл қосар кемеңгері, кеңесшісіне айналған. Домбыраның сыры мен құпиясы ұлылықтың қарапайымдылыққа ұялайтындығында да емес, оның бейбітшілік пен ықыласқа, ақыл мен парасатқа толы камералық биязы қоңыр үнінде. Құлақ күйін келтіріп, құлақ тоссаң, даусынан қыз бен жігіттің қосылып айтқан әні естіледі.

Домбыра ырқына түскен қазақ әні қарбалас, асығыс ситуацияның өзін сабасына түсіріп, сабырлылыққа тартады. Өйткені ән тілдің интонациялық-фонетикалық ерекшелігімен ұштасады. Қазақ тілінің негізі – үндестік, оның екпін ерекшелігі жеке сөздерді жалпы заңдылыққа бағындырып, жалпы тіркеске оғаш келетін фонемаларды сингармонизм заңдылығына лайықтап, көндіріп отырады.

Әннің өзіне де, сөзіне де интонация тән. Ол майда, не екпінді, назды немесе зарлы болуы мүмкін. Мәселен, “Әуілдектегі” лирикалық кейіпкер өмірдің өзіндей ақиқаттан басқаға бас

имек емес. Қанша жұмсақтық танытқанымен, тұжырым берік, назы бүкпесіз. Сондықтан әуен майда, назды. Әншіні дүниенің басқа қызық-шыжығы алаңдатпайды. “Әуілдекте” барлық оқиға сондықтан бір жерге, көлге топтасқан. Көл – образдың сыртқы формасы, құрсауы. Әнші “естен кетпейді” деп таусыла айтпай, “кетпес” деп, мезгіл мен кеңістік өресіне соза тастайды. Осы арқылы ұлттың сезім бипоздығын, халыққа тән этикалық талғампаздықты негіздейді. Құлақ күйі “соль” мен “реге” келтірілген домбыраның қоңыр үні жүрек лүпілінің тақтысын ұғып алып, әрлеп, нақыштап, сол ырғақты қайта қайырады. Сабыр, ақыл және парасат – ежелгі достар. Қазақтың қоңыр әуені мен сабырлы сазы да осыған куә. Қоңыр әуен, әсіресе философиялық қара өлеңге тән.

ЕКІНШІ БӨЛІМ. ҚАРА ӨЛЕҢ

Төртінші тарау. ӨЛЕҢ ЗЕРДЕСІ

Бойдай-талай, шіркін-ай

Қоғамдық өмір мен әлеуметтік орта – жан-жақты, қауқымды құбылыс. Осыған орай халық қазынасы да бай, сала-сала болып келеді. Фольклор туындылары мыңдаған жылдар бойына қоғамдық үрдістерге жан бітіріп, халықтың рухани тіршілігінің қайнар көзі бола білді. Олар өмір сүрлеулеріне өзінше баға беріп, даму жолдарын сараптап отырды.

Ұзына тарих арнасында қалыптасқан халықтың бай қазынасын бірден игеру, әрине, мүмкін емес. Біз бұл арада соның ішінде қазіргі ғылым пәнінен мүлдем тыс қалған түлегі – кәдуілгі қара өлең, халқымыздың “бойдай-талайы” туралы сөз етпекпіз.

“Бойдай-талай, шіркін-ай, болған басым,
Боз биенің сүтіне жуған шашым”.

* * *

“Бойдай-талай, боз аттың жүрісін-ай!”

“Бойдай-талай” – мағынасынан ертеректе айрылған, қазірде мәні беймәлім болып кеткен идиоматизм. Тегі редиф (“жар-

жар” секілді) немесе вокализм (әридаша-ай) қызметін атқарса керек. “Бойдай-талай” өлең көнелілігінің айнымас бір айғағы екені айқын. Қара өлең қазақ халық әнінің сөзі болуға бейім тұрады. Кейде бір шумақ қара өлең бірнеше әннің сөздік қызметін атқарып отырады. Мәселен:

“Айналайын қарағым, келдің қайдан,
Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан.
Мекенінді, қарағым, айтып қойшы,
Жат болмағы адамның осындайдан”.

Немесе:

“Айналайын, қарағым, кекілдім-ай,
Балапаны аққудың секілдім-ай.
“Қолда барда алтынның қадірі” жоқ,
Қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай”, –

деп басталатын қара өлең нұсқалары “Шилі өзен”, “Ақдариға”, “Ахау, Семей” және т. б. әндердің тұрақты тексі түрінде кездеседі.

Қара өлең – фольклордың синкретті жанры, профессионалдық поэзияның Абайдай асылы сусындаған тұнығы, қазіргі қазақ ақындарының да пір тұтатын дәстүрлі поэтикалық үлгісі. Заманымыздың ірі лиригі Мұқағали Мақатаев:

“Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын”, –

деп жырлады.

Қара өлең, тұрмыс-салт, этикалық және эстетикалық мұрат, сенім мен таным салауаттарының поэтикалық жиынтығы ретінде, ежелден халықтық шығармашылықтың методологиялық-көзқарастық бағытын бағдарлап, өсіп-өрбуіне ырықсыз (стихиялық) ықпал жасап отырғаны байқалады. Қара өлең – халық арасына мейлінше кең тараған дәстүрлі поэзияның іргелі жанры, той-томалақ пен тамаша сәні. Оны білмейтін қазақ болмайтын. Ол шарықтағанда, шөл мен шөлейт жер науанына айналып отырады. Демек, ол – бізді қоршаған дүниеге эстетикалық қасиет дарытудың (эстетизация мира) бір даңғыл

жолы, дүниені адамның ықпалына көндіріп, дегенін істетудің тарих сынынан өткен мықты бір амалы. Оның әр шумағы жеке-дара, тақырыбы дербес, сюжет пен фабулаға тәуелсіз болады, көбіне ой өрбітіп, айтарын бір шумақ ауқымында бастап, шиеленіске түсіріп, қақтығысты шегіне жеткізіп, шешімін тауып беріп, тәмамдап отырады. Қазақ өлеңінің үшінші жолында арман (мотив) тоғысып отырса, ой шумақтың төртінші жолында тұжырымдалады. Негізгі идея басқа шумаққа ауыспайды, жалғаспайды. Сондықтан қара өлеңнің әр шумағы дербес әдеби шығарманың жүгін көтеріп, идеялық және көркемдік қасиетінің салмағын айқындайды.

Тақырып байлығы сандық құрамына сай. Қара өлең – мазмұн мен түр тұтас сомдалған, нағыз халық туындысы, дүниежүзілік өнердегі сирек қазына. Басқа қиырларда кездесе бермейтін сол сиректік оның ғылым зердесінен тыс қалуына да себепкер болып келеді. Оған қоса ұлттық өнер зерттеушілерінің де ден қоймай келгенін жасыра алмаймыз. Қуаныш пен шаттықтың бел ортасында парлап ұшқанмен, әдебиеттің бірде-бір жанрының табалдырығын аттай алмай жүр. Қара өлең жанды баурап, жүректі әлдилегенмен, рухани дәулетіміздің қатарынан орын ала алмай жүрген жайы бар. Санда бар, санатта жоқ деген осы. Ойымыздың арқауы – қара өлеңнің әйгілі өсиетқойлығы (жақсы деген немене, жаман деген немене?) емес. Фольклорымыздың ол жағы көпке мәлім. Әңгіме халық арасына кең тараған қазақтың кәдуілгі қара өлеңінің күні бүгінге дейін көзге ілінбей келген тосын да асыл қасиеті туралы болмақ. Қара өлең телегей терең зердемен қабысады. Сондықтан оның әр шумағы дербес, философиялық аңсардың теориялық тұжырымын жасап отырады. Әрине, қара өлең халықтық шығарма болғандықтан, тұжырым зейіндік (рассудочный) деңгейден аса алмайды. Дегенмен қара өлеңнің кейбір нұсқалары бұл деңгейден асып та түсіп жатқанын аңғарамыз. Қара өлең өз шама-шарқы жеткенше дүние заңдылықтарының методологиялық кілтін ашуға талпынады, кейде ашып та тастайды. Заттар мен құбылыстардың шығу тегі, адам өмірінің мәні мен мақсаты, тіршілік заңдылықтары, қозғалыс пен тоқырау,

даму мен сему, баяндылық пен тиянақсыздық, кеңістік пен уақыт ағымы секілді іргелі сауалдардың үдесінен шығады. Осы сұрақтарды өмірлік түбегейлі мәселе ретінде қозғап, оларға жауап беру үстінде өлеңнің шартты авторы ұлттың тарихи қолы жеткен барлық рухани игіліктерді мейлінше айқын айғақтайды. Халықтық мәдениеттің көрінісі ретінде адамның ақыл-ойы жететін тұңғықта осы өлең жүреді. Оның назары түспейтін болмыстың шеті де шегі де жоқ, қозғаған мәселесі дүниенің басқа аян болған заңдылықтарымен қатар қойылып, сыры мен қыры, мәні мен сәні, ортақтығы мен дербестігі, саны мен сапасы, тегі мен ұқсастығы шендестіріле шешімін табады. Заттар мен құбылыстардың жаппай ара байланысын, оның өрбу, тоқырау әлде сему қуатын тыстан іздемей, ішкі болмысынан табу – кара өлеңнің ең машық қасиеті. Қозғалыс пен өзгеріс бірегей заңдылық ретінде қаралып, заттардың төл қасиетінде тіршіліктің қайнар көзі тасаланып жатқанын мегзеп отыру, осыны тұспалдап түсіндіру кара өлеңнің негізгі идеялық бағыты болып саналады.

Дүниені осылайша сұңғыла зердемен тінткілеу философиялық ойдың басты белгісі екені мәлім. Сондықтан кара өлең казак фольклорының әдеби-философиялық мұрасы болып табылады. Оның әдеби жағынан философиялық белгілері тым басым. Әдетте, философиялық шығарма дүниені мейлінше кең камтиды да, оның заңдылықтары мен байланыстарын түсіндіруді діттейді, ал әдеби туынды үшін дүниені бірден түгелдей камту шарт емес және ол көбіне баяндауға бейім. Әдеби шығарма дүниені көркем бейнелеуді мақсат етеді. Философиялық ой дүниенің ішкі мәніне бағыт алған белсенді зейін-зерденің нәтижесінде туады. Әдебиеттің өзегі оқиға, сюжет, көркем бейнеленген өмір тартысы болса, философиялық шығарма үшін оқиғаның болу-болмауы міндет емес. Ол ақиқат алдында жүгінеді.

Кара өлеңнің тұла бойы тұнған осындай әдебиетке де, философияға да тел үйлесетін қасиеттер. Сондықтан қазақтың кара өлеңін болмысты рухани игерудің поэзиядағы философиялық саласы деп түсінген жөн.

Қазаққа ән шырқап жібер десен:

“Өлең деген немене, ой емес пе?

Асқар тауға жайылған қой емес пе?!” –

деп жеңіл мысқылын араластырып қоя береді. Осы айтылған бір жолдың өзі қара өлең бос сөз тіркесі емес, саликалы ой арнасы екенін аңғартып, оның мазмұн мен форма тұтастығын ашып, эстетикалық талғампаздығын мегзеп тұр. Өлеңнің ой екенін, ал ойды қойдай өргізе алатынын айтып тұр. Ендеше, қара өлеңнің ой мен поэзияның бірлігінен, тұтастығынан туындайтыны айқын.

“Өлең деген немене өнерпазға,

Өлең түгіл, сөз қиын ақылы азға”.

Озық өнердің авторына қоятын осындай талабы оның әуен мен мазмұн бірлігінен де байқалады. Өйткені дәстүрлі қара өлең әуенсіз болмаған. Меншікті әуені болмағанмен, өз ыңғайына келген әуенге ілесіп, парлай береді. Мазмұн бағытына қарай, лайықты саз іздейді. Өлең сөзі дүние құбылыстарын неғұрлым кең, неғұрлым түбегейлі қамтыса, сөздік мазмұн, әуен интонациясы мен нақышының мейлінше сайма-сай болғанын қалайды. Өлең өзінің мазмұндық құрылымына тән сазды, қоңыр, байсалды әуенді қажет етеді. Ондай дорийлық (кең, шалқыма) әуенді әнді бұрынғы қазақтар қоңыр немесе молқы ән деп атаған. Қоңыр әндер ел арасына өте көп тараған. Мұның сарқыншақ үлгілерін байтақ қазақ даласынан күні бүгінге дейін кезіктіруге болады. Сонымен қатар өлеңнің әуен талғампаздығы оның философиялық сипатымен қабаттас екен. Философиялық ойдың қара өлеңмен қойындасуында тағы бір сыр жатыр. Философиялық зерде мен категориялар жалпы халықтық тілден оқшаулана алмауына байланысты, философиялық ой қазақша айтуға өте ұрымтал және оралымды. Қазақ тілі философиялық атауларға бай, тек қазіргі философиялық категориялар тұспалын таба біл.

Қусаң да жеткізбейді арман дүние

Қазақтың “қара” деген сөзі заттар мен құбылыстардың тек түсін ғана білдіріп қоймайды, оның мағынасын да айқындайды. “Қара” сөзі – байырғы, көне, ескі, мәңгі, өзгермейтін деген ұғымды береді. Мәселен, қара шаңырақ, Қара Ертіс, қарахан (орта ғасырлық қазақстандық хандардың лауазымы), Қарахан (қытай жылнамаларында ғұн хандарының бабасы, Рашид ад-диннің “Жами-ат-тауарихы” мен “Махаббатнамадағы” Өгізханның әкесі) атаулары “ежелгі”, “ескі”, “мәңгі” деген мағынаны білдіреді. Қара – әлемнің әуелгі жайы (мрак, хаос), әлемнің күн түспейтін солтүстік жағы, мәселен, Қара теңіз – солтүстік теңіз мағынасында. Абайдың “қазақта қара сөзге дес бермедім” дегеніндегі “қара сөз” – дәстүрлі, байырғы сөз қолдану. Сондықтан “қара өлең” деген атауды біз дәстүрлі, байырғы, қазаққа ертеден тән халықтық поэтикалық мәдениетті белгілеу үшін қолданамыз. Қара өлең көбіне силлабикалық жолмен 11–12 буыннан түзіліп, ұйқастың а-а-б-а түрін қатты сақтайды. Силлабикалық қалып – өте көне поэтикалық дәстүр. Оның көнелілігіне Амудария мен Сырдария топырағында дүниеге келген біздің эрамызға дейінгі X ғасыр шамасындағы Заратустраның аяттары түскен Авестаның өлең үлгісі айғақ.

Қара өлең дүние бөліктерін философиялық мәселе деңгейіне көтеріп, сол өзі көтерген мәселеге өзінше түсінік береді.

“Дүние қарап тұрсам, шолақ екен,
Жас күнде ақыл-қайрат мол-ақ екен.
Отыз бес, жиырма бес пен қайран он бес –
Үшеуі үш күн қонған қонақ екен.

Па, шіркін, дүние жалған,
Угай, арман-ай!

Жапалақ жалпылдайды жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып қас болғаннан сақта, тәңірі,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.

Қайыңдының қабығы-ай,
Бүлдіргеннің сабағы-ай!
Ойнап-күліп қалайық!
Заман өтіп барады-ай!

Дүние өтіп жатыр кумай құдай,
Ақ бетке ажар кірмес, сүтпен жумай.
Бірге өскен құрбы-құрдас, жүрсің қайда?
Қанатын қамшылаған аппақ құдай”.

Қара өлеңнің өзіндік философиялық тілі, меншікті ұғымы және категориялар жүйесі бар. Әр ғылымның өзіне тән категориялары болады. Ал философиялық категориялардың басты айырмашылығы – адамды қоршаған құбылыстар мен процестерді неғұрлым тұтас, неғұрлым жалпы бейнелейді. Қазақтың қара өлеңін философиялық деңгейге жақындататын – тек өз категориялық аппаратының болуы ғана емес, осы категориялардың адамды қоршаған дүниенің неғұрлым жалпы, неғұрлым ортақ заңдылықтары мен байланыстарын бейнелеп, құбылыстар мен процестердің ішкі мәні мен түбегейлі себептеріне жауап іздеуінде.

Қара өлеңнің ұғым және түсінік аясы көркем, көп мағыналы. Ол қара өлеңнің қоғамдық ортадан алатын әлеуметтік мәнімен сабақтасады. Қара өлең дүние құбылыстарын тек түсіндіріп қана қоймай, ол осы процестердің адам өміріне тікелей байланысын ашады, осы байланыстарды заң дәрежесіне көтеріп, оны этикалық және эстетикалық салауатқа, мінез-құлық нормасына айналдырып отырады.

“Жігітке кедейшілік бір сергелден,
Жоқ болса жалғыз атың, өлгенмен тең.
Үйіңе құрбың келіп, құр аттанса,
Не бар-ей бұл дүниеден үміттенген”.

* * *

“Қусаң да жеткізбейді арман дүние,
Бұрынғы ата-анадан қалған дүние.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бір күні өте шығады жалған дүние”.

Қара өленде тұрақты кездесетін атау – “дүние”. Дүние – халықтық зердедегі стихиялық көзқарастар жүйесінің дінгек ұғымы, ертеден келе жатқан, Азия халықтарының көбіне ортақ, санскрит жазба деректерінде кездесетін, өмірдің өзіндей көне түсінік. Ол, ең алдымен, натурфилософиялық материяның жалпы атауы, зат, жаратылыс, табиғат, жер шары:

“Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ қайтса, басқа дәулет құралмаған”.

“Дүние” – жаратушы күш, пантеистік ұғымда тұрған күдіретті ғарыш, тәңірі, ие:

“Келеді айым туып оң жамбастан,
Дүние айырмасын тең құрдастан”.

* * *

“Екі ауылдың ортасы қамыс пішен,
Қу жаманнан, дүние, қашан кетем.
Қу жаманнан, дүние, кетер едім,
Аяғыма сен болдың алмас кісен”.

Сондықтан болса керек, дәстүрлі қазақы сана дүниемен тілдеседі, онымен адамша сұхбат құрады:

“О, дүние, өтерінді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп едім”.

Домбырасы мен қобызына дүниенің үнін салғызады, “сөйлетеді”.

“Дүние” – жеке адамның ғұмыры:

“Әкеме қыз да болсам, ұлдай едім,
Өтерін бұл дүниенің бүгін білдім”.

* * *

“Сағымдай жазғытұрғы боз-боз етіп,
Барады дүние өтіп бір қарамай”.

* * *

“Алысқа аз ойлаған болмас жолдас,
Қас қылған татқан тұзға жігіт оңбас.

Қызығы бұл дүниенің тіршілікпен,
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас”.

“Дүние” – зат, мал, байлық:

“Дүние, кудым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Көрсетіп кейде алдыңды, кейде артыңды,
Қойдың ғой дидарыңды танытпай-ақ”.

“Дүние” – зейін иесіне (субъектіге) қарсы тұрған объект:

“Дүние қарап тұрсам, шолақ екен,
Жас күнде ақыл-қайрат мол-ақ екен”.

* * *

“Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ қайтса, басқа дәулет құралмаған”.

Дүниеге назар салу, оған наз, базына айту, оның заңдылықтарын үйренуге талпыну, тәлім алып, оған еліктеу (мимезис) қара өлеңнің түбегейлі тектік таным (гносеологиялық) шарты болып табылады.

Қара өлеңнің көп айналдыратын тақырыбы – табиғат. Бірақ қара өлеңде табиғат бейбіт пейзаж, мыңғырған мал жайылған берекелі өріс түрінде емес, тұтас, дүниенің бөлігі ретінде көрініс табады. Ол оқиға өтіп жатқан фон емес, адам ғұмыр кешетін шарт, күй. Бірақ адамға тәуелсіз орта, объект пен субъектіге тән қасиет, предикат, философиялық кеңістік:

“Баспадым жардың шетін, құлай ма деп,
Ішпедім көлдің суын, лай ма деп.
Жаманмен дос болуға жасқанамын,
Күн туса, ердің құнын сұрай ма деп”.

Мұндағы көлдің лай суы, құлайтын жар-қабағы, басқа күн туса ердің құнын сұрайтын пенде мінезі бірегей сабақтас қасиет ретінде танылады.

Демек, қара өлеңнің негізгі категориясы болып саналатын дүние – бізді қоршаған табиғи және әлеуметтік болмыстың жалпы атауы, универсум.

Қара өлеңнің философиялық мәйегі

Қара өлеңнің философиялық-теориялық өзегі кейде натурфилософиялық дуализмнен туындайды. Сана мен объективтік дүниенің тегі бөлек, бір-біріне байланыссыз. Бірақ философияның негізгі мәселесінің екінші жағы – адамды қоршаған ортаны, затты дүниені танып білуге бола ма, жоқ па деген сұраққа қара өлеңнің беретін жауабы ұрымтал. Оған жоғарыда келтірілген “дүние қарап тұрсам...”, дүние ойлап тұрсам...” деген жолдар айғақ. Бұл жолдардан зейін иесінің тағдырғатабынбайтын, фатализм шырмауынан азат тектік таным (гносеологиялық) белсенділігін аңғарамыз. Шартты автордың назары дүниенің ішінде, оның мәнін қаузап “өз-өзіндік” (“вещь в себе”) заттардың өзегін жарып, “біз үшін заттарға” (“вещь для нас”) айналдырып, оның дүние заңдылықтарына ой тастап, өзінше түйіп, тұжырымдап отыратынын байқаймыз.

Өлең – тарихи-әлеуметтік құбылыс дедік. Ол ұлт болмысының, хал-ахуалының иісі сіңген рухани үрдістерге тамыры жайылған кеніштерден қоректеніп жатады. Оның қаузайтын бірден-бір мәселесі – адам. Қара өлең дүниенің кілтін адам деп жария етеді. Сондықтан ол бірінші жақтан, абстрактілі адам субъектісін дүниенің басқа жағынан бөліп алып, “мен” тұлғасын ортаға қойып сөйлейді:

“Есік алды қара су бойламадым,
Өтерін сұм дүниенің ойламадым.
Өтерін сұм дүниенің енді ойласам,
Тebісіп құлын-тайдай ойнамадым”.

Оқиға тыс жерде өтіп жатқанмен, субъект өлең кейіпкері мен бөлік-бөлшектерін меншіктеніп баяндайды:

“Қара бидай,
Қасы көзі қиылған
Қарағым-ай!
Сары бидай,
Сағындым, ахай,
Елімді-ай!”

Әрине, бұл меншіктену әлеуметтік-экономикалық жүйеден тыс, дүниеге рухани қатынас формасында тұр. Қазақтың дәстүрлі санасы үшін адам – дүниенің кіндігі (антропоцентристік принцип). Сондықтан болу керек, тек адамға ғана арналып “кім?” деген сұрақ қойылуы мүмкін. Адамнан басқаның барлығы – “не?” Бұлай шектеудің мәні – дүниенің жанды және жансыз класын жіктеп, жүйелеу емес, ең алдымен, адам (микрокосмос) мен басқа дүние шекарасының (макрокосмос) принципті айырмашылығын белгілеу, адамды дүниенің басқа бөлігінен ерекшелеп көрсету екенін айтып өттік. Сондықтан дүние ұғымына адамның өз басы қосылмайды. Адам жаратылыстан тек ерекше ғана емес, ол оның саналы қожасы да. Ол өз меншігін ешкіммен бөліспейді. Ол – ол ма, игіліктердің де ата-анасы – адам. Ол өзі өндірген дәулеттің тек жаратушысы ғана емес, мәртебелі тәңірісі де. Адам игілікті өз еркімен пайдаланады. Өлең осы идеяны насихаттайды. Қара өлеңнің ұғымдық аппараты жалпы ойлау тәсіліне тәуелді, барлық проблематика адам – дүние диапазонында шешімін табады да, осы түйін дүниені рухани игерудің жөн-жобасына (методологиясына) айналып, қара өлең жанрының идеялық және тақырыптық бағытын анықтайды.

Бірақ адамның да адамы бар. Игі жақсысы мен шикі жаманы бар. Жақсысын жаманына көз қылып, үлгі етеді, өсиет айтады. Жақсы адам – әлеуметтік ырыс жаман адам – керіс. Екеуінің арасы жер мен көктей.

“Жақсымен жаман ойнап-күле алмайды,
Жақсымен жаман бірге жүре алмайды”.

Бірақ жаман адамды жақсылыққа жетелеу – жақсының әлеуметтік парызы, қоғамдық міндеті. Кезінде мұндай үрдіс қазақтың дәстүрлі мәдениетінің көкейкесті арманы да болғаны мәлім.

“Би болғаннан не пайда?
Халыққа пайда болмаса.
Шөлдегі оттан не пайда?
Халайық көшіп-қонбаса.

Жақсы адамнан не пайда?
Жаманнан қашқан оңаша”.

Қазақ өлеңі жақсы жақсының жанынан табылғанын қалайды. Сондықтан өленде адамзат этикалық қосаққа (дихотомиялық өзара тең бөлшектерге) түседі. Олар – жақсы және жаман категориялары. Жақсы – адам үшін пайдалы жаратылыс пен құбылыс. Жақсы адам – ізгі парасатты, алтын адам.

“Аспанда ай болмаса, адасады,
Көңілді көтермесе, кір басады.
Кеудесі жақсылардың – алтын сандық,
Сандықты кілт болмаса, кім ашады”.

* * *

“Алтындай, алтын, алтын тас,
Алтындай болмас басқа тас!
Алтынға алтын қосылса,
Алтынды алтын тастамас”.

Мұнда “алтын тас” жақсы адам мағынасында тұр. “Жаман” – зұлым, қу, арам пиғыл, оны жүзеге асырушы адам, жалпы зұлымдық біткеннің ортақ атауы.

“Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Апырмау, сол қамшыны кім істеген?
Кей жаман сылаңдайды сырын бермей,
Мысықтай жұрт көзінше түк ішпеген”.

* * *

“Баспаймын жардың шетін, құлай ма деп,
Ішпедім көлдің суын, лай ма деп.
Жаманмен дос болуға қорғанамын,
Күн туса, ердің құнын сұрай ма деп”.

Жақсы мен жаман өзара диалектикалық байланыста тұрған игілік пен залал категорияларымен сабақтас.

“Арыстаннан өлген соң, тышқан артық,
Есер достан зиялы дұшпан артық.
Кей жаманның қолына гауһар түссе,
Қоя алмайды бағасын мыстан артық”.

Жақсы мен жаманды саралау – ойлау процесінің нәтижесі.

“Басында Тарбағатай тошаладан,
Уысым тошаладан босамады.
Досым деп кей жаманға қол ұсынсаң,
Жаныңды кеудендегі коса алады”.

* * *

“Қолымда бір қозым бар телінбеген,
Күйеуге төс тартылар келін менен.
Кісі деп кей жаманға ісің түссе,
Асаудай тыпырлайды жегілмеген”.

Сондықтан өлең жамандықтың туындайтын қайнар көзін де жариялауды мақсат етеді.

“Көшкенде жылқы айдаймын торыменен,
Жігіттің болма жолдас қорыменен.
Сөз айтсаң, кей жаманға қорқытады,
Бопсалап қолындағы жоғыменен”.

* * *

“Кеш болса, кер далада тарғақ ұшар,
Адасып ұясынан, зарлап ұшар.
Баулысаң кей жаманды кішкентайдан,
Ақтамай үмітіңді жардан ұшар”.

* * *

“Шөлдегенде қара су шайдан жақсы,
Бір жұлдыз бар аспанда айдан жақсы.
Бір сөз айтсаң, жаманға кек алады,
Құлпырған масатыдай қайран жақсы?!”

Өлең жақсыға құштар өтіп, жаманнан аулақ жүруді насихаттайды.

“Аяғыма кигенім былғары өтік,
Табанымнан барады ызғар өтіп.
Жақсы болсаң, келерсің судан өтіп,
Жаман болсаң, қаларсың суға батып”.

“Жақсы” және “жаман” категориялары барлық құбылыстардың адамға қатынасын, жағымды-жағымсыздығын

білдіреді. Сондықтан бұл категориялардың құрамында тұруы – өлеңнің философиялық сипатының басты шарты. Бұл қос категория өлеңде тек баяндауыштық, қара танытқыштық (предикат) немесе субъект (пенде) ролін ғана атқарып қоймайды, белгілі бір айтылатын ойды мақұлдайтын, не теріске шығаратын құрал да. “Жақсы” мен “жаман” арқылы адам және адаммен қатынасқа түскен дүние бөлігі этикалық және эстетикалық тұрғыдан бағаланып та жатады.

Оралыңның барында ойна да күл

Қара өлеңде кездесетін атау және ұғымдық жүйе арқылы халық тұрмыс-тіршілігіне қажет көкейкесті проблемаларды алға тартып, оған өз тарихи өресінен үн қосып отырған. Ауқымды үрдістердің бел ортасында стихиялық диалектика, адамгершілік және эстетикалық мәселелер және тағы басқа философиялық ақыл-ой діттейтін барлық көзқарастық проблематикалар жүреді. Ол түсінікті де. Өйткені адам санасы дүниенің кескін-келбетін дәл, дұрыс бейнелей алады. “Адамдар дүниені диалектикалық тұрғыдан түсіндіруді диалектикалық ойлау тәсілі ашылмай тұрып-ақ білген”, – деп жазады Ф.Энгельс “Анти-Дюринг” деген еңбегінде. Қара өлең де адам мен дүниені өзіне тән қайшылықтардың диалектикалық бірлігінен шығарып, ой өрбітеді.

“Дүние қарап тұрсам, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен”.

Өлеңдегі шолақ пен қонақ – мезгілдік көрсеткіштер шолақ (заттық қасиет) – жансыз нәрсенің қысқалығын емес, адам ғұмырының баянсыздығын білдірсе, қонақ, (уақытша қатынастың бір түрі) осы тұрақсыздықтың, адамдар арасында көрінуін байқатады. Шолақ пен қонақ диалектикалық шендесу үстінде. Халықтың дүниеге тағатын басты міндеті – оның қысқалығы.

“Дүние – түлкі, ойласаң,
Біз пендені алдаған”.

Сондықтан дүниенің әлеуметтік ат-айдарына (опасыздығына, баянсыздығына, пайымсыздығына) оның мезгілдік қысқалығы себеп болады.

“Құлпырған бәйшешектей қайран өмір,
Қар жаумай, қазан ұрмай солады екен”.

Дүние – адамға қарсы тұрған тұрпайы күш. Сондықтан ол – “қолайсыз”, оны адами қалыпқа түсіру үшін “өңдеу” керек, еңбектену керек. Адам ол күшке біршама тәуелді. Бірақ сонымен бірге дүние – адамның өмірі, адаммен гүлденіп, адаммен бірге “солады”.

Дүниенің барлық “кемшіліктері” қорытылып келіп, оның жалғандығының кепілін түзейді:

“Дүние ойлап тұрсам, жалған екен...”

“Жалған” – дүниенің ажырамас атрибуты, бөлінбес қасиеті. Сондықтан ол атау жеке “дүние” ұғымында қолданыла береді.

“Жалғанда жан жарымсың,
Жаным сүйген”.

Дүниенің жалған атаққа ие болуының басты себебі – оның ұдайы өзгеріс пен қозғалыста тұруы. Өлең авторы осы “жалған” арқылы жаратылыс пен адам ғұмырына тән қозғалыстың шексіздігі мен универсалдығын бейнелейді. Әлбетте, көне грек метафизигі Парменид дүниенің бұл қасиетін “Панта рей!” деп (дүние – ағып жатқан су!) келте қайырып, суды баянсыздық пен тұрақсыздықтың баламасы ретінде нұсқап, сондықтан танып білуге болмайды деп дүние заңдылықтарынан түңілер еді. Бірақ қозғалысты судың формасыз ағыны деп түсіну бөлек те, суды толассыз өзгерісте отырған дүниемен теңеу басқа. Күллі ойшылдардың атасы Талас (Фалес) данышпан дүниенің негізін су деп пайымдайды. Көне дананың аузынан шыққан бұл лебізді Абай:

“Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан сумен тең...” –

деп жалғастырып, қозғалысты (“ағын”) дүние мен әлеуметтік өмірдің алғышарты ретінде қарайды. Абай сөзі халық түсінігімен астасып жатыр.

Профессионалдық философия, сөйтіп, дүниеде тұрақтық, тоқтау жоқ, барлық құбылыстарға өзгеріс пен қозғалыс ортақ деп түсіндіріп, айғаққа суды алады. Қазақ өлеңінде су ағыны – қозғалыс көзі, демек, гармониялық (мінсіз) дамудың басты шарты.

“Дария ағып жатқан суда мін жоқ,
Хайуан өлдім деуге малда тіл жоқ”.

“Жалған” категориясы уақыттың философиялық қайырымсыздығын да бейнелейді.

“Ат туар, айғыр салсам, ақ құладан,
Не пайда үйінде жоқ аққұбадан.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Барады дүние жалған шапқылаған”.

Уақыттың философиялық мәнін жете түсінбеген халық Тәңіріге жалбарынып, болмас іске қапаланбайды, жастығымды қайтарып бер демейді. Бағзы заманалардың бек-задалары мен падишаларына ұқсап, бақсы-балгер, әулие-тәуіп, емші-алхимиктерден жәрдем, демеу күтпейді. Уақыттың қайырымсыздығын түйсінген ол өз түсінігін өлеңіне өзек етіп, діни уағызға қарама-қарсы пікір тастайды: “ойна да күл!” дейді.

Жігіт кемеліне келгенде жоқшылықтың, яки әлеуметтік сергелденнің шырмауына түсіп, “қызғалдақтай құлпырған өмір” қызығынан сырт қалады. Сондықтан халықтық сана осы қысқа ғұмырды өмір салтанатымен сабақтастырмақ болып талпынады, дәнекер іздейді. Бәлкім, ертеректе, мұсылмандық дәстүр етек алмай тұрған кезеңдерде кең тараған өлімнен қашу, мәңгілік ғұмырдың емін іздеген Қорқыт ата фәлсафасы жоғарыда аталған көзқараспен тығыз байланыста болса керек. Халық мәңгі жасаудың емін таппаса да, аз ғұмырды маңызды

өткізудің жолын дөп басты. Ол – шаттық, қызық, адалдық, кісілік, ақыл-парасат, ән мен күй, ойын мен күлкі, бозбалалық пен жігіттік, сән-салтанат, үлкенді-кішілі сыйластық, туыстық, татулық!

“Оралыңның барында күл де ойна,
Жастық шақ қайта айналып келмейді екен”.

* * *

“Алқызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Жігіттер, осындайда ойна да күл,
О дүниеде жоқ дейді ойын-күлкі”.

Бұл – дәстүрлі қазақ поэзиясының етене жақын тақырыбы ғана емес, адамсүйгіштік тағылымы, іргелі бағдарламалық әдеби концепциясы.

Халық ұғымында адам – басқа адамның белгілі бір көздеген мақсатына жету үшін қолданатын құралы емес. Өлең адамның басын қастерлеу, оны құрмет тұтуды мұрат етеді. Бұл түсінік қазақ халқының ата-тегінің тарихи тағдырымен үндес. Қазақстанның құл иеленушілік қоғамдық-экономикалық формацияны басынан кешірмегені аян. Қазақ халқы рулық қоғамдық болмыс сарқыншақтарынан айыға қоймаған феодалдық дәуірді алға салып, капиталистік қатынастарды аттап өтіп, Октябрь революциясының нәтижесінде жаңа заманды қарсы алғаны белгілі. Міне, сондықтан халқымыздың тағдырына сіңісті тарихи тағылым, әсіресе оның “өзім” деп өзеуреуінен ада, қауымдық құрылысқа тән үрдістері халқымыздың дәстүрлі рухани мәдениетінен бой көрсетіп қалады. Қазақ өлеңінде адам үшін адам – дос, бауыр, жолдас. Адам – өнер туындысы ретінде фольклордың түпкі мақсаты, негізгі нысанасы. Адам қуанышқа, қызық пен тамашаға жаратылған, бұл дүниеге сол үшін келген. Мұнан қазақ фольклоры таптық антагонизмнен ада деген тоқтам тумады. Бірақ қоғамның барлық материалдық және рухани игіліктерін шығарушы еңбекші бұқараның әлеуметтік келбетін бейнелейтін қазақтың қара өлеңі негізінен демократияшыл сипатта.

Осы концепцияның жібек шашақты байрағын фольклор туындылары да, профессионал өнер өкілдері де биік көтере білген.

“Ішелік те киелік,
Мінелік те түселік,
Ойналық та күлелік,
Ойлап тұрсаң, жігіттер,
Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған”.

(Махамбет)

Сүйген жарының аулына “етігін шешіп, байпақшаң желетін” атақты Зілқара тоқсан алты жасында:

“Жиырма бес
Қайта айналып
Келмес маған”, –

деп егілгенде, етегі жасқа толады. Бұл қазіргі тыңдаушысының да жүйкесін шымырлатады.

Жыр тарланы Ақан мәселені тіпті тереңнен қозғайды. Ол өнерді адамды күйбеңінен босататын, тіршілік тауқыметінен азат ететін, адамның рухын аспандататын бірден-бір жан дауасы, шипа деп түсінеді.

“Бозбала, әнге салсаң,
Қайғың кемір...”

Бозбалалық, жар құшу – қызық кеніші. Сабырлы сал Естай мұны жігіт мұраты деп пайымдайды.

“Бозбала, қалма қапы
Бұл жалғаннан.
Жігіттің арманы жоқ –
Сүйгенді алған!”

Өлең адамды дүниеқоңыздықтан сақтандырады, оған жаны қас:

“Жабыны жауға мінбе, жалды екен деп,
Жаманмен жолдас болма, малды екен деп”.

* * *

“Дүние қарап тұрсам, қызыл түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі”.

Байлықты қанша қуғанмен, түбіне жете алмайсың, адалдық, татулық пен сыйластық – әлеуметтік қазына, адамгершіліктің көзі, сондықтан арынды таза ұста, намысыңа кір жуытпа деген моральдық императивтік қағидаларды қара өлең тіке айтуды жөн көрген:

“Ат көркем көрінеді тұрманменен,
Дүние жеткізбейді қуғанменен.
Ақ көйлек – адал ниет кір шалған соң,
Не керек, су кетірсес жуғанменен”.

Өрелі өнер парасаты ішкенді, жегенді, байлықты діттемей, адамның жан сарайының қақпаларын айқара ашқызып, ән мен күйге, нағыз қызық кенішіне шақырады:

“Еркем-ай, еркем-ай,
Би билесіп, ән шырқау –
Қызықтың-ай қызығы-ай!”

Осы идеяны қазақтың қара өлеңі өзінше қорытындылап:

“Неге отырсың, ей, қалқа, өлеңдетпей,
Өлеңдетіп қалайық, заман өтпей.
Оралыңның барында күл де ойна,
Албыраған ақша беттің қаны кетпей”;

тұжырымды концепцияға татитын ой түйіндейді:

“Кісіге өнер де өрнек, өлең де өрнек,
Шын жүйрік өрге салсаң, өршеленбек.
Барында оралыңның ойна да күл,
Шамшырақ мың күн жанған бір күн сөнбек”.

Сонымен, уақыт – өлең үшін мезгіл емес, дүниенің, адам ғұмыры өтетін кеңістіктің жалғасы, сыңары, атрибуты болып табылады. Адам ғұмыры тек кеңістікте ғана өтіп қоймай, ажырамас “кеңістік-уақыт” тұтастығында болады.

Өлеңнің логикалық қисыны

Қара өлең – халқымыздың рухани қазынасының қара маржаны. Оның осы эстетикалық қасиеті тағы бір тосын құпиясымен сабақтас болып келеді. Қара өлең ақиқат қуады. Бұл да оның философиялығының бір көрінісі болып табылады. Өлеңнің шындықты ашуды танымдық мақсат тұтқан шумақтары дәстүрлі қисын (логика) принциптерін қатаң бағдарлайды.

Әдетте, дәстүрлі Аристотель логикасында силлогизм үш бөліктен құралады. Бұлардың алғашқы екеуі алғышарттар (посылка) болып есептеліп, осы екі бөліктің негізінде жаңа ой түйіледі.

1. А дегеніміз – В.

2. В дегеніміз – С.

Ендеше:

3. А дегеніміз – С.

Соңғы “Ендеше, А дегеніміз – С” – жаңа ой. Оны ой тұжырымы (умозаключение) дейді. Ол – алғашқы екі пікірдің негізінде туындайтын жаңа ой. Тиянақтап назар аударған адамға бұл формула қазақ өлеңінде мынадай жүйеде көрінеді:

1. “Қамыстың ат байлама тармағына.

2. Адамның жолдас болма жаманына.

3. Адамның жолдас болсаң жаманына (ендеше) –

Тағдырдың іліндім де қармағына”.

Өлеңнің логикалық сипатын аңғару қиын емес. Оның сөйлем сайын субъектісі мен предикаты ауысып отырғандықтан, әр жолы дербес оймен байланысады. “Қамыстың тармағына ат байлау”, “жаман адаммен дос болу”, “тағдырдың қармағына іліну” предикативтік жалғастықта тұр, олардың қасиеті бір. Осы үш ойдан туатын тұжырым-жамандық. Бірінші жол – “қамыстың ат байлама тармағына” осалдықтың адам мен дүние (қамыс) арасындағы қатынаста да орын алатынын аңғартады. Дұрыс адам қамысқа ат байламайды, өйткені қамыс осал, ол ат байлауға жарамайды. Қамыс сылдыры (“сылдыр қамысқа

сырғам түсті, жар-жар”) атты үркітуі де мүмкін. Қамысқа ат байлайтын адамның кім екенін өлеңнің екінші жолы мегзеп тұр – ондай адаммен қатар жүруден сақтандырады. Ал егер ондай жағдай болған күнде зұлымдық басқа түскенмен бірдей – силлогизмнен туған жаңа ой: “Ендеше, тағдырдың қармағына іліндім дей бер” (3. А дегеніміз – С).

Формальдық логикалық схемаға қандай мағына салып бажайласаңыз да, белгілі бір ақиқатқа тіреліп отырасыз. Қазақ өлеңінің мән-мазмұны да осыған саяды. Өлең шумағына басқа мазмұн салып байқаңыз. Қандай мағына телісеңіз де, өлең ақиқатты қаузаған бағытынан жаңылып ауытқымайды.

Жоғарыда келтірілген шумақты әйел адам айтса, ол өз басын байлаған жарынан жеген опығын, ант-суынан айныған жігіт мінезінің қалтарыстарын бетіне басқандай болар еді. Ал егер осы жолдар жігіт аузынан естілсе, оның өзімен үзеңгілес серігінің көңіл тоймас қарекетін, екі ұшты қимылын, тайғанақ қабілетін, досқа енжарлығын тыңдаушыға наз етіп айтқанын аңғарар едіңіз. Өлең логикалық таным принципін қатты сақтап, соңғы ойды алдында айтылған екі шарт арқылы түйіндеп тұр. Үшінші және төртінші жолдар әрдайым ой түйіп отырады. Сондықтан он бір – он екі буындық қазақтың қара өлеңінің үшінші жолының ұйқассыз болуы шартты. Өйткені ойдың бас-аяғын қамтитын, ойға тұтастық беретін, оның басқа ойдан дербестігін сақтайтын – ұйқас. Осы екі ойдан туатын салауат: “Ғұмырыңды босқа өткізіп алма! Абай бол”. Шумақтың жалпы элеуметтік функциясы – адамгершілік өсиет. Сократтың “егер досым көп болсын десең – дос бола біл!” деген даналық сөзін қазақтың қара өлеңі ұйқаспен келтіріп, әнге қосып шырқатып тұр.

Логикалық нышан жалпы дүниетанымдық гносеологиялық тақырыпты арқау еткен өлеңдерде тиянақты да жүйелі түрде ұшырасып, дәстүрлі логикалық форма толық мазмұнға ие болған соң, диалектикалық логикалық концепцияға ойысады. Әрине, халық өлеңіндегі диалектикалық ой стихиялық тұрпатта болады.

1. “Дүние қарап тұрсам, шолақ екен.
2. Адамдар бір-біріне қонақ екен.
3. Құлпырған қызғалдақтай қызық дүние,
4. Қар жаумай, қазан ұрмай солады екен”.

Өлең келелі үш ойға арналған. Бірінші жолда адамды қоршаған құбылыста ешбір толас, тұрақтылық жоқ, қазақы тілмен айтқанда, баянсыз. Бұл жолдан шығатын философиялық қорытынды – айналамыздағы заттар, процестер мен құбылыстар туу мен өлу, жаңару мен ескіру, өсу мен өшу, даму мен құлдырау үстінде. Байсалды диалектикалық түсінікті бетке ұстаған қазақ өлеңі екінші жолда осы дүние заңдылығының әлеуметтік тіршіліктен де орын алатынын кесіп айтады. Маркстің “қоғам дегеніміз – табиғи-тарихи процесс” деген салиқалы ойын көркем образдар көмегімен астарлап жеткізеді. Өлеңнің алғашқы екі жолдарынан туатын қорытынды – әлеуметтік заңдылықтар дүние заңдылықтарымен үндес, ғылыми тілмен айтқанда, жалпы философиялық принцип – дүниенің (адам қоғамын қосқанда) материалистік негіздегі біртұтастығы.

Қара өлең диалектикалық материализмнің аса бір ірі теориялық тірегі – себеп пен салдар қатынасын да ашып отырады. Ол дүниедегі өзгерістердің қозғаушы күштерін тыстан, тағдырдан, тәңірден іздемей, заттар мен құбылыстардың өзінен табады.

Жүк көтермес қара нар, бел кеткен соң,
Құлазиды ен жайлау, ел көшкен соң.

Дүниенің себеп-салдар сабақтастығы әлеуметтік тіршілікте күрделене түседі. Қара өлеңнің бұл қырын:

“Жал-құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз –
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз –

Топка кірер ұл тумас.
Жаман қатын алғаның –
Төркініне бара алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Оңды жауап қата алмай,
Жалғанда қор болғаның... ” –

(Бұқар жырау)

деп жыраулар үлгі тұтады.

Материалистік диалектиканың ғылыми зерде мен адамзаттың тарихи тәжірибесін қорыту барысында пайда болғаны мәлім. Өлең де адамдардың өз басынан кешкен ғұмырын тағылым етіп қояды да, оны жаңа ой тұжырымдау үшін алғышарт ретінде пайдаланады.

Сонымен, қара өлең ат басын іргелі мәселелерге тіреп, сом философиялық үрдістерді төңіректетеді. Ол зиялы айтушы үшін де, іждағатты тыңдаушы үшін де көптеген салауатты мәселелер тудырып, екеуін де баурап, оралымы кең ойларға шомдырады. Адамдардың ақыл-ойы халық өмірімен көрінбейтін дәнекерлер арқылы байланысқан болса, сол дәнекердің бірі – кәдуілгі қара өлеңіміз, өзіміздің жанымыздан әрқашан табыла қалатын “бойдай-талайымыз”.



МГУ бітіргенде. 1969 ж.



Анасы Кулбагила





*С. Ақатай ұстазы Ә. Марғұлан мен қаламдастарының арасында.
Алматы*



С. Ақатай ғылыми экспедиция кезінде



С. Ақатай дәріс беру үстінде



С. Ақатай замандастарымен бірге



*Түркітілдес халықтарының құрылтайы.
Қызы Күнікей, Сәбетқазы Ақатай, Шеризат Догру.
Анталья, 1993 ж.*



*Түркітілдес халықтарының құрылтайы.
Анталья, 1993 ж.*



Сәбетқазы Ақатай, Жағда Бабалықов замандастарымен бірге



С. Ақатай саяси жиналыста



*Сәбетқазы Ақатай, бауыры Алтынғазы жұбайларымен.
Алматы, 1975 ж.*



*Сәбетқазы Ақатай жанұясымен.
Солдан оңға қарай: жиені Нұржан, қыздары Саягүл, Күнікей, Меруерт,
жұбайы Римма, жиені Әнуар. Алматы, 1986 ж.*



*С. Ақатай немересі Сырыммен серуенде.
Наурыз, 2000 ж.*

ТҮЙІН

Эстетикалық салауат әлеуметтік игілік болып табылады. Ол – жан дүние мөлдірлігі, моральдық тұлғаның бипоздығы, мәдениетті жанның бойынан әрқашан табылатын мейірім-мерей. Ондай қасиетті орынды қолданып, эстетикалық сезімді сергек ұстап отыру үлкен әлеуметтік-мәдени парыз екені айқын. Бойымыз үйрене қоймаған, салауатымыз әлі де игере алмай жатқан әсемдік әлемі мен сұлулық қонақтайтын биіктер бар. Адам үшін жаратылған сол игіліктердің жан тербетер қуаты мол. Игіліктердің қомақты бөлігі ұлт мәдениетіміздің алтын қазынасына тоғысқан. Қазіргі кезеңде ғылыми зерде халқымыздың рухани мұрасын талдап, оның озық үлгілерін өскелең өмір кәдесіне жаратып жатыр. Мыңдаған жылдар бойы толысып, дәстүрлі қалпына түсіп, тарих талқысынан өткен қыруар дүниені танып, оның қыры мен сырын ашып, бүгінгі күн тұрғысынан игеру оңайға түспейтіні белгілі. Осы объективтік қиыншылықтар кейбір субъективтік шарттардың шырмауына түсіп, ғылыми ізденістердің ақиқатқа жанасу жолдарына тосқауыл болып қалады. Халқымыздың тарихи рухани қазынасын зерделегенде, оны өз меншік категориялар және ұғым аппаратымен сараламау, ұлттық мәдени жүйеден тыс стереотиптер мен зерттеу тәсілдерін қолдану ұлттық мәдениеттің мәні мен сәніне, даралығы мен ерекшеліктеріне кетеу түсіреді.

Осының нәтижесінде мәдениеттің өзегі – ұлттық өнердің әлеуметтік-эстетикалық табиғаты жете ашылмайды. Әсіресе оның жалпы адамзаттық сипаты тасада қалады.

Ұлттық мәдениет қашан да дүниежүзілік мәдени процестің жалғасы. Жалпы адамзаттық мазмұн – жалпы адамзат болмысы үшін ортақ игілік. Ал өнердегі жалпылық пен ортақтық ерекшеліксіз ашылмайтыны хақ. Өйткені жалпылық пен ерекшелік дәйім диалектикалық дүниетанымдық байланыста тұрады. Ұлттық ерекшелік дәстүрлі қазақ әнін орындау мәдениетінен аңғарылады. Әрине, әр орындаушы өз мәнерімен өнер туындысын өзінше байытады. Жүсіпбектің, Рахияның, Рабиғаның, Дәнештің, Жәнібектің орындауында қазақ әні құлпыра түсіп, табиғи сұлулығы мейлінше ашылатын. Қазақтың лирикалық әндердің нақышын әсіресе Рабиға Есімжанова ерекше түрлендіруші еді. Қазақ әнінің дәстүрлі салауаты бұл әншінің орындауында айрықша айқын көрінетін. Әрине, бұл – ән үшін прогрессивті құбылыс.

Ал “мәдениеттендірудің” енді бір түрі – қазақ әніне “европалық өлшем қойып, әсіресе оның сахналық, опералық салаларына еліктеп, қазақ әнін сол нормаға келтіріп айту. Еліктеу барысында қазақ әніне біршама жат, өгей интонация, екпін мен иірім қосылып, әннің реалистік сипатына жарақат түседі.

Осы тәсілмен шырқалатын “Сұрша қыз”, “Қызыл бидай”, “Қаракесек”, “Қарғаш” әндерін тыңдап байқаңыз. Оны сіз тұрмақ, Жаяу Мұса мен Мәдидің өздерінің тану-танымауы неғайбыл. Бұл процесс, әрине, өзінен өзі дүниеге келмеген. Ол – ән өнерінің ұлттық ерекшеліктерін, бояуын, өзіне тән ішкі сырын, меншікті эстетикалық қадір-қасиеттерін жете танымағандықтан туған. “Мәдениеттендіру” өнердің ең алдымен халықтығына қиянат. Халық әні – өнердің тәжі ғана емес, мәдениеттің бастауы, қайнар көзі. Ол халықпен, оның тарихымен біте қайнасқан. Сондықтан оны “редакциялап”, “жөндеп” айту әрқашан зиялы тыңдаушының заңды наразылығына ұшырап отырады.

Ән – өнердің басқа түрлері іспетті әлеуметтік құбылыс болғандықтан, әлеуметтік өзгерістер мен жаңа құбылыстарды

бойына сіңірмей дамуы мүмкін емес. Алайда ол жаңа құбылыс пен жаңалық атаулыны өз дамуының иманентті заңдылықтарын сақтай отырып, талғампаздық сипатта сіңіреді. Өйтпеген күнде ән табиғатына емге көне бермейтін жарақат түсуі әбден мүмкін. Ондай кезде нәзіктіктің орнын – айғай, сезімталдықтың орнын құрғақ даңғаза басады. Ән – аяулы игілік, бап қалайды, сондықтан әнді орындағанда бар мақсат оның жаңа қыры мен сырын ашуға, “өзіндік мүддесін” қорғауға жұмылдыруы тиіс. Кәсіби әнші өлеңнің қағілез қасиеттерін есте тұтқаны абзал. Сонда ғана ол өз бойына ұялаған асыл қасиеттерін жарқырата аша алады.

Поэзияның да, музыканың да шындықты бейнелеуде өз тілі, өзіне ғана тән көркемдік құралдары бар. Әндегі сөз бен әуен бір желіге көгенделген егіз түлек. Әнде поэзия мен музыка тоқайласады, бірін бірі толықтырады. Сондықтан әннің эстетикалық қуаты айтушыны да, тыңдаушыны да зор сезімдік толғанысқа кенелтеді, қуанышқа шақырады. Эстетикалық кемелді игілік іздеген жанның қазақ әнімен табыспауы мүмкін емес.

Қазақ әні бұқарашыл, оның демократияшыл бағыты шыншылдығымен, реалистік дәстүрмен сабақтасады. Әннің осы қасиеті оны дін шырмауынан аулақ ұстады. Қазақ әнінде мысқылдай мистика болмайды. Ол тәңіріге емес, топырағына табынады, ол патшаның тағынан, байдың дәулетінен аттап өтіп, тек қана парасатты сезіммен қауышады. Ал дүние дидарында тек асыл сезім ғана тозбайды, көнермейді. Ол – мәңгілік!

ҚОСЫМШАЛАР

Қара өлең сөзі

Халқымыздың сан буынына мұра болған ұлттық дәулетіміз – адам мен оның ой өресі және тарихи тағдыр – тауанының жемісі. Қара өлең ұлттық мәдениеттің табы мен таңбасын бойына сіңіріп, ұрпақ пен ұрпақтың рухани бітімін табыстырып тұрады. Оның шығу тегі мен байырқалану жолдары өте күрделі.

“Ақбөбек айналайын, жүзің айдай,
Айтарлық сөзге шебер тілің майдай.
Алыстан сенен хабар алып тұрмын,
Кеткен соң аулың алыс, жерің шалғай”.

Осы шумақта жырланған лирикалық кейіпкер Ақбөбек – өмірде болған адам, ал өлең болса, осы адамның сұлулық парасатына мәңгіге орнатылған ескерткіш екендігі даусыз. Өлең ескерткіш қызметін, басқа сөзбен айтқанда, монументтік өнер функциясын атқару үшін алғаш айтылғаннан-ақ халық жадында жазылусыз сақталып, жалпы ұлттық игілікке айналуы қажет. Қара өлеңнің басты қасиеті сол – ол ат басын бірден осындай іргелі салауатқа тірейді. Өлеңнің ұлттық поэтикалық версифи-

кация үдесінен танылуы шарт. Ұлттық философиялық пайым, ой жүйесі, ұлттық рухани кеңістік пен уақыт, ұлттық этикалық салауат, кісілік салтанат, эстетикалық өре қара өлеңнің идеялық және адамгершілік тұғыры болып саналады. Сондықтан да “Ақбөбек” әнін туғызған саңлақ поэтикалық мәдениеттің ұлттық өрнегін басшылыққа алып, халықтық үрдіс төңірегінен ауытқымайды. Осы негізде дегеніне жетеді: ән де, оның өлеңі де бір дегеннен көкейге орнығады, тыңдаған адам авторына, онан соң сол өлеңнің насихатшысына айналады. Басқа сөзбен айтқанда, өлең нарау тыңдаушысын өнердің “жасаушысына”, белсенді “қайраткеріне” дейін көтереді.

“Ақбөбек, аққудайсың көлде жүзген,
Аспанда мен ақ сұңқар көзін сүзген,
Екі ара ат жетпестей алыс деме,
Аруды, сірә, сендей көрмей кетпен”.

Өлең басынан аяғына дейін дәстүрлі қара өлеңнің озық нұсқаларын еске түсіреді.

“Ақбөбек, кеткенің бе серттен тайып,
Адамды кім айырар ерлі-зайып.
Жүремін сүйгенім деп құдай берген,
Адамда шын берілген бар ма айып?!”

Ақбөбек пен Қайып арасындағы лиро-драмалық уақиға Маңғыстау түбегінде өткен ғасырда орын алған.

“Ақбөбек пен етікші Қайып” деген дастан бар. Осы дастанның кейбір үзінділері қара өлең жанрында ел ішінде айтылып та жүр. Бұл – қара өлеңнің шығу тегінің бір ғана қайнар көзінен елес береді, оның дүние дидарына тұрақтануының мол себептері баршылығын айғақтайды.

“Қараймын жабығыңнан қаздай бойлап,
Ақбөбек, отырмысың ақыл ойлап.
Бірге өскен кішкентайдан Бөбек едің,
Қызығын көре алмадым күліп-ойнап”.

Қазірде радио мен теледидардан шырқалып жүрген “Ақбөбек” халықтың қара өлең қазынасының ажырамас

бөлшегіне айналды. Әннің даралық белгісін қаһарманының есімінен ғана ажыратуға болады. Қалған элементтерінің баршасы – халықтық; силлабикалық буын саны 11-12, ұйқасы ааба (айдай, майдай, шалғай, бойлап, ойлап, ойнап және т. б.) болып келеді.

“Ақбөбек” тектес ән текстері халық қазынасында молдап кездеседі. Бұл іспеттес әндер әуені мен сөзіне шарт қоя бермейді: олардың әуендері де, текстері де орны ауысып айтыла беріледі. Халық жақсы ән мен өлеңді қадірлеп, жаны сүйгендіктен, осы ауыс-күйісті арнайы да жасайды. Бұл – мәдени бейтараптық емес, керісінше, өлеңге деген биік талғампаздықтан туындаған өрелі ұлттық эстетикалық белгі. Өлеңнің әуен немесе әуеннің елең талғамай айтыла берілуі осы мәртебеліктің нышаны екенін көрсетеді. Өйткені, сайып келгенде, халық қазынасының тағдыры оның заңды иесінің – халықтың өз еркінде. Қазаншысы – халық, сондықтан қазанының құлағын қай жағынан шығару жағын орындаушыдан да, тыңдаушы мен зерттеушіден де сұрамайды.

Қара өлеңнен айтылмай кеткен арман, орындалмай кеткен мақсат, бірінен-бірі көз жазып қалған ынтық жастар мұңы естіледі. Алайда оған тек мұң-қайғы, арман-аңсар ғана емес, қуаныш пен шаттық та арқау болған. Қара өлең кеулеген ықылас пен береке мерекесінде жаратылғандардың бірі – біз, кемеліне келген бүгінгі ұрпақ, қазақ әлеуметі. Сондықтан өткен буыннан қолымызға тиген дәулетті рухани марқаюымыздың кәдесіне дұрыс қолдана біліп, келер ұрпаққа өзгеріске ұшыратып алмай табыс ету – парызымыз. Мұндай баға жетпес байлықтың ұмытылып бара жатқаны аянышты-ақ...

Халық қазынасын жинау ісіне мұрындық бола ма деген ниетпен кітабымызға қосымша материал ретінде назарларыңызға ұсынылып отырған бұл мұрағаттар – ел арасына кең тараған қара өлеңнің кейбір нұсқалары, азғантай ғана бөлігі. Қара өлең үлгілері ұшан-теңіз. Оны жинау, зерттеп-зерделеп халықтың өзіне қайта ұсыну – кезек күттірмейтін міндеттің бірі.

Қолымызда бар қара өлең нұсқаларын үш топқа:

1. Философиялық (дүние мен жаратылыс, уақыт пен кеңістік,

адам мен ғұмыр туралы); 2. Этикалық (адамгершілік, достық, жақсы мен жаман туралы); 3. Лиро-философиялық өлеңдер деп бөлгенді жөн көрдік. Алайда бұлайша топтаудың да кемшілігі жоқ емес. Қазақстанның әр қиырында қара өлеңнің белгілі бір тақырыптық тобы молырақ бой көрсететіні аңғарылады. Өлеңнің жергілікті ерекшеліктерінің тегін, жай-жапсарын, даму сатыларын фольклоршыларымыз арнайы зерттеу барысында тиянақтар деген үміттеміз. Ондай жүйелеу ісіне біздің материалдарымыз аздық етеді.

Дүние ойлап тұрсам, шолақ екен

Философиялық өлеңдер

*(Дүние мен жаратылыс,
уақыт пен кеңістік, адам мен өмір туралы)*

Дүние ойлап тұрсам, жалған екен,
Ғаламды он сегіз мың алған екен.
Жібіндей мәшиненің қайран әнім,
Шалдығып шабан аттай қалған екен.

* * *

Дүние қарап тұрсам, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Барында оралыңның күл де ойна,
Бергені тіршіліктің сол-ақ екен.

* * *

Дүние қарап тұрсам, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Құлпырған бәйшешектей қайран өмір,
Қар жаумай, қараша ұрмай солады екен.

* * *

Қусаң да жеткізбейді арман дүние,
Бұрынғы ата-анадан қалған дүние.

Барында оралыңның ойна да күл,
Бір күні өте шығар жалған дүние.

* * *

Дүние, қудым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Көрсетіп кейде алдыңды, кейде – артыңды,
Қойдың ғой дидарыңды танытпай-ақ.

* * *

Ұшады ақсұңқар құс бір ұядан,
Ұясы жануардың тас қиядан.
Күлмейін, ойнамайын десем-дағы,
Барады күнім өтіп дүниядан.

* * *

Барында оралыңның ойна да күл,
Өтерін сұм дүниенің ойла да біл.
Алдында жақсылардың мереке етіп,
Ән салып түрлендіріп, сайра, бұлбұл.

* * *

Домбырам – екі ішекті қу қарағай,
Не болды, даусым, саған сырғанамай.
Сағымдай жазғытұрғы боз-боз етіп,
Барады дүние өтіп, бір қарамай.

* * *

Базаршылар базарға қой айдайды,
Жауын жауса, далаға қона алмайды.
Болашақтың белгісі жоқ қой, құрбым,
Аз күн қызық мәңгілік бола алмайды.

* * *

Жіберіп көк аланы, керді міндім,
Өтерін бұл жалғанның енді білдім.
Өтерін бұл жалғанның білгенен соң,
Құрбыммен өзім теңдес ойнап-күлдім.

* * *

Айт дегенде өлеңді, аярым жоқ,
Желісім бар жеткізбес, аяным жоқ.
Тіршіліктің барында күл де ойна,
Өтіп заман барады баяны жоқ.

* * *

Жапанға бітер сонар бір бәйтерек,
Жігітке бітсе дәулет, ақыл керек.
Өнерді үйрен-дағы жирен деген,
Жамиғат, қор болмайсың, болсаң зерек.

* * *

Көрінгендей анадайдан көлдің миқы,
Алысты жуық қылған қайран жылқы.
Барында дүниенің қудай шайқа,
Жоқ дейді о дүниеде ойын-күлкі.

* * *

Қай беткей, мына беткей, қара беткей,
Жатады сазды жердің қары кетпей.
Дүние-тіршілікте ойна да күл,
Бетіңнің алақандай қаны кетпей.

* * *

Көрінер өскен қайық соққан желдей,
Кім байқар мехнатты басқа келмей.
Атқа – жүк, түйеге қом артып алып,
Бір күні жөнелерміз көшкен елдей.

* * *

Балалар ән сал десе, ән салмайды,
Болғанда заманақыр жан қалмайды.
Қан тамған қылышынан Әмір-Темір,
Дүние соларды алған, кімді алмайды.

* * *

Домбырамның бір күй бар пернесінде,
Іркілейін жел сөздің мен несіне.

Күлелік те ойналық тіршілікте,
Өткен өмір мен кепіл келмесіне.

* * *

Дауысым әнге салсам, қайрандаған,
Бұл жөтел кез болды екен қайдан маған.
Барында тіршіліктің күл де ойна,
Келмейді қайта айналып қайран заман.

* * *

Біздің елдің жайлауы Жем болады,
Жем жағалай отырған ел болады.
Одан әрмен өткен соң Темірарқаш,
Арғы жағы сахара шөл болады.

* * *

Барады аулым көшіп Көкөзекке,
Жарасар кілем жабу Сұркөжекке.
Қос жастық басымызға түсе қалды,
Алақтап екі көзім төңірекке.

* * *

Келемін жоғарыдан төмендетіп,
Үстіме кидім көйлек көлеңдетіп.
Жас дәурен қайсымызға баяндайды,
Жүрелік азғана күн өлеңдетіп.

* * *

Жүйрікте болмас көрік сыналмаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.
Меңзеген асқар тауға асыл көңіл,
Дүниеде еш нәрседен тына алмаған.

* * *

Басында Шұбартаудың қос барабан,
Сол таудан дария шалқып, су тараған.
Сұлу қыз, жақсы жігіт – бәрі сонда,
Япырмау, неге келдім сол арадан?!

* * *

Дүние қарап тұрсам, қызыл түлкі,
Қызығы бұл дүниенің – ойын-күлкі.
Ойнап-күліп, ішіп-жеп, мініп-түссе,
Жігіттің соған жетсін жиған мүлкі.

* * *

Салыңқы жапырағы сал қайыңның,
Жігітке пайдасы жоқ уайымның.
Кей пенде жоқ нәрсеге мұңаяды,
Кім білсін не берерін құдайымның?

* * *

Ат туар, айғыр салсам, ақ құладан,
Не пайда үйінде жоқ аққұбадан?!
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Барады дүние жалған шапқылаған.

* * *

Бір күй бар домбырамның пернесінде,
Жел сөздің іркілейін мен несіне.
Жігіттер, тіршілікте күліп-ойна,
Мен кепіл өткен жастық келмесіне.

* * *

Барады аулым көшіп Алмалыға,
Тәңірдің кім көнбейді салғанына.
Жігіттер, шамаң келсе, шырқатып қал,
Мен кепіл бұл дүниенің жалғанына.

* * *

Замандас, құр қажыма қиял ойлап,
Ойдың түбі терең сай кетер бойлап.
“Сабыр түбі – сары алтын” деген сөз бар,
Сабырлық ақырында бәрін жоймақ.

* * *

Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.

Шалқыған асқар таудай асыл күнім,
Бұл дүниеде еш нәрседен тына алмаған.

* * *

Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,
Қашады таудан түлкі сүмендеген.
Үйіңе құрбың келіп құр аттанса,
Не керек бұл дүниеден үміттенген.

* * *

Мінгенім дәйім менің шұбарым-ды,
Шапқанда шығаратын құмарымды.
Жапанда жалғыз өскен мен – бәйтерек,
Қай күні құдай білер құларымды.

* * *

Жез салдым жүгеніме таңдап-таңдап,
Алыстан айттым сәлем қалқаға арнап.
Басыңа қонған бағың бұл-бұл ұшар,
Мың пәле жан-жағыңнан алса қармап.

* * *

Өлеңге жүйрік едім ұшқан құдай,
Күн өтер күн артынан зулай-зулай.
Барында оралыңның күл де ойна,
Анадан қайтер едің қалсақ тумай!

* * *

Берейін сөйлеп-сөйлеп сөз келгенде,
Заманым күндей туып өзгергенде.
Жел сөзді құдай берген неге аяйын,
Құрбылар өзім теңдес кез келгенде.

* * *

Дүние, еркін құлаш жайдырмайсың,
Не кедей, не белгілі бай қылмайсың.
Жақсыдан ат тоныңды ала қашып,
Жаманнан табаныңды тайдырмайсың.

* * *

Есік алды қара су бойламадым,
Өтерін бұл дүниенің ойламадым.
Өтерін бұл дүниенің енді ойласам,
Тебісіп құлын-тайдай ойнамадым.

* * *

Қудым сені, дүние, жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Мал мен басты біреуге бірдей беріп,
Біреуді қойғаның ба жарытпай-ақ?!

* * *

Қайтейін, кедейшілік, көзіңді ашпа,
Қылдың ғой жеккөрінішті қарындасқа.
Кетпейсің босағамнан бақырайып,
Жоқ па еді туысқаның менен басқа?

* * *

Қызыл тілім, сөйлеші бұлбұлдайын,
Заман өтіп барады жыл-жыл сайын.
Қайратыңның барында қапы қалма,
Жасытпай ма адамды құр уайым?!

* * *

Үш жүзге атым мағлұм Зілқара едім,
Алмаған ата тілін бір бала едім.
Жиырма бес, енді айналып қайта келсең,
Төрт-бес күн бұл дүнияны бұлғар едім.

* * *

Басында Қаратаудың аршасы бар,
Ер жігіт тау басына барса шығар.
Ішінде бір терінің ер-азамат,
Тірлікте неше солып, неше толар.

* * *

Жігіт бол, жігіт болсаң, тал жібектей,
Қаттылық жараспайды тікенектей.

Ақылың Аплатындай болса-дағы,
Болмайды өз халқыңа қызмет етпей.

* * *

Бір күнде жігіт болдың ор киіктей,
Тозаңы аспанға ұшқан көзге ілікпей.
Дүниеге зердесі бар келген жандар,
Қалмайды жас уақытта бір желікпей.

* * *

Халайық, тыңда кеңес біздей ерден,
Ажалсыз пенде өлмейді қайғы-шерден.
Мысалы бұл жалғанның пендемен тең,
Жігітке не болады алған-берген.

* * *

Болғанда биен жарау, атың қату,
Жігітке лайық па екен қарап жату?
Серілік, жастық өмір бойға қонып,
Жастықта ол бір қызық дуылдату.

* * *

Домбырам іші қуыс, сырты тақтай,
Бірақ та сөйлемейді қолмен қақпай.
Өлеңді айт десеңіз, мен айтайын,
Бәйгеден келіп тұрған боз жорға аттай.

* * *

Мінген атым астыма күрең дөнен,
Ойдан түлкі қашады сүмендеген.
Он бесімнен кешегі хабарым жоқ,
Ойлап па едім осылай жүрем деген.

* * *

Екі ауылдың арасы қамыс пішен,
Қу жаманнан, құдай-ау, қашан кетем?
Қу жаманнан, құдай-ау, кетер едім,
Аяғыма сен болдың алмас кісен.

* * *

Жолдастар, қосылушы ек әлдеқайдан,
Демеуші ек мынау – арғын, мынау – найман.
Сүзіліп таң Көбестен¹ келгенінде,
Әндетіп өтуші едік терең сайдан.

* * *

Келеді айым туып оң жамбастан,
Құдайым айырмасын тең құрдастан.
Құдайым, айырғанша тең құрдастан,
Не етеді жаратпасаң әуел бастан.

* * *

Берейін сөйлеп-сөйлеп, сөйле десең,
Тұлпардай тұра алмаймын сөйлемесем.
Жел сөздің құдай берген арқасында,
Бұрын да жас күнімде болғам шешен.

* * *

Бір кезде тоты құстай сайрап жүрдік,
Қаз мойын, орақ төсті жайлап жүрдік.
Тап болған жат елден де қорғаланбай,
Орынды әрбір жерден сайлап жүрдік.

* * *

Бар ма еді мұндай болам деген ойда,
Жиналып жүруші едік талай тойда.
Аққумен аспандағы ән қосатын,
Басатын ашық үнге дауыс қайда?

* * *

Өлең деген немене өнерпазға,
Өлең тұрмақ, сөз қиын ақылы азға.
Тіршілікте ойнап-күл деп айтамын,
Кім бар, кім жоқ ендігі келер жазға.

¹ Жер аты.

* * *

Өлеңді айта берсем – құлақ құрышы,
Тәтті ұйқы, қалың төсек – жанның тынышы.
Жүйрік ат, түзу мылтық, мал мен бала –
Жігіттің өлгенінше қуанышы.

* * *

Өлең деген немене, ой емес пе,
Асқар тауға жайылған қой емес пе?
Тіршіліктің барында күл де ойна,
Осы жүрген күніміз той емес пе?

* * *

Берейін сөйлеп-сөйлеп сөз келгенде,
Тәңірім сөйлесін деп сөз бергенде.
Жел сөзді кеудедегі аяймыз ба,
Өлеңнің шарты болып, кез келгенде.

* * *

Салыңқы жапырағы сал қайыңның,
Жігітке пайдасы жоқ уайымның.
Кей пенде бір нәрсеге мұңаяды,
Кім білсін не берерін құдайымның?!

* * *

Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,
Қашады таудан түлкі сүмендеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып тең құрбымнан жүрем деген.

* * *

Дүние – жеткізбеген қызыл түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Барында қызылыңның қудай шайқа,
Қызығы бұл дәуреннің – ойын-күлкі.

* * *

Мінезі жүйріктердің соқпа-соқпа,
Айтайын мен өлең, көңілім соқса.

Сөйлеп қал, қызыл тілім, тіршілікте,
Өмірің біразырақ бар ма, жоқ па?

* * *

Ал десе, еркін жүйрік ағылады,
Ақылға кейбір адам бағынбайды.
Жігіттік – бойға таққан бір гауһар тас,
Қартайсаң, қайта айналып тағылмайды.

* * *

Өн салсаң, өзімдей сал ширатылып,
Қалады сексен терек қиратылып.
Жігіттер, осындайда күл де ойна,
Жан шығар өлгеннен соң шұбатылып.

* * *

Бұлбұлдай сайрайтұғын бақшадағы,
Қызыл тіл, осындайда қақса-дағы.
Қайғырма барды-жоққа, ажалды өлер,
Алпыс күн аспаннан сел ақса-дағы.

* * *

Жүруші еді біздің ел Сағыз жайлап,
Ыраңына арқаның түйе байлап.
Жез самаурын, қара шай, саздың суы,
Пісуші еді сәскеде эзер қайнап.

* * *

Өлеңді айт дегенде, тоқталар ма,
Басынан жүйрік аттың нокта алар ма?
Барында тіршіліктің күл де ойна,
Мереке күнде осындай той болар ма?

* * *

Шертемін домбырамды сермей-сермей,
Адамзат тұра ала ма әдетке ермей.
Бозбала, осындайда өлеңінді айт,
Қояр ма әрбіреуі бойды жеңбей.

* * *

Алқызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Жігіттер, осындайда ойна да күл,
О дүниеде болмайды ойын-күлкі.

* * *

Ұшып жүрген аспанда ақ сауысқан,
Жыл он екі ай болғанда ажал қысқан.
Тіршілікте, жігіттер, күліп-ойна,
Бұл жалғанның қызығын кім тауысқан.

* * *

Бақыр қанша, замандас, бақыр қанша?
Жылқы айдадым Ақтаудан асырғанша.
Оралыңның барында ойна да күл,
Ақ жүзіңді қара жер жасырғанша.

* * *

Айт дегенде өлеңді, аярым жоқ,
Жер үстінде жеткізбес баяным жоқ.
Тіршіліктің барында күл де ойна,
Өтіп дәурен барады баяны жоқ.

* * *

Ат көркем көрінеді тұрманменен,
Дүние жеткізбейді қуғанменен.
Ақ көйлек – адал ниет кір шалған соң,
Не керек, су кетіргес жуғанменен.

* * *

Жігітке өнер де өрнек, өлең де өрнек,
Шын жүйрік ерге салсаң, өршеленбек.
Барында оралыңның ойна да күл,
Шамшырақ мың күн жанған бір күн сөнбек.

* * *

Өлең қайдан шығады, сөз болмаса,
Кім жетелеп жүреді, көз болмаса.

Өлген адам кебінсіз қалады екен,
Сары ала сарт тоқыған бөз болмаса.

* * *

Әуеде ұшып жүрген бөденеміз,
Жалғаннан бүйтіп жүріп не көреміз?
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Желбегей жеңсіз көйлекпен жөнелеміз.

* * *

Жақсылар кілең сайдың тасындай бір,
Жас көңіл әлі бізде басылмай жүр.
Барында дәуреніңнің күліп-ойна!
Жиған мал қай атаңнан шашылмай жүр.

* * *

Меккеге кім бармаған, кімдер барған,
Талайда орындалмай арман қалған.
Салып өт жігіттікті шамаң келсе,
Басынан өтпес кімнің дүние жалған.

* * *

Айтпай болмас өлеңді, үйренген соң,
Қылған қайырың сеп болар, өлгеннен соң.
Арпа жеген аттайын шұрқырайсың,
Құрбы-құрдас бір жүріп үйренген соң.

* * *

Жайықтың арғы жағы, бергі жағы,
Жайқалған жағасында жапырағы.
Жігіттің алған жары болса жаман,
Кетпей ме барымтаға барлық малы.

* * *

Жайықтың жағалауын жағаладым,
Алуға балық аулап, қармақ салдым.
Жігіттің алған жары болса жаман,
Кетпей ме өле-өлгенше іште жалын.

* * *

Керегенің басында оймақ тұрар,
Кедейшілік жігітке қой бақтырар.
Алған жары жігіттің жақсы болса,
Тал шыбықтай бұралып ойнап тұрар.

* * *

Керегенің басында оймақ тұрар,
Қарындастар ән салып, ойнап тұрар.
Алған жары жігіттің болса жақсы,
Атын байлап, алдында жайлап тұрар.

* * *

Алатаудың бір аты Алмалытау,
Ер-тоқымға жарасар үзеңгі бау.
Үзеңгі бау болмаса, жайдақ жақсы,
Жаман әйел алғанша, бойдақ жақсы.

* * *

Жел соқса құбыладан, үй солқылдар,
Дауысым ә дегенде бір сұңқылдар.
Ағалар, алған жарың болса жақсы,
Алдыңнан аққу ұшып, қаз қаңқылдар.

* * *

Жылқы деймін, ендеше, жылқы деймін,
Қабағы ашық – әйелдің көркі деймін.
Алған жары жігіттің жаман болса,
Құрбы-құрдас алдында күлкі деймін.

* * *

Бойдай-талай, шіркін-ай, болған басым,
Боз биенің сүтіне жуған шашым.
Қыз да болсам біреудің ұлындай ем,
Бір жаманға қор болған әзиз басым.

* * *

Жапанда жалғыз ағаш ну болады,
Миуасы жерге түскен қу болады.

Көңілім кешегіден бүгін төмен,
Қызыл шай азанда ішкен у болады.

* * *

Ай, қайтейін, қайтейін, қайран елім,
Бұрынғыдай заманым қайда менің?!
Бұрынғыдай заманым болса менің,
Тасқа қонған бұлбұлдай сайрар едім.

* * *

Жиырма бес кезің еді толғайтұғын,
Қызыққа ертелі-кеш тоймайтұғын.
Суалып тамыр біткен тұла бойда,
Кәрілік, келіп қалдың қоймайтұғын.

* * *

Баяғыда бай да өткен, жарлы да өткен,
Жиырма бес жас басымнан қарғып өткен.
Жайраңдашы, жігіттер, ойнап-күліп,
Мақсатына ойлаған әркім жеткен.

* * *

Жиырма бес, қош-аман бол қайтып келмес,
Жастық шақ ойлағанмен бола бермес.
Дерт қозып, суалады тамыр біткен,
Өткіздік жас күндерді қолға бермес.

* * *

Бітеді бақ пен дәулет мал-жанменен,
Қаршыға қасқыр ілмес салғанменен.
Қосылып жас пен кәрі тең болмайды,
Айттырып, малын беріп алғанменен.

Бірге жүрген құрбыңмен болма салқын

Этикалық өлеңдер

(Адамгершілік, достық, жақсы мен жаман туралы)

Өлеңді айтқан жақсы білген құлға,
Кім берер ақ теңгені қара пұлға.
Ақтаған ана сүтін адал ұлға,
Төңірек төрт бұрышы болар тұлға.

* * *

Қарлығаштың қанаты сегіз сала,
Жұмыртқадан шайқады қайран ана,
Жұмыртқадан шайқаған қайран ана,
Не көрсеттік анаға сүйткен бала.

* * *

Қарлығаштың қанаты сегіз сала,
Өлең айтып берейін балаларға,
Ата-анасын сыйлаған адал ұлға,
Дами берсін дәулетің жылдан жылға!

* * *

Мен елімнен шықтым да, ерге кеттім,
Өзім туып көрмеген жерге кеттім.
Ата-анама ер жетіп не көрсеттім,
Жат кісінің баласын жолдас еттім.

* * *

Мен елімнен айрылдым жылай-жылай,
Қайтіп қана кетейін арыз қылмай.
Ардақтаған ата-ана, мен тілеймін,
Ақ сүтінді кеше гөр, қарыз қылмай.

* * *

Базардан алып келген темір қақпан,
Қақпанмен түлкі алады ебін тапқан.

Таспадай сырып қойған бір мінің жоқ,
Анаңнан айналайын сізді тапқан.

* * *

Айтайын, айт дегенде, ау, жарандар,
Той болса, жаман жігіт сөзге арандар.
Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер,
Аттың басын тартпай шап, бозбалалар.

* * *

Қара қамзол, ақ көйлек құрбың кисін,
Төгілгенде етегі жерге тисін.
Бірге тұрған құрбыңмен тату өткін,
Көре алмаған дұшпанның іші күйсін.

* * *

Айналайын атыңнан, келдің қайдан,
Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан.
Мекеніңді айтып қой, білмеуші едім,
Жат болмағы адамның осындайдан.

* * *

Ат жақсы жабағыдан – шабыс болса,
Жат жақсы ағайыннан – таныс болса.
Күледі дұшпан тұрғай досың-дағы,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.

* * *

Қара бура дегенде қара бура-ай,
Азғана мал жатпайды қора болмай.
Құдайым, ел ішінде абырой бер,
Досқа – күлкі, дұшпанға таба қылмай.

* * *

Басында Тарбағатай тошала-ды,
Уысым тошаладан босамады.
Досым деп кей жаманға қол ұсынсаң,
Жаныңды кеудеңдегі қоса алады.

* * *

Бұйырса шай ішерміз, шай қайнаса,
Тұшпардың бүйірі қызар, айқайласа.
Бойыма ішкен асым батпас менің,
Ағайым осы отырған қайғы ойласа.

* * *

Айналайын, әу, Қайша өкпем деймін,
Жаман атын естісем, өкпелеймін.
Арадағы жел сөзбен кетсең алыс,
Менің ашуым басылмас көпке дейін.

* * *

Айналайын, әу, Қайша, қалқам едің,
Көпшіліктің ішінен тапқан едім.
Өзің білші құрбыңды ренжітсең,
Ақылың көл-дария ғой деп ойлап едім.

* * *

Құлағыма салғаным сап-сары алтын,
Бірге жүрген құрбыңмен болма салқын.
Бірге жүрген құрбыңмен болсаң салқын,
Баяғыдай болмайды жүзің жарқын.

* * *

Аузыңды ашсаң, көрінер маржан тісің,
Не демейді сыртыңнан дұшпан кісің.
Десе десін сыртыңнан дұшпан кісің,
Білінбей ме досыңа еткен ісің.

* * *

Баспадым жардың шетін, құлай ма деп,
Ішпедім арық суын, лай ма деп.
Жаманмен дос болуға жасқанамын,
Күн туса, ердің құнын сұрай ма деп.

* * *

Ақ көйлек, қара бешпент алғаным-ай,
Жалпақ зер етегіне салғаным-ай.

Сұрасаң хал-жайымды, құрбы-құрдас,
Айрылып достарымнан қалғаным-ай.

* * *

Өлеңді айтқан жақсы білгеннен соң,
Сел болар қылған қайырың күңіренген соң.
Аттайын арпа жеген аңсайды екен,
Бір жерге екі жақсы үйренген соң.

* * *

Қой айдадым Орынбор базарына,
Кім көніпті жаманның ажарына.
Жер соқтырып жаманды кетер едім,
Қарап жүрмін халқымның ажарына.

* * *

Өлеңді айтушы едім он жасымнан,
Пенденің көңілі жұмсақ қорғасыннан.
Барында тіршіліктің ойнап-күліп,
Айрылма қатар жүрген жолдасыңнан.

* * *

Домбырада бір күй бар тартылмаған,
Жүрегімде бір сыр бар айтылмаған.
Кеудемді алып тұрып қарасаң бір,
Жалынды көрер едің аһ ұрлаған.

* * *

Қамыстың ат байлама тармағына,
Адамның жолдас болма жаманына.
Адамның жолдас болсаң жаманына —
Тағдырдың іліндім де қармағына.

* * *

Айналайын қарағым, хал жақсы ма?
Сала берме көзінді әр жақсыға.
Сала берсең көзінді әр жақсыға,
Жолығарсың бір күні албастыға!

* * *

Тұлпарды тұлпар деме қамшылаған,
Дариядан зэмзэм артық тамшылаған.
Күніне бір қоңыр қаз ілсе-дағы,
Тұйғынның бағасы артық қаршығадан.

* * *

Жастық шақ – көлдегі құс дуылдаған,
Күн өтер ұшқан кудай зуылдаған.
Не пайда ағайыннан күш болмаса,
Қарғадай қардақ жерде шуылдаған?

* * *

Қолымда бір қамшым бар шашамайлы,
Ер жігіт тіршілікте не жимайды.
Абысын – үй арасы болса тату,
Іргесі ағайынның бұзылмайды.

* * *

Бір ботам жаңа ғана аяқтанды,
Көшіме ілесуге таяп қалды.
Тап болсаң жер ортада жас қатынға,
Баққандай есің шығар саяқ малды.

* * *

Көшкенде жылқы айдаймын торыменен,
Жігіттің жолдас болма қорыменен.
Сөз айтсаң кей жаманға, қорқытады,
Бопсалап қолындағы жоғыменен.

* * *

Жабыдан айғыр қойма, жалды екен деп,
Жаманмен болма жолдас, малды екен деп.
Жау келсе, жақсы атыңмен шаппай қалма,
Қан түсіп аяғына қалды екен деп!

* * *

Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Апырмау, сол қамшыны кім істеген?

Кей жаман сыландайды сырын бермей,
Мысықтай жұрт көзінше түк ішпеген.

* * *

Сарысынан алманың көгі жақсы,
Көктей орған тарының сөгі жақсы.
Жаман адам қалжыңға қорс етеді,
Тал шыбықтай бұралған тегі жақсы.

* * *

Қолымда бір қозым бар телінбеген,
Күйеуге төс тартылар келін менен.
Кісі деп кей жаманға ісің түссе,
Асаудай тыпырлайды жегілмеген.

* * *

Қалбаның қар тоқтайды биігіне,
Шыдадым қалқатайдың күйігіне.
Жақсыны жас басынан көп шеттетсең,
Қайтадан қосылмайды үйіріне.

* * *

Кеш болса, кер далада тарғақ ұшар,
Адасып ұясынан, зарлап ұшар.
Баулысаң кей жаманды кішкентайдан,
Ақтамай үмітіңді, жардан ұшар.

* * *

Шөлдегенде лай су шайдан жақсы,
Бір жұлдыз бар аспанда айдан жақсы.
Бір сөз айтсаң жаманға, қорс етеді,
Қорғасындай балқыған қайран жақсы.

* * *

Ташкентте бар бір базар – алма базар,
Алма сатып отырған Алданазар.
Жақсылармен ойнасаң – күнде базар,
Жамандармен ойнасаң – көңілің тозар.

* * *

Мінгенім дәйім менің ала тайым,
Жүзімді құбылаға қаратайын.
Ағайын ең алдымен жау боп шығар,
Аяқты шалыс бассаң жазатайым.

* * *

Арыстаннан өлген соң тышқан артық,
Есер достан зиялы дұшпан артық.
Кей жаманның қолына гауһар түссе,
Қоя алмайды бағасын мыстан артық.

* * *

Әуелі сөз бастаймын жаратқаннан,
Ер жігіт не таппайды талаптанған.
Қызықты жиырмада көріп қалмай,
Жай жүріп, жарамайды салақтаған.

* * *

Қара бөркім келмейді қайыруға,
Не демейді жау дұшпан айыруға.
Жау дұшпанның тіліне ерме, бауырым,
Балапандай шығайық жайылымға.

* * *

Ай нұрланар аспанда толған сайын,
Не демейді кей пенде болған сайын.
Ашу пышақ болғанда, ақыл – таяқ,
Таусылмай ма таяғың жонған сайын.

* * *

Айт дегенде өлеңді тарылмаймын,
Аққудай көлде ұшқан мамырлаймын.
Алтынның қолда барда қадірі жоқ,
Жаманға іздесе де табылмаймын.

* * *

Ертістің ар жағында Семей ме екен,
Сөйлеткен тіл мен жақты көмей ме екен?

Өлеңді айт дегенде, айтпай қойсам,
Баласы көргенсіздің демей ме екен.

* * *

Жақсыға әркім ерер жол білмекке,
Қанады құлағыңыз таза көпке.
“Жақсының шарапаты” деген сөз бар,
Болмайды адам риза, жойсаң текке.

* * *

Хан Шыңғыс, Қарақойтас, Саға менен,
Тақырды өрлеген ер жағаменен.
Орнына іздеп барсам, бәрі де жоқ,
Суиды көңіл шіркін әлде неден.

* * *

Жігітті екі мінез ер деменіз,
Кеселді екіталай емдеменіз.
Қабірі қисық тіккен қапыс қалды,
Түзетіп, тезге салып жөндеменіз.

* * *

Алдыңа ата дұшпан келсе-дағы,
Жекіріп жаман сөзбен жерлеменіз.
Сасқанда ақыл тауып бермегенді,
Данышпан, ақылы мол кең деменіз.

* * *

Жігіттің дәл жиырма бес жасы дейміз,
Ақыл мен ойға зерек басы дейміз.
Сабырлық мінез, білім, ұят, әдеп,
Табылсын бір жігіттен осы дейміз.

* * *

Аз ойлаған алысқа болмас жолдас,
Қас қылған татқан тұзға жігіт оңбас.
Қызығы бұл дүниенің тіршілікпен,
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас.

* * *

Сұрасаң аулымды құм бетінде,
Қараймын Қарасудың келбетіне.
Айт десе басқа адам, айтпас едім,
Айтайын көпшіліктің құрметіне.

* * *

Берейін сөйлеп-сөйлеп сөз келгенде,
Адамның көзі тұнар бөз келгенде.
Жел сөзді кеудемдегі неге аяйын,
Бағландар өздеріндей кез келгенде.

* * *

Болғанда қыз қызыл гүл, жігіт – бұлбұл,
Бұлбұл құс қызыл гүлді базарлайды.
Сан топтан озып жүрген біз бір саңлақ,
Еш жерде бізден жүйрік оза алмайды.

* * *

Соғады ай астынан алтын күрек,
Сұм жүрек не демейді, кең көкірек.
Масадай іңірде ұшқан ызындамай,
Шығаршы дауысыңды бекемірек.

* * *

Бешпентім бар үстімде тайға алғандай,
Қадірім бар сәулеме ойға алғандай.
Өз елімде мен жақсы болып жүргем,
Менің сәулем болады бәйге алғандай.

* * *

Бәйгеден озып келген атты алайын,
Ер жігіт сынамай ма бақ-талайын.
Құрбылар айт деп өзі бұйырған соң,
Құбылтып қоңыр әнге мен салайын.

* * *

Сары бел тұман шалған ел қонбайды,
Қазаға тура келген ем қонбайды.

Жиылып құрбы-құрдас отырғанда,
Айтпасам бес-алты ауыз жөн болмайды.

* * *

Тартайын деп домбыра алдым қолға,
Он саусағым тағалап салдым жолға.
Білгенімше барымды мен сөйлейін,
Тіл байланып қалмаса біздің сорға.

* * *

Базарға пұл жібердім көп есепке,
Құрбылар, аманбысың көрмесек те.
Құрбылар, айтты екен деп айыптама,
Айтайын мен өлеңді білмесек те.

* * *

Қамысқа балапандап бітер сүйрік,
Ажалдан кім өлмейді, жетсе бұйрық.
Несіне айтар ойға іркілейін,
Атадан болып тұлпар, тудық жүйрік.

* * *

Айт дегенде өлеңді, не дейді екен,
Ақын қыздар тамағын кенейді екен.
Айт дегенде өлеңді, қоя берсең,
Жақсылардың ол-дағы мерейі екен.

* * *

Айт дегенде, айтайын ахау-айым,
Саздау жерге шығады тал мен қайың.
Сіз секілді замандас кез болғанда,
Ағызайын тамызып тілдің майын.

* * *

Алқызыл көрінеді қашқандағы,
Жалғыздың жары құдай сасқандағы.
Дауысым бүгін бітіп қалған екен,
Аққумен ән қосушы ем аспандағы.

* * *

Әу десем, домбыра алып, өлең дайын,
Аздаған білуші едім адам жайын.
Болады жігіттің де ардагері,
Сөзінің айтпай таныр артқы жайын.

* * *

Өлеңді білген де айтар, білмес те айтар,
Су ішіп Ақжайықтан жылқым қайтар.
Өлеңді біле тұрып, айтпай кетсем,
Жақсының мың теңгелік көңілі қайтар.

* * *

Екі ішекті домбырам қолға алайын,
Онды-солды құлағын бұралайын.
Текті айғырдың баласы ат ұстайды,
Әр өнерден мен неге құр қалайын?

* * *

Өлеңді не бар мұнда сала бермей,
Кең-байтақ көкірегім дала жердей.
Ән десе, өлең десе елегізем,
Бәйге алған жұма сайын Балакердей.

* * *

Өлеңді айт дегенде, аял болмас,
Жаныңды аяғанмен, ажал қоймас.
Бір қиял айтайын деп отыр едім,
Жақсылар күнде мұндай айт деп тұрмас.

* * *

Домбырам – қолға алған өмір серік,
Ауылға қыз-бозбала берер көрік.
Ән салып, домбыра алып, өлең айтсам,
Кетеді тұла бойым балқып-еріп.

* * *

Қара бұт жауады екен оңға барып,
Өлеңді біз айталық оңдап алып.

Баласы көк айылдың біз қазанат,
Біз едік сөйлейтұғын сонда барып.

* * *

Ұшады қыран бүркіт аспанменен,
Мезгілсіз таң ата ма сасқанменен.
Кісіге кісі жары жар болмайды,
Бауырыңа балапандай басқанменен.

Үкінді басындағы бермей кеттің

Лиро-философиялық өлеңдер

Басынан Қаратаудың көш келеді,
Бір тайлақ көшкен сайын бос келеді.
Хабарың Сыр-Дуаннан естілгенде,
Мөлдір-мөлдір көзімнен жас келеді.

* * *

Тұсынан аулымның өттің-кеттің,
Басындағы үкінді бермей кеттің.
Сол үкің эзер болса жүз теңгелік,
Қалдырдың көңілімді мың теңгелік.

* * *

Аулымның өрісі жусан ба екен,
Сол жусанмен белімді бусам ба екен.
Аулың алыс кеткенде, беу, қарағым,
Қос ат алып артыңнан қусам ба екен.

* * *

Аулым көшіп барады Құмайкөлге,
Шағи бешпент жарасар қынай белге.
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,
Көздің жасын көл қылып жылай берме.

* * *

Аулым көшіп барады кең жайлауға,
Келіп-кетіп жүре гөр сайрандауға.
Аулың алыс кеткенде сағындырма,
Асығамын ақырғы сөз байлауға.

* * *

Аулым көшіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлттарға араласып.
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,
Енді кіммен жүремін амандасып?!

* * *

Барады аулым көшіп Көлмекөлге,
Көлмекөл алыс дейді көрмегенге.
Аулың алыс кеткенмен, қимас қалқам,
Күн күркіреп, жаз шығар өлмегенге.

* * *

Барады аулым көшіп Көлмекөлге,
Көлмекөл алыс дейді көрмегенге.
Түскенде сен есіме, сүйген сәулем,
Көзімнен жас келеді көрмегенде.

* * *

Қараойдың қамшым қалды қабағында,
Бояуды көрген кісі сабағында.
Еркемді өзім барсам, таныр едім,
Ақ құба жарқылдаған тамағынан.

* * *

Көшкенде жылқы айдаймын кертөбелмен,
Аймалайды ауық-ауық жел бетімнен.
Жаңғырта көш жөнекей ән салғанда,
Жатқан қыз қоста жаны тербетілген.

* * *

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып саңқылдаған.

Сексен қыз серуенге шыкса-дағы,
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған.

* * *

Жоғарыдан келемін заулай түсіп,
Орған қамыс жатады баудай түсіп.
Сен есіме түскенде, беу, қарағым,
Төсегімде жатамын аунай түсіп.

* * *

Аулым көшіп барады Қарғалыға,
Жарасар қара шекпен жорғалыға.
Аттандым кешкі құрым бір сұлуға,
Аршын төс, мойны алмадай сырғалыға.

* * *

Барады аулым көшіп Құмкешуге,
Ат жақсы сары табан мінгесуге.
Кеткенде аулың алыс, беу, қарағым,
Зар болдым жалғыз ауыз тілдесуге.

* * *

Алдында есігімнің ну ашылды,
Тал түсте жаңбыр жауып, күн ашылды.
Есіме, қайран сәулем, сен түскенде,
Саламын айдын көлге құлашымды.

* * *

Қоғалы көл дегенде, қоғалы көл,
Қозысы өлсе, қоңыр қой болады төл.
Қалқатайдың аулына бара жатсам,
Қоңыр салқын алдымнан соғады жел.

* * *

Алдында есігімнің қаққан тал бар,
Үстінде ағакемнің мақпал шалбар.
Есіме сен түскенде, қайран сәулем,
Шықпаған көмекейден шыбын жан бар.

* * *

Айналайын көзіңнен күлімдеген,
Басқан ізің артыңнан білінбеген.
Үш ұйықтасам ойымда бар ма менің,
Айрылып сенен, сәулем, жүрем деген.

* * *

Қараймын қарайғанға қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын шабан ба деп.
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,
Аулы сол қалқаның аман ба деп.

* * *

Айдан аппақ ақ жүзің сәулеленген,
Мен бір қыршын өзің деп әуреленген.
Айналақтап өзіңнен шыға алмадым,
Мата көрген қатындай сәудегерден.

* * *

Ұшады көк ала үйрек көлге қарсы,
Ұясы жануардың желге қарсы.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқам,
Төгілер орамалға көздің жасы.

* * *

Басында Қаратаудың бұлт болмас,
Ақ қалайы сандықта кілт болмас.
Кішкентайдан бірге өскен қимас қалқам,
Төбем көкке жеткенмен, ұмыт болмас.

* * *

Жылқысы біздің елдің ала мойын,
Қаз ұшып, айдын көлде салады ойын.
Сүйеніп тал құрыққа тұрғанымда,
Қалқада әрқашанда болады ойым.

* * *

Арғы жағы аулыңның жар болады,
Маңдайынан аққаны тер болады.

Қайтсем саған қолымды жеткізем деп,
Қапаланып көңілім жер болады.

* * *

Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,
Қашады таудан түлкі сүмендеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып сен қалқадан жүрем деген.

* * *

Жатыр едім көгалда пішен шауып,
Ақ көйлегім су болды жаңбыр жауып.
Сен есіме түскенде, қимас қалқам,
Етпетімнен жығылдым есім ауып.

* * *

Қамысы Атырау көлдің жар болғандай,
Шақырдым атыңды атап зар болғанда.
Бір заман дидарыңды көре алмасам,
Өніңе бір-екі ауыз зар болғандай.

* * *

Көшкенде жылқы айдаймын Жалбаспенен,
Бітеді ортан жілік жамбаспенен.
Кеткенде аулың алыс, беу, қарағым,
Жүрмісің аман-есен мал-баспенен.

* * *

Қараймын қарайғанға мал ма екен деп,
Көкорай сазға біткен тал ма екен деп.
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,
Ішінде сәулетайым бар ма екен деп.

* * *

Қара нар жүк көтермес, бел кеткен соң,
Ен жайлау құлазиды, ел кеткен соң.
Бірге өскен кішкентайдан қимас қалқам,
Ойнаймын енді кіммен, сен кеткен соң.

* * *

Сарымсақ өресінде бас тартады,
Аулым ерте жайлап, кеш қайтады.
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,
Жетпес деп сені сертке кім айтады.

* * *

Көк ала үйрек ұшады көл дегенде,
Сілекейің бал татыр шөлдегенде.
Аулым алыс кеткенде, қос жеңеше,
Сілекейім шұбырар сен дегенде.

* * *

Сен дегенде, қалқатай, неден жаздым,
Сарқурайдың сабағын белден қаздым.
Түн жамылып аулыңа барамын деп,
Ат болдырып, ит қауып, өле жаздым.

* * *

Ай көрінер аспанда жұлдыз бенен,
Сәні болмақ асыл тас құндызбенен.
Сенсіз жерде, қалқатай, ұнаспаймын,
Жапалаққа қоңыр қаз ілінбеген.

* * *

Жапанға жалғыз біткен сен бір шынар,
Қалқатай, жас күнімнен болдым құмар.
Көруге ақ жүзінді армандаймын,
Көңілім құмарланған қашан тынар.

* * *

Дүние сайран көрдім кең болған соң,
Ойнайды екі құрбы тең болған соң.
Сырымды саған айтпай, кімге айтамын,
Сүйгенім жалғыз өзің, сен болған соң.

* * *

Мен шыққанда ауылдан бесін еді,
Қаз мойыным астымда кісінеді.

Беу, карағым, есіме сен түскенде,
Бір жадырап, көңілім шешіледі.

* * *

Аулым көшсе, қонады көл Қопаға,
Ғашықпын мен де өзіңдей бір ботаға.
Кебістің жалаң аяқ басын киіп,
Шығарып салушы едің бел ортаға.

* * *

Айналайын көзіңнің қарасынан,
Хат жазамын қасыңның арасынан.
Күндіз-түні қасыңнан кетпес едім,
Мен қорқамын дұшпанның жаласынан.

* * *

Көк дуадақ дегенде, көк дуадақ,
Көк дуадақ жайылар көк қуалап.
Сен есіме түскенде, қимас қалқам,
Жата алмаймын төсекте төрт домалап.

* * *

Қарағым, айналайын алтындай күн,
Өлең мен өнер десе, тартынбаймын.
Қашанда тең құрбының гүлі едің сен,
Әрдайым жүрегінде жарқылдаймын.

* * *

Мінген атым астымда жорға берен,
Аулыңның шығысы терең өзен.
Әлі есімде ән шырқап кездескенім,
Қайта айналып келе ме сол бір кезең.

* * *

Базардан алып келген легенім,
Жаратқан берген кімнің тілегенін.
Қалқатай, сен есіме түскен кезде,
Ұйқыдан түн ішінде түрегелдім.

* * *

Бұлдыр қайда, замандас, бұлдыр қайда,
Құралмайды арамнан тапқан пайда.
Білек бірге болғанда, бармақ – басқа,
Құлын-тайдай ойнақтап жүрмек қайда.

* * *

Қалқам-ау, сен қалайсың мен дегенде,
Менде жоқ ұшар қанат сен дегенде.
Кеткенде аулың алыс, сүйген сәулем,
Лебізің бал татиды шөлдегенде.

* * *

Үстінде түн жамылып көктем келді,
Өзім де армандаушы ем беттескенді.
Барады жыл айналып көрмегелі,
Осынша лайық па көп күткенім.

* * *

Әсем екен ақ жүзің алтын сары,
Жаз болса да кетпейді таудың қары
Сен есіме түскенде, қалқатайым,
Тамағымнан өтпейді жалғыз тары.

* * *

Жайған қойым алыстан бұлдырайды,
Қоңырау боп дауысы сыңғырлайды.
Сен есіме түскенде, қимас сәулем,
Ашылмайды қабағым, түнжырайды.

* * *

Жалғыз ағаш жапанда егіледі,
Жел болса, жапырағы төгіледі.
Есіме сен түскенде, қимас қалқам,
Сынбаса да қабырғам сөгіледі.

* * *

Айдап салдым жылқымды ошағанға,
Салсам құрық тимейді қашағанға.

Сен есіме түскенде, асыл еркем,
Бір көрсет деп жалындым жасағанға.

* * *

Қарқара, тауың биік, шөбің сұйық,
Ойнайды бауырыңда арқар, киік.
Кеткенде аулың алыс, беу, қарағым,
Төсекте жата алмаймын ішім күйіп.

* * *

Бауырына Ерейменнің егін ектім,
Бір шелек ақ бидайды жерге септім.
Түскенде сен есіме, беу, қарағым,
Көл қылып көздің жасын жерге төктім.

* * *

Көзіме көрінесің егіндей боп,
Егіннің жаңа шыққан көгіндей боп.
Алыстан ат арытып келгенімде,
Жан қалқа, күліп-ойна өзімдей боп.

* * *

Қарғам-ау, ақша жүзің айдан да аппақ,
Аулыңды таба алмадым айналақтап.
Қасыңа ешбір адам бара алмайды,
Көкше мұз төңірегің, тайғанақтап.

* * *

Хат жазамын сағынып, алтын айым,
Сені ойламай бір минут тұра алмаймын.
Ілінгенде бота көз, ақша маңдай,
Ұқсатамын киіктің құралайын.

* * *

Жан құрбым, сөз сөйлеймін көрген зардан,
Кетпеймін күдер үзіп ақсұңқардан.
Көңілімде еш зауалың болмаған соң,
Ойымда толып жатыр ару арман.

* * *

Баянауыл басында ойнайды арқар,
Қардың суы арқырап төмен тартар.
Сен есіме түскенде, беу, қарағым,
Қатып қалған қайғы-шер қашан тарқар.

* * *

Беріп кет сақинаңды, мыс та болса,
Үрелік ойнап-күліп, қыс та болса.
Таста да етігінді, байпақшаң кел,
Көрейін өз сорымнан ұстап алса.

* * *

Айналайын қарағым, орта бойлым,
Сары майдан айырып торта қойдым.
Жаңа ғана жүзіңді көрсем-дағы,
“Күлім көз” деп атыңды жорта қойдым.

* * *

Көшкенде жылқы айдадым таңнан тұрып,
Көкшетау барып едім олжам болып.
Қалқаға жолым түсіп барғанымда,
Қарсы алды еркетайым таңмен тұрып.

* * *

Өлең айтқым келмейді ерінгенде,
Бойым сұлу көрінер керілгенде.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Тақияңның төбесі көрінгенде.

* * *

Ұшады аққу көлден майпандаған,
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған.
Су құйып сырлы аяққа тұндырғандай,
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған.

* * *

Хат жаздым қалам алып сізге, еркем,
Жүзің бар он төртінші айдай көркем.

Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Қозғайсың қатып қалған іштің дертін.

* * *

Базардан алып келген темір қақпан,
Қақпанмен түлкі алады ебін тапқан.
Алқызыл сыртың сұлу сызып қойған,
Анаңнан айналайын сені тапқан.

* * *

Базардан алып келген күміс қасық,
Қалқатай, жақын отыр қол ұстасып.
Басыңа мың бір пәле жауса-дағы,
Алайық осынау әнге басып-басып.

* * *

Аулыңның қонғаны Қарағайлы,
Татулыққа жалған сөз жарамайды.
Сағынғанда сені ойлап, қимас қалқам,
Ішкен асым бойыма тарамайды.

* * *

Ағашы Керекудің селдіреген,
Шеттері шәйі көйлек желбіреген.
Тұндырған тостағанға қара шайдай,
Көзіңнен айналайын мөлдіреген.

* * *

Біздің ауыл сұрасаң Белтұрғанда,
Ұзын ағаш қозғалар, жел тұрғанда.
Ай мен күнін басқаның не қылайын,
Тал шыбықтай бұралып сен тұрғанда.

* * *

Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде,
Құриды ынтызарым сен дегенде.
Аршын төс, алма мойын қарғам едің,
Бал татыр сілекейің шөлдегенде.

* * *

Дүниеде әркім жүрер кең болған соң,
Ойнайды екі құрбы тең болған соң.
Сырымды саған айтпай, кімге айтамын,
Сүйгенім, жалғыз жарым сен болған соң.

* * *

Ей, қалқа, ғашық болдым мен өзіңе,
Дөңгелек қарақаттай қос көзіңе.
Қырмызы қызыл жібек сияқтанып,
Сыпайы қадау тартқан мінезіңе.

* * *

Ішім ауырып барады шеміршегім,
Жамал қыздай болсайшы келіншегім.
Жамал қыздай болғанда келіншегім,
Майысқанша ойнар ем шеміршегім.

* * *

Қолымда бір қамшым бар алтындаған,
Кейбіреу ұстай алмай қалтылдаған.
Сексен қыз серуенге шыкса-дағы,
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған.

* * *

Қарағым айналайын, Ақжал шабдар,
Жүрісі жануардың шапқандай бар,
Лебізін жақсы қыздың естігенде,
Ұжмақтың кәусар суын татқандай бар.

* * *

Шын ғашық бірін-бірі алдамайды,
Қайғысыз қайран жүрек зарламайды.
Қара тас ұйқың келсе, болар мамық,
Ғашықтық сұлулықты талғамайды.

* * *

Қарағым, қарақат көз, ақша маңдай,
Қарасаң, жүрегіме от жанғандай.

Аулымда ойын-тойдың көркі едің,
Беремін жатқа қиып сені қалай.

* * *

Жараттың мұнша көркем қызды құдай,
Телмірткен қызға қарай бізді құдай.
Кетпейді берген шайың тамағымнан,
Сырбаздың жазды күнгі тұздығындай.

* * *

Еңкейіп ителгі ұшар биік шыңнан,
Жіңішке нәзік белің тартқан сымнан.
Өзіңнің тәрбиелі мінезіңнен,
Секілді ақ балапан түйғын қуған.

* * *

Аулың, қалқам, алыстан бұлдырайды,
Қоңыраудай даусың сыңғырлайды.
Сен есіме түскенде, қарағым-ай,
Іші-бауырым жібектей ылбырайды.

* * *

Қолымда бір қамшым бар бунақталған,
Бәйгеден қос ат келді ойнақтаған.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Көзіңнен айналайын жайнақтаған.

* * *

Мен айтайын өлеңді делдал қылып,
Кең жасаған бақ бергей малды қылып.
Сүйген жарым алдымда аман болса,
Көк мақпалдан киермін қамзол қылып.

* * *

Абайкөкті жараттым әдейі арнап,
Көңілім менің, қалқатай, түнде бармақ. .
Тәуекелге белімді бекем байлап,
Суда жүзген қайранға салдым қармақ.

* * *

Дүние өте шығар ебелендеп,
Құрбыжан, сөз айтамын саған ептеп.
Сыртыңнан талай құрбың жүрген шығар,
Сәуірдің бұлтындайын төңіректеп.

* * *

Біздің ауыл Кетпеннің етегінде,
Ерте шықсам, аулыңа жетемін бе?
Ақ тамақтан емітіп бір иіскетсең,
Айналсоқтап жаныңнан кетемін бе?

* * *

Арда ағаның қызы едім, атым – Гүлсім,
Серттен тайған жігітті құдай ұрсын.
Ақ боз үйдің артында мен отырсам,
Мені іздеген жігіттер үйге кірсін.

* * *

Көк ала үйрек ұшады майпаңдаған,
Бір сөзім бар құрбыма айта алмаған.
Томағасын алдырған қаршығадай,
Айналайын көзіңнен жаутаңдаған.

* * *

Көрінесің көзіме бұлбұлдай боп,
Жаңа шыққан аспанға жұлдыздай боп.
Бесенеден белгілі сенің даусың,
Таңсәріден сайраған бұлбұлдай боп.

* * *

Қойны-басы тарылмай бұлдан өрген,
Сенсіз жалған секілді өмір көркем.
Ат арылтып алыстан барғанымда,
Ақ маралдай керіліп шықсаң, шіркін.

* * *

Жарқын жүз толықсыған туған айдай,
Көргем жоқ сұлу қызды, сірә, мұндай.

Қыр мұрын, қарақат көз, жазық маңдай,
Болсайшы сүйген жарым дәл осындай.

* * *

Мінген атым астымда күрең дөнен,
Қозы ағыттым біреудің көгенінен.
Уәдеге, қалқатай, берік болсаң,
Кездесейік Желсайдың өзегінен.

* * *

Шақырған таңсәріден ала тауық,
Есігі ақ боз үйдің сықырлауық.
Есіме түскен кезде қайран қалқа,
Құладым ақ боз аттан есім ауып.

* * *

Ән салсаң, өзімдей сал баяулатып,
Жаңа ән мен жаңа үнге таяулатып.
Тұсыңнан аулыңның ән шырқасам,
Шыдайды дәтің қайтіп, ояу жатып.

* * *

Құдай-ау, бергеніңе қуанамын,
Еңкейіп сұр жорғадан су аламын.
Келгенде он бұралып қалқатайым,
Қолында асасы жоқ дуанамын.

* * *

Ендеше, ән салалық, ән салалық,
Тайкөкке жегіп шана, қолға алалық.
Тайкөкке жеккен шана бұра тастап,
Көрінсе тойда сұлу, кез салалық.

* * *

Отыз тіс аузыңызда меруерттей,
Он бесімнен мен болдым ғашық дертті.
Ғашық боп он бес жастан жаңа жеттім,
Дәуітұлы бұрынғы Жүсіпбектей.

* * *

Басынан Қаратаудың қар құлаған,
Бозбала, осы әнге сал балбыраған.
Құланның қара қасқа төбеліндей,
Көзіңнен айналайын жаудыраған.

* * *

Мінгенім дәйім менің арда күрең,
Үстінде арда күрең зорға жүрем.
Ұшуға қанат қысқа болғаннан соң,
Тоятты түзден емес, тордан ілем.

* * *

Шаба алмас арғымақ ат тер қатқан соң,
Көрген жер көз жазады ай батқан соң,
Мәңгілік дос боламын деуші едім,
Қайтейін көңіл шіркін бір қалған соң.

* * *

Домбыра – екі ішекті қызыл қайың,
Тиегін бір шеберге жондырайын.
Көңілің расымен болса менде,
Бір сайға екі ауылды қондырайын.

* * *

Жылқы айдаймын көшкенде жиренменен,
Созылады қара жол ирендеген.
Пәлен қызық дегеннің – бәрі жалған,
Ең қызығы өмірдің – сүйгеніңмен.

* * *

Көшкенде жылқы айдаймын Керкекілмен,
Аймалайды ауық-ауық жел бетімнен.
Шырқатып, көшелетіп ән салғанда,
Шарықтап қыздың жаны тербетілген.

* * *

Аспандағы сәулесің күн мен айдың,
Сен сияқты құрбыға мен де саймын.

Көркем жанның талайын көрсем-дағы,
Соның бәрін тап саған баламаймын.

* * *

Дүние, өтемісің басымыздан,
Хор едің артық туған жасымыздан.
Шын сүйген жүрегімді-ау қайтармашы,
Қатардан артық туған асыл айым.

* * *

Қара су есік алды, өткелің жоқ,
Жеріңнен өткелің жоқ өткемін жоқ.
Жүректен шын сүйіскен тату сәулем,
Жерімнен уәделі кеткенім жоқ.

* * *

Ақ көйлек, қар бешпент бүрмеленген,
Сұлуды ақ жамбыдай күнде көрем.
Жас жүрек жалынына шыдай алмай,
Аулыңа сенің, сәулем, күнде келем.

* * *

Алтынға қола тұтқан бола ма екен,
Көңілім жаман жарға тола ма екен?
Тұйғын деп ұстағаным қарға шықты,
Қарғаға пенде ғашық бола ма екен?!

* * *

Айқайлап жылқы бақтым қысы-жазы,
Қалқаның құлағымда айтқан назы.
Шалқыған дарияда қанат қаққан,
Сен бе едің еркелеген қоңыр қазы.

* * *

Етегін ақ көйлектің алтындаған,
Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған.
Үстінде дүние-жиһан жойқын көлдің,
Бетінде сіз қоңыр қаз қаңқылдаған.

* * *

Көзімнің жанарындай сәулем едің,
Көңілдің қуанышты дәурені едің.
Келмейді келсем кеткім еш қасыңнан,
Басымды не сиқырмен әуреледің?

* * *

Сары белден сарғайып таң атады,
Аққұбаша бидай өң түн қатады.
Ұзақ таңға ер жігіт қайтіп шыдар,
Сары майдай толықсып қыз жатады.

* * *

Айдап салдым жылқымды ақ қауданға,
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға.
Қуанғаннан жүрегім от боп жанар,
Ақ білегің сыбанып қой сауғанға.

* * *

Серілесім, жан ерке, арманым көп,
Қандай жігіт айтады алғаным деп?
Кімдер уәде аузынан бере алады,
Айдауына жастықтың бармадың деп,

* * *

Күннен де сүйкімді екен ажарың-ай,
Айдын көлдің ақ жүзің ажарындай.
Күндіз-түні үйіңнен ат кетпейді,
Орынбор мен Текенің базарындай.

* * *

Айналайын қарағым, алтыным-ай,
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Есен-аман жүрмісің, жарқыным-ай.

* * *

Таумұраған дегенде, таумұраған,
Таудың тасы етекке саудыраған.

Тостағанға су құйып тұндырғандай,
Айналайын көзіңнен жаудыраған.

* * *

Тауға біткен тобылғы шынар едім,
Өлеңіммен еліме ұнап едім.
Бізді мұнда дәм айдап кез келтірді,
Сырласуға өзіңмен құмар едім.

* * *

Қарағым, қасың қара қиылып тұр,
Аш белің, ақша жүзің иіліп тұр.
Өзіңді қандай адам тапты екен деп,
Жаныңа құрбы-құрдас жиылып тұр.

* * *

Көрсеттің сұлу қыздың үйін маған,
Көрсеттің қыздың жиған мүлкін маған.
Жиырма бес – елулердің арасында,
Талайдан дәм таттық қой бұйырмаған.

* * *

Жалыну неге керек білмегенге,
Қиянат қылмау керек сүймегенге.
Көңілім қорғасындай балқымай ма,
Сәріден қараторғай сөйлегенде.

* * *

Біз асылзат, құрбыжан, сағаттағы,
Көңілімді сүйген жар табад тағы.
Көңілімді сүйген жар тапшай қойса,
Көңіл шіркін қайтейін, қалад тағы.

* * *

Өтіп жатыр дүние сағымға ұқсап,
Өтеді деп жолыңа құрдым тұзақ.
Анда-санда бойыңды бір көрсетіп,
Құшағыма ілінбей кеттің ұзап.

* * *

Болғанда шәйнек күміс, тәрелке алтын,
Досыңмен жақын жүрген болма салқын.
Досыңмен жақын жүрген болсаң салқын
Болмайды баяғыдай көңіл жарқын.

* * *

Базардан алып келген кәрлен аяқ,
Қалқам-ай, шай құйсаңшы сәнденбей-ақ.
Бір сөзді әзілменен айта салдым,
Қоя қой жақтырмасаң, бәлденбей-ақ.

* * *

Орта бойлы, бейне гүл шырайлым-ау,
Бір сөйлеспей өзіңмен тынармын ба.
Сөйлегенде тіліңнен бал тамады,
Сенен көңіл басқаға бұрармын ба?!

* * *

Күміс ерді түсіріп атқа салдым,
Атыңды атап, қалқатай, әнге салдым.
Күндіз күлкі көрмеймін, түнде – ұйқы,
Бір сен үшін жанымды отқа салдым.

* * *

Алып келген базардан алтын қалақ,
Есен-аман жүр ме екен біздің қарақ.
Уәделі сөзінді ести алмай,
Алаң болып біз жүрміз сізге қарап.

* * *

Ұшады көк ала үйрек көлге қарсы,
Ұясы жануардың желге қарсы.
Кеткенде аулың шалғай, тату қалқам,
Төгілер орамалға көздің жасы.

* * *

Біздің ауыл Қаратау төрінде отыр,
Өзің көрген баяғы жерде отыр.

Шыныменен көңілің болса менде,
Сағат сайын көзіме көрін де отыр.

* * *

Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Япырмау, сол қамшыны кім істеген?
Аулыңа көптен бері бара алмадым,
Қол тимей анау-мынау жұмыспенен.

* * *

Үстімдегі бешпентім жыртық-жыртық,
Баулықтарын кетіпті тышқан қырқып.
Баулықтарын кетсе де тышқан қырқып,
Талай қыздың жүремін мысын құртып.

* * *

Аяғымда кебісім табандап жүр,
Кейбір қыздар сыртымнан жамандап жүр.
Қызыл етік киінген кейбір қыздар,
Бір көрсем деп менімен армандап жүр.

* * *

Аяғыма кигенім былғары етік,
Табанымнан барады ызғар өтіп.
Жақсы болсаң, келерсің судан өтіп,
Жаман болсаң, қаларсың суға батып.

* * *

Аспанда ай болмаса, адасады,
Көңілді көтермесе, кір басады.
Кеудесі жақсылардың – алтын сандық,
Сандықты кілт болмаса, кім ашады?

* * *

Мінген атым астымда бұқпа қара,
Ақ бетіңе шаң тисе, ыққа қара.
Деңгейіңнен аулыңның ән салғанда,
Танымасаң даусымды, шық та қара.

* * *

Айналайын қарағым, қиылған қас,
Сені ойласам, көзіме келеді жас.
Өзіңе арнап бір хабар жіберейін,
Сағынғанда отыр да бауырыңа бас.

* * *

Қуға тимей, қаршығам қазды ілсін,
Өзі күлмей, сәулемнің көзі күлсін.
Аршап-шаршап алыстан келгенімде,
Не қылса да сәулемнің өзі білсін.

* * *

Дүние, өтіп кеттің кумай құдай,
Ақ бетке ажар кірмейді екен сүтке жумай.
Бірге өскен құрбы-құрдас, жүрсің қайда,
Қанатын қайшылаған аппақ кудай.

* * *

Сұлудың көзі қара, еті аппақ,
Күн қайда ондай қызды бізге таппақ.
Құрбы-құрдас тең жүріп тамашалап,
Сұлу құшып, төсекте қатар жатпақ.

* * *

Қара тайға жарасар қара терлік,
Пайда бермес жігітке төтенше ерлік.
Екеу ара томсарып отырғанша,
Өлең айтып, көңілді көтерелік.

* * *

Ғашық болдым, Маржанжан, жүзің көріп,
Тау суындай толқимын ішім еріп.
Жүрек сырын құрбыңның ішке бүгіп,
Мен сендік деп қуаншы, уәде беріп.

* * *

Ар жағынан Ертістің көрдім сені,
Қайық қылып сырғанды өткіз мені.

Қайық қылып сырғанды өткізбесең,
Болсаң да хордың қызы, көрмен сені.

* * *

Айта бар, барсаң сәлем Босмойынға,
Бос болса, келіп кетсін осы ойынға.
Ақ көрпе, бәтшай жастық, белден мамық,
Шіркін-ай, жатар ма едім сол қойынға.

* * *

Он түйме омырауда қатар-қатар,
Түймені ағытқанша таң да атар.
Ой, қалқа, сен ар жақта, мен бер жақта,
Кілегей боп су беті қашан қатар?

* * *

Қайтамын қайта айналып Қапалменен,
Көрінер жігіт сұлу шапанменен.
Отырсам өлең айтып, қу жігіттер,
Қойыпты айтыстырып апамменен.

* * *

Аулым көшіп барады Саумалкөлге,
Дүрия бешпент жарасар қынай белге.
Аулың алыс кеткенде, беу, қалқатай,
Көздің жасын көл қылып жылай берме.

* * *

Етегі ақ көйлектің кестеленген,
Жақсы қыз айтар сөзін дестелеген.
Құрбыңнан артық туған асыл еркем,
Әлі жүр айтқан сөзің есте деген.

* * *

Айдап салдым жылқымды теріскейге,
Бақпай қойса, мал шіркін өрістей ме?
Жылқы ішінде саңлақты ұстап мініп,
Осылайша ән салсам, келіспей ме?

* * *

Жыңғыл қайық дегенде, жыңғыл қайық,
Аулыңда қыз бар ма бізге лайық?
Аулыңда қыз болса бізге лайық,
Екі ауылдың арасын жол қылайық.

* * *

Қос жирен қоңыраулы сарайымда,
Әніне “Қос қоңырдың” салайын ба.
Аулыңа ат құрғатпай барар едім,
Көрінем жеккөрініш ағайынға.

* * *

Екі бірдей қараға қос ат жекпес,
Боздақ өскен түйеге жауын өтпес.
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,
Қош-есен бол дегенің естен кетпес.

* * *

Торы айғыр тоқпақ жалды сарайда тұр,
Фәт құндыз падишаһи қалада тұр.
Тұсынан аулыңның ән шырқасам,
Сүйеніп ақ боз үйге қара да тұр!

* * *

“Үкілім” деп ат қойдым, ардақтадым,
Көп баруға аулыңа ар сақтадым.
Андып жүрген дұшпанға сыр бермейік,
Бұдан артық айтуға сөз таппадым.

* * *

Таудың елі жайлайды батпағына,
Құндыз ұстап пішемін байпағыма.
Сырлас болып бірге өскен, ей, замандас,
Не сөз айтып отырмын, байқадың ба?

* * *

Мая кетті, ендеше, мая кетті,
Артқы аяғы маяның тая кетті.

Бір тілегім осы еді деп ән айтып ем,
Саған айтқан өлеңім зая кетті.

* * *

Мінген атым астымда келеді үркіп,
Түлкіден аянбайды бала бүркіт.
Бойыңда мың теңгелік иіс май бар,
Жіберші ойнаған боп маған бүркіп.

* * *

Қалам алып хат жаздым, сізге хабар,
Бір хат жібер кешікпей, сірә, маған.
Көңілді, шат жүрмісің, сүйген сәулем,
Сенсіз жерде болмайды менің сәнім.

* * *

Біздің ауыл жоғары құм болады,
Жаяу жүрсем, етегім шаң болады.
Сәті түсіп осындай кез келіпсің,
Аты-жөнің сұрасам, кім болады?

* * *

Дегенде айдай ешкі, айдай ешкі,
Кой жайылып жапыраққа, қалдым кешке.
Кеткенде жерің шалғай, қарағым-ай,
Күлгенің, ойнағаның түседі еске.

* * *

Айналайын қарағым, құлыным-ау,
Бауырыңда көп жаттым тығылып-ау.
Шыныменен көңіліңді маған берсең,
Берші шекер қолыңнан опырып-ау!

* * *

Көшкенде жылқы айдаймын ақ табанмен,
Болмайды жаман жақсы мақтағанмен.
Сүймесе екі жастың несі қызық,
Күйеу боп босағаны аттағанмен.

* * *

Қия, қия, қияның қиясы бар,
Шауып алған өзеннің миясы бар.
Айтысам деп менімен әуре болма,
Тамағымда өлеңнің ұясы бар.

* * *

Қалқатай, барайын ба, бармайын ба,
Шыдайын бармай қайтып дардайымда.
Түнеріп босағада әкең отыр,
Төрде жатқан сені мен арбайын ба?

* * *

Қарғам-ау, ризамын сертке жетсең,
Жерлерден қиын-қыстау аман өтсең.
Жанымды бір шыбындай көрмес едім,
Өзің біл, ғашығыңды зар еңіретсең.

* * *

Аққудың тауып алдым жұмыртқасын,
Сәлем де сәулетайға ұмытпасын.
Ендігі туар айда мен барайын,
Қасына ешбір жанды жуытпасын.

* * *

Мінген атым астымда құла қасқа,
Ойнамаймын құрбымен сенен басқа.
Бірге отырған аулың көшіп барады,
Сақинанды беріп кет сағынбасқа.

* * *

Қарқара, мен қайтейін биігінді,
Жоғалтқан мерген атып киігінді.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқам,
Басамын қайда барып күйігімді.

* * *

Бір тиын өмірімде артылмайды,
Өзіңе ұқсатамын алтын айды.

Жолдаған мен әнімді жаным қалап,
Бұл әнім басқа жанға айтылмайды.

* * *

Ақ алма, қызыл алма жемедің бе,
Тәтті алма шықты қайдан демедің бе?
Жүгіртіп бір баланы жібергенде,
Қарағым, неге келдің демедің бе?

* * *

Жайық бойын жағалай бітер ағаш,
Ұя салар басына көп қарлығаш.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Аман-есен жүрмісің, қиылған қас.

* * *

Ұшып жүрген әуеде көгілдірік,
Көк құнанға жарасар өмілдірік.
Ей, қалқа, неге келдің, неге кеттің?
Бір жағын қабырғамның сөгілдіріп.

* * *

Басында Қаратаудың балалы құр,
Етегінде сол таудың күнде дауыл.
Зерігіп, ішім пысып отырғанда,
Ұшырап кез болса екен бір қызды ауыл.

* * *

Аулым көшіп алысқа, қондым жырақ,
Ат шаптырым арада біздің тұрақ.
Жеңіл қарап жастықтың жалынына,
Жер шалғай деп ұмытып кетпе бірақ.

* * *

Ешкім құлақ қоймайды, әнге салсам,
Емес пе едім шын досың, еске алсаң.
Елжіреген жүрегім от боп жанар,
Ем табылмас дертіме, келмей қалсаң.

* * *

Мінгенім дәйім менің кертөбелім,
Шапқанда кекілінен тер төгерім.
Қалқатай, жолым шалғай, атым арық,
Көруге ақ жүзінді ерте келдім.

* * *

Қарағым айналайын, сен дегенім,
Сені ойлап, күнде жылап көздегенім.
Уәдеге өзің айтқан берік болшы,
Сүйгенім елден таңдап, қара көзім.

* * *

Көрінсеңші көзіме егіндей боп,
Жаңа шыққан егіннің көгіндей боп.
Жерің шалғай кеткенде, қимас қалқам,
Кім көрінер көзіме өзіндей боп.

* * *

Айт дегенің айтайын арбадай боп,
Арба тастан күн шығар қарғадай боп.
Бір ойнасам сізбенен мен ойнармын,
Сары майға кеулеген жармадай боп.

* * *

Баянауыл басынан соғар дауыл,
Ерігемін, қайтейін, жалғыз ауыл.
Ерігіп жалғыз ауыл жатқанымда,
Бізге сыбай қонсашы сіздің ауыл.

* * *

Қара нар жүк көтермес, бел кеткен соң,
Ел қайда Сыр-Дуаннан бір кеткен соң.
Бірге өскен кішкентайдан қарағым-ай,
Кімменен ойнап-күлемін, сен кеткен соң.

* * *

Айналайын көзіңнен жаутаңдаған,
Сендей боп дүниеде жан тумаған.

Сыртқа шықпай, жиылып іште жатыр,
Құпия бір сырым бар айта алмаған.

* * *

Аққудай айдындағы алтын қанат,
Жүруші ем бір өзінді мыңға балап.
Сен кетсең арамыздан алыс жаққа,
Кетпей ме аулымнан базар тарап.

* * *

Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі,
Қалқаға бір сөз айтам күлдіргелі.
Орныңнан ары отырған бермен отыр,
Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі.

* * *

Бір жұлдыз аспандағы ай көзіндей,
Алтын айдар, жарқын жүз мен де өзіндей.
Айтжан деген атыңнан айналайын,
Таба қылма дұшпанға, көзіңе ілмей.

* * *

Айналайын қарағым, асыл айым,
Мінезімді несіне жасырайын.
Расымен көңіліңді берсең маған,
Бала қаздай жем беріп асырайын.

* * *

Сен қалайсың, ей, қалқа, мен дегенде,
Ұшар қанат менде жоқ сен дегенде.
Тигізетін құрбыңа пайдаң бар ма,
Күні-түні сені ойлап шөлдегенде.

* * *

Сарғайдым мен жолыңа қарай-қарай,
Неге, сәулем, хабарсыз кеттің бұлай?
Ауыртпалы жастықтың толқынында,
Ойға қалып жүрмісің әлдеқалай?

* * *

Жалғыз өскен жапанда сен бір шынар,
Болдым, сәулем, жасымнан саған құмар.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Дидарласар күн туса, есіңе алар.

* * *

Жүрегіме түсiрдiң ерiтiп шок,
Сенен басқа, жан сәулем, сүйерiм жоқ.
Алысқан қол, ұмытсаң айтқан серттi –
Махаббатқа, не iстейiн, атқаның оқ.

* * *

Дүние өте шығар қудай парлап,
Кетпейдi өтерiнде, сiрә, жарлап.
Бiрге өскен кiшкентайдан құрбым едiң,
Өмiрдi өткiзелiк күлiп-ойнап.

Сәбетқазы Ақатай

**Тарихи материалдар
(саясат)**

Наш козырь – связь с народом

Сабетказы Нуржакиянович Акатаев – председатель Республиканской партии. 1938 года рождения Окончил МГУ. Работал в различных вузах, читал курс марксистского-ленинской философии (нархоз, иняз), был завкафедрой и ректором института повышения квалификации работников культуры, и. о. профессора. Ныне ст. научный сотрудник центра проблем культуры. Кандидат исторических наук, член СП, автор ряд книг по различным проблемам общественной жизни. Партия учреждена 25 августа 1991 г., членство фиксированное, 160 тыс. человек. Республиканцы участвуют в работе областных и районных маслихатов.

Вопросы, адресованные лидеру, касались некоторых нюансов возникновения партии, программных задач, воззрения на текущую политическую обстановку.

– В МГУ, а это была пора оттепели 60-х, мы, студенты-казахи, создали организацию “Жас тулпар”. На сходках обсуждали проблемы Казахстана, пути его развития, давали свою оценку гегемонизму Москвы. В общем, мечтали о самостоятельности, пусть даже куцей, неполной. С этими мыслями вернулись домой. Правда, никто из нас ни на йоту не сомневался в одном: Россия и только Россия является главным фактором в жизни, развитии республики, и терять ее, делать врагом – это не мыслилось.

26 апреля 1990 г. из Конституции Союза была исключена пресловутая VI статья о политической гегемонии КПСС, и мы начали работать открыто, не боясь публичных обвинений, хотя отмена по существу ничего не означала. Дальнейший путь многих из тех, кто составил ядро РПК, отмечен яростной борьбой против крайне радикального, националистического крыла общественно-политического движения “Азат”, а затем “Алаш”. В конечном итоге произошло размежевание. И если сегодня межнациональные трения в стране отсутствуют, то, кроме Президента, определенный вклад в это важное дело внесли и мы.

25 августа 1991 г. сторонники реального, здорового обновления жизни учредили Республиканскую партию, председателем которой избрали меня.

Наша партия изначально определилась совершенно четко: экономическая и политическая самостоятельность, территориальная целостность. Другой важный момент – сохранение принципа республиканизма в деятельности госорганов, означающего всеобщую избирательность на госпосты. Кстати, в Америке все должности не назначаемы, а избираемы. Мы ратуем именно за такой принцип демократии (республиканизм – это особый, высший тип демократии). Да, сегодня Президент назначает должностных лиц, что на данном этапе правильно и нужно.

Мы непоколебимо отстаиваем дружбу народов Казахстана как главный фактор стабильности, спокойствия и уравнивания интересов населения, особенно взаимопонимания между двумя основными составляющими – русскими и казахами, христианами и мусульманами. А во внешнеполитической сфере – между великим северным соседом – Россией и всеми странами Содружества.

По программе РПК Казахстан должен быть неядерным, миролюбивым и неприсоединившимся ни к каким блокам государством. В этом плане нас не устраивает вмешательство республики, вернее, ее воинских подразделений в междоусобную войну в Таджикистане. Это антиконституционно.

Наши главные ориентиры в экономической области. Мы полностью воспринимаем идеи рыночной экономики. Мы за утверждение крупного и малого бизнеса. Особо тревожит положение на селе. Село полностью разорено и расхищено. Никакой аграрной политики, как в богатых цивилизованных странах, не проводится. Чем помочь хотя бы в плане социальной защиты малообеспеченных людей, больных детей? Да, средств негде брать, но как радикальную меру РПК предлагала и предлагает государству монополизировать производство, переработку и продажу спиртных напитков, табака. Все сопредельные южные страны эту деятельность монополизировали и получают для со-

циальных нужд громадные финансовые источники. Надо взять в руки государства экспорт-импорт цветных и драгметаллов, акционирование добывающих предприятий, что остановит широкомасштабное хищение госчиновниками.

Без проникновения малого бизнеса в села и аулы, без материальной и духовной опеки государства агрокомплекс Казахстана гибнет, и дестабилизирующий общество фактор возникает уже не в межнациональных отношениях, а именно на селе. Во всем мире аграрный сектор находится на госдотации. Об этом надо помнить и Президенту, и правительству.

Республиканцы считают полностью оправданным и адекватным сложившимся условиям принятие Президентом чрезвычайных мер по роспуску парламента и утверждение единоначалия власти. Наш тезис: демократия в общество пришла неожиданно, она не являлась нами наработанной ценностью. Население не было готовым к восприятию деминститутов, не умело пользоваться инструментами демократии. Демократия здесь выступает не столько категорией политики, сколько культуры. Поэтому и есть разгул вседозволенности, и надо было положить конец самопожиранию общества, разгулу преступности – экономической, хозяйственной, включая организованную.

Однако мы воспринимаем шаги Президента как временную необходимость.

Нас обвиняют в том, что РПК – партия мононациональная. Это далеко не так, она скорее интернациональная, ее идеи, позиции разделяет все население. Кстати, и среди лидеров есть представители разных национальностей: председатель Кокчетавского горкома – русский, Джамбулского обкома – кореец и т. д.

Ближайшая задача: партия готовится к предстоящим парламентским выборам, разрабатывает свою концепцию парламентаризма, проект закона о политических партиях. Одним словом, РПК выступает за сильное, централизованное демократическое миролюбивое государство – Республику Казахстан.

...“Вечерка” предложила лидеру республиканцев продолжить фразу классика “Победа коммунизма неизбежна, но...”. Он отве-

тил: "...но в любой борьбе побежденных не должно быть. Борьба означает, по мнению нашей партии, совместный, каждодневный, упорный труд. Мы других целей – борьбу за коммунизм, гипотетическое бесклассовое общество – не ставим”.

Прогноз председателя партии и ученого относительно судьбы республики оптимистичный: “Если таким путем пойдём дальше, преодолевая противоречия, проблемы каждого дня, Казахстан через 5 лет станет на уровень Венгрии, в какой-то мере Польши, а через 10 лет можно будет сравнивать нашу республику со странами Европейского союза – Португалией, Данией...”.

А вот позиция республиканцев по евразийскому союзу. Модель Европейского содружества надо брать. Но нельзя забывать: европейцы шли к своему союзу столетиями, разрешая и снимая противоречия и одновременно утверждая себя. И достигли такого уровня, когда воссоединение было несложно. Евразийский союз – это необходимость, но необходимость, как нам представляется, не сегодняшнего дня, а будущего, когда все страны воспримут идею не политически, а главным образом экономически. Прецедент декретного насильственного союза был, он назывался, как мы знаем, СЭВ (гайку, выточенную одной страной – СЭВ, невозможно было закрутить в другой).

Вечерний Алматы. 28 июня 1995 г.

Дерется тот, кто не умеет говорить

Новая Республиканская партия прошла недавно регистрацию в Министерстве юстиции. Председателем ее является Сабетказы Нуржакиянович Акатаев. Ему 54 года, окончил философский факультет Московского университета имени Ломоносова. Более 30 лет проработал в системе вузов. Доцент Республиканского института повышения квалификации работников культуры и искусства, кандидат исторических наук.

С С. Н. Акатаевым беседует наш корреспондент.

– Естествен первый вопрос: как зарождалась партия?

– Еще более двух лет назад, когда влияние КПСС было подорвано, группа научной интеллигенции Алма-Аты начала искать формы выхода к массам. Стали объединять патриотический настроенную часть населения, не взирая на национальность, вероисповедование. Главные наши цели – политическая независимость Казахстана, экономическая самостоятельность и территориальная целостность. Привлекали даже коммунистов. Эксперимент удался. Люди приняли наши идеи, гражданское движение “Азат” росло.

– Партия сменила название. Не потому ли, что разочаровалась в идеях движения!

– Разговор идет не о разочаровании, а о развитии движения, которое, оставаясь таковым, породило политическую организацию. Мы не захотели оставаться на улицах и площадях и объединились в партию.

– Интересы каких слоев, групп населения защищает организация?

– Мы не ориентируемся на какие-то определенные слои населения, защищаем интересы общенационального характера. Парадоксально жить на богатой земле в бедности и в раздорах. Но такова наша реальность. И наверняка каждый казахстанец мечтает о счастливой жизни в условиях независимости.

Теперь, когда Казахстан стал суверенным государством, можно не разделять людей по национальности. Все мы граждане одной республики. Нас всегда интересовало, что нам Казахстан дает. Сейчас вопрос ставится по-другому: что мы ему даем. Гражданин перед республикой имеет не только право, но и обязанности. И можно ли считать себя гражданином, относясь равнодушно к флагу, народу, языку, земле, истории? Каждый казахстанец должен способствовать тому, чтобы республика обрела подлинную независимость. Мы бы хотели, чтобы русскоязычное население помогло нам в этом.

– На заседаниях коалиции социальной защиты вы не раз предлагали закрыть границы с Россией, чтобы защитить нас

от тех негативных процессов, которые идут в республику с севера.

– Закрывать границы необходимо не только с Россией, но и со всеми республиками СНГ, а также с Китаем. Но это не значит, что они должны быть на замке. Отношения между суверенными государствами должны строиться на паритетных началах, цивилизованной основе. На деле же получается, что казахстанская “тележка” прицеплена к российскому “трактору”. Наш Президент повторяет ошибки Ельцина. Никто не застрахован от ошибок, но нам достаточно своих.

– А вы просчитывали экономический ущерб от этой акции, политические последствия? Под удар могут быть поставлены традиционные культурные, родственные связи казахов, русских, проживающих в соседних областях России. Как тут быть!

– Не надо пугать жупелом экономических потерь. Самостоятельное развитие, как показывает опыт бывших колоний, выгодно. Это видно на примере некоторых афро-азиатских стран, совершивших за короткий срок экономическое чудо. Независимость Казахстана быстро восполнит потери. Нам куда важнее политическая и духовная свобода, нежели экономическая. Меня французские, японские журналисты спрашивают: “Что вам, казахам, надо?”. Я им отвечаю: “То, что и вам, французам, японцам, а учитывая потери за время колониального развития, может быть, даже немного больше”.

Теперь я скажу тяжелое слово. Трехсотлетнее присутствие России в Казахстане лишило нас многого. “Хорошо поющий”, по определению Г. Н. Потанина, народ становится “хорошо пьющим”. Мы теряем язык, такие институты поведения и нравственности, как общительность, великодушие, духовное обаяние. В наши души стала вселяться черствость...

– С вами нельзя согласиться. Казахский народ был и остается великодушным, не теряющим своего духовного обаяния. И подтверждений этому – масса, как в недалеком прошлом, так и в настоящее время. Да и не всякий русский, не потеряв-

ший чувство собственного достоинства, согласится с вашей оценкой российского влияния.

– Я ни в коем случае не обвиняю русский народ, русскую культуру. Никаких претензий к нему не может быть. По нашей программе, которой мы придерживаемся, в республике все граждане равны независимо от национальности. Мы заинтересованы, чтобы русскоязычное население оставалось в Казахстане.

Мы хотим возродить древнего, традиционного казаха, открытого всем, с песенной душой, чтобы жил в согласии с природой, со всеми нациями.

Что же касается русских в Казахстане, казахов в России, то проблемы их взаимоотношений легко разрешимы на основе международного права. Мы от северного великого соседа никуда не денемся. Это вечный фактор. Скажу больше, требуется полная взаимность. Русские должны заботиться о казахах, казахи – о русских. Но это не означает, что от этого должен страдать какой-то другой народ. Мой отец Акатай погиб под Сталинградом в 1943 году, защищая русские рубежи. Его героизм не должен остаться безответным.

– Светлая память героям. И не зная вашего отца, я отношусь к нему с большим уважением. У старшего поколения были свои идеалы, было, возможно, больше патриотизма, чем у нас. Под словом Родина они подразумевали весь Союз. Я думаю, мы все в большом долгу перед нашими отцами. Но вернемся к теме нашего разговора. Вы создаете партию парламентского типа!

– Да.

– Установлены ли связи с Верховным Советом! С какими инициативами выступала партия!

– Мы имеем контакты с группой народных депутатов. Но считаем, что нынешний парламент – небольшевистское наследие. Он во многом не отражает настроение избирателей. Принимает законы, которые не работают. Приватизацию, например, мы воспринимаем как “демократическую” раздачу Казахстана в частные руки, не редко пройдохам, услужливым людям. Я не

удивлюсь, если завтра владельцами фабрик, заводов окажутся дельцы из бывшей партийной номенклатуры.

Приватизация должна исходить из чаяния масс с учетом интересов коренного населения. В противном случае народ, как не раз в прошлом, окажется привязанным к воле внешних факторов. Мы здесь усматриваем одну из крупных ошибок руководства республики. Вначале следовало бы создать сильную власть, потом приступить к экономическим преобразованиям.

Говоря об инициативах, отмечу, что одними из первых мы выступили за суверенитет Казахстана, участвовали в подготовке альтернативного проекта новой Конституции, законов о гражданстве, миграции.

– В программе партии ставится задача вернуть женщине ее историческую сферу – деторождение, домашний очаг, воспитание детей. Означает ли это, что женщина может быть отлучена от производственной деятельности, общественной работы?

– Нет. Этим мы хотим подчеркнуть роль женщины в укреплении семьи, воспитании подрастающего поколения здоровым и физически, и нравственно.

– Идете ли вы на контакты с другими партиями и движениями, в том числе с такими, казалось бы, “неудобными”, как движение “Единство”, казачьи объединения!

– Мы взаимодействуем со всеми общественными организациями, кто признает суверенитет, независимость и неделимость Казахстана.

– Часто ли используете в своей деятельности такие методы воздействия, как митинги, пикетирования, голодовки?

– Мы редко когда добивались своих целей путем переговоров. Приходилось прибегать к крайним мерам, о которых вы говорите. Это происходит от того, что в нынешних структурах демократии мы чувствуем себя как пятое колесо в телеге. Живем надеждами на будущее.

– На ближайшее будущее у вас есть какие-то определенные планы?

– Надо укрепить организационные стороны партии. Сделать ее более многочисленной, а всех членов – активными, убежденными. Хотя я и сказал, что мы не отвергаем крайние меры, в целом же проповедуем ненасилие. Нет в обществе противоречий, который нельзя решить политическим путем. Дерется тот, кто не умеет говорить.

*Беседу вел Вадим Махин
Советы Казахстана. 1 апреля 1992 г.*

Против идиолов колониализма

Сабетказы Акатаев, 1938 года рождения, окончил Московский университет им. М. Ломоносова, философский факультет. Более 30 лет проработал в системе вузов. Кандидат исторических наук. Доцент Республиканского института повышения квалификации работников культуры и искусства. Женат. Отец пятерых детей.

На состоявшейся 4 сентября 1991 года учредительной конференции избран председателем Республиканской партии Казахстана “Азат”.

С самороспуском компартии Казахстана на политическую арену республики сразу вышли несколько политических организаций. Пока они о себе громко не заявили, поскольку больше заняты организационным укреплением своих рядов, но, тем не менее, уже определились в своих программах, разработали устав. И сегодня мы представляем две партии – “Азат” и Демократический прогресс Казахстана, придерживающихся, на наш взгляд, диаметрально разных позиций по вопросам государственного устройства, политических и экономических преобразований в республике. Наш корреспондент С. Садвакасов ведет беседу с руководителями этих партий.

Второе – денационализация земли. Ее надо отдавать тем, кто хочет и может ее обрабатывать. Безусловно, необходимо качественное изменение структуры экономики. Сейчас она

представляет из себя пирамиду, в основании которой лежат экстенсивные, добывающие отрасли, и только в небольшой части острия размещены передовые, наукоемкие технологии.

– А как ПДПК относится к тому, что предпринимает сегодня наш Президент в области экономики, политики?

– Отношение к политике, проводимой Н. Назарбаевым, у партии в целом положительное. Единственное, что вызывает критику, – это непоследовательность в проведении экономических реформ. Законы приняты, но они не работают, на каких-то ступенях исполнительной власти тормозятся, блокируются. Но надо полагать, перевод исполнительной власти в другое качество, имеется в виду введение института заместителей Президента, изменит ситуацию на местах к лучшему. Мы готовы поддержать Президента, правительство республики при условии, что после принятия таких мер последуют реальные сдвиги в экономике. Но если это еще одна перекройка управленческого аппарата, которая приведет новые слои номенклатуры к власти, то с подобным мы никак не можем согласиться.

– К каким силам вы себя больше относите – левым, правым, центристам?

– Пожалуй, мы ближе стоим к центру. ПДПК – партия парламентского типа и будет строить свою работу в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан.

– Чем сейчас занят координационный совет партии?

Формированием самой партии. Нам надо создать ячейки, как минимум, в 11 областях и набрать более 3000 членов, чтобы зарегистрироваться и быть официальной политической организацией, которая смогла бы принять участие в предстоящих выборах.

– А какова сейчас численность партии?

– В настоящее время партия насчитывает более 1000 членов, из них 200 человек состоят в Алма-Атинской городской организации.

– Вы полагаете, что ПДПК сможет прочно занять место на политической арене республики в условиях нарождающихся новых политических структур?

– Вы знаете, такая партия, как ПДПК, нужна той части общества, которая ориентирована на проведение кардинальных реформ в политике, экономике и стоит за демократический путь развития республики. И я полагаю, наша партия и еще несколько политических организаций демократического направления смогут стать опорой нашего Президента, взявшего твердый курс на проведение экономических реформ в республике. Потому что в настоящее время нельзя не видеть, что наиболее активно и выражено действуют партии, ориентированные на мононациональное развитие республики, и это вызывает некоторую обеспокоенность у определенной части общества. Безусловно, такие партии имеют право на существование.

Но надо иметь в виду и другое. Казахстан – многонациональная республика и интересы всех наций и социальных слоев должны быть в ней интегрированы. И таким интегрирующим элементом выступает наша партия.

– Сабетказы-ага, мы вас знаем, как одного из бывших сопредседателей ГДК “Азат”, но с недавнего времени вы возглавили новую партию. В этой связи у некоторых сложилось впечатление, что создание РПК вызвано расколом внутри движения?

– Такая точка зрения не соответствует действительности, равно как и имевшие место в прессе различные толкования о целях и задачах движения “Азат”. В свое время определенные лица из власть предержащих пытались скомпрометировать нас, создать у общественного мнения неправильное представление о нас, приклеить ярлык некой националистической организации, тем самым отпугнуть население от ГДК “Азат”. Но должен заметить, всякие идеологические диверсии против нас только способствовали скорому приходу зрелости. Движение росло, мужало, в котором, кстати, состоят представители разных национальностей, в том числе русские, но, как вы знаете, в последние годы политическая ситуация в республике резко изменилась, ушла с политической арены господствовавшая несколько десятилетий КПСС. В этой связи оставаться больше беззубым движением, уличным кликуном нам было не к лицу. Вот

тогда и родилась идея организовать в рамках движения “Азат” свою партию.

– Некоторые средства массовой информации называют вас то национал-демократической, то национальной партией. В частности так вас окрестило радио “Аззатык” (Мюнхен).

– Свою политическую организацию мы назвали Республиканская партия Казахстана “Азат”. А то, что нас истолковывают иначе, расцениваю как желание ввести в заблуждение население. В программе мы не рассматриваем национальный вопрос в чистом виде. Своей целью РПК ставит построение на территории Казахстана демократического национального государства основанного на принципах гуманизма, социальной и национальной справедливости.

При этом партия руководствуется принципами международного права каждой нации на свой собственный исторический выбор и на самостоятельное установление форм правления, борется за право нации на самоопределение, свободу и демократию, против идеологии колониализма в любой форме. Она выступает за равенство наций, культур, религий, плюрализм мнений и суждений, соблюдение прав человека, приоритет общечеловеческих ценностей. Мы за мирное преобразование путем реформ существующей в Казахстане национально-автономной системы в независимую демократическую Казахскую республику, где высшие органы государственной власти, в том числе глава государства – президент – избираются народом. Отсюда и присутствие в названии партии термина “республика”, что дословно означает “общественное дело”.

– Одним словом, партия выступает за политическую независимость и суверенитет республики?

– РПК не только отстаивает полную политическую независимость территориальную целостность и экономическую самостоятельность республики, но и стремится обеспечить ей законное место в мире путем вступления ее в равноправные торгово-экономические связи со всеми государствами мира, в том числе бывшими республиками СССР, на основе общеприз-

нанного международного права, как равный субъект мирового сообщества наций.

– А учитывает партия в своей программе сложившуюся демографическую, политическую ситуацию в республике?

– Выступая за реальное обеспечение политического самоопределения казахского народа партия вместе с тем провозглашает, что будет защищать политические и социальные права всего многонационального населения республики, бороться за его счастливую и обеспеченную жизнь.

– Тогда насколько вы разделяете позиции, взгляды таких партий, как “Желтоксан”, “Алаш”?

– В вопросе государственного устройства республики мы их поддерживаем – Казахстан должен быть независимым демократическим национальным государством, самостоятельно ведущим внешнюю, внутреннюю политику. Но вот их политические методы, граничащие порой с экстремизмом, призывом взяться за оружие, отвергаем. РПК – партия парламентского типа и в своей деятельности придерживается принципов миролюбия, дружбы народов. Мы считаем, что искусственно форсировать события, ускоренно разрешать конфликты, в том числе межнациональные, как это, к сожалению, делала до недавнего времени КПСС, нельзя. Необходим диалог. Там, где народы Перестают общаться, слушать друг друга, начинают действовать силовые методы.

– Вы говорили, что в вашей партии состоят представители других наций...

– Да, и немало, особенно в сельской местности. Наши двери открыты для любого гражданина Казахстана, независимо от национальной, социальной принадлежности, политических, религиозных убеждений, который признает программные принципы и устав партии. Если кто еще считает, что РПК сугубо националистическая партия, то ошибается. Она не приемлет национал-шовинизма.

– А как партия относится к реформам нашего Президента?

– Скажу так: отношение неоднозначное. Да, это сильная, я бы сказал, эпохальная личность. И на выборах наша партия

голосовала за него. Но не нравится в его действиях то, что он дублирует политику российского Президента в Казахстане, повторяет его ошибки. Мы поддерживаем экономические реформы Президента, но нельзя не видеть, что под видом приватизации идет раздача национального достояния. Вызывает беспокойство, что в результате приватизации хозяевами предприятий, земли станет далеко не казахская часть населения, у которой психология еще не готова к восприятию рынка. Ведь веками ее формировал другой уклад жизни – натуральное ведение хозяйства, кочевой образ жизни.

– Но ведь альтернативы рынку нет. Как нам безболезненно войти в него?

– Нельзя ставить целью форсирование рынка. Ведь мы хотим в короткий промежуток времени перейти к рыночным отношениям. Тут спешить нельзя. Коллективную форму собственности надо сохранить, но параллельно создавать частные предприятия.

– Слышал, что вы готовитесь к регистрации?

– Партия набрала достаточное количество членов, чтобы зарегистрироваться как официальная политическая организация. К примеру, только по Джамбулской области она насчитывает 12 тысяч своих членов. Во всех областях, кроме Северо-Казахтанской, созданы первичные ячейки РПК. В настоящее время готовим соответствующие документы для регистрации в Минюсте.

– Какой вы видите РПК в будущем?

– Партия не стремится быть правящей, считаем, что Казахстаном должен править его народ, а не партия. И хотя нас преподносят иногда националистической партией, мы хотим стоять выше этого – быть миролюбивой, РПК за то, чтобы в независимом национальном государстве Казахстан всегда царил мир и покой.

*Беседовал С. Садвакасов.
Вечерняя Алма-Ата. 28 февраля 1992 г.*

Казахский народ: трудный опыт на поворотах истории

Казахский народ представлялся по-разному: “кочевой”, “полукочевой”, “строитель коммунизма”, “покоритель второй целины”, “младший брат” и т. д. Есть различные энциклопедические издания, названные именами народов. “Киргизы”, “Русские”, “Французы” и т. д., где интересующийся мог получить исчерпывающие сведения о том или ином народе планеты. Специальное историко-этнографическое издание о казахах в семидесятых годах собирались выпустить, но ЦК КП Казахстана, разумеется, помешал этому. Партия боялась возбудить нежелательные ей страсти, излишне опекала, в результате чего наступил 1986 год. Кто вы, народ казахский? Попытаемся ответить на этот вопрос дня небольшим очерком ученого.

Казахи – один из древнейших народов Евразийских просторов, включивший в свой состав множество историко-этнических общностей классического мира кочевий античности и средневековья. Антропологически казахи представляют сложный южно-сибирский тип, состоящий из смешения монголоидной расы с восточноевропейской и индоиранской группами!

Национальная культура казахов носит все признаки древней и средне-вековой конно-кочевой цивилизации. Становление этнокультурного облика казахского народа шло сложно и длительно. Казахский народ является преемником всего историко-культурного наследия Казахстана прошлых эпох. Следовательно, историю культуры казахского народа недостаточно освещать лишь с этапа появления в источниках его названия. Еще в недрах древнего Казахстана, в тысячелетней истории Центральной Азии создавалась основа будущего казахского общества, основа его материальной и духовной культуры. Объединение преимущественно кочевых племен средневековья под именем “казах” является лишь политическим завершением предыдущих этапов истории.

Название “казах” (подразумевается – беглый, свободный от тюркского “кашу”, “кезу”) в источниках появляется сразу,

без предварительных форм. Это дает основание предполагать, что, возможно, само понятие (а не термин) существовало длительное время до его фиксации в анналах истории. Само имя не поддается пока объяснению без привлечения новых материалов. Генеалогические сказания – шежіре связывают название народа с именем легендарного праотца всех казахов под тем же именем “Казах”. Однако история не знает лица под этим именем. Обычная интерпретация этнонима через “каз+ак” – “белый гусь” удовлетворит потребности лишь обыденного сознания, а через “кас-сақ” – “истинный сак” вызывает недоумение, так как племена под названием сак, саки исчезают из исторических документов на заре нового летоисчисления, а его реминисценция через полтора тысячелетия спустя вряд ли возможна. Тем не менее имени “казах” суждено было стать названием народности, главным определителем его этнической территории, языка, культуры государства, боевым ураном (кличем), а впоследствии именем нации и одной из крупных стран Центральной Азии.

Язык казахов принадлежит к кыпчакской ветви тюркских языков, представляет бесценную историческую гордость народа, в котором растворены его мировоззренческие, этико-эстетические и политические идеалы, общественные вкусы и его социально-исторические приобретения и опыт. Казахский язык богат, разнообразен, подвижен, легко поддается преобразованиям. Древние корни языка предопределили его этнографичность, богатство фразеологических оборотов и отсутствие диалектов. “Казах поет о том, что видит”, – замечали путешественники. На поэтичном и мелодичном языке невозможно было не петь. Гостям чудилось, что вся казахская степь “поет”.

Конно-кочевая культура степей формировала казаха как прекрасного наездника, великолепно владеющего традиционной технологией животноводства, а суровый континентальный климат выработал в нем такие природные черты характера как спокойствие и выносливость. Как древний народ с многовековой культурой, он открыт, великодушен, легко вступает в контакт

с любим, своим или чужим, гостеприимен, доброжелателен и прост в общении, ценит честность, добропорядочность, но не переносит ложь, предательство, неволю (свою и чужую), лицемерие, подхалимаж, наговор. На нравственный облик народа оказывали сильное воздействие идеология и мораль культа предков. Нравственным устоям казахов также присуще генеалогическое пристрастие к старшим и детям, уважение к женщине. Все это великолепие было частично утеряно или переименовано в колониальное время.

Казахи – мусульмане суннитского толка, но мусульманство казахов явление местное, казахское, не похожее на другие ареалы мусульманства, сильно перемешанное местными обрядами и культами, несмотря на то, что предки казахов ислам приняли еще в VII веке. Поэтому традиционное мировоззрение казахов представляет по существу смешение ислама с обрядами древних воззрений и культов, что дало основания называть его Ч. Валиханову “двоеверием”. Народное мировоззрение казахов не имеет в своей основе конкретного учения, теологического догмата или философской доктрины, но оно тем не менее в совокупности отражает определенную философскую позицию в отношении к объективному миру, чего находило свое выражение во всех сферах народной жизни: национальных традициях и обычаях, религиозных и гражданских обрядах, этнических нормах, эстетических идеалах и моральном поведении, заменивших в Прошлом культурные, исторические, социальные, духовные институты и учреждения.

По традиционным представлениям казахов предметы мира живы, одушевлены. Отсюда, возле очага нельзя рубить топором что-либо, так как этим можно причинить боль огню. В огонь и воду нельзя плевать, осквернять их нечистотами, вырубать деревья, топтать траву, резать ножом хлеб и т. д. Каждый предмет обладает кроме чувственной, еще и надчувственной формой. Поэтому любой предмет есть тень, символ, знак чего-то другого, недоступного обычному сознанию. Познание же – истолкование этих надчувственных связей. Истолковать эти свя-

зи можно отпращиванием все возможных обрядов. Ими был насыщен традиционный быт казахов. У соседей казахи слыли хранителями древних обычаев и обрядов. Выражение “ырымшыл қазақ” (обрядолюбивый казах) в определенной мере отражало особенность общественной психологии казахов.

Традиционная народная обрядность – сложное этнософическое явление, связанное древними мировоззренческо-этическими предписаниями нескольких поколений исторического населения степей, продолжает оставаться ведущим в регуляции повседневной жизни народа.

Традиционное народное мышление интуитивно полагало, что начало природы заложено в самом человеке, и он в этом отношении представляет из себя частицу Вселенной. Мир для казаха антропоцентричен. Казах со всеми: небом, тучами, животными, насекомыми ведет разговор в повелительном тоне, как с чем-то подчиненным его воле, такое отношение закреплено в народных поэтических воззрениях. Поэтому только человек достоин вопроса: кім? (кто?). Критерий превосходства людей над миром – язык, слово. Слово – всемогуще, следовательно, самое страшное – навлечь на себя проклятие. Пространство трехступенчато. Верхнее – обитель духов, тенгри: среднее – человека и его среды, а нижнее – царство мрака, холода, мертвых. От такого понимания пространства питаются хтонические представления казахов: погребальный культ, занимающий ведущую роль народной жизни. Смерть-де есть качество, состояние, мера, смена одной формы жизни другой. После смерти человек уходит жить в иной, подземный мир. Человек бессмертен, он не умирает, а уходит. Отсюда казахское название смерти – “қайтыс болу” – вернуться, возвращаться, уходить.

Исходя из этого, нетрудно представить себе невероятную сложность похоронной обрядности казахов, суть которой заключается в снаряжении умершего в дальнейшее безвозвратное путешествие. Со смертью душа человека освобождается от телесной оболочки, становится аруахом, покровительствующим или карающим, как божество. Время также состоит из трех вза-

имонепереходящих частей. Прошлое, настоящее и будущее – это самостоятельные отрезки времени, Прошлое возвратно. Течение времени неотвратимо.

Казахи состоят из трех жузов (численность приблизительно одинакова) и других компонентов: тюре (аристократы “белая кость” – князья – чингизиды), кожа (потомки арабских миссионеров) и “шала-казахи” – курама (узбекского, татарского, киргизского происхождения, поздние этнокомпоненты).

Ныне самим казахам не достает традиционной общительности, уважения к старшим, приветливости. Это объясняется не столько врожденными родовыми инстинктами, сколько межродовые соперничеством, раздуваемым колониальными властями для подавления проявлений всеобщей национальной воли. Это явление преходяще, легко разрешимо в условиях, независимой национальной государственности.

Поколенческая преемственность духовного опыта предков сыграла консолидирующую роль в этногонии и становлении национального своеобразия культуры, психологических черт и поведения казахского народа.

В современных условиях строительства подлинно независимой государственности прежний опыт должен получить свое логическое продолжение, что окажет неоценимую услугу в преодолении трудностей нынешнего убожества межнационального бытия.

Полиэтническая историческая среда Казахстана в прошлом, из которой и возникли все последующие политические, культурные и этнические приобретения казахского народа вновь появилась в период формирования нации в условиях поворота к мировым ценностям. Таковы превратности судьбы. Есть полное основание утверждать, что исторический опыт казахского народа поможет ему стать знаменосцем своей независимости.

Экспресс-К. 16 декабря 1993 г.

Куда зовет “Азат”?

Появление на политическом небосклоне новых партий, инициативных общественных организаций стало приметой нашей действительности. Вот и недавно в Алма-Ате прошла учредительная конференция гражданского движения Казахстана “Азат”, что значит “Свобода”. Участники движения, как заявлено в его программе, посвятят свою деятельность идеалам гуманизма, социальной справедливости, будут отстаивать равенство всех граждан перед законом.

Значит, есть новое подкрепление здоровым перестроечным силам республики? Хотелось бы в это верить. Но более подробное знакомство с проектами программы и устава “Азата”, с декларацией, принятой на конференции, убеждает, что с выводами спешить не следует.

Например, ближайшей сессии Верховного Совета “Азат” намерен представить для рассмотрения и утверждения декларацию о полном государственном суверенитете Казахской Республики. Это не опечатка. Да, именно так, исключив из полного названия слова “Советская Социалистическая”, конференция решила впредь именовать Казахскую ССР.

Надо сказать, что отношение к рассмотренным на конференции программе, уставу, декларации было не однозначным. Хотя преобладали оппозиционные по отношению к Компартии и Верховному Совету республики настроения, звучали откровенно экстремистские выпады, но были и реалистичные, сдержанные суждения. По-своему отреагировали на выступления активистов “Азата” собравшиеся в зале представители творческой интеллигенции, рабочей и студенческой молодежи. Если на открытии конференции присутствовало свыше 400 человек, то после перерыва и на следующий день количество участников уменьшилось более чем наполовину, тем не менее проекты программы, устава, декларация в целом одобрены. Избраны координационный совет, семь сопредседателей движения. “Азат” действует. К двум из сопредседателей – начальнику отдела Госплана М. И. Чорманову и доценту института повышения ква-

лификация работников культуры Госкомитета Казахской ССР по культуре С. Н. Акатаеву мы обратились с просьбой более подробно разъяснить цели и задачи левого движения.

– Цель движения “Азат”, говорится в его программе, – “возрождение независимой демократической Казахской Республики”. Но возрождают то, что когда-то было. А какую государственность Казахстана вы имеете в виду?

М. И. Чорманов:

– Слово “возрождение” считаю неточным. Речь идет о создании государства, обладающего полным экономическим, политическим суверенитетом. Может быть, в рамках содружества свободных, независимых государств, объединенных международным договором. На конференции мы критиковали некоторых руководителей республики за то, что на XVII съезде Компартии Казахстана они выступали в поддержку так называемой обновленной федерации. Мы говорили, что это все равно, что обновить обветшалое здание разваливающейся империи. Конфедеративный принцип, когда государства имеют полную независимость, объединяясь только для координации деятельности по некоторым вопросам, на наш взгляд, предпочтительнее. По сути дела, это зафиксировано и в декларации о государственном суверенитете Казахской Республики, которую мы намерены передать для обсуждения и утверждения на внеочередной сессии Верховного Совета.

С. Н. Акатаев:

– В раннефеодальный период существовали казахские ханства, которые имели своеобразные демократические институты – родовые, военные. Эта государственность и подразумевается под словом “возрождение”.

Для того, чтобы обладать полным государственным суверенитетом, Казахская Республика должна иметь собственность, юридические права. Поэтому не исключен откол ее от Советского Союза. Мы сделаем это ради того, чтобы затем снова войти, но уже носителем права, обладателем собственности. Федерация на основе имперских российских законов нас не устраивает.

– Из принятого конференцией названия государства – *Казахская Республика* исключены такие признаки, как “советская, социалистическая”...

М. И. Чорманов:

– Это наша принципиальная позиция. Все, что мы строили, это не социализм, а тоталитарный строй, административно-командная система. А стержнем ее была и остается КПСС. Партийный аппарат объективно является тормозом на пути новаций. Наша цель – построить гражданское, правовое, плюралистическое общество, где жили бы достойно все граждане.

С. Н. Акатаев:

– Мы хотим разработать национальную модель социализма. Не такого, который насаждали эмиссары центра. В нашем понимании социалистические отношения должны соответствовать народной жизни быту, специфике казахской нации, казахской психологии. Но мы не хотим, чтобы республику покидали русские, немцы, уйгуры... Мы нуждаемся в помощи, квалификации этих народов, прежде всего европейских, чтобы земля пахалась, коровы доились, металл плавился.

– *В программе движения сказано: “Азат” выступает за создание местных воинских формирований. Какова цель их создания? Кому они будут подчинены?*

М. И. Чорманов:

– Прежде всего, речь идет о том, чтобы граждане Казахской Республики проходили службу на территории своего государства. Во-вторых, подлинный государственный суверенитет характеризуется целым рядом признаков, и один из них думается, – наличие собственных воинских частей. Хотя, конечно, мы не собираемся иметь ракеты и так далее. Эти функции могут быть делегированы центру.

Возможны, на мой взгляд, разные формы сотрудничества. Существует же к примеру, Варшавский Договор, действуют договоры о дружбе и взаимопомощи между СССР и странами Восточной Европы. Это одно из направлений. Допускаю также, что каждая республика должна вносить свою долю в союзный

бюджет на содержание таких войск. Те или иные нюансы можно обговорить на межправительственных переговорах.

Но вообще-то этот вопрос имеет не столько практическое, сколько психологическое значение. Ведь и самые маленькие государства на планете имеют свои вооруженные силы.

С. Н. Акатаев:

– Казахстанские воинские формирования будут иметь региональное командование и обслуживать интересы Казахской Республики. Но какие-то права мы делегируем Министерству обороны СССР, если войдем в федерацию. Все казахстанцы, независимо от национальности, будут служить на своей земле. “Азат” выступает за нормальную, защищенную жизнь для каждого жителя республики.

– *“Азат”, как подчеркивается в его программе, – за равенство наций и национальностей, всех граждан. В связи с этим вопрос: каким вам видится Закон Казахской Республики о гражданстве, за принятие которого “Азат” выступает? Сколько надо прожить в Казахстане, чтобы получить гражданство, будут ли ограничения по участию в выборах? То есть, не повторится ли прибалтийский вариант Закона, существенно ограничивающей конституционные права граждан СССР?*

М. И. Чорманов:

– В деталях мы проект Закона не обговаривали. Но, несомненно, он должен гарантировать равные права и свободы всем жителям Казахской Республики. Это наш главный принцип.

С. Н. Акатаев:

– Механизмы закона определит Верховный Совет. Но какие-то ограничения должны быть. Мы же не можем всех граждан Российской Федерации принимать, не так ли? Мы хотим, чтобы наша республика была процветающей.

– *Ваше мнение о таком тезисе программы: “Азат” выступает... за свободную прописку для казахов в трудонедостаточных районах, а также в городах, где доля казахского населения меньше среднереспубликанского?”*

М. И. Чорманов:

– Считаю эту формулировку непродуманной, не поддерживаю ее. Она действительно противоречит целям нашего движения.

С. Н. Акатаев:

– Мы за равные права. Но сейчас казахский народ дискриминировано чувствует себя в городах. В Алма-Ате, например, казахов не прописывают, не принимают на работу. А русские живут очень вольготно в столице, у них дачи, гаражи, личные машины, работа престижная, квартиры в “Орбите”, может быть, даже в центре города. Поэтому мы должны создать такой режим, чтобы выровнять пропорции. Если русских в республике 37 процентов, а казахов – 39, то и везде их должно быть столько. Даже в правительстве.

– *“Азат” категорически заявил, что он “против ввоза рабочей силы из-за пределов республики”. Как, по-вашему, будет выполняться этот пункт программы?*

М. И. Чорманов:

– Дело в том, что среди коренного населения увеличивается количество нетрудоустроенных. Есть немало районов с избытком трудовых ресурсов. Здесь – почва для социальных взрывов. Вспомним хотя бы события в Новом Узене. Поэтому считаем необходимым отрегулировать миграционные процессы. Для этого отказаться скажем, от вахтового метода, оргнабора. Или, допустим, увольняются в запас воины Советской Армии. Желательно, чтобы они возвращались в те республики, откуда призывались.

С. Н. Акатаев:

– Известно, что центральная полоса России нуждается в рабочей силе. Там развитая инфраструктура. Зачем же строить здесь заводы? На кого рассчитано такое планирование? На казахов? Нет, казах не пойдет туда работать. На русских? Так зайдите в любой отдел кадров: требуются слесари, монтажники. Производительные силы Казахстана должны развиваться в достаточной для республики мере.

– *Но хватит ли собственных трудовых резервов?*

– Уверен в этом, если у Казахстана не будет других интересов, кроме собственных.

– *Вы утверждаете, что и имеющихся трудовых ресурсов Казахстану достаточно. И в то же время “Азат” намерен выступить за предоставление территории Казахстана для временного пользования каракалпакскому народу, попавшему в экологическую катастрофу.*

М. И. Чорманов:

– Аспекты этого вопроса еще предстоит изучить, прежде чем принять окончательное решение. Но ясно одно: Казахстан, который никогда не оставлял своих братьев в беде, не может остаться безучастным и в данной ситуации. Мне думается, территории у нас достаточно, чтобы создать для переселенцев режим наибольшего благоприятствования.

Кроме того, в Каракалпакии, если мне память не изменяет, живут около 800 тысяч казахов. Некоторые уже начинают возвращаться. В Талгарский район, насколько я знаю, недавно переехало 40 семей. Но желающих гораздо больше. Они испытывают трудности с выделением земли, банковских кредитов. Мы выступаем за то, чтобы создать соотечественникам все условия для возвращения на свою историческую Родину. По мнению многих активистов “Азат”, одновременно следует переселять в благополучные районы и казахстанцев из Приаралья – зоны бедствия.

С. Н. Акатаев:

– Каракалпакам надо помочь. Мы требуем этого, исходя из гуманных, нравственных соображений. А что касается экономики, люди дороже денег.

– *Не лучше ли огромные средства, которые уйдут на цели переселения, направить на социальные преобразования в бедствующих регионах?*

– Нет, только переселение.

– *На конференции выступил доцент КазГУ К. Асанов. Как вы относитесь к такому, например, его высказыванию: “Казахстан – земля отцов, а не русских переселенцев”, к прозвучав-*

шим в его выступлении резкостям в адрес Президента Казахской ССР Н. А. Назарбаева?

М. И. Чорманов:

– Категорически не согласен с такими выводами. Выступая на конференции, я стремился провести мысль о том, что людей, вольно или невольно разжигающих межнациональную рознь, подчеркивающих национальную исключительность, мы должны считать провокаторами, и предателями интересов народа.

Не сторонник я и резких высказываний в адрес Президента. Мы должны поддерживать его авторитет, политику, если она отвечает интересам Казахстана. Если же он проявляет нерешительность, непоследовательность, допускает ошибки, “Азат” оставляет за собой право на конструктивную, доброжелательную критику.

Мы за диалог, сотрудничество с другим и общественно-политическими силами, в том числе и с Коммунистической партией, точнее, ее реформаторским крылом. Кстати, из КПСС я вышел. Но это мое личное решение, никем не подсказанное.

А принял я такое решение, потому что КПСС окончательно деградировала, не способна к самореформированию. Тому подтверждение – итоги XVII съезда Компартии Казахстана и так называемого Учредительного съезда Компартии РСФСР. Верх взяли консерваторы.

Что можно сказать в связи с этой беседой? Полное единство взглядов на цели и задачи движения, судя по всему, у его лидеров не просматривается. Более того, они порой противоречат и сами себе. С одной стороны, Чорманов, как мы увидели, поддерживает явно сепаратистские цели, с другой – решительно осуждает националистические выпады. Где здесь искренность, какая точка зрения возобладает – время покажет.

Кстати, возникает тот же вопрос и при чтении документов “Азата”. В программе провозглашается верховенство Конституций Казахской ССР, а несколькими абзацами ниже говорит-

ся об актах гражданского неповиновения, демонстрациях, пикетировании как основных формах и методах деятельности движения.

Обращают на себя внимание многочисленные заимствования из прибалтийских программ перестройки: это и введение республиканского гражданства, и местные воинские формирования, и ограничение миграции. Если там по ходу осуществления этих мероприятий все проблемы были переведены в плоскость межнациональных отношений, то чего хочет добиться “Азат” в Казахстане?

Заметны попытки сыграть на возросшем национальном самосознании населения, вызвать отклик у людей, малоискушенных в политике и экономике. Но если реально посмотреть, разве нет изрядной доли прожектерства в планах переселения десятков, а может быть, и сотен тысяч людей в другие районы?

В уставе предусмотрен прием в члены движения с 17-летнего возраста. Но вопрос в том, как отнесется молодежь с ее широкими жизненными планами, современными интересами к перспективе замкнутой жизни в конфедеративной “национальной квартире”, да еще с атрибутами раннефеодальной демократии.

Вокруг своей программы “Азат” собирается сплотить представителей политических партий, общественных организаций, вплоть до женских, ветеранских, религиозных. Планируется собственная издательская деятельность, создание различных центров, научно-экспертных групп, разработка рекомендации. Лидеры движения отрицают, что “Азат” с его долговременными задачами и многими другими признаками – устав, членские взносы, планируемый съезд и т. д. – представляет собой нарождающуюся политическую партию. А конечная цель всякой партии – это борьба за власть. Они говорят о том, что движение – не партия, потому что не выражает интересов какой-либо социальной группы, хотя инициативным ядром движения, источником его идей является своеобразный блок писателей, ученых, бывших партийных и советских работников.

Что касается Коммунистической партии, то “Азат” готов, как подчеркивается в программе, к совместным действиям с ее ре-

форматорским крылом. Видимо, к этому крылу и относятся активные функционеры движения.

Что же так не нравится “Азату” в политике другого крыла? Компартия Казахстана, отмечалось на ее XVII съезде, решительно выступает за стабильную, спокойную обстановку в многонациональной Казахской ССР, за укрепление дружбы народов, за равноправие, тесное сотрудничество со всеми братскими республиками в рамках обновленной социалистической федерации. Похоже, именно это состояние общества и его перспективы “Азат” не устраивают.

В. Чеглаков.

Огни Алатау. 8 августа 1990 г.

К истории казахской идеи (историко-политические предпосылки независимости)

В становлении казахской национальной государственности имелось два периода – естественно-исторический и колониальный. Первый связан с доколониальной историей развития казахского общества и ее естественно-исторической эволюцией, как бы она ни характеризовалась в официальной историографии и идеологии. Второй период определяется насильственной колонизацией Казахстана Российской империей с ликвидацией традиционных институтов правления, т. е. ханства.

Логическим следствием колониального беспредела является тоталитарное социалистическое государство (Киргизская АССР, Казахская ССР). 70-летний опыт СССР показал, что оно не поддается ни совершенству, ни развитию, потому что держалось на силе. После упразднения силовой подпитки социалистическое государство бесследно исчезло, тем самым показав, что оно может быть только радикально преобразовано в демократическое государство.

Основным содержанием для обоих периодов истории государственности выступает казахская идея, которая для казахского народа не нова, не навязана извне, а является априорной и

вытекает из трансцендентной сущности нации, тождественна самой нации.

Казахская идея никем не придумана, она существовала еще со времен основоположников Казахской Орды – аз-Жанибека и Керей и неразделима с историей казахского народа и нерасторжима с его многотрудной судьбой. Она возникла и формировалась с Казахской Ордой и окрепла вместе с ней, разделяла с народом его общественное бытие и историческую судьбу, никогда никем не отчуждалась. Она была, есть и будет вместе с его языком, территорией, культурой и особым менталитетом, признанным ближними и дальними соседями и мировым сообществом, несмотря на всякие попытки инотолкования. Как бы ни интерпретировали друзья или недоброжелатели, эта идея сплотила гетерогенное население Центральной Азии в одну нацию с одним институтом власти, с одним законодательством, с одним национальным интересом, с одной территорией. Она и вела к образованию при аз-Тауке, и особенно при хане Абылае, монационального централизованного государства, укрепив и без того сильный нациообразующий фактор.

Казахская идея – публичная, социально-политическая целостная категория, отражающая естественно-историческую тягу этнически близких людей, призывающих на общем языке к совместной коллективной жизни, коллективной борьбе, коллективному политическому и культурному сотворчеству, коллективной защите своей территории. Она есть основа казахстанского патриотизма.

На такой концепции казахская идея оказалась соподчиненной русской идее, после того как казахи насильственно признали русскую власть. Русская идея стала господствующей, русский язык – языком “хозяина”. Как бы то ни было, казахская идея, вобрав в себя средневековую тюркоязычную аморфную массу, превратилась в единую нацию.

Однако, несмотря на кажущиеся различия, оба исторических периода казахской идеи имеют общие генетические корни, связанные с национальной психологией.

Все великие предводители, вожди и наставники казахского народа всегда стояли за национальное политическое возрождение. Они были примером во всем. Молодое поколение росло, приравниваясь к ним по самой высокой планке национального идеала. Каждый готовил себя стать “азаматом,” т. е. защитником чести и достоинства нации. Но колониальные пути всегда препятствовали этому. Колониализм поработал не только тело нации, но и оскорблял дух, исковеркал историю, обычаи и мировоззрение, надломил национальную психику и поведение, отчуждал язык и нормы общения, творил и объяснял, как хотел.

Надо было прежде всего избавиться от чужеземного правления. Все понимали, что подлинное возрождение могло состояться лишь после политического самоопределения в условиях независимого развития. Зависимость оскорбляла и унижала здоровое тело нации, поэтому все национальные ресурсы были брошены на борьбу с этим навязанным извне социальным злом. Но сколько бы раз казахский народ ни поднимался против колониальной судьбы, столько и проигрывал. Силы были не равны. Восстаниям не было счета. Все они жесточайшим образом подавлялись. Погибли в борьбе лучшие сыны – Каракерей Кабанбай, Кокжал Барак, Акпамберды, Боранбай би, Сырым, Исатай, Кенесары, Жанкожа, Алихан, Мустафа и др.

Постоянные поиски путей освобождения, близость Казахской степи к метрополии, формирование национальной интеллигенции, жестокий колониальный гнет, дружба с великим русским народом и моральная поддержка его передовой части, полиэтничный состав населения, многовековой опыт борьбы с метрополией и другие социально-исторические обстоятельства со всей очевидностью свидетельствовали о том, что антиколониальная освободительная борьба в Казахстане могла состояться, лишь приняв цивилизованные формы.

Надежды на мирное освобождение возросли после внутриполитических реформ в России, особенно после Манифеста Николая II об учреждении Государственной думы от 17 октября 1905 г.

К тому времени укрепился качественный состав и возросла численность национальной интеллигенции. Впервые заявила она о себе и о чаяниях своего народа с трибун Думы. Однако надежда на мирное достижение независимости была лишь заманчивой и навязчивой идеей. Вскоре были распущены обе Думы.

Брожение проникло в Степь, и в устах интеллигенции того времени впервые появился лозунг: “Проснись, казах!” (Оян, казак!). Субъект проснулся, но царизм усилил колониальный гнет. Петр Столыпин, Председатель правительства, попытался разрешить внутривластный кризис в России, как это бывало в истории не раз, за счет колониальных территорий. В Казахстан срочно было переселено 2,4 млн. безземельных российских крестьян, которым выделили свыше 17 млн. десятин лучших земель. Коренное население было вытеснено в пустыню и бесплодные пески, где остаются и поныне. Оно пребывает за десятиверстной чертой, вдоль пойм рек Яика и Иртыша, предназначенной еще колонизаторами XIX в.

Усилилась роль православной церкви – этой кликуши царизма, продолжилась открытая русификаторская политика колониальных учреждений. В 1909 г. был издан Указ о недопустимости людей, не знающих русский язык, к выборам на должности управляющих волостей и аульных старейшин. Это означало, что даже в низшем звене администрации не допускались местные кадры.

На таком невиданном до селе фоне осложнения социальных противоречий грянула первая мировая война, подтолкнувшая империю к большевистской катастрофе. Июньский Указ царя о реквизиции инородцев к оборонительным работам зажег факел восстания. Степь снова села на кони и взялась за оружие. Главным лозунгом было самоопределение. Вся Центральная Азия полыхала в огне освободительной войны. Однако большевикам удалось перетянуть канат на свою сторону, и восстание переросло в социалистическую революцию. И теперь над Туркестаном будет реять красный флаг и население окажется под пятой большевистского террора и единовластия. Об этом предупреждали А. Букейханов и М. Чокай.

После победы Октябрьской революции главные противоречия между метрополией и колонией остались, реальной независимости не было – страной управлял Кремль. Восстания продолжались и в советскую эпоху (Адайское, Сузакское, Тургайское и др). Народ ждал самого главного – независимости.

Даже в более позднее время (декабрь 1986) студенты несли транспаранты с политическими требованиями: “Каждой нации – своего вождя!”. Идея находила отклик в любом гражданине Казахстана. Народ знал, что социалистическая государственность – самообман, что “дано”, “даровано”, подлежит возврату.

В это поворотное для судьбы нации время в диалог с ней вступают лидеры партии “Алаш” со своей программой независимого социально-политического развития не только для Казахстана, но и всего тюркоязычного, мусульманского Востока. Таким образом удалось своевременно направить стихийный народный гнев в цивилизованное русло! Лидеры партии, будучи в рядах кадет (конституционные демократы России), требовали национальной автономии многонациональному Туркестану в рамках Российской империи.

Накануне Октябрьской революции (21 июля 1917) в г. Оренбурге была создана общенародная партия “Алаш” (народ), мирным путем объявлена автономия, 5–13 октября 1917 г. образовано правительство “Алаш Орды” (народное правительство, власть) во главе с признанными лидерами нации: Алиханом Букейханом, Мустафой Чокай, Халелом и Джаханши Досмухамбетовыми и Мухаметжаном Тынышпаевым (учитывая многонациональный состав страны, 13 мест в правительстве было зарезервировано не казахам). Выработаны стратегия и тактика борьбы за дальнейшее укрепление автономии, созданы милиция, суд и другие органы власти. Была масса проблем, в том числе единства северной и южной частей “Алаш-Орды”. Однако смертельная опасность надвигалась с севера (Россия вступила в затяжную братоубийственную гражданскую войну).

В это беспокойное время к власти пришли вооруженные большевики. Начались массовые репрессии. Было разгромлено правительство, растоптан флаг, главное, уничтожена идея о

возможности независимого и самостоятельного государственного развития в Центральной Азии. Освободителей называли одним словом “басмач”, т. е. бандит. Государство истолковывалось как продукт классовой борьбы.

В сознании народа осталась недобрая память о своих достойных сыновьях, боровшихся за подлинное счастье родного народа. “Алашордынцы” в одночасье превратились во врагов общества, затем были уничтожены как “буржуазные националисты” и “японские шпионы”. До сих пор не ясно, кто они, чьими были друзьями – большевиков или сибирского диктатора Колчака.

В живых довелось видеть лишь двоих членов партии “Алаш” – великого писателя М. О. Ауэзова и профессора математики из Караганды А. Ермакова.

Вера в свободное, демократическое государственное развитие Казахстана вселилась в души нашего народа. Десятый год в Центральной Азии строится новое независимое миролюбивое государство. В сознании народа утверждаются патриотизм, любовь к Отчизне, народу, к его земле, языку, что должно стать составной частью политической культуры граждан Республики Казахстан.

Хотелось бы предложить местным властям поставить памятник двум великим сыновьям – Каракерею Кабанбаю, Кокжарлы Кокжал Бараку, борцам за независимость еще на заре нашей государственности.

Саясат. 2001. №3

Азаттық жолы – ауыр жол

Сәбетқазы Ақатай – 1938 жылы туған. Философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикалық партиясының төрағасы, Мәскеу Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің философия факультетін бітірген. Ұзақ жылдар бойы Алматының көптеген жоғары оқу орындарында дәріс берген. Көкшетаудағы экспериментті оқу ордасының президенті,

публицист, ондаған кітаптардың авторы, қазіргі кезең туралы әлеуметтік-саяси мақалаларымен жұртшылыққа танылған.

– *Жұртшылыққа мәлім, кезінде “Азат” партиясын басқарып, ел қолдаған игі істерге ұйтқы болдыңыздар. Бұл күндері қазақстандық саяси аренадан сирек көрінесіз. Сізді лауазым мен аяқтың жетегінде кетті деген әңгімелер бар. Не айтар едіңіз?*

– Мен лауазымның жетегінде кеткенім жоқ. Соңғы екі жылда көп жылғы шұғылданған еңбегімді аяқтауға бел буып, уақытша саяси істерге араласудан шектелуге тура келді. Өйткені саясатқа араласқаннан соң отыз жыл бойы қузаған ғылыми жұмыстарым жайына қалып қалды да, аяқтауға мүмкіндік болмады. Бір жағына шығуым керек болды. “Дүниеге қазақы көзқарас” деген тақырыптағы докторлық диссертациямды өткен жылы қорғадым.

Мен елдің алыпқашты әңгімелерінен, ұлтшыл деген даурықпалардан қорықпаймын. Қазақтың басқа халықтардан бір жері артық. Ол – дерті. Бір жері кем. Ол – қабілеті. Дертке ем табу, қабілетін шыңдау оңай емес. Халықтың дертін көріп, біліп отырып үндемей қалу – қылмыс. Қазақ мәселесі дұрыс қойылып, дұрыс шешілмесе өз елімізде өзіміз құл болып қалуымыз ықтимал. Біздің көзімізді бюрократия ашпайды. Қайта сол бюрократия заңды біле отырып, қылмыс жасайды. Сондықтан ұлтқа саяси қорған керек.

– *Байқасақ, “Азат” сонау 60-жылдары Мәскеуде құрылған “Жас тұлпар” атты ұйымның негізінде дүниеге келген екен. Сіздер сол кезде-ақ әлі ешкім дәті барып айта қоймаған демократия жөнінде ашық айтып, белсенді әрекет еттіңіздер. Осы жайында да әңгімелесеңіз.*

– Иә, “Азаттан” бұрын да 1962 жылы Мәскеуде Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжанов, Қалқаман Тілеуханов, тағы да басқа көптеген азаматтар “Жас тұлпар” атты саяси ұйым құрған едік. Мен ол кезде Мәскеу университетінің философия факультетінде оқитынмын. “Жас тұлпарды” құрғанда халықтың бір тоғанағын көтерсек, кәдәсіне жарасақ деген ой болды бізде.

Басты мақсат – қазақ жастарының сол кездегі тағдыры еді. Өйткені, қазақ жастарының болашағы жоқ сияқты боп көрінді. Жер-жерде комсомолдық бригадалар пайда болып, мектеп бітірген түлектер мәжбүрлі түрде соларға жіберілетін, және ол ылғи “Қарлығаш”, “Қызғалдақ” сияқты әдемі атаулармен аталды. Бұндай шаралар бүкіл қазақ жастарын аздырып жіберді, оларға ешқандай жағдай жасалмады. Әділетсіз кезеңнің ащы шындығы: қоймен бірге қой болып өмір сүре алатын адам ғана қойшы болуға право алды. Біз нақ сол кезде дауыс көтергеніміз рас. Онда да маңдайымызға біраз таяқ тиді. Бізді НКБ-ға “алашорда” деп көзге шұқып көрсеткен адамдардың бірі М. Мұқанов болғанын қайтеміз? Содан кейін көп ұзамай репрессия басталып, университеттегі оқуымыздан екі айға шығып қалдық. Әйтеуір, жоғары жаққа қолхат беріп, шағымданып жүріп оқу орнына қайта оралдық. 1965 жылы Алматыға келдік, “Жас тұлпарды” “Азатқа” ұластырдық. Бірінің бағдарламасы екіншісінікімен қабысып жатты.

– *“Жас тұлпарды” ұйымдастырушылардың бірі Мұрат Әуезов еді. Осы күні оған қатысты да әлгіндегі әңгімелер көп айтылады. Ұлтының болашағын тереңнен ойлап, халқы үшін жанын сап жүрген Мұратты бұл қаралау, даттауда қандай мән бар?*

– Менің Мұратты білетініме 30 жылдан асты. Мұраттай білімдар, әкесінен жан-жақты тәрбие алған “алтын баласы” (Мұхтар Әуезовтің өз сөзі), парасатты азамат жалғыз Қазақстан емес, Азия құрылығында саусақпен санарлық. Қоғамдық өзгерістерде Мұраттың назарынан тыс қалған құбылыс жоқ деуге болады. Ол бәріне араласып, өзінің ой-пікірін білдіріп отырады. Мұрат қазақтың маңдайына біткен жұлдыз еді. Бірақ біз сол жұлдызды жарығырақ жаға алмай отырмыз. Мүмкін, Мұраттың соры да жұлдыздай жарық болғандығынан шығар. Қалтай ағаның мақаласы да, Ассамблеядағы сөзі де оны соншалық даттаған екен. Ол кісі мақаласын арнайы Мұрат туралы жазбаған шығар, бірақ сол мақаладағыдай туысын даттап сөйлеу ең алдымен ақсақал адамға жараспайды. Ел болар елдің жігіттері бірін-бірі қошамет тұтқаны парыз. Үлкен адамға

үлкен сөз жарасады. Мұрат жөніндегі қисық, қыңыр сөздердің бәрі бекер. Мұрат қазір “Азаматты” құрып жатыр, ол өзінің парасатына лайықты жұмыс істейтін азамат. Халық басына түскен нәубеттің салмағын бөліп көтерісsem, дейді мен білетін Мұрат.

– *“Азаттың” қазіргі жайына тоқтала кетсеңіз.*

– 1990 жылы елдің бәрі азаттығын алып, тәуелсіздігін жариялап жатты. Біз де дүбірге қосылып, Азаттың қазақ дейтін ұлтқа да керек екендігін, елдің Азатты сағынғандығын білдіріп, қолымызға ту алып, көшеге шығуымыз қажет болды. Дәл сол кезде тентек, содырлар көбейіп кетті. Әсіресе, жастар желікті. Сол шақта біз ақ шашымызбен солардың арасында жүргенді мақұл көрдік. Өйткені олар жастық мінезбен бұра тартып кете ме деп қорықтық. Тәуелсіздік алғаннан кейін қалыбымызға түстік. Бірақ әлі де арамызда желөкпелер көп. “Ананың орнына мынау келу керек еді” дейтіндер табылды. Ту көтеріп көшеге шығу – наразылық білдіру деген сөз. Өзіміздің меншікті мемлекетіміз құрылып, ат әбзелін түгендеп жатқан кезде біз көшеге шықсақ сол тігіліп жатқан ту мен құрылып жатқан мемлекетке қарсы болған сияқты болып көріндік. Біз халықты бейбітшілікке үндедік. Ал “Азаттың” желөкпе тобына бұл ұнамайды. Олар Назарбаев кетсе ғана елдің жағдайы жақсарады дегенді басымырақ айтты. Біз оған келісе алмадық. Келіспегеніміз біздің Назарбаевшыл болғандығымыздан емес, басты себеп басқада еді. Мынадай сергелден шақта ту ұстаған адамға туды биігірек, тігірек шаншуға мүмкіндік туғызып, мейлінше жол ашу керек. Қазақта “Хан азса қарашаға қарсы” деген сөз бар. Қарашаға хан қарсы бола береді. Осы мәтелдің екінші жолы: “Халық азса хандыққа таласады” дейді. Халық азса не болғанымыз? Елдің қамын бір кісі жесе ғана, ел бола аламыз. Сонан-кейін “сен оны неге істемедің, ананы неге алып келмедің” деп жауапкершілік артуға болар еді. Осындай күрделі ел, жер, ұлт тағдыры үшін үлкен өзгерістер болып жатқан кезде “сен әрі тұр, сен былай істе” деп өзеуреу өз мемлекетіңе қарсы шығу деген белгі. Онда басталған іс жолда қалады. Мемлекет құру ісі ұзаққа созылады.

Қазір “Азат” екіге бөлінді. Бір жағы Назарбаевтың билік басынан кетуін талап етсе, екінші (біздің топ) “Азатты” халықтың

тағдырымен, тарихымен, бүгінгісімен байланыстырғысы келеді. Қазір мені 11 облыс өкілдері қолдап отыр. Азаттық алу бір күндік әрекет емес және Президент бәрін жасай қоймады деп кінә артуға болмайды. Қазіргі жағдайдың ауыртпалығын бір кісіден көру мүлде қате түсінік.

– Қазақстандағы саяси ахуалға қандай баға бересіз? Елдегі көппартиялылық туралы ойыңызды білсек...

– Ұлттың менталитеті қандай дәрежеде болса қазіргі өзгерістер сондай деңгейде ғана. Қазақты көп жамандаймыз, дегенмен қазақтай данышпан халық жоқ. Бірақ данышпансың деп мақтай беретін болсақ орға әкеліп жығамыз. “Дұшпан күлдіріп сөйлейді” деген, біз шынайы дос бола білсек оның осал жақтарын айтайық. Біз басқалардан кеш қимылдайтын, бүйірі шықпаған халықпыз. Кейде маған қазақ деген атау ұлттың емес, таптың аты сияқты болып көрінеді. Кім кедей – қазақ кедей, кімнің аты шабан – қазақтың аты шабан, кім аз – қазақ аз. Міне, осының барлығы – халқымыздың әлі де толыса алмағандығының белгісі. Ал, ондай халық тәуелсіздік алып мемлекет болып, көк туын шаншып, ел боламын деп мынадай дүрбелеңге, тапшылыққа кезігіп жатса бола алмай жатқаны шығар. Президенттің ішкі және сыртқы саясатын солай деп түсіну керек. Көршілес Тәжікстан, Шешенстан, Әзірбайжан мен Армениядағы қақтығыстарға себепкер факторлардың бәрі Қазақстанда жеткілікті. “Аш адам тырысқақ” келетіні тағы бар. Оған тек тамызық тастасаң қаулап шыға келеді. Ал осындай жағдайда отырып қазақтай халықтың тәуелсіздігінің 5 жылдығы, мұнан артық болады дегенге өзім де сенбеймін, басқаны да сендіруге болмайды.

Қоғамдық сана (мейлі саяси, ұлттық болсын) бір деңгейде болмайды. Және бір формациядан екінші формацияға көшу кезінде біріншіден, бірегей ойлап “бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз” шығара қою қиын; екіншіден, ол болмайтын да нәрсе. “Бір ауыз” бола қалмадың деп қазақты желкелеу дұрыс емес. Осы күні партиялардың қаншасы көз алдымызда бірігіп, қаншасы тарап жатыр. Қазаққа қанша партия керек десек, ол қазақтың

ұлттық ақыл-ойы нені саралай алады, қандай әдістемені қолдана біледі – соншама партиялар құрылып та, ыдырай да береді.

Бүгінде халықтың өзі айта алмай жүрген көкейдегі арманы мен мұң-мүддесі біраз айтылды. Саяси партиялар қазаққа не береді десек, тек осы үшін керек. Қазақ өз сөзін өзі айта алмайды. Мұнан әсіресе, жастар қиналады. Жастардың “жүз грамды” ұрттап алып, ішіндегісін айта алмай, білекке көшетіні де содан. Ал саяси партиялар мен ұйымдар өз ұлтының айта алмай жатқан мүддесін сөйлесе, саяси қайраткерлер сатылмаса, басқаша айтқанда, ұлттық идеяның генераторы болса дейміз. Сол мақсатта “Азат”, оның ішінен Республикалық партия дүниеге келді. Бес жылдың ішінде Қазақстан өзінің бүкіл болмыс-бітімін, келбетін қалыптастырып жатыр. Оны толық қалыптастыру үшін басты шарттар: тәуелсіздік; жер және тіл мәселесі, ұлттық идеология. Қазір біздегі ең үлкен проблеманың бірі – жер дауы. Жер – қазақстандықтардікі емес, қазақтікі. Жерді сату тарихқа қиянат. Жер сатылады дейтін болса тек қана қазақтар арасында референдум өтуі керек. Жер меншіктелмейді және оны тауарға айналдыруға болмайды. Жер сатылатын болса біз бәрінен айрыламыз, ол ата-бабаның зиратымен қоса кететінін, қайтып ала алмайтынымызды естен шығарып алмалық.

– Үкімет жүргізіп отырған реформалардың барысы қалай, толықтай жүзеге асырылғанын нақты атай аласыз ба? Елдің әлеуметтік-экономикалық ауыр ахуалын жақсарту үшін үкіметтің қандай реформаларды қолға алғанын жақтар едіңіз?

– Реформалардың қайсысынан не алдық дегенге ашып ештеңе айта алмаймын. Бірақ, жалпы әлемдік стандартқа жақындап келеміз. Реформаны толықтай жүзеге асыру үшін оған қаржы мен алғышарттар керек. Қазіргі жүргізіліп жатқан реформалардың бағыты дұрыс, бірақ оны қамшыласақ көп жылдық өсімдіктен бір жылда жеміс бере қоймадың деп шауып тастағанымен бірдей болар еді.

Маған осы реформалардағы жалтандық, ұнамайды. Сондай-ақ, әлемдік нәтижені түрі мен тұрпатын өзгертіп ба-

рып Қазақстанда қолдану бар. О баста мен реформаларға шағын-шағын эксперимент жүргізіп, нәтижесін көре отырып қолдануды ұсынған едім. Қазақстан 3 табиғи аймаққа бөлінеді. Осы 3 аудан көлемінде эксперимент жүргізіп көріп, үшеуінің ең нәтижелісін ғана екінші облысқа жасау керек еді. Нәтиже болмайтын болса оны сызып тастау керек.

Мысалы, қазақ ауылының мал шаруашылығын алайық. Қазақ ауылына, қазақ фермелеріне несиеге ақша берудің қажеті жоқ. Оларға несиені малдай, саймандай беру керек. Мәселен, 10 млн. теңгенің орнына 500 қой берсе, трактор берілсе. Қазір кей жерлерде малды тегін беріп жатыр. Ол қоғамдық мүлік сомаға шағылып, банкте арнайы есеп-шоты болуы тиіс. Өтемі кейінге қалдырылса. Осыған біздің өреміз жетпеді. Назарбаев қандай қателік жіберді дегенде, ол осы концепцияны жасағанда бізді қатыстырмады. Америкадан экономист алдырып, соған жасаттырды. Біздің ақыл-ойымыз да ұлттың игілігі емес пе? Және біз өз жерімізге, мемлекетімізге ие болуға баулынар едік, тәрбиеленер едік. Қазақтың ірі бизнесмендері бір-екі жылда ғана өсіп шығып, көк туымыздағы қыран секілді қазақтың кең байтақ даласын биіктен шолып тұрар еді. Қазақтың еліне, жеріне, орман-тоғайына ие болатындар бүгінде дорба арқалап жүр. Олар ұсақ бизнес адамдары. Әлі олар өседі, есейеді, қатаяды. Оларға қазір жәрдем керек. Олардың дені ауылдан болғаны абзал-ақ. Дегенмен әлі де кеш емес. Елдің бәрі қой баққысы келмейтін шығар, бірақ қой бағамын деген кісіге қой беру керек. Қайткен күнде де қазаққа кәсіп керек. Бұл мемлекетке не жетіспейді дегенде осындай мәселелер алға тартылып, тығырықтан шығатын жолды табуға тиістіміз.

Қазір Қазақстанға жан-жақтан жаппай инвестициялар келуде. Мұқтаждықтан, қажеттіктен ғана адамдар арасында қарым-қатынас, байланыс орнайды. Инвесторлар берем деп емес, алам деп келеді. Қазақстанда жұмыс күші арзан, бұл – ұлтты қорлау. Халықтың сөзін сөйлеуіміз, керек дейтінім де сондықтан.

– *Ауыл мәселесі қатты алаңдатып отырғаны рас... Бұл жөнінде не айтарыңыз бар?*

– Бүгінде жетісіп отырған ешкім жоқ. Әсіресе, ауылдың жағдайы өте қиын, оған ем де жоқ. Қазақ ауылын тудырған социалистік жүйе болатын. Енді ол келмеске кетті, бұдан кейін ауылға ешкім жағдай жасамайды. Бүгінде колхоз-совхоздардың біразы тарап кетті, 60–70 жыл жиналған дәулеттің бәрі шашылып, ұрланып бітті. Болашақта қазақ ауылы ыдырайды. Қазақ үшін ендігі жол – қалаларға көшу ғана. АҚШ ХІХ ғасырдың 2-жартысында дәл осылай жаппай қалаларға көшкен болатын. Бұл процесс урбанизация делінеді. Содан ұлттың ахуалы өзгеріп, беті жақсылыққа бұрылады.

– *Саясатқа қайтадан араласасыз ба?*

– Партия туралы заң шыққаннан кейін саясатқа келемін. Қазір бірнеше партиялар бірігуге тілек білдіріп отыр, солармен келіссөздер жүргізудеміз. Астана мәселесіне байланысты дайындық, жұмыстарын жасап жатырмыз. “Азаматпен” қалай болатынымыз әлі белгісіздеу. Олардың ұлттық бағдарламасы бізге ұнамайды. Құрылтайшыларының арасында қазаққа қаскөй ұйымдардың жетекшілері бар. Біз халықты алдап алмайық деп, олардан іргемізді аулақ саламыз. Бірақ достық қарым-қатынастамыз. Олар біздің тәуелсіздігімізге қарсы емес, бірақ шағын болса дейді. Қазақстанды губерниялық билік жүйесінде қалдырғылары келеді. Көбінде әлгі ызғарлы ойларын жасыру үшін қос азаматтық, орыс тілі мемлекеттік тіл болса деп сұрайды. Мұндағы ең үлкен сорақылық – Ресей мен Қазақстанның заңы сәйкес келіп, бірімен бірі қабысып тұрса деп көксейді. Осы секілді ойларымен біздің тәуелсіздігімізге шектеу қойғылары келеді.

– *Қазір немен шұғылданып жүрсіз?*

– Бүгіндері “Киіз кітап” атты қазақтың дүниетанымы, рухани табиғаты, көзқарастық жүйесі жайлы еңбек жазып жатырмын.

*Әңгімелескен Күләш Нақыпова
Заман- Қазақстан. 21 маусым 1996 ж.*

Біз қандаймыз?

Қазақ – Еуразия далаларының әр тілдес, нәсілі де әр текті тарихи-этникалық қауымдастықтарын өз бойына сіңірген көне халық. Антропологиялық тегі жағынан халқымыз жергілікті мұңғыл нәсілімен қатар шығыс еуропалық және үнді-иран элементтерінен тұратын оңтүстік-сібір бұтағының негізгі тобына жатады. Қазақтың дене бітімінің мықты, сүйегінің берік, ғұмыры ұзақ та төзімді келетіні – оның осы көпқұрамдылық тегінен.

Ұлтымыздың тамыр тегі тереңнен тартса, мәдениеті мен рухы онан да тұңғыықтан, бесмыңжылдық атты көшпелі өркениетінен қуат алады. Демек, халқымыздың бітім-болмысы мыңдаған жылдар аясында екшелген күрделі игіліктер негізінде өз топырағымызда қалыптасқан төл құбылыс екен. Қазақ халқын Еуразия тарихының барлық дәуірлерде жасалған күллі тарихи-мәдени игіліктерінің заңды мирасқоры деп қабылдауға болатындықтан, оның мәдениет тарихын “қазақ” атаулының тарихи жазбаларда пайда болуынан бастағанымыз өзімізді-өзіміз табанасты етумен тең. Ұлт тарихы бай бірақ соны тани білу, бағалау, оны тәуелсіздіктің кәдесіне жарату жағы, шынын айту керек, мардымсыз. Қазақ деген өз мемлекеті бар, туы бар, тілі мен діні бар ұлттан гөрі кедей таптың атына айналып бара жатқан секілді.

Қазақстанда кім бай? Келімсек – бай. Кім кедей? Қазақ – кедей. Марқакөлдiң “Қарашілік” деген ауылында сайлауға орай сөз сөйлеп тұрдым. Тақырып: Қазақстанның болашағы туралы, әрине. Жуық арада Қазақстанда “Мерседес” пен “Икарус” шығатыны туралы сөз болды. Ел разы. Залдан әже жасындағы бір қарт әйел сөзімді бөліп: “Шырағым, битке жем болдым, депутат бола қалсаң, екі бас сабын жіберші” деді. Жұрт ду күлді...

Біз тәуелсіздік алғанда тіршілік шіркіннің қыспағы мұндай қатты болар ма? Бірақ мұнан да қиын кезең алда сияқты. Көк ту тұрғанда қазақтың құмалағы түгел. Біздей, қазақтай өз тағдыр-тауанына енжар халықтың тәуелсіздігінің үшінші жылдығы

мұнан артық болады дегенге өзім де сенбеймін: Елді де сендіре алмаймын.

Қазақтың мыңжылдық мәдени зердесі оның доскөңіл ұлттық қасиетімен сабақтас. Қазіргі қазақты еңкейгенге де еңкейтетін, шалқайғанға да еңкейтетін осы рух. Олай дейтінім, дүниеде қас жауың құдандалы адамындай құрметтейтін, “таспен атқанды, аспен ататын” қазақтай кеңетек, ақжарқын халықты көрмеппін. Басқа өркениеттерде қатарлас, қанаттастар ғана дос бола алады. Қазақтың түпсіз дархандығын осы заманға орай реттесе ел болуымызға сын бола ма деп қауіптенемін. Қазақ достығы көкейде ұялап, көңілден шықса, мәселен, орыс достығы – есепке құрылады. Ал қазақ “есептескен дос болмас” деп, шырпыр болады. Қазақ пен орыстың достасу шарты мүлде басқа. Бірі – мыңжылдық ежелгі тарихи-мәдени зердеде, ар-ұждан деңгейінде ұйыған да екіншісі – “бүгінгі күн сұранысынан” оянған. Осының қайсысы озады? Мен жапондарға қарап, қазақтың да солармен қатар шабысқанын, ескісі мен жаңасын қатар шабыстырғанын қалар едім.

Верныйдың генерал-губернаторы Қарқарадан қазақ саудасын арнайы көріп, таңқалыпты. Ол кезде қазақтың саума құны – қой. Жәрменкеде әр қойға 2 сом 50 тиыннан 3 сомға дейін береді екен. Қазақ қойын ақшаға бермей сартқа майда-шүйде бұйымдарға айырбастай салатынын байқаған А. Колпаковский, бір қазақтың айырбасқа алған дүниесін есептеп көрсе, әлгі 1 сомға жетпейтін кәкір-шүкір болып шығады... Саудаласқан қазақ ұтылғанын біледі, әрине. Бірақ табиғатынан жомарт халық сатып алушының риза болғанын басты парыз санайды, ата жолын аттағысы келмейді: “Ата-баба өсиеті солай, тағылым солай!” деп өзін-өзі жұбатып отырады. Мұндай “сауда” – өсіп-өрбуімізге залал, әрине. Бірақ бүйтпесек, қазақ боламыз ба?

Қазақты “жеу” оңай, қазақпен қоңсылас болу – “пайдалы” Лөле – Цыған екеш, лөле де қазақты ториды. Алдау жеңіл. Қанға сіңген ежелгі тәрбие бір күнде бойымыздан шыға қоймас, сірә. Ендігі жерде межелі несібемізден айырылып, заман тарылғанда бүйтісіп, өзімізді-өзіміз “жегізіп” достаса аламыз

ба? Мұндай “сауданың” шын аты – еркінмен тоналу. Дәстүрлі өмір тіршілігінен айырылып, андушысы көбейгенде халықты мұншама жомарт қылып жаратқан қай құдай болды?

Біз бұрынғы мыңжылдықтағымыздай өзімізбен өзіміз дара отырсақ төл мінезіміз жарасар-ақ еді. Қоңсы отырған екі жұрт шынайы достасу үшін не басқа жұрт қазақтың үлесіне мойынсынатын болу керек те, не қазақты бұрынғыдай “орыстілдеске” айналдырып, орыстандыру керек, шоқындыру керек. Өзіміздің де ыңғайымыз, орыстың да көксегені осы. Мұны істеймін деген жан тағы да желтоқсанға тап болады. Алайда орыстандыру саясаты тәуелсіздік алғаннан кейін де тоқталмай тұр, ал тілге қатысты тұстары тіпті үдей түсті деуге болады. “Артық жолдас таппадым татулықтан” дейді Абай. Санасы “икс” пен “игрекке” толы орыстай халықпен дос болуға не жетсін! Әрине, мен арақ ішіп, айбалта асынған орысты айтып отырмағанымды зиялы қазақ сезінер. Тепе-теңдік шарт бұзылған жерде ағайыншылдық пен достық сезім бітеді де қожа мен бағыныштылық қатынас басталады. Демек, “өңкейгенге еңкейгенмен” шалқайғанға еңкеюге болмайды. Бұл – ежелден келе жатқан ата-баба өсиеті.

Қазақ тілі түркі тіл әулетінің қыпшақ тобына жататынын білгенімізбен, сол тілдің халқымыздың көне тарихтан мирас еткен киелі дәулеті, ары мен ожданы екенін көп жағдайда, әсіресе, тілді қорғауға келгенде жадымыздан шығарып аламыз. Қазақ тілі қазақ үшін байланыс құралы қызметімен шектелмейді. Ол – халқымыздың рухани компедиумы мен ауыз-екі энциклопедиясы, мәдени, ғылыми және ағарту ошағы. Отаршылдар орыстандыру саясатын тілімізге бұғаулық салудан бастағаны тегін емес. Бұратана халықтарды орыстандыру мен шоқындыру ісінің атасы Ильминский мырза тілден айырылған қазақ, ең әуелі, қазақ емес екенін мықты түсінген. Ондай жанның қазақ болып жазылуы, қазақ халқы атынан сөйлеуі бекер. Мұны қазақ тілін білмейтін, тіпті білгісі де келмейтін кейбір азаматтардың ұлтқа, елге, ұлттық мәдениетке деген өгейлік көзқарасынан айқын аңғарып жүрміз. Оған біраз мысалды Нурболат Масанов секілділердің істеп жүрген іс-әрекеттерінен-ақ келтіруге болады.

Тәуелсіздік салмағы белімізді қайыстырып-ақ отыр. “Бұрынғы күніміз жақсы еді” дейтіндер көп. Тәуелсіздікті нығайту оңай емес, ол үшін еңбек ету, тер төгу керек және оған қазақтың тері сіңуі қажет.

Қазақ тіліне қазақ халқының көзқарасы, кісілігі мен парасаты, саяси мұраттары мен қоғамдық көкейкесті арман-тілегі, әлеуметтік және тарихи жиған-тергені сіңген. Демек, қазақ халқы өзінің тіліне деген көзқарасы арқылы не әлемдегі кісі сыйларлық ұлттар қатарынан табылып, шарықтап аспанға шығады, не басқа жұрттардан қалып, жер болады, қайтадан “малды жақсы бағушы халыққа айналады. ХХІ ғасыр – қазақ баласы үшін сын ғасыры, сынақ ғасыры. Қазақ ұлтының болашақта “тарихи” елі, археологиялық ұлттар қатарында қалуының қазірдің өзінде біршама белгілері бар. Тән ауруы туралы айтылып болды. Рухымыздың сынық екенін білеміз. Мәңгірттеріміз қазақ болмауды, қазақша сөйлемегенді мақтан тұтады, “жетістік” санайды. Француз тілінің прованс диалектісінде жақсы сөйлейтін қызымыз екі ауыз сөзді қазақша айта алмайды. Ұлтжанды қазақ мұны жақтырмайды, әрине. “Сиыр судан жерінсе, су сиырдан жериді” деген осы да. Жабылған қазақ мектептеріне қол қойғандардың ішінде өзіміздің де қолымыз жүр. Орысша сөйлегенді мақтан көрдік, ұят деп санамадық. Африка мен Азия халықтары үшін, тіпті орыс үшін ұлтшылдық солардың жаңғыру идеологиясына айналса, қазақ үшін бұл аз, ұлттық идеология біздер үшін өмір сүру, ХХІ ғасырда аман қалу амалына айналуы керек.

Қазақ баласы ана тілінде тек сөйлеп қана қоймаған: тілі арқылы дүниені көрген, естіп-білген, бағалаған, өз орнын өлшеген, тапқан, әлде таба алмаған. Тілі арқылы өлі дүниені жамыратып, сөйлескен, қозғалысқа түсірген. Қазақ тілі – қазақтың өзі де, көзі де, жүрегі де, құлағы да. Демек, “бас кесу болса да, тіл кесу” болмаған. “Сөз тас жарған, тас жармаса, бас жарған”. Тіл қазақ ішінде саяси биліктен де биік мәртебеде тұрған Библия да “әуелі сөз болған” (“сначала было слово”) дегеннен басталады. Тіл тағдыры қорғаушы саяси күшке байланысты. Мәселен,

түрік тілінің Таяу Шығыста шарықтауы үшін Осман империясы, орыс тілінің Еуразияға өктемдігі үшін Ресей империясы керек болды. Демек, қазақ тілінің тағдыры қазақ мемлекетімен, оның дербес нығаюымен сабақтас.

Дәстүрлі қазақы сана тіл арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды жандандырып отырған, сондықтан ошақ маңында балтамен отын жаруға, от пен суға түкіруге, дәрет сындыруға ыластауға өсіп тұрған ағашты кесуге, көкті басуға, гүлді үзуге, тіпті пышакпен нан турауға тыйым салады. Тарихта мұнан озық халықтық экологиялық-мәдени зерде дүниенің басқа бөлігінде бар ма екен, сірә? Бұл – адамзатты адамзат қылып тәрбиелеген көне түсінік. Әр құбылыс адамның сезім мүшелеріне әсер ету қасиетімен қатар оның адамға беймәлім “ішкі тынысы”, “құпиясы” бар болып есептелген. Мұндай ой байлауда қазақы сана әйгілі неміс ойшылы И. Кантпен қатарласа шапқан: И. Кант бойынша, “зат заттың ішінде” (“вещь в себе”) болса, қазақы таным кез-келген затты басқа бір заттың белгісі, көлеңкесі ретінде таныған. Демек, зат – зат қана емес, өзіндік сыры бар құбылыс, әлем басқа бір заттың “өкілі”, “баламасы”. Уақыт та әлемдік құбылыстың бір тұлғасы. Ол бір-біріне байланыспайтын дара үш бөліктен тұратын болып саналған: “өткен”, “бүгін” және “болашақ” дербес бөліктері. Оларды “тәңір” мен “іңір” ажыратып отырады (Күн мен түннің баламалары). Күн барда істелетін шаруаны түнде немесе түндегі жұмысты (мысалы, зікір салу) күндіз жасауға болмайды. Өткен қайтып келмейді. “Кешегі өтіп кеткен жиырма бесті, артынан қос атпенен қусам ба екен?” деп армандайды қазақ сал-серілері. Қазақтың өміртіршілігін, әні мен күйін алып қарасақ, қазақ өлмейтін, мәңгі жасайтын халық болып шығады. Өмір туралы түсінігі де солай: өлмейді, “қайтады”, “қайтыс болады”, бір дүниеден екінші дүниеге көше салады. Жерлеу рәсімі де осыны аңғартады.

Қазақ дәстүрі күрделі этнографиялық құбылыс, қазақ халқының жаны мен тәнін, мінезі мен характерін, пайымы мен танымын, тәуелсіздік кәлесіне жаратамын деген жан мұндай ерекшеліктерді аттап өте алмайды.

Ырым мен рәсім қазақтың күнделікті тұрмысының басты мәні еді. Көрші халықтардың “ырымшыл қазақ” – деуі тегіннен-тегін емес. Ырымшылдық – дәстүрлі қазақ мінезінің басты көрінісі, өмір-тіршілігінің негізгі бөлігі десек, артық айтпаған болар едік. Қазақтың күнделікті өмірі белгілі бір тұрмыстық шараға, алма-кезек науқанға (шілдехана, тұсау кесу, қыз ұзату, ақжолтай, ас беру...) даярлық жасаудан, соларды өткізуден тізбектеле береді. Сол үшін қазақ, өз сөзімен айтқанда, “мал бағады”, “еңбек етеді”. Дәстүрлі қазақ тұрмысы ішіп-жеуден емес, осы рәсімдерді орындаудан, “өткізуден” тұрады. Сократтың “ішіп-жеу үшін өмір сүресің бе, жоқ, өмір сүру үшін ішіп-жейсің бе?” деген сұрағына қазақ баласы: “тұрмыс салтын атқару үшін ішіп-жеп, өмір сүріп жүрмін” деп, ойланбай жауап беруіне болады.

Алайда әлеуметтік орта орыстанып, дәстүрлі тұрмыс аясы күрт тарылды. Қазақтың дәстүрлі ортасы тарылған сайын көңілі де тарылмай қоймайды, әрине. Қазақтың бұрынғы салқар тұрмысы қайта оралса, кең мінез де қайтадан орнығады. Бұл арман тәуелсіз мемлекетіміздің көк туының тік желбіреуімен орайлас...

Сөйтіп көне Қазақстан аясында, Орталық Азияның мыңдаған жылдарға созылған тарихында болашақ қазақ қоғамының негізі, оның нысани-адамгершілік салауаттары, материалдық және рухани мәдениетінің іргетасы қалана бастаған екен. Біздің “қазақшылық”, “киіз кітап” деп үдірейе қарайтын дүниеміз тарихи мирас, төл риздық болып, ол дәулетпен саналы түрде түбінде қайта табыспай, қазақ қазақ болудан, Қазақстан ел болудан қалады. Әрине, арқалап, алып жүруге ауыр дүние, бірақ онсыз ұйытқыдан айырыламыз.

“Қазақ” деген атау тарих деректемелерде “қыпшақ”, “маңғұт”, “ноғай” – деген дәстүрлі этнонимдерді ысырып тастап, неге екені белгісіз, бірден орнығады. Бұл жайт атаудың өзі емес, атауға арқау болған рухани-мәдени салауаттардың хатқа түспес бұрын көп уақыт тұрақты қолдануда жүргенін аңғартады. “Қазақ” деген есімнің шығу тарихы туралы баспасөз бетінде дүркін-дүркін пікір алмасу болып жататыны көпке

мәлім. “Қазақ” атауы (мұның ішінде орыстың да “қазақ” атты жігі жүр; атау жағынан қазақ пен қазақ туыс) туралы ғалымдар тарих бетіне түскен барлық деректемелерді тергеуге алып болды. “Касог”, “хазар”, “қаз-ақ” секілді өздері сұранып тұрған атаулар, атамалар, этнонимдер, терминдер, ұғымдар жан-жақты сараланып та, бағаланып та болды. Гректің “скифі”, арабтың “құзағы”, түркінің “қазағы” бір мағыналас – “көшпелі” дегенді білдіреді. “Қазақ” сөзінің түп-төркінін басқа өңірден емес, өзіміздің өмір-тіршілігімізден іздеген абзал Түркияда көшпелі түріктерді “йорук” (жорық, көшу) дейді. Қалай болғанда да, ат қойғыш атамыз өз атын да тауып қойған екен. Сөйте тұра, атаудың шынайы мән-мағынасын тең деректемелердің жәрдемінсіз түсіндіру қиын.

Шежіре, ауызекі аңыз-әңгімелер халқымыздың түп атасын “Қазақ” есімді атаға тірейді. Бірақ бізге мәлім тарихи деректер мұндай баба тұлғалы адамның есімін білмейді. Егер шежіреге сенсек, мұнан 20 буын бұрын (XIV ғ.) қазақ халқының саны 30–50 адамнан тұрған болып көрінеді. Ұлы жүзден – бес-алты, орта жүзден – бес-алты, кіш жүзден – жиырма бір еркек кіндікті болып шығады. Ата арқылы XIV ғасырдың қазағының санын алсақ, мұнан артпайды. Демек, шежірені тарихтың бірден-бір қайнар бұлағына жатқызу, үлкен шежірелік санаға абай болған жөн.

Атаудың түп-тамырын “ақ қаздан” тарату күнделікті күйбең сананың деңгейінен аспаса, “қас-сақ” (“шынайы сақ”) деп түсіндіру мәселені тіпті дүдәмаландырып жібереді, “сақ” этнонимі біздің жыл санауымыздың бастапқы кезеңінде-ақ қайнар бұлақтардан қалыс жатты. Ал ұмыт қалған атаудың араға бір жарым мың жыл салып, XV ғасырда қайта оралуына илану қиын. Сөйте тұра, “қазақ” деген ат тағдыр қалауы бойынша халқымыздың төл есіміне, мемлекеті мен атамекенінің атауына айналды. Ендігі жерде қазақ баласы дұрыс аталған ұлттың есіміне мойын бұрып, бұзылып аталған есімдерге жалпаңдағанын кілт доғарды, бұзылған атамаларға намыстанатын болды, ұлт атауын ұлттық игіліктің ту басына қойды. Әрине, өзін-өзі қастерлеу осындайдан басталады. Оқта-текте

өзге жұрттарда кездесіп қалатындай көршілер қойған лақап атамаға еріп (мәселен, Қытай халқына “қытай” деп атақ берген біздің ата-бабаларымыз, өздерін олар “хан” дейді), басқаша аталып кетпегенімізге (мәселен “кеңес халқы” болып) іштей тәубашылық білдіріп қойғанымыз да жөн болар. Дүниеде атауын жоғалтып алған халықтар аз ба? Мәселен, ұйғыр халқы өзінің төл атымен бір мың жылдан кейін қайта табысқан. Ең бастысы “қазақ” деген бір ауыз сөз қазақтың өзі сүйетін ортақ ұранына айналды. “Қазақ” дегенді естісек, еңсеміз көтеріліп мақтанып қалатындай дәрежеге жеттік.

Ә. Кекілбаев “Үркер” романында Төле бидің аузына “бір кезде қазақ десе арланатын жұрт едік. Енді міне, қазақ десе, мақтанатын күнге де жетіп отырмыз” деген сөзді салады. Болашағымыздың даңғыл екенін осыдан сезінуге болады.

Қазақ халқы шамамен ара саны бірдей үш жүзден тұрады.

Араларында өздерінің ұлттық сана-сезімі қазақпен тұтасып кеткен төрелер (“ақсүйек”, Шыңғысхан әулеті), қожалар (дін таратушы арабтан шыққан) және құрама-шалақазақтар (өзбек, татар, башқұрт, қырғыз тектілер) бар. Бұл қазақ халқының этникалық түзілісінің өте күрделі сипатта өткендігінің дәлелі. Кейінгілер өздерін қазақ санағанмен, жүзге қоспайды.

“Жүз” дегенге қаншама қазақы тұқымдық-генетикалық сипат бергенімізбен, онда аталық негіз жоқ, атты-көшпенділердің әскери құрылымынан шыққан құбылыс. Мәселен, ғұндар мен скифтердің үш құрамдас болғанын білеміз. “Жүз” сөзінің мәні – “жақ”, “бөлік”, “фланг”, соғыс ұғымы, әз-Тәуке ханның әскери құрылымынан қалған сарқыншақ. Жүзде генетикалық-тұқымды сипаттың болмауының тағы бір дәлелі: бір ата мен екінші атаның есімдері үш жүздің құрамында мидай араласып жатуы. Жалайыр, Керей, Найман секілді этникалық топтар тек қазақтың ғана емес, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз құрамында да бар. Тағы бір дәлел: ата есімдерінің біразы таңба атаулары: “бағаналы”, “ошақты”, “ысты”, “ойық”...

Жүздің пайда болғанына 500 жылдай болса, жүзшілдік дерттің қайта шыққаны күні кеше. “Елемеген дерт жаман” дейді

қазақ. Кейбір жандар атаға табынғанды қазақтың түбегейлі артықшылығы санап, аты-жөніне қосақтап, “съездер” өткізіп, “президенттерін” сайлағанын баспасөзден оқығанбыз. “Атаның баласы жауың, адамның баласы досың” деген данышпанның сөзіне құлақ аспай жатырмыз. Осының артында бір апат барын сезген Абай білмесе неге айтсын!? Жүзге бөлінгендердің жүзі күймек түгіл, бетіне күле қарап, дегенін істейді, мемлекет жүйесі, шаруашылық, мекеме, сауда орны рулық бөлініске түсті. Аудандық, ауылдық деңгейде мәшине, қызмет, лауазым басшылардың жек-жаттарынан артылмайды.

Әлі есімде, Желтоқсан оқиғасынан кейін іле-шала Мәскеу министрлері Алматыға келіп, істің мән-жайын өз көзімен көрмек болды. КСРО-ның сол кездегі Жоғарғы оқу министрі Ягодин көп жиынның бірінде: “Мен Мәскеудің Жоғарғы Аттестация комиссиясына түскен шағымдардың санына қарағанда қазақ халқын 150 миллион деп ойлаушы едім. Сөйтсем, 6 млн ғана екен”, дегені бар. Алматыға келгенде, рудың не екенін білмейтін балғын оқуын бітіріп еліне аттанғанда рушылық індетті жұқтырып қайтады. Мен осыны оқымысты сымақтардан ғана көрмей, ұлттық әлеуметтік ақыл-ой өрбуінің балаңдығынан деп ойлаймын. Әрине, әркім өз тәрбиесінің құлы. Бірақ бұл әрекет болашағымыздың үдесінен шыға ма, жоқ па? Кедейлік қамытына кептелген қазақ, әдетте, бала-шағасын ата жолынан тайдырмай өсіргенді қалайды. Ол қай жол? Әрине, ол – әркімнің өзінің көрген-білгені: сүйген-түйгені, көбіне ауыл-аймақ, қора-қопсыдан аспайтын дүние. Әркім балаға мал-мүлікке ие боларлықтай қасиет сіңірсек, дәрежесі өзінен кем болмаса деп тәрбие береді. Кәдуілгі сана деңгейінен қарағанда, бұл дұрыс. Өйтпегенде барлығымызға бүгінгі деңгейге жетудің өзі арман болар еді. Қаракетіміздің ауырлығы сондай – бүгінгі күнге әзер жеттік емес пе? Болмаса, мына меніреу де қатыгез далада халық аштан қырылғандай екенбіз.

Қазақ пен қазақты табыстыратын – мұқтаждық, жоқшылық. Тозығы жеткен кедей ұлттар, отар ұлттар мінезінде, туысшыл, рушылдық басым келеді. Мәселен, қырғыз, қазақ, ауған, Афри-

ка елдері. Жоқшылық адам басын туыстық формада қосады. Ал орыс пен орысты табыстыратын – Ресей, отан сезімі, отан үшін күрес түрінде өтеді.

Қазақ үшін дүние өлім мен өмір шенесінен тұрған, тұрады, көз көрім болашақта әлі де тұра бермек. Ортасы жоқ. Бұл шенесте өмір үшін бағзы заманаларда ру болып қауымдасып жамандыққа қарсы тұра алған. Рудан тыс жерде өмір де, тіршілік те, қызық та, тұрмыс та болмаған. Рулық қатынастар жүйесі қажеттіліктен туды, әрине, сол қажеттілікке қызмет етті де. Бірақ оны тудырған дүние де өзгеріп, рулық жүйе де өзгеріске ұшырады. Бәлкім, сол өзгерістерді көзіміз көрмеуі, құлағымыз естімеуі кәдік, өйткені сол өзгерістердің ішінде жүріп, өзіміз де өзгердік.

Өз-Тәуке өлді, қалмақ жеңілді; жер босады, рулық қатынастар ыдырады. Мылтық асынған Жармақтың жасақтары мен қызыл комиссарлар қазақ ортасына станциалар мен ұжымшарларын орнатты. Дәстүрлі қатынастардың орнын “жаңа” сипаттағы қатынастар басты, рулық қатынастарға негізделген шағын қазақ ауылы отырған жерге “пәленбайыншы партсъезд” орналасты. Шығыстың қазағы Маңғыстаудың шөлінде мұнай бұрғылап жүр, батыстың қазағы Жетісуға қоныс тепті. Расында, қазақ баласының атасы бөлек болғанымен, жері ортақ, аспаны ортақ, тілі мен діні ортақ. Ендігі жерде көк ту ортақ. Осыны естерінен шығарған есерлер ойлануы керек.

Бір қиырдың қазағы мен екінші бір қиырдың қазағы араласқа түсті, жақын жекжат болды, құдаласты, ортақ немере сүйіп, мейірін қандырды. Сөйткен ортада рушылдық жүргені несі? Әлде мыңдаған жылдары ілгері басқан аяғымызды артқа тартқан “қазақшылықтың” түрі осы ма? Ата-бабамыздың есімін бүйіріміз бұлтиғанда есімізге алатын мінезіміз бар еді, соны қайтып әкелген тәуелсіздік пе? Әлде жүзшілдіктің біз білмейтін, біздің көзімізге көрінбейтін, ру таңбасын маңдайына басып, ру атын паспортына жазғызып, өз ата-бабасына ғана табынып, егінін ерте пісіремін деп, қойын егіз туғызамын деп жүрген пысықайларға ғана мәлім басқа бір “ішкі” мағынасы

бар ма? Жеті атаңның атын білме деп кім айтады? Білу керек, әрине. Бұл қазақы мәдениеттің негізгі шарты. Бірақ өміріңнің мәні онымен шектелсе, сол атаңның мақсат-мұратынан шыға алмағаның. Қазақтың басы бар болса, алынбайтын қамалы жоқ. Оны Тәуке мен Абылай заманы көрсетті. Демек, сол бас бірлікке кедергі болатын нәрселердің барлығын ысырып таста мал-мүлкінді, дүние-жиһазыңды халқың үшін құрбан ет, өзін де сол жолда құрбан болуға даяр бол, ұрпағыңды осыған даярла, міне сонда ғана көк туың желбірейді, дүние бізбен ел деп санасады, біз де әлемге дос болуға сай боламыз. Рушылдықты өзің үшін істей бер: қызыңды ұзат, ерулік бер, күмбез соқ, құда түс. Бірақ қазақ баласына рушылдық көзқараспен алыс-беріске түссең, халықтың сорын қайнатасың да сенің сорыңды ол қайнатады. Және рулық егес ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді, жалғаса береді. Несін жасырамыз, өзімізбен-өзіміз тістескенде ұртымыздағы тарымызды бытыра қылып атуға даяр тұрамыз. Кекшіл, кінәмшіл болып алдық. Орысқа кешіргенімізді өзімізге, қазағымызға кешпейміз! Өйткені қазақ қазақты әдетте жанындай жақсы көреді, жамандық жасайды деп ойламайды. Орыстың қорлығына, отаршыл әрекетіне шамданбайтын қазақтың өзінің қазағының қалжынын көтере алмай шарқ ұратыны сондықтан. Себебі қазақ қазақты өзіне тең көреді. Таласа өседі, ат жарыстырады, ата жарыстырады, дәулет жарыстырады... Күмбез жарыстырады. Бұл – біздің төл мінезіміз.

Қазақ өзі “жүзін” тапты, жамырасты дедік. Бірақ онымен мауқы басылып, мақұл таппайды. Руласын іздей келе ақыры “бәйбіше баласы” мен “тоқалдан туған” дегенге тоқтап, біріктіруді емес, жіктеуді ойлайды. Ру қазақтың басын біріктіре алмайды, түбі бөліп тынады. Ал, біріктіретін ру емес ту. Рушылдықтың шын мәні “сыбайластық”, “мынау – саған, мынау – маған, басқаға жоқ”. Осындай “туыстықпен” шылауланған қатынастар жүйесі отаршылдықпен күресте едәуір пайдасын тигізгенмен, енді тәуелсіздік алған кезде Қазақстан мемлекеттік қазақтық бас бірлігі үшін өте қауіпті, басын жаңа ғана біріктіріп, бір тудың астына топтаса ма деп

үміттенген қазақ ұлты үшін қатер. “Мен пәлен атадан” едім деген сөзді құдамыздың төрінде отырып айталық, мұны саясат пен әлеуметтік өмірге араластырмағанымыз абзал. Ата-бабасына мінәжат еткен заманда қазақ “қой жайып, майлы көтен жеп озамын” деген түсінік жетегінде еді.

Өзелден қазақ істемеген кәсіп кем де кем: қала салды, мұңғыл құлатты; егін салды, қалмақ таптап өтті; қамал салды, қоқан мен орыс бұзды. Әмбебай кәсіпқой жаю қалды. Бұған да көнді. Ал қой жайған ел руға бөлінбей тұрмайды. Бұл – тарих құзыры. Демек, рушылдық індет өтпелі.

Халқымыз жаңа технологияға қол созған сайын бұл “артықшылығы” қол бұлғап, артта қала береді. Бәлкім ру атын кейбір зиялысымақтардың паспортынан, жазған кітаптарының қасбетінен оқып, өткен заманды еске алып жатармыз.

Қазақтың қабағын ашу оңай. Ол үшін қазаққа жақсылық жасап тіпті керегі жоқ, тұрмыс деңгейін төмен түсіріп жіберсең болды. Патша әкімдері мен қызыл комиссарлар сөйткен 1932–33 жылдары солай болған. Кейін аман қалғанымызға рахмет айттық. Біз – сондай халықпыз. Әрқашан аман қалғанымызға разы болып отырамыз. Жауапқа тарту деген сезім бізге бітпеген. Өйткені өзіміз үшін жауапкершілік артып көрмегенбіз. “Жаман болсақ та, аман болайықшы” деген түсінік шеңберінде қалғанбыз. Қазір қазақтың төзімділігін аңдып, сынап отырған сияқтымыз. Бір құдайдан басқа жалбарынарымыз болмаған. Өзінің меншікті құдайы, не оның орнын толтырарлық ұлттық ұйымы, ұлттық идеологиясы, оны қорғарлық мемлекеті болмаған халықтардың барлығы осылай, тәубашыл.

Ай астында жайдары, жібек мінез қошеметшіл жан көрсең, оны қазақ дей бер. Бірақ сондай ұлттың еңбегі еш, тұзы сор болғаны қалай?

Қазақ әдебиеті. 21 қазан 1994. №42

Тәуелсіздік тағдыры толғандырады

Бастау өзегін 1962 жылы Мәскеу университетінің қабырғасындағы студент жастардың “Жас тұлпар” атты ұйымы мен “Азат” азаматтық қозғалысынан алған Қазақстанның Республикалық партиясы Одақтың “орып түсіп” тұрған заманында елдің тәуелсіздігін, қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуын, қазақтың өз алдына ұлттық валютасының шығуын көксе, ту көтеріп шыққан еді. Құдайдан шығар, қан төгіп, жан бермей-ақ тәуелсіздікке қолымыз жетті. Қан төкпеген жерімізге тер төгейік деп, қалың қазақты бейбіт – жасампаз әрекетке шақыратынымыз тактикалық амал емес, бүгінгі күннің өз талабы еді.

“Қазақстанға шекараның керегі қанша” – деп, сұрайды “Единствоның” басшысы Ю. Бупаков мырза.

Мен оған:

– Юрий Михайлович, сізде саяжай бар деп естідік. Рас па? – дедім.

– Иә, бар.

– Саяжайыңыздың дуалы бар ма?

– Дуалсыз үй бола ма? Бар. Онсыз тонап кетпей ме?

– Сіздің алақандай саяжайыңыздың дуалы болады да, Қазақстандай байтақ, елде дуал болмағаны қалай? Онда орыс сіздің де, қазақ менің де тоналып жатқанымыз осыдан болар...

Алайда, Бупаков мырза сөзімді жүре тыңдап, теріс айналды. Өз басым бүгін шекарасы жоқ елдің өркендей қоярына сене алмаймын. Шекара мәселесі Қазақстанның республикалық партиясының басты назарында тұр. Бұл елімізді дағдарыс қыспағынан алып шығатын ұлттық мүліктің бірі боп саналады. Бірақ мұнан шекара жабылса болды, Қазақстан бірден гүлденіп кетеді деген ұғым да, Ресеймен қарым-қатынас үзіледі деген орашалақ пікір де тумайды. Ресей мен Қазақстанның ара-қатынасы өркениетті сапаға көтеріледі. Шекарадағы орыспен қазақтың қолында безбен тұрсын, өлшеп алып, өлшеп берсін дейміз. Біздің партиямыз әлеуметтік экономикалық дағдарыстан шығудың мынадай жолдарын ұсынады: Ең әуелі қоғамдағы мемлекет билігінің үстемдігін арттыру керек. Біз

Қазақстандағы демократиялық мекемелер есігін айқара ашып тастап, үкіметтің саяси билігін бәсеңдетіп алсақ, дағдарыстың әлеуметтік залалы күшейіп, дағдарыс созылмалы сипат алады, қылмыс, пен заң бұзушылық әсіресе, оның ұйымдасқан түрлері өрши түседі.

Қазірде Қазақстан халқы өте-мөте ауыр тұрмыс кешуде, жоқшылық құрығы қала мен ауыл тұрғындарын бірдей қинап отыр. Әсіресе, ауыл тұрғындарының халі мүлде мүшкіл. Дүниеге келгенін қуана қарсы алған ұлттық теңгесінің әлі суретін де көрмеген қазақтар бар. Жалпы халықтың табыс деңгейін екі есе көтеру күн тәртібінде тұр десек, ауыл-село тұрғындарының табыс деңгейін 4–5 есеге арттыру керек деп ойлаймыз. Өдеттегідей бұл шара қаулы-қарар деңгейінде қалмай, іс жүзіне асқанын қатаң бақылау қажет. Жекешелендіруді ауыл-село тұрғындары мен табысы төмен әлеуметтік топтардың мүддесін ескере отырып жүргізген жөн. Қазақстанның жергілікті табиғи-климатологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, онан алған жанды мәліметтер мен деректемелер негізінде ғана халық шаруашылығын реформаға түсіру керек. Бұл шаралар ең әуелі колхоздар мен совхоздарды жекешелендіріп, олардың негізінде фермерлік шаруашылықтар мен шағын ауылдар құру үстінде іске асыру керек. Өзі аяқтанып үлгермеген жас мемлекет халыққа жәрдем етпей жатыр демейміз. Өлемдік тәжірибеде әлеуметтік көмек көрсету ісіне деп тұрмыс-тіршілігі төмен топтарға жаңа жұмыс орнын ашуды айтады. Ендеше жәрдемақы бергеннің орнына (әрине, кейбір топтарға жәрдемақы да керек) жұмыс орнын ашқан абзал. Ол үшін нарықты экономиканы өркениетті жолға көшіріп, ауылдық жерлерге шағын кәсіпорындар шоғырландырып, ұлттық бизнеске қамқорлық көрсету керек. Үстірттің ұлутасын, Аралдың тұзын, Марқакөлдің мәрмәрін, Шу аймағының кендерін ел игілігіне жаратып, бүгінгі күн технологиясын шикізат кезіне жақындатқан дұрыс болар еді. Ол үшін шетел қаржысына қазіргіден де кеңірек жол ашу лазым. Шетел қаржысының Қазақстанға мол кірігуі еліміздің тек экономикасын көтеру үшін ғана емес, Қазақстанды саусағын бүккен тыс жаудан қорғау үшін де керек. Мұның стратегиялық жағдайын

отаршылдықтың дәм-тұзын татқан қазақ ұлты есінен шығара қоймас. Қазақстан халық шаруашылығын қуат үнемдеуші салаларға бұру кезек күттірмейтін мәселе. Егін алқаптарын шектей отырып, табиғи мал жайылымдарын кеңейту ісі дереу қолға алынса, жанармай тапшылығынан ақсап отырған ауыл шаруашылығын тығырықтан құтқарып, игіліктің көзін ашар еді. “Малды – кебекке, малшыны алтынға ал” дейді екен бұрынғы қазақ байлары. Малшы еңбегі құрметтелгенде ғана мал күйлі болады, малшыға деген ықылас – қазаққа деген жақсылық. Малшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту шаралары қолға алынғанда, оларды қарулы қарақшылықтан қорғаудың да жолын қоса ойластыру керек. Қазірде ірі қалалардың, маңайында тұратын шопандар рәкетерлердің қарулы шабуылдарына ұшырап мал тоналып, адам өліп жатыр. Шопандар мен жылқышылардың қорғанысын қамтамасыз етпей болмайды.

“Құдайдан түйе сұрап едім, бота берді. Бірақ оның да ернін жырық қылып берді” деген екен түйе көрмеген ауылдың сөзуар бір келіні. “Жұт-жеті ағайынды” дегендей, Қазақстанның өрт шалмаған қай мүшесі бүтін? Соның ең басты бірі – кешегі отаршыл “қызыл” империяның өктемдігінің салдарынан азған ел мен тозған жер тағдыры.

Отаршылық індет Қазақстанға шетел азаматтарының емін-еркін кіруіне шектеу қойылғанда ғана бәсеңситіні мәлім. Ал сол келімсектер терімізге шығып алып, қос азаматтық сұрап отыр. Қос азаматтық туралы әуегей – Қазақстанды бөлшектеудің амалы екенін естен шығармау міндет. Демек, шетел ақпарат құралдарының сырттан айтақтаған идеологиялық арандатуына тиімді тойтарыс берілетін де күн туды. Қазақтың елі мен жері, тілі мен шебі біртұтас бөлінбейді Қазақстан дүниедегі барлық қазақ ұлтының қасиетті Отаны. Сондықтан сағынып, зарығып жүріп Отанына оралғандарға құрмет пен көмек көрсетуіміз керек.

Қазақтың ішкі рушылдық пен жершілдіктен туған кикілжіңнің де алдын алатын уақыт туды. Ұлтымыздың бас біріктіруі тәуелсіздігімізге байланысты, “аға” ұлтқа айналғандығының

да басты көрінісі болмақ. Қазақстандағы барлық ұлттар мен ұлыстардың көк туымыздың астында рухани және моральдық, саяси бірігуі гүлденуіміз бен салтанатты тұрмысымыздың кепілі болар еді. Әсіресе, қазақ пен орыс халықтарының ынтымағы Қазақстандағы басқа ұлттар мен ұлыстарға да тағлым болып, тұрақтылық пен келісімшіліктің арқауы деп есептейміз.

Қазақстанда қазақтың көкейкесті арман-тілегі орныққан сайын халық санын демографиялық қуатын арттыру, көші-қон ісін реттеу қажет. Барлық мүмкіншілікті бала өлімін тежеуге жұмсап, дәстүрлі жанұялық-некелік қатынастарды қайта қалыпқа түсірмей болмайды. Жас жұбайлардың жанұясын нығайту үшін елімізден кетіп жатқандардың үй-жайын мемлекет тарапынан осыларға алып беру бірден-бір тиімді әрекетке айналар еді.

Президент кейбір орынсыз айтылған сынның сипаты енді белгілі болып келеді. “Елбасының түпкі ойын түгел білмедік” деген асылықта жоқ емес. Ақыл, парасатпен санасу да керек.

Жуықта “Жас тұлпарды” бірге құрысқан досым ғалым, демограф Мақаш Тәтімовпен жолығып қалдым.

– Мақаш, қазаққа не керек? – деп сұрадым тұтқиылдан.

– Тыныштық, – деп ойланбай жауап берді абзал жан.

– “Аш құлақтан, тыныш құлақ” демексің ғой! – деп, жеңіл кекесін айттым. Қолындағы жуықта ғана баспадан шыққан “Қазақ әлемі” деген кітабын ашып:

– Кейінгі үш жылда қазаққа 500 000-нан астам бас қосылыпты деді. Міне, тыныштық қазаққа не үшін керек! Ал Грузия, Армения, Тәжікстан, Әзірбайжанда өткен шайқастарда бір миллионнан астам адам қаза тапты. Олардан туар ұрпақтың санын есептеу үшін компьютер қажет болар?!

Қазақстанның республикалық партиясының қазақ әлеуметін сабырлы да баянды әрекетке шақыратыны осыдан. Тәуелсіздік алынды, ендігі көш жүре түзеледі.

Жас Алаш. 19 мамыр 1994 ж.

XXI ғасыр – қазақ үшін бақытты ғасыр болмақ

*Барлық ісі басталған,
Басталған да тасталған.*

Мұқағали

Болашақ, болашақ деп жүріп бүгінгі күннен таяқ жеп жатырмыз ғой. Қалалар, ауылдар толған жұмыссыздар азып-тозған ел. Ел мен елдің арасында, бұрын автобус жүретін жерлерде қазір жаяу адамдар зейнетақысын, балаларының жәрдемақысын алу үшін ауданға жаяу қатынайды. Қазіргі Қазақстанның келбеті қиын, әсіресе, ауылдың. Бірақ түбін ойлайсың, ойлайсың да тоқтайсың. Қазақ қашан байып еді? Кешегі коммунист дәуір өтіп кетті деп солярканы тегін шашқан дәуірдің өзінде де сол қазақ егін егіп, өспей жататын, Абайдың бір сөзі бар: “Қазақ салған егіндей” деген. Төбесі аламұш – бір жерінде шашы бар, бір жерінде шашы жоқ адамды айтқаны. Түбін ойласаң тоқтайсың. Ұлтыңның, еліңнің, жеріңнің тағдырын ойласаң. Болашақтан күтесің, болашақтан дәмеленесің.

Мемлекетіміз құрылу үстінде. Жеті жыл ішінде жеті кереметке (отаршылдықтан құтылдық, тәуелсіз ел болдық, өз ақшамызды шығардық, т. б.) ие болдық. Терещенконы орнынан алған кезде мен наразы болып едім. Өткелде жылқы ауыстыруға болмайды. “На переправе не меняют коней” дейді. Не болса да сол жегілген атпен өту керек. Ал, жарайды, оның орнына Қажыгелдинді қойып едік, ал ол аз жеді ме? Қажыгелдин жұмақ орнатты ма? Одан бері де көсегеміз көтеріп кетті ме? Шыдамды болуымыз керек, әсіресе ту иесі, ел иесі, жер иесі, мемлекет иесі, орман-тоғай, ауа, су иесі – қазақ халқы. Бұрын да өкімет ештеңесін бөліп бермеген. Арбаңды сайла жазғы, шанаңды сайла қысқы. Оң жағында орыс, сол жағында неміс отыр. Аңды, олар не істейді, сен де соны істе. Неміс жерін тереңірек қаза алмаса сен одан да терең қаз. Бір сағат ерте оян, ол сауда істесе, сен де жаса. Менің айтарым, халыққа осы. Өйткені, мемлекет құру өте қиынның қиыны. Ресейдің мың

жылдық тарихы бар, бірақ конституциясын кеше қабылдады. Мұқағалидың бір өлеңі бар:

Барлық ісі басталған,
Басталған да тасталған, –

деген, оймен тасталған дейді. Өз Тәуке бастаған мемлекет құруды – құра алмаған. Әбілмәмбет алып, ол да құра алмады. Онан кейін Абылай, ол да құра алмады. Құрмайын деген жоқ олар – құра алмаған. Қазақтай халықтың басын құрау қиын. Міне, осындай ұлттың мемлекет боп, тез арада ту тіге қоюы, өзінің қарулы күштерін қалыптастыра қоюы, дегенін істете қоюы, шекарасын бекітіп қоюы, жай ғана бекітіп қоймай оңай шаруа емес. Мәселен, Түркияның ұлттық табысының 4/3-і шекарадан, кеденнен түседі.

Бізде армия болып көрген жоқ, мемлекеттік аппарат болып көрген жоқ. Оның барлығының бюджетін, сомасын бұрын Мәскеуден беретін. Енді біз өзіміз тауып жатырмыз. Оның үстіне қазіргі зейнеткерлердің бәрінің еңбегі Мәскеудің қалтасында кетті. Әкел, бер, – дейді. Жаңатас сұрайды, рас, сұрағаны дұрыс. Бірақ оны мемлекет қайдан табады? Қаратау да, Ащысай да сол. Зырян мен Лениногорск те, Курчатов, Лисаковка, Соколов-Сарыбайында да сол жағдай. Міне, осының барлығы Қазақстанның алға басатын аяғын артқа тартады. Жағдай ауыр, бірақ нәтиже болашақтан. Осындай жағдайларда қимайтын бір нәрсе бар, ол – оқу-білім, денсаулық мәселелері. Өткен жолы Елбасымен кездескенде осыны арнайы айттым.

XXI ғасыр қазақ үшін бақытты ғасыр болмақ. Үш ғасыр бойы (XVIII–XX) ауыздықталдық, отарландық, жеріміздің қазынасын, байлықтарын апарып, Мәскеудің шіркеулерін салды. Мәскеу шіркеулерінің алтын күмбездері – Қазақстанның алтындары. Сонда кеткен ағыл-тегіл дәулет, ұлттық несібе енді өзімізде қалады деп ойлаймын. Оның бір шарты – шекараға ие болу.

Қазір кім жұмыссыз? Қазақ баласы жұмыссыз. Кім кедей? Қазақ кедей. Кімнің егіні шықпаған? Қазақтың егіні шықпаған. Міне, осылар қатты қынжылтады, әрине. XXI ғасыр қойымыз егіз

табатын, балаларымыз ғарыш оқуын оқитын ғасыр бола ма деп дәмеленеміз. Бергенін алған Құдайға берерін алғыздырмайық – ол өзіміздің қолымызда. Қазіргі ең басты шарт – осы ХХІ ғасырда орындалады деп ойлаймын.

Шекараны тек тауарға, байлыққа, мұнайға ғана емес, адамға да қатал ұстау керек. Сейфуллин көшесінің бойында қазақ азаматтары тұр, солардың ішінен іріктеп Рязаньнен, Вологдадан, Мәскеуден келген орыс жұмысшыларын жалдайды. Бұл барып тұрған дискриминация, кісіні алалаушылық, халықаралық шарттарға мойынсұнбаушылық. Сондықтан біз не істеуіміз керек? Америка, Германия, Ресей сияқты алдыңғы қатарлы елдер не істесе соны істеу керек. Жалғыз Түркия емес, барлық мемлекеттер шекарасын сауынды сиырға айналдырған, шекарасы сол елді асырап отыр. Ал, біздікі қазақтың бір мысалындағы:

Сауысқан келіп саңқ етті,
Сарқытын ішіп ол кетті.
Қарға келіп қарқ етті,
Қалғанын ішіп ол кетті, –

дегеннің кебі. Шекара мәселесі заң жүзінде түзелсе екен дейміз ХХІ ғасырда. Черчилль “Англияның мәңгі жауы да, мәңгі досы да жоқ. Англияның мәңгі мүддесі бар” деп айтады екен. Сол секілді Қазақстанның да мәңгі жауы да, мәңгі досы да болмау керек, Қазақстанның мәңгі мүддесі ғана болу керек. Сонда қазақ халқы да, Қазақстанның көп ұлтты халқы да салтанатты өмір сүреді. Салтанатты өмір сүрудің негізі – барлық, байлық. ХХІ ғасыр сондай ғасыр бола ма дейміз. Өйткені, оған толық негіз бар, ол – біздің азаттығымыз, тәуелсіздігіміз. Сондай-ақ, Орталық Азияның экономикалық одағы бар. ХХІ ғасырдың 50-жылдарына қарай оның Түркістанға, үлкен конфедеративті мемлекетке айналуы мүмкін. Қазақстан оның тек белді, беделді мүшесі болып қана қоймай Қырғызстанмен, Өзбекстанмен ортақтаса жүріп, ұйтқы болуы мүмкін. Өткені, біз ұлттық жалауымызды көк түсті етіп тегіннен алып отырғанымыз жоқ, оның астарында түркінің ежелден келе жатқан көкке, Тәңіріге деген талпынысы, үміті жатыр. ХХІ ғасырдың аяғы деп айтпаймын,

ғасырдың ортасында осы үлкен саяси мүддеміз орындалады деп кәміл сенемін. Қазақстанның саяси өмірінен мен осындай үлкен саяси істердің шаңын көремін. Әрине, біз Ресейден іргемізді аулақ сала алмаймыз ол солтүстіктегі көрші боп, мәңгібақи қалады. Бірақ онымен ортаға таразы қою керек – өлшеп ал да, өлшеп бер. Қытаймен де солай болмақ лазым. Ал, Орталық Азия экономикалық одағы мүшелерімен келісім-шарттар арқылы реттелуі мүмкін. ХХІ ғасырдың бел ортасына біз туымыз биік, жұлдызымыз биік, несібеміз биікте туған Қазақстан мемлекеті боп шыға алатынымызға мен берік сенемін.

Заман- Қазақстан. 10 шілде 1998 ж. №29

“Империя көшінің” иінінде...

М. Горбачев туралы жазу қызық. Өйткені адам ашық болмай, демократ бола алмайды. Әр ірі саяси қайраткердің өз мінезі болады. Сондықтан мінезіне орай тарихта ешкімге ұқсамайтын із қалдырады. Осылардың ішінде, орыс саясаткерлерінің ішінде М. С. Горбачев туралы сөз басқа. Ол туралы сөйлегенде тек өзіне ғана тән сипатын айта аламыз.

Осыдан 2–3 жыл бұрын Америкадағы Түрік қауымдастығының шақыруымен Құрама Штаттарда қонақ болып қайттым. Америка, әрине, жаңа заман демократиясының, қазіргі өркениеттің де ордасы. Тіпті моделі, үлгісі деуге әбден тұрады.

Біз, Максим Горькийдің “Бір қабатты Америка” деген очерктер жинағының ықпалымен тәрбиеленген ұрпақ, Американың жүз қабатты үйлерін жамандап өстік, қаншама жақсы салынған жайларына қарамай, тырнақ астынан кір іздеп, келеңсіз жағын ғана жаздық. Бірақ, америкалықтардың ортақ қасиеті бар. Олар әлем демократтарын ту көтереді. Біздің жамбасымызға батқан шөгір олардың маңдайына тиеді. КСРО-да өткен әр құбылыс үшін өздерін жауапты деп санайды. Оның ішінде М. С. Горбачев десе ішкен асын жерге қояды. Талай үйдің қабырғасында суреті тұрады.

Бәріне де уақыт төреші. Келмеске кеткен КСРО-ның бас хатшысы қызметіне тұруымен қайта құру мен демократия ұшқындарын қоса әкелген бұл саяси тұлғаның сан қыры әлі де тарихшылар мен саясаткерлердің сарапаттауы арқылы екшеленеді десек те, бірқатар саяси бағаға көзқарас білдіруге болады.

Егер Горбачев болмаса, коммунистер құрған қызыл империяны құлату дүниежүзілік соғыспен тынар ма еді. Егер, Горбачев болмаса, қателігі ме, әлде тарихи қисын ба, әйтеуір, бізде тәуелсіздік туралы ойлау мүмкін болмас еді. Ол кеңес жүйесі үшін құбылыс еді. Әрі әлемдік тұлға, әрі – орыс қайраткері. Орысша ойлайтын, православиенің әлемдік үстемдігі, ғарыштық шіркеуінің пайдасы үшін ой түйетін. Бердяев, Соловьевтің жаңылмас шәкірті. Бұл жолда қалтасындағы қызыл, билет еш кедергі жасамайтын. Бір қызығы “генсектер” ешкімнің алдында ант беру, антты орындау жауапкершілігін сезінуді білмеуші еді. Олар өздеріне өкілеттік тұтқиылдан зорлықпен, қарулы күшпен келгенін жақсы білетін. Ең әуелі сол үшін қам жейтін.

Горбачев СОКП-ның тізгінін ұстағаннан бастап, Кеңес елі демократияның не екенін біле бастады. Шетелдермен қатынас жүйесі күрделенді, байланыс арта түсті. Бірақ ол өзі демократ бола тұра, өзі пішіп жатқан демократиялық қоғамның СОКП жүйесіне шақ келмейтінін алдын-ала сезе алған жоқ. Мұны ғылымда түр мен мәннің сәйкессіздігі деп атайды да, түбінде олардың тайталасы күллі жүйенің күйреуіне әкеліп соғады.

Горбачев – қарама-қайшылықтың жиынтығы. Бір жағы демократ бола тұра, дәл Горбачев билік құрған кездің тұсында Якутскідегі, Алматыдағы, Тбилисидегі, Литвадағы қанды оқиғалар бірінен соң бірі өрбіді. Солженицынның геосаяси арам пиғылын қостап аузын былғады. Сөйте тұра Ауғанстаннан кеңестік соғыс әскерін қайтарып алу тек Горбачевтың ғана қолынан келді, ебін тапты.

Ең басты шырқау шегін айтсақ, кенеуі кетіп, кеңсірігі бітеліп, демі біткенін сезсе де КСРО-ны “жаңа одақ” делінетін көз алдау тұрғысында сақтап қаламын деуі бекершілік еді оның. Әуелі айналасында жүрген “достары” оның өзін масқаралап,

басқару тізгінінен айырылып қалуы, бәлкім, саяси көрегендігі емес деуге де болады. Қазақстанға таққа отырған бойы теріс қарап, сызданған еді. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде бейбіт митингіге келген жастарды басып-жаншуға әмір беріп, әскерилердің өктемдігіне жол беріп, “қазақ ұлтшылдығы” деген саяси айып та тақты. Дәл осы оқиғамен КСРО-ның бет-пердесі тағы ашылып, компартияға сенімге селкеу түсті. Қазақстанның солтүстіктегі бес облысының аумағы туралы әпербақандық пікірі әуелі өзін де құйтырқы әуреке салды. Бұл “суға кеткен тал қармайдының” кері еді.

Горбачевтың түпкі көздеген, саясаты әлі де қалыбына түскен жоқ. Оның “орысшылдық” саясаты олпы-солпы түсініксіз болып, Ресей басылымдарында қатты сынға ұшырап жүр.

Қазақстанымыздың толыққанды ішкі және сыртқы саясаты Ресеймен байланысты. Ресей ықпалы шеңберіне бізді тыққылай беретін күш, әрине, геосаяси жағдай.

Сондықтан кешегі алып империяны құлатуға “себеп” болған М. Горбачевтың жүргізген өктемдік пен үстемдік саясатынан алар тағылым да аз емес. Ол “империя көшінің” иінінде иірім-иірім іс-әрекеттерімен есте қалды.

Егемен Қазақстан. 2 наурыз 2001 ж.

Өзінді ойла, өзгенің ала жібін аттама

Қазақстанның азаматтық “Азат” қозғалысы қосалқы төрағасы Сәбетқазы Ақатаевпен сұхбат.

– Қазақ халқы жеке ұлттық мемлекет болып шыға ала ма? Мұның қандай мүмкіндіктері бар?

– Ондай мүмкіндіктер қазірге аз. Бірақ болашақта болатынын жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, совет халқы, кез келген ұлт қазір біреудің мұңын біреуге жоқтатқан жалған интернационализмнің іске аспайтындығын көріп те, сезіп те отыр. Керісінше ол бізді ұлтаралық жанжалға алып келді. Әрине, әркім өз үйінде тұрмаған соң, көршісінің үйін өз үйіндей

көріп, асын ішіп, аяғын босатып жатқан соң осылай болуға тиіс. Егер республикалар халқы бүгін мұны көре, сезе бастаған болса, ертеңгі күні әділеттілікті қалпына келтіруге ұмтылыс ниетін танытатындығы да сөзсіз ғой.

– Сонда бұл ниет қалай жүзеге аспақ? Күштеу арқылы ма? Мәселен, Қазақстанда орыс халқы көп тұрады. Украин, белорус халқы да аз емес. Оларды күштеп көшірмекпіз бе?

– Жоқ, ешқандай күштеудің қажеті жоқ. Болашақта бұған олардың өздері ұмтылатын болады. Оларды Столыпин мен Сталиннің саясаты адастырды. Бұл үлкен қайғы. Міне, біз оларды осынау трагедиялық ахуалдан құтқаруға ұмтыламыз. Сондай-ақ өз халқымыздың болашақта тағы да осындай ауыр халге тап болмауын ойлауымыз керек. Ол үшін республика Жоғарғы Советі тез арада миграция туралы заң қабылдауы қажет. Яғни, республика территориясынан кетемін деген басқа ұлттарға жол ашық болуы, ал келер жол жабық болуы керек. Тек шет елде жүрген өз ағайындарымыз үшін ашық болуы керек. Сонан соң өзінің ұлттық Отанына ораламын деушілерге көмек тек сөз, құрған ниет қана емес, нақты материалдық жәрдем ретінде жүзеге асуға тиіс. Мәселен, бір орыс азаматы Ресейге кеткісі келеді екен делік. Оған біз барып орныққысы келетін мекенінен үй салып беруіміз керек. Тек бізге ол осындағы үй-жайын табыстан кетуі тиіс. Әрине, бұл болашақтың әңгімесі. Әзірге біздің оған мүмкіндігіміз жоқ. Экономиканы көтеруге тиіспіз. Ал осында қаламын, менің Отаным Қазақстан деп түсінетіндер болса, біз оған да қарсы емеспіз. Қалсын, қанша тұрамын десе де тұрсын. Қазақтың жері бәрімізге жетеді. Тек қонағын құдайындай сыйлайтын халықтың әдет-ғұрпын, тілін құрметтейтін болсын. Қазақ халқы өз жерінде өгей баладай болмасын. Біздің қояр талабымыз тек осы ғана.

– “Азаттың” қазіргі жағдайы қалай? Ол болашақта партия болып құрыла ма?

– Осымен он төртінші облыста біздің бөлімшелеріміз құрылып, жұмыс істей бастады. Оның екеуі Ресей жерінде. 200 мыңға тарта мүшеміз бар. Біз олардан ай сайын жарна алып отырмаймыз. Бізге адамдардың ақшасы емес, республика

егемендігіне деген он ниеті керек. Арамызда басқа ұлт өкілдері де аз емес. Жалпы қатарымыз күннен күнге өсіп келеді. Ал партия болып шығу мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. Бірақ ол болашақтың үлесіндегі мәселе.

– *“Азат” республика үкіметінің билігіне ұмтыла ма?*

– Әрине, өйткені құрғақ уағызбен мақсат іске аспайды ғой. Сондықтан келесі сайлауда парламенттік билікке таласамыз ба деген үміттеміз.

– *“Азат” Қазақ ССР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың саясаты мен қазіргі жүргізіп жатқан істеріне қалай қарайды?*

– Көп ретте қолдайды. Президент тіл, егемендік, Қазақстан Компартиясының Жарғысын қабылдау, ұлтаралық жанжалдарды басу мәселесінде үлкен істер тындырды. Біз тек оны осы жолда батыл болуға шақырамыз.

– *“Алаш” партиясына қалай қарайсыздар?*

– “Алаштың” идеялық бағытына біздің қарсылығымыз жоқ. Бірақ бұрынғы “Алаш” пен қазіргі “Алаштың” арасында үлкен айырмашылық бар. Қазіргі “Алаш” қызу қанды, күрт шешімді. Мәселені қабырғасынан қояды. Бұдан біздің халқымызды тағы бір қатерге ұрындырып жүрмес пе екен деген қауіміміз де жоқ емес.

– *Басқа республика қозғамдық қозғалыс, ағымдармен байланыстарыңыз бар ма?*

– Біз Одақтағы демократиялық ағымдармен байланыс жасап отырамыз. Тұйық талып қалуға болмайды. Өйткені мына жақтан он қазақтың басына таяқ жатса мұны жаңағы қозғалыстар арқылы бүкіл одақ, дүние жүзі халқы білуі, қандай әділетсіздік болғанын көріп түсінуі керек. Сонда ғана голощекиндік геноцидтерге шек қойылады. Сонымен қатар басқа республикадағы демократиялық ағымдармен біздің негізі көксеген мұраттарымыз да бір. Ол – егемендікке, теңдікке ие болу. Сондықтан қолдаймыз және қолдауларына сүйенеміз.

– *Баспасөз беттерінде “Азат” ұлтшыл қозғалыс деген сарындағы сөздер байқалып қалады. Бұған қалай қарайсыз?*

– Әрине, болашақта билікке таласатын қозғалыс болғандықтан ондай күйе жағулар болмай қоймайды. Бірақ “Азат” ұлтшыл

емес. Заңды тіркеуден өткен, тек қана Конституция шеңберінде жұмыс істейтін азаматтық қозғалыс. Сондықтан да “Азаттың” есігі өз көзқарасын қозғалыстың мақсатымен үйлестіргісі келген кез келген ұлт өкіліне ашық. Ал жаңағыдай жалған хабар таратып, “Азаттан” халықты үркіткісі келген баспасөз органдарына біз үнсіз, көзжұмбайлықпен қарап отыра бермейміз. Мәселен, қозғалыс жетекшілерінің сөзін бұрмалап жеткізген “Казахстанская правда” мен “Огни Алатауды” сотқа берген едік. Сөйтіп олар бізден өз беттерінде кешірім сұрауға мәжбүр болды.

– *“Азаттың” саяси бағытымен біраз таныстық. Ал әлеуметтік-экономикалық салада қандай мақсат көздейсіздер?*

– “Азаттың” экономикадағы басты мақсаты қазақ халқының мұң мүддесінен туындайды. Сондықтан да біз әзірге өз халқымызға тиімділігі аз болып, көп ретте тек орталық үшін қызмет етіп жатқан ауыр өнеркәсіпті өркендеуді қаламаймыз. Ашығын айту керек, оны өркендетудің өзі әзірге біздің қолымыздан келмейді. Ұлттық жұмысшы табы бізде аз, мамандарымыз да жеткіліксіз. Әрі осы саладағы көптеген кәсіпорындарды орталық өз қолынан босатпай отыр. Сондықтан бұдан көріп жатқан рахатымыз да шамалы. Керісінше, бізге ауыл шаруашылығын, әсіресе, атам қазақтың негізгі кәсібі болып есептелетін мал шаруашылығын өзімізге тиімді түрде өркендетуіміз керек. Қой терісін өңдеп, одан киім тігетін, тоқыма бұйымдарын шығаратын және тағы басқа да қолдан келетін жеңіл өнеркәсіптік кәсіпшілік орындарын салып дамытқанымыз жөн. Егер дүниежүзілік экономикалық интеграцияға қосылатын болсақ осының өзінен аз пайда таппас едік. Мұны жедел дамып келе жатқан біз секілді елдердің іс-тәжірибесінің өзі көрсетіп отыр.

Қазақстан басқаға ұжмақ, өз халқына сор болмауға тиіс. Сондықтан біз әлеуметтік саясатты қазақ халқының өсіп өркендеу негізі болып табылатын шағын ауылдарға қарай мейілінше бұруымыз керек. Тұрмысқа қолайлы көркем де сапалы үйлер ең әуелі ауылдарда салынатын болсын. Ал қалалы жерден қазіргі кезде қаптатып үй сала беруге болмайды. Өйткені, оған жұмыс іздеп қаңғып жүрген қазақтың ұл мен қызы кірмейді. Басқалар кіреді де біздің халық көшелерде қала береді.

Сондықтан қала үшін қазіргі уақытта ең тиімдісі – семьялық жатақханалар салу. Бұл қазіргі қиын жағдайға байланысты біздің халқымызды толық қанағаттандырады және әділетті шешім болып табылады. Өйткені, біреудің әйелінің атында бір үй, өзінің атында бір үй бар. Кең сарайда шалқып өмір сүріп жатыр. Ал екінші біреудің басында баспана жоқ, жатақханаға зар. Мұндай жағдайда біреуге көл, біреуге шөл болған орынсыз мырзалықтың жөні қайсы? Көрпеңе қарай көсіл демеуші ме еді атам қазақ.

– *Енді соңғы сұрақ. Сіз неліктен осынау жолды, саяси күресті таңдап алдыңыз? Тарихшы ғалым, жазушы ретінде өз халқыңызға аз пайда тигізбес едіңіз ғой.*

– Қазақ ұлтшылдықтан емес, ұлтсыздықтан құрып бара жатқан халық. Міне, жиырма бірінші ғасырдың табалдырығында тұрмыз. Жиырма екінші ғасырға қандай күйде жетпекпіз. Дұрыс, өркениетті ел болып қалыптасып, өзгелермен терезе теңестіре аламыз ба? Жоқ әлде тістегеннің аузында, ұстағанның қолында дегендей тоз-тозымыз шығып, құрып кетеміз бе? Міне, бұл мәселе қазіргі іс-қимылға байланысты шешілмек. Оның бер жағында әлсізге қорған болып, жылағанды уату, момынның қасынан табылу әрбір мәдениетті адамның абзал борышы ғой. Ал өз тарихында көп азап шегіп, басқаға есесі кеткен халықты іздесең, ол тағы да біздің қазақ халқы. Сондықтан да мен осындай жолға түстім.

– *Әңгімеңізге рахмет.*

*Сұхбатты жүргізген С. Әлімбаев,
“Дидардың” арнаулы тілшісі.
Дидар. 30 мамыр 1991 ж.*

Қазақстанға қандай парламент керек?

Әрине, әлемдегі ең мықтысы, ең жақсысы қажет-ақ. Ай астында саяси биліктің парламенттік түріне зәру ел болса, ол әлеуметтік шешімі табылмаған мәселелері белуардан жатқан Қазақстан шығар. Большевиктер құрған парламент маңызы

жағынан опера және балет театрымен бірдей еді. Екеуінікі де ойын еді. Ендігі парламент “еңбек озаттары” мен “еңбек сіңірген қайраткерлерден” құралмай, командировкаға келгендердің жиын-тойы болмай, етек-жеңін түріп тастап, Қазақстанымыз үшін тер төгетін, қазақтың жерін жыртысып, малын бағысып, егінін орысатын ұлттық мекеме болса деген армандамыз. Қазақтың қағанағы қарық, сағанағы сарық болса осы өлкені Отаным деген орыстың да, кәрістің де мандайшасынан ай, шаңырағынан жұлдыз тұмақ. Өйткені, Қазақстанда қазақтың мәселесінің шешілуі басқа ұлттардың да мәселелерінің толық шешілуінің кепілі. Демек, Қазақстанның орысы мен немісін разы қыламын деген жан, қазақты разы қылса болды. Қабағы ашылған қазақ ондайда аянбайтыны мәлім.

Кейбіреулер парламенттің арзан болғанын басты шарт ретінде ұсынады. Оған біз де теріс емеспіз. Бірақ “қолды-аяқты бала” болғанын да қаламаймыз. Күлшеге алдана қалатын тіл алғыш бала мінезді парламенттен ығыр болдық, күдерімізді үздік, іштей тауымыз шағылып, таусылып болдық. Демек, біз әуелі құдайдан, онан соң жаңа парламенттен көп дәмеліміз. Жаңа мекеме әуелі кешегі “қызық” парламенттің кемшіліктерінен таза болғанын қалар едік. Бірақ жаңа парламентіміз де, өкінішке қарай, біздің өремізге сай болмайтын секілді... Ұлтымыздың, Қазақстанның ел-жұртының саяси мінез-құлқы қандай болса, оның парламенті де сондай болады.

Қазақстанның қазіргі парламенті тарқады деп қынжылу да артық болар. Оның тарқауы көз алдымызда күнбе-күн өзгеріп отырған өмір шындығының нәтижесі, Қазан төңкерісінен кейінгі барлық бітім-болмысымыздың уақытша сипатта қалғандығының көрінісі. Біз “бұрынғыша билеуге көнбейтін” мереге жеткен секілдіміз. Келмеске кетейін деп жатқан парламент өзінің мөлшерлі ғұмырын толық атқарды, оның қабылдаған заңдары ұлттық-әлеуметтік игілікке де айналды: тәуелсіздік алдық, көк байрағымызды желбіреттік, әупірімден жүріп ақша шығардық. Қалаулыларымыз да аз тер төккен жоқ-ау. Кінәрат таққанымызбен, бұл өтпелі кезеңнің тұңғыш парламенті болды, оның қабылдаған заңдары мемлекетіміздің іргетасы болып

қаланды. Сондықтан оның атқарған ісін де, депутаттардың аты-жөндерін де Қазақстан жұртшылығы есінде сақтайды деп ойлаймыз.

Алайда, депутаттар сайлаушылары алдында өз борыштарын толық атқарып біткен жоқ. Толық тарар алдында олар Жоғарғы Кеңес, сайлау туралы заңдарға өзгеріс енгізіп, саяси партиялар туралы жаңа заң қабылдағаны абзал еді. Қазір қолданып жүрген “Қоғамдық бірлестіктер туралы заң” кезінде шыққанымен, бүгінгі күн сұраныстарынан қалыс жатыр. Бұл заң негізінде саяси партиялар, ардагерлер мен спорт одақтарымен бір деңгейде қойылған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Ата Заңына да саяси партияларға қатысты баптарына тиісті өзгерістер енгізбей болмайды. Онсыз басқарушы құрылым көп үміт артып отырған ҚХБО да (Қазақстан Халық Бірлігі Одағы) сайлаудай, ел басқарудан тыс қалмақ. Қоғам сипатын парламент белгілейді, бірақ қоғам құрылуының бастапқы кезеңдерінде парламенттің бітімін қоғам анықтайды. Қоғам мен парламенттің арасындағы тығыз байланысты жоғарыда атап өттік.

Тағдыры әлем халықтарына ұқсамайтын, тіпті ТМД елдерінде ол жағынан теңдесі жоқ көп ұлтты шаруашылығы қалыпты жүйеге түспеген Қазақстан парламенті қандай сипатта болмақ? Кейбір жауапты адамдар сыңар палаталы парламентті қалайтыны байқалады. Алайда, Н. Назарбаев қос палаталы парламент концепциясын Конституцияға кіргізе алмағанына өкінішін сан рет білдірді. Қазірде сыңар палаталы парламент идеясы шешіліп болған, пісуі қанған мәселе ретінде дәріптеліп жүр. Бәлкім, кедейшіліктің зардабынан да болар. Алайда, жалқы палаталы парламент көп палаталы парламенттің дами келе өзгерген тұрпаты екенін біле білмейміз. Сыңар палаталы парламент саяси ахуалы қалыпқа түскен ежелгі мемлекеттер де болуы сондықтан. Қазақтың ежелгі парламенттік дәстүрі де бірінің билігін бірі бағамдаған қосжүйеден (бір палатада – “Билер кеңесі” – рулық-тайпалық мәселелер тобы және екіншісінде “Хан кеңесі” – жалпы қазақтың мемлекет мәселелері тобы) тұрған. Бір қарағанда бір палаталы парламент, әрине, жедел де арзан болып көрінгенмен, демократиялық қабілеті олқылау,

өкілеттілігі шамалы, үкімі “Жобалайдың дауындай” созылмалы тұрады. Оған біздің көзімізді тарқап кеткен парламенттің бірауыздан қабылдаған заңдарының қағаз жүзінде қалып жатқандығы жеткізді. Әңгіме, қабылдаған шешімдердің сапасы туралы ғана емес-ау, әңгіме сол шешімдердің “заңдылығы”, халықтылығы мен өкілеттілігі жөнінде, оның халық еркіне сәйкестігі турасында. Шындығын айтсақ, олардың халық көкейінен шықпағандықтан далада қалып жатқандығында. Демек, жаңадан ғана аяғын басқан және де өзі құқықтық мемлекет болғысы келетін Қазақстанымыздың мемлекеттік организмі үшін парламенттің “халықтық”, басқаша айтқанда, төменгі сатысы басым болғаны керек-ақ. Қос палаталы механизм керіссөзге де, келіссөзге де құжаттарды екі жақтап талқыға салып, өңдеуге де жалпы заң шығармашылыққа асып тұр. Әрине бұл менің өз ойым. Жаңа сайлау жөніндегі заң қабылданып кетсе де өз пікірімді айтпай қала алмадым.

Саяси-әлеуметтік тоқыраудан шығудың бір амалы ретінде Қазақстанның Республикалық партиясы жаңа парламенттің мынадай құрылымын ұсынуды жөн деп тапты. Әдетте, әлемде қанша ұлттық мемлекет болса, ұлттардың өзіндік белгісін анықтайтын соншама парламенттің ұлттық атаулары да бар. Біз өзіміздің парламентімізді “Ұлттық мәжіліс” деп атап, оның жоғарғы палаталы – “Ұлттық кеңесі”, төменгісі – “өкілдер кеңесі” болса дейміз.

Ұлттық кеңестегі “Сенат: 80 депутат территориялық округтерден саяси партиялар тізімі арқылы сайланады да, Вице-президент басқарады (қажеті болса, 40 депутат Президент тізімі арқылы өтуіне болады). Ұлттық кеңес жалпымемлекеттік заңдардың аймақ мүддесіне сайма-сай болуын қадағалайды.

Өкілдер кеңесі шығарған заңдарды бекітеді.

Төменгі палата, өкілдер кеңесі бірден-бір заң шығарушы мекеме қызметін атқарады. Ондағы 80 депутат ел-жұрттың 200 000 санымен сайланады. Негізгі міндеті – заң шығару және атқарушы өкіметтің жұмысына бақылау жүргізу. Бұлар 6 жылға сайланып, әр 2 жылда депутаттардың үштен бірі ауысып отырады. Өкілдер кеңесінде Төраға лауазымы болмайды,

әр мәжілісте жүргізуші қатысқан депутаттардың ішінен сайланып, мәжіліс біткен соң орнын босатып отырады. Мұндай жүйе көптеген мемлекеттерде бар. Сонда атқарушы қызмет тек Президенттің қолында қалады да, билікке таласу деген аурудан сақтандырады. Қос палаталы парламент қабылдайтын заңдар Қазақстан жұртшылығының әр түрлі мүдделері мен қоғамдағы ой ағымдарының талқысынан әбден пісіп шығатынына кепілдік беруге болады. Ал депутаттар корпусының жиі ауысып тұруы оларды коррупция мен мафияның ықпалынан сақтандырады.

Халық кеңесі. 11 қаңтар 1994 ж.

Қарекетсіздікпен белдес

Қазіргі жастарымыздың тәлім-тәрбиесі мені көп толғандырады. Қайсыбірін айтарсың, жастар арасында қылмыс көбейіп барады, кейбірі ұлттық дәстүрімізден де мақұрым. Басқасын былай қойғанда, кейбір қыз-жігіттеріміздің өздерінің ана тілін шұбарлап тұрғанын көргенде жерге кіріп кете жаздаймын. Міне, осы себепті де қолыма қалам алдым. Өмірден көрген-түйгендерімді ғибрат ретінде жастарымызға ұсынғым келеді. Бәлкім бәзбіреулер кей тұжырымдарыма қарсы дау да айтар. Айтсын, тек сол пікірсайыстарымыздың жастарымыздың тәлім-тәрбиесіне пайдасы тисе болғаны.

Сонымен қазақтың әрбір азаматына мен ұсынар талап-тілек мыналар:

Қазағым, халқым! Ана тілінді күдірет тұт. Ана тілін білмеген қазаққа құрмет көрсетпе, қызмет ұсынба. Малға жібер, үйренсін.

Жеріңе, оның шебіне, қойнауына ие бола біл. Жер – атабабаңнан қалған асыл мұра. Туған өлкеңнің байлығын пайдалана біл, ысырапқа ұшыратпа. Ол – болашақ ұрпақтың қазынасы. Топырағыңды қорғауды, суыңды үнемдеуді біл.

Қазақы салт-санана, ән-күйіңе, әдет-ғұрпыңа бас и, бірақ, іргелі халық болу үшін ол жеткіліксіз. Ғылым мен білімге құштар бол. Қарекетсіздікпен белдес. Мұратыңа жетесің.

Сауда мен кәсіпке мойын бұр. Мал баға, егін сала біл.

Бұлар – қазақты бар қылған басты екі сала. Мал бағу – ұлттық кәсіп. Малшының тұрмысын жақсартсаң, халықтың бауырын жерден көтересің.

Уақытында ұйықта, тұр, тамақ іш, ойнап-күл, шаруаңа бар. Уақытпен санас. Уақыт – бақыт. Басқа халық кезі келгенде ішеді – көп жасайды, қазақ – кез-келгенде ішеді – аурушаң болады. Ерте тұр, бір ісің артық бітеді.

Орыс халқын құрмет тұт, қошемет білдір. Ол сенің досың. Әлі үйренер тағылымың мол. Өнерін үйрен, жаман әдетінен жирен. Европа білімін үйрен.

Шығыс мәдениетіне бет бұр. Ол – сенің қорғаның. Рушылдық – ұлттық бірлесуге көлденең тұрған індет. Мұнымен белдес. Атаңның баласы ғана болып қалып, өзіңді-өзің кемітпе, ұлттың ұлы болып, мерейінді үстемдет. Қазақ мінезінде кесапат мол. Солардан айыға біл. Жалқаулыққа жол берме. Ол – басты жауың. Мақтаншақ болма, өтірік айтпа, ұрлық жасама. Есіңде болсын: жамандық жасайтын сен, жауап беретін халқың. Бұл – надандықтың белгісі. Көп ұлтты әлеумет ортасында өмір сүре біл.

Қазақ жасы! Алыстан тоят ізде. Ауыл маңында қалып қалма. Өнер, білім қу. Жаман әдеттен бойыңды таза ұста. Арақ ішпе, темекі тартпа.

Қазақ ағасы! Үлкенге – іні, кішіге – аға бола біл. Ата-анаңа тізе бүк, ілтипат көрсет. Адамға табынба, сыйла.

Қазақ әйелі! Бала тап, көп індеттен құтыласың, қашқан берекең қайта келеді. Ана тіліңді балаңа сүтіңмен сіндір.

Қазақ азаматы! Халқыңа қорған бол, дәулетін асырудың амалын ізде. Басқа ұлттар мен ұлыстарды қарсы қоймай, ұлтыңның мүддесін қорғай біл. Ұлт несібесін сұрап жалынба, талап ет. Қазақтың күні көп халықтан төмен. Дені жалқаулық пен енжарлықтың салдары екенін еліңе ұғындыр. Осының себептеріне үңіл. Жауап ізде.

Қазақ ұлығы! Жерімізде қару-жарақ өндіртпе. Әлемге қазақ ұлтының бар екенін санастыру жолын тап. Ұлт мәселесін алға қой. Ұлт байлығы – сенің бақытты өміріңнің де кепілі.

Зиялылардың сөзіне құлақ тұр. Аты мен аруағын тұт, сөзін құрметте. Ол – сенің алтын қазығың.

Социализм бізді құрудан құтқарды, одан қол үзбе. Бірақ әділет жолын іздестіруден тынба.

Осы айтқандарды істемесең де тыңда, басқаға тарат. Іске асырсаң – ұлт болып көсегең көгереді, әйтпесе – ұйықтаған қалыпта қалдым дей бер.

Лениншіл жас. 15 ақпан 1990 ж.

“Азат” пен “Алаштың” айырмасы **Жебеушісі – жариялылық, демеушісі – демократия**

“Азат” жаңадан құрылған халықтық майдан тектес қоғамдық – саяси қозғалыс. Оның негізгі мақсаты: Қазақстанда тәуелсіз ұлттық мемлекет құру және оның тарихи баянды дамуын қамтамасыз ету, Қазақ ССР-нің шынайы атауын (Қазақ республикасы), мемлекеттік белгілерін (жалауын, гербін, гимнін және т. б.) қайтару, қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту, заң қабылдауда қазақтың ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрыптарын негіз ету және т. т., республикамызда қазақтың ұлттық сипатын өркендетудің саяси және әлеуметтік алғышарттарын іс жүзіне асыруға атсалысады. “Азат” азаматтық Қозғалысы өз мақсатын екі сатыға бөледі. Бірінші сатысы: көпұлтты Қазақ республикасының толыққанды тәуелсіздігі. Тек тәуелсіз Қазақстан ғана өз азаматтарының бақытты тұрмысын қамтамасыз ете алады. Сондықтан жаңарған Қазақ республикасын Қазақстанда жасайтын, оны Отаным деп санайтын Қазақстанның байырғы көпұлтты ел-жұрты құруы керек.

Қазақстанның барлық ұлт өкілдері тең құқықты. Олардың рухани және әлеуметтік дамуына шек қойылмайды. Әрине, миграция жедел реттелуі тиіс. Қазақстанның барлық азаматтары қазақтың ұлттық мәдениетін, тілін, өмір салтын, шекара тұтастығын, қазақ халқының саяси егемендігін шартсыз мойындауы тиіс. Қазақ республикасы қазақ емес ұлт өкілдерін

адам құқықтарының халықаралық принциптерінде көрсетілген құқықтарымен толық қамтамасыз етуге міндетті. Қазақстанға азамат болу-болмауды Жоғарғы Совет шешуі қажет.

Қазақтың ұлттық рухани және материалдық игілігіне жанашырлық танытқан республикамыздағы әр ұлт өкілі – қазақ халқының досы саналмақ. Бұл – “Азат” қозғалысының ұлт мәселесі жөніндегі пікірі. Демек, “Азат” программасының интернационалдық сипатын ешкім жоққа шығара алмас деп ойлаймыз. Бұл жағынан “Азат” қазақтың көне философиялық ой-тұжырымын тиянақ етеді. “Ешкімнің шынжырына да көнбе, шуда жібін де үзбе!”

Екінші сатысы: көпұлтты мемлекеттің ұлттық мемлекетке айналуы. Бұл да ешбір ұлтаралық шиеленіссіз, бейбіт түрде, жалғасты процесс ретінде өтпек. Оның кейбір белгілері қазір орнығып та жатыр. Мәселен, олқы болса да мемлекеттік егемендік алу – соның көрінісі деп қабылдадық. Бұл құжатты толықтыру, ол үшін күресу “Азаттың” төл ісі болмақ. Бұл орайда “Азат” Қазақ ССР Президентін, оның көпсалалы қимыл-әрекетін толық құптайды, тек керуен орта жолда қалмаса деген тілек білдіреді.

Кей – кейде “Азат” пен “Алашты” шатастырып сөйлеу бар. Ол түбегейлі қате. Тіпті ғасырымыздың басындағы “Алаш” партиясы мен қазір “Алашпыз” деп жүрген жастардың арасы жер мен көктей, екі “Алаш” арасында ешбір идеялық-генетикалық байланыс жоқ. Жиырмамыншы жылдары А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, М. Дулатов басқарған “Алаш” қазақ ұлтының, оның саяси-әлеуметтік ақыл-ойының жұлдызы болса, қазіргі “Алашпыз” деп жүрген жастар сол биік ақыл-ойдың жаншыла-жаншыла, езіле-езіле төмен түскендігінің бірден-бір белгісі. Оны анық ажыратқысы келгендер келмеске кеткен қазақ кемеңгерлерінің мұрасын оқып алып, қазіргі “Алаштың” митингісінен шыққан қикумен салыстырып көрсін. Алдағы ағалардың атын жамылған жастар олардың ақылын алмағандығына жан езіледі. Бірақ мен жастар ұйымына түгелдей топырақ шашудан аулақпын, өйткені олардың арасында әлі де бабына жетпеген талай “тайбуырлдар” бар-ақ.

Солардың тобында әлі алда өсе, есейе келе қазақтың саяси-әлеуметтік ақыл-ойының қайнаркөзі боларлық жастардың жүргенін жүрек сезеді көз де көріп жүр. Бірақ, амал не, әзірге парықсыз әуегей жетекшілерінің тізгінінде кете барған. Әрине, бұған жалпы жас буын да кінәлі емес. Оған 70 жыл ұлтты бұқтырып ұстаған қоғамдық жүйе, бұрын да қалыптасу дәуірін толық өтпеген ұттық саяси-сананың балаңдығы кінәлі. Қазіргі “Алаш” атанып жүрген жастардың аса үрей туғызатын жері: олардың мұсылманшылыққа көзсіз табынуында да, ұлттың зиялы мекемелерін танып-білмеуінде де, Низамы мен Жарғысының әлі де “күпия” сақталуында да, әлде көптеген жетекшілерінің өздері уағыздайтын намаз бен шариғат жолын ұстанбақ тұр ғой, дұрыс қазақша сөйлей алмауында да емес. Мен олардың қазіргі қалыптасқан қоғам тәртібіне көзсіздікпен ұрыну, “орыстарды қуу”, тәуелсіздікті “дереу” алу және осы секілді ақылға сыймас есерсоқтық көрсетуінен шошымын. Және бұл құқайлықтар қазақ ұлтының атынан айтылатынын қайтерсің. Бұл не – жанашырлық па, әлде арандатушылық па? Бүйтіп олардың қазаққа бостандық алып бермесіне кәміл сенемін.

Ұлттың мүддесі үшін шын күрескер қан төгуге барады. Бірақ ол қан сол күрескердің өз қаны болуы керек. Шынайы күрескер тек өзінің жаны мен қанын есепке алып сөйлеуі керек. Халық қанына ешкімнің үкімі жүрмейді. Мұның қазіргі “Алаш” жариялап жүрген аштыққа да тікелей қатысы бар. Ақ қар, көк мұзда аштықты “Алаштың” жетекшілерінің өздері жарияламай, басқаларға жариялатуы да сол жетекшілердің саяси-мәдени өресін танытады.

Қазақстанның басынан өтіп отырған қазіргі қоғамдық-саяси жағдай басқа республикалардағы жағдайға мүлде ұқсас емес. Сондықтан басқа аймақтардағы құбылыстарды қайталау – көрсоқырлық. “Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады” дейді халық даналығы. Ендеше ойланайық, ағайын!

*Қазақ әдебиеті. 4 қаңтар 1991 ж.
Теміржолшы. 19 қаңтар 1991 ж.*

Ұлттық мүдде ұмытылмасын (Президент сайлауының қарсаңында)

Желтоқсан айының бірінші жұлдызында республикамызда тұңғыш рет Президент жалпыхалықтық дауыс беру арқылы сайланбақшы. Бұл тарихи маңызы зор, саяси мәні жоғары жауапты күнге дайындық бүгіннен басталып та кетті. Адамзат тарихында ел тағдыры, жер тағдыры көп жағдайда оны басқарған ел ағасына байланысты болғаны белгілі. Демократияның жалауын жығылмастай желбіретіп қойдық деп айта алмасак та, әрқайсымыздың дауысымыз шешуші роль атқаратыны анық. Біз өз қалауымыз бойынша сенім артып тағдырымызды болашақ президентке аманат етіп тапсырмақшымыз. Мұндай жауапты кезеңде әрбір жүректің өзінше ерекше лүпілі болары да заңды.

Республикамыз көп ұлтты мемлекет. Көппартиялық құрылым да қоғамдық санамызға елеулі өзгерістер алып келді. Сондықтан жалпыхалықтық сайлаудың қандай деңгейде, қай бағытта өтерін алдын ала болжап айту қиын. Дегенмен, сайлау қарсаңында жекелеген адамдардың, партия, ұйым, қоғам өкілдерінің ой-пікірлерін ортаға салудың артықтығы болмас. Бірінші сөз кезегін республикалық “Азат” партиясының тең төрағасы Сәбетқазы Ақатаевқа ұсынамыз.

– Сәбе, республикалық “Азат” партиясы қысқа мерзімде халық арасында жақсы танылып, азды-көпті бедел жинап та үлгерді. Әрине, саяси тұрақсыздық заманында өзінің айқын мақсаты бар партия құру жеңіл жұмыс емес. Өзге партиялар тарапынан түрлі “айыптар” тағылып, қиын-қыстау кезеңді бастан өткеріп келдіңіздер. Міне, тағы бір үлкен саяси науқан – Президентті жалпыхалықтық сайлау қарсаңындамыз. Осы хақында өз пікіріңізді “Өркен” оқырмандарына білдірсеңіз. Біз басқа сұрақ қойып сөзіңізді бөлмейік, сіз ойыңызды іріктеңіз.

– “Азат” партиясының халық алдында қаншалықты абырой, беделге ие болғанын көзімен көріп, көңілімен түйсініп жүрген көпшілік бағалай жатар. Қай партия болсын өзінің халқы үшін

қызмет етуі керек. Ол оның саяси санасының қаншалықты дамығандығы, қаншалықты жоғары екендігіне тікелей байланысты. Бір нәрсе анық – халыққа шын жанашыр, халықтың мүддесін жанымен қорғайтын партияның ғана болашағы зор. Басқа жағдайда оның соңынан ешкім ермейді де.

Президент туралы не айтуға болады? Меніңше, қазіргі кезеңде оған лайық бір-ақ адам бар. Ол – Н. Назарбаев.

Жеке өз басым Н. Назарбаевты жақсы көріп, сыйлаймын. Неге? Мен оның туысы да, жақын танысы да емеспін. Дегенмен, әрбір адамды, оның қызметін әділ бағалай білген жөн. Бұл тұрғыда менің өзімнің өлшемім бар. Оның қабілетін, атқарып отырған игі істерін таразының бір басына, өзіміздің ұлттық мүддені екінші басына қоямын. Бірде президент жағы салмақты болса, кейде қазақтың ұлттық мүддесі басым кетеді. Адам болған соң, пенде болған соң кесіп кінә тағу да қиын. Өртүрлі жағдай, қилы кезең бар екенін де ұмытпай, онымен де есептескен жөн. Бүгінгі күні президент болу оңай емес. Егер Назарбаевтың алдында даңғыл жол салып кеткен басқа біреу болса, әңгіме өзгеше өрбір еді. Өкінішке орай, жетпіс жыл бойы біз мүлдем басқа бағытпен жүрдік. Қазақ бюрократиясын өсіріп, қолына билік беріп келдік. Ол замана бригадирлік қабілеті бар адамды министр етті, министр болатын адамды қой баққызды.

Яғни, қазақ халқының қабілеті дұрыс бағаланбай келді. Әділбасшы болмады. Неге біз әз-Жәнібек, әз-Тәуке дейміз? Алдымен, қара қылды қақ жарған әділдігі үшін айтамыз. Егер олар сол кезде қанына, тамыр-таныс, туысына тартса, халық есінде қалар ма еді. Қазақстанға көп жақсылық жасаған Қонаевтың өзі халықтың сол “әз” деген жоғары бағасын ала алмады. Әділдіктен тайса президент президент болудан қалады. Сондықтан Нұрсұлтан жай ғана емес, әз-Нұрсұлтан болса екен деймін. Сонда келер ұрпақтар оны құрметпен еске алар еді.

Мен алдағы уақытта да Назарбаевты қазақ халқының мұң-мүддесіне, мақсаттарына орай жасаған іс-әрекетіне қарап бағалаймын. Оған ренжісем де, оны қолдасам да менің өлшенбейтін безбенім – қазақ халқының мүддесі.

“Жыртық үйдің де құдайы бар” дейді. Сол – бүгінгі мұнды қазақтың маңдайына біткен ел ағасы Назарбаев болса керек. Мысалы, оның атышулы тамыздағы өткен халық депутаттарының төтенше съезінде сөйлеген сөзі – ХХ ғасырдағы қазақ халқының Дидросының, Руссосының айтқан сөзі дер едім. Француз, итальян, неміс тағы басқа өркениетті халықтар неге азат? Өйткені, олардың осындай айтулы азаматтары бар. Егер біздің де сондай ерлеріміз, ел басқарар президентіміз болса, біз де толық тәуелсіз халық болар едік. Сондықтан өз азаматтарымызды лайықты бағалап, биік деңгейге көтеру бәріміздің азаматтық борышымыз деп есептеймін.

*Әңгімелескен З. Қабиллаұлы
Өркен. 2 қараша 1991 ж.*

Халқымызға қорған болсақ

Республикалық “Азат” партиясының тең төрағасы Сәбетқазы Ақатаймен сұхбат.

– Саясат дегеніміз ой-шұңқыры көп, ұшы-қиыры жоқ, үлкен бір соқпақ жол іспетті ғой. Бүгінгі заман талабына сәйкес республикамызда көптеген саяси партиялар құрылып, қоғамдық санамызға әрқайсысы өз сүрлеуін салуда... Соның бірі “Азат” партиясы. Бұл партияға кезінде “ұлтшыл” деп айып таққандар аз болған жоқ. Өзге халықтың хұқына нұқсан келтіреді деген қауіп енді-енді ғана сейілген сияқты.

– Меніңше “ұлтшылдық”, “ұлтжандылық” деген сөзден үркудің керегі жоқ. Кім өз Отанын, өз ұлтын сүймейді, өз халқын жақсы көрмейді? Ұлттық ұранын көтермесе Африкадағы, Латын Америкадағы халықтар тәуелсіздік алар ма еді? Ұлттық экономикасын дамытпаса, халқын езгіден құтқармаса мемлекет болмас еді, сол бұрынғы колония қалпында қалар еді. Маған кейде “қазаққа не керек?” деген сұрақ қоятындар бар. Мен оларға “ағылшынға, францияға, орысқа не керек болса, қазаққа да соның бәрі керек” деп жауап беремін. Одан, артық ештеңенің

қажеті жоқ, біз біреулерден артық та, кем де болғымыз келмейді, ешкімге ұлтжандымыз деп өктемдік те жүргізбейміз.

– *Жергілікті халықтың мұң-мұқтажын жоқтаушы “Азат” партиясы құрылғанда оның “республикалық” деген атауына түсінбеді ме, “Азат” екіге бөлінді, араларынан жік шықты деушілер болды...*

– Республикалық болып аталуы оның географиялық территориясын, шекаралық көлемін ғана көрсетеді деген ұғымды білдірмейді, Республика дегеніміз төменнен жоғарыға сайлау дегенді де білдіреді емес пе? Ол қазақтың мемлекет басқару жүйесінде бұрыннан болған. Мысалы, халқымыз билерін, хандарын сайлап отырған ғой. Ал пара беріп, болыс болу сияқты көріністі сынадай қағып енгізген Ресейдің отаршылдық саясаты. Қазақты бірімен-бірін қырылыстырып қойып, “қай жеңгенің менікі” деп отыру олар үшін тиімді болды. Ал республикамыздағы өзге ұлт өкілдерінен қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресеміз дейтіндер болса біздің партиямыз олардың мүддесін қорғауға қашанда дайын.

Біз “Азат” қозғалысы аясында құрылған партиямыз, сондықтан арамызға әлдеқандай жіктің немесе фракциялардың пайда болуына жол бермейміз. Егер партия халық алдында игі іс тындырса аты қозғалыстық деп есептейміз. Қозғалыс халық алдында кінәлі болып қалса оны партия өз мойнынымен көтереді.

“Азат” ұлттық емес, парламенттік партия болғандықтан оның алдына қойған бағдарламасы конституцияға негізделіп жүргізіледі. Ол республика экономикасының дамуын, халқының бар жағынан өсуін, шын мәніндегі тәуелсіздікке, халықтар достығына қол жеткізуді көздейді. Сөйтіп өзге де дамыған мемлекеттер санатына қосылуды көксейді.

– *Оралдағы оқиғаға байланысты не айтар едіңіз?*

– Орал казактары тарапынан көрсетілген бұл бассыздық пен озбырлықты заңды сыйламау, конституцияға қайшы келетін іс-қимыл деп бағалау керек. Патшаға қызметке кіргендерінің 400 жылдығын ту көтеріп, өзге жерде тойлауға қандай қақылары бар? Бірақ, олардың бұл ниеттері іске аспады. Көптеген облыс-

тардан жиналған жергілікті ұлт өкілдері жол бермеді. Оған біздің “Азат” партиясының мүшелері де қатысты. Осы оқиғаға саяси әділ баға берілу керек.

– *Жақында тағы да бір партия құрылды. Ол Қазақстан Халықтық Конгресс партиясы туралы пікіріңіз қандай?*

– Партияны О. Сүлейменов пен М. Шаханов басқарғанмен оған бұрынғы партократтар да мүше болып кірді. Халықтық Конгресс партиясының ұлттық бағдарламасын оқығанымда бұрынғы Компартияның жаңа редакцияланған бағдарламасынан айырмашылығын көре алмадым. Интернационалистік деп өтірік көлгірсімей, ашығын айтқан жөн.

– *Президенттік сайлау қарсаңындағы дәстүрлі сұрақ, кімге дауыс бересіз?*

– Біз ешбір ойланбастан Н. Назарбаевқа дауыс береміз. Өзге партиялар сияқты оның жақсылығын ұмытып, кемшілік тұстарын тізбейміз. Кімнің де болсын еңбегін әділ бағалап, мүмкіндігіне қарай сенім арту баршамыздың азаматтық борышымыз.

*Сұхбатты жүргізген, Зейнолла Абжанов
Қазақ әдебиеті. 1 қараша 1991 ж.*

Сіз ССР Одағын тең праволы егеменді мемлекеттердің одағы ретінде сақтау қажет деп санайсыз ба?

Бүкілодақтық референдум өткізілетін уақыт таяған сайын республикамыздағы барлық қоғамдық-саяси ұйымдар мен партиялар өздерінің бұл мәселе жөніндегі көзқарасын нақтылап, референдум сұрақтарына беретін жауаптарын салмақтап, саралауда. Осы ретте тарихшы Жүсіп Бекмағанбетов пен журналист Жарылқап Қалыбаев “Лениншіл жастың” сауалнамасына орай жедел сұхбат ұйымдастырып, осы қоғамдық-саяси ұйымдар мен партиялардың референдумға көзқарастары мен пікірлерін ортаға салуын өтінген еді.

Сәбетқазы Ақатаев, “Азат” азаматтық қозғалысының қосалқы төрағасы:

Біздің ұлттың қазіргі ахуалы әлемге әйгілі: өз жерімізде, ата-мекенімізде тұрып, материалдық және рухани жапа шегудеміз. Мындаған жылдар омырауын тосқан тобылғылы төскей, бетегелі беткей мен апайтөс адыр нитрат пен радионуклидтен уланып, оның мәуесінен миы шайқалған ұландарымыз кем-тар болып туып жатыр. Қорлыққа шыдамағандары өздеріне өздері қол салуды шығарды. 1914 жылғы алты жарым миллион қазақтың қазіргі саны да сол мөлшерде. Бұл қайдан келген алақұйын апат? Кім ойланды?

Егер ССРО сол бәз-баяғы “жаңарған” федеративтік күшіне сүйенген қалпында қалар болса, ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған қазақ сол ХХІ ғасырда құрып бітеді. Ол хақ! Демек, дәстүрлі жуан жұдырықты ССРО-ны сақтау дегеніміз – қазақтың қазіргі қайыршылық, хұқысыз күйін сақтау, ұлт үстінен бишік үйіріп, әкіреңдеген әкімдеріміздің сән-салтанатты тұрмысын жақтап қалу. “Әсер елдің арманы, өшер елдің жанжалы көп” деген осы. Біз де Одаққа қарсы емеспіз. Бірақ, болашақ Одақ ұлтымыздың үдесінен шығуы шарт.

Ойлан, қазақ! Ұлт басына түскен қатерден құтылудың бір амалы – Қазақ ССР-інің Жоғарғы Кеңесі бекіткен бюллетеньге, оның “Тең праволы егеменді мемлекеттер Одағы ретіндегі ССРО-ны сақтап қалуға келісесіз бе?” деген сауалына “ИӘ!” деп жауап беру. Егер қолыңызға ССРО Жоғарғы Кеңесі бекіткен бюллетень түссе “ЖОҚ!” деп жауап беріңіз! Сонда Қазақстанды бұғаудан құтқаруға атсалыстым деп есептеңіз. Жауап бермес бұрын бюллетеньді әбден оқып алыңыз. Өз дауысыңызды бөгде адамға сенбеңіз. Біздің осы пікірімізді басқа жандарға, туған-туыс, жора-жолдастарға айта жүріңіз. Бұл жолы таразының басына ұлттың тарихи тағдыры түскенін ұмытпаңыз.

Қазақстанның тәуелсіздігін қолдан беріп алып жүрмелік! Сонымен Мәскеу ұсынған шұбалаңқы сауалға – “Жоқ!” деп, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сауалына – “Иә!” деп жауап берелік.

Лениншіл жас. 16 наурыз 1991 ж.

Біз қазақ ежелден...

Назар аудармаймыз ба, әлде құлақ еті үйреніп кеткендіктен бе, қайдам, білмедім, ұзына ғасырлар аясында бізді бөгде жұрттар әр түрлі атаған екен. Қарасақ қыпшақ та, қайсақ та атаныппыз. Кейбір сұғанақ ауыз өз атамызды өзімізге қимай, “қырғыз” депті. “Жартылай” көшпелісі де, “толық” көшпелісі де, кейінгі тұста “коммунизм орнатушы” да, “екінші тың игеруші” де біз екенбіз. “Халықтар достығының лабораториясы” да біз болдық. Құлағын кескен құлдай, не деп атаса да, көне беріппіз. Көнбеске шара жоқ еді. Бұл орын білінбейтін, енді тәуелсіздік ұраны құлағымызға шалына, жастарымыз аға бунның бұрын жасап кеткен жат қылығына намыстанатын болды. (Сөйткен ағалар басшы көрсе, халық атынан шапан жабатын мінезін қояр емес). Бұған да тәуба! Ел болатын елдің бірінші сипаты осындай болмақ. Ең әуелі еліміз бен жеріміз дұрыс аталуын қамтамасыз етіп, кемсіту, әдейі бұзып атау, сол арқылы ұлтты төмендету нышанына жол бермеу парыз-ақ. Бұл филологиялық әрекет емес саяси әрекет!

Әр түрлі халықтардың аты мұқабасына түскен әйдік кітаптар бар. Мәселен ондай тарихи-этнографиялық жинақтар “Француздар”, “Ағылшындар”, “Арабтар”, “Орыстар” деп атала береді. “Қырғыздар”, “Тәжіктер”, “Өзбектер” деген жинақтардың шыққанына 20–30 жыл болды. Сол кітаптардан аты аталған ұлттардың тарихы, мәдениеті, адами тегі, мемлекеті, тілі мен діні әлеуметтік-саяси жай-күйі туралы кез келген оқырман толық энциклопедиялық мәлімет ала алады. Жетпісінші жылдардың аяғында сондай кітапты белгілі ғалым Халел Арғынбаевтың басшылығымен Қазақстан ғалымдары да шығармақ болған еді. Алайда, Ұлттық Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты партия бюросының “қырағылығының” салдарынан дайын кітап шықпай қалды. Бұл жолы әсіресе коммунистер қазаққа керек, игілікке көлденең тұра қалатын мінезіне салып бақты. Іші толған қазақтың сау денесіне жаңадан жабысқан “советтік

социалистік ұлттық дәстүрін” дәріптеуге арналуына қарамай, кітап құрдымға кетті. Қолжазбаның сыртындағы “Қазақтар” деген бір ауыз сөз ақбас академиктерді үркітіп, зәре-құтын қашырды.

Осындай қырағылыққа қарамай 1986 жылдың желтоқсанының ызғарлы бұрқасыны маңдайымызды қарып өтті. Желтоқсан уақиғасы әлемдік деңгейдегі құбылыс. Оның тарам-тарам үш жүз жылдық отаршылдық індет пен сол індетке қарсы күресу тәжірибесінен қуат алады. Уақиғаның дүниеге келуі қазақтар туралы жинақтың шыққан, шықпағанына қарамайды, әрине. Ол қазақ тағдырына деген көңіл таршылығынан, “қорқа-қорқа батыр болудан” туған оқиға. Қазақ жастарын желтоқсан тумай жатып, желтоқсанмен қорқытатын саясаттың жемісі. Келмеске кетті деп, мәз болып жүрген большевиктік дәуірде қазақтың өзін-өзі тануы тұр ғой, қазақ атанудан шошығандар да болды. Интернационализмнің бұлжымас дәлелі деп иісі орыстікі дегенге бас ұрдық. Сол сорпаға қайнаған ұрпақ қазірде қай ұлтқа қосыларын білмей арада қалды, өзімізге жаны қарсы ұрпақ тәрбиеленді. Қасіреттің басы осы болды. Қазақты кезінде Н. Жанділдин, Ә. Тұрсынбаевтар: “домбырада ойнап, қазақша сөйлеп қойдың” деп, қыжыртса, енді солардан қазақ десе қабағын түксіткен Масанов пен Әмірекұлов секілді жас буын шықты. Шовинистердің сойылын соғып жүрген Нұрболат Масанов өзінің шалақазақтығын қазақтан көретін секілді. Әттең шіркін, Нұрболатқа ана тілінде жауап қайрайын десең, не керек, ана тілінде оқи алмайды, ал “Казправда” мен “Караван” не үшін мақалаларын басып, “еркелетіп” жатқанын өзі сезбейді. Бұл екі басылымның да аңдығаны – Қазақстанның тәуелсіздігі болса, күнбе-күн мақсаты – сол тәуелсіздікті қазақ қолымен құрту. Нұрболат Масанов қазақтың әлі де отаршылдық қапаста қамала тұрғанын қалайды. Өйткені, оған бұл бір күн болса да пайдалы. Бұл тұста Нұрболат Масанов Владимир Жириновскийге кейде таяп, кейде асып та кетеді. Руцкой мен Зюганов идеяларын арқау етеді. В. Жириновскийдің ұлты жәйіт (еврей) болғаны орыс әлеуметінің кейбір топтарының көңілінен шығатыны,

орыс өзінің ұлттық арандатушылығын басқа ұлт өкілдерінің атынан жасағысы келіп отыратынын тарихшы Н. Масанов білсе де үндемейді. Отаршылар Н. Масановқа несін жұтқызып жібергенін білмедік, әйтеуір, қазақтың бұғауда тұрғанын бал санайды, сондықтан коммунистерді балағаттай отырып, олардың жетпіс жыл бойы қан төгіп, іргесін қалаған Совет Одағын қайтадан басқаша түрде дүниеге келгенін көксейді. Неге? Қазақша білмейтін Нұрболат секілділер ең әуелі, қазақтан, қазақ тілінен қорқады. Қазақ мәңгүртімен шовинистін үні бір жерден шығатыны сондықтан.

Ресейдің жарасы жазылған сайын оның Қазақстанға арта беретінін ұмытқан жерде қасіретіміз үдей түседі. Ресей қазақтың қожайыны болғанын әсте ұмытпайды. Қазақта “ортақ өгізімнен оңаша бұзауым артық” деген сөз бар. Сірә, бабамыз осы сөзді ортақ өгіздің жауырынына қарап айтқан болар. Біз де орыстың өзі секілді Отанымыздың оңаша болғанын қалар едік. Шамамыз келсе, зәбір көрген, жапа шеккен төңірегіміздегі ұсақ түрік нәсілдері мен сойларына қорған болсақ. Мәселен, Қапказ ноғайлары бізге зор үмітпен қарайды. Алайда, әзірге байтал тұр ғой, бас қайғы. Мұны санасы бар қазақ қазір де сезіп отыр. Қалай болғанда да орыс қазақты айдап әкеп, “өз жолына” түсіре бергенін қоймайды. Оның аты ССРО бола ма, ТМД бола ма, “Еуразия” бола ма – бәрі бір. Қазақстан Ресеймен қайта одақтасса, Ресейге бергенін сұрай алмайтындай дәрежеге түседі, таз қалпымызға қайта келеміз. ССРО “орыс меншігі” болғандықтан орыс ұлтшылдарының көңілінен шығатын. Енді ССРО ыдырап, оның орнына тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Орыс ұлтшылдарының бармағын шайнайтыны сонан. Бірақ солардың қатарында паспорттарында “қазақ” деп жазылғанынан басқа қазаққа жақындығы шамалы Әмірекұловтар, мен Масановтар жүргені өкінішті-ақ. Орыс тілдес қазақ бауырларыма айтарым: біз қазақ болып тудық. Қазақ анасының ақ сүтін іштік, қазақ топырағына қылтиып шыққан мәуені теріп жеп есейдік, ештеме қайғырмай ер жеттік. Сол үшін халқымызға, қазағымызға мәңгі-бақи қарыздармыз. Осы сөзді Нұрболат секілділердің құлағы

шалса, шіркін. Бірақ, амал не, оның сүйлегенін мен түсінемін де, ол менің тілімді түсінбейді. Екеуміз екі тілде сөйлейміз, бірақ екеуміз де “қазақ” десе жалт қараймыз. Өкінішті, әрине! Бабыл мұнарасын әр тілде сөйлегендер салып, құлатып алғаны белгілі. Біз де әр тілде шатысып, көк туды көлденең түсіріп еңбегімізді еш, тұзымызды сор қылып аламыз ба, деп қуыстанамын. Көк ту тік тұрса ғана ту, жығылса – шүбірек. Н. Масанов секілді ұрпақты баулыған, тәрбиелеген де өзіміз. Өйткені санамызда “орыс болсақ ғана өмір сүре аламыз” деген философия жатты. Албан Асан жыраудың: “Тілі екеудің діні екеу, сөйлеген сөзі ақ болды” дегені келді.

Түбінде Желтоқсан дүбірін сезсе де, қызыл комиссарлар халықты желтоқсан болардай етіп ұстағанына тіл тағдыры да, діл тағдыры да айғақ. Өйткені, қожайын әрдайым құл-құтанның мешеу болғанын, шыққан тегін, меншікті парасатын тілі мен дінін білмегенін, мақау болғанын қалайды. “Өзінің құл екенін танып білген құл – құл емес” деген ой жетегінде тұрады. Сондықтан да, “таным – зор күш” дейді екен жаңа, капиталистік қоғамның жаршысы аталған ағылшын ойшылы Ф. Бэкон.

Көп жылдар жүргізілген осындай арнайы саясаттың салдарынан өзімізді-өзіміз танудан да, тіпті дұрыс сәлемдесуден де қалып барамыз. Сағынып көрісетін дархан қазақ баласының арасына жік түсті, кінәратшыл, кекшіл мінез бітті, кісілігімізді емес, кигенімізді мақтан тұттық. Арада достасудан гөрі араздық оты даяр. Бұрын ата тергеп, туыстық дәнекер іздесек, қазірде жөн сұраса келе, ажырасып қалатын болдық, ата жарыстыру дегенді шығарып, он миллион қазақты “үш жүзге” дейін кеміттік. Бірде “бір қабатты үйде тұратындар” мен “көп қабатты үйде тұратын қазақтардың” ұйымдасып, бір-біріне шоқпар ала жүгіргенін естіп, тосырқағаным бар, енді бірде темір жолдың “ар жағы” мен “бер жағы” болып жұлқыласқанына тап болғаным бар. Мұны басқа біреу айтса сенбес едім. Сұрастыра келсем, темір жолдың екі жағы да бір атаның балалары екен. Біріктіруші періштеден гөрі, ажыратқыш шайтанның күшті болғанына таңым бар. Шайтаннан періште озады деуші еді, кері

болғаны қалай? Бұл да біздің еңбегіміздің еш, тұзымыздың сор болғандығының белгісі.

Расында осы біз, қазақ, кімбіз? Қайдан шықтық, рухани тегіміз қайдан? Қайда бара жатырмыз? Өзіміздің өзімізге деген көзқарасымыз қандай дәрежеде? Ала-пұла болып, божырап бара жатқанымызға не себеп? Қандай едік?

АТА-БАБА ӨСИЕТІ

Қазақ – Еуразия далаларының ежелгі тарихи-этникалық қауымдастықтарын өз бойына сіңірген көне халық. Антропологиялық тегі жағынан халқымыз жергілікті мұңғылдық нәсілмен қатар шығыс еуропалық және үнді-иран элементтерінен тұратын оңтүстік-сібір бұтағының негізгі тобына жатады. Қазақтың дене бітімінің мықты, сүйегінің берік, ғұмыры ұзақ та төзімді келетіні – оның осы көпқұрамдылық тегінен. Совет генералдары Тайсойған мен Семейден полигон ашқанда қазақтың тіршілік сипатын, орта-азиялық табиғи төзімділігін біліп барып істегендей болып көрінеді маған. Есептерінен жаңылмаған екен. Үш жүз жылдық тепкіден аман қалғанымыз да осыдан болар. Біреу бүгінгі ахуалымызды “құрыдық” – деп налыса, “ағатай-ау”, Азияның көптеген халықтарынан озық болғандықтан ғана аман қалдық” деп қуанамын. Бәлкім, “басқа түскен баспақшыл” деген де осы шығар.

Ұлтымыздың тамыр тегі тереңнен тартса, мәдениеті мен рухы онан да тұңғыықтан; бес мың жылдық, атты – көшпелі өркениетінен қуат алады. Демек, халқымыздың бітім-болмысы мыңдаған жылдар аясында екшелген күрделі игіліктер негізінде өз топырағымызда қалыптасқан төл құбылыс екен. Қазақ халқын Еуразия тарихының барлық дәуірлерде жасаған күллі тарихи-мәдени игіліктердің заңды мирасқоры деп қабылдауға болғандықтан, оның мәдениет тарихын “қазақ” атауының тарихи жазбаларда пайда болуынан бастағанымыз өзімізді-өзіміз табан асты етумен тең. Ұлт тарихы бай, бірақ соны тани білу, бағалау, оны тәуелсіздіктің кәдесіне жарату жағы, шынын айту керек мардымсыз. Қазақ деген өз мемлекеті бар, туы бар, тілі

мен діні бар ұлттан гөрі, кедей таптың атауына айналып бара жатқан секілді.

Қазақстанда кім бай? Келімсек бай. Кім кедей? Қазақ кедей. Марқакөлдін “Қарашілік” деген ауылында сайлауға орай сөз сөйлеп тұрдым. Тақырып: Қазақстанның болашағы туралы, әрине. Жуық арада Қазақстанда “Мерседес” пен “Икарус” шығатыны туралы сөз болды. Ел разы. Залдан әже жасындағы бір қарт әйел сөзімді бөліп: “шырағым, кірлеп кеттік, депутат бола қалсаң, 2 бас сабын жіберші” – деді. Жұрт ду күлді... “Түйе, түйе, осы сенің мойның неге қисық?” деп сұрапты біреу түйеден. “Менің тұла бойымда тұзу бар ма еді? – деп жауап беріпті түйе. Жеті ағайынды жұт Қазақстанға қоныс тепті. Біз тәуелсіздік алғанда тіршілік шіркіннің қыспағы мұндай қатты болар ма? Бірақ мұнан да қиын кезең алда. Көк ту тұрғанда қазақтың құмалағы түгел. Біздей, қазақтай, өз тағдыр-талайына енжар халықтың тәуелсіздігінің үшінші жылдығы мұнан артық болады дегенге өзім де сенбеймін, елді де сендіре алмаймын.

Қазақтың мыңжылдық мәдени зердесі оның дос көңіл ұлттық қасиетімен сабақтас. Қазіргі қазақты еңкейгенге де еңкейтетін, шалқайғанға да еңкейтетін осы рух. Олай дейтінім: дүниеде қас жауын құдандалы адамындай құрметтейтін, “таспен атқанды, аспен ататын” қазақтай кең етек ақжарқын халықты көрмеппін. Ал біз осы кезге дейін метрополияға бергенімізге, оның етімізді, жүнімізді, астығымыз бен алтынымызды алғанына қуанып келдік. Мәскеу “алмаймыз” деп, үркіткенде тегін тастап қаштық. Мұның атын “достық” дедік: “Еуразия Одағын” күйттегендер осыны аңсайтын секілді. Басқа өркениеттерде қатарлас, қанаттас адамдар ғана дос бола алады. Қазақтың түспіз дархандығын осы заманға орай реттемесе ел болуымызға сын бола ма деп қауіптенемін. Қазақ достығы көкейде ұялап, көңілден шықса, мәселенки, орыс достығы есепке құрылды. Ал, қазақ “есептескен дос болмас” деп, шыр-пыр болады бала-шағасына. Қазақ пен орыстың достасу шарты мүлде бөлек. Бірі– мыңжылдық ежелгі тарихи-мәдени зердеде, ар-ұждан деңгейінде ұйыған да, екіншісі – бүгінгі күн сұранысынан оянған. Осының қайсысы озады? Мен жапондарға қарап, қазақтың да солармен

қатар шабысқанын, ескісі мен жаңасын қатар шабыстырғанын қалар едім.

Верныйдың генерал-губернаторы Қарқарадан қазақ саудасын арнайы көріп, таң қалыпты. Ол кезде қазақтың сауда құны – қой. Жәрмеңкеде әр қойға 2 сом 50 тиыннан 3 сомға дейін береді екен. Қазақ қойын ақшаға бермей, сартқа майда-шүйде бұйымдарға айырбастай салатынын байқаған Д. Колпаковский, бір қазақтың айырбасқа алған дүниесін есептеп көрсе, әлігі 1 сомға жетпейтін майда-шүйде болып шығады... Саудаласқан қазақ ұтылғанын біледі, әрине. Бірақ табиғатынан жомарт халық сатып алушының риза болғанын басты парыз санайды, ата жолын аттағысы келмейді: “ата-баба өсиеті солай, тағлым солай!” деп өзін-өзі жұбатып отырады. Мұндай “сауда” өсіп-өрбуімізге залал, әрине. Бірақ бүйтпесек, қазақ боламыз ба? Қазақпен саудаласуға өзбек пен ұйғыр ағайындар аса құштар келетіні де осыдан. Қазақстанның жері көпұлтты болуының басты себебі отаршылдықтан екенін білсек, екінші себебі осыдан екенін біле бермейміз. Қазақты “жеу” оңай, қазақпен қонсылас болу – “пайдалы”, жұмыстың да, тұрмыстың да ауыр жағы қазақтыкі, тәуір жағы – “қонақтыкі”.

Сыған екеш сыған да қазақты ториды. Алдау жеңіл. Қанға сіңген ежелгі тәрбие бір күнде бойымыздан шыға қоймас. Осы мінезімізді әбден білген В. Жириновский деген әулекі бізді “люди-овцы” (қой сипатты адам) десе, Парламентімізді “Баранья Республика” (“Қой Мемлекеті”) деп жар салады. Ендігі жерде межелі несібемізден айырылып, заман тарылғанда бүйтісіп, өзімізді өзіміз “жегізіп, достатса аламыз ба? Мұндай “сауданың” шын аты – еркіңнен тоналу. Дәстүрлі өмір тіршілігінен айырылып, жату көбейгенде халықты мұншама жомарт қылып, жаратқан қай құдай болды? Бұл сұраққа да оңай жауап табуға болады.

Бірақ, жауабы табылсын, табылмасын – бұл еңбегіміздің еш, тұзымыздың сор болып жүргендігінің тағы да бір белгісі.

Біз бұрынғы мыңжылдықтардағымыздай өзімізбен-өзіміз дара отырсақ, төл мінезіміз жарасар-ақ еді. Қоңсы отырған екі жұрт шынайы достасу үшін не басқа жұрт қазақтың үлесіне

мойынұсынатын болу керек те, не қазақты бұрынғыдай “орыс-тілдеске” айналдырып, орыстандыру керек, шоқындыру саясатын жалғастыру керек. Өзіміздің де ыңғайымыз, орыстың да көкsegені осы. Мұны істеймін деген жан желтоқсанға тап болатынын да естен шығармасын. Алайда, орыстандыру саясаты тәуелсіздік алғаннан кейін де тоқталмай тұр, ал тілге қатысты тұстары тіпті үдей түсті деуге болады. “Артық жолдас таппадым татулықтан” дейді Абай.

Саласы “икс” пен “игрекке” толы орыстай халықпен дос болуға не жетсін! Әрине, мен арақ ішіп, айбалта асынған орысты айтып отырмағанымды зиялы қазақ сезінер. Тепе-теңдік шарт бұзылған жерде ағайыншылық пен достық сезім таусылып, тақсыр мен құлдық қатынас басталады. Демек “еңкейгенге еңкейгенмен”, шалқайғанға еңкеюге болмайды. Бұл – ежелден келе жатқан ата-баба өсиеті. Жалпаңдағаннан жан қалмайды, жалғасқанның ғана жаны аман қалады.

Қазақ тілі түркі тіл әулетінің қыпшақ тобына жататынын білгенімізбен, сол тілдің халқымыздың көне тарихтан мирас еткен киелі дәулеті, ары мен ожданы екенін көп жағдайда, әсіресе, тілді қорғауға келгенде жадымыздан шығарып аламыз. Қазақ тілі қазақ үшін байланыс құралы қызметімен шектелмейді. Ол – халқымыздың рухани компедиумы мен ауыз-екі энциклопедиясы, мәдени, ғылымы және ағарту ошағы. Отаршылдар орыстандыру саясатын тілімізге бұғалық салудан бастағаны тегін емес. Бұратана халықтарды орыстандыру мен шоқындыру ісінің атасы Ильминский мырза тілден айрылған қазақ ең әуелі қазақ емес екенін мықты түсінген. Ондай жанның қазақ болып жазылуы, қазақ халқы атынан сөйлеуі бекер. Мұны қазақ тілін білмейтін, тіпті білгісі де келмейтін кейбір азаматтардың ұлтқа, елге ұлттық мемлекетке деген өгейлік көзқарасынан айқын аңғарып жүрміз. Тілден айырылған қазақ бұғаулықтың кез келген түріне көнбіс. Оған біраз мысалды Нұрболат Масановтың халқымыздың ұлттық мүддесіне қаскөй мақалалары бойынша айтып өттік. Кейін де үлкенді-кішілі лауазымды адамдардың

күйттеп жүрген Еуразия Одағына қазақ кірсе ең әуелі тілден жұрдай болады. Мұндайлардың дені тәуелсіздікті нығайтудан гөрі Одаққа кіріп кетуді оңай санайды. ССРО тұсында шала өлсек, Еуразия Одағы көк туымызбен жаңа табысқан бізді әбден өлтіреді. ССРО-ға зорлықпен кірдік дейміз, ал Еуразия Одағына еркімізбен кіреді екенбіз. Өзімізді-өзіміз тәуелді еткендей біз кім болғанымыз. Әдетте Еуразия Одағы туралы сөз бола қалса, Еуропа Одағын көлденең қояды. Еуропа халықтары Еуропа Одағына өз тәуелсіздігін қорғай отырып жетті және бұл процесс жүздеген жылдар бойы жүрді. Ал, біз ше? ССРО-ның ыдырауына орай, бармағын шайнап отырған монархистер енді қармаса, үнімізді мәңгі өшіретіндей жағын ойластырады. Онсыз да біз орыс ішіндегі оңбағандардың біраз қасиеттерін үйреніп қана қоймай, оның өзі құтыла алмай отырған мемлекеттің саяси жүйесін, тоталитарлық құрылымын орыс фашизмнің негізін толықтай мирас еттік. Мұнан үлкен жамандық бола қоймас-ау! ССРО неге оңай құлады, өйткені, оның құрылыс материалында желімдеуші, біріктіруші ақза аз болды.

Халқымызды тәуелсіздік салмағы белін майыстырып-ақ отыр. “Бұрынғы күніміз жақсы еді” дейтіндер көп. Тәуелсіздікті нығайту оңай емес, ол үшін еңбек ету, тер төгу керек және оған қазақтың тері сіңімдірек келеді. Ойлан, да оян, қазағым!

Қазақ тілінде қазақ халқының көзқарасы, кісілігі мен парасаты, саяси мұраттары мен қоғамдық көкейкесті арман-тілегі, әлеуметтік және тарихи жиған-тергені сіңген. Демек, қазақ халқы өзінің тіліне деген көзқарасы арқылы не әлемдегі кісі сыйларлық ұлттар қатарынан табылып, шарықтап аспанға шығады, не басқа жұрттардан қалып, жер болады, қайтадан “малды жақсы бағушы” халыққа айналады. ХХІ ғасыр – қазақ баласы үшін сын ғасыры, сынақ ғасыры. Қазақ ұлтының болашақта “тарихы” әлі, археологиялық ұлттар қатарында да қалуының қазірдің өзінде біршама белгілері бар. Тән ауруы туралы айтылып болды. Рухымыздың сынық екенін білеміз. Мәңгүрттеріміз қазақ болмауды, қазақша сөйлемегенді мақтан тұтады, “жетістік” санайды. Француз тілінің прованс диалектісінде жақсы сөйлейтін

қызымыз екі ауыз сөзді қазақша айта алмайды. Ұлт жанды қазақ мұны жақтырмайды, әрине. “Сиыр судан жериді” деген осы да. Жабылған қазақ мектептеріне қол қойғандардың ішінде өзіміздің де қолымыз жүр. Қазақша білмей, орысша сөйлегенді мақтан көрдік, ұят деп санамадық. Африка мен Азия халықтары үшін, тіпті орыс үшін ұлтшылдық – жаңғыру идеологиясына айналса, қазақ үшін бұл аз, ұлттық идеология біздер үшін өмір сүру, ХХІ ғасырда аман қалу амалына айналуы керек.

Қазақ баласы ана тілінде тек сөйлеп қана қоймаған: тілі арқылы дүниені көрген, естіп білген, бағалаған, өз орнын өлшеген, тапқан, әлде таба алмаған. Тілі арқылы елі дүниені жамыратқан, сөйлескен, қозғалысқа түсірген. Қазақ тілі – қазақтың өзі де, көзі де, жүрегі, құлағы да. Демек, “бас кесу болса да, тіл кесу болмаған”, “сөз тас жарған, тас жармаса, бас жарған”. Тіл қазақ ішінде саяси биліктен де биік мәртебеде тұрған. Библия да “әуелі сөз болған” (“сначала было слово”) дегеннен басталады. Тіл тағдыры қорғаушы саяси күшке байланысты. Мәселен түрік тілінің Таяу Шығыста шарықтауы үшін Осман империясы, орыс тілінің Еуразияға өктемдігі үшін Ресей империясы керек болды. Демек, қазақ тілінің тағдыры қазақ мемлекеті мен оның дербес нығаяуымен сабақтас.

Дәстүрлі қазақы сана тіл арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды жандандырып отырған, сондықтан ошақ маңында балтамен отын жаруға, ат пен суға түкіруге, дәрет сындыруға, ыластауға, өсіп тұрған ағашты кесуге, көкті басуға, гүлді үзуге, тіпті пышақпен нан турауға тыйым салады. Өйткені, “жаман болады!”. Тарихта мұнан озық халықтық экологиялық-мәдени зерде дүниенің басқа бөлігінде бар ма екен, сірә? Бұл – адамзатты адамзат қылып тәрбиелеген көне түсінік. Әр құбылыс адамының сезім мүшелеріне әсер ету қасиетімен қатар, оның адамға беймәлім “ішкі тынысы”, “құпиясы” бар болып есептелген. Мұндай ой байлауда қазақы сана әйгілі неміс ойшылы И. Кантпен қатарлас болған. И. Кант бойынша, “зат заттың ішінде” (“вещь в себе”) болса, қазақы таным бойынша да солай: кез келген зат басқа бір заттың белгісі, көлеңкесі. Демек,

зат – зат қана емес, өзіндік сыры бар құбылыс, әлем, басқа бір заттың “өкілі”, “баламасы”. Оның мән-мағынасын көруге, не санамен танып-білуге болмайды. Уақыт әлемдік құбылыстың бір тұлғасы. Ол бір-біріне байланыспайтын дара үш бунақтан тұратын болып саналған “өткен”, “бүгін” және “болашақ” дербес бөліктері. Оларды “тәңір” мен “іңір” ажыратып отырады (күн мен түннің баламалары). Күн барда істелетін шаруаны түнде немесе түндегі жұмысты (мысалы, зікір салу) күндіз жасауға болмайды. Өткен қайтып келмейді. “Кешегі өтіп кеткен жиырма бесті, артынан қос атпенен қусам ба екен?” деп армандайды қазақ сал-серілері. Қазақтың өмір-тіршілігін, әні мен күйін алып қарасақ, қазақ өлмейтін, мәңгі жасайтын халық болып шығады. Өлім туралы түсінігі де солай: өлмейді, “қайтады”, “қайтыс болады”, бір дүниеден екінші дүниеге көше салады. Жерлеу рәсімі де осыны аңғартады.

Зат пен құбылыстың мәнін түсінгісі келген жан әдет-ғұрып арқылы қана көзге көрінбейтін құпияны түсінуге, оның бар екенін сезінуге болады. Қазақ дәстүрі күрделі этнографиялық құбылыс, қазақ халқының жаны мен тәнін, мінезі мен қаракетін, пайымы мен танымын тәуелсіздік кәдесіне жаратамын деген жан аттап өте алмайды.

Ырыммен рәсім қазақтың күнделікті тұрмысының басты мәні еді. Көрші халықтардың “ырымшыл қазақ” – деуі тегіннен-тегін емес екен. Ырымшылдық – дәстүрлі қазақ мінезінің басты көрінісі, өмір-тіршілігінің негізгі бөлігі десек, артық айтпаған болар едік. Қазақтың күнделікті өмірі белгілі бір тұрмыстық шараға, алма-кезек науқанға (шілдехана, тұсау кесу, қыз ұзату, ақжолтай, ас беру т. т.) даярлық жасаудан, соларды өткізуден тізбектеле береді. Сол үшін қазақ өз сөзімен айтқанда “мал бағады”, “еңбек етеді”. Дәстүрлі қазақ тұрмысы ішіп-жеуден емес, осы рәсімдерді орындаудан, “өткізуден” тұрады. Сократтың “ішіп-жеу үшін өмір сүресің бе, жоқ, өмір сүру үшін ішіп-жейсің бе?” деген сұрағына қазақ баласы “тұрмыс салтын атқару үшін ішіп-жеп, өмір сүріп жүрмін” деп, ойланбай жауап беруіне болады. Әлеуметтік орта орыстанған соң, дәстүрлі тұрмыс аясы күрт тарылды. Қазақтың дәстүрлі ортасы тарылған

сайын, көңілі де тарылмайды, әрине. Қазақтың бұрынғы салқар тұрмысы қайта оралса, көң мінез де қайтадан орнығады. Бұл арман тәуелсіз мемлекетіміздің көк туының тік желбіреуімен орайлас.

Сөйтіп, көне Қазақстан аясында, Орталық Азияның мыңдаған жылдарға созылған тарихында болашақ қазақ қоғамының негізі, оның нысани – адамгершілік салауаттары, материалдық және рухани мәдениетінің іргетасы қалана бастаған екен. Біздің “қазақшалық”, “киіз кітап” деп үдірейе қарайтын дүниеміз тарихи мирас, төл риздық болды, ол дәулетпен саналы түрде түбінде қайта табыспай, қазақ қазақ болудан, Қазақстан ел болудан қалады. Әрине, арқалап алып жүруге ауыр дүние, бірақ, онсыз ұйытқыдан айрыламыз. Бұл дәулет ортағасырлық Қазақстанның көшпелі ел-жұртының “қазақ” деген атау төңірегінде топтасып осыған дейінгі мәдени, рухани және әлеуметтік процесстердің де саяси бассыздануының белгісі де болды.

“Қазақ” деген атау тарихи деректемелерде “қыпшақ”, “маңғыт”, “ноғай” – деген дәстүрлі этнонимдерді ысырып тастап, неге екені белгісіз, бірден орнығады. Бұл жайт атаудың өзі емес, атауға арқа болған рухани мәдени салауаттардың хатқа түспес бұрын, көп уақыт тұрақты қолдануда жүргенін аңғартады. “Қазақ” деген есімнің шығу тарихы туралы баспасөз бетінде дүркін-дүркін пікір алмасу болып жататыны көпке мәлім. “Қазақ” атау (мұның ішінде орыстың да “қазақ” атты жігі жүр: атау жағынан қазақ пен қазақ туыс) туралы ғалымдар тарих бетіне түскен барлық деректемелерді тергеуге алып болды. “Касог”, “хазар”, “қазақ” секілді, өздері сұранып тұрған атаулар атамалар, этнонимдер, терминдер, ұғымдар, жан-жақты сараланып та, бағаланып та, болды. Гректің “скифі” арабтың “құзағы”, дегенді білдіреді. “Қазақ” сөзінің түп-төркінінің басқа өңірден емес, өзіміздің өмір-тіршілігімізден іздегеніміз абзал. Түркияда көшпелі түріктерді “йоруқ” (жорық, көшу) дейді. Қалай болғанда да, ат қойғыш атамыз атын да тауып

қойған екен. Сөйте тұра, атаудың шынайы мән-мағынасын тың деректемелердің жәрдемінен түсіндіру қиын.

Шежіре, ауызекі аңыз-әңгімелер халқымыздың түп атасын “Қазақ” есімді атаға тірейді. Бірақ бізге мәлім тарихи деректер мұндай баба тұлғалы адамның есімін білмейді. Егер шежіреге мұнан 20 буын бұрын 30–50 адамнан тұрған болып көрінеді. Ұлы жүзден – бес-алты, орта жүзден – алтау, кіші жүзден – жиырма бір еркек кіндікті адам болып шығады. Ата арқылы XIV ғасырдың қазағының санын алсақ, мұнан артпайды. Демек, шежірені тарихтың бірден-бір қайнар бұлағына жатқызу ағаттық. Сондықтан, шежірелік санаға абай болған жөн.

Атаудың түп-тамырын “ақ қаздан” тарату күнделікті күйбең сананың деңгейінен аспаса, “Қас-сақ” (“шынайы сақ”) деп түсіндіру мәселені тіпті дүдәмаландырып жібереді. “Сақ” этнонимі біздің жыл санауымыздың бастапқы кезеңінде-ақ тарихи қайнар бұлақтардан қалыс жатты. Ал ұмыт қалған атаудың араға бір жарым мың жыл салып, XV ғасырда қайта оралуына илану қиын. Сөйте тұра, “қазақ” деген ат тағдыр қалауы бойынша халқымыздың төл есіміне, мемлекеті мен атамекенінің атауына айналды. Ендігі жерде қазақ баласы дұрыс аталған ұлттық есіміне мойын бұрып, бұзылып аталған есімдерге жалпандағанын кілт доғарды, бұзылған атамаларға намыстанатын болды, ұлт атауын ұлттық игіліктің ту басына қойды. Әрине, өзін-өзі қастерлеу осындайдан басталады. Оқта-текте өзге жұрттарда кездесіп қалатындай көршілер қойған лақап атамаға еріп (мәселен, Қытай халқына “қытай” деп атау берген біздің ата-бабаларымыз; олар өздерін “хань” дейді), басқаша атанып кеткенімізге (мәселен, “совет халқы” болып) іштей тәубашылық білдіріп қойғанымыз да жөн болар. Дүниеде атауын жоғалтып алған халықтар аз ба? Мәселен, көрші ұйғыр халқы өзінің төл атымен (бұрынғы ұйғыр мен қазіргі ұйғыр – екі басқа халық. – *ред.*) бір мың жылдан кейін қайта табысқан. Ең бастысы “қазақ” деген бірауыз сөз қазақтың өзі сүйетін ортақ ұранына айналды. “Қазақ” дегенді естісек, еңсеміз көтеріліп, мақтанып қалатындай дәрежеге жеттік.

ЖҮЗГЕ БӨЛІНГЕННІҢ БЕТ-ЖҮЗІ...

Қазақ халқының табиғаты оның өзінің ұлттық сипатына, рухани бітіміне деген көзқарасын ғана емес, ата-бабасына деген сезімін де сараламай толық ашылмайды. Алыс сапардан сағынып елге оралғанда, өскен өлкеміздің жерін күмбезіне қарап танитынымыз бар. Күмбез – халықтардың ата-бабасына деген ыстық-ықыласының тасқа айналған мәңгілік айғағы, қазақы фәлсәфияттың ұмыт қалған көп тармақтарының бірі. Бұрынғының қазағы аман-сәлемді күмбезге барып, аят қайтарудан бастайтын еді. Бірақ, қазірде сол күмбездердің өзара топтанып, оқшауланып, жіктеліп тұрғанын аңғара бермейміз. Көптеген қазақ ауылында қоршаған молалар бірнешеу: ата қанша – сонша.

Қазақ халқы шамамен ара саны бірдей үш жүзден тұрады. Араларында өздерінің ұлттық сана-сезімі қазақпен тұтасып кеткен төрелер, қожалар, төлеңгіттер және құрама шалақазақтар (өзбек, татар, башқұрт, қырғыз тектілер) бар. Кейінгілер өздерін қазақ халқының этникалық түзілісінің өте күрделі сипатта өткендігінің дәлелі.

“Жүз” дегенге қаншама қазақы тұқымдық генетикалық сипат бергенімізбен, онда аталық негіз жоқ, атты-көшпенділердің әскері құрылымынан шыққан құбылыс. Мәселен, ғұндар мен скифтердің үш құрамдас болғанын білеміз. “Жүз” сөзінің мәні – “жақ”, “бөлік”, “фланг”, соғыс ұғымы, Өз-Тәуке ханның әскери құрылымынан қалған сарқыншақ. Жүзде генетикалық тұқымдық сипаттың болмауының тағы бір дәлелі: бір ата мен екінші атаның есімдері үш жүздің құрамында мидай араласып жатуы. Жалайыр, Қаракесек, Қоңырат, Тарақты, Дулат, Қатаған, Керей, Найман секілді этникалық топтар тек қазақтың ғана емес, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз құрамында да бар. Тағы бір дәлел: ата есімдерінің біразы таңба атауына сай: “бағаналы”, “ошақты”, “ойық”, “ысты”.

Жүздің пайда болғанына 500 жылдай болса, жүзшілдік дерттің қайта шыққаны күні кеше. “Елемеген дерт жанман” дейді қазақ. Кейбір жандар атаға табынғанды қазақтың түбегейлі “артықшылығы” санап, аты-жөніне қосақтап, “сез-

дер” өткізіп, “президенттерін” сайлап жүргенін баспасөзден оқимыз. “Адамның баласы – досың, атаның баласы – жауың” деген данышпанның сөзіне құлақ аспай жатырмыз. Осының артында бір апат барын сезген Абай білмесе, неге айтсын!? Жүзге бөлінгендердің жүзі күймек түгіл, бетіне күле қарап, дегенін істейді: мемлекет жүйесі, шаруашылық, мекеме, сауда орны рулық бөлініске түсті. Аудандық, ауылдық деңгейде машина, қызмет үй, лауазым басшылардың жекжаттарынан артылмайды. “Сорлы қазақ сол үшін алты бақан алауыз”. Бұлардың қолын қағар әзірге ешкім байқалмайды. Жекешелендіру науқаны бұған дейінгі болмашы қолбайлаудың баршасына еркіндік берді. Өздерінше білдірмегенсіді. Қазақты бүйтіп алдаймын деген жанның не дені сау емес, не қазақ емес. Қазақ баласы өзінің халқына әзілден тән рухтың барлығын іштей оқып туады. Әз-Тәуке қалың қазақ қолын жүзге бөлгенде елге жік салып, қазақты бірімен-бірін қырқыстырмақ ниеті болмағаны белгілі. Мұны қазақтың елі мен жерін жаудан құтқарудың, елді аман алып қалудың амалы ретінде жасады. Ал, бұл енді үдей келе, ұлт бірлігіне кеселін тигізбей қоймас, сірә.

Кейбір зиялысымақтар тарихи ізденістеріне өз атасының есімін мадақтау үшін тер төгіп, архив ақтарып жүргені кімді болса да алаңдатпай қоймайды. Аты ұқсаса болды, тарихи хронологияда шаруасы жоқ, Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің жасағанын да, жасамағанын да өз ата-бабасының басына төге береді. Қолдан түзген жасанды жылнамалар, дастандар, ғазалдар мен байттар деген шықты. Оған сендіремін деп сапты-аяққа ас құйып, сабын сүйретіп тағы біреулер жүреді. “Соқыр тауыққа бәрі бидай” десе керек-ау! Тарихты қазақты жіктеу үшін, қай ата, қай атадан күшті болғанын, кеуделі болғанын, тергеу үшін, өз ата-тегінің артықшылығын дәлелдеу үшін өмірін сарып қылуға даяр. Ұлтты ұятқа қалдырамын-ау деп ойламайды. Өздері тағлымын алған, жан-тәнімен тап шайқасына қызмет өткен большевиктер тәрізді бұлар да ұлт тарихын “ата ісіне” көндіріп, артқа, шырғалаңға, “ру шайқасына” жетектегісі келеді.

Рушылдық індетке бұқара халықтан гөрі, оқымыстысымақтар мен ақын-жазушылар әуес. Бұлар Олжас Сүлейменов айтқандай, зерде деңгейін аңғартып қана қоймай, рушылдықты тұрмыс-психологиялық стихиядан идеологияға айналдыруға тырысады. Әлі есімде, Желтоқсан уақиғасынан кейін ілешала Мәскеу министрлері Алматыға келіп, істің мән-жайын өз көзімен көрмек болды. ССРО-ның Жоғары оқу министрі Ягодин көп жиынның бірінде: “Мен Мәскеудің Жоғарғы Аттестация комиссиясына түскен шағымдардың санына қарағанда қазақ халқын 150 млн екен” дегені бар: не деген шатақ халық едіңдер дегені ғой. Алматыға келгенде, рудың не екенін білмейтін балғын оқуын бітіріп, еліне аттанғанда, рушылдық індетті жұқтырып қайтады. Мен осыны оқымыстысымақтылар ғана көрмей, ұлттық әлеуметтік ақыл-ой өрбуінің баландығынан деп балаймын. Әрине, әркім өз тәрбиесінің құлы. Бірақ, бұл әрекет, болашағымыздың үлесінен шыға ма, жоқ па? Кедейлік қамытына кептелген қазақ, әдетте, бала-шағасын ата жолынан тайдырмай өсіргенді қалайды. Ол қай жол? Әрине, ол – әркімнің өзінің көрген-білгені, сүйген-түйгені, көбіне ауыл-аймақ, қора-қопсыдан аспайтын дүние. Әркім балаға, мал-мүлікке ие боларлықтай қасиет сіңірсек, дәрежесі ізінен кем болмаса деп, тәрбие береді. Кәдуілгі сана деңгейінен қарағанда, бұл дұрыс. Әйтпегенде, барлығымызға бүгінгі деңгейге жетудің өзі арман болар еді. Қаракетіміздің ауырлығы сондай – бүгінгі күнде эзер жеттік емес пе? Болмаса, мына меңіреу де қатыгез далада халық аштан қырылады. Тарихқа жүгінсек, көңіл босайды, осы әңгіме де аяқсыз қалады. Қазақ пен қазақты табыстыратын – мұқтаждық, жоқшылық. Тозығы жеткен кедей ұлттар, отар ұлттар мінезінде, туысшылдық, рушылдық басым келеді. Абай данаға “Біріңе, қазақ, бірің дос Болмасаң істің бәрі бос” деп шырылдатқан да осы нәубет. Жоқшылық адам басын туыстық формада қосады. Ал, орыс пен орысты табыстыратын – Ресей, Отан сезімі, ол Отан үшін күрес түрінде өтеді. Орыс “Ресейім!” десе қаруын сайлайды, ал қазақ Қазақстаны үшін ожауынан аса алмай жүр. “Балапан басына, тұрмай тұсына”. Жүгініске келген-

де Қазақстан Әскерінен қашып жүрген 8000 қазақ баласының тізімі жетіп жатады. Біз орыстан осы орысшылдығын үйренсек.

Қазақ үшін дүние өлім мен өмір шенесінен тұрған, тұрады, кез керім болашақта әлі де тұра бермек. Ортасы жоқ. Бұл шенесте өмір үшін бағзы заманаларда ру болып қауымдасып қарсы тұра алған рудан тыс жерде өмір де, тіршілік те, қызық та, тұрмыс та болмаған. Рулық қатынастар жүйесі қажеттіліктен туды, әрине, сол қажеттілікке қызмет етті де. Бірақ, оны тудырған дүние де өзгерді, рулық жүйе де өзгеріске ұшырады. Бәлкім, сол өзгерістерді көзіміз көрмеуі, құлағымыз естімеуі кәдік, өйткені сол өзгерістердің ішінде жүріп, өзіміз де өзгердік.

Өз-Тәуке елді, қалмақ жеңілді, жер босады, рулық қатынастар ыдырады. Мылтық асынған Жармақтық жасақтары мен қызыл комиссарлар қазақ ортасына станицалары мен колхоздарын орнатты. Дәстүрлі қатынастардың орнын “жаңа” сипаттағы қатынастар басты, рулық қатынастарға негізделген шағын қазақ ауылы отырған жерге “Пәленбайыншы партсъезде” орналасты. Шығыстың қазағы Маңғыстаудың шөлінде мұнай бұрғылап жүр, батыстың қазағы Жетісуға қоныс тепті.

Мұнан бірер жыл бұрын Маңғыстау теледидарының сұрақтарына жауап бергенім бар. Әңгіме ел мен жердің тағдыры туралы болды, ішінара жүз бен жүзшілдік мәселелеріне ауытқыған кезімізде болды. Ең соңғы сұрақты журналист тосын қойды: “Сәбе, Маңғыстау түбегінде жүздеген ұлт өкілдері қоныс еткенін, былай қойғанда, өзіміздің қазағымыздың да саналуан аталарының өкілдері баршылық. Маңғыстау ежелдегі Адай атаның ұрпақтарының атамекені. Ал мұнда адай еместер де бар. Соларға не дер едіңіз?”. Жауабым былай болды: “Адай еместерге айтарым: егер адайлар жерін дұрыстап қаза алмай жатса, сендер олардың күрегін жұлып алып, дұрыстап қазып беріңдер”, дедім қалжың араластырып, – адайларға жезделігім барды. “Ойбай-ау, Сәбе-ау, күрегін жұлып алғанға адайлар бере қоя ма? Қып-қызыл шатақ басталады ғой” деп, күлді журналист. “Күрек адайдікі болғанмен, жер қазактікі. Екеуара тіл табысып, жерді терең қазбаса, шөп далаға мәуе шықпайды ғой... – деп, мен де күлдім. Расында қазақ баласының бергі атасы бөлек

болғанмен, жері ортақ, аспаны ортақ, тілі мен діні ортақ. Қазір арақ ішуі де бірдей болды. Ендігі жерде көк ту ортақ. Осыны естерінен шығарған есерлер ойлану керек. Н. Масановтың көзіне тікенек болып қадалған “қазақы” қылықтың ішінде осы да жүр.

Бір қиырдың қазағы мен екінші бір қиырдың қазағы араласқа түсті, жақын жекжат болды, құдаласты, ортақ немере сүйіп, мейірін қандырды. Сөйткен ортада рушылдық жүргені несі? Әлде мыңдаған жылдары алға басқан аяғымызды артқа тартқан “қазақшылықтың” түрі осы ма? Ата-бабамыздың есімін бүйіріміз бұлтиғанда есімізге алатын мінезіміз бар еді, соны қайтып әкелген тәуелсіздік пе? Әлде жүзілдіктің біз білмейтін, біздің көзімізге көрінбейтін, ру таңбасын маңдайына басып, ру атын паспортына жазғызып, өз ата-бабасына ғана табынып, егінін ерте пісіремін деп, қойын егіз туғызамын деп, жүрген пысықайларға ғана мәлім басқа бір “ішкі” мағынасы бар ма? Жеті атанның атын білме деп кім айтады? Білу керек, әрине. Бұл қазақы мәдениеттің негізгі шарты. Бірақ өміріңнің мәні онымен шектелсе, сол атаңның түпкі мақсат-мұратынан шыға алмағаның. Қазақтың басы бір болса, алынбайтын қамалы жоқ. Оны Абылай заманы көрсетті. Демек, сол бас бірлікке кедергі болатын нәрселердің барлығын ысырып тастаса, мал-мүлкінді дүние-жаһазыңды халқың үшін құрбан ет, өзің де сол жолда құрбан болуға даяр бол, ұрпағыңды да осыған даярла, міне, сонда ғана көк туың желбіреді, дүние бізбен ел деп санасады, біз де әлемге дос болуға сай боламыз. Рушылдықты өзің үшін істей бер: қызыңды ұзат, ерулік бер, күмбез соқ, құда түс... Бірақ қазақ баласына рушылдық көзқараспен алыс-беріске түссең, халықтың сорын сен қайнатсаң да, сенің сорыңды ол қайнатады. Және рулық егес ұрпақтан ұрпаққа жалғаса береді, жалғаса береді. Несін жасырамыз, өзімізбен-өзіміз тістескенде ұртымыздағы тарымызды бытыра қылып атуға даяр тұрамыз. Кекшіл, кінәмшіл болып алдық. Орысқа кешіргенімізді өзімізге, қазағымызға кешпейміз! Өйткені, қазақ қазақты әдетте жанындай жақсы көреді, жамандық жасайды деп ойламайды. Орыстың қорлығына, отаршыл әрекетіне шамданбайтын қазақтың өзінің

қазағының қалжыңын көтере алмай шарқ ұратыны сондықтан. Себебі, қазақ қазақты өзіне тең көреді. “Баласы жирен айғыр ат ұстайды, мен неғып ол өнерден құр қалайын?” – деп, таласа өседі, ат жарыстырады, ата жарыстырады, дәулет жарыстырады... Күмбез жарыстырады. Бұл біздің төл мінезіміз, табиғатымыз.

“ҚТ” МЕН “ДТ”

Қазақ өз “жүзін” тапты, жамырасты, дедік. Бірақ, онымен мауқы басылып, мақұл таппайды. Руласын іздей келе ақыры “бәйбіше баласы” мен “тоқалдан туған” дегенге тоқтап, біріктіру емес, жіктеуге көшеді. Ру қазақтың басын біріктіре алмайды, түбі бөліп тынады. Ал біріктіретін ру емес, ту!

Мен өз басым осыны айта-айта әбден шаршаған адаммын. Рушылдықтың шын мәні “сыбайластық”, “мынау – саған, мынау – маған, басқаға жоқ”. Осындай “туыстықпен” шылауланған қатынастар жүйесі отаршылықпен күресте едәуір пайдасын тигізгенмен, енді тәуелсіздік алған кезде Қазақстан мемлекетігі, қазақтың бас бірлігі үшін өте қауіпті, басын жаңа ғана біріктіріп, бір тудың астына топтаса ма деп үміттенген ұлт үшін қатер. Дінмұхаммед Қонаевтың қазақ үшін де, Қазақстан үшін де жасаған жақсылықтарын айтып жүрміз, ғасырына сай азамат! Д. Қонаев қазақтың ұлттық бюрократиясының атасы болды. Қазақ азаматын мемлекет басқару ісіне жаппай араластырған осы кісі. Қазақстанды Қонаевтай отанжанды азамат басқарғаннан кейін ғана ол толық тоналудан, “тың автономиясы” қамытын киюден аман қалды, осындай азаматтың арқасында қазақ басына бір таяқ кем тиді. Қазақ жастарын Желтоқсан ызғарына қарамай, көшеге шығарған да осы азаматтың абыройы. “Осы азаматтың абыройы. “Осы біздің ел Тоқтамыс ханды жамандағанын да қоймайды, көрсе бас ұрып, тоңқайғанын да қоймайды” дегендей, ал, сол біз биік мәртебеге көтеріп отырған Дінмұхамед атамыздың қазақ халқына да, Қазақстанға да жасап кеткен үлкен бір қиянаты да бар. Дәл осы азамат басқарған кезде министр болатын адам руы тура келмегендіктен қойға айдалды да, қойшылық, елде прорабтық

қана қыпы бар, адам руы тура келгендіктен министр сайланды. “ҚТ” мен “ДТ” деген “марқалы” қазақтар шықты, алашұлы үнді шайы секілді үш сортқа бөлінді. Ол кезде басшы болу үшін партбилетке қосымша, парадан тыс этнографиялық шарт қойылды.

Әдетте, қазақтың – жауы – анау, қазақтың жауы – мынау” дейміз. Жаумен алысу оңай – өйткені, қару сайлайсың, өлмес жағын ойластырасың. Солженицын мен В. Жириновскийдің қазақты жек көретіні мәлім. Мен осыдан үміт күтемін. Өйткені, қазақты қазақ оята алмайтынын білемін: қазақ қазақтан күдер үзгені қашан? Отаршылықтың дәм-тұзын татқан ұлттардың бәрі осындай. Қазақтың басын біріктіріп, отаршылыққа қарсы көтеретіндер – Жириновский секілділер. Жауды дос орнына пайдаланатын кезең болды. Қарасақ: қазақ үшін де, Қазақстан үшін де қазақ баласын алалаудан артық жауыздық бола қоймас, сірә да. Кең пейіл қазақ кешірімді, тек алалағанды көтермейді. Қазақ әлеуметі Д. Қонаевтан кейінгі тұста осы ауруынан жазыла қойды демеймін. Қазіргі басшылар қазанымызға ас салып берер, бермес, ол басқа шаруа, егер елді жікке бөлмей, қазақ азаматын қабілетіне қарай Қазақстанның кәдесіне жаратса...

“Мен пәлен атадан” едім деген сөзді құдамыздың төрінде отырып айталық, мұны саясат пен әлеуметтік өмірге араластырмағанымыз абзал. Ата-бабасына мінәжат еткен заманда қазақ “қой жайып, майлы көтен жеп озамын” деген түсінік жетегінде еді.

Ежелден қазақ істемеген кәсіп кем де кем: қала салды – мұңғыл құлатты, егін салды – қалмақ таптап өтті, қамал салды – қоқан мен орыс бұзды. Әмбебап кәсіп қой жаю ғана қалды. Бұған да көнді. Ал, қой жайған ел руға бөлінбей тұрмайды. Бұл – тарих құзыры. Демек, рушылдық індет өтпелі. Халқымыз жаңа технологияға қол созған сайын бұл “артықшылығы” қол бұлғап, артта қала береді. Бәлкім, ру атын кейбір зиялысымақтардың паспортынан, жазған кітаптарының қасбетінен оқып өткен заманды еске алып жатармыз.

Қазақтың қабағын ашу оңай. Ол үшін қазаққа жақсылық жасап, тіпті керегі жоқ, тұрмыс деңгейін төмен түсіріп жібер – болды. Патша әкімдері мен қызыл комиссарлар сүйткен.

1932–1933 жж. солай болған. Кейін аман қалғанымызға рахмет айттық, аштықты ұйымдастырған Ф. Голощекин мен О. Исаевқа алғыс жаудырдық. Біз сондай халықпыз. Әрқашан аман қалғанымызға разы болып отырмыз. Жауапқа тарту деген сезім бітпеген. Өйткені, өзіміз үшін жауапкершілік артып көрмегенбіз. “Жаман болсақ та, аман болайықшы” деген түсінік шеңберінде қалғанбыз.

...Жуықта ауылда болдым. Ағайын-туғаным жадырап қалды. Ауыр хал-жағдайын айтты. Жазда жанармай тапшы болса, енді нан тапшы, сабын жоқ, темекі жоқ, киім жоқ. Малға шөп жоқ. Оны әкелетін көлік жоқ. Отын жоқ. Босудың аз-ақ алдында тұрған халық – көңіл құлазиды. Сөйткен жерде “самопал” арақ пен қытай арағы көл-көсір. “Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі, не жақсы, не жаманды біле алмай жүр”. Бұл не, арнайы жасалған саясат па, жоқ, қырсыздық па?

Қазіргі басшылар да қазақтың төзімділігін аңдып отыр. Бір құдайдан басқа жалбарынарымыз болмаған. Өзінің меншікті құдайы, не оның орнын толтырарлық ұлттық ұйымы, ұлттық идеологиясы, оны қорғарлық мемлекеті болмаған халықтардың барлығы осылай, тәубашыл.

Ай астында жайдары, жібек мінез, қошеметшіл жан көрсең, оны қазақ дей бер. Бірақ сондай ұлттың еңбегі еш, тұзы сор болғаны қалай?...

Жұлдыз. 7–8, 1995 ж.

Мікітаев қай мақсатпен келді?

Жуырда Алматыда Ресей президенті Б. Ельциннің арнайы адамы Абдуллах Хасболатұлы Мікітаев мырза болып, Қазақстанның өкімет басшыларының қабылдауына кіріп, пікір алмасу барысында Қазақстанның орыс тілдес жұрттарының “жыртысын жыртып”, қос азаматтық пен орыс тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру мәселесін күн тәртібіне қойды. Екеуі де Ресей үшін Қазақстанмен арақатынастағы принципті мәселелер тобына жататыны көпке мәлім.

Ресей делегациясы қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар өкілдерімен де пікір алысты. Қазақстан Республикалық партиясының төрағасы, саясаткер Сәбетқызы Ақатайдың осы жиында сөз сөйлегенін естіп, өз пікірін білдіруді сұраған едік.

Орыстан қазақ қана емес, әлем болып қорқатынын коммунистерден көруші едік; сөйтсек кейін білдік, орыс ежелден өзінен-өзі қорқады екен де, сонан барып ел қорқады екен. Өйткені, орыс дүниедегі қару-жарақ шығаратын, өндірісі де, өмір тіршілігі де, мемлекеттік және саяси жүйесі де осыған бейімделген ұлтқа айналып отыр. Кейбір саяси қайраткерлер орыс ұлтының парасаты мен зердесі орнына қару-жарағын тартып, күшеніп сөйлеуді шығарды. Ал, қару асынған елдің әрқашан жау іздейтін машығы болады. Кейінгі кезде В. Жириновский, А. Солженицын мен ресейлік казактардың бас атаманы А. Мартыновтың ресми сөздеріне қарағанда бұлар жауларын жақын жерден тапқан секілді. Ол жау – Ресей жерін “зорлықпен тартып алған, қоңсылас орыстарға күн көрсетпей отырған қазақ халқы” екен. Әу дегеннен А. Мікітаев мырзаның кіріспе сөзінен мен осыны аңғардым. Кейінгі кезде Мәскеуден тарайтын ақпарат жүйесі тек орыс мәселесін ғана қозғайтын болды. Ресейде орыс ұлтынан босқа ұлттар көзге ілінбейді. Ұлт неғұрлым аз санды болған сайын оның мәселесі көбейе беретін ежелгі заңдылық естен шығарылды. Бұл өзін-өзі “ұлымын!” деген ұлтқа жараса қояр ма екен? “Егер орыс мәдениеті мен тілі шынайы ұлы болса, оған жақындаған бұрата ұлттар өздерінің төл мәдениеті мен тілінен неге жұрдай болып шығады?” деген сұрақтың жауабы бұл ғасырда табылар емес.

Сөзінің сипатына қарағанда Мікітаевқа қазақ басшылары жылы қабақ танытпаған секілді. Мәртебелі қонақтың Қазақстан парламентінің Заң комиссиясының төрағасы Салық Зиманов туралы пікірі тіпті әбестеу шықты. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасында “ел қамы” үшін Мәскеуден келген Соломенцевтің ит терісін басына қаптаған азамат Б. Ельциннің елшісін де аяй қоймағанға ұқсайды. Колбин мырзаның қанды оқиғасында “ел қамы” үшін Мәскеуден келген Соломенцевтік ит терісін басына қаптаған азамат Б. Ельциннің елшісінде аяй қоймағанға

ұқсайды. Колбин мырзаның қанды қылышынан тайсалмаған аға сөзі айбынды болса керек-ау, қонақ аузынан С. Зиманов туралы жақсы сөз шықпады. Қалай болғанда да Н. Назарбаев бастаған өкімет басшылары Мікітаевты онша жақтырмағандай. А. Мікітаев екі мәселемен келгенін өз сөзінде бүкпесіз ашық айтты: 1. Қазақстан орыстарына қос азаматтық алып беріп, Қазақстанды Ресейге қайта қосақтау. 2. Орыс тілін мемлекеттік дәрежеге көтеріп беру. Сол үшін әлеуметтік пікір тудыру, мұны істемегеннің өзінде Б. Ельцин мен Н. Назарбаевтың болашақта өзара кездесуіне қазақ есебінен жол салу, басқаша айтқанда, бауырын жерден көтере алмай жатқан Қазақстанның басынан аттап, “күш алу”, орайы келгенде Ресейдің “ұлы держава” екенін қосымша еске сала кету. Қос азаматтық Қазақстанды бөлшектеуге, азаматтық соғысқа апарарды.

“Ресей басқа ұлттарды сүйген, көсегесін көгерткен, әлі де көгерте түседі. Ресейшіл ұлттар болашақта армандарына жетеді”. Бұл – кіндік қаны Кавказда төгілген Мікітаевтың сөзі. Ельциннің елшісінің көзі жоқ көрмейді, не құлағы жоқ, естімейді екен деп ойлап, оның көлгірсуін бөліп жіберуге мәжбүр болдық. “Егер Ресей аз санды бұратана ұлттарды шынымен-ақ жақсы көрсе, онда сіздің ауылыңыздағы халықтардың өзара қарулы шайқасқа түсуіне, Солтүстік Осетия мен Ингушетия, Молдавия, Шешенстан, тіпті бірге туысқан, егіз екі ұлттың, Украина мен Ресейдің арасында соғыс өрті қаупі туып отырғанына жол болсын, мәртебелі мырза! Онда орысқа ереміз деп ұлттық тозу мен азуға түскен солтүстік халықтарын қайтесіз? Ресейден, иісі орыстан, алыс қоныстанған ұлттар мен ұлыстардың қағанағы – қарқ, сағанағы – сарқ болып, Ресейге қоңсылас жақын жұрттардың шала үйтіліп отыратынын немен түсіндіресіз?” – деп қойылған сұраққа өзі де күліп жіберді. Байқасақ, ұлты кавказдық екен. Иманы түгел демегенмен, ұяты бар адам болып көрінді. Абдуллах Хасболатұлы, Сіз қазақ халқын Ресейге қайта бағындыруға, орыс тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге, Қазақстанның орыстары мен орыстанғандарына қос азаматтық алып беруге келген екенсіз. Қош! Ал, Сіздің осы сапарыңыздың мақсаты мен Сіздің өзіңіздің ұлттық тегіңіздің арасында бай-

ланыс бар ма? Бізге 1731 ж. орыс патшайымы Анна Ивановна Әбілқайырхан қол астындағы Кіші жүз қазақтарын орысқа бағындыру үшін А. М. Тевкелев деген башқұрт антұрғанды жіберіп, 300 жыл бойы қазақтың көз жасына қалып еді”. Елшінің абыройының төгілген жері де осы болды. Бәлкім, елші қазақ халқы XVII ғасыр деңгейінде, әлі де қой жайып, майлы көтен жегеніне мәз болып жүр деп ойласа керек-ау. “Орыс қазақ дегенде екі араға Басқа ұлттарды қыстырғанын қашан қояр екен?” деген ащы пікірді ашық қоюдың да қисыны келді. Қонақ та жым болды, зал да басыла қалды. Әдетте қазірде “анау жоқ, мынау жоқ” дегенге мен “адамдарда иман да жоқ” дегенді қосар едім. Бұлай дейтінім Қазақстандағы Ресей елшісі Г. Виноградов мырза Мікітаевтың әр сөзін қолпаштап, қуанғанынан қолын төбесіне қойып, қол шапалақтап, залда отырғандардың көңіл-күйін “реттеп” тұрды. Оның жанында елшінің шашбауын көтеріп, аузынан шыққан сөзді аңдып, “Лад”, “Русская община” адамдарымен қатар өзінің ұлттық ырыздығын сатып, биге шықпақ ниеттегі орыс тілдес қазақ мәңгүрттері де отырды. Мұндай алқалы топта қожайынның көзіне қарап қалу, “жақсы атану” Әбілқайыр заманынан қалған әдет қой.

“Орыс пен немістің Қазақстанды тастап, өздерінің тарихи отандарына кетіп жатқаны Қазақстанның тәуелсіздік жариялауынан бұрын болған, енді сен бұзылған тұста бұл процеске ешкім бөгет бола алмайды. Есі барда елін тапқандарға ризашылықтан басқа не айтамыз. Ал, оған саяси реңк беру барып тұрған арандатушылық болып табылады. Мұның түпкі мақсаты – Қазақстанның тәуелсіздігіне ор қазу. Орыстардың Қазақстаннан жаппай көшуіне Ресей ақпарат құралдары да кінәлі: қит етсе болды, “орыс қазақтан жаппай шегіп жатыр” деп дүркіретеді. Абдоллах Хасболатұлы, 300 жыл тізе бүккен, ұлт басқа ұлт өкіліне, әсіресе, бұрынғы қожайыны-орысқа, құқай көрсетеді дегенге сенесіз бе?! “Зәбір көрген ұлттың” қазіргі тұрмысын алып көріңіз: Қазақстанда кімнің тұрмыс-тіршілігі жақсы – орыстікі, кім саяси, экономика және мәдени саланың тетігін ұстап отыр? Әрине, орыс. Тағы бір мысал: Қарағанды мен Жамбыл қалаларында екі бірдей рухани орталық ашылмақ.

Бірі – мұсылман мешіті де, екіншісі – шіркеу. Мен де біраз дүниені аралаған адаммын. Мұндай еңселі православиелік ғимараттар оның отаны Грекия мен Ресейдің өзінде жоқ, ал, олардың жанында салынып жатқан мұсылман мешіттері аналардың қатарында шошала тәрізді. Жуырда Президент Н. Назарбаев Пасха мейрамында шоқыншыларды құттықтап сөз сөйледі, маңдайшасында кезінде “ит пен қырғызға кіруге болмайды” деген жазуы болған Алматыдағы Кафедралдық соборды соларға қайтарып берді. Рәтбек қажы теледидардан орыс попымен қауышып, шарап ішуге дейін барды. Сөйткен Президентіміз Құрбан айтта өз бауырларына жылы сөз айтуға жарамады. Бұлардың бірін де орыс көзіне ілмейді, әрине. Бұл не, құрметтеу, қошеметтеу емес пе?! Мұны мен Сізге, Сіздің де өзім секілді бұратана ұлт өкілі, тағдыр-тауанымыз ұқсас қой деп айтып тұрмын”, – деген де сұрақ қойдық бір тұста.

Алайда өзгеріс те бар екен: осы жолы, әсіресе, Атырау мен Қызылжардан, Павлодар (Ақсудан) мен Қарағандыдан келген жергілікті әкімияттардың атынан ресми келген кейбір өкілдер менің көңілімнен шықты. Бұлар А. Мікітаевтың пікіріне алдынала жауап дайындап келгендіктен бе, әйтеуір, тойтарыс беруге даяр екенін көрсетті. Мен осыған разы болдым. “Қазақ ұлтшылдары өз тілімізде сөйлеуге мүмкіндік бермей отыр. Мектептерімізді жауып тастап, қайта ашуға кедергі жасауда, қызмет бермеуде” және тағысын тағы осындай пікірлерді қарша боратқан шовинистердің айтқанына өкімет шенеуніктері, обалы не керек, табанды тойтарыс бере алды. Өкімет адамдарының тарапынан болған мұндай пікір сайысы менің қатал талаптар айтуыма жол ашып берді: “қазақ тілін қорғау үшін қазақ тілінде ғана мемлекеттік мәртебе болу керек; орыс тілі – шет ел тілі; қазақ әлемдік мәдениетке барар жолда орыстың ұлттық тіліне байланып қалмай тікелей әлемдік қатынасқа түсуі керек; Қазақстан Конституциясында бекітіліп, орыс тіліне берілген ұлтаралық қатынас тілі дәрежесі артық; Қазақстанда араб, неміс ағылшын, француз, қытай тілдері дәрежесі қандай болса, орыс тілінің де Қазақстандағы әлеуметтік паркы мұнан артылмауы керек”.

Қазақ тілінің ауыр ахуалы туралы академик Әбдуали Қайдарі айтып өтті. Ресей Конституциясын орынсыз марапаттаған А. Мікітаев мырза; “Ресей ежелден азсанды буратана халықтарды жақсы көреді”, – дегенді қайталап айтты. Қазіргі Ресей Конституциясында азсанды халықтардың өзін-өзі билеу правосы табан асты қалғанын, бұрынғы большевиктік, сталиндік Конституцияларды қанша жамандағанымызбен ұлттардың өзін-өзі билеу правосы – деген қағаз жүзінде болса да бар болғандығын, 1991 жылы тәуелсіздігімізді жариялағанда, осы бапты арқау еткенімізді қонақ алдына көлденең қойдық. “Единство” қоғамының өкілі Қазақстанда орыс мәдениеті құлдырау үстінде, орыс мәдени орталығы жоқ, орысша теледидар, театр, газет-журналдар жоқ деген байбалам айтты. Оған жауап ретінде Қазақстандағы мәдениет, баспасөз, радио-теледидардың басымы орыс еншісінде екендігін баса көрсетілді.

Б. Ельцинге аманат ретінде мынадай пікірлер айттым. “Ресей ақпарат құралдары Қазақстандағы орыстарды қазақша сөйлеуге, қазақтың әдет-ғұрпын, тілі мен дінін үйренуге насихаттауға бет бұрса, орысты қазаққа айдап салу саясаты дереу тоқталса, Қазақстан орыстарын Қазақстанды қорғауға шақырса...” дедім. Елші бұл сөзімді жазып алып, мақұл көрді.

Қазақстандық орыстардың мұнан былайғы жерде қолдарынан саяси билік кетіп бара жатқаны рас. Бұрынғыдай коммунизм орнатамыз деп қазақты жаппай шоқындыра алмайтынына көзі жетіп отыр.

“Біз орыс шовинистерінің қазаққа қожайын болу сезімінен түбегейлі қоштасқанын қалар едік. Орысты тепе-тең болуға, қызметтес болуға, ал, қазақты орыстың өнерін, білімін меңгеруге шақырар едік. Бірақ орыс қазақпен тең болуға өлсе көнбейді. Қазақпен тепе-тең болу деген – қазақша жоқшылықта, мұқтаждықта өмір сүру, жұмыстың өнімсізін істеу, тұрмыстың ауырын, жалақының ең төменгі деңгейін алу, үйсіз-күйсіз күн кешу, Алматыда, өзінің астанасында тұрмай, айдалада, бұта-бұта, сай-салада қалу, мал бағу деген сөз. Бұдан былай Мәскеуде отырып, “Ойбай! Қазақстанда қазақ орысты жәбірлеп жатыр!” деген сөз естісеңіз, өзіңіз де сенбеңіз, басқаны да сендірмеңіз.

Ресей басшылары Сізді, елші мырза, ТМД-ның басқа бір мемлекетіне осындай “шаруамен” тағы да командировкаға жіберсе, бас тартыңыз, әйтпесе азаттыққа ұмтылған сол ұлттың қарғысына ұшырайсыз. Әбілқайыр мен ағзам патшаға жеңгетай болған генерал Тевкелев біраздан кейін азатшыл башқұрттардың қолынан ит өліммен қазаға ұшырағанын есте тұтыңыз”, – деуге тура келді сөз соңында.

Осы жиыннан шығарар қорытынды: орыс империясы Қазақстанды торып, “билігінді берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан аламын” – деп, қазақ ішінен жаңа Әбілқайырлар іздеп, араға жаңа дәуірдің Тевкелевтерін салып жүр екен. Абай болалық! Тіл дамыту ісінің тоқырап отыруы да, басшыларымыздың “Еуразия Одағы” дегенді шығарып жүруінің астары да сонан. “Еуразия Одағының” басқа бір сипаты президенттік сайлау науқанының жақындап қалғанынан да хабардар етеді. Алайда бұл – басқа тақырыптағы әңгіме.

Ана тілі. 2 маусым 1994 ж.

К. Аннанға ашық хат

Аса мәртебелі Кофи Аннан мырза!

Әр ірі соғыс адам баласын ілгері жетелеп жатқанын көріп отырсыз. Өйткені, соғыстан, қаннан қорқу сезімі адамзаттың зәресін алып, құтын қашырып, шешімі қиын мәселелердің кілтін тауып береді. Бұл – әуелден солай болған және бола бермек.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін де, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін де солай болды. Африка, Еуразия мен Латын Америка елдерінің біразы соғысқа қатысушылардың жеңген-жеңілгеніне қарамай тәуелсіздік алды, арқасы кеңейді. Енді адамзат тарихы алдында үшінші дүниежүзілік соғысқа деген қарама-қайшылықтар пісіп-жетілуде. Оның иісі де, елесі де Еуразия мен Америка құрылықтарын аралап жүргені байқалады. Өйткені, көптеген ел-жұрт өз жерінде, ата-қонысында отырса – опак, тұрса – сопақ болып жүр.

Әрине, соғыс құрысын! Осы үшіншісін мұхиттың аржағынан Сіз боп, бержағынан біз боп, болдырмасак қайтеді? Алдын алсақ. Қайтіп дейсіз ғой?

Енді қазақ ұлтшылы мені тыңдаңыз. Үшінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен қайнар көздері ХХІ ғасыр табалдырығын аттағалы отырған шақта көпе-көрнеу пісіп-жетілуде. Қытайдағы Тибет пен Шығыс Түркістан, Ресейдегі Чешенстан, Дағыстан, Татарстан, Башкортстан, Еділ бойы, Әзірбайжан мен Армениядағы Таулы Қарабах, Украинадағы Қырым, Африкадағы тутси мен тути. Мен әдейі бір елден бір елге аттап сөйлеп отырмын. Олар көп. Бір Ресейдің өзінде жүзден астам. Югославияны өзіңіз көріп отырсыз. Ұсақ ұлттар мен ұлыстардың көзі ашылып, көкірегі оянған сайын олар бостандық жолын таңдайды. Бұл – Құдай ісі, заңдылық. Бұрын мұның барлығын марксизм тап тартысының жемісі десе, мен басқаша түсінемін: “үлкен” ұлт пен “кіші” ұлттың текетіресінен туған, ымыраға еш келмейтін антагонистік қарама-қайшылық. “Үлкен” ұлт “кіші” ұлтты қуырып жегеннен басқа қиянаттың барлығын жасайды. Оны менің көзім көрді, халқым соның жемтігі болды. “Кіші” ұлт “үлкен” ұлттың қорасындағы қойы іспетті, “ішкі ісі”, қиянат ойланп істеледі, тілінен, дінінен, ділінен айырады. “Үлкен” ұлт “кіші” ұлтқа деген зұлымдығын өзіңізге, БҰҰ-ға, арқа сүйеп отырып жасайды. Югославияда сербтердің албандарға, Қытайдың Тибет пен ұйғырларға көрсетіп жатқан зұлымдығы айсбергтің үстіңгі жағы іспетті. “Аға” ұлттың “інісіне” жабатын кінәраты барлық жерде бірдей, стандартты, типологиялық сипатта: “террористер”, “ұлтшылдар”, “сепаратистер”. Ал шындығында, бұлар елі сүйсінетін нағыз патриоттар, ұлтына деген қиянатқа өзі де шыдамайтын, өзгелерді де шыдатпайтын, шынайы түк жүрек көзсіз батырлар! Бұл бізге Ресей халықтарының ұзына жылдарға созылған ұлт-азаттық майданының ардагерлерінің тағдырынан мәлім. Ата десеңіз атап кетейін: қазақтар Сырым, Кенесары, Исатай; башқұрт Салауат, чешен Шәмил, Джоһар... Бұларды Ресей ата жауындай көреді. Жалғыз Ресей ме?

Іргелі де ірі мемлекеттер арасында осы орайда түсіністік жоқ.

XX ғасыр күш философиясы ғасыры болып аяқталмақ, ал XXI ғасырдан да үрей желі еседі: күшті іске асыру ғасырына айналдырып алмалық, Бас Хатшы мырза. Бұған дәлел-ыдыраудың алдында тұрған Ресей. Ресейді о баста біріктіріп, ірі империяға айналдырған күш еді, енді ол қуаты кеміген тұста ыдырауға түспей тұрмайды. Оны сақтандыратын күш Ресейде жоқ. Қуатсыз құбылыс құбыжық келеді, ашуланшақ, іші шынтақ айналмайтындай тар келеді, қаруын шошандата бастайды. Мен осы болмысты қазір Югославияға байланысты Ресейдің қимыл-әрекетінен байқаймын.

Үшінші дүниежүзілік соғыс орнына дүниежүзілік жиын өткізіңіз, соғыстың алдын алыңыз. Азғантай ұлт өкілдерінің басын қосыңыз. Олардың патриоттары, қоғамдық ұйымдары мен партияларының басшылары мұқтаждықтарын жария етсін. Ірі мемлекеттерге олардың мүдделерін мойындатыңыз. Тәуелсіздік алуын тізімдеңіз, кезекке қойыңыз!

Адамзат білегі осы уақытқа дейін күшке қарсы күш қоя білді, соғыстың себеп-салдарына ғана жауап бере алды, енді сол себеп-салдарды бейбіт жолмен жою мәселесі күн тәртібіне қойылуы тиіс. Егер бұл келелі іске Сіз ұйытқы болмасаңыз, ұйытқы боларлық жан түбінде табылады. Бірақ, оған дейін қаншама-қан төгілмек?

Ұсақ ұлттар мен ұлыстардың қазіргі дамуында “аға” ұлттарға сіңіп, жоқ болғаннан басқа болашағы жоқ. Оған саясат қарсы болмайды; әрине. Ал адамзаттың мәдени дамуы, өркениет шарттары түбегейлі қарсы.

Дүниежүзілік соғыс орнына дүниежүзілік конференция өткізілсе, онда азғантай ұлт өкілдері, олардың партиялары мен қоғамдық ұйымдары өздерінің мұқтаждықтарын жасырмай ортаға салса, оған халықаралық ұйымдар қалтқысыз жәрдемдесе, Азаттық жолында жанын пиде еткен көптеген ұлттар мен ұлыстар өкілдері тәуелсіздігін жариялауға кезекке қойылса, олардың мүдделері мойындалса, XXI ғасыр осы іске мұрындық болып, Дүниежүзілік соғыстың алдын алатындай қалыпқа келтірер еді.

Адамзат білегі көпке дейін соғыстың себеп-салдарына ғана жауап берумен болды, енді сол себеп-салдардың өзін бейбіт жолмен шешу мәселесі күн тәртібіне қойылуы тиіс. Ол да саяси ұйымы жоқ, мемлекетінен айырылған, әлде осы уақытқа дейін мемлекеті болмаған ұсақ ұлттар мен ұлыстар мәселесін реттеу. Бұл – тарихи процесс.

Ұсақ ұлттар мен ұлыстардың қазіргі даму кезеңінде үлкен ұлттарға сіңгеннен басқа, әлде қарулы күрестен басқа ешбір болашақ жоқ.

P. S. Хатты К. Аннан мырзаға жеткізуді БҰҰ-дағы Қазақстан өкіліне аманат еттім.

Заман-Қазақстан. 16 сәуір 1999 ж. №16

Мен ауру адаммын. Ауруымның аты – ұлтшылдық

Сәбетқазы Ақатайдың мұңы:

Қазақты бақытты ету оңай. Көктемнің ерте келгеніне шексіз бақытты. Таңғы күннің шыққанына бақытты. Автобус кешікпей келсе, үйінде жылу болса соған бақытты. Зоопарктегі қанаты қиылған сұңқардың тағдырын амалсыз кештірген қасіретті жылдардың ащы сабағы шығар.

Біздің енді бейшара болуға аруақтың, құдайдың алдында қақымыз жоқ. Неғұрлым әлсіздіктің өзінен соғұрлым патриотшылдық табу – парызымыз. Қазаққа қазақтың ғана жаны ашиды. Жан ашудың да жан ашуы бар. Қайыр сұраған сығанның қатынына да жаны ашиды. Біздің қайырымдылық ұлы ұлт мүддесінен туындауы қажет.

Қазақтың үйіне кедейшіліктің пропискаға тұрып алғаны уақытша. Қайыршылық біздің көлеңкеміз емес. Біз де жетілерміз, жетерміз. Тек әзірге далалық қасиет, жылқы мінез әбден оянып алсыншы...

Республикалық партия лидері Сәбетқазы Ақатай мырзамен сұхбат.

– *“...Біздер, саяси партиялардың қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың өкілдері, ауқымды өзгерістер міндеттерін бұқараның күнделікті қажеттеріне жақындата түсу үшін, қоғамның реформашыл барлық күштерін, демократиялық құқықтық мемлекет ретіндегі Қазақстанның болашағына немқұрайды қарамайтындардың барлығын белсенді ету үшін тұрақты жұмыс істейтін “Реформаларды қолдау жөніндегі халықтық одақ” дөңгелек үстелін құрып отырмыз” делінген аталмыш дөңгелек үстел қабылдаған меморандумда. Келісім үстеліне отыруға не түрткі болды?*

– Бернард Шоудың қарапайым мысалын алыңыз. “Сенде бір алма бар. Менде бір алма бар. Екеуміз алмаларымызды ауыстырсақ, сенде де бір алма болады, менде де бір алма болады. Сенде бір ой бар. Менде бір ой бар. Екеуміз ойларымызды алмастырсақ, сенде де екі ой болады, менде де екі ой болады”. Дөңгелек үстел осы принцип шеңберінде өтті. Саңылаудан түсетін сәулесі жоқ қараңғы бөлмедегі жанның кейпінде қалған бүгінгі ортаға ақылды мәмілеге тоғысатын басқосулардың мәні зор. Дөңгелек үстел – жарық іздеудің амалы.

– *Ис-әрекет мәмілесі ой мәмілесі ме?*

– “Барлығы бірдей ойлаған жерде ой болмайды” (Гегель). Білесіз бе, коммунистік жүйе идеологиясының олқылығы осында еді ғой. Ол пенделерді біркелкі ойлауға үйретуге талпынды. Күші қуатты, көзі қырағы алып монстр салауаттылығының тайыздығынан жарға құлады. Қайтерсіз, мысқылды шындық айтады: әрекет етушінің қателесуге де құқы бар.

Ой алуандығы ешқашан артықтық етпейді. Әрине, ол өз уақыт кеңістігіне пайдалы ой болса.

– *Дөңгелек үстел мүшелері пікірлестер ме, қарсыластар ма?*

– Әріптестер. Менің қарсыластарым тек қана шовинистер, социалистер емес. Бірақ қарсы болу мен қарсы бола тұрып қарсы жүрмеу екеуі екі бөлек нәрсе. Қарсылықтың берері қайшылық. Тұрақты дамудың жұлынқұрты. Бүгінге керегі “ақыл – алда, ашу – артта” қағидасы. Мұның және дәстүрге айналғаны абзал.

Кешегі мен бүгінгі саяси декларациялардың мазмұн айырмасы орасан. Осыны түсінбейтіндер “Халықтық майдан” құрғысы келеді. Талаптары орынсыз. Беломыртқасы бекімеген мемлекетке нардың жүгін артқысы бар.

Жаңа әлеуметтік психология даңғазә эмоцияны жатырқайды. Жеңіспен аяқталған қан майданнан әлсіз болсын бәтуа артық емес пе?! Меніңше, “Реформаларды қолдау жөніндегі халықтық одақ” дөңгелек үстелінің сипаты осында. Әйтпесе, қарсыластарым, қарсыластарым емес-ау, жауларым жетіп артылады. Кім қалай айтсын, ұлттық бағдарламасы жоқ кез келген ұйым, топ менің дұшпаным.

– *Дөңгелек үстел қорытындысына қанағаттанасыз ба?*

– Саясат, сайып келгенде, билікке талас. Біз, этатистер (“мемлекетшілдер” – *фр.*) Қазақстанның құдай берген тәуелсіздігін жан адамға бергіміз жоқ. Қызғанамыз.

Саяси тәуелсіздік жарияланып келеді. Экономикалық дәуірлеу ауыр өтеді. Екеуін шатастыруға болмайды. Саяси тәуелсіздік экономикалық қауіпсіздікпен қамтамасыз етіледі. Жай формула. Осыларды халыққа жеткізсек дейміз. Жүрдім-бардым айтылған сөз жұртқа жетпейді. Дөңгелек үстел, міне, сондығынан қанағаттандырады. Әлдекімдердің мені “кеше қасқа болды, бүгін басқа болды” деп те кінәлауы да мүмкін. Өз еркі. Біздің қойған таланттарымыз кештетіп болсын орындалып жатыр. Әліппені ашсаң Рязань ормандарында саңырауқұлақ қана теріп жүретін Сашка, Васялардан құтылды, әйтеуір. Не керек?

– *Республикалық партия дөңгелек үстел мәжілісіне қандай ұсыныстар енгізбекші?*

– Әзірге дөңгелек үстел отырыстарының бірінде “Ауылға араша” тақырыбында нәтижелі іске ұштасатын пікір алмасу өткізу ойымызда бар.

– *“Қазақстан–2030” жолдауындағы “Барыс” идеясына сенесіз бе?*

– Сенемін. Менделеевтің бүкіл элементтері ғана емес, Менделеевтің өздері де бар ғылыми потенциалы зор мемлекетпіз. Жолдау төңірегінде әңгіме мол ел арасында.

– Жолдау, дөңгелек үстел... осыдан бес–он жыл бұрынғы көзқарастарыңызбен қиыса ма? Ұлтшыл Ақатайдың дүниетанымына уақыт қандай өзгерістер енгізді?

– Ұлтшылдығыңыз дұрыс. Ұлтжандылар шынтақтап жатып, қою шай ішіп, көлгірсіп сөйлейтіндер. Бұл ұлтшылдықтың пассивті түрі. Ұлтшыл идеология мемлекеттілікке қатысты. Екі түрі бар: үстемдік етуші ұлт ұлтшылдығы (зәбірлеуге бағытталған), езілген ұлт ұлтшылдығы (сақталып қалуға бағытталған).

Мені ұлтшыл деуге қақыларыңыз бар. Мен ауру адаммын. Ауруымның аты – ұлтшылдық.

– Ел арасында 2000 жылғы Президент сайлауы туралы әңгіме көп...

– Түсіндім. Ақиқатымды айтайын. Қазіргі Президенттің жеке басында шаруам жоқ, ісі, бағыты ұнайды.

“Сарай төңкерістерінің дәуірі” дейтін бар тарихта. Одан көк тиын пайда болмайды. Түріктер былай дейді: “бір сұлтан келеді, бір сұлтан кетеді. Түркия қалады”. Басшы қылып сайладың екен, бастаған жұмысын аяқтауға да мүмкіндік берілуі керек қой. Сынды уақыт айтады.

– Соңғы сауал. Келер мыңжылдықтың басында қазақы қоғамда түзілетін қоғамдық-психологиялық қалыпқа қандай сипаттама берер едіңіз?

– Қазақтың бойында бодандық атаулының қай-қайсы түріне де қарсы тұратын рухы асқақ қасиет қалыптасады, қалыптасып та жатыр.

Халықты мына жүйе еріксіз біріктіреді, өйткені қазақтың жауы ортақ.

Қазақтандыру процесі бұдан әрі де жоспарсыз-ақ жүре беретін болады.

Демографиялық тоқырау – табиғи. Сан емес сапа мәселесіне бас қатырғанымыз жөн.

Дамуымыздың алғы шарттары берік орнығатын болады.

– Рахмет.

*Сұхбаттасқан, Талғат Ешенұлы
Жас алаш. 31 қаңтар 1998 ж. №13*

Береке бұзар әрекет

Маусымның 17 күні республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясы өз жұмысын жалғастырды. Он күндік демалыстан кейін бұрынғы бейресми ұйымдар, әсіресе, ұлттық-демократиялық күштер де өз науқандарын құлшына жандандырды.

Сәске түстен кешке дейін Үкімет үйінің алдында митинг өткізілді. Астананың өмірінде тағы да “демократтардың” “партократтармен” тіресуі басталған сияқты. Көптен бері мардымсыз саяси шаралармен ғана шектеліп жүрген “бейресмиліктер” өз дамуының тағы бір сатысын аттаған сияқты. Жекелеген саяси акциялар арқасында (Ермак, Дзержинскийдің ескерткіштерін құлату, саяси-аштық жариялау) олар халық арасында наразылық тудыруға ұмтылуда.

Алматыда басталған митингілік марафон көпке созылмақ сынайда. Сонда “бейресмиліктердің” талап-тілектері қандай, ұмтылған мақсаттары мен іс-әрекеттері бүгінгі дағдарысқа не қоспақ? Осы сұрақтарды митингіге дем беріп жүрген “Азат” партиясының төрағасы, Сәбетқазы Ақатайға қойған едік.

Бұрынғы бейресмиліктер енді ашық оппозицияға көшті, – деп мәлімдеді С. Ақатай. – Осы акцияны ұйымдастырып, халық санасын тез оятуға атсалысып жүргендер “Азат” қозғалысы, республикашылдар, “Желтоқсан” партиясы. Біз көптен бері ел басшысы, үкіметтен нақтылы шаралар күттік. Қара қазақ “тозып барады, ел қамын ойлайтын адам жоқтың қасы. Президентіміздің өзі басшыларына көп жалтақтайды. Біз наразылық білдіріп, нақтылы талаптар қойып отырмыз. Олардың негізгісі – қазіргі үкімет түгелдей биліктен кетуге тиіс. Оның орнына коалициялық үкімет құрылуы керек, оған кіретін үміткерлер жан-жақты талқыланып, ел арасында кең танымал болуы керек. Қазіргі президенттік жүйенің әкім-әкімшіліктері – күшейіп келе жатқан тоталитарлық белгісі.

Біз бұған да қарсымыз. Демократия тумай жатып, бесігінде тұншықтырылып жатыр.

– Бүгіндей дағдарыс жағдайында талаптарыңыз орынсыз емес пе? Тұйықтан шығатын жол – қуатты экономикалық бағдарлама қабылдап, оны орындауда. Осы қадамдарыңыз алғашқы бейресми ұйымдар қозғалысының іс-әрекетіне ұқсайтындай?

– Жоқ. Біз алдымен тоталитарлық, әкімшілік жүйені толық құлатуымыз керек, кешегі халық қанаушыларын биліктен алыс-татпай, экономикалық реформаға көшу, қиын. Қалың қазақты алдымен ояту керек.

– Ұлттық-демократиялық қозғалыста бірауыздылық неге жоқ? Халық мүддесін бірігіп қорғайтын деңгейге жеттіңіздер ме? Мәселен, Қазақстан Социалистік партиясы өз экономикалық бағдарламасын ұсынып, Жоғарғы Кеңестің осы сессиясында оппозицияға көшпек.

– Социалистердің бір де сөзіне сенбейміз. Олардың барлығы кешегі тонын айналдырып киген коммунистер. Социалистік партия бұрынғы Компартияның дүние-мүлкі мен қанішерлік рухын өзіне көшіріп алған. Социалистік партияға халық санасын оятқысы келмейді. Керісінше, ауылдағы қарапайым шопандарды алдап, өзіне мүшелікке қабылдауда.

– Ондай фактілерді Сіз өзіңіз білесіз бе?

– Иә, мәселен, Қызылорда, Талдықорған облыстарында орын алған жайлардан хабардармын. Семей облысы социалистерінің өз қатарын көбейту әрекеттері “Ара” журналында ашық жазылған.

– Кешіріңіз, “Сұхбат” газетінің тілшісі ол журналдың дәлелдерін теріске шығарды. Адамның ар-ожданына қол сұғудан сақ болу керек шығар?..

– Бәлкім, солай да шығар. Бірақ қазіргі Соцпартия халықты алысқа апармас. Біз “Алаш” партиясына да наразылығымызды білдіреміз. Олар ел шулатудан басқа жұмыс атқарып жүрген жоқ. Сондықтан да бүгіннен бастап “Азат” қозғалысы, республикашылар, желтоқсандықтар бүкілқазақтық наразылық акциясына кіріседі. Президентіміз қазаққа баспана, жұмыс тауып берсін, жекешелендірудің қазіргі барысы қазаққа жақсылық

әжелмейді, оны да жөнге салу керек. Жаңадан коалициялық үкімет құрып, мына жабайы нарықтан, жаңа күшейіп келе жатқан тоталитарлықтан аман қалу керек.

Алматының орталық алаңында жиналған белсенді “бейресмиліктер” өз талаптары орындалғанша тараманды мақсат тұтып отыр. Олардың ішінде республиканың әр түкпірінен келгендер де бар. Ал, “бейресмиліктердің” осы әрекеті қарапайым халыққа не бермек? Текетірес қу сөзден арылып, ортақ іс ұшты бірікпес пе, бірлеспес пе азамат!

*Алаңда болған Е. Қарабек
Сұхбат, 23 маусым 1992 ж.*

Ұлтшыл болу ұят па?

Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-саяси ақыл-ой айдынында ұлтшылдықтың бірімен-бірі қабыспайтын, біріне-бірі қарсы тұратын екі түрі бар. Бірі – “ұлы”, әміршіл, отарлаушы ұлттың қаскөй ұлтшылдығы. Екіншісі – жергілікті, тоналушы, отарланушы “кішкентай” ұлттың “ұлтшылдығы”. Бұл – қазақтың қара тілімен айтсақ, ұлтжандылық, патриоттық. Демек, ұлтшылдық санына қарай “ұлы” және “кішкентай”, сипатына қарай өктемшілдік және азаттыққа ұмтылыс түрінде екіге бөлініп, әлеуметтік әділеттілік өресінен “жаман” мен “жақсы” болып бағаланады екен.

Әдетте, орталықтары қызыл комиссарлар бұратана басшыларды мақтағанда – “нағыз интернационалист”, ал табалағанда – “барып тұрған ұлтшыл” деп, таңбалайды. “Интернационалист” болып атанған басшы бұған шен алмаса да, разы болып жатады. (Мәселен, Камалиденов, Меңдібаев, Юсупов және т. т.), ал “ұлтшылдық” қоңырауы тағылған басшы (мәселен, Тәшенов, Дәуленов) орнынан жұлынып, ісі тергеуге кетеді. Жергілікті басшыларды бұлайша “тәрбиелеу” жаппай тәсіл сипатын алып, бала бақшадан бастап, совпартмектебі жүйесіне дейін жайылды.

Аудан мен ауыл деңгейіндегі басшылар арнайы совпарт-мектепті бітірмей-ақ мұны “100 процент” іске асыруда: қазақты қылқындырып, қазақ еместі көтеріп отырсаң болды. “Интернационалистік” философияның жабайы мәні үлкен ұлттың сойылын соғып, өзінді-өзің тежеумен түйінделеді.

Көне грек философы Фразимах: “Әділет дегеніміз – күштінің сөзін сөйлеу” депті. Сонан бері бұл түсінік өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Мұның шың басына шықты-ау деген сәтін бастан кешіріп жатырмыз. Философия тарихынан бейхабар жандардың бұл концепцияны жақсы меңгергендігіне таңым бар.

– Ұлтшылдық жаман! – деп, бұратана халықтарға зеки сөйлеген орыс шовинисі өз ұлтшылдарына қарап, – Жарайсың, патриотым! – деп, арқасынан қағып, еркелетіп жатады. Ондайларына шен тағып, атақ-абырой ұсынып, аузынан тастамайды.

Орыс ұлтшылдарының баршасы – “ұлы”. Олар отаршыл соғыстарға қатысып, шен алған Пушкин, Лермонтовпен ғана, немесе құмықтарға қарсы соғыста жүріп олардың тілін үйренген Лев Толстоймен ғана шектелмейді. Бұратана ұлттарды қаламымен ғана қан қақсатып жүрген Д. Лихачев пен В. Быковтар неге тұрады?..

– Ұлтшылдық жақсы! – деп күбірлесіп, ішінен тынады бұратана халық өкілі. Айтқан сөзі дастархан басынан аспайды, қатты айта алмайды. Өйткені бұл сөзді орыс ұлығы естісе түрмеге қамайды, жәбірлейді, жасқайды. Даусы қаттырақ шыққандарды өз билеушілері-ақ ауыздықтап отырады.

“Ұлтшылдығы” үшін зәбір көрген, таяқ жеген аз санды халықтардың ішінде сормандай қазақ та жүр. Ұлтын сүйгендігі үшін жаза кесу, “итжеккенге” айдау жағынан коммунистер патша отаршыларынан да асып түсті. Қазақстанның халқын қырып, жерін тозаққа айналдырды. “Үлкен” ұлттың ұлтшылдығы қазақ халқының мойнына бұғау болып түскенін интернационализмнің жарқын көрінісі деп, арқамыздан қағып, күле сөйлеп, мәз қылып отырды. Ал, шынымызды айтсақ, біздей көнбіс халықтың отаршылдыққа қарсы қойылатын ұлтшылдықтан басқа қаруы да жоқ еді.

Ұлтшыл болмағандықтан – жерден айрылды.

Ұлтшыл болмағандықтан – Еділ мен Ертістен, Іле мен Есілден айрылды.

Енді елден айырамыз деп қоқандайды қара орыс. Сонда ұлтшылдықтан басқа бізде не қалды?

Демек, отаршылдық үдеген сайын ұлтшылдық та дәуірлей түсіп, отаршылдық бәсеңсісе – ұлтшылдық та бәсеңсіп отыруы заңды. Ұлтшылдықты қоздырушы күш – отаршылдық. Ұлтшылдық өздігінен өзі тумайды. Оның себебі бар. Отаршылдық қысымның кез-келген түрі кездесе беретін Қазақстанда ұлтшылдық бар, бола береді, бола беруге де тиісті. Сондықтан Желтоқсан оқиғасының шындығын әлемге әйгілеп, қазақтың алғысын алған М. Шахановтың “қазақ ұлтшылдығы жоқ” дегеніне қарсымыз.

Қазақ халқының бүгінде дүниеде бар болып, жасап жатқаны рас және келешектен үміті болса, ол – қазағымның бойында ең әуелі ұлттық асыл қасиетінің жоғалмағандығы мен рухының тозбағандығының арқасы. Ал оған біздің қожайындарымыз қалай ат қояды – оны өздері біледі. Өзімізге беймәлім, бірақ басқа елдерде дүниежүзін дүрліктірген “қазақ құпиясы” (“казахский феномен”) деп аталған жаңа құбылыстың есімі – осы. Сөйтіп біздің қарсыластарымыздың ұлтшыл дегені біздің бойымыздағы асыл да, киелі қасиетіміз екен. Бұны қазақтың қасиетті жеті қазынасының бірі деп есептеймін өз басым.

Ондай саяси философиялық категорияны ой елегінен өткізіп, оны санамызға орнықтырарлық дәлел іздестіре бастағанда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы ойға оралады. Әлемдік тарихта болат құрған армияға қазақтан басқа қай елдің қару ұстамаған жалаңтөс жастары қарсы шығып еді? Тіпті Берлин қабырғасы да Қазақстанның желтоқсанынан көп кейін құламады ма?

Желтоқсан оқиғасында жалаңаяқ, жалаңбас қазақ жастары көрсеткен көзсіз ерлікке, соларды басып-жаншып, қабырғаларын күйретіп жүрген танкисттер, әскерлер МХК, ШК албайлары, түрме қызметкерлері әлі күнге дейін таңдай қағады.

Қайратымыздың қаны қазақтың бұл жолда төгілген соңғы қаны болғай. Азаттық үшін енді тек тер төгелік! Қазақтың

азаттығы тек термен өлшенбек. Қазағым терді неғұрлым көп төксе – тәуелсіздігі де толығырақ, ал керісінше аз төксе, аянса – соғұрлым аз болмақ. Тәуелсіздік деген өзінен-өзі келмейтінін, өлшеніп келетінін сол ұрпақ білгені жөн.

Дүниені күрт өзгерткен жаңаша ойлау философиясына түрткі болған қазақ жастарының Желтоқсан дүрбелеңі екенін әлем білгенмен қазақтың сол жастары ұмыта бастаған жоқ па? Біле ме? Әрине, білетіндерінен білмейтіндері көп. Өйткені, тағы да тоқмейілси қалдық.

Қазақ “ұлтшылдығы” туралы көпірме насихат толқынында ел билігіне келген президентіміздің өзі енді жастарды “ұлтшылдығы” үшін жазғырып та, жазалап та жатыр. “Үкімет билігің қолына ұстаған қазақ” және “қарапайым қара қазақ” болып бөлініп, өзара жауықсақ, Қазақстан кімнің қолында қалмақ? Мұны империя бағамдамай, есепке алмай отырған жоқ. Біресе онан, біресе мұнан қаулаған орыс атамандары “қазақ пен қазақ жұлқыласа арашашы болсам, ақыл айтып, ара түсіп, айламды асырсам” деп армандайды. Өз елінде аттан сыпырылып, есігінде қалған ұлт – қазақ болды. Қазақ ұлтшылдықтан емес, ұлтсыздықтан ақсап отырғанын президент білмейді деп кім айта алар екен? Біледі, әрине.

Ұлттық идеологиясыз қазақ ХХІ ғасырға кіргенмен, сол ғасырдан шыға алмауы былай тұрсын-ау, қазіргі экономикалық-әлеуметтік өзгерістер де бос сөз болып қала бермек. Жетістігіне таңдайымызды қағып жүрген Жапония, Корея, Тайланд пен Тайвань ұлттық идеология арқасында төбесі көкке жетіп отыр. Ұлттық идеологиясыз Қазақстанның болашақтағы иесі кім боларын да айту қиын, бірақ ол қазақ болмасына мен кепіл. Өйткені саяси билік қазақтың қолында болғанмен, экономикалық биліктің тұтқасын кім ұстап отыр? Ойлан, қазағым, оян! Ұлттық идеология дегеніміз, әрине, басқа ұлт өкілдеріне деген қиянатты, құқайлықты насихаттау емес. Бұған ұлт өзіне-өзі қол салсын деген жауыздар ғана барады.

Қазақ емес ұлт өкілдеріне қиянаттың кез-келген түрін жасау – сорлы қазаққа жау тауып беру, Қазақстанның әлемдік өркениет алдында сағын сындыру, тәуелсіздік жолына тосқауыл құру.

Мәселенің саяси қатпары “көпұлтты” Қазақстанда қай ұлт өзінің саяси билігін қамтамасыз етеді, қысқаша айтқанда, Қазақстан кімдікі?” – осыған саяды.

Президентіміз: “Қазақстан – қазақстандықтардікі” дейді. Біз айтамыз: “Жоқ, қазақтікі, бірақ басқа ұлт өкілдері тұрғысы келсе тұра берсін – оларға кет те, кел де демейміз”. Әрине, келімсектердің рұқсатсыз келмегенін қалар едік. Мұндай сөзді Ресей де, АҚШ та өз келімсектеріне жасырмай айтады. Ал біз айтпайтындай не көрініпті.

Ұлтымыздың тәуелсіздігі мен бірлігінің символы болып саналатын президентіміздің басқа көршілес елдің басшысының тізгінінде кетіп, ізбасар інісі болғаны намысымызға тиеді, қазақтың ұйықтап жатқан ұлтшылдық сезімін қоздыра түседі. Ұлтжандылықты Қазақстанның тағына президентіміздің шапан жамылып, қамшы ұстағанынан ғана емес, оның күнделікті саясатынан бағамдап отырсақ дейміз.

Қазірде президент тарапынан болып жатқан “жалпақ шешейлік” Қазақстаннан басқа мемлекеттерде болса конституциялық қылмыс қатарына саналады да, жауапқа тартылады. Әрине, ол әзірге бізге бұйырмаған – басқа қиырларда. Ел басылары ұлттың ұлттық мүддесін қорғамаса, басқа ұлттармен жарыста өз ұлтын оза шаптырмаса, онда олар несімен президент, несіне басшы? Мұны мен мәртебелі президенттің құлағы шала ма деп арнайы айтып отырмын.

Әлі күнге Қазақстанның мемлекеттік шекарасының жабылмауын, қорғаныс қабілетінің нығаймауын, мемлекеттік саяси мекемелердің басшылары ел алдында ант-су ішпей, бригадир сайлағандай қойыла салуын – тәуелсіз мемлекетке деген қастандық деуге болады. Мұндайға терісі қалың – қазақ қана шыдайды. Мұны да президентіміз білмейді емес.

Көкейкесті саяси мәселелердің шешілуі кейін де осы қазіргі өгізаяң сипат жалғаса берсе, Қазақстан дағдарыстан XXII ғасырда да шыға алмайды. Онда XX ғасыр қазақ үшін соңғы ғасыр болып қала бермек. Президентіміздің қазіргі әрекеті тым машықты, бірбеткей, әлжуаз, “не ол емес, не бұл емес”, орысқа деген көңілжықпастық, “бұқпа сая-

сат”. Н. Назарбаевтың “интернационализмі” алдындағы Д. Қонаевтың интернационализмінен асып түсер жұмсақ.

Д. Қонаевты “қазақ бюрократиясының атасы” десек, оның кемшілігін емес, артықшылығын айтқанымыз болып шығар еді. Заманының барында Қазақстанның түтінін өзінше түзу шығарғысы келген Димекең қазақ буржуазиясының негізін қалай алмады, әрине, оған шамасы келмес еді. Бірақ, буржуазияны ұлттандыра алмаған “политбюро мүшесі” ұлтандырудың басқаша, өз дәуіріне сай ұтымды жолын салды. Қазақ баласын кеңсеге кіргізді, креслоға отырғызды оның жақсы көретін дүниесін – “папкасын” қолтығына қыстырды. Қазіргі ұрпақ Қонаевты осынысы үшін жан тартады, сондықтан да бұрқасынға қарамай, 1986 жылғы желтоқсанның шыңылтыр аязында маңдайын ызғарға тосты, Колбиннің тастай суық “душына” түсті, (ал Д. Қонаев қазақтың несін бүлдірді деген әңгімені кейінге қалдыралық).

“Істемеу” бөлек те, “істей алмау” мүлде бөлек. Д. Қонаевтың істей алмағанын Н. Назарбаев істегісі келмейтін, бүгін тындыратын істі ертеңге қалдыратын секілді. Иншалла, бұл жолы мен-ақ қателесейін, президенттікі-ақ жөн болғай! Бірақ, өзінен-өзі келген “егемендікті” де, “тәуелсіздікті” де осы пікірдің дәлелі ретінде ұсынсам, қайтер еді?! Егер осы рас болса, онда Нұрсұлтанға іні ретінде айтарымыз бар. Қашан да орыс ұлықтары қазақ сұлтандарының арқасынан қағып, мадақтап, сылдырлақ байғазы тағып жатса болды, қазақтың үстінен қара түнек үйіріліп, қан жұтып жататынын тарихтан білеміз. Ал, Б. Ельциннің көп алдында мақтайтынындай, біздің президентіміздің оған қандай еңбегі сіңіп еді? Оны орыс офицерлері мен казак атамандар: кәріс пен неміс бизнесмендері несімен алып жүр? Оларға қазақ президенті неге құштар болды? Жекешелендіру деп қазақ несібесін соларға алып бергені үшін бе? Ұлттық мүддеге селкостық танытатындай оған казак не жазды? “Жуас түйе жүндеуге жақсы” дегені осы ма?

Есейе алмай жатқанымызды пайдаланғаны ма? Қазақстан тәуелсіз патшалық ретінде президентке қажет, әрине. Әкімдік жүйе келгеннен бері қазақты ұлттық мемлекеті емес, патшалық

құрылып жатқанға ұқсайды. Алайда мемлекет тәуелсіздігі ұлт тәуелсіздігінің белгісі ғана. Оны президент түсінбесе, кім түсінбек?!

Көп қорқытады, терең батырады. Президенттің Қазақстаннан, қазақ халқынан басқа туысы, жанашыр жақыны болмауы – басты шарт. Сөйте тұра, бүкіл Қазақстанды дүркіреткен жүрек ауруының хирургтерінің аштық жариялау барысында орнынан алынған М. Әлиевке Алматы прокуроры директорлық лауазымын қайтарып бергеніне қарағанда Н. Назарбаев құрған “праволық” патшалықтың қызығын “құдандал” М. Әлиев қана көріп жатқан секілді.

Әзірше ұлттың қан төгіп істейтін шаруасын тегін жасаймыз деп, орыстың ойынан шығып жатырмыз. Президентіміздің орысты өзіне көндіріп сөйлегеннің орнына оған көніп сөйлейтіні ішімізді удай ашытады. Онда жағдай осылай болған соң қазақ қайда барып күн көруі керек? Арызын кім тыңдайды, япырмау?

Президенттің Ресейге шаша ма деген сапары, керісінше, қазақты тоңдырып жатыр. Екі бірдей президенті – Ресейде Б. Ельцині, Қазақстанда Н. Назарбаев – бар орыс не деген бақытты еді!

Осы уақытқа дейін қазақты торғайдай тоздырып, жерге қаратып келген Ресей еді. Ресеймен – ішіндегі немесе тысындағы – көршілес бір де бір мемлекет я халық оңғанын көре алмадым.

Маған сенбеген жан КСРО-ның картасына назар салсын. Империя ешкімнің көсегесін көгертпейді, тиіп кеткен жерін оңдыртпайды, наразылық жасаса қан қақсатады. Демек, Ресеймен көрші отыруға шыдағанның ғана жаны қалмақ екен. Ресей өз бетімен жуасымайды. Өйткені оны жуасытпайтын, бұратана ұлттарға жауықтырып отыратын орыс қоғамында бір ұлы итергіш күш бар. Ол – православие діні.

Православие шіркеуінің аз санды халықтарға күлімсірей қарағанына қазағым алданып қалмағай. Православие дін басылары Руське “киелі” деп айдар таққан дәуірде біз секілді халықтар орыс қаруынан қан жұтқан. Оның алтынмен апталған ашамайының астында айшық белгісі тегіннен тегін шалқасынан

туып жатқан жоқ. Айшық – біздің тізе бүккендігіміздің ишарасы. Орыс шіркеулерінің ашамайларының алтын құрамы Қазақстан алтынымен тең. Өйткені біздің жерден алынған.

Православие философиясының өзегі – ұлы мемлекеттілік (великодержавность), мемлекет алдында тізе бүгу, соған қызмет ету, құрбаны болу. Сондықтан орыс қоғамында ғана құлдықтың “қамалдық” (крепостнойлық) тұрпаты сақталған (“закон тайги – медведь хозяин”). Мұны Герцен мен Чернышевский “орыс социализмі” десе, Пушкин “орыс исі” деп атайды. Православиеден құтылмай орыс оңбайтынын ұлт зиялылары сезгенімен, одан құтылудың жолын ойластырған орыс ойшылын мен әлі кездестірмеппін.

Біздің эрамыздың IV ғасырынан қуат алған православиеше ойлау жүйесі Грекияны, Византияны, Күнгей Кавказ бен Балқан елдерін күйретіп бітті. Украина, Белоруссия мен Россиядағы қазіргі дағдарыс та соның салдары. Бұл философия дағдарысқа өзі ғана түсіп, өзінің кесірін өзі ғана тартып отырса менің онда ешқандай шаруам да болмас еді-ау! Мұндай философия бізді де қуратып отыр. Болашақ Қазақстанның “орыс жолына” түсуіне болмайды деп, байбалам салуымыз сондықтан. Бұл жол тұйық: жанжалдан басталып, жанжалға тіреледі.

Демек Қазақстанның Ресейден іргесін аулақ ұстағаны жөн. Орысқа жауық демейміз. Құнанбайдың Абайға қойған мінін біз президентке де қоямыз: президентіміз тым орысшыл болып көрінеді. Қазіргі Қазақстан президентінің Н. Назарбаевтан артық та, кем де болуы мүмкін емес. Президент тұлғасы дәуір тұлғасына сай. Мұны сезінеміз. Бірақ Н. Назарбаев өзінің ең әуелі қазақтың Ұлттық Президенті екенін сезінсе дейміз. Президенттің мына жүргізіп отырған орысшыл саясатының зардабын қазақ көреді.

Президент орысқа күле сөйлеп, алдаусыратқысы келеді. Отар елді ұстаудың 500 жылдық тәжірибесі бар орыс алдатпайды, алданған болып арбайды. Өйтіп ұлттың құнын түсіруге болмайды. “Тоқтай тұру” бар да, ұлт намысын табанға салу бар. Малын жанының, жанын – арының садақасына пида ететін халық бұған

көнбейді, төзбейді. Бұлқынады. Жұлқынады. Созылған сіңірін соза берсе қан шығады.

“Қазақ құпиясын” тағы да жария етіп, айды аспаннан шығарады. Орысты ақыл алдында тұрғызарлық президентке де, қазаққа да ақыл қажет. Президентті орысшыл қылған біздің жуас мінезіміздің де әсері екенін мойындау керек шығар. Сондықтан да ол не Әзірбайжан, не тәжік, не өзбек, не шешен бауырларымыздай сын сағатта қорғай алмайды деп халқын олқы санай ма екен? Бірақ Нұрекең – желтоқсанды көзімен көрген жан. Президенттің қазақ жастарының құлын даусын сол кезде өз құлағымен естігеніне мен куәмін – алаңда тұрдым.

Ұлт зиялылары мен жастарының арасындағы жік сол күні белгі берді. Болашақ президенттің баррикаданың ар жағында, ит айтақтаған жағында, ал жастардың бер жағында қалуы ұлттың иесіздігінің дәлелі болды. “Иттің иесі болса, бәрінің тәңірісі бар” деген қазаққа ие болып сөйлеу – президенттің басты қасиетіне айналғаны жөн. Өлгенде көрген тұңғыш президентімізді басқалардан қызғанатынымызды да жасырмаймыз.

Қазірде Ресейдің “сыртқы істері” әлем деңгейінде кеміп, “ішкі істері” алдыңғы қатарға шыққан сайын Қазақстанға деген дәстүрлі ызғарлы көзқарасы күшейіп отыр. Дүние жүзіне қауіп төндірген Орыс империясына әлем теріс қабақ танытқан сайын ол Қазақстанға шеңгелін батырып, бар қаһарын бізге төкпек. Қауіп – зор, өте зор. Бірақ қорқуға еш негіз жоқ. Қорықсақ, жалтақтасақ, Қазақстаннан айрыламыз.

Қорқыту мен үркітуді айлаға айналдырған орыстың күркілдек империясында басқадай дәрмен де қалмады. Саусақтың бірін бұған да бүгіп ұстаған жөн. Демек, Қазақстандай алыпты орыс тракторының тіркемесіне айналдыруды үзілді-кесілді доғарған абзал. Орысты теңдік пен достыққа шақыра отырып, қазақтың төл несібесіне қол сұққызбауды, президент маңайындағы құзғын құлқын жылмақайларды аластауды, орыс алдында қазақ намысын жібермеуді, ұлтқа жанашыр адамдарды, бұл істің ебін білетіндерді мемлекет ісіне тартуды саяси машыққа айналдыратындай заман туды.

Халқымыз ұйқыда, бағынуға көнбіс. Сондықтан дәл осы кезеңде оған қорған болу керек. Оянып алған қазақ Азияның алыбына айналатыны сөзсіз. Сонда күллі түркі жұртының жаңа әліппесі Н. Назарбаев есімінен басталады деп айту – астамшылық, әрине, бірақ бел ортасында жүреді деп сендіруге әбден болады. Сондықтан президент оны қазіргі саяси процестердің баршасына қазақ мүддесі арқылы қараудан бастағаны жөн.

“Әлемдік тарихтан тыс, тұтқиылдан жол табамын” деген қазақтың не бір басы артық, не дені сау емес. Ал ұлт болып азаттық жолын іздеуге, құлдықтан құтылған басқа өзі секілді ұлттардың тағдырына көз салуға, соның тағлымын оқып үйренуге құлшынған адамды президент төңірегінен көрмеуіміз қалай? Ұлы Абай президентті төңіректегендерді көзі көрсе: “Бас басына би болған өңкей қиқым, мінеки алған жоқ па елдің сиқын” демесіне кім кепіл?

Президент маңайындағы Димекең мен Колбин заманынан қалған кадрлар тобын өзі ауыстырғысы келмей ме, жоқ, президенттің үстінен қарайтын тағы да әлдекім бар ма? Қазақстанға Н. Назарбаев басшы болғалы Америка президенті мен оның төңірегі төрт рет ауысты, бұрынғы КСРО басшылары да, оның саяси бюросы да ғайыпқа кетті. Н. Назарбаевтың ғана айналасы бұрынғы қалпы. Коммунистер мен социалистер дегеннен қашан құтыламыз?

Президент келеді, кетеді. Тепкіден көз ашпаған қазақтың мойнына партократтардың құрығы қайта түспесіне кім кепіл? Сонда ақбас ақсақал мен ақ жаулықты апаны немен жұбатамыз? “Қазақстандықсың” деп басынан сипағанға олардың көз жасы тыйыла ма? Президент өздігінен түзелер, бетін жыртпай ақ қояйық дей ойлаған да едік, – олай болар емес. Қазақтың өзі де, сөзі де, сазы да Н. Назарбаев деп бас ұрады, президентіміз деп құлшынады, қолындағысын шашады. Президентті көсегеміз көгере ме деп, ел қатарына қосыламыз ба деп сайлаған едік, аузымызды жапсын деген жоқ едік. Біз Н. Назарбаевты “істей алмай жүрген” азаматтар қатарына қосушы едік. Ол көңілшектіктен бе деп қалдық.

Ұйқышыл халықтың қабілетін ұштап, құл болмайтындай дәрежеге көтере ме деген ақпарат құралдары президентке ғана ауаны ауып, сорлы қазақты онан әрі маужыратады. Айтыс та, дастан да, ән де, күй де керек-ақ. Бірақ әр нәрсенің өз орны бар. Мінез-құлықты қазіргі дәуірге лайықтайтын шақ туды. Қазірде қазақтың бұғып қалған санасын қалпына түсіру, халықты құл болуға көндірмеу – кезек күттірмейтін жалпы-ұлттық мәселе. Орыс пен қазақты қатар өмір сүргізуге болады, әрине, – егер қазақты тізе бүктіре сөз саптап, қит етсе, “ойбай, орыс естіп қояды” деп отырсақ.

Қазіргі ақпарат құралдарының, оның ішінде теледидар мен радионың іс-тәжірибесі осыған ұқсайды. Отаршылдық көнбістіктен енді құтыла ма деген қазақ санасы осының нәтижесінде таз қалпына қайта түседі. Қамшыдан шайлыққан колхоздың жауыры секілді – басымызды жүгенге созып тұрғанымыз. Қазақ неге үндемейді, неге жуас? Оны жуасытқан тұрмыс тауқыметі, ауыр тіршілік. Қысқа сирақ кедейшілік біздің күллі тіршілігіміздің мәнін анықтады. Жалғыз сиыр баққанның миы жалғыз сиырдың ғана төңірегінде қалады.

Президентіміздің қазақтан, қазақтың өз президентінен басқа кімі бар? Таққа отырарда президентіміздің қазақтың басын біріктірмек болған уәдесі есімізде. Ол мәселені Хамит Ерғалиев ақсақал босқа көтерген жоқ. Димекең мен “Асекеңнің тұсында “ата жарыстыру” деген індет қазақ арасын қуратып жатты. “ДТ” мен “ҚТ” трактордың емес-ау, қазақтың этнографиялық атауына айналды. Қазақ руға бөлініп, шекісті. Өтірік десеңіз алысқа бармай-ақ, президент төңірегіннің географиясын мұқият бір қарап байқай салыңыз. “Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады” дегендей, ру “мектебін” бітіргендер қазақ үшін жалмап барады. “Қақпан баса алмаған қасасын алдырады” дегенді де айтқан – қазақ.

“Бәйбіше ауылының” еркетотайларының зардабын түбінде президент өзі көре ме деп қуыстанамын. Шала сауатты зиялысымақтар мұны “ұлттық ерекшелігіміз” деп шіренеді. Әй, қайдам?! Бұл құбылыс қазаққа ғана емесе, өздерінің өздері

қыбыр еткен жерін шайнап беріп отырған Африкаға да тән екенін біле ме екен солар? Бұған тосқауыл құратын президенттен басқа кім бар?

Құда – жекжаттың төңірегінде қалмай, қазақтың төрінде жүрсе, аспанында қырандай қалықтаса деп, президент тұлғасы сөз болған жерде қазақ арман айтады. Жүзге, атаға бөліп, аз халықты кемітіп алмаса дейміз. “Атаңның баласы – жауың, адамның баласы – досың” деп ызғар шашады қазақ кемеңгері. Әлемнің әр түсті нәсілінің басын қосар мұнан артық даналықты мен естіп көрмеген екенмін.

Білеміз: президентіміздің жолы ауыр. Өте ауыр. Бар салмақ соған түсіп жатыр. Оның белін Шыңғыстың да, Темірдің де, Абылайдың да жүгі қайыстырады. Бұрынғылардың жасай алмағанына, жіберген қателіктеріне Н. Назарбаев жауапты. Әйтпесе, қазақ тағына отыруы қате. Тарих үкімі де солай. Нұрсұлтан XIII ғасырда туса Шыңғыстың, XV ғасырда туса Әмір Темірдің, XVIII ғасырда дүниеге келсе Абылайдың не өзі, не оң көзі болып туар еді деп ойлаймыз. Біздің президенттің қабілетіне шүбә келтіруге болмайды. Бұл азаматтың XX ғасырдың аяғында қазақ тағына отырғанына да тәубә дейміз. Басқа жан Назарбаевтан кем болуы мүмкін, бірақ артық болар еді деу – күнә. Жыртық үйдің құдайы болса, сол құдай – Нұрсұлтан шығар. Қазіргі кез – оның қабілетінің де, азаматтығының да сыналар шағы. Бұл – оның күллі Азия континенті алдындағы артықшылығы. Сөйте тұра, қазақтан басқа жүйрік шықса, Нұрсұлтан тосқауыл құра қоймас деп ойлаймыз. Бәйгеден, кім оза да, ата озбай, қазақ озсын!

Осы уақытқа дейін біз, “Азаттықтар”, президент деп өзімізбен өзіміз алыстық. Н. Назарбаевқа сендік, сенім арттық. “Сынайық” дедік. Қатар жүрген “Алаш” пен “Желтоқсанның” үнін шығармауға тырыстық, қылқындырдық. Өйткені таразының бір басында ұлт бірлігі тұрды. Ол біз үшін бұрын да тұрған, мәңгі тұра да бермек. Президенттің іс-әрекеті таразының екінші басында. Нұрсұлтан алты алаш елдің зарығып күткен президенті екені рас болса, сағымызды сындырмағанын, Абылай мен

Кене, Мұстафа мен Әлихан ағалар салған жолдан таймағанын қалаймыз. Ол жол – қазақтың түпкі арманы. Ұлтжанды болсын! Көлденең ел не десе, о десін. Әркім өз асығын сақа қояды. Біз Нұрсұлтанды үкімет басына сайлағанда, көкейде осы үміт тұрды. Нұрсұлтан түптің түбінде ұлт үдесінен шықса – дүниеде қазақ үшін одан артық жан жоқ, ал шыға алмай, қазақ жүгін тарта алмай жатса, жұмылуға бармыз. Біздің көзқарасымыз мәлім: Н. Назарбаевтың бір ісі бар – жолында, тағы бір ісі бар – қолында өлгіміз келеді. Дүниеде қазақ балары үшін “өзі білсін” дегеннен ауыр сөз жоқ.

Өзі білсін!..

Жас қазақ. 24 маусым 1992 ж.

Қазақ XXII ғасырға кіре ме?

Республикалық партияның орталық кеңсесі саналатын кең бөлме қыз-қыз қайнаған тіршілік. Пікірлестер басы қосылған өзінше бір әлем секілді. Біреулер кіріп, біреулер шығып барады. Бар дүниені ұмытып екі-үш жігіт қақ ортада әлденені қыза талқылап тұр. Ұзыншаң үстелге қатар қонған қос мәшіңке үздіксіз тарсылдайды.

Біз осынау кең бөлменің бір бұрышын ала жайғасып, әңгіме сабақтап отырмыз. Сұхбаттасымыз – қазақтың белгілі азаматтарының бірі, “Азаттың” төрағасы, “Ана тілінің” Билер кеңесінің мүшесі Сәбетқазы Ақатай. Сәкең: “Әңгімемізді партиямыздың орталық кеңсесінде жүргізсек қайтеді”, – деп ұсыныс тастағанда ұлт қамы деп ұрандап жүрген қыз-жігіттердің күнделікті тіршіліктерінен де тікелей хабардар бола кеткенімізді қалаған сыңайлы. Әңгіме арқауы бірде тіл тақырыбына, бірде саясат жайына, мезгіл талабына ойысқанымен, оның бәрі де “Қазақтың көсегесі қайтсе көгереді!” деген мәңгілік сұрақтың төңірегінде тоқайласып жатты. “Әрине, кей пікірлерім ауырлау. Бірақ, мен айтсам – қазаққа жаным ауырған соң айтам. Көзге ұрып тұрған келеңсіздіктерден арылсақ екен деп айтам”, – дейді Сәкең.

– “Басқа тұман түсіп, істің бәрі күмән болып отырған” мына заманда қазақтың қандай бағдарды таңдағаны жөн! Қайтсек қазақтық қалпымызды сақтап, ұлтымыздың көшін ілгері апарамыз! Өзге жұрттардың алдында жүзіміз төмендемей, ұлтымыздың мерейі үстем болып тұруы үшін қандай қасиеттерге иек артқанымыз дұрыс. Қазақтың ұлтжанды, жанашыр азаматтарының бірі болып табылатын өзіңізбен бүгінгі әңгімемізді осындай өзекті мәселелер төңірегінен бастасақ.

– Олжас ақынның: “Кейбір іс-әрекеттеріне, қылығына қарап мен қазақ осы жиырма бірінші ғасырға да кірмей қала ма деп қорқам”, – дейтіні бар. Әзіл аралас әңгіме болғанымен мұның астарында біраз нәрсе жатыр. Әрине, қазақ жиырма бірінші ғасырға кіреді. Бірақ сол жиырма бірінші ғасырдан шыға ала ма? Қазақ үшін жиырма бірінші ғасыр соңғы ғасыр болып қалмай ма? Міне, мәселенің мәселесі осында. Біздің қазіргі мінезімізге, сиқымызға, бір-бірімізге қатысымызға қарап бірдеңе айта қою қиын. Ұлтжанды болсақ, өз мәдениетімізге, тілімізге, дінімізге аса ықтиятты болсақ, онда ғасырдан ғасырға құлаш ұра бермекпіз. Ал, енді: “Әй, қойшы соны, қайда қашар дейсің, ұйықтай тұрайын”, – десек, қазақтың жастарының басын тек дастархан, ет, жартылық қосса, қазақтың көші ұзаққа бармайды, тарихта қазақ деген аты ғана қалады. Кейінгілердің: “Қазақ деген бір халық болған екен. Жігіттері арақ ішіп, есіп сөйлегенде тоқтамайтын болыпты. Серт бергіш екен, бірақ сол сертін сақтамаудан да алдына жан салмайтын көрінеді – деп аңыз қылып айтып отыруы ғажап емес. Қазақ жастарының бойындағы тағы бір кемшілік – қиянатшылдық. Қазақтың жігіттері қыздарға қиянатшыл. Қиянат жасағанын барып біреудің малын барымталап алып келгендей, жерін жаулағандай мақтаныш сезіммен айтады. Қазіргі көп шымылдықтың үкісі түзу емес, айналамызды жеңіл жүрістілік жайлап барады. Күлеміз деп дарақыланамыз. Жастарымыз тым сауықшыл боп кетті. Үлкендер айтып жатса, беттен аламыз. Егер келімсек Қазақстанды өмірлік тұрағым етем десе, отырған жеріне радиоактивтік элементті шашпас еді,

химикат сеппес еді, жерімізді күтіп ұстаған болар еді. Қазіргі кейбіреулердің қазақ жеріне істеп отырғаны қиянат екенін, уақытша мекен деп қарайтынын осыдан да аңғаруға болады. Күндердің күнінде ол келімсектер кетер-ау. Химияның уларынан жерімізді жуып алармыз. Бірақ жеке басым: “Келімсек кетер, бірақ одан жұққан індет қала ма”, – деп қорқамын.

Потанин Шоқанның әкесінің үйінде отырып: “Мне чудится, что вся киргизская степь поет!” – деген екен. Содан жүз жылдай уақыт өткенде бүгін мен: “Мне чудится, что вся моя степь пьет!” – дер едім. Жартылық дегенің – қазақтың арасындағы өмірлік өлшемге айналды. Отын әкелсең – жартылық, шөп әкелсең – жартылық, бала тапсаң – жартылық, әйел алсаң – жартылық, ажырасаң – тағы жартылық. Осындай жағдайда отырып болашақта пәлен боламыз деп айту қиын.

Қазақтың алауыздығы, ауызбіршілігінің жетіспей жататыны, жерге, жүзге бөлінетіні турасында аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Бірақ сөйте тұра, алауыздықтың жақсылыққа апармайтынына көзіміз жетіп жүрсе де, осы кеселден арыла алмай-ақ қойдық. Әр жүздің атасынан қазақтың ортақ атасы киелі. Менің бір депутат жолдасым: “Аулымызға Қарақалпақстаннан алты қазақ шаңырағы көшіп келіп еді. Соларды жергілікті тұрғындар қонаққа шақырғанда бөлек үйге отырғызады”, – дейді. Бұл – тіпті бер жағындағы сұмдық. Үлкен ауылдың сиырларына сиырларын қосқызбайтын көрінеді. Адамдыққа сәйкес қасиет пе осы?! Бізден басқа бірде-бір халық бұлай етпейді. Атаны білу керек, бірақ ол қазақты бір-бірімен жауықтыруға, бөлуге қызмет істеуге тиіс емес. Біз неге қу тақыр кедейміз? Өйткені біздің басымыз бірікпейді. Өмірде құл жиылып жеңіске жетпеген екен. Оның себебі – құл жеке өзіне ғана денсаулық, артықшылық тілейді. Біздің де қазіргі сиқымыз осындай. Сөз ауыр, әрине. Бірақ мен мұны қазақ түсінеді ғой деп айтып отырмын. Өткенде шешендердің көсемі Жохар Дудаев: “Егер Ресей қысым көрсетсе, Мәскеуге 380 мың шешенді автоматпен қоямын!” – деп мәлімдеді. Қояды, өйткені ол халқына сеніп тұр. Ал біз бұлай ете алмаймыз. Он миллион халыққа 380 мың ав-

томат табылар, бірақ соны ұстайтын құрыштай қол табылмауы мүмкін. Партократтар, қазақтың қаратаяқтары халықты жүз-жүзге бөліп кетті. Сол бөліну қазір күн тәртібінен шықты деп айта алмаймын.

Бүгінгі алмағайып заманда қазақтың қандай жолды таңдауы керек? Ең алдымен қазақ өлшеулі дүниеге өлшеммен қарауды үйренуі керек дер едім мен. Құдай қазаққа кең мінез берді. Бірақ кең мінез дүние кең кезде мақтаныш еді. Дүние тарылғанда қазақы кең мінездің тарылмауы өзіне-өзі жасап отырған қылмыспен тең. Қазір төңіректің бәрі өлшеулі, тек қазақ қана дарақы көзімен қарайды. Өлшеулі дүниеге өлшеусіз қалыппен кіру түбінде біздің қасіретімізді молайта түседі. Кейбіреулер: “Бұл – біздің ұлттық ерекшелігіміз!” – дейді. Жоқ, бұл – ерекшелік емес, дарақылық. Онымен мақтануға болмайды. Жуықта мен: Грекияда болдым. Сонда: “Бұл не деген ұқыпты да мәдениетті халық!” – деп таң қалдым. Ондағы титтей байлықтың өзі өлшеулі; гректер тіпті ауыз судың өзін өлшеп ішеді. Тар жерде отыр, байлығы аз, бірақ бай тұрады. Ал біз кең жерде, бай өлкеде тұрамыз; үерге итіміз, сығарға битіміз жоқ. Томас Джефферсон деген Американың әйгілі ағартушысы, еріксіз есіме түсіп отыр. Өзі Құрама Штаттардың президенті болған. Соның “Америка халқына хат” деген өсиеті бар. Сонда бар берер ақылы: қашан ұйқыдан тұру керек, таңертеңгі тамақты сағат қаншада ішкен дұрыс, жұмысқа қай кезде барып, қай кезде қайту қажет, түскі тамақтың уақыты қашан, қашан ұйқыға жату керек. Ол осыны ғана насихаттайды. Оның насихатын қабыл алған американ халқы бүгінде өркениеттік кеш басында. Яғни төрт құбыласы тең халық болу үшін ұйықтайтын кезде ұйықтап, тұратын кезде тұру керек. Мейрамдайтын кезде мейрамдап, жұмыс істейтін кезде жұмыс істеген жөн. Ал біз үшін жұмысқа баратын уақыт та – мейрам, мейрам күні де – мейрам, ел ұйықтап жатқанда қазақ даңғырлап есік алдында. “Алматыда жаңа жауып басылғанды” айтып жүреді. Одан кейін күндізгі сағат бірге дейін ұйықтайды, бұл кезде басқа елгезек халықтар

сүтін де алып кетеді, етін де алып кетеді. Жинақы болуымыз керек.

– Қазақстанның тәуелсіздігін нығайта түсуі бағытында қолға алынып отырған қам-қаракеттер турасында жеке көзқарасыңыз қандай?

– Сөз жоқ, Қазақстанның гүлденуі жолында Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев бас болып қыруар шаруалар атқарылып жатыр. “Қазақстан” дегенде қай ел болмасын құрметпен қарайтын мемлекетке айналып келе жатырмыз. “Жыртық үйдің құдайы бар” деген, осындай қиын-қыстау заманда қазақтың мандайына Нұрсұлтандай көшбасшы азаматтың біткеніне тәубе дейік. Бәлкім, басқа бір замандарда туса, ол Шыңғысхан, яки оның оң қолы, Абылай немесе оның жайнақ батырларының бірі болар ма еді. Өз басым дәл қазіргі кезеңде президенттікке одан басқа лайық адамды көре алмай отырмын. Сөйткенмен де Нұрекеңе деген тілегімді айтпай тұра алмаймын.

Өткен күзде Түркияда болдым. Көп қалаларды араладық, талай адаммен кездестік. Бір жерде өңшең ерімдей жастардың әскерге аттанып бара жатқан сәтінің куәсі болдық. Ел-жұртымен қоштасып жатқан олардың әрқайсысы қолтығына бір-бір ағараңдаған затты қыстырып алыпты. “Бұл не!” – деп сұрадық жолбасшымыздан. Сөйтсек, түріктер балаларын әскер қатарына шығарып салғанда, Отан үшін шейіт болса сұрамаймын деп жаназасын шығарып, көбінің қолтығына қыстырып жібереді екен. Міне, мемлекетті қорғаудың үлгісі! Сен де, мен де қазақтың анасынан тудық, бірақ сол қазаққа не бердік?! Отаршылдар халықты бір шырылдатса, қазақтың қаратаяқтары екі шырылдатып келмедік пе?! Түркия бар, өйткені оны қорғайтын ұлдары бар. Қазақстан жоқ, өйткені біз оны қорғап көрген жоқпыз. Анау Әбілқайырдан бастап қазақтың жерін үлестірумен келдік. Тіпті күні кешегі Сәтбаев ағамызға шейін отаршыларға: “Жез ол жерде көп емес, мына жерде көп”, – деп көрсетпедік пе?! Мен ешкімге тілімді тигізейін, ешкімді ғайбаттайын деп отырғаным жоқ; мәселенің мәнісін түсіндіру үшін айтып отырмын.

Қазақстанның бір ғана иесі бар, ол – ҚАЗАҚ! Келер ұрпақтың қарғысына ұшырамайық десек, ұлт қамы үшін жалтақтамай күресу керек.

Халқымыз ертерек еңсе көтеруі үшін ел басшылары ұлтжанды болса деймін. Абайға Құнанбайдың: “Сен тым орысшылсың”, – деп кінә тағатыны бар. Сол орысшылдық әлі бізбен серіктес болып келе жатыр. Тілді алып берді, егемендік пен тәуелсіздікті алып берді, хош делік. Коммунистік партия қыспағында тұрған замандарда амалсыздан орысшыл болдық-ақ. Қазіргімізге не жорық?! Сондықтан менің Президентімізге тілейтінім – ең алдымен қазақты жақсы көрсе екен деймін! Бұл – орысты сыртқа тебу, қазақтың қолына су құйғызып қою деген сөз емес. Орысты да жақсы көрейік. Бірақ өлшеммен істейік. Қазаққа жердің иесі, елдің иесі деп қарасақ, орысқа қазақстандық деп қарайық. Бірақ оны өкпелетпейік, кем ұстамайық. Демократияның не екенін мен де білемін. Ал, екеуіне бірдей қазақстандық деп қарау – барып тұрған большевиктік көзқарас Қазақ – Қазақстандағы ең каналушы тап, Коммунистер каналушы тапты. Африканың сахарасынан, Американың жыныстарынан іздесе, оны біз Қазақстанның өз ішінен тауып отырмыз. Қазаққа өз жерінде, өз ата мекенінде өгейлік көрсету – барып тұрған әділетсіздік демеске шара жоқ.

Дүниеде қазақтан көнбіс халық жоқ. Мен қазақты жүген алып бара жатсаң, өзі соған қарай жүретін колхозшының тырақы атына ұқсатамын. Тәуелсіздік – ата-бабаларымыз аңсап, қолдары жетпей кеткен тәтті арман. Соның қадірін көбіміз біле бермейміз. Қасқыр мен ит туралы мысал бар емес пе: бір күні қасқыр аштан бұралып келе жатып түгі жылтыраған итті кезіктіреді. “Сен қайдан тойып жүрсің?” – деп сұрайды одан Қасекең. “Қайдан тойдың дейтінің бар ма, қожайыным сүйекті шала мүжиді де лақтырып жібереді, көжесінің жартысын төге салады”. “Ендеше мені баста сол жаққа”, – дейді қасқыр. Ауылдың тұсына таман жақындағанда иттің қажалған мойнына көзі түсіп кетіп қасқыр: “Мынау неден болған!” – дейді. Ит тұрып: “Неден дерің бар ма, бұл қарғыбаудың ізі ғой”, – дейді. Сонда: “Бүйтіп тамақ

тойдырғаннан азаттығым жақсы”, – деп қасқыр жөніне кеткен екен. Тәуелсіздіктің қадірін жете түсініп, “Ұлтымызды қайтсек ұшпаққа жеткіземіз?” деп ұжымдасудың орнына өзара қырықру болып жік-жікке бөлініп жүргеніміз. Желтоқсанның соңын ала Қазақстанға келген Мәскеудің министрі Ягодин: “Хат жазысына қарағанда мен қазақты 150 миллион шығар деп ойлаушы едім”, – деп мысқылдады. Сол бөлінуден әлі арылған жоқпыз.

Қазаққа жау тауып беру оңай. Егер келімсекке кет десең болды – қазаққа жау тауып бергенің. Сондықтан бәрін де байыппен, оймен істеген абзал. Мәселен, Қазақстанда қазақ пәлен процент, орыс пәлен процент. Ендеше неге қойды жүз процент қазақ бағуы керек? Орыс та, қазақ та, басқа да қой бақсын. Бірақ өзара мөлшері сақталсын. Кешке келімсекке: “Сен ертең қойға барасың”, – десең, таңертең орнын сипап қаласың. Сені неге біз асырауымыз керек? Ет жегің келе ме, сүт ішкің келе ме – қойға бар. Ешкімге масыл болма, өз үлесіңді атқар. Сен қазақтың қаймағын жалауға барсың, неге қасіретін бөліспейсің? Егер біз, яғни Республикалық партия өкімет басына баратын болсақ, бағдарламамыз осыдан басталады. Ешкімге кет демейміз. Ешкімді түрмеге қамаудың да қажеті жоқ. Бұрын қазақта түрме де, полицей де болмаған.

– Сәке, әңгіменің арнасын енді тіл тәңірегіне қарай ойыстырсақ. Оқта-текте жақсылық хабарлар құлаққа шалынып қалғанымен, соңғы кездері қазақ тілінің келешек тағдырына алаңдаған үндер қайтадан жиірек естіле бастаған секілді. Оның себебі түсінікті де. Жалпақ жұрт жақсы таныс, әрбір әрпіне шейін шұқшия қадалып танысқан Тіл туралы заңымыз бен соған сәйкес белгіленген. Мемлекеттік бағдарламаның көп талаптарының әзірге қағаз жүзінде қалып келе жатқаны, қиын заманның тұсында жап-жақсы басталған кей шаруаның құлдырап кері кеткені кімді болсын алаңдатпай қоймайды. Қазақ тілінің беделі қайткенде көтеріліп, шын мәнінде тәуелсіз мемлекеттің негізгі тіліне айналады! Осы жөнінде өткенде “Ана тілі” бетінде шағын лебіз білдірген едіңіз, соны тарқатып айта кетсеңіз.

– Біз бүгінге дейін тіл шаруасын “Айгөлекті” шырқағандай құрғақ насихаттаудан аса алмай келе жатырмыз. Таяуда осы мәселеге байланысты өткен бір жиында мен Абайдың: “Жасың үлкен, қылығың бала-шаға, Балаша мәз боласың тамашаға”, – деген өлеңін келтірдім. Құрғақ сөзбен қазақ тілін мемлекеттік тілге айналдыру – болмайтын нәрсе. Қазақ тілін сауықтырудың бір ғана жолы – оны нан тауып жейтін тілге айналдыру. Сауда жасайтын тіл, қосалқы тіл, шағым-тілек айтушыларды қабылдайтын тіл, т. б. дегеннің бәрі – бос нәрсе. Тіл күресін саясаттан бүгінгі күнге дейін бөліп ұстап келдік. Алғашқы кезде, Қазақстанда Коммунистік партияның сөзі өктем болып, әлі іргесі шайқалмай тұрған тұста, қоғамның бұғанасы бекігенше сондай амал-әрекет керек болды. Оған, әрине, құба-құп дейміз. Ал, дәл қазір, қазақ азаматтары ашық сөйлеп жатқан кезде, ақиқатты жасқанбай айтып, найзаны тік салып жатқан кезде бұл тәсілге болмайды. Әшейін сылап-сипау – қадірі кеткен тілдің қадірін одан әрі кетіру деген сөз. “Қазақ тілі” қоғамын саясаттандыру қажет.

Тіл түйінін шешу үшін біздің дәл қазір мынадай екі бағдарламаны ұстанғанымыз жөн секілді: біріншісі – қазақтарға қазақ тілін үйрету бағдарламасы; екіншісі – қазақ емес ұлттарды қазақшаға үйрету бағдарламасы. Орыстарға қазақ тілін үйренгені үшін қосымша ақы төлеу керек. Қазақ инженері мен орыс инженері қатар тұр дейік. Екеуінің де білімі, тәжірибесі бірдей. Бірақ орыс инженері бұған қоса қазақ тілін меңгерген. Бер қосымша 25 процент үстемені! Жеріңнен шығып жатқан байлықты, жеріңнің ырысын өзіңнің ұлттық рухыңды көтеру үшін бер! Бұл – 60-шы жылдарға дейін қолданылған саясат. Ол кезде келімсектерді орнықтыру үшін сондай саясат ұстанылды. Ал соны біз енді неге керісінше өзгелерді өзімізге тарту үшін қолданбаймыз?! “Алаштың” жігіттері, осыны айтсаң, өре түрегеледі. Жоқ, дәулеттің де беретін жерлері бар, ол ертең еселеніп қайтады. Қазақтарға қазақ тілін үйренгені үшін ақша төлеп керегі жоқ. Оның басқадай жолы бар. Ұлт мамандарына, қазақша білмесе, қызмет ұсынбау керек. Неге қазақ елу

жылдың ішінде тілін ұмытып шыға келді? Өйткені біз қызмет үшін тілімізді, рухымызды, дінімізді саттық.

– Сөз орайында тағы бір сауал көкейге кептеліп отыр, Сәке. Осы сәуір айының басында Сіз Мәскеу теледидарының бір хабарына сүйеніп: “Қаншама уақыт бойына орыс халқы иемденіп, ұлттық ұлы мұрамыз” деп қызғыштай қорып келген “Игорь жасағы туралы жыр” төл туындымыз болып шықты!” – деп сүйіншілеп хабар жарияладыңыз. Іле-шала Мәскеудің бірқатар ақпарат құралдары оны күлкі күнінің “сияпатына” жатқызып, теріске шығарып хабар берді. Жұрт болса кімге сенерін білмей, әрі-сәрі күйде қалды.

– Жалпы, “Игорь жасағы туралы жыр” – жолы тым ауыр жәдігерлік. Оның түпнұсқасының үшті-күйлі жоғалып, көшірмесінің қолды болып, өртке түсіп, адам танығысыздай өңделіп жататыны сондықтан. Ол туралы жазылған дүниесін Олжас: “Он үшінші кітабым еді”, – дейді. Он үшінші кітап болғандықтан ғана емес, жолы ауыр мұра туралы еңбек болғандықтан да “АЗиЯ” талай теперішті көрді.

Бұл жұмбақ сырлы дүниемен, мен “Игорь жасағы туралы жырды” айтып отырмын, алғаш мектеп қабырғасында орыс әдебиеті мен тарих оқулықтарынан оқыдым. “Игорь жорыққа шығатын күні күн тұтылыпты, жорығыштар жолың болмайды депті, соған қарамай ол жорыққа аттаныпты”, – деп келетін еді ғой. Ол кездегі тарихта бәріне орыстар емес, қыпшақтар кінәлі боп шығатын. Шынын айтсақ, иттерін үргізіп, ауылын ию-қию етіп Игорьдің өзі тыныш жатқан қыпшақтарға ұрынбай ма?! Кейін университет қабырғасында жеке қызығушылықпен талай рет ол жырды қолға алдым. Философияның, орыс ақыл-ойының тарихын зерттеген кезде көп үңілдім. Өзімнің біраздан жазып жүргендерім болатын, “АЗиЯ” шыққаннан кейін оларды жинап қойдым. Мұны егжей-тегжейлі айтып отырған себебім – қозғалып отырған тақырыпқа онша бөтен адам емес екенімді білдіру. “Жырдың” сұлбасы, былайынша айтқанда, қабырғасы, негізгі сүйегі қыпшақ сөздерінен қаланғанын білу үшін үлкен ғалым болудың керегі де жоқ. Тек мұнда атышулы “өңдеуші”

Мусин-Пушкиннің және басқалардың “қолтаңбасы” бар екенін естен шығармай, астарына үңіле білу қажет.

Наурыздың 28-і күні берілген теледидар хабарын бастан-аяқ көрдім. Ондағы әңгіме бүге-шігесіне дейін есімде. Артынан: “Ойбай, пәлен еді, түген еді”, – деп шығарды. Орыстар кейінгі үш алтын ғасырдың бастауын осы “Игорь жасағы туралы жырмен” байланыстырады. “Ие деген батыр халықпыз!” – дейді. “Игорь жасағы туралы жырдан” айрылса, шындықты әшкере етсе, өздері айтатын “ұлы” мәдениетінің күл-пәршесі шығады. Көне Мысырдың мәдениеті сетінемейді, өйткені олардың пирамидалары бар; көне грек мәдениеті құламайды, өйткені олардың құдайлары бар. Олардың тірек-таянышы, берік негізі бар. Ал мынау – батпаққа, ойдан қиыстырылған өтірікке құрылған мәдениет “Жырдан” айрылып қалмау үшін жанын салатындары сондықтан. Оны алғаш хабар берілген сәтте-ақ сезіп отырдым. Менің ойымша, архивтен жоғарыдағыдай әлемдік мәні бар деректің табылғаны – 100 процент ақиқат. Оны артынан анау еді, мынау еді, күлкі күніне орайластырылған еді деп қырық құбылтып бұлтақтату – амалсыздың әрекеті. Өзілдейтін уақыт бір тәулік қой. Наурыздың 28-і сәуірдің 1-імен шендесіп жатса да бір сәрі. Енді қайтып орыстың ұлтшылдары жоғарыдағыдай деректі оңайшылықпен қолға ұстата қояды деп сенуге болмайды. Ол бұрынғы орнынан да алыс қапасқа жытырылған болар. Ең бастысы – тосын жаңалық ойымызға ой қосты, күдігімізді сейілте түсті. Ендігі бізге, қазақ ғалымдарына қалатыны – көне жәдігерлікті індетте зерттеу, бетіндегі татын аршып, асылын таба білу.

– *Рахмет Сәке, әңгімеңізге. Әр тарапқа тарамдалып жатқанымен біраз жай қозғалды.*

– Артық айттым ба, кем айттым ба – әйтеуір көптің ойына қозғау сап, пікірін ұштауға себі тиіп жатса болғаны да.

*Әңгімелескен Қ. Қарасай
Ана тілі. 14 мамыр 1992 ж.*

Қазақстанның Республикалық партиясының І (төтенше) съезінің ҚАУЛЫСЫ

22 қараша 1992 ж. Алматы қаласы.

Қазақстанның Республикалық партиясының І (төтенше) съезі қаулы етеді:

1) ҚРП-ның Құрылтай мен І (төтенше) съезд аралығындағы Үйлестіру Кеңесі мен Басқару органдарының атқарған жұмысы қанағаттанарлық болып табылсын.

2) Ормантаев К., Қожахметов Х., Дәрімбетов Б., Қуанышалин Ж., Қылышбаев А., Қадырбаева А., Зейнуллин А. және басқалар басқарған жікшілдер тобының арандатушылығымен өткен осы жылғы 11 қазандағы съезд деп атаған жиыны заңсыз деп есептелсін, қаулылары мойындалмасын. Бұл адамдарды ҚРП-ның сайланбалы органдарынан шығару туралы Үйлестіру Кеңесінің 1992 ж. 20-қарашасындағы Қаулысы бекітілсін.

3) Осы съезде сайланатын Үйлестіру Кеңесі Ж. Сомжүрековтың қосымша баяндамасындағы ҚРП-ның экономикалық концепциясына талдау жасасын, қолдау табатын жерлерін анықтап, іс жүзіне асыру шаралары қамтамасыз етілсін.

4) Мандат және Есеп комиссияларының хаттамалары бекітілсін.

5) Жергілікті ұйымдардан съезге арнайы келген мына төмендегі ҚРП мүшелерінің өтініші “қабылданып, олар осы съездің делегаттары болып танылсын: Қалиев М., Бектеміров С., Қоғабаев Ж. (Павлодар обл.), Сыпатаев С. (Семей обл.), Ықсанғали М. (Орал обл.), Тілеужанов З., Қодаров С., Айханов Ә., Баймолдин С., Қанафин Н., Жемісбаев Қ., Айдыналиева С., Ғайса О., Шашубай В. (Солтүстік Қазақстан обл.), Демеуқұлов Е. (Ақмола обл.), Дүйсекеев С., Сейдахметов М. (Торғай обл.), Жаманбеков Е., Құсаинов Қ. (Қарағанды обл.), Үмбетов А., Урусов Ә., Қартбаев Қ. (Маңғыстау обл.), Әмірбеков Ә. (Оңтүстік Қазақстан обл.), Әтекеев С., Дуанбеков М. (Жамбыл обл.).

6) Осы съезге дейінгі Үйлестіру Кеңесі, Бақылау-Тексеру комитеті Басқарма (төраға және оның орынбасарлары) құрамы тарқатылсын. “Азат” газетінің бас редакторы Б. Дәрімбетов орнынан босатылсын.

7) ҚРП-ның Үйлестіру Кеңесі, Бақылау-Тексеру комитеті, Басқарманың (төраға және оның орынбасарлары) жаңа құрамына мына адамдар сайлансын:

а) ҚРП-ның Үйлестіру Кеңесінің құрамына мына адамдар сайлансын:

1. Айдыналиева С.
2. Айханов Ә.
3. Ақатаев С.
4. Ахметов Ж.
5. Әбілев А.
6. Әбілғазин С.
7. Әлин Ғ.
8. Әмірбеков А.
9. Баймолдин С.
10. Бөленов Ж.
11. Баубекұлы А.
12. Бақбергенов А.
13. Бабалықов Ж.
14. Доцанов Ғ.
15. Жемісбаев Қ.
16. Жүкешев Қ.
17. Иханғалиев М.
18. Қабылов К.
19. Қоғабаев Ж.
20. Қасымов Ж.
21. Қодаров С.
22. Қалиев Н.
23. Қанафин Н.
24. Лұқпанов Р.
25. Мұханғалиев Е.

26. Нүсіпханов А.
27. Смайылов Е.
28. Сомжүреков Ж.
29. Тілеужанов З.
30. Тәтімов М.
31. Панзабеков К.
32. Сәулебаев О.
33. Үдербаев Ж.

б) ҚРП-ның төрағасы болып С. Ақатаев сайлансын.

в) ҚРП-ның төрағасының орынбасары болып Қабылов К., Дощанов Ғ., Қодаров С., Баймолдин С., Мұханғалиев Е., Тәтімов М., Жоламанов Ж., Панзабеков К. сайлансын. Әр облыстық комитеттің төрағалары ҚРП төрағасының орынбасары болып, басқарма құрамына кірсін. Партияның бірлігін сақтау мақсатымен облыстық төрағалардың барлығына осы съезд атынан пікір таратуға, ұйымдық шаралар жүргізуге мандат берілсін.

г) Бақылау-тексеру комитетінің төрағасы болып Ә. Айханов сайлансын. Оның құрамына Қабылов Қ., Жоламанов Ж. кірсін.

д) “Азат” газетінің бас редакторлығына уақытша Ақатаев С. сайлансын.

8) Қазақстан Ресубликасының Президенті Н. Назарбаевқа, Қазақ халқына үндеулер қабылдансын.

9) Қазақстан Қарулы Күштерін отты аймақтарға жібермеу, кері қайтару туралы үндеу, Сексеуіл қалашығының ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы Қазақстан мемлекетіне хат тапсырылсын.

Съезд президиумының төрағасы:

С. Ақатаев

Хатшы:

З. Тілеужанов.

Жас алаш. 26 желтоқсан 1992 ж.

Сіз кіммен біргесіз?

Сәбетқазы Ақатай аты шулы “Азат” қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі еді. Кейін партия ішінде өзара алауыздық пайда болып, екіге бөлініп кетті. С. Ақатай соның біріне жетекші болып қалды. Қазіргі уақытта ол – Қазақстан Республикасы партиясының төрағасы. Әрине, заман өзгеріп, уақыт озған сайын жас мемлекетіміздің даму жолына түрді пікірдің айтылуы заңды да. Біз елге жақсы танымал саясатшы, философ-ғалымды осындайда қоғамдық ой-пікірдің әр қырынан көргендей боламыз. Ол бірде оппозициялық күштердің басында, белортасында жүрсе, енді бірде бөгетін өзі де бірге бұзған ағысқа қарсы жүзгендей әсерде қалдырады. Осы орайда біз оған “Сіз кіммен біргесіз?” деп сауал қойып, ағынан жарылуын өтінген едік.

Менің о баста, Нүрекең бірінші хатшы болып жүрген тұста, тәуелсіздік алынбаған, бірақ алынайын деп тұрған кезде айтқан бір сөзім бар-ды. Ол: – Нұрсұлтан Әбішұлы, бір ісіңіз бар – жолыңызда өлгіміз келеді, бір ісіңіз бар – қолыңызда өлгіміз келеді.

Осы принциптен әлі тая алмай отырмыз. Тайдырмай отырған өмір жағдаяты. Өйткені тәуелсіздікті алған күннен бастап, әлеуметтік саяси өмір кереғар, қарама-қарсы бағытта даму үстінде.

Тәуелсіздік алдық, жеке мемлекет болдық. Әлемдік мемлекеттермен тепе-тең қатынасқа түстік. Азиядағы іргелі мемлекеттер дәрежесіне көтерілдік. Ойда орыс, қырда қытай бізге арнап жеке дипломатиялық жаңа дәптерін ашты. Елшіліктер алмасты. Іргелі мемлекеттер: “Қазақстанға кез келген ел ұлы державалық астамшылық көрсетсе қорғаймыз” деген бітім-шарттарға қол қойды. Абылай заманынан кейін ғайып болған меншікті қарулы күштеріміз, әскери теңіз, әскери әуе күштеріміздің жалауы желбіреді. Бұлар әрине біреуге сұс көрсеткендіктен емес. Сес білдіру, тәуелсіз елдің ортақ белгісі...

Мұны қолдаймыз, әрине. Ел басшымызға жәрдем көрсетіп, жолында өлгіміз келеді. Бұл дара қазақтың ғана емес, қазақтың суын сулап, жерін жайлап отырған барша қазақстандықтың киелі борышы. Отанымыздың дербестігін, тәуелсіздігін мақтаныш етпесек онда кім болғанымыз?

Ал бірақ қоғамды жаңғыртамыз деп, нарықты экономикаға көшіп қарық боламыз деп барымыздан айрылды. Ел азды, жер тозды. Мал бағусыз, шөп шабусыз қалды. Қазақтың болашақ Эйнштейндері мен Сәтбаевтары оқудан қағылды. Алматыға келуге қаражаты жетпейді. Қазақ ауылы бұрын да қарық болып отырған жоқ еді, ендігі жерде мүлде қараңғы қапасқа қамалды, ежелгі таз қалпына оралды: монша жоқ, оған жағатын отын тапшы. Малмен аралас отырған адамның бит пен бүрге жауы, оған инфекцияның сан-алуан түрін қосыңыз. Сар қотыр, қышыма қотыр, экзема, нейродермит және тағы басқалары қазақ балаларының түн ұйқысын төрт бөледі. Бұған ата-аналардың парықсыздығы қосылады: ішу, той өткізу, ас беру індетке айналды, ондай кезде әдетте қазақ баласы тыста жүретіні бар. Ол не істеп жүр, кіммен жүр, не жеп жүр – ешкімнің шаруасы бола бермейді.

Қазақ ауылы жекешелендіру деп таза тоналуға түсті. Оны өз басымыздың парықсыздығы тіпті түбегейлендіріп жіберді.

Ақпан кезі еді. Күн суық. Ауылда болдым. Кеңшар он бір ұжымға бөлініп кеткен екен. Іздеп келген досымды соның бір ұжымы орналасқан “Жақсылық” деген фермадан таптым.

Хал-ахуал сұрастық. Тоғыз отбасына 280 ұсақ, отызға тарта ірі қара мал тиіпті. Соны тоғызы бірдей аяғынан тік тұрып бағып-қағатынын айтты. Шіркін, меншік деген – осы. Қазір мал өрісте, жігіттер үйде екен. Ішке шақырды.

Балуан пішіндес соқталдай тоғыз азамат қыстан қорғалақтап үлкен ауылдан оқшау тұрған фермадағы малшының аядай қос ауыз бөлмесінде ығы-жығы отырып алып, карта соғып жатыр. Далада жаяу борасын. Тас үй суық, есік-терезе азынап тұр. Ауру шал-кемпір, ұсақ бала-шаға, жөргектегі бөпесімен қыз-күйеу қоса отыр: қолдарында көсеу. Қазан-ошақта дымқыл ши-шала бықсиды. Алакеуім. Бет-жүзі сынық жүдеу тіршілік.

– Япырай, тоғызың бірдей күн ұзын мал соңында салпылдағанша, ол құрғырды кезекпен бақпадыңдар ма? – деп қалдым. Қалай айтқанымды өзім де білмеймін, әйтеуір абырой болғанда, сөзім жауапсыз қалды.

– Көзір не?

– Кіреш.

– Мә, ендеше мәткені қосып бердім, – деп өктемсиді басқаларға үй иесі қосылып.

Орынсыз шыққан сөзімді басып тастаған осылардың дабыры болса керек. Өзара қызыл кеңірдек, шуылдасып, таласып жатыр. Тоғыз үйдің тоғыз серкесінде көзір мәткеден басқа көңілдерінде қаяуы жоқ, сондықтан сөзімнің шығын болғанына балаша қуандым.

– Көз тайса болды, қымқырып жібереді деп, бұлар біріне бірі сенбейді – деді жол бастаушым ауылға қайтып келе жатқанда.

– Е, бәсе! – деп селт етіп сейіліп қалдым.

Қара сенгірдің қойнауындағы тас пен қола дәуірлерінен қалған тас қорғандар, Мोजан деген байдың жұрты, осы өңірде отыз жыл болыс болған Омардың күмбезі артта қалып барады.

Япырай, солар да сөйтті ме екен?!

Әрине, мен “мың өліп мың тірілген” ұлтыммен біргемін. Ол өлсе мені өлілердің тізімінен, ол тірілсе мені соның жүгін арқалап жүргендердің ішінен іздеген жөн. Бірақ жаманның бетін аулақ қылсын. Мен Президентіміздің де ұлтын шексіз сүйетініне кәміл сенемін. Оны мен сырттай ғана емес, көзбе-көз жеке әңгіме-дүкендерде естідім. Иланамын. Елдің несібесін алмау бар да, ала алмау бар. Оған Қазақстанның көк туының күн санап биіктей түсуі, айбарының артуы дәлел. Біздей халықтың жеке ел болып, ту тігуінің бесінші жылдығы мұнан артық болады дегенге сену қиын. Ал істеліп жатқан өрелі істерді ашпыз деп, ашу шақырып, бүлдіріп алмасақ екен деп қауіптенемін.

Қаздауысты Қазыбек би қарт Қармыс биден.

– Баба, қазақтың кегі қайтсе қайтады? – деп сұрапты.

– Атқа қонбаса,

Садақ тартпаса,

Оқ боратпаса,

Қазақтың кегі қайтпайды, – деген екен кәрі би.

Бірақ ол, біріншіден, XVIII ғасыр еді де, екіншіден, ұлт-азаттық соғыс уағының шындығы еді. Біз қазір тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын қайтадан қалап жүрміз. Айналамызда қаншама жаңа құрылыстардың қабырғасы сөгіліп, күмбезі түсіп, кірпіші талапайға түсіп, іргетасы ғана қалып жатқанын автобустың терезелерінен көреміз. Егер біздің де мемлекетіміз сондай талапайға түспесін десек, біз, қазақ халқы, осыны ойлап, төзімділік көрсетуіміз керек.

... Біреу тас тасып жүр екен.

– Не істеп жүрсің – дегенде.

– Тас тасып, бала-шағамды асырап жүрмін, – деп жауап берді.

Тағы біреу құм тасып жүр екен.

– Не істеп жүрсің?

– Құм тасып, бала-шағамды асырап жүрмін...

Сөйтсе бұл сорлылар қаңлының сұлтаны Қожа Ахмет Иассауидің күмбезін соғып жүр екен. Біз де солаймыз. Біреуіміздің қолымыз батпақ, біреуіміздің тіземіз сүйел, тағы біреуіміздің аяғымыз сылтық, бірақ барлығымыз қазақ Мемлекетінің іргетасын қалап жүрміз. Күмбезін келесі ұрпаққа аманат етеміз.

Қазақ әдебиеті. 18 наурыз 1997 ж.

Президенттің халыққа Жолдауынан кейін саяси көзқарасым өзгерді

Жақында Президент Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жолдады. Елбасының Жолдауы – саяси тұрғыдан алсаң да, әлеуметтік-экономикалық жағынан алсаң да салиқалы стратегиялық бағдарлама. Бұл жолғы Жолдаудың мәртебесі биік, өз алдына бір төбе болып тұр. Өйткені, ол ауылды түлетуге, дамытуға арналды.

Ауыл – қарға тамырлы қазақтың түп мекені. Елі де бай, жері де бай қазақ ауылдары қоғам бір формациядан екіншісіне өткен жылдары көп ауыртпашылық көрді. Дегенмен, бұл заңды процесс екенін біз білеміз. Қазір сол қиналған ауылдар бас көтерді, еңсесін тіктеді. Бір ғана мысал, жақында ауылдағы ағам бір тракторды тіркемесімен, шөп шабатын шалғысымен, тырмасымен қоса қабат сатып алыпты. Сондағы қуанғанымыз-ай! Мал қазақты аштан өлтірмейді. Мал өсіріп отырған қазақ – ең бай қазақ. Халық мұны түсінді. Енді Президенттің тапсырмасымен Үкімет ауылдың еңсесін көтеруге арналған үшжылдық Президенттік бағдарлама жасайды. Онда бүгінгі күні ауылдарды шыр айналдырып отырған проблемаларды шешу мәселесі жан-жақты қамтылады. Елбасының халыққа арнаған Жолдауы баспасөзде жарияланғаннан кейін “Жас Алашқа” телефон шалып “Мақатаев–22”-ге келіп, пікір қосқандар бар, Солардың бірі – ақсақал жасына келіп қалған саясатшы Сәбетқазы Ақатай еді:

– Президенттің мына Жолдауынан кейін үйімде тыныш отыра алмадым. Елбасымыз 2003 жылғы ішкі және сыртқы даму бағыттарының негізін ауылға бұрды. Менің түсінігімше, бұл үлкен бетбұрыс. Өйткені, соңғы жылдары шынын айту керек, ауылдағылар әжептәуір қиналып қалды. Ауылдағылардың бәрі шемішке сатқыш болып кетті ғой. Қиналғаннан, әрине. Енді Елбасымыз елді мекендердің түтінін түзетіп, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістер жасауға және жасатуға өзі бас болып кірісіп жатыр. Осыдан кейін мен ол кісінің ауылға, елге, қазаққа жаны ашитынына көзім жетті. Табиғаты да қазақ, қазақ болғанда да текті қазақ екен. Бұрындары жұрттың бәрі біледі, мен Президентті сынап келдім, тіпті “осы кісі қазақ па?” деген күпіршілікке дейін барғанмын. Мен мына Жолдаудан кейін ондай ойдан, түсініктен, көзқарастан арылдым. Президент – нағыз қазақ екен. Өзіміздің нақ Президентіміз екендігіне көзім анық жетті. Қазір халықтың 43 пайызы ауылдарда өмір сүріп жатыр.

Кезінде ауылдағылар қалай өмір сүрді? Тоқшылық, молшылық болды ғой. Менің ойымша, сол дәурен қайта келе жатыр. Қазақтың басынан бақ таймапты.

– Сонда сіздің осы Жолдаудан кейін Президентке деген саяси көзқарасыңыз түбегейлі өзгерді ме?

– Иә. Толық өзгерді. Ауылды ауыртпашылықтан алып шығудан бағдарламасын жасап жатса, қалай өзгермесін. Енді ел болып, тығырықтан шығудың жолын қарастыруымыз керек. Қолдап, қолтықтан демеп жіберуіміз керек.

*Гүлзат Нұрмолдақызы
Жас алаш. 4 мамыр 2002 ж.*

“Қайрат” қоғамының жасырын хаты туралы

Адамзатты дүр сілкінткен көптеген ірі оқиғалар тарихтан дер кезінде өз орнын бірден ала қоймайтыны мәлім. Көбіне-көп оларға заманы да, адамы да кеудесін тосып, жол бере бермейді. Бәлкім, заманы мен адамы оқиға деңгейіне сай болмауы, яки оқиға да төтесінен кеуделеп, адамы мен заманына ырық бермей тура түсуі де кәдік. Сондай өз кезегінен тыс төтенше түскен әлемдік құбылыстардың қатарына 1986 жылы Алматыда болып өткен “Желтоқсан” оқиғасы жатады.

“Желтоқсан” – жеке адамның итермелеуінсіз, өзінен-өзі туып, қазақтың өз қолынан шыққан, қазақ сомдаған құбылыс, қазақтың ұлттық психологиясына сай феномен. Сондықтан ұлт тарихында алатын орны жағынан ешкімді бейтарап қалдырмады. Алда да қалдыра қоймас.

“Желтоқсан” – қазақпын деген әрбір адамның иығына түсетін, түсе де беретін жүк. XX ғасырдағы қазақ тағдырын анықтаушы ұлттық ар намысы, ақыл-ойы, ар-ожданы. Сондықтан болса керек, “Желтоқсан” үстінде оған қатысы бар қазақ баласы сол күндері Алматы көшелеріне қойылған баррикаданың не арғы, не бергі жағынан орын алды.

“Қаптаған бұлттай торлап, түрлі пәле халық басына орнап, не қыларын біле алмай, ақылынан адасып, жұрт алақтап азама-тын іздеген шақта, бар шырағын жақпай, бар қайратын сарып қылмай, өз басының амандығымен болып, ұранға шаппаған аза-

мат – ол халық алдында жоқ азамат, не ол жаны бар болғанымен, жануарлықтан шықпаған азамат. Не қызатын қанын, ашитын жанын басының пайдасына, бастықты орынға, патшаның аңғалына сатқан азамат болады”, – дейді Ахмет Байтұрсынов.

Желтоқсан оқиғасы кезінде алаңда болып, оқиғаны өз көзімен көріп, оған араласып, жастарға араша түскен жазушылар Шона Смаханұлы, Советхан Ғаббасов, дипломат Сәкен Қашағанов, демократтар Жағда Бабалықов, Рима және мен, тағы да басқа азаматтар кейінде оқшау топтасып, бір-бірімізбен пікір алмасып жүрдік. Барлығының ойы: “Не істеу керек, қазақтың қабырғасын қайыстырған дүлей күштің бетін қайтіп қайтаруға болады?” – деген сауал төңірегінде топтасты. Мұндайда Г. В. Колбинді ғана жамандау, орыс генералдарына ғайбат айту, әлде З. Камалиденов, С. Мұқашев, М. Меңдібаевтарды қарғаумен шектелу мүлде жеткіліксіз еді. Жазықсыз қазақ жастарының алдыңғы тобы жедел түрде сотталып, Савицкийді өлтіруге қатысты деген жала іс бойынша тергеу жүріп жатты. Архитектуралық-құрылыс институтының мұғалімі Уақов, ҚазМУ-дің студенті Рахметов, алаңда үнқағаз таратқан Жансая, “Саяхат” автовокзалында шовинистерге қарумен ғана төтеп бере алған Әбдікұлов, Өскемендегі ауыл-шаруашылық техникумының, Алматының көркемсурет училищесінің, Театр-көркемөнер, Ауылшаруашылық, Малдәрігерлік және тағы да көптеген жоғары оқу орындарының бірталай студенті қамауға алынды. Ел ішін өсек-аяң қаулады. Рысқұлбеков бастаған бір топ студенттің тергеуі аяқталып, ату жазасына кесілді.

Осыны ескеріп, Жағда Бабалықов екеуміз олардың туған-туыстарымен, дос-жораларымен хабар алысып, дүниежүзілік қауымдас ұлттар мен мемлекеттер назарына хат дайындауға кірістік. Хат фотоға түсіріліп, тырнақтай негатив пленка кадры көбейтіліп (барлығы 72 кадр), шетелдерге келімді-кетімділер арқылы таратылды.

Тарату, әрине, оңайға түспеді. Пленка шайдың, кэмпиттің, темекінің, қолшатырдың ішіне салынып берілді. Тіпті балтаның темірі тілініп, оның арасына кадр қыстырылып, қайта пісірілді, жонылды. Әйтеуір, хаттарды шетелге, әсіресе, Біріккен Ұлттар

Ұйымына, “Интернейшинамнисти” қоғамына жеткізу парыз болды. 1987 жылдың ақпанында Польшадан келген беймәлім туристтен біздің сәлемдемеміздің Чехословакияның “Партия—68” ұйымының қолына тигені, олардың орыс шовинистерінің тозақ отына күйген қазақ жастарын қорғау үшін Шығыс Еуропа зиялыларының қолын жинап жатқаны мәлім болды. Бұл әрекетті растаған көлденең хабар сол сәтте Будапешт университетінің профессоры, белгілі түрколог М. Қоңырдан түсті. Қ. Рысқұлбеков пен оның достары ату жазасына кесілгеннен кейін “Азаттық” радиосы арқылы 78 адамның қолы қойылған, поляк жазушылары, ғалымдары мен артистерінің М. Горбачевке жолдаған хаты берілді. Ішінде сол кездегі “Солидарность” кәсіподақтарының төрағасы, қазірде Польшаның президенті Лех Валенсактың да қолы болды. Қазақстан Жазушылар одағында болған бір жиында Г. В. Колбин Қ. Рысқұлбеков пен Әбдіқұловтың ату жазасы 20 жылмен алмастырылғанын хабарлады. Бірақ ол мұны әлемдік қауымдастықтың жеңісі демей, СОКП-нің жақсылығы деп дәріптеді. Сөйтіп, СОКП-нің “жәрдемі арқасында” Қ. Рысқұлбеков пен оның жолдастары аман қалды, бірақ репрессия жалғаса түсті. Әлдеқандай жолдармен Алматыдағы “Кеңсай” зираты талқандалды. З. Камалиденов пен М. Мендібаевтар қазақ халқын зекіп, бұрышқа тықсыра берді. Шовинистер қазақ нигилистеріне арқа сүйеді. Қазақстан комсомолы жетекшілерінің бірі “Желтоқсанға” қатысқан әр қазақ жасын өз қолымен тұншықтырып өлтіруге даяр екенін мәлімдеді. Орыс тілді бірқатар газеттер қазақ ұлтшылдарына қарсы науқан ашты. “Ленинская смена” газеті “Тат” (“Ржавщина”) мақаласын баспаға әзірлеп жатты. Осындай жағдайда Ж. Молдағалиев пен С. Зимановтың, Колбин мен Соломенцевке қарсы ашық шыққан дауысы қазақ басын торлаған қалың тұманды сейілткендей болды.

Хат жазу үстінде оның авторлары мен олардың төңірегіндегі адамдар сан дүркін МҚК (КГБ) тергеуінде жүрді. Хат фотоға түсірілумен ғана шектелген жоқ. Магнитофон таспасына жазылып, демократиялық көзқарасы айқын кейбір қазақ зиялыларына тыңдатылды. Хат Швейцарияда, онан соң Эстонияда біршама

өзгертіліп баспа көргенін кейін білдік. Осындай жағдайдың болғанын яғни “Қайрат” қоғамының ұлттар қауымдастығына жасырын хат жолдағанын “Желтоқсан” оқиғасының жеті жыл толуына орай еске сала кеткеніміз артық емес шығар деп ойлаймыз.

Қазақ әдебиеті. 17 желтоқсан 1993 ж.

Қыркы бір жақ, қыңыры бір жақ

– Алақай, соғыс! – деп шаттанады коммунист Геннадий Зюганов.

– Әттеген-ай, ядролық қаруды бекер беріппіз! – деп, төбе шашын жұлады Украинаның бір депутат айымы.

– Орыстың Жоян Жұдырығын бұратана ұлттарға көрсетер шақ енді туды! Ура! – деп көгілдір экраннан күліп, қарай ма, қалай, орыс фашистері Макашов пен Анпиловтар.

Оқ-дәрінің иісін аңсаған Ресейдің “қысқартылған” әскери мамандары бүкіл Ресейдің орман-тоғайын кесіп, ірі қалаларда ашылған пункттерде тізімге түсіп жатыр. Ондай орындар Мәскеуде, Санкт-Петербургта, Ростовта ашылыпты, тізім жасауда. Калининград алға шығыпты деп естиміз ОРТ телеарнасынан. Минин мен Пожарский заманы туған ба деп қаласың мұны көріп. Әйтеуір, қарбалас.

Орыс фашистері мен ұлтшылдары, жұмыссыздар мен бомжқайыршылар, “державниктері” мен БИЧ-тері АҚШ зымырандарына қарап өтіне қару сұрайды. Барлығы Югославияға барып, Косово мұсылмандарын қырмақ, оларды өлтіріп, аш қарнын жұбантпақ, дәулетіне ие болмақ. Мұнан бұрын өздерінің аталастары босниялық және македониялық сербтерді мұсылмандығы үшін қырғанда алдарына жан салмап еді. Біздің елде “Тоқабай Сарыны сәнге сабайды” деген қалжың сөз бар. Құдды соның кері. Бұл қылмыс оқта-текте газет беттерінен ғана көрініп қалады. Орыс тілді басылымдар жұмған аузын ашпайды. Гаагадағы трибунал Халықаралық адам пендесіне деген жауыздығы үшін жазадан қашып жүрген серб фашистерін әлі

толық анықтап болмай жатыр. Қара бет қаракшылар жүздеген мың бейкүнә мұсылмандардың қанын қаралап тиісті жазасын алмай жүр.

НАТО елдерінің біріккен бұл әрекетіне тек Қытай, Үнді, Ресей мен Намибия қарсы екені мәлім. Қалған мемлекеттердің баршасы АҚШ пен Англия, Германия мен Франция жағында. Құртақандай Чешенстанды ойрандау, Қалмақстанды (1999) үркіту, Саха (Якутия) халқының бейбітшілік наразылығын (1986 ж. қараша) басып-жаншу, агрессорлық мінез емес, “ағалық” таныту екен. Біз мұны білмейді екенбіз! Сонда Косовалық мұсылмандар кімге шағым айтпақ? Ресей өз халқына не жасаса, С. Милошевич Югославияда соны жасамақ. Ресей табанына түскен бұратана ұлттарға жау тауып бергіштігі бұрын да мәлім еді. Танауы қаншама жерден қан болғанымен “қан ішіп алғыш” арланның көңілі жылымық қаннан әлі де қайта қояр емес. ТМД басшыларын әрі алдаусыратып, бері алдаусыратып жүріп, біразын өзіне партнер қылып алғаны белгілі. Бірақ апаттың алдын сезінген кейбір басшылар өз елдерін Ресей авантюрасынан ажыратып алып-ақ жатыр. Кейінгі кезде бұлардың саны біраз молайып та қалғанын байқаймыз. Бұл орайда Қарабах пен Абхазияға байланысты Ресейдің екіжүзді саясатын салған жерден таныған Г. Әлиев пен Ә. Шеварднадзені, ақылы кейінірек болса да қалыбына түскен И. Кәрімов пен А. Ақаевты айтар едім. Соңғы екеуінің әскери топтарын Тәжікстаннан алып кетуі көзсіз батырлық.

Соңғы екі дүниежүзілік соғыс Югославия жерінде бұрқ етті. Екеуінің де бел ортасында Ресей жүрді. Бұл – тарих. Ресей кез келген соғыстың басты кейіпкері. Бұл – шындық. Осы бүгінгі соғысты экономикалық безбенмен өлшейтін болсақ, Ресей соғысқа кірісе алмайды. Ол оған даяр емес. В. Жириновскийдің албайлық (полковник) шені бұған жеткіліксіз. Осы қуантады. Бірақ бұл Ресей үшін заңдылық емес.

Ресей әлсіз болған сайын, ол тұтқында ұстаған жүздеген ұлттардың жұлдызы жарқырай түспек. Ресей әдеттегі әулекілік мінезімен соғысқа кірісіп кетсе, оның ыдырау процесі жеңілдей де, жылдамдай да түседі. Мұны Ресей президенті Б. Ельцин ай-

тып та жатыр-ау. Оны Б. Ельциннен басқалары елер емес. Өз елдеріне өздері жауыз болып алған кейбір есерсоқ – тоқ болса да, аш болса да, ауру болса да, сау болса да, емі – соғыс деп ойлайды, бірақ чешеннен қорқады. Қатты қорқады. “Бір жерде жылаған жанның дауысын естісем, япырау, біз тағы нені бүлдіріп едік?” деп қуыстанамын” дейді өз елінің мінезін жақсы білетін ХІХ ғасырдың орыс демократы, Пушкиннің досы Чаадаев.

С. Милошевичке бір ғана талап қойылып отыр: Косово халқының көз жасын төкпей, мәселесін бейбіт жолмен шешіп беру. Бірақ Косово патриоттары үшін ол жол біреу: Косово тұрғындары үшін референдум, әлде плебисцит өткізіп, оның толық саяси дербестігін қамтамасыз ету – Дейтон келісімі аздық етеді. Ал бұған Ресей Югославияның аяғын бастырғысы келмейді. Өйткені, бұл бұратана ұлттар мен ұлыстарды ауыздықтап, бағып-қағып отырған Ресей үшін қауіпті: өзінің көрін өзі қазғанмен бірдей. Бұл – түсінікті.

Қазірде осы соғыстың бағасын беруде Қазақстанның әлеуметінде екі дай пікір қалыптасып жатыр. Көпшілік В. В. Жириновскийше келіп те ойлайды. ЛДПР жетекшісінің мұсылман жұртшылығына деген қаскөй көзқарасы әуелден мәлім. Сөйтсе де...

Жуырда “Аттан!” салып, бейбітшілік шеруге ел-жұртын бастап жүрген Амантай қажының В. В. Жириновскийдің ұранын көтеріп жүргенін АҚШ-тың елшілігінің алдынан көрдім.

Ал Рэтбек қажы неге үнсіз? Қазақ мұсылмандарының басшысы қанды көйлек С. Милошевичтің қолына су құйып жүрмегей. Әйтеуір, Мәскеу молдасы Ғайнутдиннің сөйткенін байқап қалдық.

Былырғы жылы 200-ден астам Қазақстан азаматтарын Рэтбек Меккеге апарып, “қажы” атандырып қайтқанын естіп қуанғанмын. Өкінішті жері – сол “қажылардың” біразы сүндетке отырмағандар болып шығыпты. Оған да қуандым. “Кәпір тоқ болса, мұсылман тыныш”.

“Қырық кісі – бір жақ, қыңыр кісі – басқа жақ” демей ме, қазақ.

Патша – Құдай сыйындым,
Әуел баста өзіңе.
Жау жағадан алғанда
Жан көрінбес көзіме...

Жақын мен алысты ажырата алмайтындай біз осы кімбіз?
Иманымыздың досы қайсы, қасы қайсы?

Заман-Қазақстан. 23 көкек 1999 жс.

“XX ғасыр жеті жылдан тұрмайды” XXI ғасыр: табалдырықтан биік тау жоқ

Лұқпан хакім мың жасаған екен дейді көне рәуаят. Дана мың жасамапты, бірақ қуаныш пен жақсы өткізген әр күнін бір жылға балап отырыпты. Қалай болғанда да жақсы өмір, шатты ғұмыр адамның жасын ұзартатыны хақ. Мінекей, XX ғасыр да басымыздан бұлбұл ұшып бара жатыр. Бір ғасырдың қуанышы мен күйінішін, биігі мен күйігін де Алла тағала бізге, осы ұрпаққа бұйыртыпты. Қазақты мың өлтіріп, мың тірілткен XX ғасыр тәмамдалып келеді, біз оны өз көзімізбен көрдік. Өткен 97 жылда қазақтың өлгенін де, тірілгенін де, жер бауырлағанын да, тізерлегенін де көзіміз көрді. Орысқа бодан болдық. Оның досын дос, қасын қас санадық. Діліміздің түбінде “адал бодан бола білу” (верноподданничество) идеологиясы жатты. Бұған бағынбаған қазақты өзіміз қол-аяғын байлап, өзіміз ұстап беріп отырдық. Сондықтан бүкіл ұлтты бағындыру үшін “майор” дәрежесіндегі ұлық жетіп жатты. XX ғасыр басынан аққан қанда толас болмады. Ел азды, жер тозды. Ақыл айтар ақсақалсыз қалдық. Япырау, қазақтың жаны сондай сірі болғаны ма? Байқасақ, осы ғасырдың әр он-жылдығы қазақ басына бір-бір апат болып тиген екен. Әлі бармыз, әлі тіріміз. Демек, өлмейміз, мәңгі жасаймыз. “Басы қатты болса, аяғы тәтті болады” деген сөз бар.

Енді міне, ғасырдың аяқталуына санаулы-ақ уақыт қалды. Ғасырдың басы ащы болып, орта тұсында у татыса, аяқ шенінде бал татыған кезін көрсек пе деген үміттеміз. “Үмітсіз – шайтан” деген ғой.

Қазақ үшін жақсылық та жамандық та мемлекет мәселесіне байланысты. Біз 80-жылдардың аяғында “Азат” боп шулағанымызда бірдеме ішсек екен, жесек екен, қызмет алсақ екен деп шулағанымыз жоқ. Ойымызда тек ұлт пен оның мемлекетінің тәуелсіздік мәселесі тұрды. Тәуелсіздік алғаннан кейін тәуелсіздіктің баянды болу мәселесі туды. Тәуелсіздік алайын деп жатқан шақта жастар содыр мінез танытқаны мәлім. Аға буын үнсіз қалды. Іс тағы да 86-ға айналып кетіп, көшеге танк пен БТР шығып, артынан бірімізді-біріміз таба алмай қаламыз ба деген үрей болды, 80-жылдардың аяғында тәуелсіздіктің төбесі көрініп қалғандай-тұғын. Бірақ соны өзіміз келместей шошытып аламыз ба деп қауіптеніп, “Азат” боп ұйымдасып, көшеге шыққанымыз сол еді.

Ғасыр басында туған тәуелсіздік идеясы ғасыр аяғында бізге келе қояды, сөйтіп біз көк туымызды желбіретеміз-ау деп ойламаған едік. Егер екі қазақ жасы азаттық үшін бір-бірін жағасынан алып жатса араша болайық, самай шашы ағарған біздей ағаларын көрсе жастар назар аударар, азаттық жас буынға ғана емес, қазақтың барша буынына да керек екен деген ой тусын дедік. Иншалла, біздің ойымыз іске асты. Енді Көк Ту қолда.

Біз этатиспіз, мемлекетшілміз деп жүрміз. Этат – французша мемлекет деген сөз. Дүниеде мемлекет тәуелсіздігі үшін көп күрескен халық – француздар болар. Соның салдары шығар, француз халқында көсем көп, ұстаз көп. Еуропадағы әр түрлі қақтығыстар мен соғыстар француз ұлтын азаттық жолындағы күресте шыңдады. Олардың арасынан қайраткерлер мол шықты да, олар ғасырлардан ғасырларға өздерінің ғибратын, білімі мен тәжірибесін молдап қалдырды. Білімнің ең мәртебелісі – бостандық, теңдік, бауырмашылдық, аңсау болса, француз көсемдерінің ұрандары, мақсаттары да осы жайлы еді. Бұл ұрандар француз ұлтын ғана ұйытып қойған жоқ, бүкіл дүние

ұлттарын тәуелсіздік пен теңдікке шақырды, жаңа заманның жаршысына айналды.

XX ғасырдың қазақ халқына жасаған ең үлкен жауыздығы – халықты көсемдерінен ажыратып, ұлттың ұстаздарын, рухани басшыларын құртты. Көсемсіз ел серкесіз қой секілді. Соның салдарынан қазақтың жауы қазақ болды, бірін бірі көрсету, біріне бірін айдап салу саясаты басталды. “Егеубайдың екі ұлы ерегесіп келеді, Төлеубайдың төрт ұлы төбелесіп келеді” деген қазақтың жұмбағындай күйге көштік.

Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсын, Мағжан Жұмабай, Міржақып Дулаттар француздың Жан Жак Руссосы, Дени Дидросы, Жанна Д'Аркы секілді жеке-жеке тұлға еді. Олардың ойы ұлттың азаттығы, жеке тәуелсіз мемлекет құру, қазақты өзіне-өзін билету еді. Солар көтерген идея, солар көксеген мұраттар бүгін орындалып жатыр. XX ғасырды тәмамдай отырып, осы ғасырда қазақ қолынан шыққан ең мәртебелі туынды не дегенде, мен тәуелсіздігіміз бен мемлекеттенуімізді айтар едім. Мұнан үлкен мұрат жоқ.

Біз “мың өліп, мың тірілдік” дейміз, бірақ миллион рет өліп, миллион рет қайта тіріліп барып, қайтадан өліп қалған ұлттар қаншама? Мәселен, Африкада, Азияда, Латын Америкасында ондаған мың жыл өмір сүріп, азаттығынан айырылып, резервацияға түскен ұлттар мен ұлыстар бар. “Бергенін алған Құдайға берерін алғыздырмайық”. ХХІ ғасырдың басты шарты осы болғай. Ол қазақтың өз қолында. Бұл жолда “жаңа” коммунистер мен социалистердің гөй-гөйінен сақ болған жөн. Көзқамандар мен мәңгірттерге де ықпал керек. Қазақ идеясын ешкімге мердігерлікке беруге болмайды. Қазақ идеясын толық орындаушы – қазақ болмақ. Мемлекет болу оңай іс емес. Оған бір ұрпақтың күш-қуаты жетпейді. Ресейдің мемлекет болу жолында жүріп өткен 1000 жылдық тарихы бар. Ал сөйте жүріп, Конституциясын күні кеше қабылдады. Мемлекет болу – ұлттың ісі. Оны нығайту жолында бар күш-жігерімізді, қажыр-қайратымызды, білімімізді садақа етпесек тағы да “іні” боламыз.

XX ғасырда қазақ жасаған іс-әрекеттердің барлығы келесі ұрпақ үшін негіз. XX ғасыр ХХІ ғасырда жасайтын жаңа ұрпақтың бәсіресін үйретіп, тайын тағалап, жүретін жолын салып берді дегім келеді. Келесі ұрпақ жол салмасын, ол даяр жолмен жүрсін, көпір салып күш-жігерін, қаржысын шашпасын. Ол көпірді біз салып берсек деймін. Осы ойымды ылғи да өзімнің әріптестеріме, әр түрлі салада жүрген қайраткерлерге, замандастарыма айтып жүремін. Шен сұрама, сенің іс-әрекетіңнің бәрі қазақ халқы үшін садақа болсын деймін. Бұхар жырау туғанда әкесі Қалқаман би ұлына былайша бата беріпті:

Атың Бұхар болсын,
Мінгенің тұлпар болсын.
Дауысың сұңқар болсын
Ісіңе елің іңкәр болсын!

Батаның барлық шарттары орындалған екен. Осы батаны мен ХХІ ғасыр табалдырығын аттайын деп отырған қазақ азаматтарына да бергім келеді. Осы мақсатта “мен ананы істеп едім, маған анадай шапан кигіз, мен мынаны тындырып едім, мынадай шен тақ” деп мемлекеттен тіленсек, онда біздің бойымызға қайтадан кеңестік дәуір пиғылы ұялайды да, қазақ мемлекеті Кеңес Одағының аяғын құшады.

“XX ғасырдың басты, өзекті жетістігі неде?” дегенде, біз жеті жылда жеті қазынаға ие болдық дер едім. 1991 жылы тәуелсіздік алып, Мәскеуден тізгін үздік, өз ақшамызды шығардық, астанамызды ауыстырдық, реформалар жүргіздік, ана тіліміз дара мемлекеттік тіл дәрежесін алды. Бірақ өкінішке қарай, әлі де Ресейдің “бөлімшесі” секілдіміз. Тіл орыстанған, діл шұбарланған, ұрпақ мәңгүрттенген... Алайда, XX ғасыр жеті жылдан тұрмайды. Ал, қалған жылдарда не істелінді десек, онда да қазақ жетістіксіз қалған жоқ. Мәдени революция кезінде сауат аштық, хат таныдық. Соғысқа қатыстық, жеңіс тойын тойладық. 60-жылдары демографиялық дәуірлеу өтті. 1959 жылы 2,5 млн. қазақ ғасыр аяғында 13 млн-ға жетті. Ғасыр басындағы санымызды екі есеге көтере алдық. Мұның өзі революцияға бергісіз өрлеу жылдары болды. Революция демекші, XX ғасырдың бас-

ты оқиғасы 1917 жылғы Қазан төңкерісі еді. Қазан төңкерісі жайында қазақ арасында қарама-қайшы екі түрлі баға бар. Қазан төңкерісін “жақсы” дейтіндер – көбіне кешегі коммунистік басқару жүйесінде болған, не соның ықпалында тәрбиеленген қазақтар. Ал, “жаман” санайтындар – большевиктердің зорлығын көрген, тепкіге түскен, ашаршылыққа, қуғынға ұшыраған, өзінің туғанынан айырылғандар және сол секілді жапа шеккендер. Бұлар Қазан төңкерісі болмағанда қазақ саны 30 млн-ға жетер еді, ырысымыз шайқалмай, дәулетіміз мұнан да асып түсер еді дейді. Бірақ, екі жақ та тарихтың өз заңдылығын ескере бермейді. Қазан төңкерісінің қазақ халқына қан құстырғаны рас. Большевиктердің де, оларға қарсы болған ақтардың да шеңгелі, әсіресе, қазақтың қабырғасына қатты батты, қазақ өзінің жарты санынан айырылып қалды. Біз қазірде Қазан төңкерісіне тек ғайбат айтып, топырақ шашатын болсақ, онда ХХ ғасырдың саяси-әлеуметтік сырларын, оның қазақ халқының әлеуметіне тигізген игі ықпалын толық аша алмас едік. Түбі адасар едік. Өткенді дұрыс бағалай алмау болашағымызға кеселін тигізеді.

Қазір қазақтың 98%-і (мен, бәлкім, 98% деп кемітіп айтып отырған болармын) сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу. Олар өз тағдырын әлемдік өлшеммен өлшейді. Большевиктер әулетінің тепкісі нәтижесінде болар, біз білімге қол создық, мектептер, жоғары оқу орындары ашылды, инженер, агроном, доктор болдық. Большевиктер жаппай сауаттандыруды екі-ақ жылда өткізгені мәлім. Өйткені, жандарында тапанша жүрді. Коллективтендіру де солай өтті: қырылды, жойылды. Коллективтендірумен бірге көшпелі қазақты кенттендіру іске асты. Қазақ қыстақтарына ауруханалар, мәдени ошақтар, тас жолдар, электр, телефон, телеграф бағаналары аттады.

Ежелден жақсы мен жаман шалыс жүреді. Өткеннің барлығын балағаттап, қаралайтын болсақ, онда біздің өзіміздің көңіліміз жуса ағармайтындай қара ниет болғандығы ғой.

Қазіргі жетістіктердің біразының негізін коммунистер қалады деуге болады. Солардың іс-әрекетінің арқасында әр шопанның қой қорасына дейін электр желісі тартылды. Олардың біразы қазіргі дағдарыс кезінде әдірем қалды. Оны дұрыс пайдала-

на білудің жөні бір басқа. XX ғасыр қазақ ұлтының тағдыр-тауаны үшін өте күрделі ғасыр саналады. Оның жақсылық жағы да, жамандық жағы да көп болды. Екі жағы да аз айтылып жатқан жоқ. XX ғасыр мен XXI ғасыр мұраттары құйысқан тістесіп, бірімен-бірі мәмілеге келе алса, XX ғасырда өндірілген материалдық және рухани игіліктерді XXI ғасырда жалғастыра алар едік.

Анығын айтсақ, коммунистік дәуір қазақ үшін керек болды. Оны болмаса болдыру керек еді. Коммунистердің арқасында дүниеге Жезқазған, Қарағанды, Балқаш, Алматы келді. Зауыт-фабрикалар, элеваторлар, электр стансалары салынды. Осы аталған игіліктер бізге керек десек, онда ол дәуірді керек емес деп айтуға ауыз бармас. Бәлкім, Қазан төңкерісі орыс ұлтының дәуірлеуін тежеді деуге болар, өйткені, орыс өзі билеп отырған кіші ұлттардың қатарына тұрды. Демек, XX ғасырдың негізгі бөлігі – 80 жылды бағалауда ыждағаттылық танытқанымыз жөн болар. Ол кезеңді жоққа шығарсақ, ағаларымыз бен әкелеріміздің есіл еңбегін де жоққа шығарар едік.

XX ғасыр менсіз басталды, мен ол кезде тұмаған адаммын. Ғасыр тіршілігіне, жүріс-тұрысына әсер еттім деп айта алмаймын. Бірақ ұлт ісіне керек пе деп, “Жас тұлпарға” тер төктім, “Азатты” және оның жанынан құрылған Республикалық партияның шаңырағын көтерістім, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде болдым, қазақ жастары атынан БҰҰ-ға, күллі мемлекет басшыларына жасырын хат жолдадым. Жанымда Шона Смаханұлы мен Жағда Бабалық бірге жүрді. Әлеуметтік дәуірлеу, қоғамдық прогресс бір кісінің ықпалына көнбейді. Жеке адам қоғамдық прогресс жүрісін яки аялдатуы, яки жылдамдатуы мүмкін.

XX ғасырдың аяқталуына әлі де екі жыл бар, бұл қоғам үшін үлкен мерзім. Мәселен, осы екі жылда Қазақстанда бір миллиондай қазақ баласы дүниеге келеді деп үміттенеміз. Ол бір ұрпақ деген сөз. Міне, екі жылдың қарымы қандай. Алдағы ғасыр алдында ірі өзгеріс күту қиын. Мен өзгерістен үркемін. Өйткені, кез келген өзгеріс қазақтың пайдасына шешілмеуі кәдік. Егер біз өзгеріссіз, бірқалыпты алға қарай жылжи беретін

болсақ, Құдай осы жүрісімізден жаңылдырмаса, ХХІ ғасырдың табалдырығын құмалағымыз түгенделіп аттаймыз. Қазақ ұлты үшін ХХІ ғасыр ХХ ғасырдың жақсы жағының жалғасы болса екен деймін. Ұлттың ең үлкен мақсат-мүддесі – саяси тәуелсіздігі мен оны қамтамасыз етіп отыратын мемлекеті. Тәуелсіздік пен мемлекеттіліктен басқасының бәрі өзгеріске ұшырай берсін, ал ең қажетті нәрсеіміз аман болса, қалған ырыздық Құдайдан.

*Жазып алған К. Нақып.
Заман Қазақстан. 28 қаңтар 1998 ж.*

Партиялар кімге қызмет етеді?

Бұрынғы озбыр Одақ тарап, жалғыз өзі әкім құрған зорлықшыл коммунистік партия құлағаннан соңғы жерде, Егеменді Қазақстанда бірінен соң бірі әр түрлі партиялар құрылып, өмірге араласа бастады. Олардың қоғамдық санаға, саяси ахуалға әсері мен ықпалы турасында қазақ баспасөзі мен зиялылар қауымы арасында сөз болып жүр. Алайда белгілі партиялардың бағыт-бағдары туралы қалың жұртшылық біле бермейді.

Жақында (мамыр, 1992 ж.) “Жұлдыз” журналы Қазақстан партиялары жетекшілерінің арасында төмендегідей сұрақтар таратқан еді.

1. Қазақстанда коммунистік партия дүниеге келмес бұрын, “Алаш”, “Үш жүз” партиясы, одан ертерек, ру партиялары деген болды. Заманында олар да ел билеушілерге ықпал жасап, өз бағдарламаларын ұсынып отырған. Ол кезге қарағанда, бүгінгі заман да, қоғам да басқа. Олай болса, бүгінгі партиялардың қажеттігі мен өміршендігі неде деп ойлайсыздар?

2. Қазіргі кезде республикамыз экономикалық және әлеуметтік-тұрмыс жағынан өте ауыр жағдайды басынан кешіп отырғаны мәлім. Ал сіздер осы қиындықтардан шығудың жолы қандай және халықтың әл-ахуалын, тұрмыс жағдайын қалайша жақсартуға болады деп ойлайсыздар? Бұл ретте сіздердің

партияларыңыз қандай тәуір жолды, қандай тиімді бағдарлама ұсына алар еді?

3. Республикамыздың егемендік алуы, көптеген дамыған елдермен түрлі салада байланыстар жасауы – бұрынғы бұғаудан құтылып, отарсыздану жолындағы үлкен серпіліс. Дегенмен, біздің адамдарымыз бұрынғыдай біреуге тәуелділік (мысалы, Мәскеу не дер екен дегендей алаңдаушылық) секілді ауыр ойдан біршама арылып болды ма? Осы орайда сіздер қарапайым халық арасында қандай игі жұмыстар жүргізіп жүрсіздер?

4. Сіздердің парламент және халық депутаттарымен іскерлік қарым-қатынастарыңыз қандай? Сіздер өз ұсыныс-пікірлеріңізді өз депутаттарыңыз арқылы іске асырамысыздар, әлде депутаттық топтар немесе депутаттық клубтармен кездесіп, ортақ әңгімеге отырамысыздар?

5. 1989 жылдың көкек айында Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың әлеуметтік-тұрмыстық жағынан артта қалған жетпіс ауданының әлеуметтік дамуын жеделдету жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылдағаны белгілі. Сол аудандардың ішінде, әсіресе, отыз ауданның әлеуметтік даму дәрежесі өте төмен деп танылған еді. Сондағы тұрғындардың бәрі дерлік біздің қазақ бауырларымыз еді. Әрине, олардың да бақытты ғұмыр кешіп, шырқап өмір сүргісі келеді. Бүгінде бәріміз талмай айтып жүрген “қазақтың рухын көтеру”, “қазақтың қазақтығын таныту” дегеніміз, шындап келгенде, сол бауырларымызға тиісінше жәрдем көрсету болып табылмай ма?

6. Сіздер басқарып отырған партиялар ілгерілеген қоғамда өмір сүріп отыр ғой. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі егеменді ел партияларының көзі қарақты, құлашы кең болуға тиіс емес пе. Сіздер қазақ халқын алда қандай тағдырлар күтіп тұр деп ойлайсыздар?

Төменде осы сұрақтарға қайтарылған жауаптарды жариялап отырмыз. Әрине, бәріне қосыламыз, бәрі дұрыс демейміз, сондай-ақ, ананы алай, мынаны былай деп талдау жасауды да қажет таппадық. Бұл жолғы мақсат – әр партияға өз мұратын, өзінің көксеген ойларын айтқызу. Төрешісі – жұртшылық.

Редакция

Сәбетқазы Ақатай, Республикалық партияның төрағасы.

1. Қазақ топырағында саяси-әлеуметтік ой ағымдары мен партиялар болғаны рас. Бірақ біздің партиямыздың олардан түбегейлі айырмашылығы бар:

а) Көпке танымал “Алаш” партиясы – өз заманының, перзенті 1920 жылы толық күйретілгенше қазақ халқының азаттығын аңсады. Бірақ “Алаштан” біздің партияның саяси бағдарламалық өзгерісі: “Алаш”, ағасы “Алаш Орда” мемлекетін Ресей империясының құрамында құрғысы келді. Әрине, мұның тарихи жағдаяттармен байланысты болғанын біз жақсы түсінеміз. Ал Республикалық партия (ел арасында “Азат” партиясы деп аталып жүр) Қазақстанның түбегейлі тәуелсіз мемлекет болуы жолында күреседі.

б) Қазақ арасында бой көрсеткен “рулық” партиялардың (Абай сынаған: “партия болды да, ел іші бүлінді”) саяси санаға еш қатысы жоқ, оларды толғандырған басты мақсат – “арғын-найман”, “ана жүз бен мына жүз” мәселелері, олардың деңгейі трайбалистік – тайпалық мүддеден аспады. Сондықтан ол партиялар расында да жіктік топтық қана мәнде болды, олардың Қазақстанның, қазақ ұлтының түбегейлі саяси мүддесін шешуге қауқары да, шешейін деген көзқарасы болмады. Бүгінгі партиялардың, оның ішінде “Азат” партиясының өміршендігі қазіргідей алмағайып заманда ішкі және сыртқы қарсылықтарынан Қазақстан мен қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау, әлемдік саяси мәселелерге – ұлт мүддесі арқылы көз тастау, қорғау, жанашыр болу.

Түсініктірек болуы үшін партиямыздың мақсат-мұраттарымен кеңірек таныстыра кетейін.

Қазақстанның республикалық партиясы (КРП) – еріктілік негізде. Қазақстан азаматтарының басын қосатын дербес саяси ұйым. КРП өз жұмысын Қазақ ССР Конституциясы мен “Қазақ ССР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы заңға” сәйкес демократиялық өзін-өзі билеу принципін басшылыққа ала отырып, меншікті бағдарламалық-жарғылық құжаттары негізінде жүргізеді.

Партия халықаралық хұқықтың әр ұлттың тарихи даму жолы мен мемлекеттік билеу түрін өзі таңдау шартына арқа сүйейді. ҚРП ұлттың өзін-өзі билеу еркіндігі, бостандық пен демократия, ұлттар, мәдениеттері мен діндер теңдігі, пікір мен ақыл-ой жарастығы, адам хұқұқтарын қастерлеу, жалпыадамзаттық игіліктердің үстемдігі мен әлеуметтік әділет үшін күреседі.

Партияның мақсаты – Қазақстандағы ұлттық автономиялық бодандық жүйені бейбіт реформалар арқылы дүниежүзілік мемлекеттермен терезесі тең тәуелсіз демократиялық Қазақ республикасы дәрежесіне жеткізу. Партияның “республикалық” деп аталуы да содан. ҚРП Қазақ Республикасының тәуелсіздігін, шекарасының тұтастығын және экономикасының дербестігін қорғап қана қоймай, оның әлемде өзінің тиісті орын алуын, дүниежүзі елдерімен халықаралық хұқыққа сәйкес тепе-тең байланысқа түсуін қалайды.

Қазақ мемлекетінің тұрпаты – республика. Мемлекет, жер мен халық – біртұтас, бөлшектеуге жатпайтын ортақ дәулет. Мемлекеттің негізгі мақсаттары мен қызметтері – қазақ және Қазақстанның көп ұлтты халқының тәуелсіздігі мен бірлігін, иелік тұтастығын, республикалық саяси жүйе мен демократияны қорғау, жеке адам мен қоғамның бақытты тұрмысын, негізгі хұқықтары мен еркіндігін, адамның материалдық және рухани дамуын қамтамасыз ету. Егемендіктің иесі – ұлт, оның іс жүзіне асырылуын конституциялық органдардан басқа ешбір адамның әлде таптың жеке иелігіне беруге болмайды. Конституцияда көрсетілмеген адам немесе мекеменің мемлекет қызметін қолына алуына тыйым салынады.

Барлық адамдар заң алдында бірдей. Қазақ республикасын хұқықтық-демократиялық тәуелсіз ұлттық мемлекетке айналдыру, мемлекеттің дәстүрлі демократиялық өзін-өзі билеу мекемелерін дамыту, халықтың шын мәнінде өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету, заң шығару, атқару және сот жүйелерін дербестендіру, азаматтардың хұқықтарын халықаралық ережелерге сәйкестендіру, олардың кәсіптік саяси және қоғамдық бірлестіктерге қатысуына кедергі келтірмеу, мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер ісіне араласпауын қамтамасыз ету, заң

және қоғамдық тәртіпке бағыну, қылмыс пен заң бұзушылыққа қарсы күресу.

Қазақстанның барлық азаматтары Қазақстан Республикасының намысы мен мерекесін, сүйініші мен күйінішін, дәулеті мен қайғы-мұңын тең бөлісіп, өздері де бір-біріне шынайы сыйластықпен қатынасқа түсе отырып, тату-тәтті өмірдің алғы шарттарын мемлекеттен талап ете алады.

Республиканың атауын, Гимні мен белгілерін ұлттық тарихи мұраттармен сәйкестендіру.

Біздің басты-басты мақсаттарымыз. Қоғамдық бірлестіктер мен партиялардың мемлекет ісін бақылау, олардың барлықтарының хұқықтары мен мүліктік мүмкіндігін теңестіру, олардың конституциялық іс-әрекеттерін қолдап отыру, адам баласына өшпенділік уағыздайтын фашистік нәсілшіл, ұлтшыл және шовинистік ұйымдардың ісіне тыйым салу, партократияның қылмысын әшкерелеу және заң негізінде жазаға тарту.

Жоғарғы Кеңеске бағынышты республикалық армия, ұлттық қауіпсіздік комитет, тәуелсіз прокуратура мен ішкі істер, шекара және баж қызметін құру қазақ жеріне ядролық, бактериологиялық және химиялық қару-жарақ шығару, сынау, оған стратегиялық шикізат өндіруге тыйым салу. Халықаралық бейбітшілік антиядролық күреске атсалысу, Қазақ Республикасын саяси-соғыс блоктарына қоспау бейтараптығын сақтау, Түркістан конфедерациясын, Тұран және Каспий теңізі жағалауы елдерінің ынтымақтас экономикалық одағын құруға жұмылу, Орта Азия және Шығыс Түркістан бауырлас ұлттарының өзара байланысын қалыптастыру, Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі болуға атсалысу, тікелей халықаралық байланыс және дипломатиялық қызметке көшу.

Қазақстанның жер қыртысы, қойнауы, ауа, су, орман-тоғай және тағы басқа байлықтарын республика меншігі деп жариялау. Жер – Қазақстан халықтарының ортақ игілігі. Жер иесі – қазақ халқы. Жер сатылмайды. Республика азаматтарының жерді уақытша пайдалануына шек қойылмайды.

Меншіктің барша түрлері тең, меншіктің мемлекеттік ортақ салаларын жекелендіруде жергілікті ұлт өкілдерінің

дәстүрлі ерекшеліктері ескеріледі, оларға жағдай жасалады. Республикадағы экономикалық қатынастар Қазақстандағы ел-жұрттың мүддесіне орай қалыптасады, өндіргіш күштерді орналастыру ішкі қажеттілікке бағындырылады.

Мал – Қазақстанның негізгі байлығы, дәулетінің басы. Мал иесі – малшы. Мал бағу республикадағы ең мәртебелі мамандық, ең мәртебелі кәсіпке айналады. Малшылар тұрмысы қазіргі заманға сай әлеуметтік деңгейге көтеріледі. Оларға өздерін-өздері қарулы шабуылдан қорғай аларлық алғы шарттар жасалады. Мал шаруашылығын кеңейту мақсатымен жер жырту тарылады, табиғи жайылым, жайлау мен өріс кең қанат жаяды. Дәстүрлі мал түліктерінің саны мен сапасын қалпына келтіру арқылы ата-мекеніміздің қазба байлықтарын ысырапқа ұшыратуға жол берілмейді, жұмысшы күшін тыстан әкелу тоқтатылады. Өнеркәсіптік шикізат өндіруден өндеу өндірісіне, жаңа дәуірге сайма-сай технологияға бет бұруы қамтамасыз етіледі. Республиканың меншікті банкі, қаржы, салық қызметі және өзінің тәуелсіз дербес ақшасы болады.

Болашақ Қазақстан Республикасы жеке адамның әлеуметтік өмір тіршілігін толық қамтамасыз етеді. “Сословие”, “номенклатура”, “жершілдік” сарқыншақтары толық жойылады. Қазақ ұлтының бас бірлігі нығаяды. Ұлттық табыс бөлінісінде аймақтық ауыр жағдай ескеріледі. Адам санының өсуі табиғи қалыпқа түседі, көп балалы ата-анаға жағдай жасалады, әйел өз еркімен ауыр еңбектен босатылып, бала тәрбиелеу және тұрмыс саласындағы әлеуметтік орынын табуға мүмкіндік алады. Семьялық қатынастар халық негізінде қайта түлейді.

Қазақстанның барлық азаматтары тең, оларды нәсілдік және ұлттық тегіне, діни және саяси көзқарасына, әлде мекен-тұрағына орай жіктеуге, ұлттық тегіне байланысты кемсіту, жеңілдіктер жасау, яки іріктеп қарауға тыйым салынды. Аз санды және қуғынға ұшыраған ұлттарды сіңіруге бағытталған қылмысты ұлттық саясаттың сарқыншақтары жойылады, барлық адам баласының тепе-теңдігі, барлық ұлттардың тең және еркін дамуы, ұлттық намыс сезімін орнықтыру, ана тілі мен мәдениеттің, халықтың әдет-ғұрпы мен дәстүрі қалыпты

жағдайына қайта түсіріледі, ұлттық қатынастар сауықтырылып, ұлтаралық дұрдараздық, әлеуметтік сұхбат пен азаматтық және ұлттық келісім арқылы реттеледі. ҚРП қазақ ұлтын басқа ұлт өкілдеріне қарсы қоюға, қанауға әлде қаруға айналдыруға бағышталған бүкпелі саясатқа қарсылық көрсетеді.

Сан ғасырларға созылған қылмысты саясат салдарынан қазақ халқы өзінің тарихи мекенінде аз санды халықтар қатарына түсті. ҚРП Республикада хұқықтық мемлекет орнату, оның тәуелсіздігін қалпына келтіру, Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің ынтымағынсыз және белсенді қимыл-әрекетінсіз болмайды деп санайды. Патриоттық сезім Қазақстанның қазақ халқы үшін Отан екенін үйренеді, оның әлемнің басқа жерінде тілі мен мәдениетін, діні мен мемлекетін дамытатын ошағы жоқ. Қазақ халқының жан-жақты дамуына жағдай жасау тек қазақтың емес, Қазақстанның барлық ел-жұртының интернационалдық борышы екенін, сондай-ақ қазақ халқы да Қазақстанның ел-жұртын құрайтын басқа өкілдерінің де бақыты мен сән-салтанаты үшін күресу қажеттігін мойындауы қажет.

ҚРП Қазақстанды аялай білетін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жан аямай күресуге даяр, қазақ халқының мәдениеті мен тілін құрметтейтін, Қазақ Республикасының заңдарын мойындаған Қазақстанның барлық байырғы тұрғындарын азаматтық хұқықпен қамтамасыз ету жолында күреседі. Ұлтаралық қатынастарды сауықтыру саяси жүйені демократияландыру мен әлеуметтік өмір деңгейін күрт өсірумен, түпкілікті ұлтқа өзін-өзі билеу хұқығын қайтарып, ол хұқықты іске асыруды кепілдікпен қамтамасыз етумен байланысты. Жергілікті ұлттың түбегейлі мүддесіне байланысты мәселелерді шешу үстінде ұлты бөгде депутаттарға адамгершілік таныту туралы шарт қабылдады. Ұлттық қоғамдар тепе-тең жағдайда дамиды, олардың саяси және әлеуметтік хұқықтарына шек қойылмайды, барша ұлт өкілдерінің тату-тәтті өмір сүруіне, этникалық Отанымен байланысына шек қойылмайды. Бір халықтың екінші халыққа менсінбей қарауына жол берілмейді. Республиканың әр азаматы өзінің ұлттық сана сезіміне орай, ресми құжаттардағы ұлттық тегін қалпына келтіруіне, этникалық

Отанына оралуына хұқылы. Ұлттық мәдени орталықтар ашуға кепілдік беріледі.

Республикаға тыс жерден келіп, ретсіз көшіп-қонуға тыйым салынады, ірі қалаларда тіркелу жүйесі жойылады, ішкі көшіп-қонуға шек қойылмайды. Өзінің этникалық Отанынан тыс қалған азаматтарға өз Отанының азаматтығын алуға көмек көрсетіледі. Мұндай жәрдем Қазақстаннан тыс қалған қазақтарға да көрсетіледі. Экологиялық босқындар республиканың кез-келген қолайлы мекен-жайына қоныс тебуіне хұқық алады, мемлекеттің қамқорында болады. ҚРП ұлтаралық дүрдараздықтан туған көш-қонға қарсы.

Барлық діндер мен діни бағыттар тең хұқықта болады, діни мекемелер дербес, дін мен мемлекет ісін ғылым мен ресми ағарту мекемелері арасы ажыратылады. Дін тұрмыс аясында кеңінен тарайды. Медіреселер мен мешіттер және басқа діни мекемелер мемлекет тарапынан қалпына келтіріліп, діни қауымдарға қайтарылады. Діни мекемелер меншік иесі бола алады. Қазақстан азаматтарының дінге мінәжәт ету-етпеуі, әлде атеистік іс-әрекеті, діни-оқу, тәрбие және семьялық-некелік қатынастардың дін негізінде реттеу еркіндік сипатта болады, оны мемлекет қорғайды.

Ұзақ уақыт бойы орыстандыру саясаты негізінде қазақтың ұлттық мәдениеті жоспарлы түрде құлдырап отырды. Қазақстандағы барлық ұлттық мәдениеттер Қазақстанның мәдени дамуына тең атсалысады. ҚРП қазақтың ұлттық дәстүрін, қалыпты өмір тіршілігін қайта жаңғырту. Қазақстандағы жасайтын барлық ұлттардың санына қарамай, олардың мәдениеттерінің тепе-теңдігін сақтау ісіне ат алысады. Мәдениет салалары ұлттық тәуелсіздігіне негіз болады. Мәдениетте саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің көзқарасы үстемдік ете алмайды.

Ғылым мен білім жүйесі дербестенеді, ол республиканың мүддесіне орайластырылады. Халық шаруашылығының барша салалары ұлттық кадрлармен қамтамасыз етіледі, қазақ тілінің өмірдің барша саласындағы мемлекеттік рөлі қалпына түседі.

Ғылым мен оқу ісі идеология өктемдігіне көшеді. Қазақ мектебі мен тәрбие жүйесінің ұлттық концепциясы жасалады. Қазақ халқының тарихы, тілі мен әдебиеті оқу орындарының барлық салаларында оқу ретінде жүргізіледі.

Қазақстанның бүлінген ұлттық игілігінің барлық түрлерін – ауа, су, жердің құнары, адамдардың денсаулығын – қалпына келтіру КСРО үкіметі мен СОКП-тен талап етіледі. Қазақстандағы атом қондырғылары мен атом электростанциялары, ғарышдромдар мен полигондары (ядролық, биологиялық және химиялық), соғыс өнеркәсіп кешені республика меншігіне айналдырылып халық тұтыну тауарын өндіруге бейімделеді. Аралға тиесілі судың бөлігі анықталып, халықаралық шарт негізінде бекітіліп және бақылауға алынады.

Қазақстан ауыл шаруашылығының экологиялық таза өндіріске беті бұрылады, ауыл шаруашылығында химикаттар жүйесіз қолдануға тыйым салынады, азық-түліктің сапасын анықтаудың тәуелсіз қызметі тағайындалады.

Байқайсыз ба, біздің бағдарламамызда мәселе қойылып қана қоймайды, оның шешілу жолы да ұсынылады. Қазақстанда қазақ ұлтының саяси үкімі жүрмей, Қазақстан әлеуметтік-экономикалық полигон бола береді. ҚРП партиясы қазақ халқын билегісі келмейді, керісінше, қазақ халқының билігін үстем ету үшін күреседі. Біз бұрынғы “Алаш” партиясынан артықпыз, әлде кембіз деп жарысқымыз келмейді, біз өзімізді “Алаштың” жаңа тарихи-саяси жағдайдағы жалғасымыз деп есептейміз.

2. Екінші сұрағыңызға да жауап бердім ғой деймін. Шама-лы қосарым: Н. Назарбаев ең әуелі саяси реформаны жүргізіп, ұлттық билікті қамтамасыз етіп алып барып, экономикалық өзгерістерге көшуі керек еді. Олай болмады. Сондықтан приватизация арқылы қазірде қазақтың ұлттық меншігі демократиялық жолмен көлденең жүрген көк аттыға үлестіріліп берілуде. Осы халықтың жамбасына қатты батуда. Бұрында үрерге иті, сығарға биті жоқ қазақ енді далада қалуда. Біздің ұсынарымыз: ішкі және сыртқы саясатты мемлекет орындары қазақтың ұлттық мүддесімен бағамдауы тиіс.

3. Біздегі жүріп жатқан саясат “отарсызданудан” әлі де алшақ жатыр. Н. Назарбаев, керісінше, Д. Қонаев секілді, Қазақстанды Ресей тракторының тіркемесіне айналдыруда.

Отар елде шекара болмайды. Дұрыс. Ол Қазақстанда да жоқ.

Отар елдің басшысы Орталық ел басшысының айтқанын екі етпейді. Дұрыс. Н. Назарбаев Б. Ельциннің айтқанынан шықпайды, тек соның ізімен жүреді.

– Отар елдің орталықпен (метрополия) экономикалық тығыз байланысы болады және ол байланыс үстемдік ету және бағыныштылық сипатта жүреді. Ол да дұрыс. Қазақстан Ресей үшін шикізат өндіреді, Ресей даяр тауарын шығарады. Қару-жарақ өндіріп, оны апарып, отар елде сынайды, ол қарумен отар халқын жазалайды... Осының барлығының қаймағы шайқалмаған қалыпта. Ол қашан бұзылады? Меніңше, Н. Назарбаевтың оны бұзғысы келмейді. Егер мұны Н. Назарбаев бұзбаса, ол ешқашан бұзылмауы да кәдік. Ал “егеменділік” пен “тәуелсіздікті” біз жеңіп алғамыз жоқ, оны “шанадан” түсіп қалған жерінен “тауып” алдық. Біз ананы-мынаны тындырып тастадық демейміз. Біз қазақты құл болмауға көндірсек дейміз.

4. Бар деңгейде депутаттар ұсынып жатырмыз. Жаңа парламентте қазақ депутаттарының салмағы азайып кетсе, қазақтың күні бүгінгісінен де төмендеп кете ме дейміз. Сондықтан болашақ парламенттегі ұлтжанды депутаттардың басым болуы басты шарт. Ол үшін үгіт керек насихат керек бізге деген ілтипат, жылы көзқарас керек. Біздің партиямыздың қолында ақпарат құралдары болмағандықтан, қазір көзі ашық жергілікті қазақ азаматтарының көмегіне зәруміз. Біздей саяси-әлеуметтік зердесі басылып кеткен ұлттың меншікті саяси партияларының ахуалы биік болмауы да заңды.

5. Экономикалық-әлеуметтік ахуалы төмен 30 аудан ғана емес, ол – түгел Қазақстан. 30 ауданды бөліп дамыту, жеке көмектесу – бос сөз. Жалпы, қазаққа көмектесу ләзім. Коммунистердің қазақ халқының алдындағы басты міні сол – қазақтай қаналып, езілгендерді Африка мен Америкадан іздеді. Қазаққа қаналған тап ретінде қамқорлық қажет. Семейдің қазағынан кедейшілігі жағынан Жамбылдың қазағының қай

жері артық, қай жері кем? Қазақтың тағдыры Қазақстанымен ортақ. Демек Қазақстанды көгертпей, қазақты көгертуге болмайды. Ал оның бірден бір жолы – Қазақстанның мемлекет ретіндегі толық тәуелсіздігі, шекарасының толық жабылуы, ұлттық армия мен дербес экономикалық саясат. Онысыз қазақтың да, Қазақстанның да ажары ашылмақ, емес. Ал қазақ ауылына бөліп көмек көрсетемін деу – партократияның шарасыздығынан туған демагогия, былшыл, “әлди”, өтірік сөз. Қазаққа көмек көрсету жолы жалпы қазақтың әлеуметтік даму жолын өзгерту арқылы жүрмек. Ауылдағы тепсе темір үзетін жігіттердің баққан-қаққаны – “Жалғыз сиыр”. Жазда – соның шөбін шабу, қыста – отын-су. Басқадай қызық тапшы. Мүдде – мешеу...

6. Қазақстанның қазіргі әлеуметтік өмірін ілгерілеген “қоғам” деп бағамдау – қате. Қоғамымыздың дәл атын белгілеу қиын. Қазақстанда қазірде жартылай рулық-қауымдық, жартылай “Социалистік”, жартылай “буржуазиялық” құрылыс үстемдік етуде. Тіпті кей жерлерде құлдықтың да иісі шығады. Қазақстанның алыс болашағын бағамдамай, әзірге осы көзге көрінгендерінен құтылып алсақ дейміз. Егер Қазақстан демократиялық бағытынан таймаса, осы ғасырдың аяғына қарай гүлденген мемлекетке, қазақ халқының “қағанағы – қарық, сағанағы – сарық” халықтар қатарына қосылғанын өз көзіміз көреді.

Жұлдыз. 1992 ж. №11

Бағыс-бағымыз ба, сорымыз ба?

Сарыарқа түрінен орын алған ресми Астана оңтүстікте Бағыс атты ауылдың бар екенін білмейді емес, біледі. Жер мен судан айырмаса ешкімге қол қусырып қарамайтын жанкешті халқы бар екендігінен де хабардар. Бағыстықтар да – қазақ шаңырағының шайқалмауы үшін керегеге уық болып шаншылғандар. Астанаға үміттен, мақтана қарайды. Мақтанғаны ресми Астананың

саяси-әлеуметтік жағдайы толағайдай толықсып, күн санап өсіп келе жатқаны. Үміттенетіні – ішіне ел қондырған Елорда жомарт мінезіне салып, сый-сияпатшыл болып кетпесе дейді. Бағыс жері, Бағыс елі қонақкәдедей өзгенің қолында кетпесе дейді. Бұл – бүгінгі Бағыстың бірінші Алладан, екінші Астанадан тілер жалғыз тілеуі.

Үлкен достықтан өшпес дұшпандылық тудыратын жер дауы бізде де бой көтерді. Ал оның шешімі қалай шешілмек? Бағыс кімге бұйырмақ? Осы жайында азаматтарымызға сұрау салған едік.

Сәбетқазы Ақатай, философия ғылымдарының докторы, профессор:

– Бағыс қазақтың жер дауындағы мерезі болды. Біздегі сыртқы істер министрі осы мәселені шешіп бергеннің орнына дауды ушықтырып отыр. Үшінші қарашада Ерлан Ыдырысов “Егемен Қазақстан” газетінде “Бағыста, қазақ пен өзбек арасында дау жоқ” деді. Оған: “апыр-ай, бұл қалай, шаруа қылған адам мал баға алмай, өзбектен қиянат көріп, жазда шапқан шөбін, отындық сексеуілін, мақтасын жинай алмаймыз” деп екі жарым мың адамы бар тұрғылықты халық дүрлігіп қоя берді. Іле-шала біздің “Алаш” партиясынан Орал Сәулебаев Бағысқа барып қайтты. Барып қана қойған жоқ, отқа түсіп қайтты. Қазақстан территориясында Өзбекстанның Қыбырай аудандық милициясы Оралды қамауға алып, соққыға жыққан. Қалтасындағы 70 мың теңгесін, қолындағы бағалы заттарын, қымбат аппараттарын тартып алған. Бұл “Бағыс Республикасын” құруға мұрындық болды. Біздің жігіттерге республика құру оңай екен (бір күліп алды). Бірақ олар бір нәрсені ұмытты. Оралдың отаншылдығына, жүрегінің тазалығына, қазаққа болысып сөйлейтініне шек келтірмесем де, ол “Бағыс Республикасын” құрамын деп, Қазақстанды, оның идеясын бөліп берді. Қазақстанда қазақтар отырып, Бағыс болып бөлініп жатса, аяғымызды андып отырған өзгелер не істемек? “Бізде республика құрамыз деуіне себеп бола ма?” деп іш күйзеліп отыр.

Қазақтан ондай сөз шықпау керек еді. Өйткені, мемлекетіміз – унитарлы мемлекет. Ал біз жетіскеннен унитарлы ел болған жоқпыз. Осыны ескеруіміз керек еді.

Бағыстықтар шаруасыз қалды. Мал жаюы, сексеуіл, мақтасын жинауы үшін өзбектерге ақша төлеуі керек. Ал оған түрткі болып отырған Ерлан Ыдырысовтың немқұрайлылығы. Бағыс мәселесі осыдан туындап отыр.

Егер біз “жанжал тумасын” деп Бағысты бере салатын болсақ (біз оны тәсіл қылып алғандаймыз), өлі де келісімін таппаған Ресеймен екі ортадағы 6 мың шақырым шекараның (мұнайға толы) тағдыры не болмақ? Бағысты оңтайлы шешіп алмайынша, Ресеймен қалған шекараны анықтау жанған отқа әдейі түсіп кеткенмен бірдей.

Ресми адамдардың, сыртқы істер министрінің қазіргі тірлігіне қарасам, Бағысты беріп қойғандай көрінеді. Бірақ, оның бетін аулақ қылсын дегім келеді. Бағыс мәселесі халықаралық тәжірибеге сүйене отырып шешетін мәселе.

Алайда, қазақтардың өз ұстанымы болуы керек. Мына жерді алып, ана жерді беру керек деген ұстанымның қандай болатындығын мен айта алмаймын.

Әрине, арада делдал ағайынның болуы да дұрыс шығар. Бірақ, кім қай жердің құлағына ен салып қойып еді? Бұл да үлкен дау тудырады. Қалай болғанда да қақтығысқа жол бермеу керек. Бағыстықтар қару кезенуге дайын отыр. Алайда даулы мәселені бейбіт жолмен шешіп жүрген Президентіміз оған жол бере қоймас.

Сауалнаманы жүргізген Руслан Ербота.

Жас алаш. 24 қаңтар 2002 ж.

Өмірімізді түзету өз қолымызда

Егер Президентіміздің Арнау сөзінде айтылған шаралар жартылай болса да алдағы 10–15 жыл аясында жүзеге асса, бүкіл қазақстандықтарды, әсіресе, қазақ халқын бір тудың астына

біріктіріп, Н. Назарбаевтың жолына түсуге шақыруға тұрады. Жиында отырып, көзіміз көріп, құлағымыз естігендіктен бе, білмеймін, әйтеуір сөз иланымды, әсерлі шықты. Автордың өзі де үлкен шаттық пен қуанышқа бөленіп, тебіреніспен сөйледі. Жақсы сөз – жарым ырыс. Қазақстанның шынайы болашағын, сәулеті мен дәулетін ойлаған патриоттың сөзі-ақ. Әсіресе, бұл жәйіт сөз текстінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін кең де орнымен қолданғандығынан, дәлелге Төле би мен Сервантес аралығындағы даналардың алдында жүгінгендігінен де сыр береді. “Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел”, дегендей бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, Отанымызды гүлдендірейік дегенге шақырады Елбасы. Сөзде мін жоқ. Үлде мен бұлдеге бөленген Парламент үйі мен онда импорт пен экспортқа оранған депутаттар мен министрлер ду қол соғуда. Тек маңына ұрлана көз тастап, Ә. Қажыгелдин бұғып қалыпты. Дәлізде тұрған көп “мерседестердің” жүргізушілері де радиоқабылдағыштарына құлақ тосуда. Елбасының сөзі көпті көрген Парламент күмбезін жаңғырықтырып жатыр. Мұнан бұрын да мұнда көп сөз айтылған, көл-көсір уәделер берілген еді-ау. Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма? Бірақ менің құлағыма жылы тиген, 1991 жылдың осындай шуақты күні жарияланған Егемендік Декларациясынан кейінгі жанды жылытқан тәтті сөз осы-ақ болар. Сонан бергі өткен табаны күректей алты жыл тегін кетпепті. Ол осы бағдарламаға жол ашқан екен-ау. Мұның дәлелі – Арнау сөздің дәйектілігі. “Арнауда” келтірілген “8 артықшылық” пен “7 кемшілік” елімізде болып жатқан қымқиғаш, кереғар құбылыстардың айнасына татырлық. Мін бар, кемшілік көп, бірақ алға да жылжыған екенбіз. “Бірақ алғашқы сынға біздің лайықты төтеп бере алғанымыз – еңсемізді тік ұстап, иілмегеніміз бүгін-ақ айқын. Барлық қиындықтарға қарамастан біз бейберекетсіздік пен жөнсіздік шыңырауынан шыға білдік...” Тәуелсіздік жарияланған жылғы Алатаудың мұзарт шыңдарындағы туған қабылан күшік барыс болып Корея, Тайвань, Сингапур, Малайзия, Индонезия, Тайланд

секілді Шығыс Жолбарыстарының ізін аңдуға жарап қалыпты. “...2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін...”

Ол ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды әрі тікелей соқтығыстардан бойын тартатын болады. Бірақ егер өзінің еркіндігі мен тұрағына, ұрпағына қатер төнген жағдайда, ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады...” Артта қалған 6 жыл мемлекеттің тәуелсіздігін нығайту мен әлеуметтік және экономикалық өзгерістерді байыздатуға арналғаны да, осындай күрделі де соны істерді қорғауға кеткені де рас. Сондықтан “Елің саған нендей жақсылық істейтінін сұрама, сен еліңе нендей жақсылық істейтініңді айт” деген Джон Кеннедидің сөзін қайталап, үндеу тастайды. Өте дұрыс уағыз. Президенттің өз басына келсек: Қазақстанның есесін, Қазақстанның орнын алып беруге белін бекем буған.

Арнау сөз ұзақ. Алайда, ұзын сөздің ырғағы – Қазақстанның тәуелсіздігі мен болашағы болғандықтан иланымды тұжырымдары тұшымды, Президенттің Қазақстаннан басқа мүддесі жоқ екеніне сенесің, қазақтың есесін, оның әлемдегі орнын алмайын деп жүрген жоқ, ала алмай жүрген сарсаң жанды азамат екеніне назарың түседі. Бірақ, сөйте тұра, көптен бері Президенттің жанында жүрген азаматтардың осы Арнауда көп айтылған мемлекеттік мүддеден гөрі өздерінің қара басының қамына жүрдек келетіні кімді болса да күйіндіреді. Үркімбаев, Малахов, Терещенколарды жауапқа тартуға келгенде, тартыншақтық танытқан өкімет Қажыгелдинге келгенде де қабілеті таусылып, мысы құрып, ұнжырғасы түсіп тұр.

“Біздің босаң тұстарымыздың қатарына жетінші осал жағымызды – жете даярланбаған және нашар ұйымдастырылған мемлекеттік басқаруды жатқызған жөн. Мұның өзі де таза қазақстандық проблема емес. Бұл құбылыспен түгелдей барлық колониализм дәуірінен кейінгі дамушы және коммунистік кезеңнен кейінгі елдер бетпе-бет келді” деген сөз... Президенттің өзіне арналған. Жеңіл айтылған сын, кадр таңдаудағы

либерализмнің иісі аңқиды. “Өзіңнің кім екенінді айтып берейін, досыңды көрсет” дейді Шығыс даналығы. Жоғарыдағы жылпостар мен пысықайлардың көптігі патриоттық сезімімізді мұқайды, жігерімізді құм қылады. Арнау сөзде елді жүдеткен осы мәселе төңірегінде айта түскенде әлдеқалай болар еді.

Еларалық еркін газет. 17 қазан 1997 ж.

Тәуелсіздік лебі неден байқалған еді?

“Қазақ идеясы” – философия мен саясаттанудағы жаңаша түсінік, ежелден қалыптасқан қазақ ұлтының қауымдасып, саясатта, экономикада, мәдениетте бас қосу, бір жеңнен қол шығарып, бір ортақ мәдени игіліктер тудыруға ұмтылған саяси әрекеттер жиынтығы. Бұл идея қазақ ұлты үшін аспаннан түспеген. Ол Қазақ Ордасы қалыптасып жатқанда идея түрінде кіріге түскен. Оны дүниеге келтірген алғашқы қазақ хандары Өз-Жәнібек пен Керей еді. Ол идея қазақ халқының тарихымен астасқан, біте қайнасқан.

Қазақ халқының тарихымен бірге қалыптасқан, қазақтың қанына сіңген. Сондықтан біріміз бен біріміз адам деудің орнына “қазақ” деп сөйлеуіміз де содан, “қазақ” дегеніміз “өзіміз” деген сипат алады. Демек, қазақ болу қазақ идеясының негізі, өзегі екен.

Қазақ идеясының жетегіне түскен азаматтар осы идеяның түбегейлі жеңгеніне мүдделі болды. Күрес жолында олар азап шекті. Бәрібір қазақ жүгін көтеріп жүргеніне қабақ шытпады.

Философияда бір құбылыстың бойына біткен ажырамас белгілер болады. Оны өрлік қасиет дейді. Қазақ идеясы сондай қазақ халқының мандайына туа біткен ажырамас қасиет.

Біз тәуелсіздік алған кезде... балтасын шошаңдатқан Ресей империясы мұндай көнбейтін халықты бүйтіп ұстай алмайтынына көзі жеткен соң тәуелсіздікті бере салды ма деген ой

келеді. Олай да деуге болатын шығар, бірақ тәуелсіздіктің ащы дәмін татқан адам олай айтпаса керек-ті.

Тәуелсіздік лебінің неден байқалғанын, қайдан бастау алғанын енді түсінуге болатын шығар.

Егемен Қазақстан.

14 желтоқсан 2001 ж. №285–289

Ұлт мүддесі неге аяқасты қала бермек?

Жуықта Алматы қалалық әкімшілігінде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Қоғамдық қозғалыстар мен саяси партия жетекшілерімен кездесуі болып өтті. Сайлау комиссиясының басшысы Зағипа Бәлиева Қазақстанның Әділет министрлігінде тіркеуде тұрған саяси партиялардың басшыларын әлі жарияланбаған Қазақстан Республикасының сайлау туралы заң жобасымен таныстырып өтті. Сайлау тәртібімен таныстыру мақсатымен болашақ кандидаттар үшін әлі де оннан астам сабақтар өтетінін мәлімдеді. Комиссия басшысы да, шешендер де орыс тіліне мүлтіксіз жетік екеніне үрейлене таң болдым. Коммунист Серікболсын Әбділдин, “отаншыл” Сергей Терещенко, “халықшыл” Ғазиз Алдамжаров, “азаматшылдар”, “конгресшілдер” мен басқалар бірінен кейін бірі көсіліп, сөз жарыстырды. Ұзына ұзақ сөйледі. Оншақты партия өкілдерінің сөйлеген сөздері тауықтың балапандарындай бір біріне ұқсас шықты. С. Әбділдин мен С. Терещенко саяси билікті өз қолдарына алуға ұмтылатынын жария етті. Ғ. Алдамжаров бұл турасында аса ашық айта алмағанмен, ниет білдіріп кетті. Сайып келгенде, шешендердің барлығы: “Қазақстаннан алсақ” дейтін көрінеді. “Беру” мәселесіне ешкім тоқталған жоқ.

Ал өздері қашқалақтап жатқан қазақ тілі мәселесі, өздері билік басында отырғанда у төгілген жер тағдыры, босуға мәжбүр болған ел тағдыры, шаңы шыққан өріс пен егістік туралы ешбір сөз болмады. Мәселе тек Парламенттегі 10 орынға жетуге арналды.

Осы жылдың қаңтарында президент сайлауы өтіп, сайлауға 4 кандидат түскені мәлім. Барлығының бағдарламалары әлі есімізде: “Жайнатамыз!” “Гүлдендіреміз!” Ғани Қасымов “Отырғызамын!” дегенге дейін барды, теріс пікір білдіргендерге қол да жұмсап жіберді. Ал жайнату үшін, гүлдендіру үшін бірдеме себу керек еді ғой. Әсіресе, маған батқаны, солардың барлығының аузынан “ел иесі, жер иесі – қазақ халқына ауыр болды-ау” деген сөз естімегенім. Қазақтың азуы мен тозуын саясаткердің қай сортын алып қарамаңыз – “норма”, “положенное” ретінде қарайды, қазақты көзіне ілмейді. Ресей саясаткерлері “орыс ұлты тозды” деп жатады. Сол үшін соттасып отыр. Оны көріп жүрміз. Ал біздің саясаткерлердің көзіне қазақ ұлты ілігуі үшін халқымыз енді қандай деңгейге төмен түсуі керек?!

Осы қазақ мүддесі Қазақстанда неге есептен шығарылады. Қазақ мүддесін саясаттан неге тыс қалдыра береміз? “Ұлтшыл” боп аталамыз деп қорқып, қазақ халқын ашқанның алақанында, жұмғанның жұдырығында қалдыра берсек ұлттан айырылып қалатынымызды неге сезінбейміз? Қазақтың ғана жаны темірден жасалған ба, әлде? Қазақты саясат тұтқынына түсірдік, енді сол тұтқыннан алып шығатын күш те саясат емес пе?

Қазақстаннан алуға С. Әбділдин де, С. Терещенко да бар. Олар даяр екенін танытты. Ал беруге келгенде жалт бұрылып, тақырыпты басқаға айналдырып жіберуге шебер. Оны бізге кім үйретті?

Біраздан кейін сөз сұрадым.

Жергілікті халықтың мұны мен зарын көре отырып, біле отырып, бұлардың бүйрегі бұрмауы шамыма тиді. Маған да сөз тиді. Жиналған саясаткерлер назарын мынаған аудардым:

Қазірде коммунистер жаралы жыртқыш тәрізді: ашуланшақ, әлі де күшке сүйенгенін қоймайды, сондықтан олардың көңілі сайлауда емес, қалай болғанда да билікке жету. Бұл жолда олар қару қолданудан да тайынбайды. Оны коммунистердің серкесі С. Әбділдин жұмбақтап айтса, Г. Зюганов жасырмайды. Қолына билік тиген соң олар демократияға пышқырмайды да.

Ал С. Терешенконың “Отаны” – үкіметке оппозиция болатын саяси ұйымдардың аузына құм құю үшін қолдан жасалған партия. “Отанның” мақсаты – оппозициялық көзқарастағы саяси қайраткерлерге арналған 10 орынды сол қайраткерлерге қайткенде бермеу. “Отан” сайлауда тек сол үшін таласқа түсіп, тер төкпек. Орайы келгенде С. Терещенкоға мысқылдап: “Сол он орынды бізден сатып ала салыңыз. Сонда Парламент 100 пайыз өздеріңіз боласыздар”, – дедім. Ол жымыды. Мен де жымыдым. Түптің түбінде солай болмағын ол да, мен де түсіністік. Бірақ біріміздікі ақ түсіну де, екіншіміздікі – арам түсінік, пасықтық.

Жуық арада мен Шығыс Қазақстан аймағын аралап қайттым. Барған аудандарда С. Терещенконың партиясына сол аудандардың екінші және үшінші дәрежедегі басшы қызметкерлері хатшы болып тағайындалыпты. Кеше трактор гүрілдейтін өлкеде енді солардың дүрілі еседі. Бірақ егін егілмеген, сайын дала тып-типыл.

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға!..

Дүрілдектердің бетіне қарасаң, күлмің қағады. Кілең Абайдың орыс майоры алдында безектеген “Күлембайлары”.

Әр бюрократтың бесінші сезім мүшесі болатынын бізге “Коммунизм орнатушы жастардың моральдық Кодексі” танытып кеткен. Олар акуланың арланы тәріздес – жемтік иісін алыстан аңдайды. Арнайы білімдері бар, әдейі оқытылған, “үйретілген”, И. Канттың айтуынша, “мамандандырылған хайуанаттар”.

Қалған партиялар өкілдері майда-шұйда, ұсақ-түйекті сөз етті. Олардың бары мен жоғы тең түсті. Шынайы отаншыл, ұлтжанды азаматтардың басын қосатын біздің Қазақстанның Республикалық партиясы да сайлауға даярланып жатыр. Осы жылдың 29 мамырында Астана қаласында конференция өткізуді жобалап отырмыз. Бізді қинайтын идеялық күрестен гөрі қаражат мәселесі. Қатарымыз – кілең жұмыссыздар, баспанасыздар мен босқындар. Олардан бірдеңе дәметудің өзі әбестік. Өйткені, көбі тамағын әзер асырап жүргендер. Үй жоқ.

Жұмыс жоқ. Кілең қазақтар. Қазақстанды шынайы сүйетіндер де, сол үшін күйетіндер де солар. Қазақстанда өтіп жатқан демократиялық процеске қатыссақ дейді. Право – бар, ақша жоқ. Олар табыстың 50 есе пайызынан тұратын сайлау жарнасын қалай төлемек? Көк тиынсыз жүрген сайлаушылардың құқығы неге тыста қалған?

Мұндайда ауанымыз мемлекетке ауады. Кейбір партияларға, саяси-әлеуметтік нысанасы жоғары ұйымдарға несие жәрдем керек-ақ. Сонда ғана біздің дауысымыз өз тіліндегі ұлт дауысы, ұлт мүддесі Парламенттен естілетін болады. Егер Қазақстанның Республикалық партиясы Парламенттен өз орнын алса. Парламент те, саяси партиялардың жетекшілері де, С. Терещенко мен З. Бәлиева да қазақша сөйлейтін болады, олар қазақ мәселесін өздері-ақ қабырғасынан қояды. Тіпті қазақшаға жылып тұрған С. Әбділдин де партияластарының көзінше қазақша сөйлеуге жасқанбайды. Бұған Қазақстанның Республикалық партиясының атынан кепілдік беруге әбден болады.

Заман-Қазақстан.

14 мамыр 1999 ж. №20

Ұлтсүйгіштік сезімді ұлықшылдық басып бара жатқандай

Қазақстанның ұлттық “Алаш” партиясының төрағасы, философия ғылымының докторы Сәбетқазы Ақатаймен сұхбат.

– Сәбе, сіз өзіңізді “мен – мемлекетшіл адаммын “ дейсіз. Бірақ, билік басындағыларды өткір сынға алып, қарсы пікір айтудан тартынып қалған кезіңіз жоқ. Әр тұстан қылаң беріп, топтаса қалатын оппозициялық ұйымдардың ортасынан көріне қалсаңыз, олардың өзін іреп, ел ішіне іріткі салатын тигылдарын әшкерелеп те жүресіз. Сондай көзқарастар қисынында қай жағалаудан екеніңізді аңғару қиын. Сіз өзіңізді оппозиционер деп санайсыз ба, әлде мемлекетшіл болудың мәнісін өз пайымыңызбен түсіндіресіз бе?

– Ол рас...

Қазақстан мемлекетінің құрылуы өте ауыр ішкі және сыртқы жағдайда өтіп жатыр. Бірақ, ел тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі кезеңде мемлекетіміз бір сәт тоқтамай, алға қадам басу бағыттарын жүргізіп келеді. Бұған сенбеске болмайды. Өйткені көз көріп отыр. Соған қуанамын. Өзелден қазақ бір шаруа бастаса, ақылшы көбейетіні бар. “Әне жері олқы, мына жері солпы” дейтіндер де жетіп жатыр. Оларға айтар екі сөзім бар. Бірі, көрші Ресейдің мемлекет болып дүниеге келгеніне мың жылдан асты. Ал, Конституциясының қабылданғаны күні кеше ғана. Екіншісі, Қазақ хандығы құрылған тұста “Тоқай-Темірдің ұрпағына /қазақ хандары Жошы ханның он үшінші ұлы, көпке беймәлім Тоқай-Темірден тарайды/ Орда құрғызбаймыз!” деп Хиуа, Сібір және өзбектің Шейбан ұрпақтары мен Ақсақ Темір әулеті аяқтан шалған еді. Кейін “қазақ мемлекеті идеясы” өріс алып, дәуірлей бастаған шақта әз-Жәнібек пен Керейдің туының астына жиналып қана қоймай, “көшпелі өзбектер” мен моғолдар қыпшақ тілі негізінде қазақтана бастаған. “Қазақ болу” әлеуметтік мәртебеге көтерілген. XV ғасырда моғол тайпалары жаппай қазаққа айналған. Ой, дәурен десеңші! Қазір ахуал кері сипатта. Әңгіме идеялық қазықтың мәнінде тұр. Ол неғұрлым қазық болып терең қағылған сайын сол қазыққа байланған жүйе берік бола бермек. Кәдуілгі бетон ішіндегі болат құрсау секілді. Қазіргі Қазақстан мемлекеттік жүйесін бекіте түсетін күштердің барлығына “бәрің де бізге керексіндер” деуіміз керек. Мемлекетіміздің іргетасын бірге қаласып, туын биіктете түсу үшін азаматтық парызды, ұлттық намысты, ең ақыры ағайындық-бауырмалдықты бір сәт ойлап қана қоймай, не істесем екен деген сұрақты өзіңе өзің қойсаң да жетіп жатыр. Көлденең көк аттының көкігеніне назар аударудың түкке қажеті жоқ. Бірақ, елдік саяси идея үшін күресуге тура келіп тұр.

Бір әфсана еске түсіп отыр.

... Бір адам шаршап-шалдығып, тас тасып жүр екен дейді.

– Не істеп жүрсің? – деп сұрайды жүргінші.

– Әнеу күмбезді тұрғызамыз, деп тас тасимын. Бала-шағамды асыраймын, – деп жауап береді арбакеш.

Енді бір адам топырақ тасып жүреді, Одан сұраса тағы да сол іспеттес жауап алады. Су тасушы да солай дейді. Сөйтсе, барлығы Қожа Ахмет Яссауидың күмбезін тұрғызып жатыр екен. Олар өлді, әрине. Көгілдір көк күмбез қалды. Бұл ежелгі қазақ аңызы. Ал біз де, барлығымыз, біріміз су, біріміз тас, тағы біріміз топырақ тасып Қазақстан мемлекетінің көгілдір күмбезін тұрғызып жатырмыз. Біздің әрекетіміз бен қаракетіміздің бәрі де осыған арналады. Біз де кетеміз... Артымызда өлмейтін биік мұра – мемлекетіміз қалады. Өсіп келе жатқан ұрпақтарға сол ие болады. Көк ту тік тұрса ғана – ту, айбат, ел айбары, жығылса – шүберек, майлық орамал.

– Демек, “мен кімін?” Әрине, орысша айтсам, – “державникпін”, қара қазақ тілінде айтсам, “мемлекетшіл” болып шықпақпын. Кешегі әз-Жәнібек пен оның ақылгөй қариясы Асан-Қайғы да солай ойлаған, солай күрескен, солай жүрген. Екеуінің біріне-бірінің өкпесі Қазақ Ордасына орай туған. Мемлекет – қазақтың түпкі нысанасы, асыл арманы.

Су түбінде асыл тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде асыл сөз,
Шер толқытса шығады...

Ауыр сөз. Сол “шер” де мемлекетке байланысты...

Ал, көп ішінде жүріп, ана жақтағыларға да, мына жақтағыларға да “тиісетінім” осы “мемлекетшіл идеология” әлі тұралап жатыр, су тиген сексеуіл секілді тұтанбай жатыр. Қайсы біреулердің “Ресей сөйтті, Өзбекстан бүйтті, ойбай, біз қалып қалдық!” деген байбалам қауесетке не демекпіз?! Ресей мен Өзбекстанның ішкі жағдайына қанық адам олай демесе керек еді. Қазақстанды жамандаған адамға қаным қарсы. Менің көзқарасымның кіндігі – қазағым, оның саяси ұйымы – мемлекеті. Мен мұны мақтаныш етемін.

Қазақстанның да, қазақтың да жағдайы өтпелі кезеңде ауыр болып тұрғаны белгілі. Жасыратын несі бар, ол кеңес заманына дейін де, кейін де солай болған. Бәрі де өзіміздің ұлттық діліміз бен қабілетімізге орайлас. Менің айтайын дегенімді басқалар

айтып, мен жасайын дегенімді мемлекет аппараты өзі жасап жатса, менен бақытты адам бар ма? Отан сүйгіштік сөзімді ұлықшыл сезім басып бара жатқандай.

Мен үкіметке өкпелесем, зейнетақы, жалақы және жәрдемақыны бермедің деп өкпелемеймін. Өйткені оны беретіндей үкімет қалтасында ештеме жоқ екенін о баста түсінгенмін. Қор коммунистердің қалтасында кетті. Менікі – таза саяси күрес. Ұлтымыздың тиісті несібесі өз қолына тимеді деп, ділі мен тілі жоғалды деп шабыламын. Айтамын, қайта айтамын. Жұртқа жеккөрінішті боламын. Сол үшін күйзелемін. Өйткені көп шенеунік селт етпейді. Мойнына жауапкершілік алмайды, ұлт үшін жеккөрінішті болғысы келмейді. Қарын әлі-ақ тояды. Ұлт болып көгеруіміз үшін көп кесірді соған дейін де жоюымыз керек. Бұрындары орыстану саясатының тізгініне түсіп, зорлап орыстанушы едік, енді тәуелсіздіктен кейін өз қалпымызды сақтап, бітім-болмысымызды таза күйінде сақтау үшін неге күреспейміз? Оған кінәлі кім? Әрине, өзіміз. Қазір де қазақ ұлтының тағдыры қазақтың өз қолында, ешкімге міндет арта алмаймыз. Қазақтың тілі мен ұлттық ожданын қорғауға барша қазақ жұмылса, мен де басыламын, өйткені арманым орындалады.

– *Бір сөзді... билік басындағыларға қаратып “Бір іс бар қолында өлгім келеді, бір іс бір жолында өлгім келеді” деп айтқан өз сөзіңізді қазіргі уақыт пен қоғамдағы жағдайға байланысты түйіндеп бере аласыз ба?*

– “Азатты” құрған да, оның идеясын бастаған да мен едім. Ел тізгінін ұстаған коммунистерге қарап, сіз еске салып отырған сөзді де айтқан едім. Ол ұзына уақытқа қанатты сөз болып қаларын ойламаппын да. Сол кезде өкімет басындағы коммунистерді жеңу тіпті мүмкін емес еді. Ал, ұлты қазақ коммунистерді сынап, жолға салуға, оны ұлт ісіне тартуға болушы еді. Соның бір көрінісі деп М. И. Есенәлиевті айтуға болады...

Коммунистердің Қазақстанды өркендетуге сіңірген еңбегі айтарлықтай. Ол үшін бұл идеяның жолында өлуге тұрады. Сөйткен коммунистердің ашаршылықты қолдан жасап,

халқымыздың тең жартысын қыруына не себеп? Полигон ашып, жерімізді сынақ алаңына айналдырған кім? Ондай идеяның қолында өлуге болады, әрине. Сол жолдан таймай әлі келеміз. Саясатты қазақ халқына әлі бұра алмай жатырмыз.

– Сіз саясатта әбден тісқаққан саясаткер болуыңызға қарамастан өз мүдделестеріңізді таңдап, топтастыруда қателікке ұрындым деп ойламайсыз ба? Өйткені өзіңіз құрған “Азат” та миссиясын атқара жүріп, кейін екіге жарылды... Осы Парламент сайлауы қарсаңында “Алаш” партиясындағы ең жақын бір серіктесіңіз /Ж. Бәзілбаев/ сізбен келісе алмай ол да кетті. Бір рет болса жарайды. Екі рет... Бұдан соң ұлтжанды адамдар көңілінде осыны біреулер ұлт мүддесін аяққа тапта-ту үшін жымысқылықпен ағайын арасына алауыздық, туғызып жүрген жоқ па екен? деп күдік те білдіреді. Сіз бұған не дейсіз?

– Қарекет жасамаған адам ғана қателікке ұрынбайды. Мұндай тағдыр тоғышарға жарасады. Қаракетшіл адам жаманатты болуы хақ. Ол бұрын да болған, қазір де сондай. Біздің ісіміз, ұлт-азаттық ісі қиядан жол салумен бірдей қиындығы да, бейнеті де көп әрекеттермен қабысып жатқан еді. Егер қазақ саясаткерлері не боларын алдын ала біліп, дер кезінде тәуелсіздігімізді жариялап, көк туымызды дер кезінде тіге қойғанда, бәлкім, “Азаттың” да керегі болмас еді.

Ал “Азат” біреудің ақылымен екіұдай болып бөлінген жоқ. Бөліну себебі, олардың белсенділердің арасында екі ой ағымы пайда болды. Бірі – “ұраншыл” шуылдақтар, ешнәрсенің байыбына бармай, тәуелсіздікті күшпен аламыз деді де, екінші тобы, оған мен әзімді жатқызамын, “сабыр түбі сары алтын, сабырлы жетер мұратқа” бірақ, толассыз күресе берелік, толайым табыс соңынан келер” идеясының жетегінде жүрдік. Бізді қарсыластарымыз өкіметбасындағыларға жағынған “сатқындар” дегенге дейін барды. Түбі біздікі ақиқатқа жақындау келді. Енді, “Алаштағы” жағдайға келсек, Ж. Бәзілбаев дәл Парламент сайлауының қарсаңында менің жоқтығымды пайдаланып, Тараз қаласында “съезд” өткізіп, менің “сұрауым бойынша”, “ауруыма байланысты” мені орнымнан босатып, орныма өзін сайлатыпты. Менің съезд делегаттарына жазған арнайы хатым-

ды “жоғалтып” жіберіпті. Өзі партиямызға кірмеген, уақытша алынған еді. Менің саясатпен айналысқанымға 40 жылдай болды. Бірақ, мұндай “пысық” адамды көрмеппін. Түпкі ойын кейін білдім... Бұл “мен Президенттікке кандидат болғанда”, деген сөзді жиі айтады, мұны өзіне лауазым етіп алған. Басқа не дейін, түсінер өзі...

– Біздің оппозициядағы саяси партиялар мен қозғалыстардың жетекшілері әйтеуір улатып-шулатып жүреді. Өздеріне алыс шетелдерден шашбауын көтерушілер мен әспеттеушілер тек байбалам салудың белсенділеріндей көзге түседі. Демократиялық күштердің бірігуі дегенді... бір қарасаңыз, жырақта жүрген алпауыт әлдекімнің немесе лауазымды қызметтен кеткен кілең өкпелілердің сойылын соғу үшін бірігетін сияқты. Демократияны желеу етуімен жамандау дегеніңіз, білмеймін, не десек екен...

– Бұл сұрағыңыз Ә. Қажыгелдиннің өзіне қойылуы керек еді. Қазақстанның мүддесін, абырой даңқын сату, оның мемлекеттілігіне тіл тигізу барып тұрған сорақылық. Бұдан да ауырлатып айтуға болады. Оппозицияда жүрген оның мүдделестерінің не ойлайтынын аңғару қиын емес. Оны өздері-ақ айтып жүр. П. Своик пен Н. Масановтардың “қазақ өздігінен ел бола алмайды” деген идеясы жан түршіктіреді. Елдің, ұлттың беделін түсіру үшін шағымын айтатын ұйымдарды басқа жақтан іздейтін бұлардың даңғазасына қарсы тойтарыс беру керек. Басқа елде бұған шыдамас еді... Бұлардың айтатын сөзіне бір жауап бар: Қазақстанда тұру жаман ба, онда сені мұнда кім байлап, ұстап отыр? Осы елдің азаматы болсаң, оның абыройын неге ойламайсың? Бүгін біреудің сойылын соғып жүрген оларды күні ертең лауазымды қызмет орындарына қойса ғой үнсіз отыра берер еді... Жанығып бара жатқаны сол билікке жету.

– Біздің бір топ оппозиция өкілдерінің алыс шетелдерге барып келуін кімдер қаржыландырып отыр? Не үшін...

– Алыстан көз алартып отырған әсіре бай адамдар тобы. Не үшін екенін бүгінгі білгенің аз. Сондықтан да қазағым, билік тізгінін мықтап ұстауы керек.

– Ал “Алаш” партиясын кім қаржыландырады?

– “Алаш” партиясын менің айлық табысым қаржыландырып отыр. Біздің жарғыда мүшелік жарна туралы мәселе жоқ.

– *Айлығыңыз қанша еді?*

– 9600 теңге. Өткен Парламент сайлауына жұмыс орнымнан 66500 теңге қарыз алып едім, соны қайтарып жатырмын.

– *Сайлаудан соң бәрі де тып-тыныш... Саяси партиялар мен қозғалыстар ел мен жердің тағдырына қатысты өзекті мәселеде неге белсенді жұмыс жүргізбейді. Айталық, қазақтарды қайта қоныстандыру мәселесі. Сіз бұл іс қай деңгейде шешілу керек деп ойлайсыз?*

Белсенді жұмыс істеу мәнісін әр саяси партия әрқалай шешеді. Елдік мәселеге енжарларға сайлаушылар кезінде әділ бағасын беруі керек еді.

– Толқынды өзгеріс басында, қазақ халқында урбанизация үрдісі /жаппай қалаларға қоныстану/ өтіп жатыр, бұл заңды құбылыс. Руханиятта “мен” деген төс қағу жағдайы өрістеуде. Өзім дегенде өгіздей қара күшім бар, деген осы. Қазақ көкжиегінде “біз” азая түсуде. Әркім өзі үшін. Демек, жалпақшешейліктің өрісі тарыла бермек. Ағайын-туыстық жүйе, кеңбалақтылық, сен тұр, мен барайын, сен де же, біз де желік, бәріміз де желік деген ұғым артта қала бермек. Дүниенің қожасы – “мен” болмақ. Қатты айтуға қимасаң да, қинасаң да осы жағдайдан өзің шығуға тура келеді. Бұған көші-қон мәселесін қосыңыз. “Жер сатамыз” деген лаң тағы шықты. Қазақ-жері сатылса, қазақ қайтіп күн көрмек. Шұрайлы жерден шетқақпай болып тұрған тұста мұны халықтың пікірімен санасып барып, шешу керек. Егер халықтың жауабы мемлекет үшін қауіпсіз болса, оны кейін референдумға салуға болады. Ол заманға дейін Қазақстанның тағдырын шешуге қазақтың өз дауысы да жетіп қалар.

Қазақтарды қайта қоныстандыру мәселесін мемлекеттік тұрғыда шешу қажеттігі осыдан туындайды.

– *Қазақ зиялылары осындайлық ірі-ірі елдік мәселеге дер кезінде жұмылып қайрат-жігер таныта қоймайды. Қоғамдық пікірге көшбастаушы солар болуы керек, бірақ... Бұл сізді таңғалдырмайды ма?*

– Таңғалдырғанда қандай? Бұл ескі дағды. Нұсқау күтумен жүре береді. П. Я. Чаадаев деген орыс философы: “Кұлдық жанына тимеген, оған ашынбаған ұлт – құл болуға лайық” деген екен осыдан екі ғасыр бұрын. Мұндай аталы сөзге бас иіп, намысқа шабу керек. Қамшылау үшін айтып отырмын, Томас Дженкинсон деген ағылшын генералы өткен ғасырларда Қазақстанды аралаған екен. Сонда қазақтың бір биі әлгінің қыр-соңынан қалмайды. Шетел генералы бұйымтайын сұраса, би: “Медалдарыңыздың бірін естелікке беріңіз” деп өтінеді. Генерал медальды ағылшын падишасы ерлігі үшін бергенін, ол өкімет жарлығымен болғанын, оны ешкімге беруге қақысы жоқ екенін түсіндіреді. Сонда қазақ биі: “Олай болса, түймеңіздің бірін беріп кетіңіз” дейді. “Оны не қыласыз?” – деген генералға би: “Бау тағып мойныма асып қойсам, сонда елге қадірім артды” деген екен...

Біз мұндайға әлі құмармыз. Мың күндік ел ертеңін, азат жолды ойлаудың орнына... бір күндік пендешілік көп.

Ұлы Абай “Аулақ жүр сөзін сатып ақша алғаннан!” деген. Бұған қосарым да, аларым да жоқ.

*Егемен Қазақстан. 26 сәуір 2000 ж.
№96–99*

Тәуелсіздік – біздің түпкі мақсатымыз Фашистерге еліктегені ме?

Литваның “Республика” газетіне берген сұхбатында әпербақандығымен аты шыққан, Ресейдегі либералды демократиялық партияның төрағасы Владимир Жириновский былай деді:

“Алдағы көктемде КСРО Президентінің сайлауы өтеді, сонда барлығы маған дауыс беретініне сенімдімін. Өкімет басына келісімен мен Горбачевтің жарлықтарын жоққа шығарамын, өйткені, ол да Лениннің 1918 жылғы наурызда қол қойып,

Балтық бойы елін немістерге берген жарлықтарын жоққа шығарды.

Сіздер бізді бүкіл әлем таныды, сөмке арқалаған қырық дипломат келді деп, мәз боласыздар. Бекер. Олар келеді, кетеді. Оларға саяхат болса болды, ал біз Буш екеуіміз әрқашан да тіл табыса аламыз. Балтық бойы – бұл орыс жері. Мен сіздерді жер бетінен құртамын. Смоленск облысының шекаралық аймағынан ядролық қалдықтар көметін ұра қаздыртамын, Семей гарнизоның сіздерге көшіремін. Сіздер литвалықтар, радиация мен аурудан өлесіздер. Ал, орыстар мен поляктарды алып кетемін. Мен – құдаймын, мен – құдіретпін! Балтық бойындағы литваландарды, латыштар мен эстондарды жоямын. Мен 1932 жылғы Гитлердің іс-әрекетін қайталаймын. Сіздер ұлттық идеяның арқасында уақытша жеңіске жеттіңіздер, біздің де күніміз туар. Бүгін сіздер ішіп отырған шампан – ақиретте ішетін сусындарыңыз екенін ұмытпаңыздар”.

(“Новости” апталығы, 15 қыркүйек, 1991 ж.)

* * *

– “Сен казак емессің!– деп бұрқ етті Водолазов. – Казактар үшін ең қасиетті нәрсе – еркіндік. Ермак өз жасағын осы Жайық бойында ұйымдастырған. Стенька Разин де осы жерден күш алған, Пугачев те осыннан шыққан. Казактардың жон арқасын тіліп каторгаға айдаған, бірақ рухын тізе бүктіре алмады. Ал большевиктер төрт ғасырлық шежіресі бар Орал архивін жағып жіберген кезде, казактардың тамырын жоямыз деп ойлады. Ельцин Қазақстанда тұратын миллиондаған орысты сатып кетті. Бірақ, біз өз мақсатымыздан бас тартпаймыз”.

* * *

Александр Галаган: “Ельцин–Назарбаев келісімінен кейін Россияның бізден бетін аулаққа бұрғанына көзіміз анық жетіп отыр. Біз Қазақстан құрамында автономия талап етеміз. Өкімет жүйесі мен үкімет құрамынан үміткерлер қазірдің өзінде дайын. Дүние жүзінде бекіре балық өсетін жалғыз өзен – Жайықты бақылауға аламыз, ал бұл дегеніңіз – жүздеген тон-

на қара уылдырық. Мемлекет біздегі қорғаныс заводтарының өнімдеріне “өлі” ақша” төлеп отыр. Біз оның белгілі бір бөлігін валютамен қайтаруды талап етеміз. Әйтеуір, өлмейтініміз анық...”.

(“Московские новости”, 26. 05. 91).

Редакциядан:

Міне, ұлыорыстық шовинизммен ауырған саясаткерлердің арманы! Боямасыз, ашық пікірлерінің астарын байқап қарасаныз, саяси жел сөз емес екенін аңғарасыз. Нағыз піскен, ашуыза қазанында қайнаған бүкпесіз бұзық ойдың сыртқы көрінісі екені хақ. Ал, одан да тереңірек үңілсеңіз, Ресей президенттігіне сайлау кезінде Жириновскийге 6 миллиондай сайлаушының дауыс бергенін еске алсаңыз, бұл қоқанлоқы, пікірлер құрғақ айқай емес екеніне тағы да куә боласыз. Неофашизмнің желі қай жақтан соғып тұрғанын аңғарыңыздар, абай болыңыздар, ағайын!

Фашизм – күні өткен күңкілдек, ақыл-ойының жетер жерін білмейтін империя мен тоталитарлық жүйенің некесіз туған ұрда-жық әпербақан ұлы екенін тарих көрсетіп бергелі қашан?! Сондықтан шығар-ау, ол өзіміздің көз үйренген баламыз сияқты алуан түсті киімге әуес: кейде ақ, кейде көк, кейде қызыл “киінеді”. Киімнің түсі маусымға немесе өз уақытының сән үлгісіне орай емес, тарих кезеңіне сай құлпырады. Әрине, фашизм некесіз туғандықтан мұрасыз қалуы керек-ақ еді. Алайда, саясат жай ғана күйкі тұрмысқа мүлде ұқсамайды, оның өз заңы бар.

Балтық жағалауында ай мен күннің аманында бейбіт халықтың жапа шегуі әлемді алаңдатып өтті. Қара тырнағына дейін қару асынған әскерлердің сұрқын көре тұра тебіренбеу саяси көрсоқырлықтың немесе Отан тағдырына немкеттіліктің, яки әлем жұртшылығынан әлдебір құпия зілді сыр сақтаудың белгісі деп таптық. Демек, Балтықтағы сұрапыл сүргін біздің, қазақтардың да көңіліне үрей туғызбай қоймайды. Балтық қалаларының көшелерін бойлай жөңкілген танкілердің соңынан

емпендей жүгіргендердің атойы таза орыс тілінде естілді. Кезінде, сонау революциялық өзгерістер тұсында, бұл ұлы тіл біз секілді аз халықтарды теңдік пен бостандықтан үміттендірген еді. Ал енді бронетранспортерлардың артынан “комитетшілер” мен олардың орыстанған жандайшаптарының “Ура! Біздің адамдар келді!”, – деген ұрандары естілді. Сонда “Біздің адамдар” дегені кімдер? Осы тұста мен өзімнің “бұратана” тегімді еріксіз еске алдым.

Азияның түкпірінде 1986 жылдың желтоқсан бұрқасыны кезінде біз бастан өткерген оқиғалардың Тбилиси мен Бакуде қайталанып, қазір Европа жағдайында сынақтан етіп отырғанын көзіміз көруде. Оған қатысушы кейіпкерлер де, арандатушылық амал-айлалар да, жалған былапыт сөздерді ойлап табушылар да бәрі бізге бұрыннан-ақ таныс. Ауық-ауық бас көтерген “комитетшілер” (ТЖМК) халық өзі сайлаған заңды басқару мекемелеріне қарсы ұрыс ашуда, республикалардың қандай заң қабылдауы керектігін, қалай өмір сүруі қажеттігін “үйретуде”. 70 жыл бойына созылған аласапыраннан ешкім ештеңе үйрене алған жоқ сияқты. Бұл комитетшілер Алматыдағы желтоқсан қасіреті кезінде “жасақшылар” деп аталғаны мәлім. Әрине, олардың К. Минин мен Д. Пожарскийдің жасақшыларынан садағасы кетсін.

Сөйтіп, Қазан революциясынан басталған зорлық-зомбылық әлі де жалғасын тауып, “салтанатты шеруі” басылмай келеді. Иә, солай болуы керек те еді, солай болып жатыр. Осының бәрі әлі талай мәрте қайталана ма деп үрейленемін. Орыс адамдары, отандастар! Алданып қалмаңдар! Фашизмде тұрақты мекен болмайды оның анкетасы “таза”, мінездемесі “жақсы”, ісінің бәрі “дұрыс”. Ол – паспортына белгі соғылмағандықтан да Алматыда тұруға хақысы жоқ шопанның көнбіс ұланы емес. Ол қыстың ызғарында арқасын аяз қарып, шыжыған шілдеде аяғын аптап күйдіріп, айдалада, шөл мен шөлейтте, адам аяғы баспаған тау шатқалдарында мал бағатын, зобалаң заңға бас иетін қазақ шопаны емес. Олар осылай күн кешіп жүргенде, төбесіндегі сонау заңғар көкте қой еті мен ешкінің ұнтақталған сүтін ішіп-жеп ғарышкерлер самғап барады. Ал шопан тек, көп

ұлтты тұрғындарды нәрлі де жоғары бағалы етпен, сүтпен асырай, беймәлім шартарапқа жүн мен теріні жөнелтіп, “ұлттық” кәсібін істеп жүре беруі керек сияқты. Қазақстанда үй-ішімен, әулетімен бірге қой соңында жүрген 2 миллион жан бар. Орыс тілін білу белгілеріне қарап, оларды да “орыс тілділер” қатарына жатқызуға болар еді. Дегенмен, комитетшілер “орыс тілділер” деп оларды айтып жүрген жоқ. Олардың адамдарды “түстеу” тәсілі өзгеше: әуелгі кезде “бұратаналар” деп бөліп еді, сосын “таптар” шықты, қазір “орыс тілділер” деп атайды. Комитетшілер өздерінің тегі кім екенін және кімге қызмет ететінін жақсы біледі.

Орыстың озық зиялылары! Менің азабы нағыз арылмаған әріптестерім мен тағлымгерлерім! Егер “крепостниктік езгі сіздердің ұлтыңыз бен ұлттық мәдениетіңізді дүниежүзілік цивилизацияның ең шетіне ысырып тастаған болса” (мен XIX ғасырдағы орыстың ұлттық ақыл-ойын жатқа айтып отырмын), комитетшілер оны одан әрмен серпіп жіберді. Сонда сіздерге сеніп, сіздермен “бір сапта” жүрген сіздің бұрынғы “ақ”, қазіргі “қызыл” империяңыздың тілалғыш “бұратаналары” қайда қалғанымыз? Жоғарыда айтылған сөзді жалғастырайын: “кұлдық болмыс жанына тимеген ұлт құл болуға лайық”. Бұл сөз империямен шайқаста жеңілген орыс желтоқсанына қатысқан жанның аузынан шыққанымен, өз халқыма арнап айтылғандай сезінемін. Мен қазақ желтоқсанын көзіммен көріп, өзім қатысқан адаммын, сондықтан қазақ “декабрисі” ретінде айтарым: қазіргі орыстың әлеуметтік-саяси ақыл-ойының реакцияшыл қанаты ары мен ұяты бар орыс зиялыларына сын.

Егер орыстың ұлттық мәдениеті ұлттың өз мәдениеті туралы өз пікірі болмай, шынында да нағыз ұлы да гуманистік мәдениет екені рас болса, оның озық өкілдері, сіздер, мынадай ащы да анық сұрақтарға көңіл бөлулеріңіз керек: Неліктен Ресейдің орыс емес халықтары ұдайы бұлқынып жатады, “бұларға не жетпейді?” Неліктен орыс мәдениетінің бұратана халықтардың мәдениетіне деген ықпалы олар үшін әрқашан залалмен аяқталып отырады? Неліктен “өз еркімен қосылғандар” боданға айналады? Әлі күнге империя картасы неге бір ғана түспен

боялған? Неге “бұратана” халықтар осы уақытқа дейін өздерінің саяси билігін өз қолына ала алмай жатыр? Неліктен біздің қалай өмір сүруіміз керектігін орталықтағы генералдар мен комиссарлар жақсырақ білуі тиіс? Неліктен біздің ұландарымыздың қолына қару беріп, оларды басқа “бұратаналарды”, мысалы, антын бұза отырып, балтық елдерін “тыныштандыруға” пайдаланады? Неліктен біздер, қазақтар, өз жерімізде басқа жақтан келген “қонақтардан” әлдеқайда аз болып шықтық? Неліктен қазақ жастары өз жерінде отырып, “орыс тілдес тұрғындардың” үйінің бір қуысында қысылып-қымтырылып өмір сүреді? Неліктен? Неліктен біздің, яғни, бұратана халықтардың, өздеріне үш жүз жылдан бері тәуелді етіп қойған құдайдан да күштірек мырзаларымыз бар?

Жүздеген халықтарды өзінің меншікті киелі дүниесінен айырып қоюдың қандай қажеттігі бар еді? “Бұратана” ұлттар мен ұлыстарды материалдық және рухани құлдыққа салу арқылы өзінің ілгері басуына кедергі жасайтын құлдық өмір несімен тәтті? Сіздерге мұндай зердесіздік пен тексіздік қамытын мойындарыңызға асудың не қажеті бар?

Біз орыс халқының татар-моңғол шапқыншылығына байланысты ұлттық трагедиясына ортақ сезіммен қараймыз. Сонау заманда бұл шапқыншылықты өз жерімізде тоқтата алмай, сіздерге жіберіп алғанымыз үшін де кінәлі екенімізді мойындаймыз. Алайда, біздің басымызға түскен қасіретті шапқыншылықтың қандай түрімен өлшейміз? Мұның атын қалай қоямыз? Біздің нәубет моңғол шапқыншылығынан жүз дүт асып жатса қайттік?! Құрбандар санында 6 млн. қазақ (нәубет болмаса қазір 16 млн. болып, мұртымызды майлап отырар едік), ұлттық мәдениет, адамаралық философиялық қатынас, тіл жүр. Ал қайтып келместей болып бұлбұл ұшқан ұлттық дәулеттің ішінде тіршілік ортамыз, ұлттық тұқым, теңіздеріміз бен мыңжылдық омырау болған өрісіміз кетті. Орыс тілі болса, үш жүз жылдық езгіде сақталып қалды. Орыс тілінің елу жылдық өктемдігіне қазақ тілі шыдай алмай, сұлап түсті. Міне, сондықтан да біз өз жерімізде басқа тілдердің, оның ішінде орыс тілінің де маңызын жоғалтпай отырып, қазақ

тілінің дара да дербес мемлекеттік тіл болуы үшін күресудеміз, оның дәстүрлі жазу-сызу үлгісін де қайтарсақ дейміз. Енді орыс тілі табан астына түскен өз құрбанына зор қамқорлықпен қарап, онымен бәсекелеспей, жан-жақты жебеп-желей ме деп те ойлаймыз.

Қазіргі ұлтаралық дүрдараздық ұзаққа созылған рухани індеттің бір ғана көрінісі. Тығырықтан шығатын күре жол да жоқ емес. Сондықтан да сіздің жарқын ақыл-ойының тамаша өкілі болып саналатын А. И. Соложеницын, былай деп жар салады: “Ең алдымен біздің өзімізді (орыстарды айтып отыр. – С. А.) құртып жатқан империядан гөрі біздің халқымыздың рухын да, тәнін де құтқарар жолға жедел түсуіміз керек. Ұлы империяны ұстап тұру – өз халқымның қырумен бірдей”. Өз елінің іші мен тысында жүріп, Отанының бақыты үшін өз Отанына қарсы күрескен адамның бұлай сөйлеуі бір апаттың таянған тықырын сезгендіктен болса керек-ау. Өйтпеген күнде ғасырлар бойына империя қалтасына түскен арам байлықтың бәрін қайтарып беруге Кремль комиссарларына кеңес бере қояр ма еді?! Мұндай ізгі сенім тек ұлы күрескерлердің маңдайына жазылатынын білеміз. Егер орыс империясы Қазақстаннан шеңгелін алар болса мен патриот ретінде одан бір ғана нәрсені: менің сорлы Отаным – Қазақстанды “ортаазиялық құрсақ” сызығы бойынша емес, күдірейген солтүстік “жоны” бойынша қол тигізбей қалдыруды жақтауын сұрар едім. Мейлі менің Ата-мекенімнің бүйірі шұрқ-шұрқ тесік болсын, жайылымдарым радиоактивті заттармен улансын, телегей теңіздерім тартылған күйінде-ақ қала берсін, әйтеуір Азат болса болғаны! Өз жерімді өзім жалынын сұраудың өзі құдайға қиянат екенін де жақсы түсінемін. Біз мәңгі бейбіт көршілікке төлем беруге де даярмыз. Сіздер бізден алып тұрыңыздар, біз сізден алып тұрайық, бірақ алған-бергеніміздің қымбат базар нарқын ұмытпайық. Есеп қолма-қол жүрсін.

Бұл сізге де, бізге де аса тиімді. Сонан бастап орыс адамдары қазақ жеріне қарусыз келе беруіне болады: “сыйға – сый, сыраға – бал”. Және бұл сұрықсыз орыс-бұратана қатынасының орнын да алар еді: яки, сіздер тарапынан үстемдік етушілік,

біздің тарапымыздан бодандық пен құлдық ұрушылық емес, биік өредегі, иманжүзді орыс-қазақ қарым-қатынасына ұқсайтын болады.

Алайда, қайткенде де кез-келген соғыстан құдай сақтасын! Бізге ата-бабамыз мейірімді, өзгенің қайғысын өзінікіндей көретін ізгі жүрек берген. Біз, міне, 1300 жылдан бері мұсылманбыз. Мұсылман деген сөз “бағындырылып алынған” емес, “аллаға бағынышты” деген мағына береді. Біз тек рахымы мол бір құдайға ғана бағынамыз. Жанымыз ақ ниетті адал адамдарға әрқашан да ашық. Бізді бағындырам деп әлек болудың қажеті жоқ, бізді түсіну керек. Осыны ескерсеңіздер екен!

Орыс империясы қазақ жерін үш ғасыр бағындырып келді. Біз ұрыс даласында екі дәуір: “темір” ғасыры мен “ағаш” ғасыры шайқасқанын білдік. Сонда да болса, зеңбірекке қарсы шаптық. Біз тек ұрысты ғана қолдан бердік. Бірақ жанымыз, үмбетіміз бен ар-ожданымыз, әлі орнында. Бостандыққа ұмтылған халықты қырып-жойып жіберуге болатын да шығар, отар ұстап, құл жегіп көрмеген соң білмейді екенбіз, бірақ ондай халықты жеңу мүмкін емес! Сіздерге де бұл мағлұм тіршілік. Бостандығынан айрылған жан бостандықтың дәм-тұзын жақсы біледі, сондықтан ол бостандығын ешкімге бермейді де. Дегенмен, империя бізді бағындыру ісін әлі жалғастырып келеді. Егер ол бұрын өзінің әрекетін зеңбіректің күшімен істеп келген болса, қазір “революциялық идеялар” арқылы жүзеге асырып жатыр. Сөйте тұра арақидік қаруына да жармасып қояды. Комитетшілер патшаның берешектерін төлеуден бас тартқаны мәлім, ал патшаның ұлттардың көз жасын ағызып отырып алған мүліктерін заңды иесіне қайтаруға келгенде көзін алайтып жатыр. Орайы келгенде осы жерде Б. Ельциннің қазақ хандарының патшамен болған шарттарын қайырып беруіне ризашылығымызды білдіре кеткіміз келеді.

Нағыз қазақ бүкіл тіршілік иесінің жанашыры. Өзі еңіреп жүріп, маңайындағы күллі тірі мақұлыққа пана болып жүреді. Орынсыз жерге қол сұқпаса да, өзінің несібесін жібермейді. Соғыстың кез келген түрі халықты тарих шырқауына шегіндіріп, түп негізімізбен үңгір дәуіріне қайта лақтырып тастайтыны –

хақ. Мен бұл жерде соғыстың адамгершілік деңгейін айтып отырмын. Нақ сіздер, орыс ұлтының озық өкілдері, империяның біресе ана, біресе мына пұшпағында ойына келгенін істеп, ылаң салып жүрген комитетшілер мен әскери адамдардың, монархистер мен атамандардың арандатушы қылықтарын дереу айыптап, “Қасиетті Русьті” насихаттай бермей, жәбір-жапа шешендер жағында күресуге шақырамыз. “Русьтің қасиеті” туралы қауесет “бұратана” жұрттардың “даңқты” орыс қаруынан қан жұтып жатқанда тарағанын неге ұмыталық. Оны “бұратана” емес, шынайы орыс қарашекпені де ұмыта қоймас. Ол кезде мундир орыстың ұлттық киіміне айналған еді. Біз, “бұратана” ұлт өкілдері, орыс халқының ақыл-ойы мен парасатының кемелдене түсуін шын жүректен қалаймыз. “Зорлық-зомбылық адамдардың жан-дүниесін өзгертіп жатты. Орыс атаулыға (әрине, реакцияшыл жағына) деген жиреніш орныға түсті. Сондықтан болса керек, “орыстан жолдасың болса, жаныңда айбалтаң болсын”, – деген мәтел де шықты. Айтпақшы, мен осы мақалды қазақтан басқа да “бұратаналардан” талай естігенім бар. Империя адамдар санасын осылайша улап отырды. Біз империяны киімінің түсіне қарамай-ақ жек көретінімізді жасырып болдық. Дегенмен, уақыт шіркін адамдардың мінезін өзгертпей қоймайды. Қазірде Абайдың “орыс тілін үйрен!” деген сөзі кең тарады. Ақынның сол сөзін ұстанған жас буын өз тілін білмесе де, орыс тіліне құлдық ұрды. Мен 1986 жылғы желтоқсан бұрқасынында әбден орыс болып біткен қазақ қыздарының өзі орыс генералдарының погонына жармасып, өздерінің ана тілін білмейтіндігін оларға кінәрат етіп тағып, бетіне басқанын көрдім. Әрине, қазақтың бейкүнә қыздарын кейін сол генералдар қатал жазалады. Өйткені, олар қарусыз еді. Қазақ жастарының танкісі де, үйретілген иттері де, сапер күректері де, курсанттары мен солдаттары да жоқ еді. Олардың қорған сұрайтын өз үкіметі де жоқ болатын. Бірақ Лермонтов секілді, олардың да назары тарих сотына ауады. Ол соттың құзыры мәңгі-бақи ескіру дегенді білмейді. Оның кодексі бір халықтың бақыты, басқа бір халықтың көз жасы есебінен шешілуі мүмкін емес дейді. Орыстың “ақ” және “қызыл” империясының інілерімен

бірге келіп тірелген тұйығы тарихтың заңды нәтижесі болып көзге түсуін осыдан көремін. Әрине, бөгде біреудің күнәсін таразыға тарту оңай. Дегенмен, біз, “бұратана” жұрт, ол күнәні сіздермен, орыс адамдарымен, бастан бірге кешіп, империяны еңіреп жүріп бірге құрысып, енді бүгін оны күйрету үстінде тағы да бірге өзімізше атсалысып жатқандықтан бұл империялық індеттің бұрын-соңды болған тарихи құбылыстардың бір де біріне ұқсамайтынын атап көрсеткім келеді. Орыс империясында болып жатқан барша нәрселердің өзіндік “ерекше” атауы бар: мысалы, кәдімгі зорлық-зомбылық – революция деп, аштан қыру – коллективтендіру деп, құлдық – крепостниктік деп, тиран – секретарь деп, диктатура – халық өкіметі деп, ойына келгенін істеу – заң деп, жыртық пен тесік – сау-саламат деп аталады. Ал қарапайым адам өле-өлгенше түсінбей өтуі үшін осының бәріне ерекше бір “игілік” ретінде “социализм” деген лақап ат танылады да, басқаша атаған адамды Сібірге, итжеккенге айдайды. Осылай атаса зұлмат мән-мағынасын өзгертетін сияқты-ау. Амал не, Сіз бен Біз осының бәрін шындық деп қабылдауға машықтанып кеттік. Ал әлемдік цивилизация тағлымы: “өзің құлға айналмай, құлды билей алмайсың!” дейді. Құлдар мен қара тобырлар қарғаған державаның жайын күйттеген Аплатынның өзі де осы тағлымның шырмауында қалған. Құлдар көтерілісі, әрине, келмеске кетті. Дегенмен, орыстың алдыңғы қатарлы адамдарының бізбен, “бұратана” жұрттармен, “інілерімен”, қол ұстасып жалпыға ортақ, ар-ұят, сана мен ожданды азат ету жолында күреске шығуы игі де, әбден орындауға тұратын іс.

Орыстың озық зиялылары! Өздеріңіздің төл мәдениетіңізді адамгершілікке жат саясаткерлерден, жалғандық пен астамшылдықтан, Ермак ұрпақтарынан қорғандар! Запа шеккен “бұратаналардың” қарғысына ұшырамаңыздар! Сіздердің еңбекші халқыңыздың ұлы да саламат рухын еркіндікке ұмтылған егеменді ұлттардың парламенттері айналасына жиналған “орыс тілдес тұрғындар” деп аталатын тобырлар кемсіте көрмесін!

Мен империялық алдаусырату тұзағына тек орыстардың аз ғана бөлігі, ақыл-оймен емес, жалған патриоттық инстинктпен жүретін өзінің бүкіл ұлттық ұсқынын жоғалтып орыс болып кеткендер ғана түседі деймін. Болып жатқан оқиғалар комитетшілердің, генералдар мен казак атамандарының бүгін әлем календарының табалдырығын ХХІ ғасыр аттағалы тұрғанынан беймағлұм екенін көрсетіп отыр. Келе жатқан ғасыр инстинктің емес – парасаттың, зорлықтың емес – адамгершілік қарым-қатынас мәдениетінің ғасыры болмақ. Бұл түсініктен олар жұрдай. Айтпақшы, сонау кезеңдерде де осылай болған: комитетшілер “дұшпанды” табатын, генералдар мен атамандар оларды жоятын да, ал Герцендер, Чернышевский мен Достоевскийлер езгіге ұшырағандарға мейірімділік көрсетуге шақыратын.

Естеріңізде болсын! Біз орысқа қарсы емеспіз, біз қатыгез де зұлым Империяға қарсымыз. Қалай шырқап, қандай ән салса да, шовинистер мен отаршылдарды қолдамандар. Біздің баршамыздың тағдырымыз ортақ. Комитетшілер мен шовинистер өздерінше интернационалистік “орыс тілді тұрғындар” деген атаумен сіздерді алдап жүр. Олар бұрын “пролетариат”, “жұмысшы табы” деген сөздерді бүркенгенін ұмытпаңыздар. Шовинистердің бейшаралығының салдары емей, немене? Бұлардың ілік артпайтын, жабыспайтын жерлері жоқ. Сақ болғайсыңдар! Мұның өзі олардың өмірдің әлеуметтік және саяси мәселелеріне келгенде тап-таза жетесіз екендігін дәлелдейді. Олар осылайша Пушкиннің, Лермонтовтың, Толстойдың атағын паш еткен ұлы тілдің сүйегіне таңба түсіруде. Комитетшілер олардың бір кезде сәнге айналған көгілдір мундирлерін ғана көріп, бірақ үнін естімей жүр! Біздің ұлттық өркендеуіміз ешкімге залалын тигізбеуі тиіс. Әділет үшін күресе жүріп, біз әділетсіздік жасаудан аулақ болуымыз керек. Біз Құдай алдында да, адам алдында да ақпыз! Тарих керуенін кері бұру мүмкін емес. “Орыс тілді тұрғындарға қысым көрсетті!” деген сөз – ұлт-азаттық қозғалысты тұншықтыру мен орыс отаршылығын мәңгілікке қалдыру үшін шығарған жасанды аңыз. Бұл аңыз тіпті “орыс тілді тұрғындар” өмірдің барлық саласында – сая-

сатта, экономикада, саудада, идеология мен мәдениетте – үстем орынға ие болып, шопан мен малшы атаулының 99,7 процентін қазақ құрап отырған Қазақстанда да кең тараған. Қазақтар өз өңірінде өзі итаршы тұрмыс кешуде. Алыс түкпірлерінде әрбір екі қазақтың біреуі туберкулезбен, үшіншісі бруцеллезбен ауырады. Арал мен Семей тұрғындары сәуле ауруынан, химиялық обадан қырылып жатыр, мүгедектік, бала мен ана өлімі күрт көбейіп барады.

Біздің атамекенімізді тоздырып, химикаттармен, радионуклеидтермен уландыруда. Соған қарамастан, “орыс тілділердің” кейбіреулері Қазақстанды екі жүзділікпен “өз отанымыз” деп жәдігөйленіп, оның саяси картасын қайта жасауға күш салуда. Күш пен қысым көрсетушілікке арқа сүйеген, халықаралық хұқ құжаттарын отаршылдық қара ниетпен аяққа басқан олар біздің “өз үйіміздегі” отаршылдарымыз, қазақ жерінің бөлінбейтінін, қазақ ұлты оның тарихи территориясында егеменді хұқыққа ие екенін, қазақ жерінің байлықтары ең алдымен қазақтың ұлттық меншігі екенін білгісі де келмейді. Біз өзіміздің жомарт та кең пейілді халық екенімізді, бірақ өзімізді және өз игіліктерімізді тыстан келген әлдекімдердің билеп-төстеуіне беріп қоймайтынымызды ескерткіміз келеді. Бабаларымыз мәңгі мұраға қалдырған жердің бір тұтамын да ешкімге бермейміз, ашқарақ көзден қызғанамыз, орыс жерін аталарымыз бен әкелеріміз қалай қорғаса, өз жерімізді де солай қорғауға бармыз. Бірақ біздің заңымызды, тіліміз бен мәдениетімізді, дәстүр-салтымызды қадір тұтатын, жер-суымызды ластамай, дәулетімізді молайта түсетін ізгі ниетті әр жанды ежелгідей бауырымызға тартатынымызды жасырмаймыз. Біз, қазақ, о баста осылай жаралғанбыз, өзіміздің ұлы бабаларымыздың өсиетін қастерлей білеміз. Сөйтіп ұлт ретінде еңсеміз көтерілсе ғана біздің жерімізде нағыз бейбітшілік пен азаматтық келісім орнап, ұлтшылдық пен империялық өктемдік, сол секілді “орыстан қорқу” (русифобия) мен орысқа табынудың зардабы мәңгі жойылады.

Орыстың озық зиялыларының өкілдері! Тағдырлас, тауқыметтес азаматтар! Диктатура мен империяны көксеп,

бет-пердесін сыпырып тастаған шовинистердің секеңдеуіне қарсы көшелі демократиялық қозғалысқа бірігіңдер! Өз туған халқыңыздың абыройы мен мерейін аяққа баспаңыздар, ұлтыңыздың өздеріңіз үшін қасиетті есімін бүгінгі және болашақтағы “бұратаналар” ұрпағының қарғысынан сақтаңыздар! Ұраншыл шовинистердің іс-әрекетіне тойтарыс беруге шығыңыздар! Конституцияны қабылдайтын да, қабылдамайтын да тек қана Халық! Әскер емес.

Империя қуатынан ең алдымен сіздер, орыстар, өздеріңіз зардап шегесіздер. Дегенмен, мынаны мойындаңыздар: зорлық пен зомбылық жасалып, жобаланып, іске асырылып жатқан мекемелерде сіздердің тілдеріңіз, сіздердің рухтарыңыз бен әдет-ғұрыптарыңыз үстемдік етуде...

Иә, бұл жерде қарапайым орыс халқының, еңбекші халықтың еш қатысы жоқ. Бұл жерде сіздер де “бұратана” кебін киесіздер. Сіздермен ешкім кеңеспейді. Алайда, “атыңдар”, “ұрындар”, “рұқсат етілсін” немесе “тыйым салынсын!” деген бұйрықтардың бәрі басқа планеталықтардың емес, орыс тілінде беріледі. Осыны ұқсаңыздар, осыны қабыл алсаңыздар болды. Тілдің үстемдігі тіл иесі болып саналатын ұлттың үстемдігінің белгісі.

Сіздер – дара халықсыздар, сіздерге өмірдің, жеке адам өмірінің емес, ауқымды, коллективті, ұлттық өмірдің қалтарыстары, оның қуанышы мен наласының жықпыл-жықпылы толық мәлім. Бостандықтың тәтті де ащы дәмін сіздер татып көрдіңіздер. Бізге, аз халықтарға, өмір сүру екі есе қиынырақ екенін түсінсеңіздер екен, оның үстіне біз бодан Изаураның қатарында жүргенімізді білсеңіздер екен. Біз “бұратанамыз”. Біз сіздермен бәсекелесе алмаймыз, өйткені Сіздер Біздерге қарағанда жақсырақ ұйымдасқансыздар, іскерсіздер, бізге қарағанда тарихи және әлеуметтік тәжірибелеріңіз молырақ. Алайда Біз Сіздерден өз қалауымызша өркендеуімізге, Сіздер сияқты коллективті, ұлттық түрде дамуымызға кедергі жасамауларыңызды өтінеміз. Менің өз әкем Ақатай 1943 жылы Еділ өзенінің жағалауында қаза тапты. Тірі болса әкемнің Ресей туралы айтарындай қылып, қай орыс адамы Қазақстанның

тәуелсіздігі мен ұлттық бостандығы үшін өмірімді қидым дей алар еді?

Қалай дегенде де Москва, Киев иен Ленинград түбіндегі мындаған қазақ жауынгерлерінің молалары қазақтардың орыс ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігін риясыз қорғағанын мәңгі дәлелдеп береді. Ал олардың Отаны – Қазақстан өзінің ержүрек ұлдары мен қыздарының жеңістері үшін не алды? Алғаны құнарынан айрылып, ұлы нитрачтар мен нуклеидтер аямай себілген, жырым-жырым жыртылып, тоз-тозы шыққан жайылымдар ма? Талан-таражға түскен бабаларымыздың киелі зираттары ма? Тонауға түскен жеріміздің қойнауы мен ядролық күресін бе? Шалшыққа айналған Арал, еңіреген бала, зарлаған қазақ әйелі ме? Менің әкем “Отан үшін, Сталин үшін!” деп жүріп қаза болған сол Қызыл Армия қатарында енді, міне, бір ғана 1990 жылы “шалдардың” ұрып-соғуынан екі жүз қазақ жауынгері қайтыс болып отыр. Кімге шағым айтамыз? Кімге арыз етеміз?

...Жақында Вильнюс көшелерінде күркіреп бара жатқан орыс машиналарының арасынан рахаттанған “Ура! Біздің адамдар!” деген таза орысша шыққан айғайды естігенімде мен Отанымда тұрып, Отанымды сұмдық сағынып кеттім. Отан дегенім менің нағыз ұлы, жаныма жақын, туған, еш нәрсеге, еш жерге ұқсамайтын, өзімнің туыстарым мен арғы бабаларымның зираттары тұрған, күндердің күнінде өз ұрпағымның қамқорлығында менің де мәйітім жататын жер, әрине. Ол Москва радиосынан И. Дунаевскийдің әнімен айтылатындай “кең байтақ, шетсіз-шексіз” империяның бұйымы емес.

Отаннан айрылудан өткен жаза бар ма? Айтпақшы, менің Отанымнан айрылғаным жалғыз бұл емес.

Сондықтан да мен Қазақстан Президентін бізді, қазақтар мен бейбіт қазақстандықтарды, “біздің адамдарымыздан” қорғау үшін өз құзырына тәуелді меншік республикалық әскер бөлімдерін, ішкі істер министрлігін, мемлекет қауіпсіздігі комитетін құруға шақырамын.

Орыс адамдары! Алдауға, қайыршылық пен хұқықсыздыққа бірауыздан жоқ делік! Қатыгез империя керек емес! Тең

ұлттардың ынтымағы жасасын! Менің бұл хатымды Отанынан зорлықпен айрылған, Отанын аса сағынған “бұратананың” жан даусы деп қабылдаңыздар.

Автордан:

Орыс тіліндегі басылымдар бұл мақаланы жариялаудан бас тартқандықтан, қазақшаға аударып ұсынып отырмын.

Қазақ әдебиеті. 27 қыркүйек 1991 ж.

Саяси күрес жасырын жүрмеуі тиіс

– Біз, қазақ халқы, тарихының соңғы үш ғасыры бөтен ұлттың табанында өткен халықпыз. Және ол ағылшын емес, басқа емес, орыс деген халықтың отары болған елміз. Белімізді енді жазып, тәуелсіздігімізді алғанымызбен, біз олардан қиян кетіп қалған жоқпыз. Бүйірімізде отыр, солтүстік бойғы шекарамыз түйісіп жатыр. Ол аз десеніз, өз ішімізде, тәуелсіз республикамыздың территориясында әзірге қарамамыз аз, солардың қалың ортасында отыр емеспіз бе? Ол аз десеніз, қазақтың өзі өзінің алдында міні бар халық емес пе? Өзін-өзі отаршылдармен бірге отарласқан, қанаушылармен бірге қанасқан халық емес пе? Міне, сондықтан, қазақтың белі қайқы. Сондықтан олардың ешқайсысының азаттық жолындағы күресін бізге сол қалпында көшіруге болмайды. Біздің жағдайымыз, ерекшелігіміз жоғарыда айтып өткендей, мүлде өзгеше. Алайда, үш жүз жылдық тепкіден соң даңғыл жолға түсу оңайға түспейді: бұрылыстар, қауіпті кезеңдер кейде тіпті шегіністер болуы мүмкін. Қазақстан әлеуметіне белгілі болған ұлттық-демократиялық қозғалыстағы бүгінгі саяси дағдарыс осындай табиғи процесс деп есептеймін. Азаттықтың, тәуелсіздіктің дәмін ауыздан емес, таңдайымыздан кетіріп алған, оның тарихи-методикалық тереңінен қуат алмаған біздің қатарымызды жікке бөлу дәл қазір өте оңай. Ал қазақтың ұлттық қозғалысының жікке бөлінуі, демократтарының өзара дау-дамайы – тәуелсіздігімізге оқты көзін қадап жүрген ішкі-сыртқы шовинистерге үлкен ұпай. Жеке бас мақсатын

көздеп, демократияны желеу етіп, ағымдағы процестерге айқай қосумен ұпай жинап, бедел көтермек болған, партиялық билікке ұмтылған шағын топтың қозғалыс пен партияны жікке бөліп, алауыздық тудыруды қазақ мүддесін, оның ертенін ойлағандық емес. Демократтардың ауызбірлігі басы ыдырап жатқан қазақ халқының тұтастығының, ал халық тұтастығы тәуелсіздік кепілі дер едік. Ал ауызбірлікке жету айтуға ғана жеңіл екендігін, тәжірибесі аз, балаң демократияны жолдан қосылған жолбикелердің жеке мақсатына пайдаланып кетуі оңай екендігін жікшілдер “бірігу съезі” деп атаған спектакль көрсетіп берді. Олар өз бетперделерін өздері ашып берді. Кімнің кім екені көрінді. Бұл атарымызды тазартуға жол ашты. Бұл бізге сабақ болуға тиіс. Бұл сабақтан қозғалыс жаңа сапалық сипат алар деп сенемін. Қозғалыс пен партия қатарында болып жатқан алауыздықты түбінде халық білуі керек-ті. Саяси күрес жасырын жүрмеуге тиіс.

Ұлт-азаттық қозғалысына экстремизм керек. Бірақ нақты біздің, қазақтың жағдайында қандай экстремизм керек, мәселе сонда. Мәселен, грек, тәжік, иә басқа халықтардың экстремизмі бірге болмайды. Олардың саяси деңгейі бар. Олар қан шығара ма, жауабын береді. Ал біздің экстремизмнің жұдырығы айналып келіп халықты, қазақты соғады. Жұдырық жұмсайды екенсің, ойланып жұмса. Өз ісіне жауап беретін экстремизм жоқ бізде. Өрекке, аттандаған ойсыздардың іс-әрекетінің зардабын халық тартады, жауабын халық береді. Тек білектің күшімен қазақ азаттық ала алмайды.

Сондықтан мен экстремизмнің мұндай түрімен келісе алмаймын. Бізге ақыл-ой мен парасат, сұңғыла саясат керек. Бізге салқынқанды, салиқалы, ақылды оппозиция керек. Қазаққа азаттықты аспаннан тік түсіремін дейтіндер азаматтық ісіне бір буынның ғана ақыл-ойы, күш-жігері аздық ететінін сезінбейді. Азаттық күрес – өзінің ішкі заңдылықтары бар әлеуметтік құбылыс. Азаттықты бір күнде жариялап тастағанмен, оны әпсәтте іске асыру мүмкін емес. Әсіресе, қазақ үшін. Тіпті қазір жауымыздың әукесінен сипағанымыздың өзін қазақтың қамы деп түсінуіміз керек. Бұл тұрмыс аясындағы күйбең емес, үлкен сая-

сат. Қазақ халқының ертеңін, тұтастығын ойлаған Назарбаевтың осынау сұңғыла саясатын түсінуге өрелері жетпеген я жеткен күнде ұлт мүддесін жеке бас қамына бағындырғандардың ұлт-азаттық қозғалысына басшылық етпегін қалай түсінуге болады. “Азат” аты оларға қазақты көтеру үшін емес, халықты билеу үшін, басып-жаншу үшін, жоқ жерде жау тауып беру үшін керек. Олар Президентке деген даңғаз, өшпенді, дәйексіз саясатын қолдамады деп бізді өзіміз басынан аяғына дейін құрған ұйымымыздан шығарып, өзіміз құрған газетімізді, тірнектеп тапқан мүлкімізді кеудесіне басып, иемденіп алды. Бірақ біздің ісіміз ақ, сондықтан, бұл жолдағы ыстық-суыққа шыдап, сабырлылық танытамыз. Біз не болсақ болалық, халқымыз аман болсын. Қазақтың бірлігіне, азаттыққа деген рухына кетеу түсіріп алмайық. “Жүйесіз сөз иесін табар” дейді. Ақ-қараны қоғам, әлеумет өзі таныр.

Қозғалыс та, партия да – демократиялық негіздегі ұйымдар. Ол – коммунистік жүйеге түбегейлі қарсы. Бізде басты билік-бастауыш ұйымдарда. Жікшілдер осыны білмеді. Аудандық, облыстық және орталық аппарат басқарушы емес, үйлестіруші және ұйымдастырушы (ҚРП жарғысының 13–14 бабы). Демек, жікшілдердің кез-келген партия мүшесін шығарып жіберуге ешбір хұқығы жоқ 8, 9, 12 баптар). Біз қазір облыс өкілдерімен кеңесе отырып партия ішкі ахуалына орай қараша айының 21–22 күндері өтетін ҚРП мен қозғалыстың съездеріне дайындық жұмыстарын жүргізудеміз. Съезде Есепті баяндама, партия (қозғалыс) жарғысы мен бағдарламасына өзгерістер енгізу, жікшілдікке көзқарас, демократтардың бас біріктіруінің өркениетті жолдары және ұйымдық мәселелер қаралады. Қазіргі таңда азаттықтар еліміздің Негізгі заңы – Конституцияны қабылдауға атсалысуда. Бұл Конституция бізді толық қанағаттандырмағанының өзінде, қазақтың мүддесінен шығатын оның екі бабы бар: бірі – Қазақстан республикасы – өзін-өзі билеуге бет алған қазақ ұлты мен Қазақстанды мекендейтін басқа ұлт өкілдерінің мемлекеті, екіншісі – Қазақстан республикасы бірегей, тұтас (автономияға бөлінбейтін) мемлекет. Осы жобаны әзірге отаршылдық нәубетінен құтылу дәуірінің Конститу-

циясы ретінде қабылдауға болады. Қазақстандағы орыс тілдес тәуелсіз ұйымдар қазір осы жобаға қарсы референдум болсын деп жаппай қол жинау үстінде. Бұларға қарсы біз де қол жинамай болмайды. Оппозиция болсақ та ең алдымен, халық күткен, халқына белгілі бір хұқық беретін Конституцияны қорғау үшін тізе біріктіруіміз керек.

Өркен. 31 қазан 1992 ж.

Съезд шешімін мойындамаймыз, съезді өтті деп есептемейміз

Қазанның 10–11 күндері Алматыда, ұйымдастырушыларының айтуына қарағанда, ұлттық-демократиялық партиялар мен азаматтық қозғалыстың бірігу съезі болып өтіпті, онда “Азат” қозғалысы мен “Желтоқсан” партиясы таратылыпты, республикалық партияның аты өзгертіліп, жаңадан Қазақстанның республикалық “Азат” партиясы құрылыпты. Бірақ бұған “Азат” азаматтық қозғалысы үйлестіру кеңесінің, Республикалық партия басқармасының және “Желтоқсан” ұлттық-демократиялық партиясы басқармасының бір топ мүшелері наразылық білдіріп жатыр. Съезд шешімдерінің заңсыздығы атап көрсетілген, баралық ақпарат құралдарына таратқан олардың мәлімдемелері газеттерде жарияланды.

Сонда бұл қалай! Ұлттық – демократиялық күштер бірікті ме, әлде араларына жік түсіп, ыдырағаны ма? Қозғалыс пен партиялар басшылығы арасындағы өзара түсініспеушілік пе, әлде олардың ұстанған бағыттарының өзгеріп, жолдарының екі айырылғаны ма? Немесе мұның басқа себептері бар ма? Жұртшылық көңілін аландатын бұл сұрақтарға жауап іздеген газет тілшісі Сәбетқазы Ақатай мен Хасен Қожа-Ахметке жолығып, сұхбаттасты. Олардың сөздері сол қалпында жарияланып отыр.

– Кейінгі отыз жыл аясындағы саяси күрес нәтижесінде азаттық туын көтерген азаматтық қозғалыс пен Республикалық

партия дүниеге келді. Бұл біздің өз қолымызбен құрған, ақыл-ой жігерімізді жұмсаған саяси ұйымымыз еді. Аяғынан қаз тұрып, еңсесін енді тіктей бастаған кезінде оны жікшілдер жіліктеп, іштен ірітті. Мені сыртымнан шығарып тастапты. Партия билігін қызғанып, талас тудырып жүрген жігіттер дегенімізге жеттік деп бәлкім, масаттанар. Менің естуімше, бөлектеніп, топ құрған төрт жігіт бір ауылдың азаматтары екен. Бұл да қазақтың “саяси ынтымақтастығының” ерекшелігі шығар. Ауылдастардың бірлесіп бізге қарсы шығып жатқаны қазіргі болып жатқан арандату әрекеттерінің мәнін ашады.

Он үш облыстың партия ұйымы мұны жақсы түсініп отыр. Мәселен, Атырау, Ақтау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Торғай, Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және басқа облыстардан партия арасына іріткі салған съезге делегаттар келмеді. Қызылорда облыстық ұйымының төрағасы Баубекұлы Әлібек съезге наразылық білдіріп, залды тастап кетіп қалды. Онымен бірге Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы партия ұйымдарының өкілдері де шығып кеткен. Бұл жасырын туған әрекет болғаннан кейін “Азат” қозғалысы да, Республикалық партия да, соның негізгі демеушілері, арқа сүйер қабырға азаматтары да наразылық танытып, қарсылық білдіріп жатыр. Біз заңды съезімізді 14 қарашада өткізуді белгілегенбіз. Жергілікті жерлерге дәйекті хабар береміз.

Біз Конституцияны күткен едік. Соған орай бағыт-бағдарымызды, құжаттарымызды өзгертпек едік. Ол ойымызға тосқауыл жасалды, арандатушы съезд килікті. Оны желіге желпілдегендер “біріктіру съезі” депті. Кіммен бірікпекпіз сонда? Хасен бастаған 13–14 мүшесі бар, қатары өспеген, жұрттан қолдау таппаған, заңды тіркелмеген “Желтоқсан” партиясымен бірігеміз бе? Олай бірігу “Азат” қозғалысы үшін де, Республикалық партия үшін де келемеж. Бірігу дегені – бетперде. Негізгі ойлары мені алып тастау ғой. Хасен Қожа-Ахмет қосылғысы келсе, біз оған қарсы емеспіз. Бірақ ол өзінің пиғылын, оспадарлығын өзгертуі керек. Біздің партияға кіріп алғаннан кейін оны бүлдірейін деп отыр. Бірігейік, бірақ ақиқат, парасат, адалдық, ақыл-ой негізінде бірігейік.

Арамызда жік туғанын сезетінбіз. Көбінесе ол Президент Назарбаевтың жүргізген саясатына, оның тұлғасына қатысты мәселе қозғалғанда анық байқалатын. Бұлар мені “президенттің шпионы” деп атауға да ұялмады. “Сен оны қолдайсың, ал біз оны алып тастамай Қазақстанды көгерте алмаймыз” дейді. Сонда Назарбаевтың орнына Қожа-Ахметті итермелеп жүр-ау деймін. Хасен бұлардың ойыншығы. Оны өзіне де айтқанмын. “Үлкен арандатуға ұрынасың, Хасен. Ертең мені алып тастаған олар үшін сенің табаныңды тайдырып жіберу оңайырақ” дегенмін.

– *Республикалық партияның қатарында қанша мүшесі бар!*

– Бірақ мысал: Шиелі ауданында ғана 509 адам партиямызға кірген. Ал Жамбыл облысында 70 мың мүшеміз бар. Қазақстандағы ең беделді, белді, саны көп партиямыз. Әйтсе де толық ұйымдасып болған жоқ. Бастауыш ұйымдар ашылып жатыр. Компартияның қатарында 25 жыл жүрген Қылышбаев, 15 жыл қызыл билетті пір тұтқан Қуанышәлин сияқты партократтар біздің тәжірибесіздігімізді, бұрын мұндай іспен айналыспағанымызды пайдаланып, астыртын әрекет жасап бізді жемтік етпек, құрбан етпек. Мұның шын аты бірігу емес, бірігіміз деп даурығып, қазақты бөліп беру. Кеше “Азаттық” радиостансасы ағылшын тілінде қазақ саяси ұйымдары үш жүзге бөлініп жатыр дегенді айтты. Бұл барып тұрған опасыздық, қиянат. “Азат” қозғалысының, Республикалық партияның жергілікті ұйымдары, мүшелері бұған қатты соққы береді деген ойдамын.

Құпия жасалған төңкерістің залалы ең алдымен партияға тиеді. Төңкерісшілердің мұрты да қисаймайды, Жер-жерге жолдаған қағаздарының шетіне “Баспасөзге басуға болмайды” деген айдар қойған. Бұл кешегі коммунистердің “мүлде құпия” деп беретін нұсқаулары. Төңкерісшілер қанша әрекеттенгенмен, күткендегідей адам жиналмады. Кворум болмағаннан кейін “делегаттарды” вокзалдардан, көшеден, базардан жинаған көрінеді. Бізге осындай мәліметтер жетіп жатыр. Төрт-бес облыс жиналып қалайша Қазақстанның съезін өткізеді. Қазақстанның қоғамдық бірлестіктер туралы Заңы бұзылған, “Азат” қозғалысының, Республикалық партияның жарғылары

белден басылған. Әшейін кеудемсоқ өршілдік, қайткен күнде де партиялық билікке жетсек деген абыройсыздық осыған ұрындырған.

Горбачевті сыртынан сырғытып отставкаға жіберіп, өздерін-өздері бастық сайлаған Янаевтардан үйренгендері шығар бұл әрекеттері. Әйтсе де оның жарасы жеңіл, нағыз республикашылдар мені жақтайтынына сенемін. Мен билікке қызығып жүрген жоқпын. Төңкерісшілердің өздеріне айтқанмын: “осы билікті сендердің қолдарыңа берейін, бірақ маған сол басқаратын кісілеріңді көрсетіндерші” дегенмін.

Олар мен туралы өсек-аяң, жыбыр-жыбыр, пыш-пыш сөз, дәйексіз әңгіме таратып жүр. Мәселен, олар “Сәбетқазы Ақатай үкіметті сынауға қарсы, үкіметті сынатқысы келмей отыр” дейді. Жалған. Үкіметті де, Президентті де менен көп сынаған жан жоқ шығар. Әйтсе де сынның да жөні бар. Баскөз жоқ тоқпақтап, “кетсін!”, “құрысын!”, “жойылсын!” дейтін даңғазадан, құр айқайдан ешнәрсе де оңалмайды. Өкініштісі сол, партия басшылығын аңсап жүргендер осыған өте-мөте бейім.

Өрісі тар өсектерінің мақсаттары белгілі. Бірақ мен өзіме-өзім сенім артқан адаммын. Мен осыған шыдамасам, онда осының бәрін несіне бастадым, несіне Қазақстанды жаяу аралап, партияны құрыстым. Бәріне сабырлылық, шыдам керек. Ең бастысы – осы негізде ақыл-ой қалыптасқаны абзал.

– *Сіз оппозициялық бағытты жақтамайтын көрінесіз ғой!*

– Қандай оппозицияны? Міне, мәселе сонда. Қазаққа жау тбатын оппозицияның керегі не? Менің бұл сұрақ төңірегіндегі ойларымды “Жас алаш” 10 қазандағы нөмірінде басты. Үкімет билігін (партия билігін былай қойғанда) өз қолдарына алу үшін халықтың қиын жағдайын саудалап, демократияны желеу етіп, неше түрлі зымиян әрекеттерге баратын кеудемсоқ, даңғаз, пиғылы бұзылған кісі лас оппозицияны ешқашан жақтамаймын. Ол әрі-беріден соң оппозиция да емес. Төңкерісшіл топтың дүрмегі ғана. Мені сондай топтың қатарына қосылмайды деп айып тағатындар оппозицияны, шамасы, солай түсінеді-ау, Деструктивтік оппозиция Қазақстанның тұнығын лай-

лап, тыныштығын кетіреді. Бұлардың ауыз жаласып отырған оппозиционерлері – Леонид Соломин. Қуанышәлин ылғи да өз мәлімдемелерін соның “Бірлесу” газетіне апарып жариялайды. Екеуінің “ынтымақтаса” қалатын себебі – екеуіне де Президент жақпайды. Бұл – қазақ үшін, халқымыздың мүддесі үшін ынтымақтасу, бірлесу емес. Ортақ жау тауып, сонымен айқасу үшін ғана одақтасу.

Мен ақылды ұсынысы, орынды талабы, қисынды жоспары бар, халық мүддесі үшін шырылдайтын батыл, бағытынан таймайтын оппозицияны жақтаймын. Партиямыздың сондай оппозициялық бағытта болғанын қалаймын және солай етуіміз қажет те.

“Азат” газеті түбегейлі Батырхан Дәрімбетовтің жекеменшігіне көшіп отыр. Былтыр басылымға жазылудан миллион сомға жуық ақша түсті. Сол қаржыға ол енді өзінің жекеменшік газетін ашты. Ал “Азат” газетін темір жол бойындағылар – Ақтөбе, Қызылорда жақтағылар алатын көрінеді, одан басқалары бірде-бір газет алмапты. Газетке жазылғандардың маған жеткен хаттарына не жауап айтарымды білмеймін. Бұл газет біздің беделімізді түсіріп бітті. Кіммен күресу, кіммен жауығу керек болса, Дәрімбетов газетті соған пайдаланады. Мен партияның басшысы, газеттің құрылтайшысы, “Азаттың” негізін қалаушы азамат ретінде осы газеттің бірде-бір нөмірінің, бірде-бір мақаласының талқыға түскенін көрген емеспін. Барлығын билеп-төстейтін – редакторы. Ол Талдықорған облысынан “Азаттың” атын пайдаланып, астына мәшине мінді. Оны да өз жекеменшігі санайды. Міне, әлгіндей озбырлықтарын, оспадарлығын бетіне басқаным, адалдыққа, тазалыққа шақырғаным үшін Батырханға да жақпай қалыппын.

Төңкерісті ұйымдастырушылардың бірі – Қылышбаев Атабай. Ол маған өкпелі. Себебі: “Арал балаларының аузындағысын жырып жеп, “Шапағат” қоғамының ақшасын асап қойды деген “Каз. правда” газетінің айыбын арқалап жүре бересің бе, соттас немесе қарсы мәлімдеме жаса, әйтпесе біз саған сене алмаймыз” деген талап қойғанмын. Сөйтіп арамыз алшақтады.

Хасен өз кандидатурасын президенттікке ұсынып, делебесі қозған кезде басу айттым. “Сен алдымен университеттің төртінші курсы аяқтап алсаңшы аспандағы айға қол созып қайтесің”, дегенмін. Ол да бұл сөзімді кешіре алмай жүр.

Қазіргі қиын жағдайды, партиядағы алауыздың себептерін, азаматтардың қылықтарын халықтан жасырмаймыз, қайта ашық айтамыз. Саяси күрес бүкпесіз болсын. Әділеттің, адалдықтың жеңіп шығуына бар қабілет-күшімізді жұмсаймыз, Ақиқат, парасат, демократтардың үміті біз жақта. Мына съездің шешімін біз мойындамаймыз, съезд өтті деп есептемейміз.

– *Бұл съезге өзіңіз қатысып, күресті сонда бастамадыңыз ба?*

– Үйлестіру кеңесіне жиналғанда “Асықпандар, аптықтарыңды басындар, айқайлап сөйлеп, ашуға бармаңдар. Съезді сәл кейінірек өткізейік” дегеніме көнбеді. Келісімсіз шақырылған, делегаттарының өкілеттігі заңсыз, съезге барудың қажеттілігі болмады. Мені жақтап артымда 13 облыстық ұйым тұрды. Егер мен съезге қатыссам, онда соларды арандатқан болып шығар едім. Бұл съезд-сымақта басалқы сөз айтқызбасына көзіміз жетті, Қызылорда, Жезқазған, Қарағанды облыстарынан келген адамдар: “Біз мынадай айғаймен, ию-қиюмен келісе алмаймыз” деп кетіп қалғанынан-ақ оның қалай өткенін біле беріңіз.

Заң бар. Қоғам бар. Әлеумет бар. Қазағымыз бар. Ақ-қарасын тексеріп, саралап, қазақтың демократиялық қозғалысын сақтап қалуға алғышарттар жасалар кез туды.

Қазақстан әлеуметін демократияландыру шовинистерге пайдалы. Қазақ демократтары тәжірибесіз әрі алауыз, демократиялық мекемелерді өз мүддесіне тиімді пайдалана алмай жүр. Ал шовинистер оны өз мақсаттарына оңай ыңғайлайды. Олардың ұлттық мемлекет орнына азаматтық қоғам орнату керек дейтіні сондықтан. Қазақ демократы мұндайда сақ болғай. Демократияның желеуімен біз жерден де, елден де, тілден де, діннен де айырылып келдік. Демек, ұлттық бірлік, саналы тәртіп, шынайы демократия керек. Тәртіп ең алдымен біздің партиямыз үшін қажет.

Егемен Қазақстан. 17 қазан 1992 ж.

Мазмұны

<i>Алғысөз орнына. Ұлы жолаушы. Әуезов Мұрат.</i>	4
<i>Аға туралы естелік. Рахметолдақызы Шекербану</i>	12

Инжу Маржан секілді (эссе)

Алғы сөз	25
БІРІНШІ БӨЛІМ. ӘН.....	36
Бірінші тарау. ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ.....	36
Сабактастық.....	36
Жапанда жалғыз ағаш егіледі	45
Қайың басын қайыра соқ.....	53
Ұлағат.....	63
Екінші тарау. ӘН ТАБИҒАТЫ	67
Айгөлек-ау, айгөлек.....	67
Ей, ардақ, сен ақ қоян... ..	73
Ажарың ақ түлкідей... ..	78
Үкілім-ай, көкем-ай	83
Әридаша-ай.....	89
Үшінші тарау. ӘННІҢ ШЫНШЫЛ ТАБИҒАТЫ.....	92
Ән және әлеуметтік орта	92
Қамысы әуіпідектің мүше-мүше.....	103
“Әуіпідек” және Сәкен Сейфуллин	112
Бейіштің үні шығар қоңыр салқын.....	117
ЕКІНШІ БӨЛІМ. ҚАРА ӨЛЕҢ	122
Төртінші тарау. ӨЛЕҢ ЗЕРДЕСІ.....	122
Бойдай-талай, шіркін-ай.....	122
Қусаң да жеткізбейді арман дүние	127

Қара өлеңнің философиялық мәйегі	131
Оралыңның барында ойна да күл.....	135
Өлеңнің логикалық қисыны.....	141
ТҮЙІН	145
ҚОСЫМШАЛАР.....	148
Қара өлең сөзі.....	148
Дүние ойлап тұрсам, шолақ екен	151
Бірге жүрген құрбыңмен болма салқын	168
Үкіңді басындағы бермей кеттің	177

Тарихи материалдар (саясат)

Наш козырь – связь с народом.....	208
Дерется тот кто не умеет говорить. /Сұхбат. В. Махин.....	211
Против идиолов колониализма. /Сұхбат. С. Садрокасов.....	216
Казахский народ: Трудный опыт на поворотах истории	222
Куда зовет “Азат”. /Сұхбат. В. Чеглаков	227
К истории казахской идеи.....	235
Азаттық жолы – ауыр жол. /Сұхбат. К. Нақыпов	240
Біз қандаймыз?	249
Тәуелсіздік тағдыры толғандырады.....	260
XXI ғасыр – қазақ үшін бақытты ғасыр болмақ	264
“Империя көшінін” иінінде.....	267
Өзінді ойла, өзгенің ала жібін аттама. /Сұхбат. С. Әлімбаев	269
Қазақстанға қандай парламент керек?	273
Қарекетсіздікпен белдес.....	277
“Азат” пен “Алаштың” айырмасы.....	279
Ұлттық мүдде ұмытылмасын. /Сұхбат. З. Қабиболлаұлы.....	282

Халқымызға қорған болсақ.....	284
Сіз ССР Одағын тең праволы егеменді мемлекеттердің одағы ретінде сақтау керек деп санайсыз ба? / <i>Көзқарас.</i>	286
Біз қазақ ежелден.. ..	288
Мікітаев қай мақсатпен келді?.....	308
Аннанға ашық хат	314
Мен ауру адаммын. Ауруымның аты – ұлтшылдық. / <i>Сұхбат. Т. Ешенұлы</i>	317
Береке бұзар әрекет. / <i>Сұхбат. Е. Қарабек</i>	321
Ұлтшыл болу ұят па?	323
Қазақ XXII ғасырға кіре ме? / <i>Сұхбат. Қ. Қарасай</i>	335
Қазақстанның республикалық партиясының (төтенше) съезінің қаулысы.....	345
Сіз кіммен біргесіз?	348
Президенттің халыққа жолдауынан кейін саяси көзқарасым өзгерді. / <i>Сұхбат. Г. Нұрмолдақызы</i>	351
“Қайрат” қоғамының жасырын хаты туралы	353
Қырқы бір жақ, қыңыры бір жақ	356
XX ғасыр жегі жылдан тұрмайды	359
Партиялар кімге қызмет етеді.....	365
Бағыс бағымыз ба, сорымыз ба? / <i>Сауалнама. Руслан Ербота</i>	375
Өзімізді түзету өз қолымызда	377
Тәуелсіздік лебі неден байқалған еді?	380
Ұлт мүддесі неге аяқасты қала бермек?	381
Ұлтсүйгіштік сезімді ұлықшылдық басып бара жатқандай. / <i>Сұхбат. М. Төлепберген</i>	384
Тәуелсіздік – біздің түпкі мақсатымыз.....	391
Саяси күрес жасырын жүрмеуі тиіс	405
Съезд шешімін мойындамаймыз, съезді өтті деп есептемейміз	408

*“Print-Express” баспасынан
“Инжу-Маржан секілді” атты кітабымен қатар
Сәбетқазы Ақатайдың
төмендегі жинақтары жарық көрді:*

Ақатай С.Н.

**Найман хандығы: монография;
Тарихи материалдар. Қайта басылған**

Бұл жинаққа дер кезінде көтеріліп зерттелген тарихи зерттеулері мен философиялық толғаныс толғаулары және көне қазақ тайпаларының тарихы мен мәдениетін, сол кездің жырауы Құба-тегіннің толғауын алға тарта отырып, ата бабаларымыздың азаттық жолындағы қаһармандылығын, жан күйзелісін паш ететін “Найман хандығы” туралы жазылған кітабы және әлеуметтік мәселелер туралы мақалалар кіріп отыр.

С. Ақатайдың ағылшын тілінен аударған “Эзоп мысалдары”, одан да басқа балаларға арналған ертегілер, әңгімелері енгізілген.

Кітап ұлтсүйгіш қалың оқырманға арналған.



Ақатай С.Н.
Күн мен көлеңке: ғылыми-танымдық аңсар;
Тарихи материалдар. Қайта басылған

Жинаққа ғалымның ғылыми зерттеулері, ізденістері, тұжырымды ойлары, құнды пікірлері, көзқарастары, ұсыныстары философиялық болжамдары мен “Күн мен көлеңке” атты ғылыми танымдық кітабы кірді. Сонымен қатар, тарихи және әлеуметтік мәселелер туралы мақалаларды енгіздік.

Бұл кітапта адамзаттың балаң танымынан бүгін материалистік танымға шейінгі кезеңі қызғылықты деректермен тартымды баяндалады.



Ақатай С.Н.
Тереңнен тартқан тамырлар: әдеби мақалалар;
Әдеби материалдар. Қайта басылған

Жинаққа шығармалар, сыншыл, шыншыл мақалалары, үн қосқан, жақтаған үндеулері, “Тереңнен тартқан тамырлар” секілді кітапшасы кірді. Сәбетқазы Ақатайдың бұл кітабында Абай шығармащылышығы арқылы кемелденуін сөз ететін әдеби және тарихи мақалалары мен қазіргі көркем туындыларды талдайтын еңбектері де енген.



Ақатай С.Н.

**Древние культы и традиционная культура
казахского народа: монография;
Тарихи материалдар. Қайта басылған**

Сәбетқазы Ақатайдың бұл жинағына мәдениет, эстетика, салт-дәстүр, экология туралы көтерілген зерттеу мәселелері, басқа да әңгімелері, сонымен қатар “Древние культы и традиционная культура казахского народа” атты монографиясы еніп отыр.

Бұл жинақта қазақ халқының мәдени байлығын зерттеушілерге арналған өте құнды материалдар табылады.



Ақатай С.Н.

**Сырты күміс, іші алтын;
Мәдени-этникалық материалдар. Қайта басылған**

Жинаққа “Абылай-хан” тарихи-қаһармандық кинодрамасы және “Қарғыс” атты елбасына төнген қасірет, зұлымдық туралы зерттеу мақаласымен қатар, салт-дәстүр, эстетикалық тәрбие, халықтың өнері туралы ізденістері және әлеуметтік, экологиялық мәселелерін талқылайтын материалдар енгізілді.



Сәбетқазы Ақатай

Инжу-Маржан секілді: Эссе

Тарихи материалдар: Саясат

*Корректорлары – Садықова Н., Шаққозова Г., Алдашева А.
Техникалық редакторы, компьютерде беттеген Алдашева А.
Мұқабала дизайны, жапсырма суреттерді дайындаған – Ключникова К.*

Теруге 08.07.2011 жіберілді. Басуға 08.09.2011 қол қойылды.
Форматы 60x90^{1/16}. Офсеттік басылыс.
Көлемі 26,2 б.т. Тиражы 500 дана.

“Print-Express” баспасы

ISBN 978-601-7046-21-7



9

786017046217

PRINT

ИЗДАТЕЛЬСТВО
И ПОЛИГРАФИЯ

EXPRESS

г.Алматы,
ул. Курмангазы/Мауленова 110/81
тел.: 272 60 11, 272 61 50
e-mail: print_express@bk.ru